

МӘЛІК  
ФАБДУЛЛИН

ҚАЗАҚ  
ХАЛҚЫНЫҢ  
АУЫЗ  
ӘДЕБИЕТІ



*Көрнекті ғалым, ұлағатты  
ұстаз МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННИҢ  
80 жылдық мерейтойына арна-  
лады*



**МӘЛІК  
ФАБДУЛЛИН**

**ҚАЗАҚ  
ХАЛҚЫНЫҢ  
АУЫЗ  
ӘДЕБИЕТІ**

Жоғары оқу орындарының студенттеріне  
арналған оқулық



Алматы, «САНАТ», 1996



ББК 83.3 Қаз я73  
Ғ 13

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Арнаулы редакторы және соңғы сөзді жазған —  
филология ғылымының кандидаты **Көбей Сейдеханов**

**Ғабдуллин М.**  
Ғ 13 Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Оқулық, 4-басылуы.  
— Алматы, «Санат», 1996, —368 бст.  
ISBN-7090-0141-4

Халық шығармашылығының білгірі, тамаша ұстаз Мәлік Ғабдуллин (1915—1973 ж.) жазған бұл оқулық 1958 жылдан бері жоғары оқу орындарында тұрақты қолданылып келеді. Мұнда қазақ ауыз әдебиетінің даму жолдары жан-жақты әрі толық қамтылып, байсалды сөз болады. Оның жанрлары, түрлері талданып, айырмашылығы, ерекшелігі түсіндіріледі. Бұл басылымда автордың қысқаша өмірбаяны берілді.

Оқулық студенттерге, филологтарға, оқытушыларға, мұғалімдерге, жалпы әдебиет сүйгіші қауымға арналады.

Ғ  $\frac{4700000000 - 006}{416(05) - 96}$  20 - 95

ББК 83.3.Қаз. я73

ISBN-7090-0141-4

© Ғабдуллин Мәлік, 1996



## **АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК**

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі — халықтың ауыз әдебиеті.

Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бұдан, әрине, ауыз әдебиетін көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да әуел баста жеке адамдар шығарған. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана есіне сақтап және ауызша айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, сөйтіп, жеке авторлар шығарған әдеби туынды кейіннен өңделіп, сұрыпталған, оған ұжым болып творчестволық өзгерістер енгізіп отырған. Бертін келе ондай шығармалар көпшіліктің еңбегіне, яғни халықтың ауызша шығарған әдебиетіне айналып кеткен.

Ауыз әдебиетін фольклор деп те атаймыз. Фольклор — ағылшын сөзі. Ол — халық творчествосы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды береді. Фольклор дүние жүзіндегі халықтардың бәрінде бар. Ал халықтың ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды фольклористика деп атайды.

Ауыз әдебиеті — ертеден келе жатқан мұра. Бұл жөнінде орыс халқының ұлы сыншысы В. Г. Белинский «Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы» туралы жазған еңбегінде ауыз әдебиеті мен жазба әдсбиеттің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп, ауыз әдебиеті халықтың ерте замандағы ой-санасының жемісі деп көрсетеді. «Халық немесе тайпа жазу өнерін білмеуі мүмкін, бірақ оның

поэзиясы болмауы мүмкін емес<sup>1</sup>»,— деп, Белинский ауыз әдебиетінің тым ерте кезде, халықтың жазу-сызу өнері болмаған заманда туғандығын дәлелдейді. Бұл расында да солай. Қай халықты алсақ та, оның көркем әдебиеті ауыз әдебиетінен басталады. Демек, ауыз әдебиеті болмаған, бірден жазба әдебиетін жасаған халық бұрын-соңды тарихта кездеспейді.

Әдебиеттік жағынан алғанда, қазақтың ауыз әдебиеті де әр алуан. Халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты туған шығармалар, мақал-мәтелдер, аңыз, ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері т. б. қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрі болып табылады. Әрине, ауызәдебиетінің барлық түрі бір мезгіл дегенге жетпеген және олардың тууына себеп болған жағдайлар да біркелкі емес, әрқелкі. Бірақ бұл мәселе, яғни қазақ ауыз әдебиетінің қай кезде қандай түрі туғандығы, ғылымда әлі күнге дейін дәлелденбей келеді. Әйткенмен өткен кезде орыстың және шетелдердің бірсыпыра ғалымдары ауыз әдебиетінің шығу жайына біраз көңіл аударып, әр түрлі пікірлер айтқан-ды. Олар ауыз әдебиеті қалай туды, қалай дамыды деген мәселені өздерінше баяндап, әр алуан теориялар шығарған-ды. Бұл теориялардың қазақ ауыз әдебиетіне тікелей қатысы болмаса да, жалпы ауыз әдебиетін зерттеуде алған орны да бар еді. Сондықтан бұл теориялардың кейбіреулеріне шолу ретінде қысқаша тоқтай кетелік.

Өткен ғасырдың орта шенінде Батыс Европада, Ресейде ауыз әдебиетін зерттеген буржуазияшыл ғалымдар «мифтік теория» дегенді ойлап шығарды. Бұл теорияны ХІХ ғасырдың 50—60-жылдарында орыстың Ф. И. Буслаев, О. Ф. Миллер, А. Н. Афанасьев секілді ғалымдары қолдап, ауыз әдебиеті дінге, діни ұғымдарға, әр түрлі мифтерге байланысты туды және ауыз әдебиетінің алғашқы кейіпкерлері құдайлар болды деп қарады. Ауыз әдебиетін жасауда адамдардың саналы рөлі болған жоқ, ауыз әдебиетін құдайлардың өздері туғызды, адам баласы құдайлар жасаған мифтерді ауыз әдебиетіне қосушы ғана болды және оны өзгертпесі, бергі заманға алып келді десті. Сөйтіп, идеалистік көзқарасқа негізделген «мифтік теория» ауыз әдебиетінің шығу тегін ашып бере алмады. Экономиканың, қоғам өмірінің ілгерілеп дамуына қарай ертедегі мифтік ұғымдар да, наным-сенімдер де өзгеріп, жаңарып отыратынын және олардың жоғалатынын «мифтік теорияны» жақтаушылар мойындамады және мойындағысы келмеді.

<sup>1</sup> В. Г. Белинский. Избран. Сочин., том 2, стр. 86, 1948.

Ауыз әдебиетінің шығуы жайында өткен ғасырдың екінші жартысында батыста тағы бір теория пайда болды. Бұл «ауысып алу» («теория заимствования») теориясы деп аталды. Оны Ресейде А. Н. Пыпин, В. В. Стасов, А. Н. Веселовский, т. б. ғалымдар қолдады. Бұлар орыс халқының ауыз әдебиетін басқа елдердің ауыз әдебиетімен мазмұны жағынан салыстыра зерттеді және әр елдің ауыз әдебиетінде ұқсас келетін сюжеттерге айрықша көңіл аударды. Осының нәтижесінде бір елдің ауыз әдебиетінде кездесетін сюжеттер екінші бір елдің әдебиетінен ұшырай қалса-ақ болғаны, оны олар бір-бірінен ауысып алған деп есептеді. Мұндай ауысып алулар әр түрлі қарым-қатынас, сауда-саттық жолдарымен жасалған дейді. Мәселен, Веселовский орыстың батырлар жырының сюжеті Батыс Европадан алынған десе, Пыпин оны тек Батыс емес, Шығыс елдерінен де келген деп дәлелдейді. Орыс халқы Шығыс елдері ауыз әдебиетінен көп сюжет алған деген пікірді Стасов та, кейіннен Потанин де баса көрсетеді. Орыстың батырлар жырында Илья Муромецтің өз баласымен соғысатыны айтылады. Мұны «ауысып алу» теориясын қолдаушылар «Шахнамадан» келген сюжет деп қарады. Сөйтіп, олар әрбір халықтың творчестволық қабілетін жоққа шығарады. Олардың ойынша, бірде-бір халық өз тарапынан шығарма тудыра алмақ емес, тек даяр сюжетке ие болады, сол сюжетті өз тілінде жырлайды және олардың мұндай шығармалары бір елден екінші елге ауысып отырады, мекені жоқ сюжетке айналады-мыс.

Ауыз әдебиетінің тууы, дамуы жайында «ауысып алу» теориясы ғылыми теріс, дәлелсіз және қате теория еді. Марксизм-ленинизм іліміне сүйенген ауыз әдебиеті ғылымы (фольклористика) бұл теорияны қатты сынға алып, әрбір халықтың өзіне тән творчестволық қабілеті барлығын дәлелдеді. Ауыз әдебиетінің қандай түрін, қандай сюжетін болса да әрбір халық өз өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен алатындығын айқындады.

Екіншіден, бір халықтың ауыз әдебиетінде, айталық ертегісінде немесе батырлар жырында кейбір сюжеттердің басқа бір халықтың ауыз әдебиетіне ұқсас келетіндігі болады. Мұндай ұқсастық екі халықтың, кейде бірнеше халықтың, жаңағы сюжеттерді бір-бірінен ауысып алғандығынан бола бермейді. Ондай ұқсастық экономиканың, тұрмыс-тіршіліктің, қоғамдық өмірдің ұқсастығынан туады. Бір-бірімен ешқандай қарым-қатынас жасамаған, шалғай жатқан халықтардың ауыз әдебиетінде ұқсас сюжеттердің болу себебі,

міне, осыған байланысты. Бұған кезінде Г. В. Плеханов та айрықша көңіл аударған болатын. Ол өзінің «Адрессіз хат» дейтін еңбегінде ауыз әдебиетіндегі сюжет ұқсастықтарын халықтардың тұрмыс-тіршілік, шаруашылық, қоғамдық жағдайларының ұқсастығынан іздейді<sup>1</sup>

Осы ретте мысалға Манас пен Қобыланды батыр жайындағы жырларды алайық. Мұның бірі — қырғыздың, екіншісі — қазақтың жыры. Осы екі батырдың туысын жырлауда үлкен ұқсастық бар. Мәселен, Манастың әкесі Жақып баласыз адам болады. Көп уақыт оның еліне жау шабуылдап күн көрсетпейді. Жақып құдайдан бала тілейді, жауға қарсы күресетін, ел қорғайтын ұл бер дейді. Ал Қобыландының әкесі Тоқтарбай да осындай. Қызылбастардан қысым көре берген Тоқтарбай құдайдан басқыншылардан елді қорғай алатын бала бер деп жалбарынады.

Сырт қарағанда бір-біріне өте ұқсас келетін бұл сюжетті қазақ ақындары қырғыздан немесе қырғыз жыршылары қазақтан алған секілді болып көрінеді. Шынында олай емес. Бұл сюжет осы екі халықтың ертедегі өмірінен алынады. Тарихи деректерге қарағанда, қазақ пен қырғыз елі көп уақыт шетелдік басқыншылардың шабуылын көрген. Сондай жағдайда басқыншыларға қарсы аттанып, жаудан ел-жұртын қорғап қаларлық ұлды қырғыз да, қазақ та арман еткен. Мұны олар өздерінің жырына да қосқан. Осы бір мысалдың өзі-ақ сюжет ұқсастығы «ауысып алу» нәтижесінде тумайтындығын, ол халықтардың тұрмыс-тіршілік, қоғамдық жайларының ұқсастығына байланысты болатындығын көрсетеді.

Рас, ерте заманнан бастап әр түрлі шаруашылық, мәдени қарым-қатынастар жасаған және көршілес отырған халықтардың бір-біріне әдебиеттік әсер ететіні болады. Мысалға қазақпен туыс, ағайындас қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақ халықтарын алайық. Бұлардың арасында туысқандық қарым-қатынас ертеден келе жатыр. Олардың әдебиеті бір-біріне әсер еткен, өзара кейбір сюжетті «ауысып алған» жайы да бар. Бұған қарап, аталған халықтардың өзіндік таланты, творчестволық қабілеті жоқ, тек бір-бірінен сюжет алып отырған, сол сюжеттерді ғана жырлап өткен деуге болмайды. Олардың әрқайсысы үлкен талант иесі, ауыз әдебиетінің неше алуан әдемі үлгілерін тудырған және ондай творчестволық іс қолынан келетін халықтар.

---

<sup>1</sup> Г. В. Плеханов. Искусство и литература, 1948.



Өткен ғасырдың ақырынан бастап революцияға дейінгі дәуірде ауыз әдебиетін зерттеу жөнінде жоғарыда аталғандардан басқа тағы бірнеше теориялар болды. Соның ішінде ауыз әдебиетінің шығу жайын тексеруде басқа теорияларға қарағанда аз да болса ғылыми негіз бары — «тарих мектебі» деп аталған еді. Оның негізін салушы орыс ғалымы В. Ф. Миллер — ауыз әдебиетін, әсіресе орыстың батырлар жырын көбірек зерттеген адам. Көп жылғы зерттеу еңбегінің қорытындысы етіп, ол 1897 жылы «Орыс ауыз әдебиеті жайындағы очерктер» деген кітабын шығарды. Осы еңбегінде В. Ф. Миллер орыстың батырлар жыры монғол басқыншыларының шабуылына байланысты туды деп қарайды. Бұл пікірін ол тарихи материалдар, деректер келтіре отырып дәлелдейді. Батырлар жырын тарихта болған оқиғалардың айнасы, соның документи деген қорытынды жасайды.

Ауыз әдебиетін, соның ішінде батырлар жырын зерттеуде басқа теорияларға қарағанда «тарих мектебінің» пікірлерінше ауыз әдебиеті халықтың өміріне, тарихына байланысты туады деуі бұрын айтылмаған тың пікір болатын. Әйткенмен ауыз әдебиетін түгелімен өткендегі тарих және оның документи деп қарау қате айтылған пікір еді. Рас, халықтың тарихынан елеулі орын алған оқиғалар әдебиетке әсерін тигізбей қоймайды, кейде ол әдеби шығармалардың тууына себепші де болады. Бірақ та ауыз әдебиеті тарихи оқиғаларды өз қалпында, болған күйінде жырлай бермейді. Тарихи фактілерді негізге ала отырып, оны ақындық қиял арқылы құбылтып жырлайды, суреттеп көрсетеді, кейде асырып, кейде әсірелеп елестетеді, ауыз әдебиеті тарихи оқиғаларды сурет арқылы бейнелейді. Олай болса ауыз әдебиетін тарихтың өзі, соның документи деуге де болмайды.

Сөйтіп, ауыз әдебиетінің туу, қалыптасу жайын буржуазияшыл ғалымдар дұрыс түсіндіріп берсе алмады. Бұл мәселені тек марксизм-ленинизм іліміне сүйенген қазіргі ауыз әдебиеті ғылымы ғана толық шешіп берді. Қазіргі ғылым ауыз әдебиеті адамдардың еңбек, кәсіп етуіне, тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне және оның дамуына байланысты туғандығын дәлелдеді. Ауыз әдебиеті халық өмірімен тығыз байланыса отырып, оны жан-жақты суреттейді, әр түрлі бейнелеу арқылы елестетеді. Әрине, бұдан ауыз әдебиеті бірден дамыған деген ұғым тумайды. Оның кейбір үлгілері ескі дәуірде, рушылдық қоғамда туған; біртіндеп келе — қоғамдық, экономикалық жағдайлардың, адам баласының дүние танудағы ой-өрісінің ұлғайып өсуіне қарай ауыз

әдебиеті де дамып отырған. Демек, халықтың қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік көзқарасы т. б. ауыз әдебиетінің тууына және қалыптасып дамуына әсер еткен, мазмұн берген. Сондықтан да ауыз әдебиеті өзінің даму жолында талай тарихи дәуірлерді басынан кешірген, талай таптық, қоғамдық тілектер мен көзқарастардың елегінен өткен. Әрбір қоғамдық құрылыс, таптық тілектер ауыз әдебиетінің идеялық бағытына, мазмұнына ықпал жасаған, әрқайсысы өздерінің мүдделеріне сәйкес ауыз әдебиетін тудырған, оны пайдаланып отырған.

**АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ** Қазақ ауыз әдебиетінің бірнеше түрі бар. Соның ішінде бастылары: халық арасында әр алуан тақырыпқа шығарылған өлеңдер, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері т. б.

Ауыз әдебиетінің бұл айтылған түрлері, әрине, бір мезгілдестуып, бірден қалыптасқан жоқ. Әрқайсысының шығу, өсіп-өркендеу тарихы, ұзақ уақытқа созылған даму жолдары бар.

**АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТТЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ** В. Г. Белинский жоғарыда аталған еңбегінде және «Әдебиеттің түрлері» дейтін мақаласында ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасында елеулі айырмашылықтар барлығын көрсетеді.

Оның айтуынша: ең басты айырмашылық шығарманың авторы белгілі болу-болмауында. Осыған байланысты, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмасы жөнінде В. Г. Белинскийдің мына бір пікірін келтірейік. Ол былай дейді: «...Ауыз әдебиетін алатын болсақ, оның жұртқа аты белгілі авторы болмайды, өйткені қашан да болса, ауыз әдебиетінің авторы халық болады. Халықтың немесе бір тайпаның жас шағындағы ішкі және тысқы тіршілігін ешбір боямасыз айқын көрсететін қарапайым, үстіртін аңғал өлең-жырларын шығарған кімдер еді, оны ешкім білмейді... Ал әдебиетті алсақ, ол мүлде басқаша болады: оның шығарушысы халық емес, оның авторлары — халық рухының әр алуан жақтарын өзінің ақыл-ойы арқылы білдіретін жеке адамдар. Әдебиетте жеке адамдар әдебиеттегі өздерінің праволарын толық өз қолына алады, сөйтіп, әдебиет дәуірлері сол жеке адамдардың аттарына байланысты болып белгіленеді».

Белинский бұл пікірін «Әдебиеттің түрлері» және «Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы» туралы жазған еңбектерінде де айтады. Ұлы сыншының пікірінше ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің арасындағы басты айырмашылықтың бірі

жеке авторлардың болу-болмауына байланысты. Және де өз дәуірінің, бүкіл халықтың рухын білдіретін жеке авторлардың шығуы экономиканың дамыған, қоғамдық ой-сананың ұлғайып өскен кезінде болады; экономиканың дамуы мәдениеттің, техниканың өсуіне ықпал жасайды, жазу өнерін шығарады, кітап басу ісінің тууына әсер етеді; осыдан былай жеке авторлардың шығармалары жұртқа жазу үлгісінде, баспа арқылы тарайтын болады дейді.

Демек, жазба әдебиеттің қандай туындысын алсақ та оның авторы белгілі болады. Соған қоса оның өмірбаяны, шығармаларының қашан, қандай тақырыпқа арналғандығы, қай кезде баспа жүзіне жарияланғаны т. б. көпшілікке мәлім болып отырады.

Ал ауыз әдебиетінің авторлары белгісіз болады. Бұдан, әрине ауыз әдебиетінде автор болмайды деген ұғым тумайды. Онда автор болған. Мәселен, «Ер Төстік», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Алдар Көсе», «Қобыланды батыр», т. б. сияқты ертегі, әңгіме, жырлардың қайсысын болса да әуел баста жеке авторлар шығарған. Бірақ ол кезде жазу-сызу өнері болмағандықтан авторлардың өмірбаяны, аты-жөні сақталмаған. Ал шығармалары ауызша айту түрінде туып, ел арасына ауызша айту ретімен тарап кеткен. Олардың авторы халықтың өзі болған. Ауыз әдебиетін халық әдебиеті деп атаушылық, міне, осылай туған.

Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен келесі бір айырмашылығы — ауыз әдебиеті шығармаларында варианттардың көп болуында.

Бір-біріне жалпы мазмұны, оқиға желісі, кейіпкерлерінің аттары ұқсас келетін шығармаларды бір шығарманың туынды түрі, яғни варианты десек, бұл ауыз әдебиетінде көп кездеседі. Мысалға «Қобыланды батыр» жырын алайық. Қазіргі күнде бұл жырдың 28 варианты бар. Олардың жалпы мазмұны, оқиға желісі, басты кейіпкерлерінің есімдері бір-біріне ұқсас келеді. Бәрінде айтылатын басты әңгіме: Қобыланды батырдың сыртқы және ішкі жауларға қарсы күресі, осы жолда оның жасаған ерліктері. Бұл оқиғалар жырдың варианттарында әр түрлі жырланады, ал ол варианттарда өзара үлкенді-кішілі айырмашылықтар болып отырады.

Мұнымен қатар ауыз әдебиетінде варианттардың көп болуын шығарманың ауызша шығарылып, халыққа ауызша айту арқылы тарауына байланысты деп білеміз. Мәселен, ертекші өзінің ертегін (немесе жыршы өзінің жырын) көпшіліктің жиналған жерінде айтады. Сол арада тындаушы

көпшіліктің арасынан жаңағы ертегінің (немесе жырдың) мазмұнын, оқиғасын ұғып алушылар табылады. Енді олар сол ертегіні екінші бір жерде өзінше әңгімелейді, жаңалап айтады, алғашқы әңгімелерінің кей жерін қысқартып, кей жеріне тыңнан оқиға қосып ұлғайтады. Сөйтіп, ертегінің (немесе жырдың) екінші бір туынды түрі, варианты шығады.

Ал жазба әдебиетте мұндай жағдай кездесе бермейді. Әрбір жазушы (не ақын) шығармасын өз атынан жариялайды, оны екінші бір автор иемденіп кетпейді. Қай шығарманы кімнің, қашан шығарғаны жұртқа белгілі болып отырады.

Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен тағы бір айырмашылығы бар. Ол: ауыз әдебиетінде қалыптасқан дағдылы сөздер мен сөйлемдердің, тұрақталған ұқсастық пен ұқастардың жиі кездесетіндігінен көрінеді. Мысалы, ертегілердің көпшілігі:

Ертек, ертек ерте екен,  
Ешкі жүні бөрте екен,  
Қырғауыл жүні қызыл екен,  
Құйрық жүні ұзын екен, —

деп, немесе «Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты» деп басталады. Ертегілердің бұлай басталуы дәстүрге айналып кеткен. Көптеген ертегілердің басталуы осындай бір-біріне ұқсас келгенімен, одан әңгімеленетін оқиғалардың мазмұны, дамуы әр түрлі болады. Ал жазба әдебиетте шығарма мұндай қалыптасқан дағдыға айналған сөз тіркестерімен басталмайды. Әр жазушы шығармасын басқа авторға ұқсатпай өзінше бастап, өзінше аяқтайды.

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы айырмашылықты көрсететін келесі бір белгі деп ауыз әдебиетінде бірнеше өнердің бірлесіп келуін айтамыз (Мұны, яғни бірнеше өнердің бірлесе көрінуін, *синкретизм* деп атайды). Мәселен, жыршы ақын жырын көпшіліктің жиналған жерінде шығарған. Сонда ол домбыраның (гармонь немесе қобыздың) сүйемсіндеуімен ән (күй) әуенін келтіріп алып, жыр әңгімесін белгілі бір сарынмен айта берген.

Міне, осы арада бірнеше өнердің бірлесіп келгенін көреміз. Атап айтқанда: ақындық өнер, ән (күй) әуені, көпшіліктің алдында (сахнада) жыр айтып отырған жыршы-ақын, жырды тыңдаушы қауым бар. Олар бірлесе келіп, жаңа бір ерлік жырдың тууына себепкер болып отырғанын байқаймыз. Бұл сияқты жағдай жазба әдебиетте кездеспейді. Ол тек ауыз әдебиетіне ғана тән ерекшелік деп қараймыз.



Сонымен, жоғарыда айтылғандар ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің арасындағы кейбір айырмашылықтарды көрсетеді. Әрине, ұлғайып өскен, кемеліне келген көркем әдебиет және оның шеберлері (ақын, жазушылар) ауыз әдебиетінен әрдайым нәр алып отырады. Ең алдымен, көркем әдебиеттің шеберлері халықтың ауыз әдебиетінен тіл байлығын үйренеді. Халық тілін меңгере, пайдалана отырып, әдеби тілімізді дамытады. М. Горькийдің жазушыларға: «Ауыз әдебиетінің тіл байлығын пайдаланындар, одан үйреніндер» — дейтіні де осыдан. Мұнымен қатар, көркем әдебиеттің шеберлері халық ауыз әдебиетінің кейбір сюжеттерін өздерінің еңбектерінде пайдаланады. Осы негізде жаңа шығармалар тудырады. Халық ауыз әдебиетін пайдалана отырып, оның таптық сипатын, қоғамдық сырын аша түседі. Бұған: А. Пушкиннің, М. Салтыков-Щедриннің, М. Горькийдің, Абайдың т. б. жазушылардың ауыз әдебиетінің тіл байлығын, ауыз әдебиетінің сюжетін пайдалануы толық дәлел. А. Пушкин бірнеше ертегі, поэмалардың сюжетін халық ауыз әдебиетінен алған. М. Салтыков-Щедрин кейбір ертектерін халық ертегілері үлгісінде жазып, қоғамдық мәселелерді, патша әкімдерін, чиновниктерді мысқылдап, сынаған. Мұндай фактілерді қазақ кеңес әдебиетінен де кездестіреміз. Қазақ жазба әдебиетінің шеберлері де ауыз әдебиетінен халықтың тіл байлығын үйренумен келеді. Сонымен бірге, олар ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерін, сюжеттерін пайдалана отырып, сол негізде жаңа шығармалар тудырады. Бұл ретте Мұхтардың «Қобыланды батыр» және «Еңлік-Кебек» пьесаларын, Ғабиттің «Қыз Жібегі» мен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», Сәбиттің «Сұлушашын» т. б. атауға болады.

**ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖИНАЛУЫ** Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуы және зерттелу жайы кітаптың келесі бөлімдерінде, әр жанрдың өз тұсында сөз болатындықтан, біз бұл жерде ол мәселені жалпы шолу түрінде ғана қарастырмақпыз.

Әдебиетші Б. Кенжебаевтың зерттеуінс қарағанда<sup>1</sup> «Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері ел арасынан ХІХ ғасырда жинала бастаған. Бұған себеп болған жағдайдың бірі Қазақстанның Ресей мемлекетіне қосылуы еді», — дейді ол. Патша үкіметі Ресейге қосылған елдерді билеу үшін, олардың экономикасын, тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын т. б. білуді

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, 1 том, 23-бет, 1948.



мақсат етеді. Бұл үшін ел арасына арнаулы экспедициялар шығарады, оның жұмысына орыстың тарихшы, әдебиетші ғалымдары да қатысады. Және де бұл жұмысқа 1845 жылы Петербургте құрылған және өз кезінің ғылыми орталығы болып танылатын Ресейлік география қоғамы да араласады. Осы қоғамның бөлімшелері Орынборда, Омбыда ашылады.

Ресейлік география қоғамының арнаулы экспедициялары және жеке адамдары қазақ ауылдарында бірсыпыра ғылыми жұмыстар жүргізеді. Олар қазақ халқының шаруашылығы, тарихы, қоғамдық тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, мәдениетімен танысады, көптеген материалдар жинайды. Мұнымен қатар, олар ел арасынан қазақ ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін жинап, жазып алады. Егер Ресей мемлекетіне қосылғанға дейін қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері жөнді жиналмаса, хатқа түспесе, Ресейге қосылғаннан кейінгі жерде бұл іске айрықша көңіл бөліне бастайды. Ел арасынан ауыз әдебиеті үлгілерін жинап жазып алу ісіне белсене араласушылар, оған басшылық етушілер — Ресейдің алдыңғы қатарлы әдебиетшілері, тарихшылары, ғалымдары, яғни Ресейлік географиялық қоғамының мүшелері. Ауыз әдебиетін ұқыптап жинау ісін ең алдымен солар қолға алады.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда көрнекті еңбек еткендер — Ресейлік география қоғамының мүшелері: Ш. Уәлиханов, В. Радлов, И. Березин, А. Васильев, А. Алекторов, Г. Потанин, Н. Ильминский, Э. Дивасв, А. Харузин, П. Мелиоранский, В. Катаринский, Н. Пантусов т. б. Олар қазақтың ауыз әдебиетін аса бай мұра деп бағалаумен қатар, сол мұраны ел арасынан көптеп жазып алуға зер салады, жинаған материалдарын қазақ (сөзі қазақша, жазуы орысша) және орыс тілінде жеке кітапша етіп шығарады, екі тілде газет-журналдарға бастырады. Қазақ тілінде жазып алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жинаған материалдарының мазмұнын орыс тіліне аударып бастырып отырады. (Бұл әдісті Г. Потанин көбірек қолданған). Бұлардың қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы игілікті істері ХІХ ғасырдың аяқ кезінде күшейе түседі және бұл жұмысқа О. Әлжанов, Б. Дауылбаев, Ж. Айманов, М. Бсқімов сияқты қазақ жастары белсене араласады.

Ауыз әдебиетін жинап жазып алу ісін Абай мен Ыбырай Алтынсарин де қатысады. Халық әдебиетін жоғары бағалаған Абай өзінің шәкірттеріне, жолдастарына тапсырма беріп, ел арасынан асыл мәдени мұраны жинатып отырады, оны халыққа таратуға мән береді. Ыбырай Алтынсарин де осылай

етеді, ол ауыз әдебиетінің ең жақсы үлгілерін өзінің «Хрестоматиясына» енгізіп, баспа жүзіне шығарады.

Жоғарыда аталған адамдардың ішінде қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, баспа жүзіне шығару жөнінде Шоқанның, Радлов пен Потаниннің қызметі ерекше еді. Сондықтан олардың әрқайсысына қысқаша тоқтап өтелік.

**Шоқан Уәлиханов (1835—1865).** Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кезінің өзінде-ақ Шоқан қазақ халқының тарихына үңіле қарайды, халықтың мәдени мұрасына назар аударады. Сол мәдени мұраны жинап бастыру — халық үшін жасалған игілікті істің бірі болмақ деп түсінеді. Бұл ретте Шоқанның сүйікті досының бірі Г. Н. Потанин былай деп жазды: «Шоқан өз халқын шын пейілімен сүйуші еді... Халқына жақсылық жасау және оның болашағына қызмет ету Шоқанның арманы еді».

Халқына адал ниетімен қызмет етуді арман еткен Шоқан, бұл жөнінде көп жұмыстар істейді. Соның бірі — қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинап баспа жүзіне шығару, оны мәдениеті озық елдерге таныстыру болады және бұл Шоқанның алдына қойған зор мақсатының бірінен саналады. Қазақтың ауыз әдебиетін жинап бастыру ісіне өзінің зор мән беруін Шоқан былай деп түсіндіреді: «Осы күнге дейін Европада көшпелі елдерді аса қатал, жөн білмес тағы деп жалған түрде түсінушілік үстем болып келеді. Көшпелі монғол немесе қазақтар жайындағы мұндай ұғымдар оларды мал тәрізді, тұрпайы тағылар деген пікірмен тығыз байланысты. Шынына келгенде, осы надан, тұрпайы деп қаралған халықтардың көбінің жазбаша немесе ауызша шығарған әдебиеті, аңыз әңгімелері бар... Өлеңге, әсіресе өлеңді суырып салма түрінде шығарып айтуға бейімділік, барлық көшпелі елдердің, соның ішінде қазақтардың өзіне тән ерекшеліктері деуге болады»<sup>1</sup>

Қазақ халқын қорлап, кемсітуге қарсы шыққан Шоқан қазақтар жайында Европада орын алып келген түсініктердің жалған екендігін әшкерелейді. Сондықтан да ол қазақ халқының жабайы, тағы еместігін көрсету үшін, оның ғасырлар бойына жасаған ауыз әдебиеті және ауыз әдебиетінің неше алуан әдемі үлгілері барлығын, қазақ ақындарының, әсіресе өлеңді суырып салу түрінде шығаруға қабілеті күшті екендігін мысал етеді. Европада қазақтар жайында айтылып жүрген жалған пікірлерге намыстанған және ол пікірлерге тойтарыс беруді көздеген Шоқан қазақ халқының ауыз

<sup>1</sup> Ч. Валиханов. Собрание сочинений, в пяти томах, т. 1, стр. 390, 1961

әдебиетін жинап бастыру жайын қарастырады, бұл іске оның өзі белсене араласады.

Омбыдағы кадет корпусын 1853 жылы бітіргеннен кейін, Шоқан Қазақстанның біраз жерін: Көкшетау, Ақмола, Баянауыл, Семей, Жетісу жақтарын аралайды. 1856 жылы Қырғыз елін зерттеу мақсатымен шыққан экспедицияға қатысады, 1858 жылдары Қашқарияда болады.

Шоқан өзінің болған жерлерінде халықтың ауыз әдебиетін жинай жүрседі, көптеген жыршы-жырау, ақындармен танысады. Қазақтың сол кездегі атақты ақындары: Жанак, Орынбай, Арыстанбай, Жұмағұл, тағы басқалармен танысып, олардың жырларын тындап қана қоймай, жазып алып отырады. Қырғыз еліне барған сапарында қырғыздың атақты дастаны «Манастың» біраз әңгімесін жазып алады. Бұл «Манастың» алғаш рет хатқа түскен бір түрі еді.

Шоқан Қашқарияда болғанда ұйғыр тілін үйренеді де, ұйғырлардың көптеген өлеңдерін жазып алады<sup>1</sup>. Бұл жөнінде Г. Н. Потанин: «Шоқанның жинаған материалдары үлкен бір портфель болып еді. Кейбір жазғандарын өзім де көріп едім», — дейді және оның кейбіреулерін Шоқанның оқып та бергенін айтады. Бірақ бұл материалдар, Потаниннің айтуына қарағанда, кейіннен жоғалып кеткен.

Шоқан қазақтың ауыз әдебиетін жинаушы ғана емес, сонымен қатар оның зерттеушісі де болды. Ол жалпы қазақ халқының тарихы, этнографиясы, қоғамдық өмірі, әлеуметтік тұрмысы туралы үздік, ал бүгінгі күнде мәнін жоғалтпаған ғылыми пікірлер айтады. Солардың өзінде ол қазақтың ауыз әдебиетін жоғары бағалайды. Қазақтың аңыз әңгімелері, оның құрылысы, ертегілері мен жырлары, мифтері халықтың өткендегі тарихын білу үшін маңызы зор материалдар деп қарайды. Мәселен, көшпелі халықтардың, соның ішінде қазақтардың шығу тарихын зерттеушілер үшін ауыз әдебиеті бірсыпыра дерек болатындығын айта келіп, Шоқан былай дейді: «Егер жұрттың айтуынан Геродот жинаған Гомердің өлеңдері мен аңыздарының аз да болса тарихи мәні бар десек, егер де өзгеріліп мысал тәрізді болып кеткен аңыздардың негізінде оқиға және шындық жатады десек, қазақтардың тамаша және жүйелі түрде айтылатын, олардың қазіргі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, ата-бабаларының тұрмысын елестететін аңыздарының да тарихи деректерге сәйкес келетіндігіне, тарихи маңызы барлығына

<sup>1</sup> Сонда, 403-бет.

шүбәланбауымыз керск. Халықтың ақыл-ойынан жәнс қоғамдағы қалың бұқараның сана-сезімі, өмірі мен алға басуы негізінде туған бұл шығармалар ауызша айтылу түрінде бірден бірге, содан бүкіл халыққа жайылады, сондықтан да олардың тарихи, философиялық және психологиялық мәні жоқ смес»<sup>1</sup>

Шоқан бұл пікірін «Шамандықтың қазақтағы қалдықтары», «Ұлы жүз қазақтарының ертегілері мен аңыздары», «Жоңғария очерктері», «Тәңірі» секілді еңбектерінде де айтады. Қазақтың ауыз әдебиеті халықтың өткендегі өмірін елестетін, тарихи мәні бар материалдар екендігін көрсетеді.

Қазақтың батырлар жыры жайында да Шоқан азды-кепті пікір айтқан. Бұл жырлар, Шоқанның айтуынша, ноғайлы дәуірінде, XIV, XV, XVI ғасырлар шамасында туған. Онда: «Халықтың рухы, көзқарасы, әдеті, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі суреттелген. Сондықтан бұл жырлардың әдебиеттік жағынан болсын, тарихи жағынан болсын маңызы зор»<sup>2</sup>

Қазақтың кейбір ертегілері мен мақал-мәтселдері Европа халықтарының, әсіресе славян халықтарының шығармаларына ұқсас келетіндігіне таңдана отырып, Шоқан бұл ұқсастықтың сырын ашпақ болады. А. Афанасьев жинап бастырған «Орыстың халық ертегілерінің» ішінде тек алты ертегінің ғана қазақ ертегілеріне ұқсамайтындығын айтады. Ал мұндай ұқсастықты қазақтардың славяндармен, әсіресе орыс халқымен қарым-қатынас жасау негізінде болғандығынан деп қарайды.

Шоқан өзінің көптеген еңбектерінде қазақ халқының поэзиясын, ақындардың ақындық өнерін аса жоғары бағалаған. Бұл ретте ол өлеңді суырып салма түрінде шығарушылықты ақындық өнердің асқар шыңы деп білді. Қазақтарды надан, тағы деп кемітетін еуропалықтардың топастығын көрсете отырып, оларға қарсы өз пікірін дәлелдейді. Өлеңді суырып салу ретімен айтушылық, сол арқылы көлемді, көркем жырлар тудырушылық қазақ халқының надандығын көрсетпейді, ол оның ертеден келе жатқан мәдениетін білдіреді деп қарайды. Сонымен қатар, Шоқан жыршы-ақындардың ішінде кейбір ақындардың азынаулақ ақы алу үшін байлардың сөзін сөйлеп, ақындық өнерін құнсыз нәрсеге сатуына ренжиді. «Мұндай ақында бет жоқ, өз қасиетінің бағасын сезіну де жоқ... Ол өзінің

<sup>1</sup> Сонда, 388-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 419-бет.



дарындылығын қандай сұлтандардан болса да асып түсетін қасиет деп қарамайды. Қайта ақындық өнер — ат-шапан табу үшін біткен өнер деп қарайды», — деп, жалдамалы, бас пайдасын көздегіш ақындарды сынайды. Ал байларды жақтамай, бейшаралық күйге түспей, халық мүлдесін жырлаған ақындар «халық арасында қатты құрметтеледі», — дейді.

Көптеген ақын, жыршылармен кездесіп, сөзін тыңдаған Шоқан, оларға ақыл-кеңес беріп, сын да айтып отырған. Потаниннің сөзіне қарағанда, Шоқан Жанакпен талай рет кездескен және дарынды ақынға әр түрлі тақырыптар ұсынған. Бұған жалғас И. Ибрагимов бір жылы Шоқанның елге келгенін, оны ауыл адамдарының зор құрметпен қарсы алғанын айта келіп, былай дейді: «Әрі беріден соң Шоқан коштасты да үйге кіріп кетті. Оған тігілген үйдің сыртында домбырасы, қасында біраз адамы бар әйгілі Орынбай ақын отыр еді. Шоқан оны қасына шақырды. Орынбай әдемі өлеңімен Шоқанға арналған құтты болсынын айтты. Сол жерде Шоқан атақты ақынға: қазақ тілін татар сөздерімен шұбарлама деп ақыл берді...»<sup>1</sup>.

Сонымен, Шоқан қазақтың ауыз әдебиетін жинауда, оны зерттеуде зор еңбек сіңірген ғалым болды. Оның бұл еңбектері қазақ халқының тарихынан айрықша орын алады, оны халқымыз аса жоғары бағалайды.

Түрік тектес елдердің және қазақ халқының ауыз әдебиетін жинау жолында аса зор еңбек еткен ғалымның бірі академик В. В. Радлов (1837—1918) болды. Ол шығыс халықтарының әдебиетін жинап, зерттеу мақсатымен біраз жерді, елді мекендерді аралайды, өте көп материалдар жинайды. Сол жинаған материалдарын «Түрік руларының халық әдебиетінің үлгілері» деген атпен 1865—1904 жылдар арасында сегіз том етіп бастырып шығарады. Әрбір томға орыс тілінде кіріспе сөз жазады, содан кейінгі материалдары әр халықтың өз тілінде (әрпі орысша) беріледі. Өз кезінде Радловтың бұл томдары неміс, француз, ағылшын тілдерінде аударылған.

Радловтың үшінші томы (1870 ж) қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінен құралған. Томға енген материалдардың ішінде аңыз-әңгімелер мен әр түрлі жырлар, дастандар, тұрмыс-салт өлеңдері бар. Ақындар айтысынан: Жанақ пен Түбектің, Ұлбике мен Күдерінің, Мөнек пен Оспанның, Шортанбай мен Орынбайдың айтыстары; жырлардан: Ер Тарғын, Ер

<sup>1</sup> Сонда, IV том, 579-бет.



Көкшс, Қозы Көрпеш-Баян сұлу т. б. жырлар енген. Бұл материалдардың бәрі қазақ тілінде (әрпі орысша) берілген.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен құралған бұл томға Радлов қысқаша алғы сөз жазады, онда қазақ халқының ауыз әдебиетке бай екендігін, әсіресе оның өлең шығаруға қабілетті келетіндігін айтады. Осы ретте ол қырғыздарға қарағанда, қазақтарда өлеңнің ұсақ түрлері көп, ал батырлар жыры аз және ауыз әдебиетінің дамымаған түрі деген қорытынды жасайды. Радловтың батырлар жыры жайында айтқан бұл пікірінс қосылуға болмайды. Өйткені батырлар жырын шығаруда қазақтар көршілерінен асып түспесе, кем қалған емес.

Жалпы алғанда, Радловтың қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыруы, оны неміс және француз тілдеріне аударып шығаруы мәдени маңызы зор снбектің бірі еді. Қазақ халқының әдебиетімен басқа елдерді таныстыру зор игілікті іс еді.

Қазақ ауыз әдебиетін жинау ісіне белсене қатысқан ғалымның бірі — Г. Н. Потанин (1835—1920). Ол жас кезінде Шоқанмен бірге кадет корпусында оқыған, екеуі аса тату дос, жақсы жолдас болған. Кадет корпусын бітіргеннен кейін, Г. Н. Потанин Қазақстанның көп жерін аралайды. Семей, Марқакөл, Зайсан, Ақмола, Көкшетау жақтарында болады. Шоқанға еріп оның аулына барады. Жүрген жерлерінде қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жазып алып отырады. Бұл іске ол ғылыми мән беріп, халықтың тарихын, әдет-ғұрпын білу үшін ауыз әдебиеті көп материал береді деп қарайды. Осы ретте ол «Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау керек» деген мақала жазады<sup>1</sup> және бұл іске басқалардың да қатысуын қажет деп табады.

Потанин өзі жинаған материалдарын сол кезде Омбыда және орталықта шығатын газет-журналдарда бастырып отырады. Соның ішінде оның көп жылдар бойына жинаған мол материалдары «Қазақ-қайсақ және Алтай халықтарының ертегілері мен аңыздары» деген атпен 1916 жылы «Живая старина» журналының 2-3 санында басылып шықты. Ол ауыз әдебиеті үлгілерін қазақ тілінде жазып алмайды, тек шығарманың мазмұнын ғана жазып алады және оны орысша әңгімелеп береді. Егер Радлов ел арасынан жинаған материалдарын қазақша жазып алып, айтушының стильдік, сөздік ерекшеліктерін сақтап отырса, Потанин олай етпейді, жинағандарын бірден орысшаға аударады. Мұның

<sup>1</sup> «Дала уалаяты» газеті, № 29-31, 1894.

мәнісі қазақ ауыз әдебиетімен орыс қауымын таныстыруды көздегендіктен болу керек. Ал Радловқа қарағанда, ауыз әдебиетін жинауда Потаниннің бір ерекшелігі бар. Ол жинаған материалдарын кімнен жазып алғандығы, айтушының өмірбаяны, оның қандай шығармаларды білетіндігі, оларды қалай үйренгендігі т. б. жайынан мәліметтер береді. Мұнысы ғылым үшін аса қажетті материал еді.

Қазақ ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін жинаса да, Потанин олар жайында арнаулы ғылыми-зерттеу еңбек жазбаған. Бірақ та ол өзінің басқа еңбектерінде қазақтың ауыз әдебиетін аса жоғары бағалайды. Ең алдымен ол қазақ халқының ауыз әдебиетке байлығын сөз стеді, оның көркемдік дәрежесі басқа халықтардың шығармасынан кем соқпайтындығын көрсетеді. Мәселен, «Европа халықтарының орта ғасыр эпосындағы шығыстық мотивтер» деген күрделі еңбегінде қазақ ауыз әдебиетінен бірнеше мысалдар келтіреді де, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына айрықша тоқтайды. Ол бұл жырды «Жер жүзіндегі асыл мұралардың бірі» деп қарайды.

Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап қазақ ауыз әдебиетін жинау, бастыру жөнінде көп еңбек сіңірушінің бірі Әбубәкір Диваев (1856—1932) болды. Ол Орынбордағы кадет корпусын бітіргеннен (1876 ж.) кейін Түркістан генерал-губернаторлығында қызмет істейді. Тиісті қызметін атқара жүріп, қазақ халқының тарихына қатысы бар материалдарды, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне кіріседі. Бұларды ол сол кезде шығатын газет-журналдарда (екі тілде) жариялап отырады.

Революцияға дейін, одан кейін де Әбубәкір жинаған ауыз әдебиетінің үлгілері орасан көп. Ел арасынан ауыз әдебиетін алғашқы рет жинау ісіне кіріскенде, Әбубәкір екі түрлі мақсат көздейді. Біріншіден, қазақ халқының мәдени мұрасын келешектегі жас ұрпақ үшін, тарих үшін керекті дүние деп жинайды. Екіншіден, жинаған материалдарын орыс тіліне аударады, онымен орыс халқын таныстыруды мақсат стеді.

Алдына осы секілді игілікті мақсат қойған Әбубәкір Ш. Уәлиханов, Г. Потанин, В. Радлов т. б. секілді ауыз әдебиетін жинап, бастыруда тамаша қызмет атқарады, келешек ұрпақ үшін асыл мұра қалдырды.

Қазан революциясына дейін Әбубәкірдің жинаған материалдары газет-журналдарда ғана басылды да, өз алдына жеке кітап келесінде шыққандары аз еді. Оның жинаған материалдары тек кейінгі заманда ғана, атап айтқанда, батырлар жыры жайында 1922—23 жылдары Ташкентте

тоғыз кітабы баспадан шықты. 1924 жылы тұрмыс-салт өлендерінен құраған «Тарту» атты жинағы, ал 1926 жылы Қызылордада «Балаларға тарту» атты жинағы басылды. Әбубәкір жинап баспа жүзіне шығарған материалдар қазақ халқының мәдени тарихы үшін аса керекті асыл қазына еді.

20-жылдарда Қазақстандағы өлке тану қоғамы бірсыпыра жұмыс істеді. 1933 жылы қазақтың ұлт мәдениетінің Ғылыми-зерттеу институты құрылады. Ол ел арасынан ауыз әдебиетін ұйымдасқан түрде жинау мақсатымен, жер-жерге арнаулы экспедициялар шығарады. Институттың бұл секілді игілікті ісіне қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлері: І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Аманжолов, Ө. Тұрманжанов, І. Кеңесбаев, Е. Ысмайылов т. б. қатысады. Институттың жинаған материалдары бойынша бірнеше жинақ («Қазақ совет фольклоры», «Жұмбақтар», «Мақал-мәтелдер» т. б.) жарық көрді.

Қазақ халқының ауыз әдебиетін жинау ісі Қазақстанда Ғылым академиясының филиалы (1946 жылдан бастап Қазақ ССР Ғылым академиясы) құрылғаннан кейін күшейе түседі. Ғылым академиясы жыл сайын жер-жерге экспедициялар шығарып, халық әдебиетін жинатып отырады. Және де осы материалдардан бірнеше жинақтар құрастырып шығарды. Мысалы: Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына жиналған ауыз әдебиеті материалдарынан 1958—1973 жылдар арасында үлкенді-кішілі 23 том құрастырылып жарияланады. Бұлардың ішінде: «Батырлар жыры» (үш том және орысшасы бір том), «Қазақ ертегілері» (үш том және орысшасы үш том), «Айтыс» (үш том), «Қазақтың мақал-мәтелдері», «Шешендік сөздер» бар еді. Және бұларға қоса әрқайсысы бірнеше вариантымен «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қамбар батыр», «Алпамыс», «Көрұғылы» сияқты жырлар т. б. жарық көрді.

Ұлы Отан соғысына дейін эпостық жырларымыздың баспа жүзіне шыққаны он шақты ғана еді («Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан», «Бекет» т. б.). Осыған қарап «қазақтың эпостық жырлары сан жағынан аз дүние екен» деушілер де болды. Ал қазіргі күнде бір ғана өнер институтының қолжазба қорында жүз сексеннен астам батырлар жыры, қырық шақты тарихи жыр, слеуден аса лиро-эпос сақтаулы тұр. Кейбір жырдың варианты да көп.

Мәселен, «Қобыландының» 26, «Көрұғылының» 30 варианты бар. Сондай-ақ, жырлардың көлемі де әр түрлі. Кейбір жыр бес жүз жолдық болса, енді біреулері он бес мың жолға жетеді. («Қобыланды батырдың» Мергенбай айтуындағы нұсқасы мен Нұрпейістің жырлаған варианты әрқайсысы он мың жолдан асады).

Бұл келтірілген фактілер кеңестік дәуірде қазақ ауыз әдбиеті үлгілерін жинау, жариялау жұмыстарының жемісті түрде жүргізіліп отырғанын көрсетеді.

#### **ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу ісі шын мәнінде кеңестік дәуірде қолға алынып, ғылыми жолға қойылды. Бұл кезде ауыз әдебиетін зерттейтін — фольклористика деп аталатын — ғылым қалыптасты, фольклорист ғалымдар қатары өсіп келеді. Осының нәтижесінде жалпы қазақ ауыз әдебиетінің жөнне оның жеке түрлерінің туу, қалыптасып даму тарихы жайында газет-журналдық мақалалар, үлкен ғылыми зерттеулер (монографиялар, кандидаттық, докторлық диссертациялар, мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар т. б.) жазылып, баспа жүзін жариялануда. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы шығарған «Қазақ әдебиетінің тарихы» дейтін күрделі еңбектің бірінші томы (екі кітап) ауыз әдебиетіне арналады.

Әрине, қазақ ауыз әдебиетін зерттеу ісі кеңестік дәуірде жүзеге асты деуімізбен бұл салада революцияға дейін жүргізілген жұмыстарды жоққа шығармаймыз. Революцияға дейін қазақ ауыз әдебиеті жайында жазылған монографиялық зерттеулер болмаса да, бірен-сарандап айтылған пікірлер болатын. Бұл жөнінде жоғарыда атап өткеніміздей, Ш.Уәлихановтың, В. Радлов пен Г. Потаниннің, И. Фалев пен П. Мелиоранскийдің т. б. ғалымдар мен ағартушылардың жалпы қазақ фольклоры туралы және оның кейбір жанрлары жайында айтқандары да бар еді. Мұндай пікірлер, әрине, үлкен ғылыми зерттеу еңбектерінің міндеттерін атқармаса да, қазақ фольклорының тарихи даму жолдарын, әдебиеттік және қоғамдық маңызын, көркемдік сипаты мен срекшелігін түсіну, оның сырын ұғыну жөнінде айтарлықтай мәнді екенін естен шығармаймыз. Және де бұл пікірлер кеңестік дәуірде қалыптасқан қазақ фольклористикасы үшін қымбат та құнды болғанын білеміз.

Бұл дәуірдегі қазақ фольклористикасының қалыптасу, даму, өсу жолын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең — 20—30-жылдар арасы.



Екінші кезең — соғыс жылдары.

Үшінші кезең — Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдар.

20-жылдардың бас кезінде-ақ қазақ халқының ауыз әдебиеті жайында мәселелер көтеріліп, фольклор туралы газет-журналдарда үлкенді-кішілі мақалалар жариялана бастайды. Бұл мақалаларда қазақ фольклорын жинау, зерттеу, бағалау хақында көптеген пікірлер айтылады. Мұның өзі қазақ фольклористикасының яғни ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымының тууына негіз салады.

Алғашқы қадамы қазақ ауыз әдебиеті туралы жазылған кіші-гірім мақала-заметкалардан басталған қазақ фольклористикасы идеология майдандарында шиеленіскен таптық күрес жағдайында, фольклордың тарихи және қоғамдық ролі жайында көтерілген мәселелерге белсене араласу негізінде дүниеге келеді. Идеологиялық күрестердің негізінде туып қалыптаса бастаған қазақ фольклористикасы 20-жылдардың бас кезінде-ақ ауыз әдебиеті жөнінде бірнеше мәселелер көтереді. Солардың ішінде оның ерекше көңіл бөлгені: ескі мәдени мұраны игеру және ауыз әдебиетінің тарихын зерттеу мәселесі болады.

Сәбит Мұқанов «Қазақ әдебиеті әм Ыбырай» деген тақырыпта мақала жазып, оны «Қызыл Қазақстан» журналының 1924 жылы шыққан 7-9 сандарында жариялайды. Сәбит осы мақаласында ауыз әдебиетін, ән мен күйді халық арасынан шыққан, еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігін, оның өмірін жақсы білетін адамдар тудырады дейді. Осы ретте Сәбит халық әдебиетінің ең көрнекті өкілдері деп Орымбай, Шөже, Арыстанбай, Шал, Тоғжан, Біржан, Нүркей, Ақан, Ыбырай сияқты ақын, жыршы, әншілерді атайды, олардың шығармаларын жинау, жарыққа шығару жайлы мәселе көтереді.

Ал Аманғали Сегізбаев «Халық пен әдебиет» дейтін мақаласында<sup>1</sup>, Бейсенбай Кеңжебаев «Абай өлендерінің 1923 жылғы басылуы туралы»<sup>2</sup> дейтін мақаласында ауыз әдебиетінің негізгі иесі еңбекші халық екенін айтады.

20-жылдардағы фольклористикамыздың екінші бір көтерген мәселесі — ауыз әдебиетінің тарихын зерттеу жайында болады. Бұл мәселеге зор көңіл бөлген адам — бүкіл кеңес әдебиетінің аса көрнекті қайраткері, академик-жазушы Мұхтар Әуезов еді. (Оған кейінірек тоқтаймыз).

<sup>1</sup> «Қызыл Қазақстан» журналы, № 2—3, 1922.

<sup>2</sup> «Еңбекші қазақ» газеті, № 359—360, 1925.



Ал 30-жылдары қазақ фольклористикасы тақырып жағынан болсын, зерттеулердің ғылымдық сапасы жағынан болсын ілгерілеп дамығандығын аңғартады. Осы кезде ауыз әдебиетіне арналған маңызды әрі көлемді зерттеулер көріне бастайды.

Аталған кездегі фольклористикамыз тақырып жағынан алғанда бірнеше күрделі мәселелерді көтереді. Солардың ішінен бастылары мыналар:

1. Оқулықтар жасау мәселесі.
2. Ауыз әдебиетінен үйрену мәселесі.
3. Ауыз әдебиетінің халық өміріне байланысы және халық ақындарының творчествосы туралы.

30-жылдары қазақ ауыз әдбиетінің тарихын оқулық көлемінде баяндау мәселесін тұңғыш көтерген, оны қолға алған Сәкен Сейфуллин еді. Бұл іске кірісер алдында ол әдеби мұраны білетіндерге арнап 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газеті арқылы ашық хат жазады<sup>1</sup>, қазақ әдебиетінің тарихы туралы кітап жазу ойы барлығын айтып, соған керекті материалдарды ел арасынан жинап беруді сұрайды. Оның «аса қажет» деген материалдарының көпшілігі қазақ ауыз әдебиетінің әр кездегі нұсқалары болатын.

Аталған кітабын Сәкен екі бөлім етіп шығарады. Оның біріншісі, «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» деген атпен 1931 жылы хрестоматия құрастырып жарияланады. Ал екіншісі, «Қазақ әдебиеті. Билер дәуірінің әдебиеті» деп аталатын қазақ ауыз әдебиетінің тарихын баяндауға арналған ғылыми зерттеу еңбек 1932 жылы жарық көреді. Мұнда Сәкен алдымен қазақ халқының тарихынан қысқаша мәлімет береді де, содан кейін ауыз әдебиетін жанрына қарай жіктеп, бірнеше салаға бөліп баяндайды. Және де ол ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін, көркемдік қасиетін көрсетеді.

Сәкеннің қазақ ауыз әдебиетін оқулық көлемінде зерттеуге арналған бұл еңбегі өз кезі үшін аса қажет құнды еңбектің бірінен саналған-ды. Бұдан, әрине, сөз болып отырған кітаптың ақауы, қате-кемшілігі жоқ деген ұғым тумайды, ондай кемшіліктерінің бастысы — Сәкеннің қазақ халқының ауыз әдебиетін түгелдей билер дәуірінікі деуінде. (Кейіннен Сәкен бұл пікірінен қайтты, оны Өтебай Тұрманжановпен бірлесіп жазған оқулығынан көреміз). Сәкеннен кейін қазақ ауыз әдебиетін оқулық көлемінде зерттеп баяндау жөнінде 30-жылдары көп жұмыс жүргізіледі. Баптаушы және орталау мектептерге арналып, бірнеше оқулық,

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Шығармалар, 4-том, 389-бет, 1962.

хрестоматиялар баспа жүзіне шығады. Оларды белгілі әдебиетшілеріміз М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ө. Тұрманжанов, М. Қаратаев, С. Мұқанов, Қ. Бекхожин т. б. жазып құрастырады. 30-жылдары шыққан бұл оқулықтар азды-көпті кемшіліктеріне қарамастан, қазақ фольклористикасын дамыта түсу жолында тағы бір ілгері басқандықтың белгісі болып еді.

30-жылдары қазақ әдебиетшілерінің, соның ішінде фольклористердің, кеңінен көтерген мәселесінің бірі — көркемдік шеберлікке үйрену жайында болады. Рас, бұл мәселе 20-жылдарда да көтерілген еді. Бірақ 30-жылдардың бас кезінде оған жаңаша мән беріледі. Қазақ жазушылары шеберлікті орыс, Батыс, Шығыс әдебиеті классиктерінен және Абайдан үйрену керек деумен қатар, оны халықтың ауыз әдебиетінен де үйрену қажет деген пікірлер де қозғайды.

Мәселен, Сәбит Мұқанов «Қазақтың пролетариаттық әдебиеті туралы» (1931 жылы) жазған еңбегінде<sup>1</sup> социалистік жаңа заманды, екпінді құрылысты, кеңес адамдарының ерлік еңбегін шабыттана жырлау үшін, өлеңнің оралымды да ұшқыр түрі деп қазақ ауыз әдебиетіндегі «жыр» өлшемін ұсынады. Өйткені қазақтың «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты жырларында батырдың жорық-шабыс, айқас-тартыс, алыс-жұлыстары, көз ілеспес ерлік қимылдары «жыр» арқылы берілген. Сондықтан бүгінгі ерлік өмірді, екпінді қимылды түйдектете жырлау үшін өлеңнің «жыр» түрі өте мәнді екенін, бұл ретте «Қобыландыдағы» «жыр» түрін өзіне үлгі етіп жүргенін дәлелдейді.

Сәбит «Поэзия мәселесі» атты мақаласында халық поэзиясындағы «жыр» түріне және одан үйрену мәселесіне қайта оралады:

«Маған қазақ өлеңінің 4 аяқты; 6 аяқты, 8 аяқты түрлері күрделі пікір айтуға қолды байлайтын сықылданды. Сондықтан мен «Тұрмыс тұлпары» деген өлеңнен бастап, халық әдебиетінің шұбыртпалы түріне бет алғандай болдым. Маған шұбыртпалы түрдің («Қобыланды», «Алпамыс») екпіні, ырғағы 6 аяқ, 8 аяқтардан күшті сықылданды, Шұбыртпалы түрдің құшағы пікір құшақтауға кең тәрізденді».

Халықтың ауыз әдебиетінен үйрену керек деген мәселені кезінде Сәкен де, Ілияс та, Мұхтар да көтерді. Бұл жөнінде олардың да айтқан, жазған пікірлері мол. Олар халықтың тіл байлығын, сөз өнерін үйренуді ұсынады, ауыз

---

<sup>1</sup> С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз (мақалалар жинағы), 122-бет, Алматы, 1960.

әдебиетіндегі кейбір сюжеттерді, фольклорлық образдарды пайдаланып, сол негізде жаңа шығармалар жазу мәселесіне көңіл аударады. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетінде фольклорлық тақырыпқа жазылған бірнеше шығармалар дүниеге келді. Бұған Мұхтардың, Сәбиттің, Ғабиттің, тағы біраз ақын-жазушылардың фольклорлық сюжет негізінде жазған шығармалары дәлел.

30-жылдарда Қазақстанның да аудан, облыстарында өнер иелеріне қамқорлық жасалып, олардың творчестволық жиындары, слеттері, халық ақындарының айтыстары өткізіледі. Халық арасынан шыққан таланттардың творчестволық еңбектері жоғары бағаланады, олардың жан-жақты өркендей беруіне, творчестволық өсуіне жағдай жасалады. Осы кезде халық поэзиясының алыбы Жамбыл бастаған Нұрпейіс, Доскей, Шашубай т. б. жыршы-жыраулар өздерінің ақындық өнерін шат өмірді жырлауға арнайды, көптеген жаңа да тың шығармалар береді.

Бұл айтылғандар қазақ фольклористикасының алдына жаңа міндеттер қояды. Әдебиетшілеріміз бен фольклористтеріміз халық поэзиясын, оның көрнекті өкілдерінің шығармасын зерттеу ісіне кіріседі. Бұл іске М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Қаратаев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, тағы басқа әдебиетшілеріміз белсене араласады, олар бүгінгі халық поэзиясы және оның көрнекті өкілдері жайында зерттеулер жазады.

30-жылдардағы фольклористикамыз халық поэзиясын зерттеумен қатар, қазақ халқының ертедегі ауыз әдебиетін зерттеу ісіне көп көңіл бөліп отырады. Осы кезде М. Әуезовтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» (1939), С. Мұқановтың «Батырлар жыры» (1939), Қ. Жұмалиевтің «Халық поэмалары» (1939), Ә. Марғұланның «Қазақ эпосын тудырған мотивтер» (1939), Б. Кенжебаевтың «Қазақ эпосы туралы» (1939) жазған еңбектері жарияланады. Бұл зерттеулерде қазақ ауыз әдебиетінің тарихы, оның даму жолдары жайында, әсіресе фольклордың халықтығы туралы мәселе көтеріледі.

Аталған кезде қазақ ауыз әдебиетін зерттеу жұмысына тіл ілімінің мамандары Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжолов, Шамғали Сарыбаев, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Нығымет Сауранбаев т. б. қатысады. Олар, әсіресе, ауыз әдебиетінің сөздік байлығына, тілдік және көркемдік ерекшеліктеріне көңіл аударады, соларды тексереді.

Қазақ фольклористикасы 40-жылдары, яғни соғыс жылдарының өзінде де ілгерілей түседі. Бұл жылдары соғыс

жағдайына және біраз фольклористердің майданға кетуіне қарамастан, қазақ ауыз әдебиетін зерттеу саласында біраз жұмыс жүргізіледі. Ең алдымен қазақ фольклористері соғыстың алғашқы күні-ақ партия көтерген ұранға үн қосып, халықтың патриоттық рухын көтеру, басқыншы жауға қарсы күрес ұйымдастыру ісіне белсене араласады. Бұл жөнінде олар халықты ерлікке шақыратын өткір мақалалар жазады. Жергілікті жерлерде халық ақындарының слеттері, айтыстары өткізіледі. Олардың көтерген тақырыбы: фашистерді жеңу үшін күш аямау, майданға көмекті көп беру, бірлесіп еңбек ету.

Соғыс жылдарындағы фольклористикамыз біріншіден халықтың ерлік, патриоттық дәстүрін зерттеуді басты мәселе етіп көтереді. Сонымен қатар ауыз әдебиетінің жанрларын монографиялық көлемде зерттеу ісін қолға алады. Бұл ретте қазақтың айтыс өлеңдері туралы С. Мұқановтың, Т.Нұртазиннің, халық ақындарының, соның ішінде Жамбыл мен Нұрпейіс творчествосы туралы М. Әуезовтің, Қ. Жұмалиев пен Е. Ысмайыловтың қазақ халқының эпостық жырлары туралы Ә. Марғұланның, Б. Кенжебаевтың, шешендік сөздер туралы Әмина Мәметовалардың еңбектері жарық көреді.

Екіншіден, соғыс кезінде жүргізілген зерттеулерде қазақ ауыз әдебиетінің мәселелері, жеке жырлардың шығу, даму жолдары халқымыздың тарихына байланысты қарастырылады. Қай кезде қандай шығарма туғандығы және оған қандай тарихи себептер болғаны бір қыдыру мол ашылады. Бұл, мәселен, қазақтың эпостық жырларының немесе айтыс өлеңдерінің шығу тарихы туралы жазылған еңбектерден орын алады.

Соғыс жылдарында қазақ ауыз әдебиетінің мәселелері орта мектепке арналған оқулық келемінде де баяндалады және онда, мүмкін болғанынша, қазақ фольклорының негізгі жанрлары түгелдей қамтылды деуге болатындай еді. Қ.Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, С. Мұқанов пен Қ. Бекхожин жазған оқулықтар мен құрастырған хрестоматияларда қазақ ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары жүйелі түрде, оқушыларға толық мәлімет, тұрақты білім беру мақсаты көзделді. Әрбір жанрдың өзіндік ерекшелігі, шығармалардың идеялық, көркемдік қасиеті, тарихқа байланыстылығы айтылды.

Алайда, қазақ ауыз әдебиеті жөнінде соғыс кезінде шыққан кейбір еңбектер азды-көпті кемшіліктерден де құр алақан емес еді. Мәселен, халықтың ерлік дәстүрі және ба-



тырлар жыры жайында жарияланған кейбір зерттеулерден эпостық батырларды майданда неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресіп жатқан кеңес жауынгерлеріне рух беруші, оларды ерлікке бастаушы күш деп қараушылық орын алған. Рас, біз халқымыздың ерлік дәстүрін де, батырлық жырларды да жоғары бағалаймыз. Бірақ эпостық батырларды жастарға бірден-бір рух беруші деп, үлгі деп қарауға болмайды.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақ фольклористикасы әдебиет тану ғылымының басты бір саласына айналады. Осы кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы құрылады. Әдебиет институты ашылады. Бұл институт қазақ әдебиеті тарихын жан-жақты алып зерттеуді жүргізе бастайды, бірнеше зерттеулер жарияланады. Соның көлемді біреуі «Қазақ ауыз әдебиеті тарихының» бірінші томы (екі кітап) еді. Оны жазу және баспа жүзіне шығару ісіне М. О. Әуезов пен М. Қ. Қаратаев ғылыми жетекшілік етеді.

Сонымен,» жоғарыда келтірілген фактілер бұл дәуірде қазақ ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымның қалыптасқанын және оның зор көлемде дамып келе жатқанын дәлелдейді. Алғашқы қадамын кішігірім мақала, заметкалардан бастаған бұл ғылым, қазіргі күнде өсіп ер жетті, ауыз әдебиетінің мәселелерін жан-жақты алып кең көлемде зерттеу дәрежесіне көтерілді десек, артық айтқан болмаймыз. Ал бұл ғылымның қалыптасып дамуы жолында С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Ы. Дүйсенбаев, т. б. ғалымдар көп еңбек сіңірді. Бұлардың ішінен М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайыловтың еңбектеріне шолу ретінде болса да, тоқтала кеткен жөн.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау және зерттеу саласында аса көп еңбек сіңірген ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов (1897—1961) болды. Оның фольклористік қызметі ел арасында ауызша айтылумен таралып жүрген әдеби шығармаларды жазып алудан басталады. Сол кезде ауылда, Семей жағында қызметте жүріп ел арасынан халық әдебиетінің үлгілерін жинап, оларды «Таң» журналында жариялап отырады<sup>1</sup>. Осыдан былай ол халық әдебиеті нұсқаларын жинау ісіне үзбей араласады. Ол Бұхар жыраудың, Жанактың, Көкбайдың тағы солар сияқты көптеген ақын, жазушылардың шығармаларын жинап, баспа жүзіне шығаруда айтарлықтай еңбек стеді. Ал «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» Жанақ айтқан вариантын керей Уәйіс ақыннан жазып алып, 1936 жылы жеке кітапша стіп жариялайды.

<sup>1</sup> Қазақ фольклористикасы, Алматы, 1972, 168-бет.



Ел арасынан ауыз әдебиеті үлгілерін қалай жинау керек және қандайын жинау керек деген мәселеге М. Әуезов әр уақытта көңіл бөліп отырады. Мысалы, ол халық әдебиеті нұсқаларын жинау мақсатымен 30-жылдары Ұлт мәдениеті институты тарапынан, бертінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты тарапынан облыстарға шығарылған арнаулы экспедициялардың жұмысына ғылыми кеңес беріп басшылық етеді. Мұнымен қатар, ол қазақ ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін орыс тіліне аударып жариялау ісіне зор мән береді, соған араласады. Оның тікелей қатысуымен және кіріспе сөзімен «Песни степей» атты жинақ жарық көреді<sup>1</sup> «Қазақ ертегілері» мен «Қазақ эпосының» орыс тіліне аударылып шығуына ат салысады.

М. Әуезов қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуге 20-жылдары кіріседі, көптеген мақалалар жазады. Солардың ішінен оның «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922), «Қобыланды батыр» (1925), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927) сияқты еңбектері өз кезі үшін ғылыми мәні зор, елсулі зерттеулер еді. Бұл еңбектерінде ол, біріншіден, қазақ ауыз әдебиетінің даму жолдарын халқымыздың тарихына сәйкес баяндайды. Екіншіден, қазақ ауыз әдебиетін жанрға бөліп қарастырады және әр жанрдың өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Үшіншіден, қазақтың эпостық жырларының қай кезде туып, қалай және қандай таихи оқиғаларды жырлау негізінде дамығандығын анықтайды.

30-жылдардан бергі жерде де М. Әуезов қазақтың ауыз әдебиетін жеке-жеке жанрға бөліп зерттеуді жүргізе берді. Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілері, батырлық жырлары, ғашықтық (лироэпостық) жырлары, жұмбақтары, ақындар айтысы т. б. ғалымның үңіле тексерген тақырыптары болды. Ол бұл тақырыптарды өмірінің соңғы кезіне дейін зерттеген еді. Мұнымен қатар ол халық ақындарының, әсіресе Жамбыл шығармалары жайында, сондай-ақ қырғыздың атақты эпосы «Манас» туралы көлемді еңбектер жариялайды. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен эпосы» деген тақырыпта арнаулы зерттеу жазып, оны орыс тілінде шығарады.

М. Әуезов қазақ ауыз әдебиетін өзі ғана зерттеп қойған жоқ, ол бұл іске басқа да фольклористерді, әсіресе жастарды қатыстырып отырады, оларға басшылық етеді. «Қазақ әдебиетінің тарихы» деп аталатын ұжымды еңбек дүниеге

<sup>1</sup> Песни степей, Москва, 1940.

осылай келеді. Мұның алғашқы қазақ ауыз әдебиетіне арналған екі кітабы — М. Әуезовтің қатысуымен, ғылыми жетекшілік стуімен жазылған күрделі зерттеу еңбек. Бұл кітап М. Әуезовтің қазақ ауыз әдебиетін жинау, зерттеу және фольклористер дайындау жолында көп жыл бойына жүргізген еңбегінің қорытындысы деп танылған еді.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеуде елеулі еңбек еткен ғалымның бірі — Қажым Жұмалиев (1907—1968) болды. Ол фольклорист ретінде отызыншы жылдардың соңғы кезінде таныла бастайды. Бұған оның ауыз әдебиеті үлгілерінен құрастырған «Халық поэмалары»<sup>1</sup> деп аталатын жинағы дәлел. Бұл жинаққа «Исатай, Махамбет», «Бекет батыр», «Айман-Шолпан», «Біржан мен Сараның айтысы» енген және бұлардың әрқайсысына кіріспе сөз бен түсінік берілген.

Қ. Жұмалиевтің қырқыншы жылдардан бергі жерде жүргізген әдеби-зерттеу еңбектерінің негізгі бір саласы ауыз әдебиеті еді. Ол қазақ ауыз әдебиетінің тарихына, көркемдік қасиеті мен жанрлық ерекшеліктеріне көңіл аударды. Бұларды ол «Қазақ әдебиеті» сегізінші класқа арналған оқулық және «Әдебиет теориясы»<sup>3</sup> деп аталатын кітаптарында баяндайды.

Ал «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері»<sup>4</sup> дейтін екі томдық зерттеулерінің алғашқы кітабы қазақтың эпостық жырларына арналған тарихи негізде зерттеліп, эпостың халықтығы, көркемдігі, стилі, құрылысы, образдары, тілі т. б. мәселелер баяндалады. Қазақ эпосын көрші халықтардың жырларымен салыстыра зерттеуді ұсынады. Және өзіміздегі жырлардың варианттарын өзара салыстыра отырып, жырдың түп нұсқасын анықтауға болатындығын көрсетеді.

Қазақ эпосы қай кезде туа бастады деген мәселеге Қ.Жұмалиев ерекше көңіл бөлді. Ол тарихи дерсктерді келтіре отырып, Шоқанның қазақ эпосының туа бастауы ХІҮ ғасырдың іші деген пікірін қуаттайды және оның содан кейін қалай дамығандығын баяндайды. Осыған орай ол «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек»,

---

1 Халық поэмалары, Алматы, 1939.

2 Қазақ әдебиеті, Алматы, 1941—1972

3 Әдебиет теориясы, Алматы, 1938, 1940, 1952, 1960.

4 Қ. Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, Алматы, 1958.

«Айман-Шолпан» т. б. эпостық жырларға талдау жасайды, әрбір жырдың өзіндік ерекшелігін ашады.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, баспа жүзіне шығару және зерттеу жөнінде айтарлықтай еңбек сіңірген ғалымның бірі — Есмағамбет Ысмайылов (1911—1966). Ол ауыз әдебиетін зерттеу ісіне отызыншы жылдардың орта кезінде кіріседі. Бұл жөніндегі оның алғашқы еңбектері деп 1935—1938 жылдары жазған: «Қазақтың ел әдебиеті, оған Фирдоусидің әсері», «Пушкин қазақтың халық әдебиетінде», «Жамбыл — қазақтың ұлы халық ақыны», «Қазақ ертектері туралы» атты мақалаларын атауға болады.

1939 жылдың қаңтарынан бастап өмірінің ақырына дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясында қызмет еткен белгілі ғалым Е. Ысмайылов қазақ ауыз әдебиеті жөнінде ғылыми көп мұра қалдырды. Ғалымның бұл еңбектерінің тақырыптары негізінен алғанда: а) халықтың ертегілері мен аңыздары, ә) батырлар жыры, б) тарихи жырлар, в) халық ақындарының творчествосы, г) кеңес фольклоры сияқты күрделі проблемалар. Бұл проблемалар тарихи тұрғыдан баяндалып, нақтылы фактілермен дәлелденеді.<sup>1</sup> Сонымен қатар ол халық әдебиетінің көркемдік жағына да көңіл аударады.

Фольклорист ретінде Е. Ысмайыловтың зор көңіл аударғаны және көп жылдар бойына зерттегені — халық ақындарының творчествосы. Бұл тұрғыдан алғанда оның «Ақындар», «Ақын және революция», «Ақындық өмір», «Әдебиет жайлы ойлар» дейтін еңбектерінің тарихи және ғылыми мәні ерекше. Оның бұл еңбектері қазақ фольклористикасын жаңа белеске көтерген зерттеулер болатын.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу ісіне, жоғарыда аталған аға буын ғалымдармен қатар, жастар белсене араласып келеді. Бүгінгі жас ғалымдар қазақ ауыз әдебиетінің тарихын, жанрлардың қалыптасу-даму жолдарын, көркемдік ерекшеліктерін, халық ақындарының творчествосын жан-жақты қарастыруда. Бұған Б. Адамбаев, Т. Сыдықов, С. Садырбаев, М. Ғұмарова, О. Нұрмағамбетова, М. Жолдасбеков, Б. Уахатов, Е. Тұрсынов, К. Сейдаханов, С. Қасқабасов сияқты ғалымдардың зерттеулері дәлел.

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1948; Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1960, II том, 1964; «Ақындар» (монография), 1965; Қазақ ертегілері, I том, 1957.

**ОРЫС**

**ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ  
ЕҢБЕГІ**

Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау, жариялау, зерттеу ісіне орыс ғалымдары өткен ғасырдың өзінде-ақ ерекше мән бергенін білеміз. Бұл олардан қалған жақсы дәстүр еді. Осы дәстүр кенестік жаңа заманда ілгерілеп дамып келеді. Бұл ретте М. П. Баталов, А. С. Орлов, М. И. Фетисов, М. С. Сильченко, Н. С. Смирнова, В. М. Сидельников т. б. ғалымдар елеулі еңбек етті.

Қазақ ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіне орыс ғалымдары отызыншы жылдардан бері қарай араласа бастайды. (Одан арғы жерде тек газет-журналдарда жарияланған заметка, мақалалар ғана болатын). Мәселен, 30-жылдардың бас кезінде қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының доценті Михаил Павлович Баталов және кейінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі болған Митрофон Семенович Сильченко (1898—1970) қазақтың жазба әдебиеті мен фольклоры туралы еңбек (орыс тілінде) жазып, мәдени қауымды қазақ әдебиетімен таныстырды. Бертін келе академик М. С. Сильченко қазақ ауыз әдебиеті және революцияға дейінгі қазақ әдебиеті тарихын зерттеумен айналысты. Оның Абай творчествосы және революцияға дейінгі қазақтың халық өлеңдері туралы жазған еңбектері елеулі зерттеулердің қатарынан орын алады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі болған Александр Сергеевич Орлов (1871—1947) 1945 жылы «Казахский героический эпос» деп аталатын еңбегін жариялады. Бұл еңбегінде ол қазақ эпосының мазмұнын орыс эпосымен салыстырды. Қазақтың эпостық мұрасын дүниес жүзінде танытуда оның бұл еңбегінің маңызы зор еді.

Қазақ әдебиетін, халқымыздың фольклорын, әсіресе Жамбыл творчествосын зерттеуде көп еңбек еткен ғалым Михаил Иванович Фетисов (1907—1962) болды. Ол — қазақ фольклоры жөнінде бірсыпыра еңбек жазып, үлкенді-кішілі монографиялар берген ғалым. Солардың ішінен оның орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысы туралы және халық поэзиясының алыбы Жамбыл жайында жазған зерттеулері кезінде ғылыми мәні зор еңбектер деп танылды.

Қазақ ауыз әдебиеті туралы көптен бері еңбектеніп келе жатқан ғалымның бірі — П. Лумумба атындағы халықтар достығы университетінің (Москва) профессоры Виктор Михайлович Сидельников. Ол қазақ фольклорын орыс тілінде жариялау, зерттеу жөнінде айтарлықтай жұмыстар

жүргізуде. Мәселен, ол соңғы екі жүз жыл ішінде қазақ фольклоры жайында орыс тілінде шыққан материалдардың «Көрсеткішін» құрастырып, оны екі рет (1951, 1970) баспа жүзінде шығарды. Бұл «Көрсеткіш» қазақ фольклорын зерттеу үшін аса қажет материал болып табылады. Сондай-ақ, профессор В. М. Сидельников «Қазақ ертегілерінің» үш томдығын орыс тілінде жариялауға қатысты, оған сөз басын, комментарий жазды.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу жолында аса көп еңбек сіңіріп келе жатқан ғалымның бірі — Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Нина Сергеевна Смирнова. Ол соңғы отыз жыл бойына қазақ ауыз әдебиетін зерттеумен үздіксіз шұғылданып келеді. Бұл жөнінде оның жазғандары да ұшан теңіз. Өзінің біраз еңбектерін ол халық ақындарының, соның ішінде Жамбыл творчествосын, XVIII ғасырдағы халық әдебиетін, қазақ фольклорының дамуы және зерттелуі тарихын т. б. баяндайды. Сондай-ақ, ол «Қазақ әдебиетінің тарихын» жазуға белсене араласты. Ал бұл томның орысша басылымына (1968) әрі автор, әрі редактор, әрі жетекші болды.

Мұнымен қатар профессор Н. С. Смирнова қазақ эпосын екі тілде шығару (научное издание) ісіне басшылық етті. Бұл іске бір топ қазақ фольклористерін қатыстырып, екі үлкен жинақ («Қамбар», «Қыз Жібек») шығарды. Сонымен бірге ол қазақ ауыз әдебиетін жинауда орасан көп қызмет атқарған В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев мұраларын баспа жүзінде жариялау жөнінде көп жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде олардың еңбегі жарық көрді<sup>1</sup>

#### **АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ МӘНІ**

Халық ауыз әдебиетінің мәні өте зор. Ең алдымен ол халықтың өткендегі өмірі, тұрмыс тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, дүние танымы, арман-мүдесі, таптық күресі т. б. таныстырып көптеген мәлімет береді. Бұларды ол әдебиеттік суреттеу арқылы елестетеді. Ауыз әдебиеті өткен өмірді, «халықтың психологиясын», оның «арман-мүдесін» білуімізге аса керекті материалдың бірі болып табылады.

Халықтың ертегілері, аңыз әңгімелері, мақал-мәтелдері, басқыншы жаудан ел қорғау жолында ерлік жасаған батырлар жайында шығарған жырлары — адал еңбекті, халыққа қызмет етуді, халықтың жауларына қарсы күресуді, езілген


<sup>1</sup> Казахская народная поэзия, Алма-Ата, 1964; Казахский фольклор в собрании Г. И. Потанина, Алма-Ата, 1972.



еңбекшіге болысып жәрдемдесуді жырлайды. Бұл жолда халыққа адал ниетімен қызмет еткен адамдарды ардақтайды, олардың ісін кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге етіп ұсынады. Ал жағымсыз мінез-құлық, іс-әрекеттерді халықтың ауыз әдебиеті жиренішті түрде суреттейді, олардан безуді, жек көре білуді уағыздайды.

Ауыз әдебиеті жалпы әдебиет тарихынан да елеулі орын алады. Ол өзінен кейін туған көркем әдебиетке көп әсер етті. Сюжет құру, образ жасау, тіл байлығын пайдалана білу т. б. жөнінде ауыз әдебиеті көркем әдебиетке негіз салды. Бұл ретте де ауыз әдебиетінің мәні өте зор.





## I тарау

### ТҰРМЫС-САЛТҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТУҒАН ШЫҒАРМАЛАР

Қай халықты алсақ та оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн-көрісі, әдет-ғұрпы, салты болатындығын білеміз. Мұның бәрі сол халықпен бірге жасасып, оның тарихына өзінше ілесе жүретіндігін байқаймыз. Қоғамдық өмірдің, экономикалық жағдайлардың ілгерілеп дамуына байланысты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, сана-сезімі, дүниеге көзқарасы, т. б. өзгеріп отырады. Бір заманда туып, бертін келе, көп уақыт бойына қалыптасқан, белгілі жүйеге түскен дағдыға айналған тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-сана, алғашқы мазмұнын біртіндеп жоғалта да бастайды. Бұлардың орнына қоғамдық-таптық тілек жағдайларына сәйкес жаңа мазмұн, түр туады. Демек, қоғамдық және экономикалық жағдайлар, олардың дамуы ертеден келе жатқан, қалыптасып қалған тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрып, салтқа өз әсерін тигізеді, жаңа мазмұнда өзгеруіне, бұрынғы қалпын біртіндеп жоғалтуына ықпал жасайды.

Бұл айтылғандарды қазақ халқының тарихынан да кездестіруге болады. Қазақ халқының экономикалық және таптық, қоғамдық жағдайлары, олардың дамуы, өзгеріп отыруы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпы мен салт-санасына көптеген жаңалықтар енгізді. Белгілі бір дәуірде дағдыға айналған және сол кездегі адамдардың ой-санасын, оның шама-шарқын білдіретін әдет-ғұрып, тұрмыс-салты әр кезде әр түрлі ретпен өзгеріп, дамып отырғандығын көреміз. Мұны біз, әсіресе халықтың ауыз әдебиетінен аңғарамыз.

«Халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын жақсылап зерттейміз десек, — дейді М. Горький, — оны дұрыстап түсінеміз десек, ауыз әдебиетін білуге тиістіміз».

Қазақтың ауыз әдебиетінде халқымыздың өткендегі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрып, салтын елестететін

шығармалар өте көп. Бірақ олардың көпшілігі ерте заманда ауызша туып, көпшілікке ауызша тарағандықтан, өзінің айтылу процесінде әр түрлі өзгерістерге ұшырады, алғашқы түп нұсқасын таза өз күйінде сақтай алмай, жоғалтып та алды. Сондықтан біз халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған шығармалардың қайсысы ерте, қайсысы кеш шыққандығын белгілей алмаймыз. Бұл мәселе ғылымда әлі анықталмай, шешілмей келеді. Оның үстіне, қазақ халқының тұрмыс-салтын баяндайтын, қай кезде қандай әдет-ғұрпы болғандығын, олар қалай дамығандығын, қай жерде қандай түрлері туғандығын көрсететін зерттеулер жоқтың қасы. Рас, бұл мәселелер жайында Ш. Уәлихановтың, академик В. Бартольдтың біраз айтқан пікірлері бар. Бірақ олар қазақтың әдет-ғұрпын, салтын тереңінен тексеріп, тарихи даму жолдарын, әдет-ғұрыптың қай кезде қандай түрі пайда болғандығын және бұған байланысты туған ауыз әдебиеті үлгілерін арнайы зерттемеген еді.

Сондықтан да біз ғылымда шешілмеген, әлі анықталмаған мәселелерді бұл оқулыққа енгізуді қажет көрмедік. Біздің мақсатымыз: тұрмыс-салтқа байланысты туған және ауыз әдебиетінің ұсақ түрлеріне жататын шығармалардың шығу, даму тарихын баяндау емес, олардың кейбір басты түрлерімен таныстыру.

Қазақтың Қазан революциясына дейінгі ауыз әдебиетінде халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған шығармалардың түрлері бар. Соның ішінде бастылары мыналар:

1. Төрт түлік мал, еңбек-кәсіп жайындағы.
2. Үйлену салтына байланысты.
3. Діни ұғымға байланысты.
4. Көңіл-күйін білдіретін шығармалар.

Шартты түрде болса да, осындай төрт салаға бөлінген шығармалардан қазақ халқының ертедегі тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, діни ұғымдары, арман-мүдесі қандай скендігін аңғаруға болады. Осындай сңбектері арқылы халық өзінің өткендегі өмірін елестетеді, қуанышы мен тілегін, қайғысы мен мұңын, басынан кешкен тұрмыс күйін суреттейді; халыққа үстемдік сткен, сңсесін түсірген, сзiп қанаған тапқа, оның әдет-заңына, әлсiз түрде болса да, қарсылық айтылады, соны сынап-мiнеп отырады. Сонымсн қатар, халық осы алуандас әңгiме-жыр, сртсгiлерiнде адал сңбектi, сңбек студi мадақтайды.

**ТӨРТ ТҮЛІК  
МАЛ ЖАЙЫНДАҒЫ  
ШЫҒАРМАЛАР**

Қазақ халқы кеңестік заманға дейтін, негізінде, көшпелі жағдайда болды да, мал шаруашылығымен кәсіп етті. Халықтың күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малға байланысты еді. Жесе — азық, кесе — киім, мінсе — көлік дегендей, көшпелі жағдайда өмір сүрген, экономиканың басқа түрі дамымаған қазақ халқы үшін төрт түлік мал тіршілік тірегі болды.

Өзінің тұрмыс-тіршілігінде осындай ерекше орын алған, пайдасы тиіп, қызметі сіңген төрт түлік мал жайында қазақ халқы ерте заманда-ақ неше түрлі әңгіме, жыр, өлеңдер шығарған. Бұлардың бәрінде де мал шаруашылығымен кәсіп еткен адамның төрт түлік жайындағы көзқарасы, ой-арманы, тілек-мүддесі көрініп отырады.

Ауыз әдебиетінде төрт түлік мал жайындағы шығармалардың кейбір үлгілері өте ерте заманда, адамдардың жаратылыс сырын түсіне алмаған кезінің өзінде-ақ туа бастаған. Шоқан Уәлиханов «Шамандықтың қазақтардағы қалдығы» дейтін еңбегінде<sup>1</sup>, М. О. Әуезовтің «Қазақ ертегері» туралы жазған зерттеуінде<sup>2</sup> төрт түлік мал жайындағы шығармалардың алғашқы үлгілері ертедегі адамдардың ой-өрісі төмен сатыда тұрған кезінде шыққандығын айтады. Жаратылыс сырын түсіне алмаған ол кездегі адамдар әлем дүниесіндегі әрбір құбылыстарды өзінше долбарлап жорыған, бұларда жаратушы күш бар деп сенген, соған табынған.

Төрт түлік мал жайындағы шығармалардың алғашқы үлгілері осындай ескі сенім-нанымдарға байланысты туған. Онда әрбір түліктің жаратушы құдайы бар деп білген. Мәселен, қазақта «Қазықұрт тауы» деген әңгіме-жыр бар. Осы жырда халық төрт түлік малдың қалай пайда болғанын ескі діни ұғымдарға байланыстыра былай баяндайды: Баяғы бір заманда дүние жүзін топан-су қаптап кетеді. Тек қана Қазқұрт тауы аман қалады және осы таудың ығында Нұқ дейтін әулиенің кемесі тұрады. Топан қаптаған кезде жан-жануарлар осы кемеге тығылады. Мұның ішінде төрт түлік малдың әрқайсысынан тұқым болады. Әрбір түліктен бір-бір тұқым аман қалады да, кейіннен ол өрбіп өседі. Бұл түліктерді топаннан сақтап қалған олардың жаратушысы, иелері болады. Жылқының иесі — Жылқышы ата (кейде Қамбар-ата деп те айтылады), қойдың иесі — Шопан — ата, түйенің иесі — Ойсыл-қара, сиырдың иесі — Зеңгі-баба,

<sup>1</sup> Ш. Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары, Алматы, 1947.

<sup>2</sup> М. Әуезов. Қазақ ертегері, Алматы, 1957.

ешкінің иесі — Сексек-ата деп әрқайсысына жекелей ат қояды. Әрбір түліктің осы секілді иелері болғандығын, солардың арқасында топан-судан аман қалғандығын «Қазықұрт тауы» дейтін әңгіме-жыр былай суреттейді:

Қазықұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Жетім бота үстінде жатып қалып,  
Ойсыл-қара жануар содан қалған.

Бұдан әрі қарай жыр басқа түліктер жайын сөз етеді. Әрбір түліктің қалай өрбігендігін айтқанда, өлеңнің бастапқы екі жолын қайталап отырды.

Халықтың төрт түлік мал жайындағы, оның қалай өрбіп-өскендігі жайындағы алғашқы көзқарасы, ұғым-түсінігі осылай болып келеді. Төрт түліктің өз алдына иелері (Ойсыл-қара, Шопан-ата, Жылқышы-ата, Сексек-ата, Зеңгі-баба) болуына, әрқайсысына жекелей ат қоюына қарағанда, біз мысалға алған өлең бертінде шыққан емес. Ол сонау ерте заманда, көп құдайға табынған шамандық дәуірде туған деуге болады. Олай дейтін себебіміз мынадай:

Шоқан Уәлиханов ислам діні жайын айта келіп: «Қазақ арасына ислам діні XIV ғасырда ене бастады»,— дейді<sup>1</sup>. Ал академик В.В. Бартольд былай деген: «Сырдария бойында, Хорезммен көршілес отырған қыпшақтар XII ғасырдың аяғына дейін мұсылман емес еді, жалпы алғанда монғолдардың басқыншылық жорығына дейін ислам түріктердің көпшілігінің діні емес болатын»<sup>2</sup>. Ал қазақ тарихын зерттеушілер қазақ арасына ислам діні VIII ғасырда ене бастады деп, бірақ ол XVI ғасырға дейін бүкіл ел қолданған тұтас дін еместігін көрсетеді<sup>3</sup>. Мұнымен қатар, тарихшылардың бәрі де XIV ғасырға дейін қазақтар көп құдайға табынып (шамандық кез) жүргенін айтады. Ол кездегі адамдар жаратылыс сырын түсіне алмағандықтан, ой-өрісі төменгі сатыда болғандықтан жоққа сенген, дүнидегі әр түрлі құбылыстарды күшті санап, құдай есебінде соған табынған. XVI ғасырдан бергі жерде де, яғни қазақ арасына ислам діні молынан жайылған кезде де, екі дін (шамандық пен ислам) қатарласа жүрген.

Міне, бұл айтылғандардан төрт түлік мал жайында шығарылған өлең, жырлардың алғашқы нұсқалары ерте за-

---

<sup>1</sup> Ч. Валиханов. Сочинения, стр. 109, 1904

<sup>2</sup> В.В. Бартольд. История турецко-монгольских народов, стр. 15, Ташкент, 1928.

<sup>3</sup> История Казахской ССР том I, Алма-Ата, 1957, стр. 105, 187.



манда, қазақ арасына ислам діні еңбестен бұрын туғандығы байқалады. Ал бертін келе, қазақ арасына ислам діні тарап, көпшілікті шырмаған дінге айналған кезде көп құдайға табынушылық біртіндеп жойыла бастайды. Өйткені ислам дінінің шарты бойынша, жаратушы құдай көп емес, біреу ғана деп айтылады. Бірақ қазақтар ислам дінінің шартына жан-тәнімен беріліп кетпейді. Ш. Уәлихановтың айтуына қарағанда, қазақтар ислам дінін, оның шарттарын мойындағанмен де, нағыз діндар халық болмаған. Сондықтан олар бұрынғы шамандықты да, кейіннен енген исламды да бірдей қолданып жүреді. Бұған төрт түлік мал жайында шығарылған әңгіме, жыр-өлеңдер дәлел.

Төрт түлік мал жайында шығарылған әңгіме, өлең, жырлардың алғашқы үлгілері ерте заманда туып, бертін келе дами берді. Тұрмыс-тіршілігі төрт түлікке байланысты болған шаруа адамы мал баласын қадірлеп, ардақтай түседі. Мал басының өсімтал болуын тілейді. Сондықтан да ол төрт түліктің иелеріне жалынып, жалбарынады. «Малға ауру, індет жіберме, одан сақтай гөр, малымызды өсімтал ет»,— деп, төрт түліктің иелеріне тіл қатады, әрқайсысына арнай тілек етеді. Мәселен, Жылқышы атаға арналған тілек өлеңінде:

Шаруаның бір пірі, Жылқышы-ата,  
Тілегенде өзің бер ақтан бата.  
Үйір-үйір жылқыны шұрқыратып  
Ойдан, қырдан арқансыз әкеп мата,  
Өзің сақта ысқырған жел мен жаудан;  
Қуғын-сүргін сабылтан төтеп лаудан.  
Шаруаны кейітпе біріктірген,  
Өзің сақта пәлелі қиян даудан,—

деп келеді де, ендігі тілегі не екенін білдіреді:

Тағы бір тілек тілейін,  
Шын бергенің білейін,  
Өңкей ала шұбардан,  
Жал-құйрығы шұбалған,  
Айғырды бер байсалды,  
Үйірі толған байталды,

Өңкей мама бие бер,  
Сауған сайын иіген,  
Биесі бұтын жимасын,  
Көнеске сүті сыймасын,  
Ұзара берсін желісі,  
Кеңі берсін өрісі...—

Ал түйенің иесі Ойсыл-қараға да шаруа адамы жалынып, жалбарынады. Оған да тілегін айтады, «ит-құс, пәле-жаладан сақтай гөр, мал-басымды аман етіп қорғап жүр» дейді де:

Және бір тілек тілейін,  
Бергеніңді білейін,  
Қотанға сыймас түйе бер,  
Түйе берсең, үйе бер,  
Жатқан жері даладай,  
Азу тісі қаладай,  
Екі өркеші баладай,

Қаршылдаған бурасы,  
Жалбыраған шудасы,  
Жібектен болсын бұйдасы...  
Көзі жарық жұлдыздай,  
Мойны иір қобыздай,  
Құйрығы ұзын қамшыдай,  
Шудасы бар жамшыдай...

Осындай жалбарыну ретіндегі тілектерін шаруа адамы Зеңгі-бабаға, Сексек-ата мен Шопан-атаға да айтады. Бұлардан тілейтіні де, сұрайтыны да: мал басын өсімтал ет, түрлі қауіп-қатерден, ұры-қарыдан, ит-құстан, бәле-жаладан, ұрыс-жанжалдан сақтай гөр!..

Төрт түлік мал жайында шығарылған бұл өлеңдерден ерте кездегі шаруа адамының психикасы, ой-арманы, тілек-мүддесі айқын көрініп отырады. Сондай-ақ бұл тектес шығармаларда кездесетін жоққа нанушылық, соқыр сезімге салынушылық, әр түрлі иелерге табынушылық ертедегі адамдардың ақыл-ой санасы төмен сатыда болғандығын аңғартады. Мұның бәрі ертедегі адамдардың хал-жайын, ой-санасын, дүниеге көзқарасын түсінуімізге көмектеседі.

Жоғарыда мысалға келтірілген шығармаларды әдебиеттік жағынан алғанда, олардың өзіне тән ерекшелігі барлығын аңғару қиын емес. Бұл ерекшелік — төрт түлік малдың қандай жекелік қасиеті барлығын айқындауында. Өмірі мал бағып өскен, мал сырын жақсы білген адам төрт түліктің әрқайсысына тән қасиетін, характерін айырған. Шаруа адамына сиыр малы неліктен қадірлі, жылқының қызметі немесе түйенің пайдасы қандай? Міне, бұларды жоғарыда аталған өлеңдер айқындап береді.

Сондай-ақ, «Малдың баласын сүюі» дейтін өлеңде жаңағы айтылған, төрт түліктің өзіне тән тағы бір сипатын аша түседі. Онда:

Кой сүйеді баласын, қоңырым, деп,  
Іштеңені білмеген, момыным, деп,  
Сиыр сүйеді баласын, торпағым, деп,  
Қараңғыға баспаған, қорқағым, деп,  
Түйе сүйед баласын, боташым, деп,  
Жаудыраған көзіңнен, тоташым, деп,  
Ешкі сүйед баласын, лағым, деп,  
Тастан тасқа секірген, шұнағым, деп,  
Жылқы сүйед баласын, құлыным, деп,  
Тұлпар болар жүгірген, жұрыным, деп,—

Күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлікке байланысты болғандықтан, адам баласы мал өсіруді негізгі кәсібі еткен. Бұл ретте тәжірибесі мол қариялар айтты деп, кейінгі жастарға мал бағу жайын, қайтсе мал басын өсіруге болатындығын өлең-жыр арқылы бейнелеп көрсеткен. Мал бағу жөнінде ғасырлар бойына жинаған тәжірибиссін халық: «Мал баққанға бітеді» деген даналық мақалымен қорытындылайды. «Мал бағып кәсіп еткен халық жастардың, жас балалардың есіне осы ойларын құя берген. Ондағы ойы:

жалқау болма, еңбек ет, мал өсір. Бұлай етпесең, азып-тозып кетесің деп ақыл-өсиетін айта келеді. Мұны:

Асық ойнаған азар,  
Доп ойнаған тозар,  
Бәрінен де қой бағып,  
Кұйрық жеген озар,—

дейтін балаларға арналған өлеңнен көруге болады. Сол секілді балаларға арналған «Түйе, түйе, түйелер» деген өлеңде мал басының қалай құрылатындығын, бұл жөнінде не істеу керектігін көрсетеді.

Түйе, түйе, түйелер,  
Тұзың қайда, түйелер?  
Балқан таудың басында,  
Балды қоян қасында...  
Еніп кеттім еңіске,  
Қойным толды жеміске,  
Жемісімді жерге бердім,

Жер жусанын берді.  
Жусанын мен қойға бердім,  
Қой маған қошақанын берді...  
Мұз суын берді,  
Суын қара сиырға бердім,  
Қара сиыр сүтін берді...—

деп тізбектей соза береді. Бұл келтірілген мысалдан шаруа адамының мал күту, мал өсіру жайындағы ойы, тәжірибесі көрінеді. Әрине, мал-бағу, күту, өсіру оңай іс емес. Ол ерінбеген еңбекті керек етеді. Сондықтан халық әдебиеті бұған да көңіл аударады. Бұл ретте халық әдебиеті «Төрт түліктің кеңесі», «Иесі мен сиырдың айтысы», «Ешкі мен қойдың айтысы» секілді өлеңдер де шығарған. Осы өлеңдер арқылы мал күтімін жақсарту үшін адамдардың еңбек етуі, малға керекті азық, қора-қопсы дайындаудың қажеттілігін ескерткен. «Иесі мен сиырдың айтысында» бұл жай айқынырақ суреттеледі. Онда мал иесінің жұмысқа селсоқ қарағандығы, малына қора-қопсы жасамағандығы шөп шауып азық дайындамағандығы айтылады. Осының салдарынан оның малы арып, азады, көтеремге айналады. Ашыққан сиыр жем іздеп көрінген үйдің қорасына қарай жүгіреді. Сиырының бұл қылығын жаратпаған иесі, оған ұрсып: «Көзіңді ойып алайын, соғымға соямын»,— деп қорқытады. Бірақ сиыр бұған дау айтады да, өзінің бұл күйге түсуі иесінің жалқаулығынан болғанын білдіреді.

Халықтың төрт түлік жайында шығарған өлең, жырларында мұндай әңгімелер өте жиі ұшырайды. Оларда: мал басын көбейту үшін еңбектену, малдың қамын ойлау, қора-қопсысын, азығын даярлау керек екендігі аңғартылады. Мал өздігінен өседі деп жалқаулыққа салынушыларды, бейқамдарды ажуа, сықақ етеді.

Төрт түлік жайында шығарылған өлеңдерде мал күтімін суреттеумен қатар, малды бағу жайы да сөз болады.

«Малды өсіргің келсе, оны баға біл, ит-құсқа жем қылып алма, сақ бол, малшыны сайлап ал» дегендер осы алуандас өлеңдердің негізгі сарыны, басты мазмұны болып келеді. «Қасқырдың қойшыларға айтқаны» дейтін халық өлеңінде бақташылар жайы мына түрде суреттеледі:

Бала қойшы,  
Алыста ойнап қала қойшы...  
Екі қойшы —  
Ермек қойшы...  
Атты қойшы —  
Ашуы қатты қойшы...

Түйелі қойшы —  
Тұрған қойшы...  
Өгізді қойшы —  
Өлген қойшы,  
Жеп болғанда көрген қойшы...

Бұл мысалдан қойшының қандай болу керектігі аңғартылады. Баладан қойшы қойсаң, алдындағы малын ұмытып, ойынға салынады. Қойшының көлігі өгіз не түйе болуы да қолайсыз, қойға шапқан қасқырға айбар көрсете алмайды. Сондықтан қойшыға жақсы ат беру керек дегенді шаруа адамы өзіне тәжірибе етеді. Осы жағдайда ол алдындағы малын ит-құсқа жем етпек емес деп топышлайды.

Қазақ халқы төрт түлік мал жайында шығарған ұсақ өлеңдерінде жылқы мен түйеге ерекше көңіл бөлген. (Төрт түлік жөнінде тек ұсақ өлеңдер ғана шығарылған емес. Ол ауыз әдебиетінің барлық түрінен орын алған. Оларға кейінгі тарауда да тоқтаймыз). Оның себебі осы аталған екі түліктің қазақ тіршілігінде аса маңызды орын алуына байланысты еді. Жылқы ертедегі қазақ үшін кесе — киімі, жесе — еті, ішсе — қымызы бар мал болумен қатар, ол көлік еді. Ең басты қаситі — жылқы ел қорғау жолында зор пайда келтірген мал.

Тарихтың айтуына қарағанда, өткен заманда қазақ еліне шетелдік басқыншылар талай рет шабуыл жасап, ойран салған. Басқыншы жауға қарсы қазақ жігіттері әскери жасақ құрып аттанған, тойтарыс берген. Сонда олар өздеріне керек тұлпар атты сайлап мінген. Мұндай тұлпарлар ел қорғаған батырлардың жауынгер жолдасы, жәрдемшісі болған. Сондықтан да халық әдебиеті ел қорғау ісінде батырларға қызмет еткен сәйгүлік, тұлпар аттарды сүйсінсе жырлап, өзінің әңгіме, жырына қосқан. (Бұл жөнінде «Батырлар жыры» бөлімін қараңыз).

Ал халықтың түйені ардақтап, ауыз әдебиетіне қосуы оның адам үшін еті, сүті, жүні пайдалы болғандығында ғана емес. Ең бастысы — түйенің күшті, төзімді көлік екендігінде. Көшіп-қонып жүрген жағдайда қазақ халқының негізгі көлігі түйе болған еді. Түйе жемге, шөлге төзімді келеді. Ол бір-екі аптаға дейін жем жемей, су ішпей өркеш

майын қорек етіп жүре беретін мал. Сондықтан да шаруа адамы түйе малын аса қадірлейтін болған. Түйенің ауыз әдебиетінде асыра мақталып жырлануының бір себебі осыдан. Бұған — «Боз іңген» ертегісі дәлел.

Қазақ халқының ертедегі күн-көрісі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы төрт түлік малға байланысты болғандығы ауыз әдебиетінен белгілі орын алды, ол көптеген шығармаларға тақырып, мазмұн болды десек, сонымен қатар, халықтың психикасына, сезім дүниесіне, тіліне де әсер етті. Әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиевтің айтуына қарағанда: «Мал бағып күн көрген ертедегі адамдар өзі жасаған ауыз әдебиетінде ең жақсы образ, теңеулерді әртүрлі жануарлардың өмірінен алып отырған. Бұған, — дейді Қ. Жұмалиев, — екі себеп бар, біріншіден, төрт түлік ғасырлар бойы адамның ой-санасынан ұнамды орын алған; екіншіден, төрт түліктің қайсысы болса да көпке белгілі, сол белгілі нәрсе арқылы белгісіз нәрсені елестеткен»<sup>1</sup>. Осы пікірді қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымның бірі Б.Кенжебаев та айтады: «Қазақ халқы, — дейді Б. Кенжебаев — малға сыр мінез. Адамның келбетін, түсін, сиқын, жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны малдың мүшелеріне, мінезіне салыстырады, сөйтіп, әр түрлі теңеулер жасайды»<sup>2</sup>

Қазақ баласын жақсы көргенде «құлыным», «қозым», «ботам» дейді. Бұл сөздер әдебиетте образға айналған. Ал сұлу қызға «Ботакөз» деп әдемі теңеу теңейді. Көңіл-күйін білдіруге келгенде «ботадай боздады», «қозыдай шулады» деседі. Адам тұлғасын сипаттағанда «жігіттің нары екен», немесе бой жеткен сұлу қыздар жайын айтқанда «жез бұйда-лы нар тайлақтай» деседі. Мұның бәрі ауыз әдебиетінде жасалған ұнамды, қонымды теңеу, метафора, салыстырулар болып табылады. Бәрінің де оғаштығы жоқ, адам ойына дөп келген образды сөздер. Олардың қайсысы болса да, ерте заманнан бері төрт түлікпен кәсіп еткен халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған және адамдардың мал жайындағы ой-сезімін білдіре шыққан. Сондықтан жоғарыда аталған теңеу, метафора, образға айналған сөздер қазақтың әдеби тілін байыта түскен.

Төрт түлікке байланысты туған әдемі теңеу сөздер қазақ халқының ертеден-ақ мал шаруашылығымен айналысқанына айғақ секілді. Сондай-ақ, мал бағып кәсіп еткен халық кісі аттарын да төрт түлік жайынан қойып отырған.

<sup>1</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті, Алматы, 1949.

<sup>2</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, 1 том, 39-бет, Алматы, 1948.



Қазақтағы Жылқыбай, Түйебай, Қойшыбек сияқты кісі аттары да тегін қойылмаған. Бұл да қазақ халқының ертеден-ақ төрт түлікпен кәсіп еткеніне дәлел. Осыған байланысты бір мәселені атай кетелік. Қай халықтың тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі не нәрсеге байланысты болса, халық оны әдебиетіне көптеп енгізіп отырған. Екіншілікпен немесе құс шаруашылығымен ертеден кәсіп еткен халықтарды алсақ, олардың ауыз әдебиетінде бұл тақырып басым келіп отырды. Мәселен, орыс халқы мал өсірумен қатар, егін салуды ерте заманда-ақ білген. Орыстың ауыз әдебиетінде егінші туралы, егіншілікпен кәсіп еткен шаруа адамы жайындағы кесек шығармалар өте мол. Мұның себебі, орыс халқының тұрмыс-тіршілігі егінге байланысты болғандығынан. Ал қазақтың ертедегі ауыз әдебиетінде бұл тақырыпта туған шығармалар өте аз. Оның мәнісі қазақтардың ерте заманда егін егіп, оны кәсіп етпегендігіне байланысты.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды жинақтай келсек, қазақ халқының төрт түлік жайында шығарған өлең, әңгіме, жырлары өте мол екендігін байқаймыз. Бұл шығармалар мал шаруашылығымен кәсіп еткен халықтың өткендігі тұрмыс-тіршілігін, ой-сезімін, дүниеге көзқарасын, арман-мүддесін ұғынуымызға мол материал береді.

**АҢШЫЛЫҚ  
ЖАЙЫНДАҒЫ  
ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР**

Қазақ халқы ерте заманда тек төрт түлік малды өсіріп, соны тіршілік тірегі етіп қойған жоқ. Ол мұнымен қатар аң аулауды да кәсіп өткен. Аңның етін, жүнін, терісін тұрмысындағы керегіне жаратқан.

Ф. Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің тууы» туралы жазған еңбегінде аңшылық адам баласының тарихында ерте кезде пайда болғанын, аң аулап күн көру сол кездегі адамдардың негізгі кәсібінің бірі екенін, бұл іске алғашқы уақытта барлық қауым қатысқанын айтады. бұған қарағанда, ерте кезде қазақтар да осы жайды басынан өткізген тәрізді. Бертін келе аң аулау ісіне бүкіл ауыл үй араласпай, оны жеке адамдар, мерген жігіттер, құс сырын білетін саятшылар кәсіп еткен. Олар аң аулау үшін керекті құрал-сайманды, жүйрік ат, алғыр тазы, қыран құстарды (бүркіт, қаршыға, түйғын, т.б.) өздері даярлап, баптайтын болған. Аулайтын аңына қарай әдіс-айласын да әр түрлі қолданған: қасқырды жүйрік атпен қуып соғып алған. Соңғы кездерде аң аулаушылардың бұрынғы әдіс-айласы, құрал-саймандары жаңара бастаған, мылтықты, қақпанды, т.б. пайдаланған. Осылай ете отырып, аңшы-мергендер, саятшылар ерте кезде өздерінің үй-іштерін ғана

емес, бүкіл ауылдарын аңның, құстың етімен асырап жүрген. Мұны олар сол кездегі күн көру кәсібінің бір түріне айналдырған. Бертiнiректе аң аулау, құс салуды ойын-сауық, бой жазу, қызық көру, дем алу үшін де пайдаланған.

Аңшылық, мергендік туралы қазақ халқы ерте кездің өзінде-ақ әр алуан ұсақ өлеңдер, әңгіме-жыр, ертегілер шығарған. Бұлардың қайсысында болса да, аң аулап кәсіп студі халық жақсылық іс, өнер деп түсінген және осы жолда ерлік жасап, ел-жұртын аңның, құстың етімен асыраған адамдарды ардақтап жырына қосқан; оларды ер атандырып, батырлық тұлға беріп суреттеген.

Аңшылықты тұрмысқа қажетті кәсіп деп түсінген халық, бұл тақырыпта кесек шығармалар да тудырған. Негізгі идеясы ел қорғау жайын баяндайтын «Қамбар батыр» жырының бірсыпыра әңгімелері аңшылықты суреттейді. Жырдың алғашқы бөлімінде алпыс үйлі арғынды, тоқсан үйлі тобырды аңның, құстың етімен асыраған Қамбар жайы суреттеледі. Қамбар аң аулауды құмарлық, көңіл көтеру үшін жасаған батыр емес. Ол мұны кәсіп еткен еңбек адамы. Қамбардың:

Құс етін беріп бағамын,  
Үйдегі екі кәрімді.  
Оған да назар саламын,  
Қабатыма аламын —  
Тоқсан үйлі тобырмен  
Алпыс үйлі арғынды,—

дейтіні осыдан.

Қарамағындағы қыруар жанды асырып-сақтау үшін қамбар аң аулап еңбек етеді. Күніне үйрек, қазды, басқа да аңдарды жүздеп әкеледі. Мұны халық жыры Қамбардың ерлік еңбегі деп, сүйсіне суреттейді. Аңшылық Қамбарға оңайға түспейді де. Ол бұл жолда бірсыпыра ерліктер жасайды, жыртқыш аңдармен арпалысады. Аңның мықтысы саналған жолбарыспен айқасып, оны жеңеді. Мұны жыр Қамбардың батырлық бейнесін көрсету үшін келтірген.

«Құламерген», «Жоямерген», «Жерден шыққан Желім батыр» ертегілерін алайық. Бұлардың басты кейіпкерлері еңбек адамдары арасынан шыққан аңшы-мергендер болады. Бәрі де тұрмыс-тіршілігі үшін аңшылықты кәсіп еткен ерлер, ел-жұртын асырып-сақтаған адамдар бейнесінде суреттеледі. Олардың бұл жолдағы істерін халық әдебиеті сүйсіне дәріптейді, еңбек адамдарының ерлік образын жасайды.

Халық аңшы-мергендермен қатар, алғыр, қыран құстарды, жүйрік тазыларды да өзінің ауыз әдебиетіне қосып

отырған. Халықтың өлендері, ертегі-әңгімелері неше түрлі жүйрік тазыларды, қыран құстарды қызыға жарлап, аңызға айналдырып жіберген. Олардың адам баласына келтірген пайдасын, атқарған қызметін сүйсіне жыр еткен.

Қазақ арасына кең жайылған әңгіме-жырдың бірі — «Көкжендет». Мұнда Көкжендет жайы саятшының сөзімен баяндалды. Жыр былай басталады:

Көкжендет, тұғырың алтын, жібек баулы,  
Бар ма екен Көкжендеттей қыран шаулы?  
Күніне отыз үйрек, қырық қаз іліп,  
Кеш болса отырушы ең тояттаулы.

Көкжендет әңгімесі бұдан әрі қарай да дами берді. Онда: Көкжендеттің жақсы қаршыға екендігі, саятшыға он сегіз жыл жолдас, серік болғандығы баяндалады. Ол өте алғыр, салған бетінен қайтпайтын қыран құс болады. Оның «қаз-үйректі топырлатып» ілгеніне сүйсінген халық «Көкжендет» деп ат қояды. Саятшы бір күні Көкжендетін құсқа салады, бірақ ол бұл жолы иесіне қайтпады, кетіп қалады. Саятшы сүйікті досы болған Көкжендетін еске түсіріп жыр шығарады, өзімен он сегіз жыл жолдас болған қыран құсын оның алғырлығын елге жыр етіп таратады.

«Көкжендет» — ел арасында ертеден айтылып келе жатқан әдемі жыр. Мұнда аңшылықпен кәсіп еткен саятшының сүйініші, ой-сезімі, көп жыл жолдас болған құсына мақтанышы тартымды суреттеледі.

Көкжендет ұшушы еді желдей есіп,  
Атушы ед топты қазға жаннан кешіп,  
Ілгенде қаз-үйректі топырлатып,  
Көрген жан сұқтанушы ед «жендет» десіп...  
Көкжендет, қанды балақ, шіркін кәрі,  
Болар ма Көкжендеттей құстың бәрі.  
Ауылды құс етіне кәні қылған  
Шіркіннің, не қылайын, өтті зары,—

дегендер Көкжендетті көз алдына елестетеді.

Аңшылық қазақ өмірінде ертеден келе жатқан кәсіптің бір түрі ретінде танылумен қатар, ол ауыз әдебиетіне күрделі тақырып болып та енді. Бұл жөнінде халық әдебиеті әдемі әңгіме-жыр, ертегілер шығарумен бірге, сол аңшылықты елестететіндей әдемі теңеу, образды сөздер, эпитет, метафоралар жасады. Халық әдебиеті жағымды батырлар образын жасағанда, олардың мықты, күшті екендігін, сырт келбетін айтқанда «арыстандай», «жолбарыстай» немесе «арыстандай айбатты», «жолбарыстай жүректі» деп отырды. Бертін келе, ақындар айтысында, айтысқа түскен әрбір ақын өзін алғыр қыран құсқа, ақиық бүркітке теңейді. Мұның бәрі ауыз

әдебиетінде образ жасау, жақсы теңеу табу, салыстыру жасау үшін қолданылған.

**НАУРЫЗ  
ТУРАЛЫ  
ӨЛЕҢДЕР**

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілік өмірінде, әдет, салтында елеулі орын алған және ерте кезден мерекелеп өткізетін күннің бірі — Наурыз. Бұл күн жыл сайын наурыз айының 22-де (ескіше тоғызыншы наурызда) мерекеленетін болған және оның жаңа жылдың алғашқы күні деп есептеген. Мұны қазақтар «Ұлыс күні» деп те атайды. Олай атау себебі — ертеде «Ұлыс күні» жаңа жылдың бірінші күні болып есептелген. Наурыздың 22-де күн мен түн теңеледі де, содан кейін күн ұзара бастайды. Сондықтан бұл күн ертедегі адамдар жаңа жылдың туған күні деп қуанышпен қарсы алған. «Ұлыстың ұлы күні» әрбір үйде бас асылып, қазан көтерілген, құрт көже жасалған. Бұл күні жұрт жұмыс істемей, үй қыдырып «құтты болсын» айтысқан, жаңа жылды қуанышпен қарсы ала отырып, жақсы тілек, жадырасқан көңіл білдірген. Сөйтіп, «Ұлыстың ұлы күнін» шаруа адамдары өздерінше еңбек мерекесіне айналдырған.

Қазақ арасында ұлыс күнінің құрметпен той жасап мерекеленуі, әдебиетші ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда<sup>1</sup>, ислам діні қабылданбастан бұрын шыққан. Бұл күнді қазақтардың зор құрметпен қарсы алу себебі, сол кездегі көшпелі жағдайда өмір сүрген халықтың тұрмысына байланысты еді.

Көшпелі жағдайда тіршілік еткен халық қыс айларында аса қатты қиыншылық халге ұшыраған. Әрі қора-қопсысы, әрі даярлаған шөбі жоқ адамдарға сақылдаған сары аязда мал асырау оңай іс емес еді. Қыс күндері олар малына күрек ашып, жем тауып беру шарасын қарастырды; табиғаттың дүлей күштеріне қарсы арпалысқа түседі; одан мал-жанын аман сақтап қалу үшін жан таласа күреседі, қажырлы еңбек етеді. Осындай жағдайда жүрген адамдар күннің жылынуын, көктем шығуын асыға күтеді.

Наурыз — көктем айының басы. Бұл кезде күн жылынып, қар ери бастайды, көктем лебі еседі. Қыс бойы қысымшылық жағдайда болған адамдар күн шуағын, көктем лебін жадыраған жайдарылықпен қарсы алады, жаңа жыл

---

<sup>1</sup> Б. Кенжебаев. Қазақ әдебиеті, I том, 1948; Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті, 1949; Ш. Хусаинов пен Ы. Дүйсенбаев. «Қазақ ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы театр-драмалық элементтер», Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, көркемөнер сериясы, №78, 1950; Ә.Марғұлан. Қазақ әдебиеті, 1941.

басталды деп қуанысады. Бұл қуанышын күн мен түннің теңеліп, күн ұзара бастаған мерзімде мерекелеп өткізеді. Ол күнді жаңа жылдың басталған күні, яғни «Ұлыстың ұлы күні» деп той жасайды. Содан былай бұл күн қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде зор мәні бар мерекеге айналып кетеді.

Ұлыс күнін қуанышпен мерекесіне айналырған халық үлкен ойын-той, сауық жасайды. Осы тұста әркім өзінің көңіліндегі арман-мүддесін білдіреді. Бұларды олар бір-бірімен көріскенде айтатын болады, бір-біріне жақсы тілек тілейді. Қыстың қысымынан аман шыққанына қуаныса отырып, жаңа жылдан не күтетінін, нені тілейтінін аңғартады. Мұны олар өлең, тақпақ арқылы айтады. Мәселен:

Амансыз ба,  
Ұлыс оң болсын,  
Ақ мол болсын,  
Қайда барса, жол болсын!  
Ұлыс бақытты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын,  
Ұлыс береке берсін,  
Бәле-жала жерге еңсін!

Немесс:

Ұлыс күні кәрі-жас,  
Кұшақтасып көріскен.  
Жаңа ағытқан қозыдай,  
Жамырасып өріскен.  
Шалдар бата беріскен:  
«Сақтай гөр,— деп,— терістен».  
Кел, таза бақ, кел десіп,  
Ием, тілек бер десіп...

Бұл өлендерден ерте кездегі шаруа адамының арман-тілегі елестейді. Сонымен қатар, оның тілектерінде жоқ нәрсеге сенушілігі, жарылқаушы күш бар деп, соған жалбарынушылығы да көрінеді. Мұның өзі ертедегі адамдардың ой-өрісі, дүние тану дәрежесі төменгі сатыда болғандығын аңғартады.

Ұлыс күні шаруа адамдарының еңбек мерекесі болғандықтан, оны ойын-сауық, думанды қызық тоғай айналдырған. Жастар жағы бұл күнгі халықтың ой-сезімін, шаттық қуанышын білдіре өлең айтқан, ән шырқаған. Олар өздерінің өлең-әндерінде жаңа жылға деген тілектерін айтуден қабат, көңіл-күйлерін, жастық шақтың сыр-сезімін қозғаған.

Есік алды кара су бойлағаным,  
Жалғанның қызығына тоймағаным,  
Көмілсем де кетер ме көксіімнен,  
Қалақаммен ұлыс күні ойнағаным,—



дейтін өлеңдер ерте кезде ұлыс күні мерекелі қуаныш болғандығын елестетеді.

**БЕСІК ЖЫРЫ** Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан әдет-ғұрып салтының бәрі де оның ауыз әдебиетінен орын алған. Мұны ол ескі кездің елесі есебінде кейінгі жас ұрпаққа өлең арқылы жеткізген. Қазақтың ескі әдет-ғұрып, салтында елеулі орын алған нәрселердің ішінен аңыз-әңгіме, өлең-жырға қосылмағаны жоқ деуге болады. Адамның тууынан бастап, қартайғанға дейінгі өмірі, тұрмысында кездескен, басынан өткен жайларының бәрі де ауыз әдебиетінде суреттелген. Жаңа туған жас балаға арнап «шілдехана», алғаш рет жолға шықса «тоқым қағар» деген секілді ырымдар жасалған. Осының бәрі ойын-саулық, өлең түрінде өткен және олар қазақтың жалпыға бірдей салтына айналған. Осындай салттан туған өлеңнің бір түрі бесік жыры.

Жас баланы бесікке салуды қазақтар қуаныш етіп, тойлап өткізген. Мұны да ойын-сауыққа айналдырған. Онда айтылған өлеңдерден жас баланың дені сау, ер-азамат болып өсуін халықтың тілейтіндігі де көрініп отырады. Кейіннең, бесіктегі жас баласын тербете отырып, аяулы ана көңліндегі ой-арманын, жақсы тілегін білдіреді. Мұны халық «Бесік жыры» деп атайды.

«Бесік жырында» ананың балаға деген мейірі, махаббаты беріледі. Мәселен:

Көзімнің ағы, қарасы,  
Жүрегімнің парасы  
Уайым, қайғы ойлатпас,  
Көңлімнің сапасы.  
Айналайын, шырағым,  
Көлге біткесі: құрағым,  
Маңдайдағы құндызым,

Аспандағы жұлдызым  
Әлди, балам, ақ балам,  
Айналайын, балам-ай,  
Айналасың сенен анаң-ай,  
Әлдилеп сені сүйгенде,  
Анаңның көңілі болар жай.

Бесік жыры ауыз әдебиетінде ертеден бар. Оны әуел-баста ақындар шығарған, соңынан оны жұрт жаттап алып, айтып жүретін болған. Бесік жырында айтылатын тілек, ақыл-өсиеттерден халықтың нені аңсап, нені көксегендігі көрінеді. Бесік жыры «Әлди, әлди, ақбөпем» деп басталады да халық жас баланың болашақта кім болып өсуін, қандай қызмет атқаруын қалайтындығын ана сөзімен баяндайды. Сонда:

Құрығыңды майырып,  
Түнде жылқы қайырып,  
Жаудан жылқы айырып,  
Жігіт болар ма екенсің?  
Айыр қалпақ киісіп,

Ақырып жауға тиісіп,  
Батыр болар ма скенсің?  
Бармақтарың майысып,  
Түрлі ою ойысып,  
Ұста болар ма скенсің?..—

дейді. Осы бір үзіндіден халықтың бала тәрбиелеудегі ой-арманы айқын көрінеді. Халықтың ойынша, жас бала өсе келе, ержеткен соң еліне қызмет етуге тиісті. Мал бақ, кәсіп ет, ел-жұртыңды жаудан қорға деген ойын халық бесікте жатқан жас балаға ақыл, тілек етіп білдіреді және кімді ардақтайтынын да аңғартады. Халық шығарған бесік жырларында жас балаға жорық жасап ел талауға, барымта алуға аттан деген әңгімелер кездеспейді. Өйткені мұндай нәрсе халықтың мүддесіне қайшы келеді, халық тілегіне қарама-қарсы. Сондықтан да халық адал еңбекті ардақтайды. Мұны ол жырларына қосып, жастарға үлгі етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, халық шығарған «Бесік жырларының» мәні зор деп айтуға болады.

**ЖАҢЫЛТПАШ** Қазақ халқының әдет-ғұрып, салтынан туған ойын-сауықтар кезінде өлең, әңгіме-жырлар ғана айтылып қойған жоқ. Ойын-сауық үстінде, жиналған жұртты күлдіру үшін, ауыз әдебиетінің бұдан басқа да ұсақ түрлері айтылған. Соның бірі — жаңылтпаш.

Жаңылтпаш айтқанда екі нәрсе ескерілетін секілді. Біріншіден, жиналған жұртты күлдіру; екіншісі — әрбір сөзді тез шебер айтуға, тіл ұстартуға үйрету. Жаңылтпаштың сөздері жаңылдыратындай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады. Егер жаңылтпаш айтушы адам қиыннан құралған қырлы сөздерді орамына келтіре алмаса, аздап тайып кетсе — онда күлкі боларлық тіпті ұятқа соғарлық жағдайға әкеледі. Сондықтан ол әрбір сөзді жылдамдата тақпақтаумен қатар, нақышына келтіре, мүлт жібермей, оралымын таба айтуға тиіс. Жаңылтпаштың сөздері қара сөз түрінде, кейде өлең секілді ұйқасып келеді. Мысалы:

Қара бүркіт томағасын түсірді,  
Оны мен томағаламай кім томағалайды,  
Оны мен томағаламай кім томағалайды.

Немесе:

Ар жақтағы Құдияр құдам еді,  
Ол мені құдаламады,  
Мен оны құдаламадым, —

деп, соңғы екі жолы қайталанып айтылады.

Ерте кезде ойын-сауықтарда жаңылтпаш айтқызу қазақтың салты болған. Жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде қолданылған. Қазақтың салты бойынша, ойын-сауыққа келген жастардың

бәрі де ән салып, өлең айтуға тиіс. Ал ондай өнері жоқтарға ойынды басқарушы адам «жаңылтпаш айт» деп ұйғарған, жаңылтпаштың сөзін өзі жайлап айтып берген. Сонан кейін оны шапшаңдата қайталап айтуды жаңағы өлең білмейтін адамнан талап еткен. Егер ол адам жаңылтпаштың сөздерін орамына келтіріп айта алмаса, бүлдірсе, жұрт оған күлетін болған. Сондықтан мұндай күлкі етерлік жағдайға түспес үшін жастар ән, өлең үйренуге, оларды білуге тырысқан.

**ӨТІРІК ӨЛЕҢДЕР** Қазақтың ертедегі салты бойынша, ойын-сауық кездерінде айтылатын өлеңнің бір түрі — өтірік өлең. Бұл алуандас өлеңдер күлкілі, қызық сюжеттерге құрылады.

Өтірік өлеңдерді айту оңай болғанымен, шығаруы оңай емес. Ол ақынның ақындық өнерді талап етумен қатар, фантазияның мол болуын қажет етеді. Өйткені өтірік өлең, оның сюжеті қиыннан құрастырылуды, түймедей нәрсені түйедей етіп, болмаса, керісінше, түйедей нәрсені түймедей етіп көрсетуді тілейді. Бұл өлеңдер суреттелетін нәрселердің бәрі адамның көз алдындағы заттардан, нақтылы шындықтан, жалпыға түсінікті көріністерден алынады. Бірақ олардың ісі, қарым-қатынасы, атқаратын қызметі шындыққа келмейтін, адам сенбейтін жағдайда суреттелуі керек. Сонда ғана ол өтірік өлеңдік дәрежесіне жетеді. Өтірік өлеңдер әрқашан да күлкілі, қызықты уақиғаға құрылады.

Өтірік өлеңдер айтайын деген ойын, суреттейтін деген көріністерін тыңдаушыға әсірелеу, бейнелеу, шендестіру арқылы жеткізіп отырады<sup>1</sup>. Осы ретпен ол неше түрлі картиналар, образдар жасайды.

Жоғарыда айтылғандарға дәлел ретінде қазақтың ертеден келе жатқан өтірік өлеңдерінен екі-үш мысал келтірейік:

Бір қоянды міндім де аспанға ұштым,  
Екпініне шыдамай жерге түстім.  
Алты күндей ақ боран соғып еді,  
Жалғыз құрай түбіне ас қып іштім.  
Дүниенің ауыры үрген қарын,  
Жалғыз өзім көтердім соның бәрін.  
Алты атанға үш төстеп артып едім,  
Көтере алмай жығылды атандарым.  
Аспанға алты жерден тіреу қойдым,  
Той қылып мың масаны сонда сойдым.  
Жүрегін біреуінің төрт бөліп жеп,  
Нансаңыз өмірімде бір-ақ тойдым.

---

1 Б. Шалабаев. Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, Алматы, 1948.

Бұл келтірілген мысалдарда суреттелген көріністердің бәрі де әсірелеу, шендестіру ретімен берілген. Бір нәрсені екіншісіне салыстыра отырып әдемі образдар жасаған. Сонымен қатар нақтылы шындықтан алынған жанды-жансыз деректерді тындаушыға қызық, күлкілі түрде жеткізген. Бұлардың бәрін жыршы-ақын өз атынан, өзін қатыстыра айта отырып, адам сенбестік күлкілі әңгімелер тудырған. Нақтылы деректерді мол шеберлікпен үдеген фантастикалық дәрежеге жеткізу, адамының ойына келмейтін «өтірік» әңгімеге айналдыру қазақ ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдер түрінің негізгі бір ерекшелігі болып табылады.

**ҮЙЛЕНУ САЛТЫНА  
БАЙЛАНЫСТЫ  
ТУҒАН ӨЛЕҢДЕР** Қай халықты алсақта, оның ертеден келе жатқан әдет-салты, ырым-кәдесі бар. Соның бірі — қыз ұзату, келін түсіру — жастарды үйлендіруге байланысты туған.

Мұндай салт қазақта да бар және ол әріден келе жатыр.

Қазақ халқы ерте кезде тұрмыс-тіршілігінде орын алған салтының қайсысын болса да ойын-сауық етіп өктізуге тырысқан. Оның бәрін өзінің ән-күйімен, өлең-жырымен есте қалдырған. Мұны үйлену салты жайынан да көруге болады.

Қазақтың қыз ұзату, келін түсіру — жастарды үйлендіру — салтына байланысты туған ауыз әдебиетінің ұсақ түрлерін талдамастан бұрын, сол салт туралы аздаған деректер бере кеткен жөн. Өйткені мұндай өлеңдердің көпшілігі сол ескі әдет-салттың және оны шығарушылардың идеясын білдірген.

Арғы шыққан уақытын, нақтылы туған мезгілін және қай дәуірде қалай дамығандығын дәлелдеп көрсете алмағанмен, Қазан революциясына дейін қазақта үйлену салтының бірнеше түрінің болғаны мәлім. Бұл ретте профессор Б. Кенжебаев көңіл аударарлықтай біраз фактілер келтіреді.<sup>1</sup> Оның айтуынша, қазақтардың ертедегі тұрмысында құда болу, қыз ұзатып, келін түсіру әдет-салты халық ортасында туған, бұл салтты сол кездерде билік сткен үстем тап та пайдаланып, оны ақсақалдық-рушылдық жол-жоба заңына айналдырған, өздерінің консервативтік идеясын қосқан. Мұндай әдет-салттың қазақта Қазан революциясына дейін басты үш түрі болып келген. Біріншісі, *бел құда* немесе *ежеқабыл* деп аталған. Бұл әдет-салт бойынша, жастардың ата-аналары балаларын тумай тұрып атастырып қойған; бірінен ұл, екіншісінен қыз туса, құда боламыз деп

---

<sup>1</sup> Б. Кенжебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, Алматы, 1948.

уәделескен; тумаған, әлі дүниеге келмеген балаларына құда түсіп, ырымдарын жасаған; ол балалардың не өлі, не тірі боларын еске алмаған. Мұның мысалы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырынан көрінеді. Екіншісі, *бесік құда* деп аталған. Бұл әдет-салт бойынша, жастардың ата-аналары балаларын бесікте жатқан кезінде-ақ атастырып, құда болған. Алысатын не берісетін қалың малдарын белгілесіп, оны төлей бастаған. Ал бесікте жатқан балалардың ер жетіп, ес білген кезінде бірін-бірі ұнататыны не ұнатпайтынымен ата-аналар санаспаған. Үшіншісі, *қарсы құда* деп аталған. Мұнда қызы не қарындасы бар кісілер біріне-бірі қызын немесе қарындасын беретін болып құда түскен.

Екінші сөзбен айтқанда, өзара адам айырбасын жасаған.

Қазақтың ескі әдет-ғұрпынан, салтынан үстемдік еткен таптың ақсақалдық-рушылдық жол-жобаға айналдырған заңынан ерте кезде жастардың бас еркі болмағандығы айқын көрінеді. Сондықтан да жастар теңіне қосылып, сүйгеніне бара алмаған. Олардың тағдырын, жарқын үмітін, болашақ өмірін әділетсіз әдет-ғұрып, ескілік заң билеген. Мұның үстіне, ол заманда жастардың әсіресе қыз балалардың, бағасы малмен есептелген. Қыздарды зар жылатып, малға сатқан, қалың мал алған, оларға зорлық істеп, өміріне қиянат жасаған; қартайған байлар қалың малды матап беріп, жас қыздарды әйелдікке алған. Қалың малдың мөлшері де әр түрлі болып келген. Қыздың ата-тегіне, туысқандардың әл-ауқатына, тұрмысына қарай қалыңға төленетін малдың саны жеті, он жеті, жиырма жеті, отыз жеті, қырық жеті болып белгіленген. Қалың малға тек ірі мал алынған.

Бұлармен қатар, ескі заманда қазақ арасында үстем тап шығарған әменгерлік жесірлік деп алатын заң болған. Ол заңның ұйғарымдары, бүгінгі күннің тұрғысынан қарасақ, өте қатал, жан түршігерлік екендігін байқаймыз. Мәселен, он бес — он алтыдағы жас баланың қырықтарға келген ағасы қайтыс болса, одан қалған әйелді жаңағы жас балаға қосқан. Егер ол бала тіпті жас болса, онда жеңгесі оның өсіп, ер жетуін күтіп отырған, содан кейін оған тұрмысқа шыққан. Ал өлген ініден қалған келінді жасы үлкен аға әйел етіп алған. Бұлардың бәрін жоғарыда аталған әменгерлік, жесірлік заңы «аға өлсе, іні мұра» деп атаған, мұны сол кездің салтына сыйдырған. Еріксізден қосылатын жеңге мен інінің немесе аға мен келіннің жас айырмашылықтарына, бірін-бірі сүйер-сүймесіне қарамаған, онымен санаспаған.



Сөйтіп, қазақтың ескі тұрмысында орын алған, арғы негізі халықтың ортада туған үйлену салтының кейбір бастыларын сол кезде үстемдік еткен билеуші тап пайдаланып, белгілі жол-жоба, заңға айналдырған. мұндай заңдар жүзеге асып тұрған заманда жастарға, әсіресе қыздарға шексіз зорлық, көп қиянат жасаған. Бұған разы болмаған талай жастар өмірін өкінішпен, қайғы-қасірет тартып жылаумен өткізген, кейбіреулері мұндай халге шыдай алмай, өзін-өзі өлтіруге дейін барған. Жастар, әрине, ол кезде әділетсіздікке қарсы күрес жолын таба алмаған. Олардың осындай ауыр жағдайын көрген Абайдың:

Етімді шал сипаған құрт жесін деп,  
Жартастан қыз құлапты терең суға<sup>1</sup>,—

дейтіні осыдан. Бұл сол кездегі әділетсіздікке, қалың малға зорлық жасап жастарды жылатушылыққа қарсы білдірілген халық наразылығының бір көрінісі еді.

Қазақтың қыз ұзату, келін түсіру — жастарды үйлендіру салтына байланысты туған және соларды елестететін өлеңдердің бірнеше ұсақ түрлері бар. Олардың қайсысы болса да әр кездің жағдайына қарай өзгеріп, дамып отырған. Сонымен қатар, ол өлеңдер арқылы белгілі қоғамдық ортаның, таптың идеясы, көзқарасы білдірілген. Осы аталған өлеңдердің тобына жататын «Той бастар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Бет ашар» т. б. өлеңдерінің халықтық жақтары болумен қатар, халықтың тілегіне қайшы келетін, кері тартпа сипаты барларын да есте ұстау керек. Бұларды сын көзімен қарап талдау қажет.

**ТОЙ БАСТАР** Ұзатылған қыздың тойында айтылатын өлеңнің ұсақ бір түрін той бастар деп атаған. Мұның өлеңін шығарушы, әдетте, ақындар болған. Бірақ той сайын той бастар өлеңін ақындар ғана айта беруі шарт емес. Кейде, ондай той ішінде ақынның болмауы да мүмкін. Сондықтан әуелде ақындар шығарған, кейіннен елге тараған, жұрт жаттап алған той бастар өлеңін сөзге ебі бар, жылпос жігіттер де айтып жүрген.

Той бастардың негізгі мақсаты — той жасап отырған үйдің ұзатылатын қызына «құтты болсын» айту, жақсы тілек білдіру, тойға жиналған адамдарды көңілдендіру. Сонымен қатар, күйеуге ұзатылып бара жатқан, ел-жұртын, ата-анасын, туған-туыстарын тастап кетуді қимай, қиналып отырған қызға демеу беру, көңілін аулау, «ата-ананың жолы

<sup>1</sup> Абай. Толық жинақ, 1945, 180-бет.

осы» деп көрсету. Осы мақсаттан туған той бастар өлеңінің бір үлгісі мынадай болып келеді:

Бағылан серке, марқасқа қой бастайды,  
Кой алдында жануар ойқастайды.  
Құтты тойға кез болған жолды жігіт,  
Бұрынғының жолымен той бастайды.  
Кұнан қойын шайлатып сойдырған үй,  
Табак-табак ет тартып тойдырған үй,  
Сәтті күні сәрсенбі той қылыпсыз,  
Құтты болсын, тойыңыз, той қылған үй.

Немесе:

Белгілі бұл қазаққа тілдің желі,  
Той қылдың жұрт жиналған мерекелі.  
Сәрсенбі сәтті күні той қылыпсыз,  
Тойыңыз тойға ұлассын берекелі.

Той бастар өлеңінің осылай басталатын үлгілерінің қайсысын алсақ та, мазмұны жағынан бір-біріне ұқсас келеді. «Сәрсенбінің сәтті күні той жасаған» адамға «құтты болсын» айтудан басталған той бастар өлеңдері өз кезіндегі әдет-ғұрып, салт бойынша, әңгімені ұзатылатын қыз жағына қарай да ауыстырады. Қызға да айтары: «ата-ананың жолы осы», соған көн, көңіліңе қайғы алмай аттан деу. Той бастар өлеңдерінің бәрінде кездесетін және мадақтап, мақтау түрінде айтылатын негізгі идея осылай болып отырады. Мұнымен қатар, той бастар өлеңдерінің кейбіреулерінде той иесінің сән-салтанатын, ойын-сауығын, байлық-бақытын жер-көкке сыйғызбай мақтаушылық, ол адамды бүкіл ел-жұрты жарылқаушы есебінде көрсетушілік те кездеседі. Мұндай дәріптеулер, асыра мақтаулар байлардың тілегінен туған. Сондықтан оларды той бастар өлеңдерінің халыққа жат түрі деп білу керек.

Той бастаушының екінші бір міндеті — «жаршылық» қызметін атқару. Той бастар өлеңін кейде арнаулы «жаршылар» да айтқан. Олар: «Жарандар-ау, жарандар, құлағыңды бері сал...» деп тойдың тәртібін, ендігі жерде қандай ойын-сауық, қызықтар болатындығын, той иесінің немесе басқалардың жариялайтын қандай сөздері барлығын хабарлап отырған.

Той бастардың өлеңдері төрт жолды, он бір буынды, тілі халыққа түсінікті, біреуден біреудің жаттап алып айтып жүруіне әрі жеңіл, әрі ыңғайлы болып келеді.

**ЖАР-ЖАР**

Той бастардан кейін, ұзатылатын қыздың тойында айтылатын өлеңнің екінші бір түрі — жар-жар. Мұны ойынға жиналғандар екі жақ болып, айтыс түрінде орындайды. Бір жағы қыздар, екінші жағы жігіттер немесе қыз алушы және қыз беруші құдалар жағы болып екіге бөлініп айтысқа түседі. Сөзді тойға келген ақындар, болмаса «жар-жардың» жұртқа мәлім, жаттап алынған өлеңін білетін жігіттер бастайды. Айтыстың басты тақырыбы, мазмұны ұзатылғалы отырған, жарына қосылатын қыз туралы, оның жаңа жерге, жат жұртқа бара жатқандығы жайында болып келеді. Мұнымен қатар, қыздың көңілін аулай отырып, оның жаңа жерде жақсы тұрмыс құруы, балалы-шағалы, ауқатты болуы туралы сөз қозғалады, жақсы тілек айтылады. Бәрінен де қымбаты қыздың жары екендігі баса айтылып, өлеңнің әрбір жолы «жар-жар» деп қайырылады, «жар» деген сөз қыздың құлағына құйыла беріледі. Әрқашан да «жар-жарды» жігіт бастап айтады. Ол өзінің сөзін ұзатылғалы отырған қыздың көңілін аулаудан, секемді болмаудан бастайды. Мәселен:

Жігіт:	Алып келген базардан Қара насар, жар-жар-ау, Қара мақпал сәукеле Шашын басар жар-жар-ау.	Мұнда әкем қалды деп, Қам жеменің, жар-жар-ау, Жақсы болса қайын атаң, Орнын басар, жар-жар-ау.
Қыз:	Есік алды қара су Майдан болсын жар-жар-ау. Ақ жүзімді көргендей, Айнама болсын, жар-жар-ау	Қайын атасы бар дейді — Осы қазақ, жар-жар-ау, Айналайын әкемдей Қайдан болсын, жар-жар-ау.

Осы ретпен басталған «жар-жар» айтысы, бұдан әрі қарай созыла береді. Сонда жігіт ұзатылғалы отырған қыздың әкешесін, туған-туысын, аға-інісін, апа-сіңілісін, құрбы-құрдасын, жеңгелерін өлеңге қосып тізіп шығады. Бұл аталған адамдардың орнын қыздың барғалы отырған қайын жұртында ағайын-туыстар басатынын айтады, шешең орнына қайын енең бар, інің орнына қайын інің бар деп дәлелдейді. Жігіттің бұл сөзіне қыз кезекпен жауап қайырып, олардың бірде-бірі өз туыстарындай еместігіне мұңаяды, жылап жыр стеді, көңіліндегі қайғы-қасіретін шертеді; туып-өскен жер, ағайын-туыс, еркін жүрген кезін айтып қоштасады.

Айтысқа түскен құдалар тобы да қыздың көңілін аулап бірақтар сөздер айтады. Жат жерге кеттім деп жылама, қатарыңнан қалмайсың, құрбы-құрдастарыңнан кем болмайсың дей отырып, болашақ өмірінің қызықты өтстіндігін, жар сүйіп, бала көретіндігін айтып жұбатады. Қыз көңілін әзіл-оспақпен көтеруге тырысады.

Бұл айтылған жұбату сөздердің бәріне жауап ретінде, ұзатылғалы отырған қыз жиналған көпшілікке өзінің аянышты халін, көңіліндегі қайғы-қасіретін шағып зар стеді. Буыны бекіп, бұғанасы қатпағандығын, жастық қызық дәуренінен айрылғанын, малға сатылып, күйеуге еріксіз кетіп бара жатқанын білдіреді. Мәселен:

Әке менен шешенің мейірі қатты,  
Өз баласын қызығып малға сатты.  
Байлап беріп жат елге танымаған,  
Жетім балаға ұқсатып жаутаңдатты.

Немесе:  
Уылжыған ақша бет, қуарсайшы,  
Мөлдіреген екі көз, суалсайшы.  
Бір жаманға қор болып кеткеніңше,  
Өліп қана, қыз сорлы, уансайшы,—

дейтін өлеңдерден өткендігі қазақ қыздарының ауыр қайғысы, ащы зары естіледі. Сүйгеніне бара алмай, теңіне қосыла алмай, арманда кеткен, мал орнына сатылған қыздар «жар-жар» өлеңі арқылы да қытымыр заманның әділетсіз әдет-заңына қарсылық білдіріп, оған қарғыс айтады. Бұл секілді халық өлеңдері өткен кезде үстемдік өткен таптың, ақсақалдық-рушылдық қауым қолданған әдет-ғұрып заңының жағымыз кескінін әшкерелейді, оған халықтың жи-ренішті көзқарасын суреттейді. Осы тұрғыдан қарағанда «жар-жар» өлеңдері әлеуметтік мәні бар мәселелерді көтерген, әсіресе әйелдердің хал-жайын, ерлермен тең праволы болмағандығын айқын көрсеткен.

Жар-жар өлеңдері тек ұзатылған қыздың тойында ғана емес, сонымен бірге ол жастардың бас қосқан ойын-сауық кештерінде де айтылған және арнайы әні де болған. Мұндай жағдайда бас қосқан жастар «жар-жардың» өлең-әнін, әзіл-оспағын көңіл көтеру, махаббат сырын шерту, ойнап-күлісу үшін пайдаланған.

Жар-жар өлеңдерінің мәні мұнымен ғана бітпейді. Оның басты ерекшелігінің бірі — қазақтың ауыз әдебиетінде «айтыс» түрінің шығуына негіз салуында (бұл жөнінде «Айтыс» бөлімін қараңыз). Екіншіден, жар-жар айтуда театрлық элементтер бар. Ерте кезде қазақтың театры болған жоқ. Бірақ оның элементтері болды. Соның бірі — осы «жар-жар». Оның жиналған көпшіліктің алдында айтыс түрінде шығуы, өлең, ән, домбыра араласуы, жұртты қызықтыруы жағынан алғанда, «жар-жардың» орындалуы ерте кездегі қазақтар үшін театр сахнасы есебінде болған.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Ш. Хұсайынов пен Ы. Дүйсенбаев, жоғарыда келтірілген еңбектерін қараңыз. Бұл пікірді С. Мұқанов пен Б. Кенжебаев жолдастар да айтады.

Жар-жардың өлең құрылысы жеті-сегіз буынды жыр, кейде, он бір буынды қара өлең негізінде келеді. Мұнда жұртқа белгілі, қалыптасқан ұйқастар, трафаретке айналған, көпшіліктің жаттап алып бірден-бірге таратып айтуына ыңғайлы сөздер көп ұшырасады. Өлеңі әзіл-оспақ, жеңіл қалжың түрінде де айтылып отырады.

**СЫҢСУ** Ұзатылатын қыздың тойында жасалған ойын-сауықтың біразы аяқталған кезде, қыздың аттанар мезгілі таянған шақта сыңсу айтылады. Бұл — ұзатылатын қыздың аттанар алдында ел-жұртымен, ағайын-туыс, құрдасымен, туып өскен жерімен, жастық-балалық өмірімен қоштасу ретінде айтылатын өлеңі. Мұнда ұзатылатын қыз өзінің құрбы-құрдас, жолдастарымен ауыл-үйді аралай жүріп, белгілі әнге сала сыңсуын айтады. (Сыңсудың өлеңдерін ақындар немесе қыздардың өздері шығарады).

Ұзатылып бара жатқан қыз сыңсу өлеңдері арқылы жұртқа естірте өзінің мұңын, қайғы-қасіретін шағады. «Мен еліме өкпелі» деп басталатын сыңсу өлеңінде:

Заманым өтті басымнан,  
Дәуренім кетті басымнан,  
Бұл не деген іс болды,  
Көлінен кеткен құс болдым.  
Бұлғақтап жүрген заманым,  
Қандай да жерге түс болдым.  
Ата-анам еді дәулетім,  
Мен жұртыма жау ма едім,  
Жат-жұрттық болып кеткен соң,  
Кетер-ау бастан сәулетім.

Айналайын, ел-жұртым,  
Не болар менің заманым!  
Дәуренім менің өткен соң,  
Бұралқы иттей кеткен соң,  
Естіле жүрер дейсіз бе,  
Не болып жүрген хабарым.  
Заманым қиып болар-ау,  
Көкірекке қайғы толар-ау,  
Ел-жұртым, сенен айырылып.  
Сана мен жүзім солар-ау...,—

деп, ұзатылып бара жатқан қыз көңіл шерін толғайды. Бұл зар қаншама ащы, аянышты болғанымен де ескі әдет-ғұрып, әділетсіз заңға сүйенген заманда, әйел мұңы ескерілмеген, аяққа басылған. Солай бола тұрса да, сыңсу өлеңдері ерте кездегі әйелдердің хал-жайын суреттейтін, ескілік жол-жобаға қарғыс айтқан, қарсылық білдірген шығармалар болып табылады.

**ЖҰБАТУ** Сыңсу аяқталғаннан кейін, ұзатылып бара жатқан қызға ақыл-өсиет айтылған.

Мұны жұбату деп атайды. Жұбатуды, әдетте, ауыл ағасы, беделді адамдар айтқан. Жұбату өлеңдері, бір жағынан, ұзатылып бара жатқан қыздың көңіліндегі қайғы-зарды жуып-шаю мақсатын көздесе; екіншіден, қыздың жаңа жерге барғанда атқаратын міндеті, мінез-құлқы қандай болу керектігін насихаттаған, жол-жоба көрсеткен. Мәселен, жұбату өлеңінің бір түрлі:



Жылама, бикем, жылама,  
Көзіңнің жасын бұлама.  
Ұл боп тусаң әуелден,  
Сені мұндай қыла ма!

Көзді жаспен бояма,  
Біз бермейік десекте,  
Мал бергенің қоя ма?—

деп басталады да, «ата-ананың жолын», ескі әдет-ғұрыпты ақтауға тырысады. Содан кейін, ұзатылғалы отырған қыздың болашағы, ендігі өмірі қалай болу жайын үгіт ретінде айтып шығады. Жарыңа қосыласың, мал-малданып, жан-жанданып жеке үй боласың, әдилеп бала сүйесің деген секілді көңіл жұбататын өсиеттер айтылады:

Тілеулі, құтты тойыңда,  
Көп жылауды қойыңыз...  
Жыламай құлақ салыңыз,  
Мұнан көшіп кетерсің,  
Шын еліңе жетерсің,  
Тең құрбың шықса алдыңнан,  
Ойын-күлкі етерсің.

Бұл сөзіме напыңыз,  
Мен айтамын өсиет —  
Тыңдап ұғып алыңыз.  
Құрбы келсе, күлгейсің,  
Әдеппенен жүргейсің,  
Салмақпенен сөз сөйлеп,  
Жақсы жауап бергейсің,—

деп келеді де, бұдан ары қарай ақыл-өсиет созыла береді. Онда айтатыны: үй үшін, ата-анаңмен, ағайын арасымен тату-тәтті, әдепті бол, үлкенді сыйла, салдыр-салақ болма, мал-мүлкіңді шашпа, тазалық сақта, оқыс мінез көрсетпе, өтірік-өсек айтпа, жарлыларға көз қырынды салып жүр, сараң болма! Белгілі дәстүрге айналған жұбату, ақыл-өсиеттерде айтылатын негізгі әңгімелер осы тәрізді болып келеді. Әрине, бұл өлеңдердің халықтық сипаты барлығын, халықтың мінез-құлық жайындағы ойын, көзқарасын білдіретіндігін жоққа шығаруға болмайды. Ұзатылып бара жатқан қызға «жақсы бол» деп ақыл айту, өмір соқпағын көрсету, болашағында не істеу керектігін түсіндіру — халық ұғымына қиғаш келмейді. Бұдан, әрине, жұбату өлеңдерінің қайшылығы жоқ деген ұғым тумайды. Ескі әдет-ғұрыпты, «ата-ана жолын» ақтауға тырысуы, әйелдердің әлеуметтік дәрежесі ерлермен бірдей емес деп көрсету жұбату өлеңдерінің халық қабылдамайтын, халықтың көзқарасына, ой-тілегіне қарама-қарсы келетін ұғымдар болып табылады. Мұндай жат ұғымдарды үстем таптың қоспасы деп түсіну қажет.

#### БЕТ АШАР

Жаңа түскен келіншектің тойында айтылатын өлеңнің бір түрін бет ашар деп атайды. Бұл өлеңнің мақсаты — жас келіншекті жаңа ағайын-жұртына, қайын ата мен қайын енесіне, жаңа қауымға таныстыру, кімнің қандай екендігін айту; мұнымен қатар, жаңағы ағайын-жұртқа жас келіншек жайын түсіндіру, жатсынбай баурап ал, ол осы қауымның бір мүшесі болды деп көрсету.

Осындай екі жақты бір-біріне таныстыруды бет ашар деп атаған. Мұның өзіне арнап шығарылған өлеңі болған. Ол өлеңді той үстінде, көбінесе, ақындар айтқан. Ертедегі салт бойынша, бұл өлеңді айту реті былай: жас келіншектің түсетін үйіне жұрт жиналады. Олардың үстіне келіншекті енгізгенде, бетін жеңіл желекпен бүркеп әкеледі. Шоқан Уәлихановтың (жоғарыда аталған еңбегінде) айтуына қарағанда, жас келін үйдің босағасын алғаш рет аттап енгенде, отқа май құйып ырым жасалған. «Мұндай ырым,— дейді Шоқан,— ертедегі шамандық дәуірінен қалған, ол кездегі адамдардың отты жарылқаушы күш есебінде түсінгендігінен туған».

Жаңағыдай ырымдары жасалу үстінде жыршы ақын беташардың өлеңін айтуға кіріседі. «Келін, келін, келіп тұр!»— деп бастайды да, жиналған жұртқа келінді таныстырады, келін атынан сәлем береді. Сәлем соңында, келіннің айтайын деген сөзі деп әркімге арнаулы тілек білдіреді; көрімдікке, еншіге деп мал сұрайды.

Нар берсеңіз, мая бер,  
Үстіне кілем жая бер...  
Жылқы берсең — биеден,  
Кем болмасын түйеден...  
Сиыр берсең, қызылдан,

Шұбалаң құйрық ұзыннан...  
Кой берсең, үлкен ағынан,  
Егіз болсын қозысы,  
Болмасын жалқы тағынан...—

деп, түйеден бастап ешкі-лаққа дейін төрт түлікті атап шығады. Сөз арасында жыршы ақын төрт түліктің қайсысында қандай қасиет барлығын да, қайсысына келіннің көңлі толатындығын да әзілмен ескертіп қояды.

Бұдан ары қарай бет ашар өлеңінің екінші бөлімі «айт келін» басталады. Бұл жаңа түскен жас келінге арналған үгіт-өсиет сөздер болып келеді. Онда келіннің үй шаруасындағы міндеті, атқаратын қызметі, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, қандай болу керектігі айтылады; патриархалдық тұрмыстың, ескі әдет-ғұрыптың салттарын бұлжытпай орындау шарт екендігін ескертеді.

«Айт келін» өлеңдерінде халықтық пікірлер (еңбек ст, әдспті бол, өтірік-өсек айтпа, салдыр-салақ болма) болумен қатар, халық тілегіне жат, консервативтік және феодалдық қауымның көзқарасын білдіретін жақтары да бар. Әсіресе, әйелдердің правосын төмендетуі, ерлермен тең емес деп көрсетуі, үй ішінің барлық ауыр салмағын әйелдерге жүктеуі феодалдық қауым тілегінсі, соның көзқарасынан, әдет-салтынан туған. Сондықтан біз бұларды «айт келін» өлеңдерінің қайшылық, кері тартпалық жақтары барлығын түсіну үшін сөз стеміз.

**ДІНИ ҰҒЫМДАРҒА  
БАЙЛАНЫСТЫ  
ТУҒАН  
ШЫҒАРМАЛАР**

Басқа халықтар секілді, қазақ халқының да ертеден келе жатқан діни ұғымдары, ескі наным-сенімі болған. Мұндай ұғымдар қазақ арасында өте ертеде, Шоқанның айтуынша, шамандық дәуірде, көп құдайға сыйынған кезде туған. Жаратылыс сырын түсіне алмаған, өй-өрісі, дүние тану шама-шарқы төменгі сатыда тұрған ертедегі адамдар жаратылыста болатын әрбір құбылыстарды ғажайып күш деп ұғынған. Сондықтан ол күштерге, мәселен, Ай мен Күнге, от пен суға т.б. табынып сыйынған; жаратушы, жарылқаушы деп те түсінген. Қазақтың жаңа туған айды көргенде:

Ай көрдім, аман көрдім,  
Баяғыдай заман көрдім,  
Ескі айда есірке,  
Жаңа айда жарылқа...—

деуі шамандық дәуірінен қалған ескі ұғымның елесі болу керек. Мұндағы Ай мен Күн ескі кезде жаратушы, жарылқаушы мағынасында қолданылғанын аңғартады. Қазақ халқының ислам дінін қабылдағаннан кейін де, бір құдайға табынғаннан кейін де арғы шамандық дәуірден қалған ырымдарын салтқа айналдырып, бертінге дейін алып келгенін көрсетеді.

Ертедегі қараңғы адамдар тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі жолында кездескен қиыншылықтарды, жұмыстың ауыртпалығын әр түрлі ырымдар жасап жеңілдетпек болған. Бұл үшін олар өздері сыйынатын жаратылыстың алуандаған құбылыстарына жалбарынып тіл қатқан, тілек тілеген, көмек-жәрдем сұраған. Ертедегі адамдардың осы секілді әр түрлі жағдайда жасаған әрекеттері олардың ауыз әдебитінен орын алған. Осындай сыйыну, жалбарыну әрекеттері қазақ арасында да қолданылған және олар соңғы кезге дейін тұрмыс-салттан орын алып келген.

Бертін келе, қазақ арасына ислам діні және оның шарттары тараған кезде ауыз әдебиетінде діни ұғымдарды көрсететін жаңа шығармалар туады. Мұндай шығармалардан бұрынғыдай жаратылыс құбылыстарынан туған көп құдайлар басты орын алмай, жеке құдай, яғни ислам діні таратқан құдай жайы айтылады. Дегенмен, бір құдайға мойын ұсына тұрса да, халық ертеден келе жатқан көп құдайлар жайындағы ұғымдарын, не ыым-сенімдерін аралыстыра жүреді.

Діни ұғымдарға байланысты туған шығармаларды сөз еткенде біз оларды ертеде қараңғылық жағдайда болған адамдардың ой-өрісі, дүние тану дәрежесі қандай болғанын және



латын өлеңдердің мазмұны ауруды емдеу жайында емес, жастардың әзіл-оспағы түрінде келеді. Мәселен:

**Жігіт:** Қаратауым дегенде Қаратауым,  
Тау басынан соғады қара дауыл,  
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге,  
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл.

**Қыз:** Бәдік кетіп қалыпты таудан асып,  
Таудан арғы бұлтпен араласып.  
Енді екеуіміз бәдікті тауып алып,  
Шын құмардап шығалық сабаласып,—

дейді де, жастар арасында болатын әзіл-оспақ, қалжың сөздерге айналдырып жібереді.

**АРБАУ,  
ЖАЛБАРЫНУ  
ӨЛЕҢДЕРІ**

Ертедегі адамдар жаратылыс дүниесін, табиғат сырын білмегендіктен, әрбір күшті нәрсені жаратушы, жарылқаушы деп ұғынған. Сондай-ақ ертедегі адамдар өзіне түсініксіз болған жаратылыс құбылыстарына әр түрлі сырлы сөз, арбау, жалбарыну арқылы әсер етпек болған, мұның өзі халықтың ауыз әдебиетінен орын алған.

Бұл алуандас өлеңдер қазақ ауыз әдебиетінен де кездеседі және олар ескі заманнан келе жатқандығын, тіпті көптеген нұсқалары шамандық ұғымнан туғандығын аңғартады. Ертедегі адамдар жаратылыстың әр түрлі күшті құбылыстарын, мәселен, бұлтты, жауынды, дауылды, т.б. «құдай», «жаратушы» мағынасында ұғынған, бастарына қиыншылық түскен кезде сол «тәңірлеріне» жалбарынып, жәрдем сұрайтын болған. Мұны қазақтың «бұлт шақыру», «күн жайлату» жайында шығарған жалбарыну өлеңдерінен немесе жылан, бүйі, қарақұрт шаққанда айтатын арбауларынан көруге болады. Әрине, бұлардың бәрі — ескі шамандық дәуірден қалған шығармалар. Ол кездегі адамдар өздерінің табынған «иелеріне» тіл қатып, тілек білдіру үшін олардың жан жүйесін босататын сырлы сөз деп өлеңді пайдаланған. Айтайын деген ойын шұбалаңдатпай, оралымды түрде жеткізу үшін ыңғайлы деп өлеңді қолданған, «құдайларымен» өлең арқылы сөйлесіп жүрген. Аталған өлеңдер қалай болса солай, кез келген жерде айтыла бермеген. Олар белгілі бір қиыншылық, қауіп-қатерлі жағдайларға байланысты айтылған және оған әр түрлі ырымдар жасалған. Мұндай жағдайда айтылатын өлең де, жасалатын ырым да қасиетті деп саналған.

Қазақ ауыз әдебиетінде ескі шамандық ұғымға байланысты туған өлеңдердің бір тобы — «күн жайлату», «бұлт шақыру» деп аталады. Бұл өлеңдер жауын-шашын болмай, құрғақшылық жағдайда ұшыраған кезде айтылған. Оларды



айту үшін белгілі шарт, ырым жасалынған, қылаң не ақ боз мал сойылған. Ескі түсінік бойынша, аталған малдардың ішінде үлкендігі асықтай қызыл тас болады-мыс. Мұны «жай тас» деп атаған. Сол тасты алып, ішіне су құйылған бір ыдысқа салған, содан кейін жауын-шашын жіберетін құдайларға жалбарынған. Мұндай жалбарынудың сөзін дем алмай айту шарт болған, олай етілмесе, күн жаумайды-мыс. Мысалға, Алматы жағында ерте заманда айтылып жүрген «бұлт шақыру» өлеңінен үзінді келтірейік:

Ат басындай, ақ бұлт...  
Кой басындай көк бұлт...  
Қоғалы көлдер құрыды,  
Құба жондар шөлдеді,  
Колдан қара жауын бер!...

Жандай досым, ақ бұлт,  
Омыраудан соқ бұлт!..  
Ескек желді, сұр бұлт!..  
Еріктірмей жете көр!—

дейді. Болмаса, осындай жалбарыну өлеңінің тағы бір түрін алайық. Бұл өлеңде көк тәңірісіне арнай:

Тасырқасаң, тас жаудыр,  
Қаһарлансаң қар жаудыр,  
Буырқансаң, мұз жаудыр,  
Мұздай темір құрсандыр.  
Кел, кел, бұлт, кел бұлт,  
Екі снеге, тел бұлт!  
Ағысы қатты сулардан,  
Ширай соғып, кел бұлт!  
Шөптің басы жерлерден,

Жүгіре соғып, кел бұлт,  
Қайың басын қайыра соқ,  
Арша басын айыра соқ,  
Тобылғы басын толғай соқ,  
Атаң түйе жыға соқ,  
Ат бауырынан өте соқ,  
Үзенгіні үзе соқ,  
Тебінгіні тесе соқ!—

дейді.

Сондай-ақ, ертедегі адамдар малды немесе адамды жылан, бүйі, қарақұрт, бәленгі шаққанда әр түрлі жасап, арбау өлеңдерін шығарған. Арбау арқылы жыланның немесе қарақұрттың уытын қайыруға, өздерін арбап әлсіретуге болады деп түсінген. Әрбір жәндіктің жаратушысы, құдайы болады деп ұғынған адамдар оларға сөз арқылы әсер студі ойлаған. Бұл үшін арбау өлеңдеріне сң күшті деген заттардың атын қосып, әр түрлі құдайлардың атын айтып, адамды не малды шағатын жәндіктерді қорқытқан, ұрсып зскіген. Сөйтіп, ертедегі адамдар улы жәндіктерді өзінс бағындыруды, уын қайыруды, әлсірстуді көздеген, шағылған малды не адамды жазып алуды мақсат сткен<sup>1</sup>

Арбау өлеңдері, көбінесе, улы жәндіктердің немесе олардың жаратушы иелерінің аттарынан құралады және үрейлі, жан түршіктретін, қорқыныш енгізетін, ссскендіретін сөздермен айтылған. Кейде адам түсінбейтін,

<sup>1</sup> Б. Кенжебаев. Қазақ әдебиеті, I том, Алматы, 1948.

бірақ жәндіктер ғана түсінеді деген оймен айтылған сөздер де арбаулардан орын алып отырған. Мұның бәрі ертедегі адамдардың ойынша, улы жәндіктерді арбап отырып буындыратын, байлап тастайтын, оларға қатты әсер етіп арбайтын сөздер болады. Мысалға жылан шаққанда айтылатын арбаудың бір түрін келтірейік:

Кер, кер, кер жылан,  
Кереге басты мер жылан,  
Бір жылан бар — сұм жылан,  
Бір жылан бар — сұр жылан,  
Бір жылан бар — жеті жылғы  
ту жылан

Құралай таудың басынан  
Қуып келген, қу жылан,  
Пайғамбардың демінен  
Дегелек келді, шық жылдам!—

деп, әмір бере сөйлейді. Болмаса, бүйі шаққанда айтылатын арбауды алайық. Мұнда былай делінеді:

Бүйі, бүйі, бүйі шық,  
Ызғарынды жаймай шық,  
Отыз омыртқадан шық,  
Қырық қабырғадан шық!

Менің атым Найман-ды,  
Ту биенің етіне  
Турап берсең тоймайды,  
Енді сені қойман-ды.

Ал қарақұрт шаққанда айтылатын арбау сөзі жоғарыда мысалға келтірілген арбаулардан басқаша. Ең алдымен, мұның сөз саптасы өзгеше. Бұл арбау адам түсінбейтін сөзден құралады. Оның себебі арбауды қарақұрттың тілінде сөйлетуді мақсат еткендіктен болу керек. Мысалы:

Ай, қай мақрі, қай мекрі,  
Жылан мекрі, шаян мекрі,  
Күллі, күллі, күллі мекен,  
Күллі ер мұрыт,

Өзгер, мүзгер,  
Жия-жия, пара-пара...  
Шық, тәңіріден парман  
келді!—

делінеді. Осы үзіндіде келтірілген сөздердің бәріне жуығы түсініксіз. Арбаудың бұл секілді түсініксіз сөздермен айтылуы «қарақұрт тілінде сөйледім» дегеннен туған болу керек.

Қазақ арасында ертеде айтылып келген арбаулар осы тәріздес. Қай арбауды алсақ та, улы жәндіктерге зекіру, қорқыту, бұйыра сөйлеу басым келетіні байқалады. Бәленгі шаққанда айтылатын арбауда:

Тас төбеңнен түсермін,  
Таң ұрғандай қылармын,  
Танауынды тілермін!—

дейді.

Сонымен қорыта келгенде, қазақтың жалбарыну, арбау өлеңдері ертедегі адамдардың ой-дүниесі қандай болғандығын аңғартады. Бұл алуандас шығармалар адам баласының сана-сезімі төмен сатыда тұрған кезінде, қараңғылық пен надандық дәуірлеп тұрған жағдайда

туғандығын дәлелдейді. Сондықтан да бұл шығармалар көп заман бойына қазақтың ескілікті тұрмыс-салтымен ілесіп келгендігін білдіреді.

**БАҚСЫ САРЫНЫ** Қазақ әдебиті тарихын зерттеушілердің айтуына қарағанда, «бақсы» деген сөз және оған байланысты ұғым ерте заманда, шамандық дінге сүйенген кезде туған. Бұл ұғым жалғыз қазақ арасында емес, түрік тектес елдер мен монғолдарда болған. Олардың бәрі де ерте кезде «бақсы» деп — оқытушы ұстазды, балшы-дәрігерді, қобызшы-күйшіні, музыкантты, ақынды атаған<sup>1</sup>

Ой-өрісі, сана-сезімі төменгі дәрежеде тұрған адамдар, мұндай ұғымдарға нанатын болған. Бақсылардың аруағы бар, «жыны» бар, солар арқылы өздерінің иелерімен сөйлеседі, көмек-жәрдем алады деп сенген. Қараңғы халықтың бақсылар турасындағы түсініктерін ертеде үстемдік еткен тап көпшілікті өзіне бағындыру үшін пайдаланған, бақсылар айтатын әр түрлі сенім-нағымдарды қалың жұртты уысынан шығармай ұстаудың әдісі еткен.

Ерте кезде өздерінің кәсіп-қызметін атқару үшін бақсылар поэзияны, ән-күйді молынан пайдаланған. Осы негізде қазақтың ауыз әдебиетінде «бақсы сарыны» деп аталатын өлең-жыр, күйлер туған. Олардың біразын сол бақсылардың өздері шығарған. Бұл шығармаларын олар, көбінесе, ауру адамды не ауру малды емдемек болғанда немесе, «күн жайлатып, бұлт шақырғанда» орындаған, «Бақсы сарыны» осындай жағдайда айтылатындықтан, бақсылар өздерін «аруақты», «киелі» етіп көрсету үшін, жоғарыдағы жаратушымен «тілдесетін қасиеттері» барын білдіру үшін өлең, күй арқылы «жындарын» шақырған. Бұл ретте олар әр түрлі әдістер қолданған, жиналған жұрттың денесін түршіктіріп, қорқыныш-үрей салатын, зәресін ұшырататын құбылыстар жасаған, көздерін алартып, тістерін шақырлатып, аласұрған. Мұнымен қатар, олар адамның сезіміне әсер ететін күйлер тартқан, өздерінің «жындарын» адам қорқатын жәндіктер бейнесінде суреттеп өлеңге қосқан. Мәселен, ауруды емдегенде:

<sup>1</sup> Ш. Уәлиханов. «Шамандықтың қазақтағы қалдығы»; М. Әуезов «Қазақ ауыз әдебиеті», «Литературный критик» журналы, №12, 1939; Ә. Марғұлан. «Халық эпосын тудырудағы мотивтер», «Халық мұғалімі» журналы. №4, 1939; Б. Кейжебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, Алматы, 1948. Мұнымен қатар, ертедегі адамдардың түсінігінше, бақсы құдайдың аса жаратқан адамы болған; оның бәрі сиқыры бар, әрі аруағы бар, жұртты жарылқаушы деп білген, бақсылардың қолынан келмейтіні, білмейтіні жоқ деп түсінген.

Кереге бойлы кер жылан,  
Керілмей-ақ, кел жылан.  
Үй айнала сұр жылан,  
Сумаңдамаң, жүр жылан.

Алты жылан ат етіп,  
Екі жылан қамшы етіп,  
Алты құлаш, ақ жылан,  
Белдемеден, соқ жылан...—

дейді. Осындағы жыландардың бәрін бақсылар өздерінің «жыны», «киелі аруағы» деп көрсетпек болады. Бұларды атай, шақыра отырып, адамға кездескен кеселді, ауруды қуып, жыланның өзі түгіл, атынан қорқатын адамдарға әсер етуге тырысады.

Бақсы сарыны тыңдаушыға арналғандықтан, сөз саптасы жағынан екпінді, әсерлі болып келеді, қайтсе де тыңдаушысына әсер етуді кездейді. Сондықтан да бақсылар өздерінің «жындарын» шақырғанда әсерлі сөз, теңеу табуға тырысады. Бұл ретте олар ауыз әдебиетінде, әсіресе батырлар жырында жасалған күшті образдарды пайдаланады. Мәселен, «Досмырза бақсының сарыны» дейтін сарында, бақса өзінің «жынын» жирен тұлпар бейнесінде алады да:

Төрт аяқты болатты,  
Жал-құйрығы қанатты,  
Адымы жерді қуырған,  
Аузы шөпті суырған,  
Қиған қамыс құлақтым,

От орнындай тұяқтым,  
Үзеңгісі үзбе алтын,  
Тебінгісі терме алтын,  
Құйысқаны құйма алтын,  
Жүгені бар түйме алтын...—

деп суреттейді, сөзін түйдектете, екпіндете айтады. Бұл ретте олар батырлар жырының жеті-сегіз буынлы өлең үлгісін қолданады. Айтайын деген ойын түйдектете жеткізу үшін өлеңнің оралымды түрі — жырды пайдаланады.

Бақсылар айтатын сарынның көпшілігі осы тәрізді болып келеді. Қай сарынды аласақ та, бақсылар өздерінің «жындарын» адам ұғымындағы ең күшті заттарға теңеп отыратындығы байқалады. Олар өздерінің «жынын» кейде «жеңсіз берен киінген, лашын құстай түйілген» деп қалың жауға қарсы шауып, қамал бұзған батыр бейнесінде, кейде «қызыл шұбар айдаһар», «қара шұбар жолбарыс», «азу тісі балғадай қара бура», «бір мүйізі жер тіреген, бір мүйізі көк тіреген көк бұқа», болмаса әлем дүниесін бұрқ-сарқ еткізген қара бұлт, қарлы дауыл бейнесінде алады. Кейбір ұзақ айтылатын сарындарда бақсының бір смес, бірнеше «жыны» суреттеледі, оларды адам ұғымындағы ең күшті нәрселерге теңей, салыстыра отырып жырға қосады, тыңдаушының көз алдына елестетпек болады. Сөйтіп, тыңдаушының есінде қаларлықтай, әсер етерліктей образдар жасайды. Өздерінің «жыны» тегін емес, әрі күшті, әрі «киелі» екендігін, қараңғы халықты нандыру, жоқ нәрсеге сендіру жағын көздейді.

Әрине, бақсылар әсерлі күйі, түйдектете, екпіндете айта-тын өлең-жыры арқылы өздерінің «аруақтары» мен «жындарын» шақырып қана қоймайды, сонымен қатар, олар өз құлқының қамын да ойлай жүретіні көрінеді. Ауру адамды емдеу үшін «жынын» шақырған бақсы:

Мына ауруды көріңіз,  
Егер бұған ем бар ма?  
Салар бұған дем бар ма,  
Айтатұғын мал бар ма,  
Шығатұғын жан бар ма?—

деп, жұртты қорқыта келеді де, ауруға істеген «емі» үшін алатын ақысы қандай екендігін аңғартады. Бұл сарынды бақсы-балгерлер пайдалана отырып, дін үгітін жүргізу, халықтың басын айналдырып, ескі наным-сенімге табындыру жағын қарастырады. Сондықтан да біз бұл сарындарды өткен кезде, адамдардың дүние танудағы ой-өрісін, көзқарасын аңғару үшін ғана атап өтеміз.

**ЖАРАПАЗАН** Қазақтың өткен кезде дін салтына байланысты туған шығармаларының бір түрі жарапазан өлеңдері деп аталады.

Жарапазан айту салты қазақ арасына ислам діні енгеннен кейін туған. Ислам діні бойынша, оны қабылдағандар үшін жылына отыз күн ораза ұстау, күніне бес рет намаз оқу, сондай-ақ қайыр-садақа беру, т.б. міндет саналған. Олай етпесе, адам өлгенде жұмаққа бармай, тамұқтың отына күйіп жанады деп қорқытқан. Міне, мұның бәрін халыққа түсінікті етіп, үгіт түрінде айту үшін дін иелері поэзияны пайдаланған.<sup>1</sup> Өйткені дін сөзі деп қожа-молдалар айтатын араб тілін қазақтар түсінбеген. Сондықтан да олар дін үгітін халыққа ұғындыру үшін өлеңді қолайлы көрген. Екіншіден, қазақ халқының сауықшыл, өлеңшіл, өлең сөзге құлақ түргіш келетіндігін ескерген. Осы негізде жарапазан өлеңдері туған.

Жарапазан ораза кезінде айтылады. Мұның өлеңдерін ақындық өнері шамалылар немесе қайыр сұраушылар жаттап алып айтқан. Бұл өлеңді айтушылар сөзін бай үйлерге арнаған, солардан қайыр-садақа сұраған. Мысалы:

Айтамын, байлар, сізге жарапазан,  
Молдалар ертең ерте айтар азан.  
Айтқанда жарапазан қайыр берсең,  
Барғанда ақыретке болмас жазаң,—

---

<sup>1</sup> С. Мұқанов. Айтыс (жинақ), Алматы, 1941. Б. Кенжебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1948.



деп бастайды да, қайыр-садақа берген кісі жұмаққа барады, бермеген адам тамұққа түседі, азап шегеді деп қорқытады. Бұл, әрине, тек қайыр сұраушылардың ғана сөзі емес, ол ислам дінін үгіттейтін, қараңғы халықты сол діннің айтқанынан шығармай, оған табындыруды көздеген дін иелерінің, қожа-молдалардың да сөзі болып табылады. Жарапазан арқылы айтылатын бұл үгіт, қараңғы адамдарды қорқыту түрінде ғана келмейді. Ол исламды, құдайды мақтап, жарылқаушы деп көрсету арқылы да дін үгітін таратады. Мұны жарапазанның батасынан көруге болады. Қайыр-садақа берген байға арналған бата-өлеңдерінде, «осы садақаның есесін құдай қайырады, жақсылық етеді, жарылқайды; жұмаққа барасың; төрт түлікке кенелесің» секілді сөздер айтылады; ислам дінінің шарттарын орындаған адам «құдайдың сүйген құлы» болады, оны құдай жарылқайды деген үгіттерін жүргізеді. Сөйтіп, дін иелері қараңғы халықты, біріншіден, алдау, қорқыту арқылы діни ұғымдарға көндіруді көздесе, екіншіден, оларды мақтау, дәріптеу арқылы діни үгіттерін жүргізіп отырған.

Ораза кезінде айтылатын жарапазан өлеңдерінен тек дін үгіті ғана көрініп қоймайды, сонымен қатар, бұл өлеңдермен сол кезде үстем таптың езуінс ұшыраған, қаналған, қайыршылық жағдайға душар болған адамдардың да тұрмыс-күйі, ауыртпалық өмірі елестейді. Жарапазанды айтушылардың көпшілігі өздерінің неліктен садақа сұрауға түскенін, тұрмыс-тіршілігінің ауырлығын зар етеді, қайыр тілеп бір елден екінші елге қаңғып жүргендігін аңғартады. Мұны:

Ассалаумағалайкүм, ақтан келдік,  
Ауылы арғын-найман жақтан келдік.  
Жарапазан, айтумен үміт қылып,  
Балалардың азығы жоқтан келдік,—

дегеннен көруге болады.

Өлеңдік жағынан алғанда, жарапазан қара дүрсіндеу айтылып, ажарсыз, айшықсыз келеді. Мұнда әдемі көркем сөз, адамды тебірентіп әсер ететін теңеулер болмайды. Сондықтан мұндай өлеңдерді ақындық өнері шала адамдар шығарғанға ұқсайды.

**КӨҢІЛ КҮЙІН  
БІЛДІРЕТІН  
ШЫҒАРМАЛАР**

Қазақ халқының өткендегі тұрмыс-салтына байланысты туған шығармаларының енді бір түрі — адамның көңіл күйін, қуанышы мен қайғысын, іштей тартқан мұң-шерін, ауыр қазаға душар болғандағы күйініш-күйіктерін білдіруге арналған лирикалы өлең-жырлар. Бұл өлең-жыр-

лары арқылы өткендегі адамдар ауыр қаза күйігін серпіп тастауды, оны жеңілдетуді көздеген.

Адамның тұрмыс-тіршілігінде, өмірінде шаттық, қуаныш, ойын-күлкі қандай елеулі болса, қайғы, мұң-шер де сондай елеулі орын алған. Бұл екеуін де халық өзінің әдебиетіне қосып бейнелеген. Бірінде шаттық, қуаныш жырын төксе; екіншісінде қайғы-қасірет, күйініш шерін шерткен. Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,—

дейтіні осы жағдайда көргендіктен айтылған.

Адам баласы қайғы-қасірет, мұң-шер, күйініш-күйік т.б. тудыратын жайларға әр түрлі жағдайда душар болған. Біреу баласынан не жан сүйер жарынан, жан күйер жақынынан мезгілсіз айрылса, болмаса ата мекен қонысынан, кіндігін кесіп, кірін жуған жерінен еріксіз ауса,— мұның бәрі адам көңіліне ауыр қайғы түсірген. Бұл аталғандар халықтың ауыз әдебиетінен орын алған, әр түрлі өлең-жырлар тудырған.

#### **ҚОШТАСУ**

Қазақтың қоштасу өлеңдері тақырып жағынан алғанда әр алуан болып келеді.

Туған ел-жұртымен, өсіп-өнген жер-суымен, ата-ана, ағайын-туысымен, өткен өмірімен, жолдас еткен өнерімен қоштасу — тұрмыс-тіршілікке, салтқа байланысты туған қазақ ауыз әдебиетінің белгілі тақырыбынан саналады. Аталған тақырыпқа шығарылған шығармалардың біразы бүкіл халықтың хал-жайын, соның көңіл-күйін білдірсе, енді біреулері жеке адамның көңіл күйін қозғайды. Мұнымен қатар, қоштасу өлеңдері кейінгіге арналған ақыл-өсиет, нақыл түрінде айтылады. Қоштасудың сөзі айтуға жеңіл, ұғып, жаттап алуға ыңғайлы келеді.

Тарихқа белгілі, 1723 жылы қалмақ шонжарлары қазақ еліне шабуыл жасап, соғыс ашты. Олар қазақтардың көптеген жерін, ата мекен қонысын тартып алды, халықты қанға бояды. Осы жағдайда ата баладан, аға ініден, апа сіңіліден айрылды, ел басына ауыр қара түнек орнады. Мұндай жағдайда еріксіз дұшар болған қазақтар амалсыздан бұрынғы ата мекенін тастап шықты. Бұл халге қатты қайғырып қиналған халық бұрынғы туып-өскен жерімен қоштасып, оны ащы зар, мұңға айналдырды, қоштасу өлеңдерін шығады. «Басынан Қаратаудың көш келеді» дейтін өлең осы жағдайда туып, халықтың ауыр күйзеліс кезеңін, соған байланысты қайғылы көңіл-күйін білдіретін шығарма еді.

Өткен заманда, ру арасында дау-жанжал, қастасып, қақтығысу дәуірлеген заманда, бір елдің жерін екіншісі зорлықпен тартып алу, елден елдің айрылып ауа көшуі, ата мекенін лажсыздап тастап кетулері көп болған. Ру басыларының бақастығы, бас таласы негізінде туған дау-жанжалдың зардабы, ауыртпалығы бүкіл халыққа түскен, ата мекен жерінен, шұрайлы қонысынан айырған. Бұл секілді жағдайға қатты күйінген халық өздері мекен еткен жерсуымен қоштасқан, көңіл күйін зар етіп қоштасу өлендері арқылы білдірген, бүкіл халық үшін мәні бар мәселелерді көтерген. «Жылау, жылау, жылау күй» дейтін қоштасулар осындай жағдайға байланысты туған.

Бұл тақырыпқа шығарылған қоштасулардың қайсысы болса да, туған жердің жылы ұшырап, өзіне тартып тұратын қасиетін, оның қымбат екендігін егіле жырлайды. Кіндік кесіп, кір жуған жерінің, балалық-жастық шағының ең қызық күндерін өткізген жерінің тауы да, тасы да, ағашы мен шөбі де, өзені мен көлі де адамға ыстық көрінетіндігін сипаттайды. «Қозы Корпеш-Баян сұлу» жырындағы Таңсықтың:

Балталы, бағаналы ел аман бол,  
Бақалы балдырғанды көл аман бол,  
Теруші ем еріккенде ермек етіп,  
Екпе жиде, алма ағаш, гүл аман бол,—

деп бастайтын қоштасуы бұған дәлел.

Бұл айтылғандармен қатар, қоштасу өлендеріне басты тақырып ретінде алынғаны және молырақ жырланғаны — адамның көңіл күйі. Адамның қартайып төсек тартқан шағында, артында қалып бара жатқан ұрпағына, ел-жұртына қоштасу ретінде айтатын ақыл-өсиеті, тілегі, өткен өмірімен тілдесуі болады. Немесе, арман еткен мақсатына жете алмаған адамның толқуға түскен, күйінішке ұшыраған кезі, үмітімен қоштасуы. Сол секілді, адамның қиын-қыспақ жағдайға түсуі және одан құтыла алмасына көзі жеткен соң, артындағы ағайын-туысына, халқына арнаған аманаты, олармен қоштасуы баяндалады. Бұл аталғандардың бәрі де адамның көңіл-күйін, іштегі шерін қозғайды, оны қоштасу арқылы шертеді.

Қазақ арасына ақындық аты шыққан Кемпірбай ақын төсек тартып жатқанда, оның көңілін сұрай Әсет ақын келеді. Сонда Кемпірбай:

Көңілді Әсет келді көтергелі,  
Болмайды кеуде шіркін жөтелгелі.  
Алып бер домбырамды ана тұрған,

Басымды жастықпенен көтер бері.  
Артыма бір-екі ауыз сөз тастайын,  
Қонғаның, өлең шіркін, бекер ме еді?—

деп бастайды да, ақындық өнер жайын суреттейді. Ақындық талантты көк ала үйрек бейнесінде сипаттайды және ол «Екі жасымда қонып еді, Дәуіт пайғамбардың өзі беріп еді»,— деп ескі ұғымды да араластырады. Өткендегі ақындардың қайсысы болса да, ақындық талантты осылай түсінетін, ақындық өнер бірден-бірге дариды немесе іштен туа болады десетін. Кемпірбай да осыны айтады. Ол:

Кеудемнен көк ала үйрек, «Қош» деп ұшты,  
Сол шіркін, кәрі жолдас, өлең білем,—

деп қамығады, ақындық шабыты кемеліне келген жас шағын, талайды сөзбен буған кездерін еске түсіреді, «кәрі жолдасы» болған өлеңімен қоштасады. Содан кейін Әсет арқылы бүкіл ақындарға арнаған аманатын айтады, ақынды, ақындық өнерді қадірлендер дейді.

Екінші мысал, арғыннан шыққан Тәті деген кісі Қоқан хандарының қолына түсіп, қаза болады. Өлер алдында ол ел-жұртына арнаған «қоштасуын» жолдайды, ағайын-туысына, құрбы-құрдастарына аманатын айтады. Сөзінің бір жерінде:

«Мен адаммын» дегендер,  
Елдің қамын ойласып...  
Мың-миллион кетсе де,  
Төре алдына бармасып.  
Жалынғанша зәлімге,  
Жата жанын қармасып,—

дейді.

Сөйтіп, қоштасу өлеңдері, қоштасушы кісінің көңіл-күйін білдіреді, қоштасып отырғандары (ел-жұрт, ағайын-туыс, жер-су, өткенде көрген қызықтары т.б.) адам үшін ең қымбат, қадірлі екендігін аңғартады; скіншіден, қоштасу өлеңдері қоштасушының артында қалып бара жатқандарға арнаған ақыл-өсиет түрінде болып келеді.

**ЕСТІРТУ.  
КӨҢІЛ АЙТУ**

Қазақтың ертедегі салты бойынша, адамның, кейде бүкіл елдің басына түскен ауыр қайғыны, үлкен қазаны өлең-жыр, әңгіме, күй арқылы естіртетін болған. Бірсудің жан ашыр туысы, не баласы, немесе елдің ардақтайтын адамы мезгілсіз қазаға ұшыраса, оған ескі салтқа сәйкес естірту айтылған.

Ауыр қайғыны, көңілдегі күйзелісті жеңілдететін де, солардың кірін кетіретін де өлең-жыр, музыка сазы деп түсінген халық естірту және көңіл айту жайында әр түрлі

шығармалар тудырған. Бұлардың қайсысы болса да ауыр қазаны, қайғылы күйді бірден естіртпеген. Қайғыны естіртуші адам айтайын деген сөзін, естірткелі отырған халін жұмбақтап, ишаратпен, тұспалмен бастаған, кейде әр түрлі салыстырулар жасаған. Күй арқылы білдірілетін естіртулер адамның сезіміне тиетіндей әсерлі, зарлы үндерден басталған. Сөйтіп, естірту тыңдаушылардың көңілін аударарлықтай даярлықтар арқылы жүргізілген. Сонан кейін барып, болған халді, кездескен қайғыны естірткен.

Қазақ ауыз әдебиетінде естіртудің көптеген үлгілері сақталған. Солардың ішінен екі-үш мысал келтірейік:

Жиренше шешеннің жан сүйер серігі Қарашаш қайтыс болғанда, бұл қазаны оған Жәнібек мына түрде естіртіпті деседі:

*Жәнібек* Жиреншем, атасы өлген қалай екен?

*Жиренше:* Асқар тауы құлады, бөйтерегі сұлады десейші; жайлауын жау алды, қыстауын өрт алды десейші.

*Жәнібек* Жиреншем, шешесі өлген қандай екен!

*Жиренше:* Ағар бұлағы су алды десеңші...

*Жәнібек* Ағасы өлген қандай екен?

*Жиренше:* Оң қанатым үзілді, тас қорғаным бұзылды десейші.

*Жәнібек* Інісі өлген қандай екен?

*Жиренше:* Сол қанатым қайрылды, болат қылышым майырылды десейші.

*Жәнібек* Баласы өлген қандай екен?

*Жиренше:* Ауызыма шоқ түсті, өзегіме өрт түсті десейші.

*Жәнібек* Е, Жиреншем, қатыны өлген қандай екен?

*Жиренше:* Уә, дариға, Қарашаш сұлу өлген екен ғой, — деп қамшысына таянып отыра кетіпті.

Бұл естіртуде айтылуға тиісті сөз түйіні осы сскілді әр түрлі сұрау-салыстырулар арқылы жеткізіледі. Естірткелі отырған ауыр қайғы хабарын бірден айтпай, сатылай барып білдіреді. Мұндай естіртулер күй арқылы да айтылады. Бұған «Ақсақ құлан» деген күйді мысалға алайық. Бұл күйдің ел арасына тараған бір әңгімесі мынадай болып келеді.

Шыңғыс хан бастаған монғол шапқыншылары XIII ғасырдың басында қазақ еліне жорық жасап, оның көп жерін тартып алады. Бұл жерлерді Шыңғыс хан өзінің баласы Жошының үлесінс береді және оны хан көтертеді. Жошы қатал, мейірімсіз хан болады, қарамағындағы елдерді езіп ұстайды. Бір күні Жошының 14—15-ке келген баласы аңшыларға еріп шығады, жолда қашып келе жатқан ақсақ



құланды көреді де, оны қуа жөнеледі. Ақсақ құлан бір топ құланға қосылып кетеді. Баланың астындағы тұлпары да құландарға ілесіп, баланы жығып кетеді. Құланның айғыры баланы шайнап өлтіреді. Баланың қайтар мезгілі жеткенімен, хабарсыз болады. Сонда аңшыларға қаһарын төккен Жошы: «Баламды тауып беріндер, — деп бұйырады және, — баламды өлді деп естіртетін болсандар, құлақтарыңа қорғасын құям», — деп зілденеді. Баланың өлгенін естіртсе де, естіртпесе де жазықты болатынын біліп, аңшылармен бірге ел сасады. Сондықтан хан ордасына халық жиналып келеді де, араларынан бір асқан домбырашы-күйшіні шығарып, сол арқылы ханға баланың өлімін естіртеді. Күй «Ақсақ құлан» аталады, онда баланың қандай жағдайда қазаға ұшырағанын бейнелейді. Естірту аяқталған кезде домбырашы ханның алдына домбырасын тастай беріп: «Баламды өлді, деп естірткен адамның құлағына қорғасын құям деген сөзіңіз бар еді. Естірткен домбыра, енді осының құлағына қорғасын құйыңыз» — деген екен дейді.

«Ақсақ құлан» күйінің мәні ауыр қазаны күй арқылы естіртуінде ғана емес. Мұнымен қатар, оның мәні — қатал ханның ауыр жазасынан халықтың тапқырлықпен құтылуында және жазықсыз жандарға ханның қаһар көрсетуінде деп қарау керек.

Қазақ салтында орын алған осы секілді естіртулер өлең-жыр арқылы да орындалған. Бұған мысал етіп, «Қозы Көрпештегі» Сарыбайдың өлімін Тазшаның, Байшуақтың өлімін Ізбастының өлеңмен естіртулерін алуға болады.

Естіртуге арналған әңгіме, күй, өлең-жырлардың бәрі де көңіл айту, жұбатумен аяқталып отырады, көпшілік азалы үйдің қайғысына ортақтаса көңіл білдіреді. Қазаның ауыр екендігін ескертумен қатар, жылап-сықтап қайғырмау, қажыму керектігін, бұдан еш нәрсе өнбейтіндігін, өлімнен ешкімнің де қашып құтылмайтындығын айтып жұбатады.

Естірту, көңіл айту, жұбату өлеңдері тақпақ, жыр түрінде де келеді. Азалы адамның көңілін аулай ақыл айтады. Мәселен:

Ақ сұңқар ұшты ұядан,  
Қол жетпейтін қиядан...  
Тозбасты ұста соқпайды,  
Өлмесі тәңір жаратпайды.  
Топырағы торқа болсын,

Қанаты бүтін сұңқар жоқ,  
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.  
Қалғанға өмір берсін!  
Өлгеннің соңынан өлмек жоқ,  
Өлмек қайтып келмек жоқ...—

деп немесе: «Жетпесті қума, келмеске жылама», — деп жұбату айтады.

## ЖОҚТАУ

Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан салтында өлген адамды еске түсіру, оған арнап жоқтау шығару елеулі орын алған. Біреудің жан ашыр жақыны, сүйікті баласы өлсе немесе халықтың қадірлейтін адамы қаза болса, соларды жоқтап өлең-жыр шығару салтқа айналған. Әдетте, жоқтауды өлген адамның әйелі, шешесі, апасы не қарындасы айтатын болған және олар жоқтауын өздері шығаруға тырысқан. Мұнымен қатар, кейбір жоқтауларды белгілі ақындар шығарған. Жоқтауларда өлген адамның жақсы істері, қызметі, сүйкімділігі, мінезі еске алынған. Бұл ретте жоқтау өлеңдері өлген адамға жасалған ескерткіш есбінде болған.

Қазақ ауыз әдебиетінде жоқтау өлеңдерінің ертеден келе жатқан нұсқалары өте көп. Бірақ олардың алғашқы үлгілері қай ғасырда туғандығын дәлелдеп айту қиын. Ел арасында сақталып, біздің заманымызға жеткен жоқтау өлеңдерінің мазмұнына қарағанда, олардың бір мезгілде туып, бірден қалыптаса қоймағанын байқаймыз және халықтың әр кезеңдегі, тарихи даму процесіндегі әр түрлі көзқарасын, наным-сенімін жинай жүргендігі де көрінеді. Сондай-ақ, жоқтау өлеңдерінің кейбір үлгілері қысқа, шағын тұрғанда келсе, екінші біреулерінің мол сюжетке құрылып, ұзақ айтылатын дастан көлеміне жеткендігін байқаймыз. Мұның бәрі — жоқтаулардың ұсақ өлеңдерден басталып, көлемді поэмаға дейін көтерілуі үлкен даму, қалыптасу процесінде болғандығын және ол талай ғасырмен бірге жасасқандығын аңғартады. Алғашқы нұсқалары қай ғасырда туғандығы белгісіз жоқтау өлеңдері бертін келе халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі салтынан елеулі орын алған.

Жоқтаулардың алғаш шыққан үлгілері ұсақ өлеңдерден басталатын секілді. Ертедегі адамдар өздерінің қайтыс болған жақындарын еске түсіріп, әр түрлі жоқтаулар шығарған, көңілдеріндегі мұң-шер қайғысын білдірген. Бұл ретте олар өздерінің арман-мұңын, жоқтауын адамдарға ғана естіртіп қоймаған, айнала қоршаған әлем дүниесіне, төрт түлік малға да айтқан, солармен де мұндасқан, сүйікті адамына арнаған жоқтауымен көңіліндегі күйікті тарқатпақ болған. Мұны «Күміс жүген айшықты» деп басталатын жоқтаудан көреміз немесе өлген қызына арнаған қарт ананың жоқтауын алайық. «Ақ ешкі келе жатыр лағына» деп басталатын бұл жоқтауда қарт ана өзінің қайғысын, жалғыз баласынан айрылғанын мұң етіп ақ ешкіге айтады, сонымен мұндасады.

Бертін келе, жоқтау өлеңдері өлген адамның қазасы үстінде немесе ескі салт бойынша жасалатын жетісі, қырқы, жылы деп аталатын кездерде айтылған. Мұндай жоқтаулар арқылы өлген адамның тіршілікте кім болғандығы, қандай қызмет атқарғандығы, ел-жұрты, ағайын-туысы үшін не істеп, не қойғандығы сипатталған. Бұл ретте кейбір ұзағынан айтылатын жоқтауларда өлген адамның жағымды образы жасалған, әдемі теңеулер мен метафораларды қолданған. Мәселен, жоғарыда аталған Тәті жайында шығарылған жоқтауда, оның өмірі, ісі молынан суреттеледі. Тәтінің:

... Құрама жиып, ел қылып,  
Қосын таза сақтаған.  
Тілі шайпау тентегін,  
Ақылменен тоқтатқан.  
Көлдегі аққу дауысты,

Ақсұңқар құстай дабысты,  
Ерегіскен дұшпанға  
Айдаһардай жабысты...  
Ертегі еткен азандай  
Елдің қамын ойлаған,...—

адам екендігін бейнелейді.

Ел қорғау жолында жаумен соғысып қазаға ұшыраған бір батыр туралы шығарылған жоқтауда, оның ел-жұрты үшін жасаған ерлік істері суреттеледі, оның батырлық образы жасалады. Бұл жоқтаудың бір жерінде:

Алыстан дұшпан аттанса,  
Қар жаңбырдай бораған.  
Жақыннан дұшпан аттанса,  
Қарт бурадай жараған...

Толарсақтан саз келсе,  
Қажымай оған жүретін.  
Қабырғадан қан келсе,  
Қажымай оған күдетін,—

деп жаңағы батырдың ерлік тұлғасын көз алдына елестетеді. Оның ел-жұрты үшін күрескен айбынды батыр екендігін суреттейді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақтағы кейбір батырлар жырының біраз әңгімелері жоқтау негізінде туған деп М. Әуезов айтқан пікірді орынды деуге болады.<sup>1</sup> Бұған мысал ретінде «Қобыланды батыр» жырын алайық. Жырдың бірсыпыра әңгімелері «қоштасу», «жоқтау» арқылы баяндалады. Тоқтарбайдың, Аналық пен Құртқаның жоқтауларында Қобыланды батырдың кім екендігі, ел қорғауда жасаған ерлік істері суреттеледі. Демек, жоқтау өлеңдерінің өлген кісіні еске түсіру үшін ғана емес, ол ауыз әдебиетінде адам образын жасау, әсіресе батырлар образын беру үшін де мәні бар деп қараймыз.

Жоқтау өлеңдері қазақтың ертедегі ауыз әдебиетінен ғана орын алып қойған жоқ. Оның бергі әдебиетімізде де, тіпті жазба әдебиетімізде де кездесетін әдби түрге айналғанын байқаймыз. Бұған мысал етіп, халық әдебиетінің

<sup>1</sup> М. Әуезов «Литературный критик» журналы, №12, 1939.

үлгісінде Абайдың, Махамбеттің, Жамбылдың шығарған жоқтауларын атауға болады. Бұлардың жоқтауында Әбдірахман, Исатай, Алғадайлардың халық үшін істеген істері суреттеледі, олардың озық бейнелі образдары жасалады.

\* \* \*

Біз жоғарыда қазақ халқының өткендегі тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрып салтын байланысты туған ауыз әдебиетінің ұсақ түрлерімен танысып өттік. Бұл шығармалардың қайсысы болса да өзінің көп заманға созылған қалыптасу, даму процесінде әр түрлі қоғамдық, таптық електерден өтіп, солардың көзқарастарын бойына жинай жүргенін де байқадық. Бұл жағдай аталған шығармалардың идеясына, мазмұнына әр түрлі әсер еткенін, кейбіреулерінде халық тілегіне қиғаш келетін қайшылықтар бар екендігін аңғартады. Сондықтан да біз оларды оқытқанда, ескі мәдениет туралы лениндік ілімге сүйене отырып, ауыз әдебиетінің қандай жағдайда туғандығын, қай бағытта және қалай қалыптасып дамығандығын ескертуге тиістіміз. Ауыз әдебиетін халықтың тарихынан бөліп алмай, қайта, онымен байланыстыра қарауға, халықтың әр кездегі материалдық-қоғамдық жағдайларымен ұштастыра отырып баяндауға тиістіміз.



---

## II тарау

### МАҚАЛ-МӘТЕЛ, ЖҰМБАҚТАР

Қазақ халқы, басқа халықтар секілді, жазу-сызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін тудырып, солар арқылы тұрмыс-тіршілігінің әр алуан жақтарын суреттеген; қоғамдық өмірін, дүниеге көзқарасын, таптық күресін, арман-мүддесін, т.б. бейнелеп көрсеткен. Осы негізде туған және ауыз әдебиетінің күрделі бір түрі деп халықтың мақал-мәтел, жұмбақтарын атаймыз.

Мақал-мәтел, жұмбақтар бір ғасырдың ғана жемісі емес. Олардың алғашқы үлгілері есте қалмаған, ерте заманда туып, өзінің қалыптасу, даму, өсу процесінде талай ғасырмен бірге жасасқан, бұл жолда әр түрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес өзгеріп, жаңарып отырған.

Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтарының ел арасынан жиналуы, хатқа түсуі, баспа бетіне шығуы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұлардың кейбір үлгілерін ертеректе ел арасынан жинап жазып алғандар Ш. Уәлиханов, В. Радлов болғанын білеміз. Бұлардан кейін, революцияға дейін қазақтың мақал-мәтелдерін, жұмбақтарын жинап, баспа жүзіне шығаруда айтарлықтай еңбек еткендер: Ш. Ибрагимов, А. В. Васильев, П. М. Мелиоранский, Ф.Плотников, В. В. Катаринский, Ә. Диваев, Сабыржан Садықов, Мейрам Ысқақов, т.б. болды. Аталған адамдар қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтарының кейбір үлгілерін жинап жазып алды да, сол кезде орталықта және Омбы, Орынбор қалаларында шығатын газет-журналдарға бастырды, жеке кітапша етіп шығарды. Мәселен, Ш. Ибрагимов қазақтың мақал-мәтелдерін 1874 жылы Орынборда, А. Васильев 1892 жылы Орынборда, В. Катаринский 1899 жылы Орынборда, Ф. Плотников Омбыда бастырды. П.Мелиоранский жинаған мақал-мәтелдер археология қоғамының Шығыс бөлімінің еңбектерінде (1893 ж.) жарияланды. М.Искаков жинаған мақал-мәтелдер 1914 жылы Қазан қаласында



өз алдына кітапша болып шықты. С. Садықовтың «Жұмбақ» деген жинағы 1902 жылы Қазан қаласында басылды. Ә. Диваев жинаған мақал-мәтелдер «Туркестанские ведомства» дейтін газетте жиі жарияланып тұрды.

Қазақтың мақал-мәтелдері, жұмбақтары кеңестік дәуірде мөңгі жиналумен қатар, баспа жүзінде шығып, ел арасында тарап отырды. Мәселен, «Мың бір мақал» дейтін жинақ 1925 жылы басылды. 1935 жылы Өтебай Тұрманжанов төрт мыңнан астам мақал мен мәтел енгізіп «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» деген атпен үлкен жинақ шығарды. Бұл қазақ мақалдарынан құралған көлемді жинақтың бірі болатын. 1950 жылы Қазақстан Ғылым академиясында қазақ мақалдарының Б. Ақмұқанова құрастырған жинағы жарық көрді. Кеңестік дәуірде қазақтың жұмбақтары да бірнеше рет жинақ болып басылды. Бұлардың ішінде көңіл аударарлық жинақ 1940 жылы шықты; оны құрастырған профессор С. Аманжолов, ал сөз басын жазып, редакциясын басқарған профессор М. Әуезов еді.

Сөйтіп, қазақ халқының мақал-мәтелдері, жұмбақтары ел арасынан ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бергі жерде ғана жинала бастағанын көрерміз. Ал оларды ғылыми жолмен зерттеу ісі революцияға дейін де, онан кейін де өрістеп кетпегенін ескерту қажет. Рас, соңғы жылдары бұл іске біраз көңіл аударылып келеді; мақал-мәтел, жұмбақтар жайында жазылған ұсақ мақалалар, айтылған пікірлер бар. Бірақ олар монографиялық көлемде жазылған ғылыми зерттеулер болып табылмақ емес, тек болашақта жазылатын үлкен еңбектердің алғашқы барлаушысы, бастамасы деуге болады. Осы жағдайларды еске ала отырып, біздің бұл еңбекте алдымызға қойған мақсатымыз: қазақ халқының тарихында ерте заманнан келе жатқан мақал-мәтелдерімен, жұмбақтарымен шолу түрінде танысу, олардың халықтық және әдебиеттік сипатын байқау.

**МАҚАЛ** Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақалдың өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. М. Горькийдің «Мақал мен мәтел еңбекші халықтың тарихын, әлеуметтік барлық өмір

тәжірибелерін үлгілі, қысқа түрде айтып береді», — деуі осыдан.<sup>1</sup>

Қандай мақалды алсақ та, оның шығуына үлкен уақиға, мәнді әңгіме себеп болған. Мақал соларға берілген баға, жасалған қорытынды, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» есебінде жүреді. Халық аз сөзге көп мағына сыйдыра отырып, өзінің өмірінде көргендерін, бастан кешірген кезеңдерін, алған тәжірибелерін мақал арқылы айтып береді. Бұл жағынан алғанда, көптеген мақалдар ақыл-өсиет, нақыл сөз есебінде қызмет атқарады.

Мақалды тудырушы — еңбекші халық. Ол халық данышпандығының алтын қазыналы мұрасы болып табылады. Бұдан, әрине, барлық мақалды халық шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді, мақал да таптық ой-санадан, таптық көзқарастан туған. Мақалдарды үстем тап та шығарып, оған таптық идеясын қосқан, идеологиялық құрал еткен. Мәселен, «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін», «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас», «Алтын басты әйелден, бақа басты бала артық» деген сияқты үстем тап адамдары шығарған мақалдар халықтың тілегіне, көзқарасына мүлде жат, жанаспайды. Сондықтан оларды еңбекші халық қабылдамаған.

Мақалдар халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне, еңбегі мен тәжірибесіне байланысты туғандықтан, оның тақырыбы да орасан көп. Бұл ретте мақалға қосылмаған нәрсе жоқ деуге болады. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен салты, дүние танудағы көзқарасы, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен қайғысы, айтатын ақыл-өсиеті, үйрету мен үкімі, қысқасы халық өмірінің барлық жақтары — мақалдардың басты тақырыбы болып отырады.

#### **МАҚАЛДАРДЫҢ ТАҚЫРЫБЫ**

Халық мақалдарының тақырыбы өте көп. Солардың ішінде ең күрделі бір саласы адам баласының *еңбек ету* жайларына арналған. Бұл тектес мақалдардан халықтың еңбек жайындағы көзқарасы байқалады. Еңбек адамды мақсат-мұратқа жеткізуші, абырой әперстің іс екендігін халық мақалдары арқылы дәлелдеп көрсетеді. «Еңбегі бардың — өнбегі бар», «Еңбек түбі — мерекесі» деп, халық адал еңбекті ардақтайды. Дүние — байлық, шат өмір еңбек арқылы болатындығын, адамды тек еңбек қана қатарға қосатындығын суреттейді. Еңбек етпеген адам-

---

<sup>1</sup> Қазақтың мақал-мәтелдері, 8-бет, Алматы, 1950.

ды, жатып ішер жалқауларды халық өзінің мақалы арқылы сынға алады, шенейді. Бұған «Еңбегі аздың — өнбегі аз», «Еріншектің ертеңі таусылмас» деген мақалдарды келтіруге болады.

Еңбек тақырыбына арналған мақалдардың қайсысы болса да ақыл-өсиет түрінде айтылады. Еңбек ету оңай еместігін, қиыншылығы мен бейнеті, ауыртпалығы барлығын ескертеді. Осылардың бәрін еңбегімен жеңген адам ғана мақсатына жететіндігін аңғартады. Мұны «Бейнет, бейнет түбі зсйнет», «Бейнетсіз рақат жоқ», «Әрекет болмай, берекет болмас», «Еңбек етсең — емерсің» деген секілді мақалдардан көреміз. Бұл тектес мақалдар адамды еңбек — кәсіп етуге, жұмыс істеуге үндейді, тек еңбек қана абырой-атақ әпереді деп қорытынды жасайды.

Адал еңбекті ардақтаған халық кәсіп ет, жұмыс істе дегенде ең алдымен мал бағуды ұсынады. Оның себебі қазақ халқының ертедегі тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі төрт түлік малға байланысты болғандығынан.

Өмір бойы мал бағып тіршілік еткен, оның сырын жақсы білген халық әрбір түліктің қандай қасиеті барлығын, адам өмірінде қандай орын алып, қандай қызмет атқаратындығын мақал арқылы да көрсетіп отырады. «Түстік өмірің болса, кештік мал жина» дей отырып, сол малдарының қасиетін, қызметін айтады. «Жылқы — малдың патшасы, түйе — малдың қасқасы», «Түйе жисаң — нардан жи, сиыр жисаң — тарғылдан жи», «Мал бақсаң, қойдан бақ, май кетпейді шарадан» деп бағалайды, төрт түліктің тұрмыс-тіршілікте алатын орны қандай екендігін атайды.

Халық өзінің мақалдары арқылы мал бағу, мал басын өсіру жөнінде ғасырлар бойы жинаған, жүзеге асырған тәжірибесін айтып береді. «Түлік төлден өседі» дей отырып, сол түліктерді өсіру үшін қажырлы еңбек керектігін ескертеді. «Жатқанға жан жуымас, жалқауға мал жуымас», «Ат шаппайды, бап шабады», «Мал жисаң, қонысын тап» «Бақпасаң мал кетеді» деп ақыл айтады. Адал еңбекті сүйген халық, мал басын өсіру үшін аянбай жұмыс істе, ерінбей еңбек ет, сонда ғана мал құралады дейді. Ал еңбек етпей, ұрлық немесе барымта жолымен мал жинап баюды көздеушілікті халық қатты сынға алады, шенейді. Ұрлық пен барымта халыққа жат екендігін, ол адамды тақырға отырғызатындығын, бұлардан безу керектігін айтып, «Ақ жүрген адам азбас» деп қорытады және «Ұрыға мал құтаймас», «Ұрлық, ұрлық түбі — қорлық», «Барымтамен бас кетер», «Жортуылшының басы жолда қалады» деп сипаттайды.

Мал басының құралуы, өсіп-өрбуі тек адал еңбекке байланысты деп түсінген халық бұл жөнінде қожа-молдалар айтатын діни ұғымдарға да қарсылық көзқарасын білдіреді. Егер дін иелері мал басының өсуін құдайға байланысты, малды құдай береді десе, еңбек адамы бұл түсінікті бекерге шығарады да, «Мал баққанға бітеді» деп өз тұжырымын айтады. «Тана пайда бермесе, тәңірі пайда бермейді», «Тоғыз қабат торқадан, тоқтышағымның терісі артық» деп адал еңбегімен жинаған малдарын ардақтайды. «Еңбексіз тапқан мал, есепсіз кетер» деп түсінген халық, төрт түліктің қайсысы болса да адал еңбекпен бағу арқылы құралатындығын, сонда ғана адам мұратына жететіндігін ескертеді.

Төрт түлік жайында шығарылған халық мақалдарының бәрі де мал баласының адам үшін аса қымбат, қадірлі екендігін айта отырып, бұлардың ішінен жылқы мен түйені ерекше бағалайды. Түліктің басқа түрлеріне қарағанда, түйе мен жылқы көшпелі жағдайдағы шаруа адамы үшін зор қызмет атқарды, шөлдесе — сусыны, кесе — киімі, жесе — асы болды. Екіншіден, түйе мен жылқы алыс жолға төзімді, әрі мықты көлік есебінде шаруа адамына көп пайдасын тигізеді. Мұнымен қатар, халықтың ел қорғау ісінде ол елеулі орын алды, басқыншы жауға қарсы аттанған батырларға сенімді серік, жауынгер жолдас болды. «Ер қанаты — ат» атанды. Сондықтан да адам баласының мақсат-мұратына жету жолында жылқының алатын орны зор екенін «Таяқ тайға жеткізер, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер» деп суреттеген.

Халықмақалдарының бірсыпырасы *егіншілік* кәсіп жайына арналады. Бұл тақырыптағы мақалдардың көпшілігі кейінгі кезде, шамамен айтқанда, ХІХ ғасырдың ішінде туған секілді. Олай дейтініміз, тарихи деректерге қарағанда, бүгінгі Қазақстанның оңтүстік-батыс аудандарын мекендеген кейбір рулар ғана аздаған егін салып, ертерек кәсіп еткен. Ал шауашылықтың бұл түрімен бүкіл қазақ халқының айналысуы — ХІХ ғасырдың іші. Бұған басты себеп қазақ халқының Ресей мемлекетіне қосылуы, орыс халқымен араласуы, одан үлгі алуы болған. Осыдан былайғы жерде қазақ елі әр түрлі дақылдан егін егіп, оны негізгі кәсібінің біріне айналдырған. Өзінің тұрмыс-тіршілігінен елеулі орын алған егін шаруашылығы жәнс оның адам баласына келтірер пайдасы жайында қазақ халқы біраз шығармалар тудырған. Мұнымен қатар, егін кәсібін мақалдары арқылы да бейнелеп суреттеген.

Егін жайында шығарылған мақалдардың қайсысы болса да, ең алдымен егін егу адамға пайдалы екенін дәлелдейді.



Рас, бұл мақалдар егінді әр түрлі дақылға (арпа, бидай, сұлы, тары, т.б.) бөліп көрсетпейді, жалпы «егін» деген атпен атайды (оның мәнісі қазақ арасына алғаш рет егіннің барлық түбі бірден енбегенінен болуы керек). Егін егу, егіншілікпен кәсіп ету — шаруашылықты өркендетеді, тұрмысты жақсартады деп түсінген халық өзінің мақалдарында оған ерекше мән береді. Егін өздігінен өспейді, оны егу керек, ол үшін егін шығатын жерді даярлау, аянбай еңбек ету керек деген қорытынды жасайды. «Жер — ырыстың кіндігі», «Жер — жомарт» деп, бар байлықтың жерге байланысты екенін білген халық енді осы жерге егін егу керектігін айтады. «Ексең егін — ішесің тегін», «Жердің сәні — егін», «Егін еккеннің есесі көп», «Астығы бар аш болмайды», дей отырып егіншілікті үлгі етеді, оны тіршілік тірегінің бірі деп бағалайды.

*Қазақ мақалдарының көрнекті тақырыбының бірі — ұйымшылдық, ынтымақ, бірлік жайын қамтиды.* Бұл тақырыптағы мақалдардың негізінде ақыл-ойы сергек халықтың аталған мәселелер жөніндегі даналық көзқарасы, өмір тәжірибесінен алып, білгірлікпен жасаған қорытындысы жатады. Тұрмыс талқысынан туып, әрбір тарихи кезеңнің сындарынан өткен түсініктерін мақал арқылы көрсетпек болады. Үй ішінің, ел-жұрттың, бүкіл қоғамның құралуы ұйымшылдық пен бірлікке байланысты деп біледі. «Бірлік бар жерде тірлік бар», беркінген күш бар деп бағалайды. Мұны «Бірлік болмай тірлік болмас», «Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ», «Ырыс алды — ынтымақ» деген секілді мақалдардан да көреміз.

Бұл келтірілген мақалдардың бәрі де өмір шындығына негізделіп туғандығын, халық ынтымақ пен бірлікті, ұйымшылдықты жақтайтындығын білдіреді. Бұлар тұрған жерде халық алға басады, нығайып күшейеді, алынбас қамалға айналады деп түсінеді. Ал, бірлік, ынтымақ, ұйымшылдық жоқ жерде ыдырап тозудың орын алатындығын аңғартады. Халықтың: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деуі осыдан.

Қандай істің болса да белгілі бір нәтижеге жетуі — адамдардың бірлік, ынтымақ, ұйымшылдыққа байланысты дей отырып, халық мақалдары бұл жөніндегі қорытындысын ақыл-өсиет, нақыл сөз ретінде келтіреді. «Саяқ жүрсең, таяқ жерсің», «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деп, жекелік пен даралықты, көпшіліктен бөлініп шығушылықты шенейді. Барлық күш-қуат көпшілікте, халықта екендігін дәлелдейді. «Көп



ісінде — береке», «Көптен шыққан көмусіз қалар», «Көппе тентек болсаң да, көпке тентек болма», «Құдайға жазсаң да (Кінәлі болсаң да деген мағынада М. Ғ.), көпке жазба», «Көпке топырақ шашпа», «Көп қорқытады, терең батырады» деп көпшіліктің, яғни бүкіл халықтың күшін сипаттайды. Бұл ретте халық өзін қоғамдағы барлық материалдық және рухани байлықтарды жасаушы, салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік түрлерін қалыптастырушы, оларды әрбір тарихи жағдайларға, өмір тілсктеріне сәйкес өзгертуші, алға қарай дамытушы негізгі күш деп таниды. Бұларды жасау, іске асыру, жеке адамдардың қолынан келмейтіндігін дәлелдейді. Сондықтан да халық мақалдары адамдардың ынтымақты, ұйымшылдық пен бірлікте болуын өсиет, нақыл етеді.

Қазақ ауыз әдебиетінде халықтың сүйе тындап, сүйсіне жырлағаны — көпшілік үшін жасалған *ерлік батырлық* істер, *ел қорғау* әңгімелері болатын. Бұл тақырыпта нешелеген әдемі әңгіме, ертегі, өлең, жырлар туғанын оларда халықтың батырлық, ерлік істерді және оларды жасаушыларды ардақтағанын білеміз. Халықты сүйсіндірген бұл әңгімелер, оның мақалдарынан да орын алған.

Ел қорғау, батырлық-ерлік істер жайында туған халық мақалдары халықтың бұл жөніндегі ой-тілегі, арман-мүддесі, патриоттық сезімі, ұлттық мақтанышы қандай екендігін білдіріп отырады. Бұл тақырыптағы мақалдар, ең алдымен, кімге болса да туған жер, өсіп-өнген ел — Отан аса қасиетті, қадірлі, қымбат, ыстық деп көрсетеді. «Туған жердің тауы ыстық», «Ел-жұрты бардың жұтамы жоқ», «Ел іші — алтын бесік», деуімен туған елді ардақтайды, жоғары бағалайды. Кейбір мақалдар туған елді басқа елдермен салыстыра келіп, әркімге өз елінің артық екендігін аңғартады. Мұны халық «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол». «Кісі елі — күміс, өз елің — алтын» деген мақалдары арқылы сипаттайды.

Өзінің мақалдарында туған жер, ел-отанды аса жоғары бағалап ардақтаған халық, енді оларды қорғау әрбір ер-азаматтың басты борышы деп біледі. Ел талап, ойран салуды көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану, қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп, дұшпаннан Отанды қорғап алу халқың сүйген әрбір ер жігіттің азаматтық борышы болатындығын көрсетеді. «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Елін сүйген ер бәлар», «Жүкті нар көтерер, қайғыны ер көтерер» деген мақалдар жоғарыда айтылған пікірдің айғағы.

Халық мақалдары ел қорғау, басқыншы жауды талқандап жеңу жолында ерлік жасаған, қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған, жау қамалын қиратқан, табан тірескен айқастарда тайсалып тартынбаған жігіттерді ардақтайды, абыройлы атақ пен даңққа бөлседі. Олардың халық сүйсінген ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Бұл ретте халық мақалдары мақтаулы ерлерді қоян жүрек қорқақтармен салыстырып, аз сөзбен сөкеуінің де образын жасайды. Ерлік, батырлық іс жасау тек Отанын, ел-жұртын, халқын сүйген адамдардың ғана қолынан келеді, осындай адамдар ғана халық намысын қорғайды, олар қандай қиыншылықтар кездесе де үрейленбей, мұңаймай, ажалға қарсы шабады деп сипаттайды. Батырлардың ерлігі күшінде емес, ақылы мен айласында екендігін көрсетеді. Мұнымен қатар халық ісі үшін қажымай күресіп ерлік жасаған, ел сүйіп батыр атанған адамдардың мінезіндегі жақсы қасиеттері де мақалдардан орын алады. Бұл қасиеттер: *турашылдық, әділдік, айтқан сөзден қайтпаушылық, кіші пейілдік, жолдастықты сақтаушылық, досы үшін жан беруге барушылық*, т.б. екендігін аңғартады. Бұған «Ердің екі сөйлегені — өлгені, еменнің иілгені — сынғаны», «Ердің ұялғаны — өлгені», «Ер жігіт — стек жеңі кең жігіт», «Батырда бақастық болмас», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», деген мақалдар мысал бола алады.

Халық мақалдары қолынан іс келмейтін тоғышарлар мен қоян жүрек қорқақтардың да образын жасайды. Оларды мазақтап әжуалайды, келеке етеді. «Қорқақ көлеңкесінен де қорқады», «Ер бір рет, қорқақ мың рет өледі», деп, аз сөзбен қорқақтардың жағымсыз бейнесін суреттейді. Қара басының ғана қамын ойлаған адам ерлік іс жасай алмайтындығын көрсетеді. Мұндай адамдар үрейшіл келеді, кейде олар қалың қолға іріткі салады деп, «Бір қорқақ мың қолды ірітер, бір құмалақ бір қарын майды шірітер» деп, қорқақ адам жайындағы халықтың турашыл бағасын береді.

Қазақ мақалдарында ел қорғау әңгімесіне байланысты туған тақырыптың бірі — қырағылық, сақтық жайы. Бұл тақырыптағы мақалдардың қайсысы болса да қырағы болу, жайбарақаттыққа салынып жата бермеу жағын қарыстырады. «Жау қайда деме — жар астында, бөрі қайда деме — бөрік астында», «Бір елі ауызға — екі елі қақпақ», «Сақтықта қорлық жоқ» деп халықты қырағылыққа шақырады.

Халық мақалдарынан елеулі орын алған, мазмұны мол, көлемі көп тақырыптың бірі — *қоғамдық қарым-қатынас*,

*әлеуметтік-таптық мәселелер.* Бұл тақырыпты ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді, халықтың мақалдары да кеңінен қамтып, тереңнен толғайды, көп мәселелердің сырын аша отырып, халыққа жат жағдайларды халық мақалдары өткір сөзбен түйреп отырады. Жалтақтауды білмейтін, турасын айтатын халық өзінің осы аталған тақырыптағы мақалдарында аз сөзбен мағынасы терең, мәні зор мәселелерді көтереді, неше түрлі әдәмі образдар жасайды, естен кетпейтін теңеулер тудырады.

Қоғамдық мәселелерді халық мақалдары таптық тұрғыдан қарастырады. Бұл ретте халық мақалдарында алдымен сөз болатыны ел билеу мәселесі, хан, би, сұлтан, қожа-молдалар жайы.

Ұлы Қазан революциясына дейін қазақ халқы ауыр жағдайда тіршілік етті. Қоғам өмірінде еңбекші халықтың правосы болмады, езіліп жаншылуда, қаналып, қамалуда, әлеуметтік теңсіздікте болды. Қазақ еңбекшілерін сол кезде үстемдік еткен билеуші тап, оның хандары мен билері, болысы мен сұлтаны, қожа-молдасы, т.б. қапаста ұстады, күн көрсетпеді. Осындай ауыр жағдайда жүрсе де қазақ халқы өзінің әдебиетін тудырып, өз тұрмыс-күйін, арман-мүддесін бейнелейді. Мұнымен қатар, қанаушы таптың халыққа жасаған әділетсіздіктерін, зорлық-зомбылықтарын, әлеуметтік теңсіздікті әшкерелеп көрсетті, халыққа қас адамдардың жағымсыз образын жасады. Бұл да халық мақалдарынан орын алды.

Халық мақалдары қанаушы тап өкілдерінің жауыздық іс-әрекетін, мінез-құлқын, халыққа жат қылықтарын тайға таңба басқандай етіп әшкереледі. «Хан ақымақ болса, халық күйзелер», «Биің қылаң болса, жұртың ылаң болар», «Төреге ерген ер тоқымын арқалар», «Қансоқта жеп ит семіреді, пара жеп би семіреді», «Қойды құртаң бүлдіреді, елді сұлтан бүлдіреді», «Бай қасына барып, бақыр болмасаң маған кел, хан қасына барып, басың жоймасаң маған кел», «Теңгелі жерде теңдік жоқ» деген мақалдар тарихи шындықтың сырын ашады. Хан, би, төрс, сұлтан, т.б. халықтың қас дұшпаны, елді алдаушы, парақұмар, әлеуметтік теңсіздікті тудырушылар екендіктерін көрсетеді; олар жайында халық өзінің әділ сынын, турашыл бағасын айтады, таптық көзқарасын білдіреді.

Әрине, еңбекші халық осындай теңсіздік, қаналу жағдайында жүрсе де, ол өз үстем тап адамдарынан кем санаған емес. Байлық, әлеуметтік дәрежесі кем болғанымен ақыл-ойы, еңбегі артық екендігін мақалдары арқылы да

дәлелдеп көрсетеді. Мұны «Кілемге бергісіз алаша бар, ханға бергісіз қараша бар», «Қарадан шыққан хан жақсы», «Данышпан айтса — ел айтқаны, елдің қамын жеп айтқаны», «Бақпен озған патшадан, мимен озған қара артық» деген мақалдардан көреміз. Сондай-ақ, еңбекші халық ауыр өмір талқысын көре тұра, сары уайымға салынбайды, мұңайып, түңілмейді, болашақта жарқын тұрмысқа жетеміз деген оймен күдер үзбейді. «Батқан күннің атар таңы бар», «Уайым түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа» деп, жақсылықты болашақтан күтеді, соған жететініне кәміл сенеді.

Халық мақалдары қоғамдық мәселелерді сөз еткенде, *қожа-молдалар, діни ұғым жайын* да қарастырады; бұған да көңіл бөліп, сын-бағасын беріп отырады. Қазақ халқы дін жолын қуған, дін үгітіне мүлде беріліп кеткен халық емес. Қазақтар дін сөзін екі жағдайда ғана есіне алатын секілді: басына ауыртпалық түсіп, қысылған кезінде немесе қатты ауруға ұшыраған күнінде құдай дегенді, дін сөзі дегенді аузына алады, басқа түскен қауіптен құтылу жолын іздеп қарманады. Ал басқа уақытта қазақтың діншіл, құдайшыл болуы өте сирек кездеседі.

Діни сенімі осындай болған қазақтар қожа-молдалар айтатын, солар тарататын үгітке онша көп илана қоймайды, оған кейде сықақ, әжуа түрінде қарайды. Мұнымен қатар, қожа-молдалар, олар айтатын діни үгіттер еңбекші халықтың қамын емес, қанаушылардың пайдасын көздейтінін, олардың үстем тап адамдарымен бірлесе отырып халықты езетіндігін мақалдары арқылы бейнелейді. Осы ретте мағынасы терең халық мақалдары қожа-молдалардың жағымсыз образын жасайды, оларды обырлар, халықты алдап басын айналдырушылар деп көрсетеді. «Сопы сұмнан шығады», «Қисық арба жол бұзар, дүмше молда ел бұзар», «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді», «Аңқау елге — арамза молда», деп дін иелерін келекеге айналдырады.

Қожа-молдалар өздерінің үгіт сөзінде дүниедегі ең адал, ең әділ, ең турашыл — періште десе, оған халық «Алтын көрсе періште жолдан таяды» деп сын айтады, періште жайындағы діни ұғымды бекерге шығарады. Дін үгіті бойынша, әрбір адам күніне бес рет намаз оқуға, бірнеше рет дәрет алуға тиісті; солай еткен адам ғана жұмаққа барады-мыс. Халық бұл ұғымды да сықақ етеді, «Дәрет дамбал шірітер», «Мың жұмақтан бір күнгі тірлік артық» — деп қорытынды жасайды. Сондықтан да халық «Алладан ойбайым тыныш» деп, өзіне түсініксіз дін сөздеріне, дін үгітіне бой ұрмайды.



Әрине, дін жайында шығарылған мақалдарда халықты діни ұғымдармен күресуге, оған қарсылық көрсетуге шақыратын үгіттер жоқ. Ондай әңгімелерді халық ертеде ашық айта да алмаған. Бірақ халық дінді, діни ұғымдарды, оларды таратушы қожа-молдаларды сынайды. Әжуа, келеке, мазақ етеді. Мұның өзі дінге қарсы ашық күреске шақыру болмаса да, халықтың дінге көзқарасы қандай екендігін айқындайды.

Халық мақалдарының қоғамдық мәні бар тақырыптарының бірі — *оқу-білім, тазалық-тәрбие, мінез-құлық, әдет-ғұрып* жайлары. Бұлар жөнінде халықтың ойы, көзқарасы, шығарар қорытындысы, айтар ақыл-өсиеті қандай екендігі байқалады. Жақсы нәрсені үлгі ету, жаманнан жиіркеніш тауып бездіру — аталған тақырыптағы мақалдардың басты мәселесі.

Өнер-білім, оқу, ғылым жайын сөз қылғанда, халық мақалы әңгімені бұлардың адам баласына тигізетін пайдасы көп екендігін көрсетуден бастайды. Жақсылығы көп жарық дүние — оқу-ғылым арқылы жасалады дей отырып, оны қараңғылық пен надандыққа қарама-қарсы қояды, салыстыру жасап, түйінді қорытынды шығарады. «Оқу — білім бұлағы, білім — өмір шырағы», «Оқыған — озады, оқымаған — тозады», «Білек сүріндіре алмағанды — білім сүріндіреді», «Өнерліге өлім жоқ», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Білімдіге — дүние жарық, білімсіздің — түбі ғарып», «Өнерлінің өрісі — ұзақ» деген мақалдарымен халық өнер-білімді, оқу мен ғылымды аса жоғары бағалайды. Бағасын бере отырып, ақылын айтады: оқы, үйрен, білімді бол! — дейді. Әрине, оқу, білім алу жолы оңай еместігін де халық мақалына қосады. «Оқу — инемен құдық қазғандай» қиын екендігін аңғартады. Бірақ қиыншылықтан қорқып оқымай қалуға болмайды, оқи берсе, оған ынта-жігермен беріле кіріседі, адам баласы мақсатына жетеді деп көрсетеді. Халық «оқу оқы, білім ал» дегенді текке айтпайды, білім алған адам халыққа қызмет етеді, пайдасын тигізеді, халықтың ілгерілеп алға басуына үлкен үлес қосады деп түйеді. Ал адам оқымаса, оған ұмтылмаса қараңғылық пен надандықтың шырмауына түседі, ғарыптық халге ұшырайды деп біледі. Сондықтан да халықтың бұл алуандас мақалдары жас ұрпаққа арналған үгіт, ақыл-өсиет, нақыл сөз болып отырады. Өмір бойына оқи бер, «оқып болдым, жетілдім» деуден сақ бол дегенді де ескертеді.

*Денсаулық, тазалық, тәрбие* жайындағы мақалдардан халықтың ерте заманнан келе жатқан және тұрмыс-тіршілігінде сыналған тәжірибелері орын алғандығын



байқаймыз. «Ауру — астан», «Саулық негізі — тазалық», «Денсаулық — зор байлық», «Көзің ауырса, қолыңды тый; ішің ауырса, тамағыңды тый», «Аурудың алдын ал», «Жасыңда салақ болсаң, бара-бара былық боларсың» сияқты мақалдар халықтың денсаулық, тазалық жайындағы ұғым-түсінігін көрсетеді, тазалық сақтаған адам ауру-сырқаудан аман болады деп біледі. Мұнысы — халықтың бүгінгідей дәрігері, емханасы болмаған кезде жасаған тәжірибесі, содан шығарған қорытындысы, жұрттың үлгі алуы үшін айтқан нақыл сөзі.

*Адамның мінез-құлқы, халықтың әдет-ғұрпы* да мақалдардан елеулі орын алды. Бұларға халық көпшілік бұқара тұрғысынан қарайды. Халыққа жақсы, жағымды көрінетін, үлгі алуға жарайтын мінез-құлықты, сондай әдет-ғұрыпты мақалға қосады. Халық алдында адал, турашыл, шыншыл, әділ болу, халық жүктеген міндетті абыроймен орындау, өтірік-өсек айтпау, жалқау болмай сңбек-кәсіп ету, кіші пейіл болу, жолдастықты сақтау, досқа жәрдем-көмек, ашу шақырмай ақылмен іс істеу т.б. сияқты жақсы мінезді қадірлеп үлгі етеді. Мұны жол-жоба, ақыл-өсиетке айналдырады. Халық ұғымында не нәрсе деп танылса, мақалдар соны құптап отырады. Сондай-ақ, ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптың ішінен халық өз мүддесіне, көпшілік тілегіне, қабысатындарын ғана алып, мақалынан орын береді. Ал халық тілегіне, көзқарасына жатпайтын әдет-ғұрыпты дәріптемейді.

Қазақ мақалдарына жоғарыда жасалған қысқаша шолу — ауыз әдебиетінің бір түрі — мазмұны жағынан болсын, тақырыбы жағынан болсын орасан көп дүниесінің көрсетеді. Халықтың ғасырлар бойына сақтап келген және өзінің тіршілік-тұрмысында, қоғамдық өмірінде қолданған мақалдары халықтық сипатын жоймай, біздің заманымызға жеткенін байқаймыз. Халықтың арман-мүддесін, көзқарасын, әрбір қоғамдық, таптық жағдайларға берген бағасын білдіретін, ақыл-өсиет, нақыл сөз ретінде айтылатын бұл мақалдар бүгінгі күнде де өзінің қасиетін жойған жоқ.

#### **МАҚАЛДАРДЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақ мақалдарының өзіне тән негізгі бір ерекшелігі — аз сөзбен көп мағына беретіндігінде. «Аз сөз — алтын, көп сөз — көмір», дей отырып, халық өзінің мақалдарында мазмұнды әңгіменің «тобықтай түйінін» береді, ой-пікірін, көзқарасын әрі терең, әрі ашық айтады.

Мақалдың сөз саралауы олпы-солпы болмайды, етек-жеңі жинақы, ықшам келсіді. Айтылатын пікір, жасалатын қорытынды, берілетін баға толық дәлелденген, шындалып,

шынайыланып жонылып, өткірленіп келеді. Сондықтан да мақал оралымды, өткір болады. Мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отырады.

Ішкі құрылысы жағынан алғанда, мақалдар екі түрлі: біріншісі — айтайын деген ойын ашық етіп бірден, турасынан білдіреді («Жауды аяған жаралы қалады», «Бірлігі жоқтың — тірлігі жоқ», т.б.). Екіншісі — негізгі ойды астарлап айтатын, ишаратпен білдіретін мақалдар. Қазақ мақалдарының біразы осы соңғы түрге енеді. Мұның мысалдарына «Жығылсаң нардан жығыл», «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деген мақалдарды жатқызуға болады. Сырт қарағанда бұл мақалдарда айтылатын ой айқын, әрқайсысы өз орнында тұрған секілді. Бірақ олардың түпкі мағынасында басқа әңгімелер жатады. «Жығылсаң нардан жығыл» дегенде, нардан жығылып қалуды айтып отырған жоқ, нардай іске ұмтыл, мақсатыңа жете алмасаң, ол айып емес деген ойды білдіреді. «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деуде тура мағына болумен қатар, астарлап айтылған жанама мағына бар. Ол сырлас болмаған, сырын білмеген адаммен бірден ашна-жай болудың қолайсыз жағдайға душар ететінін аңғартады. Сондай-ақ, «Түйенің үлкені көпірден таяқ жер», «Керек тастың ауырлығы жоқ», «Қысқа жіп күрмеуге келмес», «Аузы күйген үріп ішер» деген тәрізді мақалдарды алсақ, бұлардың ішінде тура мағынадан гөрі, астарлап айтылған, жанама түрінде берілген мағына, ой-пікір жатқанын байқаймыз. Айтайын деген негізгі ойды осы сияқты жанама түрде астарлап айту мақалдарға тән ерекшелік болып табылады.

Мақалдарға тән ерекшеліктің бірі — оның құрылысында. Мақалдар көбінесе, бір сөйлемнен құрылады («Кеңесті ел — кемімес», «Тіл — қылыштан өткір», «Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады» т.б.). Осындай бір сөйлем арқылы-ақ мағынасы терең, мазмұнды әңгімелерді жеткізе алады.

Мақалдардың құрылысында дыбыс үндестігі, бір дыбысты не бір сөзді қайталаушылық, сөз ұйқасымы айрықша орын алады. Мақалды бұлай стіп құру, оның мазмұнын тереңдете түсумен қатар, айтылатын негізгі ойды көркемдеп жеткізуге себепкер болады, соған көңіл аударады. «Болған іске болаттай берік бол», «Үміт — үзілмес», «Ерлік — елдің сыны», «Болған кісі болдым демес, болдым десе, болғаны емес» дегендерден дыбыс қайталаушылықтың, дыбыс үндестігінің үлгілерін көреміз.

Мұнымен қатар, қазақ мақалдары, көбінесе, өлеңнің жеті-сегіз буынды жыр түрінде жасалады. Негізгі ойды аз

сөзбен өткірлеп, жеткізе айтуды көздеумен бірге, оның әдемі, көркем және ұйқасымды болып келу жағын да қарастырады. Бұл ретте кейбір мақалдар бір шумақтан тұратын өлең сияқты. Бұған: «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер; ер басына күн туса, етігімен су кешер», «Арық деген жаман тай, жазға шығып ат болар; жамандығың сезілсе, жақын кісі жат болар», «Жамандықты көп қусаң, құтылмас пәле жолығар, жақсылықты көп қусаң, бақдәулетің молығар» деген мақалдар мысал бола алады. Мұндай мақалдар кейде терең мағыналы толғау, нақыл сөз есебінде де айтылады.

#### **МӘТЕЛ**

Мақал мен мәтел құрылысы, түрі, сөз саптасы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас келеді. Бірақ өзара айырмашылығы да бар. Басты айырмашылық — бұлардың мазмұнында.

Қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады, мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып отырады. Ал мәтелдерде бұл секілді мазмұнды, оқиғалы әңгімелер өте аз кездеседі. Мәтелдер, көбінесе, сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы («Көппен көрген ұлы той», «Құрыққа сырық жалғап», «Қызым саған айтам, келінім сен тында», «Тілге тиек жасап», «Ханнан қазық, биден тоқпақ», т.б.) ретінде қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады. Мәтел айтайын деген ойын турасынан білдірмей, жанама түрінде, әр түрлі салыстыру, теңеу арқылы жеткізеді; кейбір сөздерін тындаушының өзі аңғарып түсінер деген оймен әдейі қалдырып кетеді. Бұл мәтелдің өзіне тән срекшелігінің бірі болып табылады.

#### **ЖҰМБАҚТАР**

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі — жұмбақтар. Ол — барлық елдің ауыз әдебиетіне ортақ жанр.

Халық шығармасының жұмбақ түрін зерттеген ғалымдардың айтуына қарағанда, жұмбақ ертедегі адамдардың, бүкіл коллективтің еңбек-кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік құру тәжірибесінен туған<sup>1</sup> Алғашқы кездесу адам баласына

---

<sup>1</sup> М. Әуезов. Жұмбақтар туралы, 1940, («Жұмбақтар» жинағы); А. А. Қайев. Русская литература, 1953; И. М. Колесницкая. Загадки, 1954; (Русское народное поэтическое творчество под ред. проф. П. Г. Богатырева); Ә. Марғұлан. Жұмбақ, 1960; (Қазақ әдебиетінің тарихы, I том)

дүниедегі заттардың, жаратылыс құбылыстарының барлығы, олардың сыры, неден жасалатындығы мәлім болмаған, жұмбақ болған. Бірақ адам баласы сол жұмбақты шешуге тырысқан, білу жолын қарастырған, айнала қоршаған жаратылыс дүниесін, оның құбылыстарын, еңбек-кәсіп құралдарын, әр түрлі хайуанаттар жайын бір-біріне салыстыру арқылы тануды көздеген. Ол үшін өздеріне таныс бір затты екінші бір бейтаныс затқа салыстыра отырып немесе сол заттардың бір-біріне ұқсас белгілеріне қарап, олардың қандай зат екендігін, неден шыққандығын анықтаған. Жұмбақтардың алғашқы үлгілері осылай шыққан.

Бертін келе адам баласының ой-өрісі, дүние танымы, білім көлемі ұлғайған кезде, жаратылыс дүниесінің және заттардың шығу сырын анықтап аңғарған кезде жұмбақтар алғашқы қалпынан өзгере бастайды. Бұл кезде шығарылған жұмбақтарда адамға таныс заттардың немесе жаратылыс құбылыстарының сыртқы белгілері ғана алынады, соған қарап жұмбақ шығарылады. Жұмбақ заттың өзін айтпай, оның түр-түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ал заттың өз атын жасырын ұстайды. Сондықтан да *ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды жұмбақ дейміз.*

Жұмбақтың алғашқы үлгілері ертедегі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне, еңбек-кәсіп ету жайларына байланысты туып, кейіннен халық өмірімен біте қайнасқан, талай ғасырмен бірге жасасқан, өзінің қалыптасу және даму процесінде жаңа мазмұн, жаңа тақырып алып отырған. Ауыз әдебиетінің басқа тарихи дәуірлер туғызған жаңалықтарды бойына жинай келген. Қай кезде болса да, жұмбақты еңбекші халық оралымды ұшқыр сөз, өткірлік, тапқырлық ретінде қолданған. Мұнымен қатар, жұмбақтың білім берерлік, білмегенді білуге ұмтылдырарлық қасиеті барлығын халық жақсы түсінген. Сондықтан да жұмбақ халықтың күнделікті өмірінен ерекше орын алған.

Жұмбақ айту — әр халықтың әріден келе жатқан дәстүрінің бірі. М. Әуезов жоғарыда аталған еңбегінде, қазақтың ертедегі әдет-ғұрып салтында жұмбақтың ерекше орын алғандығын айта келіп, былай деген: «Кейде бүкіл бір ертеке жұмбақтан туады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған». Бұл — тарихи шындыққа негізделген пікір.



Қазақтың көптеген ертегілеріне мазмұн болған да немесе сондағы көп әңгімелердің түйінін шешетін де жұмбақ болғанын білеміз. Бұған «Қарттың ұлына айтқан өсиеті», «Қарт пен тапқыр жігіт», «Аяз бидің ертегілері» дәлел. Сондай-ақ, ерте заманда күйеу тандаған қыздар: «Жұмбағымды шешкен жігітке ғана тием»,— деп, жұмбақты өнер салыстыру, жігіттің ақыл-ойын сынау ретінде қолданған. Бертін келе жұмбақ ақындар айтысынан орын алған. Айтысқа түскен ақындар бір-бірінің ақындық өнерін байқаумен қатар, білім көлемдерін де сынасқан; ол үшін бір-біріне жұмбақ берісіп, өнер салыстырған. Ал енді кейбір елдерде жұмбақ үлкен әңгімелі жырлар тууына себепкер болған. Мәселен, ескі грек жұртының Эдип патша жайындағы трагедиялы әңгімесі жұмбақтан (Сфинкстің «Таңертең төрт аяқты, түсте екі аяқты, кешке үш аяқты болатын не?» деген жұмбағы) басталып, көп жағдайларды суреттеген.

Мінс, мұның бәрі ауыз әдебиетінде жұмбақтардың мәні зор болғандығын көрсетеді.

Жұмбақ — оқушы балалар мен жастарға білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдың бірі.

**ЖҰМБАҚТЫҢ  
ТАҚЫРЫБЫ,  
МАЗМҰНЫ**

Халық жұмбақтарының тақырыбы өте көп. Жаратылыс дүниесі, табиғат жайы, сәбек-кәсіп құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі, өнер-білім, техника т.б. жұмбақтардың басты тақырыбы болумен қатар, мазмұны да болады. Бұл тақырыптардың бәрі жұмбақ көлеміне сәнгенде, әрқайсысы жалпылама түрде алынбай, бөлшектене, жекселенс алынады.

Аталған тақырыптағы жұмбақтардың қайсысы қай кезде туғандығын көрсету, толық хронологиясын беру қиын нәрсес. Дегенмен кейбір тақырыптағы жұмбақтардың қашан туғандығын белгілеуге болады. Мәселен, өнер-білім, техника жайында шығарылған жұмбақтар бергі кезде, XIX ғасырдың ішінде туа бастағанын байқаймыз. «Аяғы жоқ жүреді, аузы жоқ сөйлсіді» (хат), «Өзі жаңа, өзі тесік» (елеуіш), «Өмірді өлшейді, ешкімнен сұрамай; тілінді алмайды, тетігін бұрамай» (сағат) дейтін жұмбақтардың ерте заманда тууы мүмкін емес. Өйткені ертедегі адамдарға хат, елеуіш, сағат дегендердің өзі түсініксіз болатын. Сондықтан бұл тектес жұмбақтарды бергі кездің шығармасы деп қарау керек.

Жұмбақтардың мол тақырыбының бірі адам баласының жаратылыс дүниесін тану әрекетіне байланысты туған деуге



болады. Бұл тақырыптағы жұмбақтардан адамдардың дүние танудағы ой-өрісі, түсінігі, табиғат құбылыстары жайындағы ұғымдары да көрініп отырады. Олар Ай мен Күнді, Жер мен көкті, от пен суды, қыс пен жазды, қар мен жаңбырды, жел мен құйынды, т.б. жұмбақ еткенде, өздерінің ұғым-түсінігіне жақын нәрселерге салыстырады.

Аспан әлемі жұмбақ көлеміне енгенде көз жетпейтін дария, үлкен көк шатыр, кең сарай бейнесінде алынады. Кейде сол аспан әлемін мекендеушілер кімдер екенін жұмбаққа қосады. Мәселен:

Көріп едім бір үлкен дарияны,  
Барша қыз мекен өтіп жатыр оны.  
Ішінде ерлі-байлы екі аққу бар,  
Жарықтық жеті сарбас балалары,—

деп, аспанды — дарияға, жұлдыздарды — қызға, Ай мен Күнді — аққуға, Жетіқарақшыны — балаға теңейді.

Ай мен Күн, жұлдыз, Жетіқарақшы, Үркер, Шолпан үнсімі парланып жұмбақталмайды, әрқайсысы өз алдына бір жұмбақ болып та отырады. Сонда күнді алма деп немесе күміс табақ, ақ сандық деп бейнелейді.

Жұлдыздар, көбінесе, ақ моншақ, мерует, шашылған тары, ұсақ тас немесе қыз бейнесінде жұмбаққа қосылады. («Үй үстінде ұсақ тас», «Там басына тары шаштым», «Тақиям толған сөк, ертеңгісін дым да жоқ», т.б.).

Айды жұмбақ еткенде, көбінесе оның үш мезгілі (жаңа туған ай, айдың жартысы, айдың толған кездері) бөлшектенс алынады. Әр мезгіліне бөлск-бөлек бейне табады. («Көп бауырсақ ішінде бір қалаш», «Жабық астында жарты күлше», т.б.). Мұнымен қатар, Айды су бетіне түскен көлеңкесімен де суреттеп отырады. Мысалы:

Қонақтап күнде келер су бетіне,  
Пар келмес гауһар затты келбетіне.  
Мекені су жүзінде көрінеді,  
Тамаша, қарап тұрсам суретіне,—

Халық аспан әлемінен Шолпан, Үркер, Жетіқарақшы, кемпір-қосақ, найзағайды да жұмбағына енгізеді. Әрқайсысына ұқсас келетін сыртқы бейне, сурет, сипат, белгі табады. Шолпан, Үркер, Жетіқарақшыны, көбінесе, құс бейнесінде (Жетіқарақшыны — үйрек, Үркерді — балапан, Шолпанды — тоты құс деп) суреттейді.

Жаратылыс тақырыбына шығарылған жұмбақтардың бірсыпырасы жерге байланысты айтылады. Бұл ретте жұмбақ көлеміне енгендер: жер, су, от, боран, қар, тау, тас, өсімдік, т.б. Жерді жұмбақ еткенде өлшеусіз пішілген

бір дүние, көлеміне көз жетпейтін кілем түрінде сипаттайды (мысалы: «Өлшеусіз піштім, жіпсіз тіктім», «Зер-зер кілем, зер кілем, көтерейін десем зор кілем», т.б). Суды жыланға теңейді немесе ағысымен аңғартады. («Жылт-жылт еткен, жырадан өткен», «Өзі тоқ, көлеңкесі жоқ». «Отқа жанбас, суға батпас» деп мұзды, «Жер түбінен боз жорға ат келеді» деп боранды жұмбақ етеді.

Жер әлемін жұмбаққа енгізгенде оған жер бетіне шығатын өсімдіктерді де қосады. Бұл ретте халықтың жұмбақтарынан егін, шөп түрлері орын алады, әрқайсысының шаруашылыққа пайдасы көп екендігін көрсетеді. «Аласа терек, алпыс бұтақ, бұтақ сайын ұя, ұя сайын жұмыртқа» деп егіннің басын жұмбақтайды. Қауын-қарбызды көгенде жатып семірген лаққа теңейді. «Қырға кілем жайдым» деп, жазғы жасыл жер көрінісін образды түрде бейнелейді.

Қазақ жұмбақтарының күрделі бір тақырыбы — төрт түлік мал, жалпы хайуанаттар жайына арналады. Мал өсіріп кәсіп еткен, оның сырын жақсы білген халық төрт түліктің өзіне тән мінезі мен қасиетін, адам баласы үшін жасайтын қызметін, келтірер пайдасын айтып жұмбағына қосады. Төрт түлікті жұмбақ еткенде, әрбір малдың аты айтылмайды, тек мүшелері айтылады. Бұл тақырыптағы жұмбақтар «Төсек астында төрт бауырсақ» (сиырдың емшегі), «Екі кісі қарауыл қарады, бір кісі шөпшек терді» (түйенің өркеші, ерні) секілді болып келеді. Кейде әр түліктің неше айда төлдейтінін де жұмбақ арқылы білдіреді. «Он екі түйе, он жылқы, тоғыз сиыр, бес ешкі» дегенде түйенің он екі айда бір боталайтыны, жылқы он айда құлындайтыны, сиыр тоғыз айда бұзаулайтынын, ешкі бес айда лақтайтынын көрсетеді.

Хайуанаттар дүниесінен жұмбаққа қосылатыны: қасқыр, қоян, аю, жолбарыс, арыстан, түлкі, т.б. Бұларды жұмбақтағанда, олар сыртқы бейнесімен, мінез-қылығымен алынады. Кейде жыртқыш аңдар жұмбақ көлеміне өздерінің адам баласына, төрт түлікке жасайтын қастығымен енеді. Мысалы:

Кілемнің түрлеріндей жүндері бар,  
Айбатты, жан шыдамас үндері бар,  
Шаршы бой, сұлу құйрық, қысқа құлақ,  
Кететін зиян қылып бір жері бар,—

деп жолбарысты жұмбақтайды. Немесе:

Белестен шапқан бесті ат,  
Бүлкіл келген желісті ат,

Күзетсізді іздейді,  
Малдан күдер үзбейді,—

деп қасқырды сипаттайды.

Қасқыр жайы жұмбаққа, көбінесе, оның үй малына жасайтын қастығымен алынады. Мәселен, — «Келінінің атасына айтқаны» дейтін әңгімеде қасқыр ғана жұмбақталмайды. Онымен бірге ескі ауылдың әдет-ғұрпы да суреттеледі. Бұл әңгімеде келіні атасына: «Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр, қынамадан жаныманы әкеліңіз»,— депті. Мұнда өзен, қамыс, қой, қасқыр, қынап, бәкі жұмбақ түрінде айтылады. Ескі салт бойынша, жас келіндер ауылдағы үлкен кісілердің атын атамайтын болған, атай қалса, ол күнәлі саналатын. Ал мына жұмбақ түрінде айтылып отырған әңгімеде кісі атына ұқсас келетіндері бар (Өзенбай, Қамысбай, Қасқырбай, Қойшыбай, Бәкібай болуы мүмкін). Сондықтан оларды дана келін әрі жұмбақ, әрі түсінікті стіп тапқырлықпен жеткізеді. Бір жағынан, қасқырдың малға келтірген қаскүнемдік зиянын айтса; екіншіден, ескі салтқа байланысты ұғымды да жұмбақ стеді.

Хайуанаттар мен қатар, қазақ жұмбақтарынан шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа, бақа-шаян, т.б. қысқасы, барлық жәндіктер дүниесі орын алады. Бұлар өздерінің түс-түгі, сыртқы белгілерімен, әр түрлі тіршілігімен жұмбаққа снесді. Бұл тақырыптағы жұмбақтар «Ұшқанда өлең айтады, қонғанда жер қазады» (қоңыз), «Кішкене ғана қара тас, атан түйе тарта алмас» (қарақұрт), «Елек-слек тарым бар, көтере алсаң бәрін ал» (құмырсқа және илсуі), «Ат басты, арқар мүйізді, бөрі ксуделі, бөксен санды» (шегіртке) сияқты болып келеді.

Жұмбақтардың аса бір мол тақырыбы — *еібек-кәіп* құралдары және *тұрмысқа керекті жабдықтар* жайына арналады. Бұл тақырыптағы жұмбақтар үлкенді-кішілі құрал-саймандардан бастап, ыдыс-аяқ, ине-жіпке дейін қамтиды. Арба, шана, қамыт-сайман, ер-тұрман, балға, балта, қысқасы, барлық шаруа құралдары, үй жабдықтары, киім-кешек, ыдыс-аяқ, ине-жіп, т.б. жұмбақ көлеміне снесді. Мысалы:

Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,  
Тимейді ұшы жерге аяғының.  
Кос қолды хайуанға арта салып,  
Салады әуесіне баяғының,—

деп арбаны суреттейді. Немесе «Өзі батыр, жасырынып жатыр» (қақпан), «Тұрса түйсдей, жатса қояндай» (ертоқым), «Алдын айпар, жанын жайпар» (шалғы), «Ерте

тұрдым, екі айыр жолға түстім» (шалбар), «Екі шеті жұдырықтай, ортасы қылдырықтай» (тұтқыш), «Кішкене ғана тостаған, көтеріп мені тастаған» (үзеңгі), «Бір тышқанда екі құйрық» (инс, жіп), «Кішкене ғана ақ күшік, жүгіре-жүгіре буаз болды» (ұршық), «Ұзын құйрық сауысқан, бір көлдің суын тауысқан» (қауға), «Отыз омыртқа, қырық қабырға, бәрі: ұстап тұрған — ауыз омыртқа» (отыз — уық, қырқы — кереге, ауыз омыртқасы — шаңырақ), деп жұмбақ етеді.

Қазақ жұмбақтарының тақырыбы және мазмұны жағынан әрі күрделісі, әрі көбі: *оқу-білім, өнер, техника* жайын суреттеуге арналады. Бұл тақырыптағы жұмбақтардың біразы қазақ елінің Ресей мемлекетіне қосылған кезінде туған секілді. Ал басым көпшілігі біздің заманымызда, қазақ халқының экономикасы мен мәдениеті өркендеген кеңестік дәуірде туғандығын байқаймыз.

Кеңестік дәуірде қазақ халқы экономикасы өркендеген, мәдениеті гүлденген елге айналды, оқу-білім, техникаға ие болды. Ертедегі қазақтардың түсіне енбеген, тек арманы болған мәдениет ордалары, оқу-білім беретін орындар, техника құралдары көбейді. Қазақ жастары оқуға ұмтылды, әр түрлі жоғары мамандықтар алды, техниканы меңгерді. Қазақ ауылының тұрмысына енген бұл жаңалықтар халықтың ауыз әдебиетіне, соның ішінде жұмбақтарға үлкен әсер етті; тақырыбы мен мазмұны жаңа жұмбақтар тууына себепкер болды.

Аталған тақырыптағы жұмбақтар өнер-білім, оқу, техниканы жалпылама түрде алмайды, әрқайсысын ажырата, жскелеп алады және нәтижесін айтады. Мысалы, оқу оқып, білім алуға керекті жабдықтар мен құралдарды сипаттау арқылы оқу-білім жайы жұмбақталады. Бұл ретте жұмбаққа снетіндер: қағаз, қарындаш, қалам, әріп, географиялық карта, дәптер т.б. Жұмбақ қалам мен қарындашты жүйрік жорғаға, сия сауытты — тастан соғылған, суы таусылмайтын құдыққа, әріптерді — ағайындас адамдарға теңейді. Кітапты «жаны жоқ болса да, ақылы адам ісін істейді» деп, немесе:

Бір нәрсе білмегенді білгізеді,  
Өзіңді қарап тұрсаң күлгізеді.  
Жалғанда әңгімесі сондай қызық,  
Жаныңды тыңдай берсең кіргізеді,—

деп сипаттайды. Географиялық картаны жұмбақ еткенде:

Жер көрдім қаласы бар,  
Үйлері жоқ мекендейтін.

Көл көрдім, өзен көрдім,  
Сулары жоқ тереңдейтін,—

деп бейнелейді.

Техника туралы шығарылған жұмбақтардың көлеміне енетіндер көбінесе, автомашина, паровоз, поезд, телеграф, телефон, радио, комбайн, трактор, электр, самолет, т.б. Халықтың жұмбақтарында паровозды алып күшті қара айғыр немесе боздаған қара інген деп, поезды көшіп бара жатқан керуен деп суреттейді. Радионы жансыз бұлбұлға немесе аспан тілшісіне теңейді. Ұшақты аспан айдынында жүзген жайын бейнесінде алады. Электрді «байласаңыз жүре бастайды, шешкенде тұрып қалады» деп көрсетеді. Телеграфты жұмбақ еткенде:

Білмеймін аяқтарын неше мыңнан,  
Бір нәрсе арқасында жалғыз қылдан,  
Өзінің иелері әмір қылса,  
Жер жүзін бір сағатта сайран қылған,—

деп сипаттайды.

Өнер-білім жайында шығарылған жұмбақтар бір жылда неше ай, неше күн, неше жұма бар екендігін де суреттейді. Бұл ретте жұмбақ жылды самұрық құсқа, бір жылдағы 365 күнді жұмыртқаға, 12 айды ұяға, 48 жұманы балапанға теңейді. Сөйтіп бұл жұмбақты халық календарь есебінде айтады.

Халық жұмбақтарының кейбіреулері өткен замандағы байлар мен *дін иелерін күлкі, әжуа етіп* сипаттайды. «Қу ағаштың басында құтырған адам айғайлайды» (мешіт, молда) деген жұмбақта халықтың дінге, азаншы молдаға көзқарасы қандай екенін білдіреді. Дін ордасы деп молдалар айтатын мешітті қуарған ағашқа, азаншыны құтырған адамға теңейді, мазақ етеді.

#### **ЖҰМБАҚТАРДЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді, жұмбақтардың да өзінс тән ерекшеліктері бар. Ең алдымен жұмбақтар тапқырлыққа құрылады. Жұмбақтың өзі де, оның шешуі де асқан тапқырлықпен құрылуға тиісті. Сонда ғана ол жұмбақ болады.

Жұмбақта фантазиядан да дерсктілік, нақтылық басым келеді. Ол жұмбақ көлеміне енетін нәрселерді алыстағы бұлдырдан емес, адамның көз алдындағы, күн сайын көріп, біліп отырған нәрселерін жұмбақ етеді. Бұл нәрселерді жалпылама түрінде алмай, бөлшектеп, жекелеп алады, әрбір заттың бөлшек-бөлшек бөлшектеріне айрықша көңіл аударады. (Рас, жұмбақта бірнеше нәрсені бірақ айтатын, жал-



пылама түрде көрсететін кездері де болады. Бірақ ол өте аз кездеседі.) Мәселен, жұмбаққа сиырды енгізгенде, оның өзін айтумен қабат, мүйізін де, емшегін де, сүтін де бөлек жұмбақ стеді.

Жұмбақ өз көлеміне енетін заттарды сыртқы белгісі, сыртқы кескін көрінісімен сипаттайды («Қараша тауым қарлы болды, бір жуса кетпейтұғын зәрлі болды» шаштың ағаруы). Мұнымен қатар жұмбақ әрбір затты құлаққа сстілетін дыбыс белгісімен де бейнелейді. Мысалы: «Әуеден күбі түсті, күбінің түбі түсті» деп күннің күркіреуін жұмбақтайды.

Жұмбақтың өзінс тән бір ерекшелігі — жұмбаққа алынатын нәрселерді атқаратын қызметіне қарап көрсетуінде. Мәселен, құлыпты жұмбақ еткенде:

Ө, кермет бір ит бар  
Үй бағады, үрмейді,  
Аяғы жоқ жүрмейді.  
Рұқсатсыз ол иттеп  
Ешкім үйге кірмейді,—

деп келеді. Жұмбақтардың көпшілігінде осы ерекшелік айрықша көзге түсіп отырады.

Кейде жұмбақ әрбір заттың неден істелгенін, тегі қандай екенін, кейіннен, қандай күйге түскенін де сипаттайды. Мысалға үйге ұсталатын ши туралы жұмбақты алайық. Онда:

Өз слімде шөп едім,  
Желкілдеген боз едім.  
Колға түстім, қиылдым,  
Он жерімнен буылдым,—

делінеді. Ал тұзды «Судан шығады, судан қорқады» деп жұмбақтайды.

Жұмбақтарда көп кездесетін ерекшеліктердің бірі — заты жақын заттарды парлап, қосарлап айтуында. Ай мен Күн, Жер мен көк, қыс пен жаз, күн мен түн, қол мен аяқ, т.б. жұбымен алынып жұмбаққа қосылады. Бұл ретте, мысалы, Күн мен Ай мына түрде жұмбақ стіледі:

Бірсудің бір ұлы бар және қызы,  
Біледі ол екеуін дүние жүзі.  
Ұйықтайды ұлы түнде, қызы күндіз,  
Жүргенде білінбейді басқан ізі.

Жұмбақтың қайсысы болса да негізгі ойды образ, ора-лымды ұшқыр сөз арқылы білдіреді. Көркемдік суреттеу құралы болып табылатын теңеу, метафора жұмбақта көп қолданылады. Бір нәрсені екіншісіне теңеп, салыстыра отырып образ жасайды. Мәселен, шегірткені:


Ат басты,  
Арқар мүйізді,  
Бөрі кеуделі,  
Бөкен санды;—

деп суреттейді де, көз алдына оның кескін-пішінін елестетеді.

Қазақтың жұмбақтары, өзінің құрылысы, сөз айшығы жағынан мақал мен мәтелге ұқсайды және көбінесе өлең түрінде келеді, ұйқасым, ырғақтарды сақтап отырады. Мұнымен қатар, жұмбақтарда да дыбыс үндестігі, дыбыс қайталаушылық, сөйтіп барып айтайын деген ойға тыңдаушының көңілін бөлушілік көп кездеседі. Мұны «Жаралғанда жабысқан» (адамның не заттың аты), «Ти десем тимейді, тиме десем тиеді» (ерін), «Тақиям толған тары» (жұлдыз), «Өлсең де өлмейді, өлмесең де өлмейді» (адамның есімі) сияқты жұмбақтардан көреміз.

Сонымен, қазақ халқының ерте заманда туып, бүгінгі күнге дейін өсу, жаңару үстінде келе жатқан жұмбақтары ұлттық мәдениетіміздің көрнекті бір тарауы болып табылады. Оларды адам баласының ой-өрісі, дүние танымы, білім көлемі ұлғая беруіне көмектесетін, тапқырлыққа, білмегенді білуге, ізденуге ой салатын, соған ұмтылдыратын, білімдік, тәрбиелік мәні бар халық шығармасы деп қараймыз.





### III тарау

#### ЕРТЕГІЛЕР

Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасының бір түрі — ертегілер.

Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесі деп қараймыз.

Халық әдебиетінің басқа түрлері секілді, ертегілер де адам баласының еңбек-кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік құру тәжірибесіне байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатындығын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен; өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Бұл жөніндегі ұғым-түсініктерін, наным мен сенімін әңгімелеп айтатын болған. Сөйтіп ертегі-әңгімелердің алғашқы үлгілері туған. (Халық шығармасының бұл түрі «ертегі» деп аталуының өзі-ақ, онда айтылатын әңгімелердің есте қалмаған ерте заманда туғандығын аңғартады).

Бертін келе, экономиканың ілгері дамуы, қоғамдық қарым-қатынастардың алға басуы, адам баласының дүние танымының, ой-өрісінің, сана-сезімінің ұлғайып өсуі жалпы халық шығармаларына, соның ішінде ертегілерге көп әсер еткен. Осы негізде ертегілердің алғашқы үлгілері әр түрлі өзгерістерге ұшырап, жаңа ертегілер туа бастаған және онда адам баласының арман-мүддесі, ой-санасы, болашақтан күтетін үміті суреттелген. Осы ретте туған ертегілерден адам баласының тұрмыс-тіршілігі, өмірі, ісі басты орын алады, қоғамдық мәні бар мәселелер көтеріледі. Бұлардың бәрін халық ертегілері көркемдеп суреттеу, образдар арқылы бейнелеген. Бұл секілді жағдайларды қазақ ертегілері де басынан кешірген деуге болады. Алайда, қазақ ертегілерін сөз еткенде, біз оның ең алғашқы үлгілері, олардың мазмұны, көркемдік дәрежесі қандай болғандығы

жайын анықтап айта алмаймыз. Өйткені ол ертегілер алғашқы айтылу қалпын сақтай отырып, біздің дәуірімізге жеткен смес. Ауыз әдебиетінің басқа түрі секілді, ертегілерде ауызша шығарылып, ауызша тарағандықтан әр түрлі өзгерістерге ұшыраған, бір ертегіге бірнеше ертегінің әңгімесі қосылып араласқан. Бергі заманда туған ертегілер ерте заманда шыққан кейбір ертегілердің алғашқы үлгілерін, олардың оқиғаларын бойына жинай да жүрген.

Осыған байланысты тағы бір жайды ескерте кетелік. Қазақ тілінде ауызша айтылып келген ертегілердің барлығын бірдей қазақ халқы шығарған жоқ. Қазақ ертегілерінің ішінде ағайындас-аралас, көршілерден, атап айтқанда: орыс, қырғыз, өзбек, түркімен, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтарынан алынған, бізге сіңісіп кеткен, өзіміздің төлтумамыз болған ертегілер де бар. Бұл алуандас ертегілер кездейсоқ түрде келіп енбеген. Ол қазақ халқымен көршілердің арасында көп заманға созылған экономикалық, ағайын-достық қарым-қатынастардың негізінде енген. Сөйтіп, қазақ халқы бұл ертегілердің жалпы мазмұнын алып, мәнерлеп әңгімелеген, өзінің тума шығармасы етіп жіберген. Сондықтан да біз оларды қазақ халқының ертегісі деп қарауға тиістіміз.

**ҚАЗАҚ  
ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ  
ЖИНАЛУЫ  
ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ**

Қазақ ертегілерінің ел арасынан жиналып, хатқа түсуі, баспа жүзіне шығуы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады деуге болады. Бұл ретте Шоқан Уәлиханов, Г. Н. Потанин, В. В. Радлов,

Ә. Диваевтің (бұлардың қызметін кіріспе бөлімде айтқанбыз) басқа бірнеше адамдардың айрықша еңбек сіңіргені байқалады. Олар А. Е. Алекторов, А. Васильев, Н. Пантусов, Бибіт Дауылбаев, Ташмұхамбет Сейфуллин, О. Әлжанов, Жағыпар Айманов, Б. Досымбеков, М. Ибрагимов, т.б.

Осы аталған адамдар сол кезде Орынборда, Омбыда, Қазанда, Астрахань мен Ташкентте шығатын газет-журналдар бетінде қазақ ертегілерін үнемі жариялап отырады. Олар өздері жинаған ертегілерді не орысша, не қазақша бастырады, кейді бір тілде ғана шығарады. Ертегілерді қазақ тілінде шығаратын болса (сөзі қазақша, әрпі орысша), онда қысқаша мазмұнын орысша аударады. Бұлардың жинаған материалдары өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап, «Дала уалаяты» газетінде, «Торғай облыстық ведомосында», «Ақмола облыстық ведомосында», «Орынбор газетінде», «Орынбор губерниялық ведомосында», «Астрахань газетінде», т.б. үзбей басылып тұрады. Қазақ ауыз әдбиетінің, соның

ішінде ертегілердің көптеген үлгілері, әсіресе, Омбы мен Орынборда шығатын газеттерде молырақ жарияланады.

Жоғарыда аталған адамдардың ішінен қазақ ертегілерін жинап бастыруда айтарлықтай еңбек еткендер — А. Алекторов, Н. Пантусов, А. Васильев, Б. Дауылбаев, М. Досымбековтар. Бұлар ел арасынан жинаған материалдарын төрт-бес газетке бастырып отырған және жеке жинақ етіп те шығарған. Мысалы, А. Алекторовтың жинаған ертегілері Омбы, Астрахань, Орынбор газеттерінде үнемі жарияланып келген және ол бір ертегіні бір ғана жерден бастыратын болған. Кейіннен ол өзі жинаған ертегілерін кітап етіп 1898 жылы «Киргизская хрестоматия» деген атпен екі тілде Орынборда шығарған.

Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін ел арасынан жинау ісіне белсене араласқан және бұл жөнінде асқан ұқыптылық жасаған адамның бірі Н. Пантусов болды. Ол жетпісінші жылдардан бастап қазақ елінің көп жерін аралайды, қазақ тілін үйренеді және жүрген жерінде ауыз әдебиеті нұсқаларын жазып алып отырады; жинаған материалдарын орыс тіліне аударады. Оның материалдары, көбінесе, «Дала уалаяты» газетінде (орысша аты «Киргизская степная газета») екі тілде үзбей жарияланып тұрады. Кейіннен ол «Қазақ-қырғыз тілін үйренушілерге көмекші материалдар» және «Қазақ халық әдебиетінің үлгілері» деген атпен 1899—1909 жылдар арасында (әрпі орысша, сөзі қазақша) жеті жинақ шығарады. Олары Қазан қаласында басылады. Бұл жинақтарға қазақ ертегілерінен көп материалдар енеді.

Қазақ ауылдарын көп аралаған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, баспа жүзіне шығаруда бірсыпыра еңбек сіңірген адамның бірі — А. Васильев. Оның жинаған материалдары «Дала уалаяты» газеті мен «Торғай облыстық ведомосында» екі тілде үзбей басылып тұрады және «Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері» деген атпен 1897 жылы «Торғай облыстық ведомосының» елу шақты нөмірінде көптеген ертегілер басылады. Васильев жинаған «Үлгілер» 1898 жылы Орынборда (сөзі қазақша, әрпі орысша) жеке кітапша болып шығады. 1900 жылы «Дала уалаяты» газетінде «Бозжігіт», 1901 жылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жарияланды. Бұл екеуін де жинап, газетке бастырған А. Васильев болды.

Қазақ ертегілерін жинау, баспа жүзіне шығару жөнінде кеңестік дәуірде бырсыпыра жұмыстар істелді. Егер Қазан революциясына дейін бұл істі жеке адамдар ғана жүргізсе, кеңестік дәуірде оған ғылыми-зерттеу мекемелері қатысады, мемлекет тарапынан қаржы бөлінеді. Мұнымен қатар,



кеңестік дәуірде қазақ ертегілері жөнінде қазақстандық жазушы Л. В. Макеев пен профессор В. М. Сидельниковтың еңбектерін айрықша атауға болады.<sup>1</sup>

Қазан революциясына дейін қазақ ертегілерін ел арасынан жинап алушылар болса да, оны ғылыми тұрғыдан баяндайтын үлкенді-кішілі еңбектер болмады. Бұл ретте Потанин, Васильев, Диваев, Мелиоранский, т.б. бірін-саран ғана мақалалар жазып пікірлер айтқан. Олар көбінесе қазақ ертегілерін жинау керектігін сөз етті.

Қазақ ертегілерін ғылыми тұрғыдан зерттеу ісі кеңестік дәуірде ғана қолға алынады. Алғашқы кезде бұл мәселе газет-журналдық мақалалар көлемінде<sup>2</sup> орта мектепке арналған оқулықтарда<sup>3</sup> идеялық-көркемдік жағынан алып қарауға көңіл бөлінеді. Қазақ ертегілерін зерттеу жайы осылай басталады да, кейіннен күрделі ғылыми еңбектер жазылады. Дегенмен, қазақ ертегілерін зерттеу жолында қате-кемшіліктер де болмай қойған жоқ. Мұның ең бастысы — ертегілердің барлығын халықтық деп бағалау, таптық жігін, қоғамдық сырын ашпау, қай ертегі, қай таптың идеясын көрсететіндігін анықтамау негізінде болып келеді. Осының нәтижесінде екі мәдениет туралы лениндік ілім бұрмаланды. Бұл қате-кемшіліктерді түзете отырып, халық ертегілерін бағалау, зерттеу жайында қазақ фольклористері жаңа еңбектер, зерттеулер жазды. Бұл жөнінде академик М.Әуезовтің еңбегін атауға болады<sup>4</sup> М. Әуезов қазақ ертегілерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктерін, тарихи даму жолдарын зерттеді, ертегілердің әдебиет тарихынан алатын орнын анықтайды. Кейіннен ол қазақ ертегілерін зерттеу ісіне қайта оралады да, «Ертегілер» атты ғылыми еңбегін жазады<sup>5</sup> Онда қазақ ертегілерін жан-жақты алып тексереді, мазмұнына қарай тақырыпқа бөледі, көркемдік ерекшеліктерін анықтайды.

---

<sup>1</sup> Л. Макеев. Казахские народные сказки, Алма-Ата, 1940, 1952, В. Сидельников. Казахские народные сказки, Москва, 1952, Алма-Ата, 1958.

<sup>2</sup> Е. Ысмайылов. Қазақ ертегілері туралы («Әдебиет және искусство» журналы, №1, 1940), Б. Кенжебаев. Қазақ ертегілері туралы, 1941, («Соц. Қазақстан», №139) т.б.

<sup>3</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті (оқулық), 1949.

<sup>4</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1948, 1960.

<sup>5</sup> «Әдебиет және искусство» журналы, №2,3, Алматы, 1956.

**ЕРТЕГІЛЕРДІҢ  
ХАЛЫҚТЫҚ  
СИПАТЫ**

Ертегіден халықтың әр кездегі тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, ой-арманы, дүние танымы мен көзқарасы, т.б. көрініп отырады. Сондықтан да Белинский мұны «Халық жанының айнасы» деген болатын. Добролюбов пен Горький халық ертегілерін аса жоғары бағалай келіп, ертегілер халықтың өмірін, тұрмыс күйін, мінез-әрекеттерін білу үшін аса керекті материал екендігін айтады, ертегілерді тудырушы да, сақтаушы да халық екендігін дәлелдейді.

Халық өзінің ертегілерінде, қиял түрінде болса да, қоғам өмірінің көптеген мәселелерін қамтиды. Оларды халық тілегі, көпшілік мүддесі тұрғысынан әңгімелейді. Ертегілерде айтылатын әңгімелердің қайсысына болса да халық өзінше қорытынды жасап, әділ бағасын беріп отырады; нені ұнататындығын, нені жек көретіндігін суреттейді. Мысалға қазақ халқының тұрмыс-салтына байланысты туған ертегілерін алайық. Бұл тақырыптағы ертегілерде ұшан-теңіз мәселелер көтеріледі; үй ішіндік әңгімелерден бастап, қоғамдық мәні бар жайларды баяндауға дейін барады. Солардың бәрінде халықтың сыны да, міні де, қостауы мен құптауы да, т.б. айтылады. Неше түрлі жауыздық, зұлымдық істер және оны жасаушылар, ел арасын бүлдіріп жүрген ала аяқ қулар, т.б. халық ертегілерінде жиренішті түрде орын алады. Оларға халық өз арасынан шыққан қарапайым адамның ақылы мен қайратын, көпшілік үшін жасаған адал еңбегін қарама-қарсы қояды да, үлгі етеді. Мұндай адамдардың атқарған қызметіне, ерлік ісіне сүйсінетіндігін аңғартады.

**ЕРТЕГІЛЕРДІҢ  
ҚҰРЫЛЫСЫ**

Ауыз әдебиетінің басқа эпостық түрлері секілді, ертегілердің де өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшіліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, өзінше басталуы, аяқталуы болады.

Ертегі ауызша айтылатын көркем әңгіме болғандықтан, оған әрбір ертекті айрықша мән береді, әңгімесін мәнерлеп айту, тыңдаушыны қызықтыра түсу жағын ойлайды, кейде ертектің әңгімесін:

Ерте-ерте ерте екен,  
Ешкі жүні бөрте екен,  
Қырғауылы қызыл екен,

Құйрық жүні ұзын екен,  
Мұзға жығылған екен,  
Сирағы сынған екен,—

деп, немесе

Бар екен, жоқ екен,  
Бәрі бөкеуіл екен,  
Түлкі жасауыл екен...—

деп тақпақтай жөнеледі. Осыдан әрі қарай негізгі әңгіме оқиғасына кіріседі. Ал кейде ертектілер айтатын әңгімесіне бірден кіріседі, ертегіге қатысатын басты кейіпкерлерімен бірден таныстырады («Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты»... т.б.). Ертегілерде айтылатын оқиғаларды осы негізде баяндау — ертегінің құрылысына тән басты ерекшелігі болып табылады.

**ЕРТЕКШІ** Ертегінің оқиғасын тартымды етіп құру, бір әңгімеден екіншісін тудыру ертектілердің шеберлігіне байланысты болады. М. Әуезов (жоғарыда аталған еңбегінде) пен Е. Ысмайылов<sup>1</sup> қазақ ертектілерінің айтқыштық өнеріне ерекше мән береді. Олар ертектіні де үлкен творчествоның адамы деп дарынды ақынға теңейді. Шынында да ертегі айту еріккеннің ермегі емес, ол творчестволық өнерді, асқан шеберлікті керек етеді. Неше түрлі ғажайып оқиғаға құрылған ертегілерді жігін бұзбай өрістете айту, әрбір эпизодты арасынан қыл өтпестей етіп байланыстыру, сюжетін қызғылықты етіп баяндау, ертегілердің әрбір кейіпкеріне лайықты мінездеме беру, олардың образдарын, көз алдына елестетерліктей портреттерін жасау әрқайсысының іс-әрекеттеріне қарай сөздік, тіл таба білу, т.б. ертегі айтушыдан мол өнерді, шеберлікті керек етеді. Демек, ертегінің тартымды болу-болмауы оның айтушысына байланысты.

Ертекті творчествоның адамы болғандықтан, ол өзінің репертуарына аса ұқыпты қараған. Орыстың халық ертегілерін жинап зерттеген А. Н. Афанасьев<sup>2</sup>, Н. Е. Ончуков<sup>3</sup>, М. К. Азадовский<sup>4</sup>, Ю. М. Соколов<sup>5</sup>, тағы басқалары: «Халық арасынан шыққан ірі ертектілер ертегі айтуды үлкен творчестволық еңбек деп түсінген және олар ертегі айту үшін көптеген даярлықтар жасаған»,— дейді. Бұл жай қазақ ертектілерінің дәстүрінде де болған. Мұхтардың «Абай» романында, Сәбиттің «Өмір мектебінде» және Есмағамбеттің «Ақындар» атты монографиясында қазақ ертектілерінің творчестволық қызметін көрсететін аса қызықты материалдар берілген. Ел арасына атағы жайылған айтқыш-ертекті

---

<sup>1</sup> Е. Ысмайылов. Ақындар, Алматы, 1956.

<sup>2</sup> А. Н. Афанасьев. Народные русские сказки, 1854—1864.

<sup>3</sup> Н. Е. Ончуков. Северные сказки, 1908.

<sup>4</sup> М. Е. Азадовский. Русская сказка, 1932.

<sup>5</sup> М. Соколов. Русский фольклор, 1938.

текшілерді халық өте жоғары қадірлеген, оларды жыршы, ақындармен қатар қойған. Кейбір дарынды ертектілер ел аралап, жұрттың жиналған жерінде ертегі, әңгіме айтатын болған және бір әңгімесін қайталай бермей тың, бұрын ел естімеген жаңа ертегілерді туғызатын. Ол үшін, бір жағынан, бұрын-соңды айтылып жүрген ертегілерді өздерінше өңдеп мәнерлеген; екіншіден, сол халық ертегілерінің негізінде жаңадан тың сюжетті ертегілер туғызған. Осының негізінде кейбір ертектілер бір ертегісін бірнеше күн бойына айтқан және алдыңғы айтқандарын қайталамай оның жалғасын келесі күндері ұзаққа созған, сөйтіп, бір ертегісін көлемі жағынан повесть, роман дәрежесіне жеткізген. Мұны Абай айнала-сындағы ертектілердің творчестволық өмірінен байқауға болады.

Ертектілер ескіден келе жатқан ертегілерді айтушы, орындаушы ғана болған жоқ. Олар ертегінің халықтық дәстүрін сақтай отырып, қоғамдық, таптық жағдайларға байланысты жаңа ертегілер шығарған. Халық мүддесін көздеген ертектілер өздерінің ертегілері арқылы еңбекшілерді езушілерді, қанаушы тап өкілдерін, олардың жауыздық іс-әрекеттерін әшкерелеп суреттеген, бұлардың жағымсыз образдарын жасаған. Оларға халық арасынан шыққан қарапайым адамдарды қарсы қойған, еңбек иелерін ардақтап, жоғары дәрежеге көтерген. (Мұны «Аяз би» ертегісінен айқын көруге болады). Сөйтіп, ертегі айтушылар өздерінің таптық көзқарастарын білдіріп отырған.

#### **ЕРТЕГІЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ**

Қазақ ертегілерін мазмұнына, әр алуан ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөлеміз. Солардың ішінде бастылары: а) қиял-ғажайып ертегілер; ә) хайуанаттар жайындағы ертегілер; б) тұрмыс-салт ертегілері және аңыздар.

#### **ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕРІ**

Бұл топқа кіретін ертегілер ескі заманда туып, содан бері қарай келе жатқандығын аңғартады. Ертедегі адамдар табиғат және оның құбылыстары туралы, адамның еңбегі, тіршілік-кәсібі, күресі жайында, дүние-жаратылыс, қас пен дос, неше түрлі керемет күштер туралы қиял-ғажайып ертегі-әңгімелер тудырған. Олар өздерімен алысқан жаулары жайында да, сол жауларды жеңу жолдары туралы да әр түрлі ертегілер шығарған. Оларды жалғыз көзді дәу, жын-пері, мыстан кемпір, жезтырнақ, жеті басты айдаһар, абжылан, т. б. бейнесінде алған. Бұлардың бәрі адам баласына қастық жасаушылар, керемет күші, айла-амалы барлар деп

түсінген. Ол түсініктері көбінесе мифтік ұғымға, бұлдыр сезімге, ертедегі адамдардың өздері иланған көп құдайларға байланысты болады. Ертегілердің оқиғасы фантазиялық түрде айтылады. Мұндай ғажайып ертегілердің туу себебі: «Тарихтан бұрынғы кезде экономикалық дамудың төмен сатыда болғандығына байланысты»,— дейді Ф. Энгельс.

Экономикалық дамудың төменгі дәрежеде болуы себебінен ертедегі адам баласы табиғат сырын және оның құпия құбылыстарын жетік түсіне алмаған. Сондықтан да бұл құбылыстарда артықша жаратушы күш бар деп ұғынған да, соларға нанып, сенген. Сол күштерді танып білу және меңгеріп алу жайында қарастырған, оны қиял еткен. Бұл қиялдары, арманы ертегі-әңгімеге айналған. «Бұл ертегілерді,— дейді М. Горький,— мағынасы ертедегі жұмысшы адамдардың өз еңбегін оңайлатуға, оның өнімділігін күшейтуге, төрт аяқты және екі аяқты жауларға қарсы қолдануға талпынуда және де сөз күші арқылы «дуалау», «арбау» әдісі арқылы жаратылыстың стихиялық, адамға жау құбылыстарына әсер етуде еді. Соңғысы әсіресе маңызды, өйткені адамның өз сөзінің күшіне қалай қатты сенгендігін көрсетеді, ал бұл сенім адамдардың әлеуметтік арақатынастары мен еңбек процестерін ұйымдастыратын сөздің айқын және мейлінше нақты пайдасын көрсетеді»<sup>1</sup>

Бұдан кейін М. Горький: «Еңбек процестері арқасында және ерте замандағы адам баласының әлеуметтік тұрмысы арқасында сөзсіз туған материалистік ойдың әбден айқын белгілерін алғашқы мәдениеттің тарихшылары мүлдем сөз қылмаған. Бұл белгілерді біз ертегілер мен мифтер түрінде білеміз, бұл ертегілер мен мифтерден біз хайуандарды асыранды ету үшін істелген жұмыстың, емдеуге керекті шөптерді табу үшін, еңбек құралдарын шығару үшін істелген жұмыстың белгілерін көреміз»<sup>2</sup>.— дейді.

Демек, қиял-ғажайып ертегілер ертедегі адамдардың болмыс жайындағы сезімінен, әр түрлі қауіп-қатерлерден құтылу, тіршілік ету, табиғат сырын танып білу және оны өзіне бағындыру жайындағы арман-қиялынан туған. Сондықтан да бұл ертегілерде ертедегі адамдардың еңбек процесінде аңсаған арман-мүддесі, жақсылықты болашақтан күтуі, оптимистік көзқарасы да көрініп отырады. Олар ауыр еңбекті жеңілдетсек екен, жақсы шат өмірге жетсек екен деп арман қылған, соны көксеген. Ал бұған олар

<sup>1</sup> М. Горький. Әдебиет туралы, 173-бет. 1954.

<sup>2</sup> Сонда, 173-бет.



өзінің қиялы арқылы ғана жеткен. Сол қиялдарын ертегі-әңгімеге айналдырған. Бұл жөнінде М. Горький былай дейді: «Тіпті атам заманғы уақытта-ақ адам баласы әуеде ұшу мүмкіншілігі жөнінде ойлаған, мұны... «Ұшқыш кілем» туралы ертегі бізге айқын көрсетеді. Жер бетіндегі жүрісті жылдамдату туралы да ойлаған, мұны «Жүрдек етік» туралы ертегіден көруге болады, ...өзен үстінде оның ағысынан гөрі жылдам жүруге ұмтылғандықтың арқасында ескек пен желкенді ойлап шығаруға; жау мен хайуанды өлтіруге талпыну — пращты, садақты, садақ оғын ойлап шығаруға түрткі болды. Жіп иіру және бір түн ішінде бірталай кездеме тоқу мүмкіндігі туралы, тіпті «сарай» салу туралы, яғни жаудан қорғайтын пана салу туралы ойлап, жұрт осының арқасында еңбектің ең ерте заманғы құралдарының бірі болған ұршықты, тоқу үшін жабайы қол станогын ойлап шығарды»<sup>1</sup>

Әрине, ертедегі адамдар алдына қойған мақсатына, ойына алған, қиял еткен арман-мүддесіне бірден жеткен жоқ. Олар бұл жолда талай қиыншылықтарды басынан кешірген. Оны ертегілерінде суреттеген. Бірақ ол адам баласының күшін, мәңгі жасайтынын білген, өзіне дұшпан күштердің бәрін де жеңіп шығатынына сенген. Бұл сенім қиял-ғажайып ертегілерінен де мол орын алған.

Қиял-ғажайып ертегілерінің жағымды кейіпкерлері қарапайым адамдар болып отырады. Олар алдына қойған мақсатына жету үшін, табиғат сырын танып-білу, тіршілік ету, жауларын жеңу үшін күреседі. Көптеген қиыншылықтарды басынан кешіре отырып, ақырында, мақсат-мұратына жетеді, біртіндеп табиғат сырын ұғына бастайды, қандай жаулары болса да талқандап жеңіп жүреді.

Ертедегі адамдардың дүние тану, еңбек-кәсіп ету, тіршілік жасау жайындағы сезім-түсініктерінен туған қиял-ғажайып ертегілері өзінің тақырыбы, оқиғасы жағынан әр түрлі болып келеді. Және ол қоғамдық экономикалық дамуға, адам ой-санасының өсуіне байланысты өзгеріп, ұлғайып отырады, оқиғалары күрделене, нақтылана түседі. Бұл аталғандарды қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінен де байқауға болады.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері есте қалмаған ерте заманда туып, талай ғасырмен бірге жасап біздің дәуірімізге жетті. Ол өзінің қалыптасу, даму жолында көптеген өңдеу-өзгерістерге де ұшырады. Бірақ, солай бола тұрса

<sup>1</sup> Сонда, 172-бет.

да, қиял-ғажайып ертегілері негізі тақырыбын жоймағаны, қайта оны жетілдіру, ажарлап айту үстінде болғаны байқалады. Мұхтар Әуезовтің зерттеулеріне қарағанда, қазақтағы қиял-ғажайып ертегілерінің алғашқы тақырыптары аңшы-мергендер, бақташы-малшылар жайында болған<sup>1</sup>. Адам баласы өзінің күн көрісі жолында неше түрлі жыртқыш андармен күрескен, табиғаттың стихиялық күштеріне қарсы алыса атырып мал өсіру, әр түрлі жаулармен шайқасу, оларды жеңу — асқан ерлік болып танылған. Ол кездегі адамдар өздерінің жеңістеріне шаттанған, ерлік жасаған батырлары жайында әңгіме-ертегілер шығарған. Мұндай адамдарды жағымды бейнеде алып суреттеген және олардың істеріне ғажайып сипат берген.

Қиял-ғажайып ертегілерінің жағымды бейнеде алатын басты кейіпкері халық арасынан шыққан қарапайым адамдар болып келеді. Оларға көмектесетін, жәрдем беретін дос-жолдастары есебінде алып қарақұс, тұлпар ат жүреді. Кейде жағымды кейіпкерге неше түрлі таусоғарлар, көлжұтарлар, желаяқтар, саққұлақтар жолдас болып, жақсылық жасайды, басты кейіпкердің мақсат-мұратына жетуіне көмектеседі. Бұлармен қатар, жағымды кейіпкерге неше түрлі қару-жарақтар; қырық құлаш семсер, ұшқыш кілем, тоқпақ, кездік, қазан, жүзік, дастархан, т. б. жәрдем беріп, әрекет етеді. Ал бұларға қарсы қиял-ғажайып ертегілерінің нағыз жауыздық, қара күш бейнесінде алған кейіпкері: жалғыз көзді жалмауыз, жеті басты жылан, мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, қорқау қасқыр, т. б. күреседі. Сөйтіп, қиял-ғажайып ертегілерінің жанды, жансыз кейіпкерлерінің арасында мол тартыс, күрес басталады. Жауыздық пен әділдік, қастық пен достық, жақсылық пен жаманшылық өзара арбасып алыса түседі.

Осындай арпалыс, алыс-тартыс күрестерде қастық жасаушыларды талқандап шығатын, сөйтіп мақсат-мұратына жететін адам баласы болады. Қоршаған, күресетін жаулар қаншама мықты болса да, адам баласы оларды жеңіп отырады. Бұдан, М. Горький айтқандай, ертедегі адамдардың өз күшіне артықша сенетіндігі айқын көрінеді; еңбек адамдарының қажырлы қайрат, саналы ерлік қимыл иелерінің жеңетіндігіне нанады. Сондықтан олардың әр түрлі ғажайып жағдайда жасаған істері халықтың ертегілерінен ерекше орын алады.

Ертедегі қиял-ғажайып ертегілерінің жағымды кейіпкерлері аңшы-мергендер, бақташы-малшылар десек,

<sup>1</sup> Жоғарыда аталған еңбегін қараңыз.

олардың бәрі еңбек адамы болып суреттеледі. Бұларды халық ертегісі ақыл-айласы, асқан күші бар батыр етіп бейнелейді. Бірақ олардың өздері де, ерлік істері де «Батырлар жырының» немесе аңыз-ертегілердің адамына ұқсамайды. Олардың жаратылысы да, іс-әрекеті де басқаша, ғажайып жағдайда болады. Ең алдымен, олар жердің үстін ғана мекен етпейді, қиялдан туған дүниені кезіп жүреді; кейде жеті қабат жер астына түсіп кетеді, кейде алып қара құс немесе самұрықпен тоғыз қабат көк үстін аралайды. Олар, кейде адамзат білмеген от дариясының ар жағында, болмаса неше түрлі сырлы аралдар ішінде сайран салады. Қысқасы, жердің асты-үстін аралап шығады, талай-талай теңіз дүниесін кезеді. Соның бәрінде алуан-алуан ғажайып күйге ұшырайды. Бірақ ол өзінің ақыл-айласы, өнері, ерлік істерімен барлық қиыншылықтарды жеңіп, мақсатына жетіп отырады. Бұл айтылғандардың мысалы ретінде, «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегілерін келтіруге болады.

**«ЕР ТӨСТІК»** Қиял-ғажайып ертегілерінің ішінде неше түрлі қызық оқиғаларды суреттеуге құрылғаны — «Ер Төстік». Ертегінің негізгі идеясы — адам баласына қастық жасаушы жауыздық күштерге қарсы күресу, оларды қарапайым адамның қалайша жеңгенін көрсету.

«Ер Төстік» ертегісі төрт бөлімнен құралады. Бірінші бөлімінде — Ер Төстіктің тууы, ағаларын іздеп шығуы, Кенжекейге үйленуі және Бекторымен кездесу жайлары; екінші бөлімінде — Ер Төстіктің Бапыхан мен Темірханның елдеріне баруы; үшінші бөлімінде — Ер Төстіктің Шойынқұлақпен күресі; төртінші бөлімінде — Ер Төстіктің еліне қайтып келуі баяндалады. Төрт бөлімнен құралған бұл ертегінің оқиға желістері бір-бірімен тығыз байланысып жатады. Мұндағы — оқиғалар ертегінің бас кейіпкері Ер Төстік пен Кенжекей арқылы дамып, өрістеп отырады.

«Ер Төстік» ертегісінің өзіне тән бір ерекшелігі — оқиғалардың ғажайып халге, фантазияға құрылуында, ертегінің кейіпкерлері жердің асты-үстін бірдей кезіп жүреді; әр түрлі қызық оқиғаларға кездесіп отырады. Осы ретте әр алуан күрделі образдар жасалады. Ертегінің негізгі идеясы кейіпкерлердің хал-жайын, олардың іс-әрекеттерін суреттеу арқылы дамиды.

Ер Төстік — ертегінің басты кейіпкері. Оның образы ертегіде әр түрлі жолмен жасалады. Белгілі мөлшерде Ер

Төстік батырлар жырының кейіпкеріне, батырға ұқсап келеді. Ол ертегінің алғашқы бөлімінде жолдасы да садақ, азығы да садақ болған мықты мерген батырдың бейнесінде көрсетіледі. Ашаршылыққа ұшыраған әке-шешесін Ер Төстік құстың, аңның етімен асырайды. Мұны халық ертегісі Ер Төстіктің ерлігі, батырлығы деп дәлелдейді.

Ер Төстік өзінің қаңғып кеткен сегіз ағасын жалғыз іздеп шығады. Бұл жолда ол көп қиындықты басынан кешіреді де, ағаларын тауып әкеледі. Ер Төстіктің бұл ісі ертегіде батырлық әңгіме ретінде алынады.

Ер Төстіктің айдаһарды, Шойынқұлақты жеңуі оның батырлық бейнесін кеңінен аша түседі.

Дүниедегі ең күшті алып самұрық құс қаншама мықты болса да, жыл сайын балапандарынан айырылып қала береді. Оның балапандарын айдаһар жеп кетіп отырады. Бір қанаты он күндік жерді алған, ұшқанда қанатымен дауыл тұрғызатын алып қарақұс жаңағы айдаһарға қарсы амал жасай алмайды, одан балапандарын қорғай алмай жүреді. Сөйткен айдаһарды Ер Төстік ғана жеңіп шығады да, одан жас балапандарды қорғап қалады.

Ер Төстікпен алысатын Шойынқұлақ — әрі айлалы, ірі мықты жау. Ол өзінің жанын қайқы қарагер сліктің ішіне сақтайды, сондықтан да оны ешбір жан жеңе алмайтын болады. Шойынқұлақтың бұл сырын Ер Төстік біледі де, ең алдымен, оның еліктің ішіндегі жанын құртады. Содан кейін Шойынқұлақтың өзін жеңеді.

Сөйтіп, ертегі Ер Төстіктің осындай ерлік істерін суреттей-отырып, оның батырлық образын жасайды. Ер Төстікті әр түрлі жауыздық, зорлық жасаушы күштерге қарсы күресуші, жәбірленушілерді қорғаушы етіп көрсетеді. Бұл жөнінде оның көптеген ерлік істері фантазиялық түрде берілгенімен, халықтың ойы, арманы жауыздықты жақсылыққа жеңдіру. Сондықтан халық өзінің осы сияқты ойларын фантазиялық ертегілері арқылы шебер бейнелген.

Халықтың ертегі, жырларында ерлермен қатар әйелдердің де жағымды образдары жасалған. Жағымды түрде алынған әйел образынан көбінесе ақылды, білгірліктің бейнесі аңғарылады, әйелдердің де ерлер тәрізді халық алдындағы борышын абыроймен атқара алатындығы суреттеледі. Мұны Кенжекей образынан да байқаймыз.

Кенжекей ертегіде өзінің ақылды, білгірлік істерімен, жарға айнымас достығымен көрінеді. Мұнымен қатар, ол ертегіде сөз болып бірімен-бірі ұштасып, дамып отыратын әңгімелердің шығуына себепкер, соларға тиек ретінде алынған.



Кенжекейдің ақылды, білгір адам екендігі ертегінің өне бойында суреттеледі. Ол Ер Төстікке қосылып, елінен аттанарда, әкесіне кісі жібереді де, еншісіне Шалқұйрықты, Құба інгенді, ақсырмалы сауытты сұратады. Бірақ әкесі қызының бұл өтінішін қабыл алмайды. Сонда Кенжекей орынды дәлелдер айтып: «Шалқұйрықты сұрағаным — ерге лайық ат еді, ер мінсін деп едім, Құба інгенді сұрағаным — ер қосын артсын деп едім, ақсырмалы сауытты сұрағаным — Ер Төстік ер еді, сол ер кисін деп едім», — дейді. Сөйтіп ол әкесінен енші қалайды. Бұларды ол өз қара басы үшін емес, бәрін де батырға лайықты нәрселер деп тауып, Ер Төстіктің қажеттігі үшін алады.

Көшіп келе жатып, Кенжекей өзінің қайын атасы Ер-назарға: «Сорқұдықтың басына көшін қондырмасын», — деген ақыл салады. Бұл ақылды Ерназар қабыл алмай, Сорқұдыққа келіп қонады. Кенжекейдің ақылын алмаған Ерназар кейіннен қайғылы жағдайға тап болады. Бұл жерде халық ертегісі Ерназарды сынайды да, Кенжекейдің ақылды екендігін, батырға лайықты жар, жолдас бола алатындығын бейнелейді.

Кенжекей өзінің білгірлігімен Ер Төстікке де ақыл беріп отырады, ол шындықты жасырмай, турасын айтады. Неліктен Ер Төстікті әкесі жалмауызға бермек болғанын, егеуінің қайда қалғанын тура айтушы Кенжекей болады.

Әкесінің жалмауызға қалдырған егеуін іздеуге Ер Төстік аттанады, жылқыдан алты аяқты ала атты мінеді де, жеті аяқты жирен атты жетегіне алады. Бірақ Кенжекей бұл аттардың алыс жолға жарамайтындығын, қиындық бола қалған жағдайда Ер Төстікке жолдас бола алмайтындығын біледі де:

Алты аяқты ала атың  
Кулық бие құлыны,  
Табанынан тас батса,  
Маңдайынан күн өтсе,  
Алты күнге жарамас.

Жеті аяқты жиренің  
Кәрі бие құлыны,  
Табанынан тас батса,  
Маңдайынан күн өтсе,  
Жеті күнге жарамас,—

деп, білгірлік жасайды. Сонан кейін ол бүкіл әбзел, айыл-тұрман, сайманымен қамдаған Шалқұйрықты мінуді ұсынады. Ол Шалқұйрықтың батырға серік бола алатындығына сенеді. Шалқұйрықтың қандай қасиеттері барлығын ескертеді. Кенжекей баптап, тарту еткен Шалқұйрық кейіннен Ер Төстікке көп қызмет етеді, батырдың сенімді серігі болады. Осындай даналықтарымен халық ертегісі Кенжекейдің жағымды образын жасап, Ер Төстіктің абыройын көтерген айнымас жары стіп суреттеп, Кенжекейдің образын толықтыра түседі.



Ер Төстік көп жыл бойына жер астында жүріп қалғанда, оның ел-жұрты енді Ер Төстік келмейді, жалмауыздың қолында қалды деп күдер үзген. Бірақ батырдың күшіне сенген ақылды Кенжекей ғана Ер Төстік келеді деп үміттеніп оны күтумен болады. Бұл оның жолдастыққа адалдығын, кіршіксіз махаббат иесі екендігін көрсетеді.

Мал шаруашылығымен кәсіп етіп, бір кездегі күн көрісі соған байланысты болған халық өзінің әңгіме-жырларына, ертегілеріне төрт түлік малдың бәрін де енгізіп отырған. Төрт түліктің адам баласына істеген қызметін, келтірген пайдасын суреттейтін көптеген әдемі ертегі жырлар туған, халық ауыз әдебиетінде төрт түлік мал адам баласына тигізетін пайдасымен ардақталады. Мұны «Ер Төстік» ертегісінен де байқаймыз. Бұл ертегі көбінесе жылқы мен түйені қасиеттейді, олардың адам баласына келтіретін пайдасының, атқаратын қызметінің орасан көп екендігін сөз етеді. Осы негізде ертегіде Шалқұйрыққа зор мән беріледі.

Шалқұйрық — Ер Төстікке сенімді серік болған тұлпар. Оның басты қасиеті — жүйріктігінде, сан рет тар жол, тайғақ кешулерден Ер Төстікті құтқарғандығында. Шалқұйрықтың осындай қасиетіне сүйсінген халық өзінің ертегісінде оған тіл бітіртеді, адамша сөйлетеді. Ол Ер Төстікке ақылшы ретінде суреттеліп, қандай жағдайда не істеу керектігін айтып отырады. Мысалы, Ер Төстік жалмауыздың қолында қалған сгеуін алуға келгенде де, жер астына түсіп қалғанда да, оған ақыл үйретіп, көмек көрсетуші Шалқұйрық болады. Темірханның дарияға тастаған қазанын тауып әкелуші де, Шойынқұлақтың зынданында жатқан Ер Төстікті құтқарып алушы да — Шалқұйрық.

«Ер Төстік» ертегісінің қызықты болып, қиял-ғажайып әңгімелерге құрылуы жағымсыз кейіпкердің ісіне де байланысты. Ертегідегі фантастикалық әңгімелердің көбі осы жағымсыз кейіпкердің іс-әрекеттерінен, олардың жағдайларынан туып отырады.

Бұл топтағы ертегілердің қайсысында болса да, жағымсыз кейіпкерлер адам баласына жасаған қаскүнемдік, жауыздық іс-әрекеттері, сиқырлы-жәдігөйлік айла-әдістерімен, алдамшы-аярлығымен көрінеді. Олар неше түрлі ғажайып бейнеде суреттеледі. Ең алдымен бұлар өздерінің қастық ісін жүзеге асыру үшін сан алуан түрге сніп, құбылып отырады, әр түрлі айла-амал жасап, адам баласымен жақындасады; адамға дос болғансып жүреді немесе адам баласының аяушылық білдіруін көздеп, сиқырлықпен бейшаралық халге

түседі. Ертегінің жағымсыз кейіпкері — мыстандар адам баласына қастық жасау үшін, шырылдаған жас бала немесе қайыр сұраған кәрі кемпір болып келеді. Олар кейде су үстінде қалқыған өкпе бейнесінде жүреді. Ал жағымсыз кейіпкерлердің екінші түрлері шыбын-шіркәйден бастап, әр түрлі жыртқыш аңның бейнесінде келеді. Қиял-ғажайып ертегілерінің кейбір кейіпкерлері алып денелі болады, оларға атсаң оқ, шапсаң қылыш өтпейді. Өйткені бұлардың жаны өздерінен бөлек жерде сақталады, не қырдағы киіктің немесе шүрегей үйректің ішінде, болмаса адам баласы бара алмайтын терең су түбінде жатады.

Жағымсыз кейіпкерлердің бұл секілді кескіндері, жауыздық іс-әрекеттері «Ер Төстік» ертегісінде де суреттеледі. Мұндағы Бекторы, Темірхан, Шойынқұлақ, Мыстандар адам баласына қастық жасаушылар ретінде алынады да, бұлардың образы дараланып жасалады, әрқайсысының өздеріне тән іс-әрекеттері, айла-амалдары дараланып көрсетіледі. Жағымсыз образдағылардың іс-әрекеттерін суреттей отырып, халық өздерінің ертегі-әңгімелерінде, жырларында сөз ететін жағымды образдағы кейіпкердің бейнесін арттыра түседі.

Ертегідегі Бекторы күндестік пен бақталастықтың бейнесін елестетеді. Ол — мықты жау, оған Мыстан да, Шойынқұлақта бағынышты. Олардың күшін, айла-амалын Бекторы өз мақсатына, адам баласына қастық жасау мақсатына пайдаланып отырады. Бірақ Бекторы қаншама күшті болғанымен, мақсатына жете алмайды. Өйткені адам баласына қастық жасаушылар халықтың ауыз әдебиетінде еш уақытта да өз мақсатына жеткен емес. Сондықтан да халықтың қиялынан туған Ер Төстік сияқты батырлардан оның жаулары әр уақытта да жеңілуге тиісті.

Жер астының ханы Темірхан екі жүзділіктің, залымдықтың бейнесінде алынады. Бапының аманатын айта барған Ер Төстікті Темірхан жақсы шыраймен қарсы алады да, қызымды кімнің өнері асса, соған беремін деп уәде етеді. Осы ретте ол той жасайды. Сонда, барлық тартыста бәйгені Ер Төстік алып шығады. Бірақ солай бола тұрса да Темірхан Бапыға қызын бермей, Ер Төстікті өлтіру жайын қарастырады. Бірақ Темірханның айла-әрекеттерінен еш нәтиже шықпайды. Темірханның бұл әрекеті оның екі жүзділігін, уәдеде тұрмай, жауыздық жасағандығын көрсетеді. Халық ертегісі Темірхан образын фантастикалық түрде жасағанымен, өмірде болған сондай жауыз хандарды тұспалдайды, олардың жиынтық образын береді.

Ертегідегі мыстан мен Шойынқұлақ жауыздықтың, қара күштің иесі болып суреттеледі де, адам баласына неше түрлі қастық жасайды және олар Бекторы мен Темірханның әмірін орындаушы, қол шоқпар ретінде бейнеленеді.

«Ер Төстік» — еңбек адамының ғажайып жағдайларда жасаған ерлік істерін суреттеуге құрылған ертегі. Оны бұл ретте батырлық ертегі деуге болады. Ертегінің оқиғасы тұрмыс-салт әңгімелерінен басталып дами береді де, халық қиялынан туған сан алуан ғажайып оқиғаларды тізбектеп баяндайды. Бір оқиғадан екіншісі туып, олар бір-бірімен тығыз байланысып жатады.

Ертегінің оқиғалары өте шебер құрылып, басты кейіпкерлердің істерін баяндау жолымен дамытылып отырады. Барлық әңгіме-оқиғалар ертегінің басты кейіпкері Ер Төстіктің іс-әрекеттері арқылы суреттеледі. Мұнымен қатар, ертегінің көптеген оқиғалары Кенжекейге байланысты айтылады. Егер Кенжекей болмаса, Ер Төстік Бекторымен, Бапы және Темірханмен, Шойынқұлақпен кездеспес еді. Кенжекей — Ер Төстік арқылы баяндалатын оқиғалардың тууына басты себепкер. Кенжекей ертегідегі оқиғалардың тууына себепкер ретінде алынса, Ер Төстік сол оқиғаларды дамытушы, жүзеге асырушы — басты кейіпкер.

Мұнымен қатар, ертегінің әңгімесі диалог түрінде құрылады. Ертегінің көптеген әңгімелері екі адамның сөйлесуі арқылы өрістеп отырады. Кейде осы диалогтер арқылы күрделі образдар да жасалады. Темірханның еліне аттанған Ер Төстікке жолшыбай Таусоғар, Желаяқ, Көлжұтар, Саққұлақ, Көреген кездесіп, жолдас болады. Бұлардың әрқайсысында қандай өнер барлығы диалог арқылы сипатталады; олардың сырт келбетін көз алдына слестетеді.

«Ер Төстік» — қара сөз және өлең аралас құрылған, халық тіліне өте бай ертегінің бірі. Мұнда әдемі теңеулер, метафоралар, сөз айшықтары өте жиі ұшырасады. Аз сөзге көп мағына сыйдыра айту, түймседейді түйседей етіп көрсету, әр түрлі әсірелеу, шендестіру әдістерін қолдану — бұл ертегінің өзіне тән көркемдік ерекшелігі болып табылады. Хабарсыз кеткен ағаларын іздеп шыққан Ер Төстік «Темір естіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген белге» кездесседі. Осы бір әдемі, әсірелеу түрінде айтылған аз сөзге қанша көп мағына жатыр! Бұдан Ер Төстіктің сан қиыншылықты басынан кешіргендігі, арып-ашып мақсатына жеткендігі көз алдына слестейді. «Самұрықтың үлкендігі сондай, жай-

ып жібергенде бір қанатының өзі айшылық жерді алып кетеді» деп, күрделі метафора арқылы үлкен портрет жасайды. Желаяқ жүгіргенде «құстай ұшып, құйындай ұйтқи» жөнеледі, жүрісіне шаң ілеспей қалады. Мұндай мысалдар «Ер Төстікте» өте көп. Оның бәрі ертектің халықтың тіл байлығын молынан пайдалана білгендігін дәлелдейді.

\* \* \*

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде Ер Төстік секілді ер жігіттер, батыр мергендер жайы — біркелкі молынан әңгіме болған тақырып. Солардың бірінде халық арасынан шыққан қарапайым адамдардың ерлік істері, жауыздық пен жамандыққа қарсы батырлық күресі ардақталады. Бұл тақырып «Құламерген», «Жерден шыққан Желім батыр», «Аламан мен Жоламан», т. б. секілді ертегілерден басты орын алады.

Бұл ертегілерде суреттелетін Құламерген, Желім батыр, Аламан мен Жоламан құралайды көзге атқан мергендер, ел-жұртын аңшылық кәсібімен асырап сақтаған ер жүрек, өжет жігіттер болып келеді. Бірақ оларға қарсы күресетін, андысқан қас жаулары жалғыз көзді жалмауыз, сырты момын, іші арамза мыстан кемпір бар. Бұлар алдамшы аяр немесе адам етіне жерік жалмауыз пішінде келіп қастық жасайды. «Аламан мен Жоламан» ертегісінде еңбек адамына жауыздық істейтін хан болады, ол өзінің қаскүнемдік әрекеттерін жүзеге асыру үшін мыстан кемпірді жұмсайды, оны пайдаланады, Мыстан Аламанға жас бала болып жабысады, мергеннің қару-жарағын, киім-кешегін сыпырып алады, мүшкіл жағдайға түсіреді. Бірақ бұл халден Аламанның құтылып шығуына мергеннің тұлпары, ғажайып алтын жүзігі жәрдем етеді. «Жерден шыққан Желім батыр» ертегісі де осындай оқиғаға құрылады. Мұнда Желім батырға қастық жасаушы жалғыз көзді жалмауыз болады.

Адам баласына қастық жасаушылар қаншама күшті айлалы болса да, алдына қойған мақсаттарына жете алмайды, жеңіледі. Оларды қарапайым адамдар, еңбек ерлері, аңшы-мергендер талқан етеді. Халық ертегілеріндегі бұл секілді әңгімелер жауыздықты әрқашан да жақсылық жеңеді деген идеядан туған. Бұл идея неше түрлі тартыс, шиеленіскен оқиғалар арқылы бейнеленеді. Сонымен қатар, бұл ертегілер жауыздық істі халықтың дұшпандары ғана жасайды, олар әр түрлі айла-әдіс қолданады деген ойды



да білдіреді, содан сақтандыруды және оған қарсы қалай күресу, нендей амал қолдану керектігі жайын аңғартады.

Халықтың қиял-ғажайып ертегілерінен аңшы мергендер, қайраты мол ер жігіттермен қатар еңбек адамдарының да ерліктері мол орын алады. Еңбек адамдарының неше түрлі ғажайып жағдайда жасаған ерлік істері суреттеледі. Бұған мысал етіп «Керқұла атты Кендебай» дейтін ертегіні алайық. Бұл ертегінің әңгімесі екі бөлімнен құралады. Бірінші бөлімінде Кендебайдың тууы, халқы үшін жасаған қызметі айтылады. Екінші бөлімінде оның ерлік істері баяндалады. Бұл ертегінің оқиғасы басты кейіпкер — Кендебай арқылы дамып отырады.

Ертегінің басты кейіпкері — Кендебай Қазанқап деген кедейдің жалғыз баласы. Кендебайдың әкесі құс атып, балық аулап күн көреді, шешесі ау тоқып, жамау жамайды. Күндерде бір күн Қазанқаптың әйелі жүкті болыпты, тоғыз ай, тоғыз күн: толғанда әйелі толғатып, босаныпты, торсық шеке аппақ ұл туыпты. Ата-анасы қуанып, төбелері көкке жетіпті, баласына Кендебай деп ат қойыпты.

Кәрі ата-ананың қуанышы бола туған Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда алпамсадай жігіт болыпты. Ер жетіп, алып күшке ие болған Кендебай шаруашылықпен айналысады, әке-шешесіне көмектеседі. Қару-жарақ асынып, аң аулайды, ауыл-үйіне арқар мен киікті, құлан мен маралды үйіп тастайды. «Қара судың бойында, қара үйлі кедейлерді қарқ қылады» деумен ертегі Кендебайдың халық үшін туған батыр екендігін аша түседі.

Кендебай — мықты батыр. Оның батырлық істері ертегідегі бірнеше ғажайып әңгімелер арқылы дәлелденеді. Ол жеті басты алып дәуді, жалмауызды, арыстанды жеңеді. Бұл аталғандар халықтың мазасын алған жаулар болатын. Халықтың мал-мүлкін тонап, адам етіне жерік болып, елге шабуыл жасаушы да солар. Міне, оларға қарсы аттанған Кендебай барлығын жеңіп шығады.

Халық ертегісі Кендебайды хан балаларымен де салыстырады. Бірақ хан балаларынан Кендебайдың ақылы, адамгершілігі, батырлығы артық болып шығады. Хан балалары жылқы күзетіне барғанда ұйықтап қалып, қадірлі биесінің алтын құйрықты құлынын жыл сайын самұрық құсқа алдыра береді. Олар әкесіне «бис құлындаған жоқ» деп өтірік айтумен жүреді. Бұлардың айтқандарының өтірік, шаруашылыққа орайы жоқ тоғышар екендігін жұрт алдында Кендебай әшкере етеді.



Сөйтіп, ертегі Кендебайдың жағымды образын жасайды да, қиял-ғажайып ертегісінде сүйкімді кейіпкердың бірі етіп бейнелейді.

Кендебайдың ерлік-батырлық істері көп жағдайда оның сүйікті тұлпары Керқұлаға байланысты болады.

Керқұла «көзді ашып-жұмғанша айшылық жерді алты-ақ аттайтын» тұлпар ғана емес. Ол, ең алдымен, адам баласының досы, жолдасы есебінде алынады. Сондықтан да оған халық ертегісі тіл бітіріп, адамша сөйлетеді. Кендебай жауларымен жалғыз алысқанда, оған жәрдем беріп, жауларды қалай жеңудің ретін айтушы Керқұла болады. Кендебай жеті басты дәуді Керқұланың ғана көмегімен жеңеді.

Әрине, мұндай әңгімелер тек қазақ ертегілеріне ғана тән нәрсе емес. Оны орыс халқының қиял-ғажайып ертегілерінен де кездестіреміз. Орыс халқының қиял-ғажайып ертегілеріндегі көкжал бөрі, тарлан көктер де Керқұла секілді өздерінің иелеріне қызмет еткен, неше түрлі қиынқыстау жағдайлардан құтқарысып алған жануарлар болатын. Сондықтан да әрбір халық мұндай жануарларды өздерінің ертегілеріне жағымды бейнеде қосып отырған.

«Керқұла атты Кендебай» қазақ ертегілерінің ішінде өзінің тілі жағынан да, көркемдік ерекшелігі жағынан да елеулі ертегінің бірі болып саналады. Ертегінің тілі — тартымды да көркем. Мұнда халық тілінің зор байлығы толығынан пайдаланылғандығы көрінеді. Ертегінің тіл ерекшелігі — аз сөзге көп мағына сыйдыра айтып, сөз айшығын жасауында, бай тілмен көркем образ жасауында деуге болады.

Кендебайдың ер жетіп, халыққа қызмет еткен кезін ертегі: «Ол, мейлінше қайрымды болыпты, жылағанды жұбатыпты, қысылғанға жәрдем беріпті, өзімдікі дегенді білмепті, жатсынуды сүймепті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты» деп суреттейді. Мұндай сөйлемдер ертегіде жиі ұшырайды. Бұл ертегінің көп заман бойына қалыптасып шынайыланғандығын, әдебиеттік тілдің дәрежесіне көтерілгендігін дәлелдейді.

Қиял-ғажайып ертегілерінің тағы бір тақырыбы малшыбақташылар жайында болып келеді. Онда мал өсіріп кәсіп еткен еңбек адамдарының ісін жағымды түрде бейнелеп, өздерінің адал еңбегі, ақыл-өнері арқасында мақсаттарына жеткен шаруа адамдарының образын жасайды. Әрине, олар мақсаттарына бірден жете қоймайды, көп қиыншылықтарды, түрлі ғажайып жағдайларды басынан кешіреді. Содан кейін ғана олар армандарына жететін болады.

Мәселен, «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінде қарапайым бақташы шаруаның ғажайып ерліктері суреттеледі. Ертегінің бас кейіпкері — қойшы бала. Оның істері бір жақты алынбай, хан мен уәзірлерге қарама-қарсы қою ретінде жан-жақты көрсетіледі. Халық өз арасынан шыққан қойшыны, оның ақылын, батылдық қимылдарын, өжет өнерін жоғары бағалайды; хан мен уәзірден артық сендігін айқындайды. Ертегіде айтылатын әңгімелердің бәрі де қойшы баланың төңірегіне топтастырылып, оның еңбегін, ерлік істерін тізбектеп баяндауға құрылған.

Қойшы бала ертегінің алғашқы бөлімінде мал бағумен кәсіп еткен шаруа өкілі болып көрінеді. Үй ішін, ағайын-туысқандарын адал еңбегімен асырайды. Сөйтіп жүріп ол алтын мүйізді шұбар киікті ханға тарту етеді. Мұнысы ханнан сыйлық алу, ханға жағымпаздану емес, ханды сынау ниетінен туады.

Баланың тартуға әкелген алтын мүйізді киігін алған хан қойшы балаға разылық білдірудің орнына, оны неше түрлі қиын-қыстауға жұмсайды. Хан: «Киіктің астына қоятын алтын тақты әкел, әйтпесе басыңды алам», — деп әмір етеді. Бала мал-мүлкін сатып, ханның әмірін орындайды. Бірақ хан бұған да разы болмай, баланы тағы да қиын істерге аттандырады.

Ертегінің осыдан былайғы әңгімелері қойшы баланың тапқырлық, ерлік істерін баяндауға құрылады. Ол ханға алтын ағашты да жеткізеді. Ақырында, хан баланы күн астындағы Күнікей қызды әкеліп беруге жұмсайды. Бұл өте қиын сапар болады. Бірақ айласымен ақылына, батырлық-ерлік күшіне сенген қойшы бала Күнікейді іздеуге аттанады. Ол бұл жолда өзіне серік етіп Таусоғар дәуді, Көлжұтарды, Желаяқты, Саққұлақ тыңшыны ертіп алады. Солардың жәрдемімен ол барлық ғажайып бөгеттерді жеңіп, күн астындағы Күнікей қызды алып қайтады.

Халық ертегісі адал еңбегімен кәсіп еткен, қилы-қилы ғажайып жағдайда ерлік көрсеткен қойшы баланың образын өте сүйкімді етіп жасайды да, ерлік істерін аса жоғары бағалайды. Ертегінің соңында алтын мүйізді киікті, алтын тақ пен алтын ағашты халық адал еңбектің иесі болған қойшы баланың өзіне береді, күн астындағы Күнікей қызды да қосады. Сөйтіп, халық ертегісі қойшы баланы мақсат, мүддесіне жеткізеді.

«Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінде қойшы баланың образы жағымды болып жасалса, оған қарама-қарсы хан мен уәзірдің жексұрындық іс-әрекеттері суреттеледі. Хан да, уәзір де халықтың жаулары сендігі бейнеленеді.

Ертегідегі хан мен уәзір образы бір бүтіннің екі жағы болып келеді. Бірақ өзара айырмашылықтары да бар. Хан байлыққа көзі тоймайтын озбырлықтың бейнесінде алынады. Ал уәзір — асқан күншіл, пейілі тар, қытымыр адам. Ханды азғырып, қойшы баланы әр түрлі қиыншылықтарға жұмсайтын да осы уәзір. Оның образы арқылы еңбекші халықты, шаруа адамдарын жек көретін қанаушы тап өкілінің жауыздық, жексұрындық әрекеттері суреттелген. Ертегінің соңында хан мен уәзірді еңбекші адамға жауыздық жасай бергені үшін жазаға бұйырады да, ханды қасқыр, уәзірді түлкі етіп жібереді. Халық екеуін де адамшылық бейнеден арылдырып, аң етеді.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде ертедегі адамдардың еңбек процесінде аңсаған арман-мүддесі, жақсылықты болашақтан күтуі, жалпы кәсіп, тұрмыс жайындағы көзқарасы да көрініп отырады. Ертедегі ауыр еңбекті жеңілдету, жаңадан кәсіп құралдарын ойлап шығару жолдарын қарастырады, бұл жөніндегі ойын, қиялын ертегі арқылы болса да жүзеге асыруға тырысады. Осы негізде М. Горький айтқандай, «Ұшқыш кілем», «Жүрдек етік», «Керемет дастарқан», т. б. туралы ертегілер туады. Бұл ертегілерден халықтың «білмегенді білсем, ауырды жеңілдетсем, көзді-ашып жұмғанша әлем дүниесін араласам, құстай ұшып самғасам, дүниенің асты-үстін араласам, ұлан-байтақ даланы гүлбақшаға айналдырсам, жақсы шат өмірге жетсем екен...» дегендей шарықтаған қиялы, ой-арманы, тілегі көрінеді.

Халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған кітабы — ертегілеріндегі осы сияқты ой-арманының өз кезінде айрықша мәні болғанын айта келіп, Ф. Энгельс «Немістің халық кітаптары», аталатын еңбегінде былай дейді: «Халық кітаптарының міндеті күні бойы ауыр жұмыс істеп, арып-талып қайтқан шаруаның көңілін көтеру, ойын ояту, ауыр азабын ұмыттыру, оған өзінің тастақ даласын жұпар аңқыған гүлбақшасы етіп көрсету болады. Халық кітаптарының міндеті колөнерші ұстаның іс дүкенін, жапа шегіп жүрген ұста шәкіртінің лашық үйін жұмақ етіп, олардың жұпыны әйелдерін таң-тамаша сұлу етіп, патша қызындай көрсету болады. Сондай-ақ халық кітаптарының міндеті... олардың сана-сезімін, ықылас-жігерін, правосын, бостандығын аңғарту болады»<sup>1</sup>

Демек, қиял-ғажайып ертегілерінің көпшілігі халықтың жоғарыда айтылған қиялынан, аңсаған арман-мүддесінен

<sup>1</sup> К. Маркс пен Ф. Энгельс. Об искусстве, том 2, стр. 559, 1957.

туған. Мұны қазақтың «Ұшқыш кілем», «Ағаш ат», «Үш өнерпаз», «Жеті өнерпаз» т. б. секілді ертегілерінен көреміз. Рас, қазақтың бұл тақырыптағы ертегілерінің біразы халқымыздың өзіндік тумасы болса, кейбіреулері көрші елдерден, әсіресе орыс халқынан, ауқымдылығы байқалады. Соңғылары қазақ халқының көрші елдермен әр түрлі саяси шаруашылық, мәдени қарым-қатынастар жасау негізінде енген деген академик М. Әуезов. Әйткенмен, біз бұл ертегілердің қайсысын болса да қазақтың ауыз әдебиетіне ертеде қосылған, сіңісіп кеткен, өз тумасы болып кеткен шығармалары деп қараймыз.

Аталған тақырыптағы қазақ ертегілерінде халықтың ерте кезде арман сткcn қиялы, көксегені мен көздегені суреттеледі, осы жолда неше түрлі қиыншылықтарды басынан кешіріп, мақсатына жеткен өнерпаз ерлері үлгі етіледі. Олардың ертегісіне қоса отырып, халық «солардай өнерлі-өршіл бол, іздеген табады, қуған жетеді» дейді. Және осы топтағы ертегілердің жағымды кейіпкерлері бір-бірінен өнер асырып, алға ұмтылады. Олар халықтың қиял еткен арманын орындаушы да болады. Мәселен, «Жеті өнерпаз» деген ертегіде ел-жұрттан өнері асқан өнерпаздардың жайы айтылады. Әрқайсысының жұртты тандандырған ғажайып өнері болады. Бірінші өнерпаз кішкене ғана тақиясына мініп алып дүние жүзін аралап шығады; екіншісі, қай жерде не болып жатқанын хабар алып отырады; үшіншісі, көлде балықтай жүзеді; төртіншісі, көзді ашып-жұмғанша бір көлдің суын екінші көлге құяды; бесіншісі, тау-тасты қопарып тастап, оның орнына алтыннан сарай орнатады; алтыншысы, құлазыған даланы қалың орман, гүл-бақшаға айналдырып жібереді; жетіншісі, күн жайлатады, қыс пен жаз мезгілдерін қолдан жасайды.

Бұл ертегінің әңгімелері халық қиялынан туған болса да, оның негізінде шаруа адамының аңсаған арманы жатқандығы айқын. Жеті өнерпаздай болу, соған талпыну керек деп аңғартатыны да аян. Ал осы тектес кейбір ертегілерде өнерпаздардың өнер жарысы жұмбақ түрінде аяқталатыны да бар. «Үш өнерпаз» деген ертегіде өнерлі үш жігіттің ғажайып істері әңгімеленеді. Оның біріншісі — көреген, екіншісі — мерген, үшіншісі — ұшқыш болады. Бұлар өздерінің өнерін сынатпақ болып бір елге келсе, қалың жұрттың абыржып отырған үстінен шығады. Мұның мәнін сұрастырса, бір адамның аяулы қызын алып қарақұс аспанға көтеріп әкеткен екен. Осыған барлық ел-жұрт қайғыруда екен. Осыны ести сала жаңағы үш өнерпаз іске кіріседі. Көреген алып қарақұстың қай жерде ұшып бара



жатқанын айтып, Мергенге жөн сілтейді. Көрегеннің сілтеуімен Мерген садағын атып жібереді; қызға тигізбей алып қарақұсты қақ айырады; қыз аспаннан төмен қарай құлдырап түсіп келе жатады. Осы сәтте үшінші өнерпаз аспанға ұша көтеріліп, қызды жерге түсірмей қағып алады. Бұлар қызды аман-есен ауылына алып келеді. Жиналған жұрт зор қошемет көрсетеді; бірақ бас бәйгіні үш өнерпаздың қайсысына беруді білмей аң-таң болады. «Бас бәйгі маған лайық»,— дейді Көреген,— алып қарақұсты мен көрмесем, оның қалай қарай кетіп бара жатқанын айтпасам, қызды ешкімде айырып ала алмаған болар еді». Сонда Мерген тұрып былай дейді: «Көрегеннің сөзі дәлел емес. Егер алып қарақұсты мен атып түсірмесем, Көрегеннің көргенінен не пайда? Мен болмасам, Көреген алып қарақұсты көргенмен, оған жете алмай, қызды алып қарақұс әкете берер еді. Сондықтан бас бәйге маған тиісті». Ендігі сөзді үшінші өнерпаз айтады: «Көреген мен Мергеннен де менің өнерім артық. Аспаннан құлап келе жатқан қызды ұшып барып қағып алдым. Егер қызды мен қағып алмасам, онда қыз тау-тасқа құлап, күлпаршасы шығар еді. Қызды қарақұс әкетті не, құлап өлді не, бәрі бір — одан ел тірідей айырылған болар еді. Қыздың аман-есен қалуына мен себепкер болдым. Ендеше бас бәйгі менікі». Бас бәйгіні бір-бірінен өнсрін асырған үш жігіттің қайсысына беруді білмей жұрт аңтарылып қалады. Ертегі: «Бас бәйгі менікі деп үш өнерпаз осы күнге дейін таласуда, оны сіздер қайсысына ұйғарар едіңіздер?»,— деп, сөз салмағын тындаушы көпке тастайды. Бұ жігіттердің өнеріне сүйсінген халық ертегісі басқаларды да солардай өнерлі болуға үндегендей болады.

«Ағаш ат» дейтін ертегіде де бұрынғы адамдардың аспанда ұшу мүмкіндігін қиял еткендігі әңгіме болады. Онда он саусағынан өнер тамған бір шебер ағаштан ат жасап, әр түрлі құралдармен жабдықтайды. Ағаш аттың оң құлағын бұрап қалса, аспан әлеміне көтеріле жөнеледі; сол құлағын бұраса, жерге түседі; көзді ашып-жұмғанша айшылық жерді бір-ақ аттайды.

Сондай-ақ, «Ер Төстік» пен «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегілерінде айтылатын Таусоғар, Желаяқ, Көлжұтар, Саққұлақ, т. б. халық қиялының жемісі болатын. Бұларды ертегі еткен халық осылардай өнерлі, тау-тасты талқандайтын күшті адамдар болса екен, қас қақанша алыстан хабар алдыратын немесе алыс жерге бірақ жеткізетін құрал болса екен деп қиялдайды. Әрине, мұндай құралдардың қалай жасалатындығын халық ертегісі ашып



айта алмайды, тек арман етеді, аңсайды, «болса екен» деп болжау айтады және сондай құралдың болатындығына сенім білдіреді. Ертегілердің осы бір оптимистік сипатын байқаған М. Горький «Тақырыптар туралы» жазған еңбегінде және Жазушылардың бірінші съезінде жасаған баяндамасында халық қиялының техникалық прогреске жетуге түрткі салғанын ерекше атап өтеді.

#### **ХАЙУАНАТТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ЕРТЕГІЛЕР**

Бұл топтағы ертегілердің де алғашқы үлгілері өте ерте заманда туған. Ертедегі адамдар өздерінің күн көрісі үшін төрт аяқты хайуандарды пайдалану, оларды үйрету, асырау жайын қарастырған және де әрбір хайуанат туралы, оның қасиеті туралы түрлі мифтік ұғым-түсініктер ойлап шығарған. Табиғат сырын, жаратылыс құбылыстарын түсіне алмаған ертедегі адамдар әрбір хайуанаттың жаратушысы, иесі бар деп ойлаған, кейбір хайуанаттарды керемет тұтып, оған табынатын болған. Бұл ретте К. Маркс былай дейді: «Әрбір мифология табиғат күштерін қиял бойынша жеңіп, бағындырып, дегеніне жүргізеді, сол арқылы баурайды, ал сол табиғат күштерін анық шынымен жеңіп алған заманда ол мифология жоғалады»<sup>1</sup>

Ертедегі адамдардың хайуанаттар жайындағы әр түрлі мифке байланысты туған ескі ұғым-түсініктері, бертін келе, экономикалық дамудың, қоғамдық сана-сезім өсуінің нәтижесінде жоғала бастайды. Адамдар хайуанаттарды өзі бағындырып алған кезде, ерте заманда мифтік ұғымдарға, қиялға негізделіп туған және ертегі-әңгімелеріне қосылған ұғым-түсініктері, көзқарастары өзгере бастайды. Олар өздерінің ертегілерінде хайуанаттарды реалистік түрде алып, адам баласына келтірілген пайда-зиянын, атқаратын қызметін көрсетуге талпынады.

Бұл айтылғандарды хайуанаттар жайында шығарылған қазақ ертегілерінен де көруге болады. Аталған тақырыптағы ертегілердің ерте кездегі мифтік ұғымдарға байланысты туған үлгілерінде, кейбір хайуанаттарды жаратушы, жарылқаушы, керемет күш бейнесінде алынғандығы, ертедегі адамдардың оларды ие тұтып табынғандығы байқалады. Мұны «Ақ қасқыр», «Жігіт пен қасқыр», «Сиқыршы», «Сырттандар», т. б. ертегілерден көрміз.

«Ақ қасқыр» ертегісінен ертедегі адамдардың қасқырды жарылқаушы ие деп түсінгендігі көрінеді. Бұл түсінігін

---

<sup>1</sup> К. Маркс пен Ф. Энгельс. Об искусств, том I, стр., 135, 1957.

дәлелдеу үшін ертегінің сюжеті түрлі-түрлі ғажайып оқиғаны бейнелеуге құрылады. Ертегінің оқиғасы мал өсіріп кәсіп еткен елдің тұрмысын, қыс кезінде қос шығарып жылқыны далада бағатын жайын суреттеуден басталады. Осыдан былайғы оқиға фантазия аралас дами береді.

Қар кетіп, көктем шығады, жылқының қысқы тебіннен қайтатын мезгілі жетеді. Бірақ жылқыдан да, жылқышылардан да хабар болмайды. Бұған абыржыған жұрт жылқыны іздеуге бірнеше жігіттерді аттандырады. Олар жылқышылардың қосына, қысқы тебінге кез болады. Айнала жым-жырт, жылқы да, жылқышылар да жоқ. Енді бір сәтте олар өліп қалған жылқышылар мен жылқылардың өлімтігіне кездеседі. Оларды мұндай қырғынға ұшыратқан қасқыр екендігін аңғарады. Бір уақытта анадай жерде жайылып жүрген бір үйір жылқыны көреді, өздерінің жылқысы екенін таниды. Оған келсе, бір ту биені көкжал қасқырдың алқымдап жатқан үстінен шығады. Қасқыр қаша жөнеледі, жігіттер қуып береді. Көкжалға басқа жігіттер жетсе алмай кейін қалып қояды, тек астында тұлпары бар жылқы иесі жігіт жетеді. Ол көкжалды сойылмен соғуға ыңғайлана берген кезде, қасқыр адамша сөйлеп, тіл қатады: «Мені өлтірме, қызымды берейін»,— дейді. Жігіт аң-таң болып тұрып қалады. Артынан келген жолдастарына қасқырдың сөзін айтады. Бұған олар сенбейді де: «Қорқақ екенсің, астындағы тұлпарды бізге бер, қасқырды соғып аламыз»,— деп қайрайды. Жолдастарының шаншу сөзінен ұялған жігіт, қасқырды тағы қуады, тағы шегінеді. Ақырында қасқырдың соңынан еріп кете береді, бір таудың үңгіріне жеткен кезде көкжал қасқыр аунап түсіп адам кейпіне енеді. Бұлардың алдынан шығып, жігітке қарай ұмтылған қасқырларға бастапқы көкжал: «Арсылдамандар, қыстайғы жегендерің — осы жігіттің жылқысы. Енді ол бізге күйеу болды. Атынан түсіріп, қызмет етіндер»,— дейді.

Ертегінің бұдан былайғы әңгімесі қасқырдың адам баласына істеген жақсылықтары, жарылқауын суреттейді. Басында жылқысын іздеп шыққан жігіт, көкжал қасқырдың қызына үйленеді, қырық күндей үңгір ішінде өмір сүреді. Содан кейін ол келіншегін (ақ қаншық қасқырды) ертіп еліне қайтады. Жүрер алдында ене қасқыр ақыл беріп: «Қырық күнге дейін келіншегіңнің кебінін шешпе. Сөйткен күнде ол саған әр уақыт жақсылық көрсететін, ақыл-жәрдем беретін жар-жолдасың болады»,— дейді. Енесінің осы айтқанын жігіт отыз тоғыз күнге дейін орындап келеді. Бірақ ағайын-туыс, жора-жолдастарының ащы әзіл, ашу-

өкпе сөзіне шыдамай, жігіт енесіне берген уәдесін орындамайды, қырық күн толуға бір-ақ күн қалғанда келіншегінің кебінін отқа жағып жібереді. Ақ қасқыр ай десе аузы, күн десе көзі бар тамаша сұлу келіншек келбетіне түседі.

Осы кезде қасына нөкерлерін ертіп аң аулауға шыққан ханның қаршығасы ұшып кетеді де, жігіттің есігіне келіп қонады. Үй ішінде отырған келіншек қаршығаны ханға алып береді. Келіншектің сұлулығын көріп, хан талып қалады. Есін жиып ордасына қайтқан хан, келіншекке ғашық болып қалғанын айтады. Сонда бас уәзір ақыл беріп, келіншекке қалай үйлесу жайын түсіндіреді. «Келіншектің күйеуің қолдан келмес тапсырма беріңіз де, алыс сапарға жұмсаңыз, одан қайтып жігіт келмейді, өледі, сонан кейін келіншекке сіз үйленессіз»,— дейді уәзір. Бұл ақыл ханға қона кетеді де, жігітті шақырып алып: «Баяғыда бабамның ат басындай алтыны жоғалған, соны тауып әкелсең, әйтпесе басыңды аламын»,— дейді. Ханның бұл бұйрығын естіген жігіт, қапаланып үйіне қайтады, болған әңгімені әйеліне мәлімдейді. «Бұл халден құтқарып аларлық күш менде жоқ,— дейді әйелі,— өйткені сен енең берген уәденді орындамадың, кебінімді мезгілінен бұрын шештің. Қырық күнге шыдағаныңда мұндай істерге өзім-ақ көмек беретін едім. Ендігі амалын енеңнен сұра, сол бірдеме етпесе, басқа лажы жоқ». Жігіт енесіне келеді, болған оқиғаны айтады. Енесі жігітті қырық күнге шыдасаң, барлық көмекті әйелің берген болар еді деп сөгеді де, ханның бұйрығын қалай орындау жайын түсіндіреді.

Енесінің ақылы бойынша, жігіт ат басындай алтынды тауып алады да, ханға апарып береді. Бұдан кейін хан жігітке тағы да қиын тапсырмалар жүктейді. Бірінде: «Ата-бабамның құланға қосылып кеткен жылқыларын тауып әкел»,— деп, екіншісінде: «Бабамның асына сойылған көк айғырды әкел бер»,— деп бұйырады. Жігіт өзінің қасқыр енесінің көмсімен ханның барлық бұйрықтарын орындап шығады да, ақырында өлімнен құтылып, мұратына жетеді.

Қызық, ғажайып халге құрылған «Ақ қасқыр» ертегісі ертедегі адамдардың қасқырды жарылқаушы не деп түсінгендігін көрсетеді. Мұндай әңгімелер ескі заманда мифтік ұғымға байланысты туған орыс ертегілерінде және ертеде аңшылықпен кәсіп еткен елдерде де кездеседі. Олардың ертегілері адамды жарылқаушы бейнесінде аюды суреттейді<sup>1</sup>

---

<sup>1</sup> Э. В. Померанцев. Сказки, см. Русское народное поэтическое творчество, под ред. проф. П. Г. Богатырева, стр. 243, 1954.

«Жігіт пен қасқыр», «Сиқыршы», «Көкжал» секілді ертегілер де ертедегі адамдардың хайуанаттар жайындағы ескі наным-сезімдерін елестетеді. Бұларда да «Ақ қасқыр» ертегісіне ұқсас келетін ұғымдар, бұлдыр түсініктер беріледі. Ал «Сырттандар» дейтін ертегіде сол ескі ұғым, түсініктердің жойыла бастағаны көрінеді.

«Сырттандар» ертегісінде қасқырдың, иттің, адамның сырттаны, аттың тұлпары тартысады. Адамдардың тым ертедегі ұғымында қасқыр жарылқаушы бейнесінде алынса, бұл ертегіде оның қаскүнемдігі, адамға дос емес, жау екендігі айтылады. Адамға жерік болған жалмауыз қасқыр біреудің жалғыз баласын аңиды. Баланың әке-шешесі, бүкіл ауыл-аймағы болып қатты сасады: қасқырдың баланы тірі қоймасын біледі. Сол кезде бала өзімен бір күнде туған тұлпарына мініп, қасқырдан қаша жөнеледі. «Құтқарам» деп тұлпар тартады: «Қайда барсаң да құтқармаймын, қайтсе де жеймін», — деп жалмауыз қасқыр қуады. Осы тұста адамның досы тұлпар мен қасқырдың сырттаны жарысқа түседі. Ақырында бала адамның сырттанына келіп жетеді. Оның сырттан иті бар екен. Сол жерде адамның, иттің сырттандары жалмауыз қасқырға қарсы ұмтылады. Қатты айқасу-алысудан кейін олар жалмауыз қасқырды өлтіреді.

Бұл ертегіде жалмауыз қасқыр адам баласына қастық ойлаушы мол жауыздықтың, қара күштің бейнесінде алынады. Қасқыр жайында айтылып келген ескі мифтік ұғымдардың енді өзгере бастағанын көрсетеді. Ертегінің өзінше түйіндеген философиялық көзқарасы жігіт сырттанының мына бір сөзімен берілген болады: «Қасқыр атаулы адам баласына қас еді. Егер ол осы алыста адам баласын жеңе қалса, онда қасқыр адамға қожалық стедін еді. Бірақ біз оны жеңдік. Бұдан былай қасқырға қожалықты адам баласы жасайтын болады», — дейді жігіт. Оның бұл сөзінен адамдардың қасқыр жайындағы жаңа көзқарасы көрінсін. Енді адам қасқырды бұрынғыдай жарылқаушы деп түсінбей, оны қастық, жауыздық иссі деп ұғынғанын аңғартады.

Мұнымен қатар, бұл ертегіде ит пен жылқыны дәріптесітіндік байқалады. Жылқы мен ит адам баласына жақсылық жасайды, қауіп-қатерден құтқарысады, адамға пайда келтіреді деп көрсетеді. Оларды қасқыр жайында ертеде туған мифтік ұғымдарды жоққа шығару үшін алған болады.

Сөйтіп, хайуанаттар жайында шығарылған ертегілердің алғашқы үлгілерінен ертедегі адамдардың, «жанды-жансыз табиғат турасындағы бұлдыр түсініктерін байқаймыз. Ондай



ертегілер хайуанаттармен байланысты туған мифтік, діндік түсініктерді, әр хайуанды ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған тотемдік түсінікті аңғартады»<sup>1</sup> Ал бертін келе экономикалық, қоғамдық жағдайлардың және сана-сезімнің дамуына байланысты бұрынғы бұлдыр түсініктердің ыдырап, жойыла бастағанын көреміз.

Бергі заманда шығарылған халық ертегілерінде хайуанаттар бұрынғы керемет бейнесінде алынбай, жаңа кейіпте, реалистік болмысқа байланысты алынады. Осы ретте хайуанаттар жайы екі түрде алынып, қазақ ертегілеріне қосылады. Онда хайуанаттардың бір тобы (төрт түлік мал, үй хайуандары) шаруашылыққа келтіретін пайдасы, атқаратын қызметімен суреттеледі. Хайуанаттардың екінші тобы (жыртқыш аңдар) адам баласына жасаған жауыздығы, қаскүнемдігімен бейнеленеді. Бұл соңғысы, кейде, халықтық сатираға айналады және сол арқылы қоғамдық жайлар, үстемдік еткен қауымның жағымсыз қылықтары әңгімеленеді; бұлар халықтың ащы мысқылы, келеске күлкісі түрінде келеді; таптық тартыс, күрес жайы сөз болады.

Төрт түлік мал және үй хайуандары қазақ ертегілерінің көлеміне енгенде, ең алдымен, олардың адам баласына келтіретін пайдасы, атқарар қызметі қандай екендігі суреттеледі. Өйткені бұлардың шаруашылық үшін мәні, адам өмірінде алатын орны аса зор еді. Төрт түлік мал шаруа адамына, бір жағынан, көлік күші болса, екіншіден, ішетін тамақ, киетін киім еді. Сондықтан да халық төрт түлік малды, үй хайуандарын өзінің ертегісіне қосқанда, олардың қызметін даралап көрсетуге мән береді. Ертегі оқиғасын тартысы мол нақтылы сюжетке құрады; фантазия мен реалистік болмыс шындығын шебер араластыра отырып, жұрт қызығып тыңдайтын кесек шығармалар тудырады. Төрт түлік мал жайындағы қазақ ертегілерінде халықтың ерекше көретіні жылқы мен түйе. Оның мәні осы екі түліктің халық тұрмысында ерекше қызмет атқарғандығында. Мұны біз «Алтын сақа», «Тепең көк», «Боз інген», «Жақсылық пен жамандық», т. б. ертегілерден көреміз.

«Алтын сақа» ертегісінің оқиғасы мал өсіріп, кәсіп еткен халықтың өмірінен алынған. Ертегінің негізгі желісі — шаруа адамына қастық жасаушы жалмауызды жеңу жолында пайдасын тигізген жануардың қызметін суреттеуге құрылған.

Ертегінің бірінші бөлімінде адам етіне жерік болған жалмауыздың қаскүнемдік жайы айтылады. Шаруа адамына

<sup>1</sup> М. Әуезов, жоғарыда аталған еңбегі, 97-бет.



ол осал жау емес, әрі күшті, әрі айлалы жау. Жалмауыз окпе бейнесіне түсіп, суда қалқып жүреді. Суатқа келген жылқыларды үркітеді. Ақырында ол мал иесінің жағасына жабысып, ендігі жерде оның өлімнен құтыла алмайтындығын айтады. Жалмауыздан зәресі ұшқан бай оған барлық малын ұсынады. Бірақ жалмауыз оған көнбейді: «Жалғыз баланды бересің, соның стін жсймін, сонда ғана өлімнен құтыла аласың»,— дейді. Жалмауызға қарсы күресуден қорыққан бай жалғыз баласын өлімге қияды да, оның сақасын ескі жұртқа тастап, ертеңіне жаңа жұртқа көшіп кетеді.

Ертегінің осыдан былайғы жерінде жалмауызға қарсы күрес суреттелді. Алтын сақасын іздеп, ескі жұртқа келген бала жалмауызбен кездеседі, жалмауыздан жердегі сақасын алып беруді сұрайды. Бірақ жалмауыз: «Отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын»,— деп, сақаны алып бермейді. Сонда тұлпар бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалады, бала алтын сақасын іле жөнеледі. Баланың соңынан жалмауыз да тұра ұмтылады. Балаға жете алмасын білген жалмауыз бір тісін суырып алып, тұлпардың оң жақ артқы аяғын атып түсіреді. Тұлпар үш аяқтап шаба береді. Жалмауыз тағы бір тісімен тұлпардың екінші аяғын ұшырады. Сол кезде үлкен бір бәйтеректің түбіне жете, тұлпар құлайды. Бала бәйтеректің басына шығып кетеді, артынша-ақ жалмауыз да келіп жетеді. Ол тістерін күрек қылып бәйтеректің түбін опыра бастайды. Бала қатты сасады. Осы кезде баланың қасына қарлығаш келеді. Оған бала мұңын айтып, үйімдегі төбеттерге хабар бер, мені жалмауыздан құтқарсын дейді. Қарлығаш төбеттерге баланың сәлемін айтады. Төбеттер келіп жалмауыздың быт-шытын шығарып өлтіреді де, баланы өлімнен құтқарады.

«Алтын сақа» — қызық оқиғаға құрылған халық ертегісі. Мұнда адам стіне жерік болған, шаруа иесіне қастық жасаушы жалмауыздың жексұрын образы жасалған. Жалмауызға қарсы күрсіп, оны жеңу жолында адамға пайдасы тиген жануарлардың қызметі суреттелген. Жалмауыздан баланы құтқарып әкеткен тұлпардың жүйріктігі, қарлығаштың және төбеттердің балаға деген достығы тартымды түрде бейнеленген. Ертегі бұл жануарлардың адамға пайдасы көп екендігін айта келе, оларды өсіру, күту керектігін еске салады. Сөйтіп, халық ертегісі шаруа адамына пайдалы жануарлардың ісін сүйкімді стіп бейнелейді.

Жануарлар жайында шығарылған халықтық ертегілердің көбінде жылқы малының шаруашылыққа тигізген пайдасы,

атқарған қызметі мол әңгіме етіледі. Мұны «Тепең көк» дейтін ертегіден көруге болады. Бұл ертегіде ашыршылыққа ұшырап, қайыршылық халге жеткен ағайынды үш жігітті өлім тырнағынан құтқарып алған тұлпар жайы айтылады.

Жануарлар жайындағы ертегілерде жылқымен қатар, түйенің де маңызы зор. Көптеген ертегілердің сюжеті түйенің еңбек адамы үшін қызметі молдығын, шаруашылыққа қолайлы екендігін көрсетуге құрылған. Түйені мінсе — көлік, шөлдесе — сусын, кесе — киім деп түсінген халық оны нелер әдемі ертегі-әңгімелеріне қосқан. Мұны «Боз інген» жайындағы ертегіден айқын көруге болады.

Еңбекші халықтың шаруашылығында, тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік малдың басқа түрлерінің де айрықша маңызы болған. Сиыр, қой, ешкі жайында да көптеген ертегілер туған. Бұған мысал етіп «Екі жетім» дейтін ертегіні алуға болады. Онда мынадай әңгіме баяндалады. Баяғыда бір байдың әйелі өледі де артында екі баласы қалады. Оларға байдың соңғы алған әйелі күн көрсетпейді, киім бермейді, тамаққа жарытпайды және оларды мал соңына салып қояды. Бір күні балалар қарны ашып жылап отырса, қасына бір көк қошқар келеді де: «Неге жылап отырсыңдар?»— дейді. Балалар мұңын айтады. Сонда қошқар: «Жыламаңдар. Менің төбемнен бір тал жүнді жұлып алыңдар, тілеген тамақтарың дайын болады»,— дейді. Қошқардың айтқаны расқа шығады, балалар күн санап тойына бастайды. Мұны байдың әйелі біліп қояды да, өтірік ауырады. «Көк қошқардың етін жесем, жазыламын»,— дейді. Бай балаларды жұмсап: «Көк қошқарды соямын, алып келіңдер»,— деп жібереді. Балалар қошқарға келіп, болған әңгімені айтады. Сонда қошқар: «Ренжімендер, менің етімнен сендерге олар еш нәрсе тартырмайды. Сондықтан сүйегімді жинап алып, белгілі бір жерге көміндер. Күн сайын сол жерді ашып тамақтаныңдар»,— дейді. Қошқар сойылады, оның сүйегін балалар жинап алып көмеді. Байдың әйелі «ауруынан» жазылады да, балаларға тағы да күн көрсетпейді, ұратын, ұрсатын болады және «Кешке дейін иіріп әкелесіңдер, әйтпесе менен жақсылық күтпеңдер»,— деп, бір қап жүн береді. «Енді не істейміз?» деп, жылап отырған балалардың қасына бір ала сиыр келеді. Ол балалардың хал-жайын біледі де: «Жүндеріңді маған беріңдер, мен оны жұтамын да, иіріп құсамын»,— дейді. Айтқандай-ақ бір қап жүнді ала сиыр сол заматта иіріп шығарады. Сөйтіп, балалар жазадан құтылады.

Бұл ертегіде туған әке мен өгей шешенің өз балаларына жасаған қиянаты, көрсеткен жәбірі сынға алынады. Сонымен қатар адам баласына жақсылық жасап көмектескені үшін сиыр мен қойды ардақтайды.

Төрт түлік малды адам баласына бағалы етіп көрсету үшін халық ертегілері оларды артықша бейнеде суреттейді, адамша сөйлетіп қояды: кейде оларды адамның қайғысына ортақтасатын, қуанышына шаттанатын етіп те әңгімелейді. Неше түрлі тұлпарлар, атан, желмаялар адамға дос, жәрдемші ретінде ертегіге қосылады. Бұлардың қызметін сүйсіне әңгіме еткен халық оған ертегілік сипат береді. Мұның өзі ертегі оқиғасының қызықты болып құрылуына негіз салады. Осы жөнінде қай ертегіні алсақ та, халықтың төрт түлікті өсіру, бағу жайындағы көзқарасы айқын көрініп отырады.

Төрт түлік малдан басқа үй хайуандарының ішінен халық ертегісіне ит пен мысық енеді. Бұлар да адам баласы үшін жасаған әр алуан жақсылық, достық қызметімен алынады. «Жігіт пен сиқыршы әйел» дейтін ертегіде суреттелетін Сарышолақ ит өзінің иесіне тамаша қызмет атқарады. Ол ұры-қарыға қорадан мал алдырмайтын болады және қойшы орнына қой бағады. Сонысы үшін Сарышолақты бүкіл ел болып қадірлейді.

Үй хайуандары жайындағы ертегілердің кейбіреулері жеңіл, күлкілі әңгіме түрінде балаларға арналған. Мұндай ертегілердің оқиға желісі балалардың өздері күн сайын көріп жүрген нәрселерді суреттейді. Олардың оқиға-әңгімесі айтушыға да, тыңдаушыға да жеңіл, ыңғайлы, ықшам келеді. Бұған мысал етіп «Қотыр торғай», «Мақта қыз бен мысық», «Құйыршық», «Күшік пен мысық», т. б. ертегілерді алуға болады.

«Қотыр торғай» ертегісінде қотыр торғай «қотырымды ауырттың» деп шеңгелге ашуланады да, оның үстінен ешкіге шағым етеді: «Шеңгелді жеп қойшы,— дейді. Бірақ ешкі оның тілін алмайды. Сонан кейін қотыр торғай ешкіні қасқырға айтады, қасқырды жылқышыға, жылқыны байға, байды шешесіне, шешені желге шағады. Ақырында ертегінің кейіпкерлері бір-бірін қуыса бастайды, ешкі келіп шеңгелді жейді. Қотыр торғайдың кегі қайтады.

Осы секілді күлдіргі жай «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде де бар. Онда қыз жерден мейіз тауып алады да, мысығын шақырады. Мысық келмейді, сонан соң қыз өзі жеп қояды. Мысық келіп: «Неге шақырдың?»— дейді, қыз айтпайды. Сонда мысық; «Қатығыңды төгем,— дейді. Оған

қыз: «Құйрығынды кесіп алам»,— деп жауап қайырады. Мысық құйрығын сұрап жалынады, қыз: Қатығымды төле,— дейді. Мысық сиырға барып сүт сұрайды. Сиыр: «Жанырақ әкелсең, сүт берем»,— дейді. Жапырақ су сұрайды, сушы қыздар сағыз, дүкенші тұқым (жұмыртқа), тауық тары сұрайды. Ақырында мысық тышқаннан тары әкесп тауыққа береді. Осыдан ертегінің кейіпкерлері қайталап, тізбектеледі де, мысық құйрығын, қыз қатығын алады.

Үй хайуандары жайындағы ертегілердің балаларға арналған әңгімелері оқиғаны көбінесе тізбектеп айтуға құрылады. Бір оқиғаның кілтін скіншісінен іздеу, осы ретпен барлық әңгімені қысқа түрде тізбектеп айту әдісін қолданады. Оны балаларға арналған ертегілердің өзіндік құрылысы, ерекшелігі деуге болады дейді М. Әусзов. Бұған жоғарыда келтірілген «Мақта қыз бен мысық», «Қотыр торғай» ертегілері оқиға әңгімесін баяндауда осы әдісті қолданғандығы дәлел. Мұның мәнісі оқиғаны ауырлатпай, балаларға жеңіл, әрі күлкі, әрі түсінікті стіп әңгімелеуді ойлағандықтан туған сскілді. Сондай-ақ, балаларға арналған ертегілердің көлемі шағын келеді, кейде өлең, диалог түрінде айтылып отырады.

Хайуанаттар жайында шығарылған қазақ ертегілерінің скінші тобы хайуандарды өз бейнесінде, нағыз хайуан кескінінде алады. Әрқайсысының өзіне тән мінесі, қылығы, ісі суреттеледі. Бұл ретте қазақ ертегілеріне жыртқыш аңдардан молырақ енгені арыстан, қасқыр, түлкі, аю болады. Халық ертегісі бұлардың әрқайсысына лайықты мінездеме береді. Арыстан — асқан күштің, зорлықтың, қасқыр — қомағайлық пен қорқаулықтың иссі болып кейіптеледі. Ал түлкі — айла мен аярлықтың, бірді бірге соғып, пайдасын тауып жүрген қу, өзінен басқаның бәріне дұшпандық жасаушы, сырттай дос, іштсй қас болып келеді. Айналасындағы аң атаулыны алдаушы да, өсск таратып күндеуші де, жоқ жерде пәлә бастаушы да — түлкі. Бұлармен қатар, қазақ ертегілерінде о жарлық, аңқаулық кескінімен аю жүрсді. Жұрттың бәріне мазақ, күлкі ретінде маймыл қатысады.

Бұл топтағы ертегілердің оқиға құрылысына дәнекер және ертегіге оқыстан қатысатын аңдардың басын қосып, оқиғаның дамуына себепкер болатын да — түлкі. Мұны «Арыстан, қасқыр, түлкі және түйс», «Маймыл мен түлкі», «Түлкі, тасбақа, кенс», «Түлкі, аю, қойшы», «Түлкі мен бөденс» сскілді ертегілерден көрсеміз. Бұлардың қайсысын алсақ та, ондағы оқиғалардың тууына, дамуына себепкер түлкі скендігін аңғарамыз.



«Арыстан, қасқыр, түлкі және түйе» дейтін ертегіде аталған аңдардың өзіне тән мінезі, ісі суреттеледі. Бұл ертегіден тәкаппар, асқақ күшті арыстанды, қомағайлығы жер қаптырған қасқырды, жауырыны жерге тимес айлакер, жанындағы жолдастарының барлығын жардан құлатқан түлкіні, момындығынан қаза тапқан түйені көреміз. «Маймыл мен түлкі» дейтін ертегі де осындай халді суреттейді. Онда басқа аңдар жайын баяндай отырып, түлкінің ебін тауып, есебін қайырған қулық, айлакерлік істері айтылады. Айлалы түлкі маймылдан: «Патша болдың» деп сүйінші сұрайды, алдап қақпанға түсіреді де, жемге салынбаған балықты өзі жейді және де ол маймылға «Екі бақ болады, бірі басқа, бірі аяққа қонады. Сенің аяғыңа тепкілесен кетпейтін темір бақ қонды»,— деп мазақтайды, әжуа етеді. Түлкінің осындай мінезін білген басқа аңдар одан қауіптеніп те жүреді, сондықтан да олар «түлкім-түлкім» деп жағымпазданатын болады.

Түлкі қаншама айлакер, қу болса да, ұтылып қалатын, алданып соғылатын жерлері бар. Бұл ретте оны орға жығатын қорқақтығы болады. Мұны «Түлкі, тасбақа, кене», «Түлкі мен бөдене» деген ертегілерден көреміз. Алғашқы ертегіде түлкі, тасбақа, кене үшеуі қосылып тары егеді. Тарысы шығып, түсімін жинаған кезде, түлкі: «Жарысалық, үлесті қай озғанымыз алайық»,— дейді. Жарыста кене озып келеді, түлкі зорлық жасай бастағанда, тасбақа аңшылардың келе жатқанын айтады, түлкінің зәресі ұшып қаша жөнеледі де, мазақ болып қалады. Соңғы ертегіде түлкі бөденені ұстап алады да, тістеп тұрып: «Балапандарыңды шақыр, жеймін»,— дейді. Бөдене оған көнеді де, балапандарының қасына әкеледі. «Менің дауысыма салып шақыр», дейді түлкіге. «Не деп шақырайын»,— деген түлкіге: «Маңғыт»,— десең балапандарым келеді деп жауап береді. Түлкі: «Маңғыт»,— деп аузын ашып қалғанда, «Аузыңа саңғыт»— деп бөдене ұша жөнеледі де, түлкіні мазақ етіп кетеді.

Аталған тақырыптағы қазақ ертегілерінің барлығы бірдей, аңдар мен хайуанаттарды тура өз мағынасында әңгімелеп қойған жоқ. Кейде қазақ ертегілерінің ішінде аң, хайуан кейіпкерлер арқылы қоғамдық, таптық жайларды суреттейтіні болады. Мұның өзі ертегілерде белгілі бір әдіске айналғандығын байқатады. Бұл жөнінде М. Горький және қазақ ертегілерін зеттеген, пікір айтқан М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, т. б. әдебиетші-ғалымдар былай дейді: өткен кезде, қанаушылар үстемдік еткен заманда, ауыз әдебиетін шығарушылардың көпшілігі



ауыр халде, езілуде, правосыз, қорғансыз болды; олар қанаушылардың халыққа жасаған жауыздықтарын өздерінің шығармаларында ашықтан-ашық суреттеп көрсете алмады, олай етсе, жазаланатын еді. Сондықтан ауыз әдебиетін шығарушылар әр түрлі тұспалдау, ишарат жасау әдістерін қолданады, осылар арқылы қанаушылардың жан түршігерлік жағымсыз іс-әрекеттерін сипаттайды.

Осы негізде туған қазақ ертегілерінің кейіпкерлері арыстан, қасқыр, түлкі, т. б. болып келгенімен, олардың шын мәніндегі хайуандар емес, қанаушы тап адамдары екендігін аңғарамыз. Бұл тектес ертегілерде суреттелетін түлкі — ел арасын бүлдіруші, жұртты алдаушы, өсекшіл, күншіл, қара басының дәрежесі үшін неше түрлі айла-амал жасаушы ала аяқ қулардық бейнесін елестетеді және оны солардың жинақталып берілген образы деуге болады. Арыстан бейнесінен үстем таптың азулы, талайды қан қақсатқан, жұртты жәбірлеуші адамдарын, хандарды көреміз. Сондай-ақ, ертегілерде суреттелетін жыртқыш аңдар арасындағы ала ауыздық, бір-біріне қастық жасаушылық әрекеттерінен қанаушылар арасындағы қарым-қатынасты, бір-біріне жасаған аңдысу, қаскүнемдіктерді байқаймыз және де, М. Әуезов айтқандай, мұндай ертегілер халықтық сатира, қанаушы тап адамдарын күлкіге айналдырып сынау, жексұрын қылықтарын шенеп-мінеу түрінде келеді. Бұл айтылғандардың мысалы етіп, «Қасқырдың қойдан қорыққаны», «Үш жігіт», «Түлкі мен арыстан», «Түйе неге артына қарайды» секілді ертегілерді алуға болады.

#### **ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІ**

Қазақ ертегілерінің ішінде тақырыбы мен оқиға-әңгімелерінің аса мол түрі тұрмыспен салтқа байланысты туған ертегілер.

Бұл топқа кіретін ертегілерде ескі заманнан бастап, соңғы кезге дейінгі халық өмірінің әр алуан жақтары қамтылады. Оларда халықтың қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, дүние танудағы көзқарасы, таптық сана-сезімі, арман-мүддесі суреттеледі де ертегінің оқиғасы реалистік болмыстан алынады. Егер қиял-ғажайып немесе хайуанаттар жайындағы ертегілерде фантастика басым болып отырса, тұрмыс-салт ертегілерінде ол өте аз кездеседі. Мұнда адамның қиялынан туған әңгімелерден гөрі өмірде болған, не болуға тиісті оқиғалар басты орын алады. Сондай-ақ, тұрмыс-салт ертегілерінің кейіпкері жалғыз көзді дәу, мыстан, жеті басты жалмауыз, жезтырнақ, т. б. бейнесінде емес, нақты адам бейнесінде болады; сол қарапайым адамдар жайы айтылады.

Тұрмыс-салт ертегілерінің оқиғасы ертегінің басты кейіпкері қарапайым адамның өмірін, ісін, тұрмыс-тіршілігін, таптық, қоғамдық жайларын, әлеуметтік көзқарасын суреттеуге құрылады. Бұлардың бәрі халық ортасынан шыққан, ертегіге басты кейіпкер болып алынған еңбек адамы арқылы баяндалады. Неше түрлі қиыншылық, кедергілерді, ауыр халдерді андыған, алысқан жау амалдарын жеңетін де, сөйтіп мақсатына жететін де қарапайым адам болады. Бұдан, М. Горький айтқандай, халықтың қоғам өмірінде, еңбекте өз құшiнe және сол күштің жеңіп шығатындығына сенгендігі көрінеді. Әрине, халық ертегілерінде қарапайым адам айналасындағы өмірден бөлек алынбайды, ол сол өмірдің ішінде жүреді, соған белсене араласып отырады; ол, өмір шындығында кездесетіндей, бірде жеңіп, бірде жеңіліп те жүреді. Бірақ жеңілісіне налымайды, үрейленіп сары уайымға салынбайды, қайта қайраттана түседі, «бүгін жеңілсем, ертең жеңем» деп өршелене, талаптана түседі. «Батар күннің атар таңы бар» дегендей жақсылықты болашақтан күтеді, сол үшін күреседі. Сондықтан да халық ертегілері осындай қарапайым адамдарды жағымды бейнеде алып, оларды ардақтап әңгіме етеді.

Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салтына байланысты туған ертегілері бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол талай ғасырдың жемісі. Бұл ертегілердің ішінде көне заманда, феодалдық қарым-қатынастар кезінде және соңғы дәуірде туғандары да бар. Олардың бәрі ауызша айтылып, ауызша тарағандықтан көптеген тарихи кезеңдер, талай таптық, қоғамдық орта тудырған әр түрлі көзқарастарды, сан алуан ұғым-түсініктерді бойына жинастыра келгендері белгілі. Бірақ солай бола тұрса да, халықтық ортада туған ертегілер өзінің халықтық сипатын жойған жоқ. Қайта, оны әрбір жаңа дәуір, жаңа кезең жағдайларына қарай өзгертіп, шындап, жетілдіріп отырғанын, өткірлеп мәнерлегенін байқаймыз.

Әрине, ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді тұрмыс-салт ертегілері де идеялық жағынан біркелкі емес. Таза халықтық, еңбек елінің идеясын білдіретін ертегілермен қатар, халыққа жат кертартпалық сипаты бар ертегілер де кездеседі. Мұндай ертегілер үстемдік еткен ортада туған, соның идеясын уағыздайды. Сондықтан да біз ондай ертегілерді емес, халықтық ертегілерді сөз етеміз.

Халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған ертегілерінде басты тақырып еңбек адамдарының өмірі, ісі болып келеді. Бұл ретте қарапайым адамдарды халық ертегілері қанаушы тапқа қарсы бейнеде алады, олардың ісі,

ақылы, өнері, адамгершілігі хандар мен байлардан әлдеқайда артық деп суреттейді. Мұны біз көптеген ертегілерден, соның ішінде әрі көркем, әрі терең идеялысы «Аяз биден» көрміз.

«Аяз би» — қазақ халқына ертеден таныс, мазмұнды, көркем ертегінің бірі. Ертегінің негізгі идеясы — шаруа адамының ісі мен ақылын ардақтау. Бұл ертегіден халықтың нені арман еткенін, нені көкसेгендігін көреміз.

Ертегінің оқиғасы қазақ өмірінің шындығынан алынады да, оны қоғамдық мәні зор тартыстардың төңірегіне құрады. Қанаушы мен сзілген еңбек адамдарының арасындағы таптық қарым-қатынастар, алыс-тартыс күрестер суреттеледі. Бұл күрестерге халық атынан белсене араласатын, халықтың сарқылмас ақыл-ой даналығын көрсететін Аяз би болады. Қанаушы таптың және оның үстемдігін жүргізуші хандар мен уәзірлердің жауыздығын, елдің еңсесін түсіріп езгендігін халық ертегісі өзінің сүйікті кейіпкері Аяз би арқылы әшкере етеді. Халықтың ойынша, ел билеген әділетсіз, залым хандардың, билер мен уәзірлердің орнына еңбекші бұқараның өкілдері болса, елді осылар билесе, — заман түзелмек, әлеуметтік теңсіздік жойылмақ, халықтан шығып «хан болғандар» еңбек адамдарының мерейін үстем етпек; әділ, турашыл болмақ. Бұл ретте халық ертегісі еңбекші бұқараға жиіркеніп қарайтын, тіпті оны адам санына қоспайтын хандар мен уәзірлердің топастығын әшкере ете отырып, оларға қарама-қарсы өз адамын қояды, бір-біріне салыстырулар жасайды. Барлық сыннан мүдірмей өткен, ақылы мен адамгершілігі ханнан да, оның күншіл уәзірлерінен де асып түскен Аяз биді ардақтайды.

Ертегінің оқиғасы адал еңбегімен кәсіп еткен шаруа адамын ардақтау идеясынан туады. Ертегіде айтылатын барлық әңгіме осы идеяға бағындырыла дамиды; жағымды, жағымсыз кейіпкерлер арасындағы тартыстарды суреттеу ақылы ұлғая түседі және ол ертегінің шарықтау шегіне жеткенге дейін үзілмейді. Бұл идеяны халық ертегісі таптық тұрғыдан ашады, екі таптың адамын салыстыра отырып, кімнің артық, кімнің кем екендігін көрсетеді.

Мол сюжетке құрылған және оқиғаны басты кейіпкер арқылы баяндауға негізделген «Аяз би» ертегісі, салған беттен-ақ әңгімені таптық тұрғыдан қозғайды. Бірден-ақ ертегідегі кейіпкерлерді скіге бөліп даралай суреттейді. Ертегінің оқиғасы байлық дәрсжесіне, сән-салтанатына масаттанған, еңбекші адамды келеке-мазақ етпек болған Мадан ханның қарамағындағы қырық уәзірінше шөптің, құстың, адам-

ның жаманын тауып әкеліндер деп бұйрық беруінен басталады. Қаһарлы ханның бұйрығын орындауға шыққан уәзірлер шөптің жаманы деп шеңгелді, құстың жаманы деп қырғауылды алады. Адам жаманын таба алмай сандалған шақта, бір таудың етегінде қой бағып жүрген, үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, қол-аяғы жарылған, ұсқынсыз адамға кез болады. Уәзірлер оған келген шаруасын айтады да, «адам жаманы осы болар» деп жаңағы «жаманды» ертіп алады. Жаман уәзірлерге шеңгел мен қырғауылды тастатады да, олардың орнына қара қоға мен сауысқанды алдырады.

Ертегінің осыдан былайғы әңгімесі хан мен уәзірлер жаман деп таныған адамның жаман еместігін, ол ақылды, адамгершіліктің иесі екендігін көрсетуге арналады. Бұл жолда ол халық алдында аса көп сындардан өтеді. Жаманның ақылы ханнан да, оның уәзірлерінен де артық болып шығады.

Уәзірлері әкелген адамды «мұнан жаман кісі дүниеде жоқ шығар» деп бағалаған Мадан хан: «Адамның жаманын дұрыс тауып әкелгендеріңмен, құстың, шөптің жаманын таба алмапсыңдар»,— деп ашуланады. Ханның қаһарынан зәресі ұшқан уәзірлер қырғауыл мен шеңгелді алдырмаған Жаман екенін айтады. Сонда Мадан хан Жаманды шақырып алып, қырғауыл мен шеңгелді алдырмау себебін сұрайды.

Өмір бойы еңбегімен күн көрген және бұл жөнінде өмірден алған тәжірибесіне сүйенген Жаман, ханның сұрауына орынды жауап қайырады. Киім жыртытын, мал жемейтін шеңгелдің адамға пайдалы отын екендігін, қырғауыл сиықсыз болса да, адал құс екендігін айтады. Бұл екеуін жаман демей, жақсы деп түсінетіндігін білдіреді. Құстың жаманы сауысқан деу себебін: «Сауысқанның жүні ала болғаны сияқты өзі де ала, бірлігі жоқ, екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын арам құс еді»,— деп дәлелдейді. Ал шөптің жаманы қара қоға екендігін: «Қара қоғаны алып отқа жақсам, жанбайтын еді; үрлесем жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап үйді алып кететін еді. Отқа жанбаған соң, апарып малға салсам, сиыр екеш, сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін. Сосын қара қоға тіпті пайдаға келмейтін шөп деп ойлаушы едім. Қара қоғаның жамандығын содан білдім»,— деп дәлелдейді. Сөйтіп, бұл әңгімеде құс пен шөптің жаманы жайында шаруа адамының түсінігі еңбекпен кәсіп етпеген хан мен уәзірлердің түсінігінен әрі артық, әрі шындық екендігі айтылады.

Мадан хан Жаманды сынамақ болып, тағы бірнеше сұраулар қояды. Ол өзінің тұлпарын, гауһар тасын сына-



тады. Жаман бұл сындардан да мүдірмей өтеді, жиналған жұрт алдында ақылы асқан данышпан адам екендігін танытады. Жаманның жауаптарына көңілі толған хан енді: «Өзімді сынашы, мен неше атамнан бері хан екенмін»,— дейді, ал бұл сын Жаманға оңай соқпайды, жамандығын көрсетеді деп ойлайды. Бірақ Жаман оған да мүдірмейді және хан алдында тұрмын деп именбейді, «қасықтай қанымды кешсеңіз, айтайын» деп жалтақтап жалынбайды, тайынбас қайсар, өжет өткірлігін білдіреді; Маданның қандай хан екендігін іркілмей айтып салады.

«Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы аузыңызға жал мен жая түспей, нан мен көже түсіп, мені келісімен асбазшыға жібердіңіз... Сіздің аталы хан емес екендігіңізді осыдан байқадым»— дейді.

Осыдан былай бұрынғы Жаман халық алдында хан мен оның уәзірлерінен ақылы асқан, адамгершілігі мол, ер жігіт, өжет азамат, білгір данышпан атанды. Мұны ол Менді қыздың жұмбағын, қойшы шалдың ханға айтқан тұспал сөздерін шешуімен де анықтай түседі.

Бір кезде хан мен уәзірлері жаман деп таныған, кейіннен Аяз би атанған Жаманның абырой-атағы ел арасына жайыла бастайды, оны халық құрметтеп қадірлейтін болды. Аяз бидің мұндай дәрежеге жеткенін көре алмаған уәзірлер оған қастық ойлайды, ханға шағыстырып, өсек таратады. Уәзірлерінің сөзіне еліктеген хан, енді Аяз бидің көзін құртып, Мендіні әйелдікке алу жайын қарастырады. Бұл үшін ол өтірік сылтау-себептер айтып, Аяз биді «барса-келмеске» жұмсайды. Ханның залымдықпен жасаған бұл ойын Менді біліп қалады да, қарсы амал қолданады. Ақырында, Мадан хан ұтылады да, айыбын мойнына алып, Аяз бидің алдына бас иеді. Бірақ уәзірлердің Аяз биге деген қастығы тоқталмайды, қайтсе де көзден тайдыру ниетінен қайтпайды. Әйткенмен, олардың бұл ойынан еш нәрсе шықпайды, жұрт алдында өздері масқара болып, жеңіліс табады. Ақыл-ойы сергек Аяз би ханның уәзірлерін тірідей жерлейді. Ол уәзірлерге қарап: «Киімдеріңді алып отқа жаққаным — білдірмей жұлғаным, аттарыңды сойғаным — күйдірмей пісіргенім, сендерді алдыма салып жалаңаш, жаяу-жалпы айдап әкелгенім — қан шығармай сойғаным»,— дейді. Сөйтіп, ол жауыз уәзірлерден кек қайырады және оларды ел алдында масқара-мазақ етеді.

Аяз би білгір ғана емес. Ол, сонымен қатар, адамгершілігі күшті, уәдеге берік, серттен таймайтын жан. Өзінің уәдесі,



серті үшін өлуге бар, бірақ айтқанынан бас тарту, қатерден қорқып үрейлену онда жоқ. Ол дарға асылып, демі бітіп бара жатқан кезде де сыр шашпайды, жан сауға сұрамайды, Мендіге берген сертінен айнымайды. Тек Мендінің өзі келіп рұқсат еткенде ғана, ханға сырын айтады.

Сөйтіп, халық ертегісі Аяз биді әрі ақылды, әрі адамгершілігі жоғары, турашыл, ер-азамат етіп көрсетеді. Халыққа тән даналық, батылдық, әділдік сияқты жақсы қасиеттердің бәрі де Аяз би арқылы беріледі. Ақырында ертегісі Аяз биді хандық дәрежеге көтереді. Мұнысы халықтың өмірді түсінетін қарапайым адамдар хан болса екен, елді көпшіліктің ортасынан шыққан адамдар басқарса екен деген арман-мүддесін көрсетеді. Аяз биді хандық дәрежеге жеткізе отырып, халық ертегісі оған қалың көпшілік атынан ақыл-кеңес береді: «Әділ, турашыл бол, баймын деп аспа, ханмын деп таспа»,— дейді.

Тұрмыс-салт ертегілерінің ішінде идеясы халықтық, мазмұны мол оқиғаға құрылғаны «Аяз би» десек, соған орай оның көркемдік дәрежесі сай екендігін байқаймыз. Басқа ертегілерге қарағанда, «Аяз бидің» өзіне тән ерекшелігі оқиғаны жұмбақ түрінде құруында деуге болады. Бұл әдіс әңгімелерді біден айтып салмай, таңдаушыны қызықтыра түсу, «енді не болар екен» дегізіп ынтықтыру үшін қолданылған. Жаманның қырғауыл мен шеңгелді неліктен алдырмағаны немесе ханның өзін, тұлпарын, гауһар тасын білгірлікпен сынаған жаманның өзі кім екендігі оқиғалардың шарықтау шегіне жеткен кезінде ғана ашылады. Сондай-ақ, Мендінің жұмбағында, қойшы шалдың тұспал сөздерінде кандай сыр жатқандығын ертегіні тыңдаушы алғашында аңғармай да қалады, олардың мәні кейіннен баяндалады.

Қазақтың тұрмыс-салт ертегілері қарапайым шаруа адамын ардақтай отырып, еңбек-кәсіп ету жайына аса көңіл бөледі. «Жатып ішер жалқау болма, ерінбей еңбек ет, өжеттен де, өрге ұмтыл» деген сияқты халық ойы ертегіге қосылады. Бұл ретте халық ертегісі ақыл-өсиет түрінде келеді және оларды өмір жолына енді түсе бастаған жастарға арнайды; оларды пайдалы еңбек арқылы тәрбиелеп, қоғамға керекті ер-азамат етіп шығару жайын қарастырады. Мұндай ертегілерде халықтың ғасырлар бойына жиып-терген өмір тәжірибесі, тұрмыстан алынған, шығарған қорытындысы да айтылады. Соның бәрін ертегіге айналдырып, жастарға үлгі боларлықтай түйіндер жасайды.

Бұл тақырыптағы ертегілер, М. Әуезов айтқандай, адамға пайда келтіретін ақыл-өсиет түрінде келеді. Оны жастарға

айтушы көпті көрген, өмір тәжірибесі мол кәрия немесе қарт әке болады және бұл ақыл-өсиет кейде жұмбақ түрінде айтылады. Оны ол бірден түсіне қоймайды, түсінсе, теріс ұғынады. Содан ол көптеген қиыншылық халге ұшырайды, азабы мол ауыртпалықтарды басынан кешіреді. Ақырында оның қателерін көрсетіп, түзу жолға салатын да жаңағы кәриялар, әкелер болады.

«Қарттың ұлына айтқан өсиеті» дейтін ертегіде дүние салғалы жатқан қарт әке баласын шақырып алып бақұлдасады да, өлер алдындағы өсиет-аманатын айтады. Ол ұлына: «Қала сайын үй салдыр, ішкен-жегенің жал мен жая, қазы мен қарта, шекер мен бал болсын, жұма сайын әйел ал»,— дейді. Қарттың мағынасы терең және тұспал-жұмбақ түрінде айтқан бұл өсиетін баласы теріс түсінеді. Ол әкесіне берген уәдесін орындамақ болып іске кіріседі де, қала сайын үй салдырады, ертеңді-кеш жегені қазы-қарта, жал-жая болады, жұма сайын әйел алады. Ақырында барлық мал-мүлкінен айрылып, қайыршылық халге ұшырайды.

Тұрмыстан алған тәжірибесі жоқ, өмір соқпағына жаңа түсе бастаған жас жігітті осындай ауыр халден екінші бір кәрия құтқарады. Ол қарт әкенің жұмбақ түрінде айтқан өсиет-аманатын шешіп береді және жігітке былай дейді: «Әкең ақылды адам екен, бірақ сен оның өсиетін теріс түсініпсің. Әкеңнің қала сайын үй салдыр дегені — әр жерде жақсы көретін жолдасың болсын дегені; ішкен-жегенің жал-жая болсын дегені — еңбек ет, еңбекпен тапқан азығың жал-жаядай, шекер мен балдай көрінеді дегені; жұма сайын әйел ал дегені — басқаға көз салма, сүйген келіншегіңмен жаңа қосылғандай тату-тәтті бол дегені». Жұмбақ түрінде айтылған және терең мағынаға құрылған бұл ертегінің өз кезінде жастарды тәрбиелеуде зор мәні болғаны сөзсіз.

Жоғарыда мысалға алған ертегіде жастарға ақыл-өсиет айтатын туған әке болса, енді бір ертегілерде оны бөгде адам айтқан болады. Мұны «Үш ауыз сөз» дейтін ертегіден көреміз. Бұл ертегіде былай делінеді: баяғыда бір байдың жалғыз баласы болады, ол жылқышы екен. Бір күні ол жігітке ақ сақалды шал келеді де: «Үш ауыз сөз үйретейін, бірақ ақысына бір айғырдың үйірін бересің»— дейді. Жігіт келіседі. Шалдың үш ауыз сөзі былай екен: «Жүрген жерінде қастық қылма, таңертеңгі асты тастама, оң қолың ұрыс бастаса, сол қолың арашашы болсын». Ертеңіне жігіт үйіне келген соң болған оқиғаны әкесіне айтады. Баласының бұл ісіне қарт әке қатты ашуланады, «Малды шаштың» деп

ұрсады, үйінен қуып жібереді. Жігіт қаңғып кете барады. Ол көп жыл бойына шетте жүріп, талай қиыншылықтарды басынан кешіреді. Кейбір ауыр халдерден оны баяғы шалдың үйреткен үш ауыз сөзі алып шығып отырады. Ақырында, жігіт үйіне қайтып келіп, мұратына жетеді.

Оқиғасы тұрмыс-тіршіліктен алынған, кейбір әңгімесі ескі нанымға негізделген бұл ертегіде ерте кездің көзқарасын білдіретін бірнеше мәселе көтеріледі. Жігітке үш ауыз сөз үйреткен кәрияның әрбір сөзі мол әңгіменің жекстақырыптары ретінде алынады және оларды тұрмыста кездесетін оқиғалармен дәлелдейді. Жақсы тұрмыс, ынтымағы жарасқан отбасын құру үшін еңбек, адалдық, достық керек деп қорытынды жасайды. Бұларды ертегінің кейіпкері жас жігіттің басынан кешірген халдерін суреттеу арқылы өмір жолына жаңа түсе бастаған жастарға ақыл ретінде аңғартқан болады.

Ақыл-өсиет түрінде айтылатын ертегілердің кейбіреулері қоғамдық, таптық жайларды қарастырады. «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» дейтін ертегіде халық қанын судай ағызған жауыз ханның жан түршігерлік істері әшкере болады. Өзін жер үстінің құдайымын деп есептейтін бұл хан, жасы алпысқа келгендерді қыру туралы бұйрық береді. Оны орындамағандарды дарға асып өлтіретінін ескертеді. Хан жарлығын естіген жұрттың есі кетеді, ел басына қара түнек орнайды. Кейбіреулер алпыстағы ата-анасын алып, басқа жаққа көшіп кетеді. Өзгелері амалсыздан хан бұйрығын орындауға кіріседі. Бірақ бір жас жігіт алпыстағы әкесін өлтіруге қимай, жасырып қояды. Осы кезде бұл ханға қарсы екінші бір хан жорық ашып, шабуыл жасайды. Оған қарсы аттанғандардың ішінде жаңағы жігіт те болады, ол ала өгізге мінгізіп, қапқа салып әкесін де ала шығады. Қатты соғыста хан жеңіліп, сау қалған әскерлерімен шегіне қашады. Бұлар шөлге кездеседі, судың жоқтығынан адам да, ат та қырыла бастайды. Бұл халді білген жігіттің әкесі баласына өз тәжірибесін айтып, су тауып береді. Кейіннен ол алтын жұмыртқаның көлде емес, бәйтеректің басында екенін айтады. Ақырында, суды, алтын жұмыртқаны тауып берген алпыстағы шал екенін хан біледі де, бұрынғы бұйрығының терістігін мойындап, оны бұзады және жігіттің әкесінен кешірім сұрап, аяғына жығылады.

Бұл ертегіде, бір жағынан ханның жауыздық істері әшкере етілсе; екіншіден, оған қарама-қарсы шаруа адамының білгірлігі ардақталады, еңбек адамының елге тұтқа екендігі көрсетіледі. Жауыз ханның жағымсыз образын бере отырып, халық ертегісі қанаушылардың қалың бұқараға жасаған

қаскүнемдігін бейнелейді, хан атаулыдан халыққа жақсылық жоқтығын аңғартады. Мұның өзі еңбекші халықтың таптық сана-сезімі ояна бастағанын білдіреді.

Тақырып жағынан алғанда, қазақтың тұрмыс-салт ертегілері ақылды жігіт пен ақылды қыз жайын әңгіме еткен,— дейді М. Әуезов.

— Бұлай, деудің реті бар. Өйткені, қай халықты алсақта, ол жастардан көп үміт етеді; қоғам өмірінде болсын, жеке тұрмыста болсын жастардың атқаратын қызметі, орындайтын міндеті орасан зор екендігін біледі. Ел қорғайтын батыр да, жойқын еңбек етіп шаруашылықты ретке келтіруші де, ел-жұртты асырап-сақтаушы да, өнердің өріне өрлеуші де — жастар. Халықтың «Асыл тастан, ақыл жастан шығады» дейтіні осыдан. Солай болғандықтан халық жастарды ардақтамай, олар жайында әдемі ертегі-әңгіме шығармай отыра алмайды.

Әрине, халықтың тұрмыс-салтына байланысты шығарған ертегі-әңгімесінде жас атаулыны шетінен ардақтай бермейді. Жастардың ішінен зерек, ақылы барлары, халық үшін игілікті істер жасағандары ертегіге қосылады; кейінгі ұрпаққа соларды үлгі етеді. Ал, әділін, турасын айтатын халық, өзінің ертегісіне тек жігіттерді ғана емес, олармен қатар қыздарды да енгізеді. Бұлардың қайсысы болса да, өздерінің ақылдарымен, білгірлігімен көрінеді, халықты сүйсіндіріп отырады. Сондай-ақ, кейбір ертегілерде қыздар мен жігіттер жайы, олардың арасындағы достық, махаббат сыры суреттеледі. Бұл ретте ақылды жігіт, жақсы қыз бір-біріне ғашық болып қосылады, мұратына жетеді. Өткен заманда, жігіт сүйген жарына немесе қыз ұнатқан жігітіне көбінесе қосыла алмайтын кезде, халық ертегісі сол ескі әдет-ғұрыптан туған жол-жобаға қарсылық білдіреді, жастар теңіне қосылуы керек деген идеяны таратады.

Осы аталған тақырыптағы ертегілердің үлгісі ретінде «Жақсы әйел», «Қарт пен тапқыр жігіт», «Ханның кесір қызы мен тазша», «Жалайдархан мен Сағат», т. б. ертегілерді атауға болады. «Жақсыәйел» деген ертегіде қыздың ақылы, адамгершілігі ғана суреттеліп қоймайды, сонымен қатар әйел қауымының аянышты халі, халық түгіл өз баласына қиянат жасаған озбыр хан суреттеледі. Ертегіде айтылатын хан бір күні шаңыраққа қарап отырып, ұшып бара жатқан қаздарды көреді де, уәзірлерін шақырып алып: «Алдыңғы қаз соңғы қазға не айтты, біліп беріндер»— деп бұйырады. Уәзірлер сасады. Хан қызына өздерінің қысылып тұрғанын айтады, төнген қауіптен құтқаруын өтінеді. Хан қызы:



«Алдыңғы қаз соңғысына: «Жақсы әйел жаман еркекті түзейді» деген еді, бірақ «мұны тапқан кім?» деп әкем сұрар, сонда «өзіміз таптық» деп айтындар»,— дейді. Уәзірлер ханға барып, алдыңғы қаздың соңғы қазбен не деп сөйлескенін айтып береді. «Мұны өздерің таптындар ма, әлде басқа біреу үйретті ме»,— деп уәзірлерді тағы да қысады. Уәзірлер қорыққанынан: «Мұны бізге үйреткен сіздің қызыңыз»,— деп айтып қояды. Хан әміріне қарсы келген өз қызына да сол арада мейрімсіздік жасап, адамның жаманына күйеуге беріп жібереді.

Ертегінің осыдан былайғы әңгімесінде қайырымсыз әкенің қаһарына душар болып, «шірік жұмыртқа» атанған қыздың жаман адамды қалай тәрбиелегені айтылады. Бір кезде хан және оның уәзірлері жаман деп таныған, адам деген атынан айрылып «жаман» саналған жігітті ақылды, өжет қыз қатарға қосады, тең-құрбысынан өнерін артқызып, абырой-атаққа ие етеді.

Бұл ертегіде де «Аяз биде» айтылатын халықтық сарын бар. Ол — қаналушы таптың, хан мен уәзірлердің еңбекші халыққа жиренішпен жаман деп қарағандығын, халыққа мейрімсіздігін әшкере етуінен көрінеді және олардың жаман дегені асқан ақылды, білгір адамдар болып шығады. Соның бірі жаман деп әке берген қыз болады. Бұл ретте ол хан қызы деген аты болмаса, хан қызы емес, халық қызы, «жамандардың» ақылды қызы болып кетеді. Екіншіден, ертегінің халықтық сипаты — феодалдар үстемдік еткен заманда әйелдердің аянышты халде болғандығын көрсетуінен байқалады. Феодалдық қауым әйелдерді адам қатарына қоспаса, адам деп санамаसा және әйелдерден де ақылды, білгір адамдар шығатынын мойындамаса, бұған халық қарсы екендігін білдіреді. Ақылды, білгір адамдар әйелдерден де шығатынын осы ертегісінде де дәлелдейді. Сондай әйелдерді ардақтап, мақтан етеді.

Осындай ертегілердің енді біреулерінде ақылды, білгір жігіттер жайы әңгіме етіледі. Олар көбінесе қалың ортадан шыққан қарапайым адамдар болады. Бұлардың ақылын, білгірлігін көрсету ақылы ертегілерде халық даналығы, халықтың ғасырлар бойы жиып-терген, өмірде сыналған тайғағы жоқ тәжірибесі жинақталып беріледі. Мұны «Қарт пен тапқыр жігіт» ертегісінен көреміз. Онда жігіттің ақылдылығы бірден аңғарылмайды, жұмбақ түрінде келеді. Алғаш кезінде ол ақылы шолақ, есі ауысқан адам секілді болып көрінеді. Ол өзімен бірге салт келе жатқан қартқа «Арқаласайық»,— деп тіл қатады. Жігіттің бұл сөзіне



түсінбеген қарт: «Арқаласайық дегені несі, атты кісі қалай арқаласады»,— деп ашуланады. Олар жолшыбай өлген кісіні көміп жатқан адамдарға кездеседі. Одан аттана беріп: «Жаңағы кісі өлмеген екен»,— дейді жігіт. Бұған қарт тағы ашуланады: «Өлген кісіні өз қолымыздан көмістік, оны бұл қалай өлмеді деп айтады, тегі мына жігіт жын-данған адам болу керек»,— деп ойлайды. Енді бір мезгілде бұлар егін жинап жатқан орақшыларға жолығады, астық өнімі мол-ақ екен! Олардан өте беріп: «Егіншілердің еңбегі зая кеткен екен, астығы желініп қалыпты»,— дейді. Жігіттің бұл сөзіне қарт тағы да ренжиді, мұндай адаммен жолдас болғанына өкінеді.

Жігіттің қандай адам екендігі қарттың үйіне келгенде мәлім болады. Қарт өзінің қызына: «Мына жігітке ас-суынды тезірек беріп жөнелт, өзі есі ауысқан ақымақ екен»,— дейді. Әкесінің бұл сөзіне қайран қалған қыз жігітпен тіл қатысады, жігіт оған да жолда көргендерін жұмбақ стіп айтып шығады. Қыз да ақылды, дана екен. Ол жігіттің жұмбақтап айтқан сөдерінде терең мағына бар екенін, оның «ақымақ, жынды» еместігін әкесіне айтып түсіндіреді және өзі жігітке тең жар болып қосылады. Сөйтіп, халық ертегісі ақылды жігіт пен білгір қызды мақтаныш етеді, «Ақыл жастан шығады» деп қорытынды жасайды.

Халық арасынан шыққан айлакер, ақылды, өнерлі жастарды, қарапайым еңбек адамдарын және олардың ісін ел ертегісі сүйсіне әңгіме сткенде, оларды өршіл талап несі етіп суреттейді. Олар талай қатал сындардан мүдірмей өтіп, бас бәйгіні алып жүреді. «Ханның кесір қызы мен Тазша» дейтін ертегіде осы әңгіме айтылады. Жасы отыздардан асқан хан қызы күйеу таңдайды. Оған үйленеміз деп дәмеленген ығай мен сығай мырзалар келеді. Бірақ олардың бәрінс қыздың қоятын бір ғана шарты бар: «Кімде-кім әңгіме айтып, менің басымды төсектен үш рет көтерсе, соған тиемін»,— дейді. Қыздың бұл шартын ешкім орындай алмайды. Сол кезде хан ордасына тазша жігіт келіп, қызбен тілдеседі. Кесір қыз оның сөзіне жауап бермей жата береді. Тазша әңгімесін бастай жөнеледі. Бірінші әңгімесінде «ағаштан түйін түйетін шебер, зергер және молда үшеуі жолдас болады, шебер ағаштан қыздың бейнесін жасады, зергер оны әдемілеп киіндірді, молда жан бітірді.» Сонан соң осы сұлу қызды «мен алам, мен алам» деп үшеуі таласқа түсті, әрқайсысы өз өнерін дәлелдеді. «Енді осы қызды жаңағы үшеуінің қайсысы алуға тиісті?»— деп сұрайды тазша. Бұл сұрауға кесір қыз жауап бермей, жата береді. Сонда тазша тұрып:

«Бұл сұраудың жауабын беру сізге қиын болғанмен бізге оңай. Қызды ағаш шебері алуы керек»,— дейді. «Ой, ақымақ, соны да білмегенің бе, қызды жан бітірген молда алуы керек»,— деп, кесір қыз төсектен басын көтеріп алады. «Ханша, ұмытпаңыз, басыңызды төсектен бір рет көтердіңіз»,— дейді тазша.

Тазша екінші әңгімесінде үш өнерпаздың (көреген, мерген, қағып алғыш) жайын айтады. «Алып қарақұстан құтқарылған қыз осы үш өнерпаздың қайсысына тиісті»,— дейді тазша. Кесір қыздан жауап болмаған соң: «Ол қызды мерген алуы керек»,— деп өз ұйғарымын естіртеді. Сонда кесір қыз: «Қағып алғышқа лайықты»,— деп басын екінші рет көтереді. Тазша үшінші әңгімесінде екі ұры жайын әңгімелейді де: «Осы екеуінің қайсысы өнерлі?»,— дейді. Кесір қыз, бұған да жауап қайырмайды. «Бұл сұраудың жауабын беру сізге қиын болғанымен бізге оңай. Біздіңше күндізгі ұры өнерлі»,— дей бергенде, кесір қыз: «Түнгі ұрының өнері артық, ол нағыз ерлік жасады»,— деп төсектен басын үшінші рет көтереді.

Қазақ ертегілерінде сүйкімді бейнеде әңгімеленетін ақылды, айлакер тазша, ханның кесір қызын осылай жеңеді де, оған үйленеді. Ол бұл қызға ғашық болған, оған үйленеміз деп дәмеленген мырзалардан өнерін асырып кетеді.

Тұрмыс-салт ертегілерінен халықтың діни ұғымы, намысы мен түсінігі де орын алады. Аталған тақырыптағы ертегілерде қараңғы адамдардың дінге сенімі, әр түрлі мифке байланысты көзқарастары да айтылады. Сонымен қатар, бұл тақырыптағы ертегілердің көпшілігі ащы мысқыл, өткір әжуа, мазақ-күлкі түрінде келеді.

Ондай ертегілерде дін иелері тарататын діни ұғымдар мен діни үгіттерге сын айтылады, олардың шындығына шүбәланады және бекерге шығарып та отырады. Мұны біз «Адам өмірі», «Қыдыр, бақ, ақыл», «Бақа» дейтін ертегілерден көреміз. Бұларда, бір жағынан, дін иелері айтатын әңгімелерді келеке, әжуа-мазақ сту, бекерге шығару болса; екіншіден, ақылды, еңбекті ардақтаушылық, жақсы өмір, шат тұрмыс құру еңбекке, адамның ақыл-ойына байланысты деп түсінушілік бар.

Дін иелері, дүниені, жанды, жансыз табиғатты, хайуандарды, адамды, т. б. жаратушы құдай деп үгіт айтатын және олар құдайдың барлығына шек келтірмей, әр түрлі әдіспен жұртты иландырып, нандыруға тырысатын. Біреудің бақытты, біреудің бақытсыз болуы, біреудің аз, біреудің көп жасауы құдай тағаланың әміріне байланысты дейтін.

Қысқасы, өмірде болатын сан алуан құбылыстардың бәрін олар бір құдайдың бұйрығынан деп дәлелдейтін. Дін иелерінің бұл секілді үгітіне қазақ халқы өткен уақытта, қараңғы надандық жағдайда жүрген кездің өзінде де, шын ықыласымен түгелдей сеніп кете қойған жоқ. Олардың қараңғы елді алдау үшін шығарған кейбір үгіт-әңгімелеріне сын айтып, күлкі-мазаққа айналдырғаны, бекерге шығарғаны бар. Мұны ол өзінің ауыз әдебиетінде, соның ішінде ертегілерінде, суреттеп көрсеткенін білеміз.

Халықтық сатира түрінде айтылатын «Адам өмірі» дейтін ертегіде былай делінеді: құдай тағала өзі жаратқан хайуандарды және адамды шақырып алып, әрқайсысының қанша жыл өмір жасайтындығын белгілейді. Ең алдымен адам барады. Оған құдай отыз жыл өмір беретіндігін айтады. Құдаймен таласуға болмайтындығын білетін адам, басқаларға қанша жылдан берер екен деп тұра береді. Екінші болып есек барады, оған құдай қырық жыл өмір береді және де: «Адамға қызмет етесің, адам не бұйырса, соны орындайсың, ұрса шыдайсың, өзің үшін көретін қызығың аз болады»,— дейді. Құдайдың бұл үкіміне есек көнбей ұрыс шығарады: «Адам азабында жүрсем, маған берген өмірің көп, жартысын қайтып ал»,— дейді. Есектің тілегін құдай қабылдайды да, жиырма жылын шегереді. Сонда есектің қасына адам келіп: «Құдайға қайырып берген жиырма жылыңды маған алып бер»,— деп өтінеді. Есек құдайға қайта барып, қалған жиырма жылын адамға әпереді. Бұдан кейін құдай алдына ит барып, отыз жыл өмір алады. Оған да: «Өз рақатың аз, адамға қызмет етесің»,— дейді құдай. Ит құдайдың бұл үкіміне дау айтып, өзіне берілген отыз жылдың он бесін шегертеді. Иттен қалған онбес жылды адам тағы сұратып алады. Ақырында, құдайға маймыл барады. Құдай оған алпыс жыл өмір береді және: «Көркің сиықсыз болғаны сияқты, өмірің де сиықсыз болады. Бала-шағаға күлкі болып жүресің»,— дейді. Маймылда құдаймен дауласып, отыз жылын шегертеді. Мұны көріп тұрған адам маймылды құдайға жұмсайды, маймылдан қалған отыз жылды адам өзіне қостырып алады.

Күлкілі әңгімеге құрылған бұл ертегінің өзінше түйіні, шешімі де бар. Ертегінің айтуынша, есектен, иттен, маймылдан алғандарын қосқанда адамның жасы тоқсан беске келмек. Мұның ішінде адамның алғашқы өз жасы (отыз жыл) — жастық, жігіттік кезін көрсетпек. Есектен алған жиырма жылда адам еңбек етеді, қажымай жұмыс істейді, иттен алған он бес жылда бұрынғы жиған-тергендерін

қорыған, оны басқалар алып қоймаса екен деп әркіммен ұрсысып-қағысқан кезі болады. Ал маймылдан алған отыз жыл — бұл адамның қартайған кезі. «Қарға адым жер мұң болған» кезін көрсетпек және оның әрбір қылығына балашаға күліп қарайтын шағын аңғартпақ дейді ертегі. Сөйтіп, бұл ертегі дін иелерінің айтатын үгітін де келеке-күлкіге айналдырады.

Осы тақырыптағы ертегінің тағы бір үлгісі ретінде «Қыдыр, бақ, ақыл» жайындағы ертегіні алуға болады. Дін иелерінің айтуынша, адамның бақытты не бақытсыз болуы да құдай тағаланың бұйрығына, тағдырға байланысты; құдай тағала жарылқаймын деген адамына қыдыр дарытады, бақ қондырады-мыс. Ақыл-ойы сергек халық бұл ұғымға да сезіктене, сенімсіздікпен қарайды. Оны осы аталған ертегіден де аңғаруға болады.

Бұл ертегіде қыдыр, бақ, ақыл үшеуі қайсысының күшті екендігін сынаспақ болып келе жатса, алдарынан жер жырттып жатқан егінші кездеседі. Оған қыдыр дарып кетеді де, жыртқан жерін алтын етіп жібереді. Көп алтынға ие болған егінші саудагерлер арқылы ханмен жақындасады, ханның қызына үйленбек болады. Осы кезде ханның еліне жау тиісіп, шабуыл жасайды, жұрт соғысқа аттанады. Жауға қарсы соғысқа шыққан егіншіге тағы бақ қонады. Ол алып дәу кейпіне түседі де, жауды жеңіп қайтады. Сонан кейін оған хан қызын беріп, тойын өткізеді. Бірақ жігіт хан қызын күнде сабай береді. Бұған ашуланған қыз әкесіне арыз айтады, хан жігітті дарға асып өлтіру туралы бұйрық береді. Дарға асылып, қылғынып бара жатқан шақта жігітке ақыл келеді. Ақылдың арқасында жігіт өлімнен құтылып, мұратына жетеді.

Ертегінің айтайын деген ойы, идеясы — қыдыр мен бақты дәріптеу емес, ақылды ардақтау. Бұдан көрінетін халықтық нысана: ақылды, есті адам ғана мұратына жетеді, қандай қиыншылық, қауіп-қатерден болсын, өлімнен болсын адамды ақыл ғана құтқарады; ақылдыға азу да, тозу да жоқ, ал қыдыр мен бақ дейтіндер дін иелерінің ойлап шығарғаны, ондайлар болған күнде де адамды ақыл секілді абыройға жеткізбейді; адам баласына өлім қаупі орнаған кезде, дарға асылып, демі бітіп бара жатқан шақта, қыдыр мен бақ еш нәрсе де істей алмады, тек ақыл ғана арашашы болды, демек, сөйтіп, ертегі бақ пен қыдыр жайындағы діни ұғымды бекерге шығарады.

Бұл тақырыптағы ертегілердің кейбіреулерінде ескі наным-сенімге иланудың өзі ойдан жасалған бояма нәрсе



екендігін әжуалап көрсететіні де бар. Бұған «Бақа» дейтін ертегіні алуға болады. Ертегінің бас кейіпкері Бақа атты шал — «көріп кел, біліп кел» қасиеті жоқ адам. Бірақ, ол ойламаған жерде, кездейсоқ жағдайларға байланысты бақсы-балгерлік, әулиелік қызмет атқарады. Байдың үйіне қонып отырған Бақа мүшкіл халге ұшырайды, саудагерлердің жоғалған кездемесін «ұрлаған сен, қайдан тапсаң, онан тап» деп бай қысады. Басына түскен пәледен құтылмақ болған Бақа ұрланған нәрсені таппақ болып амалсыздан көнеді. Сөйтіп ол түн ішінде далаға шықса, саудагердің матасын ұрлап, тығып жатқан бай баласының үстінен шығады, жоқ табылады. Осыдан былай Бақаның «әулиелігі» елге жайылады. Кездейсоқ жағдайлардың арқасында ол бидің жақсы көретін түйесін де тауып береді. Ақырында ол осы «әулиелігі» үшін өлермен жағдайға кезігеді. Бірақ одан Бақа деген аты құтқарып алады. Сөйтіп, әрі уайым, әрі күлкі халге құрылған «Бақа» ертегісі «көріп кел, біліп келі бар әулие» деген ұғымның қолдан жасалғандығын әжуа етеді.

Тұрмыс салттан туған ертегілердің тағы бір тақырыптары — үй-іші, отбасы, жақсылық пен жамандық, ұры мен аярлар жайында болып келеді. Бұларды ертегіге айналдырған халық өзінің қандай көзқарасы барлығын айқын түрде аңғартып та отырады. Үй-іші, отбасы жайын ертегі еткенде халықтың көздейтіні татулық болады. Жарасқан ынтымақ, тәтті татулық бар жерде жақсы отбасы құрылады, ондайдың жоғы табылып, өшкені жанады дейді. Ал үй ішінде, отбасында мұндай жағдай болмаса ұрыс басталады, ырыс шайқалады, қайғы-қасірет көбейеді, бүтіні бөлінеді деп түйіндейді. Халықтың осы ойы «Жігіт пен сиқыршы әйел», «Ақылды етікші» секілді ертегілерден көрінсін. Бұл ертегілердің оқиғасына белгілі мөлшерде қиял-ғажайып әңгімелер де араласады. Бірақ негізгі оқиға тұрмыс-салтта кездесетін шындықтарды суреттеуге құрылады.

Жақсылық пен жамандық, қиянат пен зұлымдық, қомағайлық пен сарандық жайларына да қазақ ертегілері көңіл бөледі. Жақсылықтан басқасының бәрін жиіркеніш сезіммен суреттейді. Адамды мұратқа жеткізетін жақсылық деп бейнелейді және де жақсылық деген ұғымның мағынасы терең, мазмұны көп екендігі, сан алуандаған ертегілерде дәлелденсін. Мұны біз «Жақсылық пен жамандық», «Хан мен уәзір», «Айдалы тазша» секілді ертегілерден көреміз. Бұл ертегілерде суреттелетін жаманшылық иелері, қиянат пен зұлымдық, қомағайлық пен сарандық, жамандық пен



қастық қаншама күшті болса да, оларды жақсылық жеңіп, жазалап отырады.

Осы ретте халық ертегілерінде алдампаз аярлар мен ұры-қарақшылар суреттеледі; ұры-қарақшылар мен аярларды халық ертегісі жазаға бұйырады, ел алдында абыройын төгіп мазақ етеді. Мұны «Момынбай мен жеті қарақшы», «Ұры мен аяр», «Үш ұры» дейтін ертегілерден көреміз.

«Момынбай мен жеті қарақшы» деп аталатын ертегіде ұры-қарақшылардың шаруа адамына жасаған қастығы және сол үшін олардың ел алдында масқара болғаны әңгімеленеді. Ұры-қарақшылар қаншама зымиян болса да, ақырында жаза көреді, еңбек адамы олардан ақыл-айласын асырып кетеді. «Үш ұры» ертегісі де осындай оқиғаға құрылады. Ондағы бау кеспелер жарлының жалғызын ұрламақ болып көп әрекеттенеді, бір сәтте сол мақсатына жеткен де болады. Бірақ кейіннен ұрлықтары әйгіленіп көп айып, ауыр жаза тартады. Сөйтіп, халық ертегісі «Ұрлық түбі — қорлық» екендігін суреттей отырып, адал еңбек, кәсіп ету керектігін ескертеді. Адал еңбек абырой әпереді деген қорытынды жасайды.

Тұрмыс-салт ертегілерінің оқиғасы, құрылысы жағынан өзіндік ерекшелігі бар түрі — күлдіргі ертегілер. Бұл топтағы ертегілер, — дейді М. Әуезов, — үлкенге де, кішіге де бірдей ортақ, тапқыр күлкіге, қызықты жеңіл түйіндерге құрылған әңгімелер. Алдымен мұндай ертегілердің аты, басты кейіпкерлерінің өзі ерекше күлкі болып келеді. Ертегілердің «Қаңбақ шал», «Ұр тоқпақ», «Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ», «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек», т. б. болып аталуының өзі-ақ күлкілі жайларды аңғартады. Бұлармен қатар, бұл топтағы ертегілер тазшаларға арналады, олардың тамаша күлкілі істерін сүйсіне әңгіме етеді.

Күлдіргі ертегілердің өзіндік ерекшелігі — оқиғаны шындық өмірден ала отырып, тапқырлыққа құруында және оқиғаға қиыннан қиыстырып, өмірде болғандай етіп фантастикалық әңгімелерді шебер түрде қосуында. Сонда «Күлкілі, оқыстан туған, келте қайырылған тар жердің тәсілі, ұйқы-тұйқысы тәрізді болады, — дейді М. Әуезов, — оқиғалы, тартысы күлкі болғандай, ойда жоқ күлкі хал көп қимыл әрекеттер туғыза келіп, бірінің үстіне бірі қат-қабаттап үйіле, жұмарлана түссе, сонда күлкі әңгіме жетісе түсіп, күлкісі, қызығы үдей береді».

Оқыстан туған, қызық оқиғалы, қырғын күлкілі ертегілердің бәріне қарапайым адам араласады; олардың адам нанғысыз істері және қоғам өмірінде кездесетін әр алуан

жағымсыз қылықтары, шайпау мінездері және халық сүймейтін нәрселер суреттеледі. Бұлардың бәрі қысқа түрде күлкілі оқиғаға құрылады. Мұнымен қатар, қиянат пен зорлықты, жаманшылықты жеңу, жою туралы халық арманы ертегінің жағымды кейіпкері ретінде алынған қарапайым адамдар арқылы аңғарылады.

«Қаңбақ шал» дейтін ертегіде қаңбақтай қураған ба-лықшы шалға түлкі өшігеді де, дәулерді жіберіп, өлтіртпек болады. Жел үрлесе ұшып кеткелі тұрған шал, дәулер келгенде қорыққандығын білдірмей, қулық жасайды; өзінің алып батыр екендігін айтады. Және де: «Айқасып алысқан батырлық емес, жердің ішегін шығарған, қара тастың майын ағызған батырлық»,— дейді. Осыдан кейін олар өнер салыстырады. Алдын ала айла-амал жасаған Қаңбақ шал, жердің ішегін шығарады, қара тастың майын ағызады. Мұндай өнер қолынан келмеген дәулер, шалдың алып батыр екендігіне көздері жетіп, онымен дос болады. Бірақ шал бұл дәулерден мүлде құтылу жайын ойлайды да, оларды ертең үйіме келіңдер деп қонаққа шақырады.

Ертеңіне дәулер шалдың лашығына келеді. Шалдың кемпірі, күйеуінің үйретуі бойынша, дәулер келгенде: «Бұларға не асамын»,— деп сұрайды. Сонда шал: «Жоғарғы дәудің басын ас, төменгі дәудің төсін ас, ортаншы дәудің өзін ас»,— дейді. Кемпір қолына пышақ алып ұмтыла бергенде, дәулердің зәресі ұшып, қаша жөнеледі. Олардың алдынан баяғы түлкі шыға келеді. Шалдың қулық жасағанын айтып, дәулерді қайтадан әкеле жатады. Осы кезде шал айқайлап: «Түкім-түкім, жақсы еттің, жаңа бұл дәулер қашып кетіп еді, қайтып әкеле жатқаның оңды боды»,— дейді. Мұны естіген дәулер: «Бізді құртқалы келе жатыр екенсің,— деп түлкіні бір соғып өлтіреді де, өздері қаша жөнеледі.

Сөйтіп, қаңбақтай шал адам баласына қастық ойлаушы алып дәулерді, алдампаз аяр түлкіні жеңіп шығады. Оларды күшімен емес, ақыл, айла-амалымен, тапқырлығымен жеңеді. Қаңбақтай шалдың адам нанбас ерлік жасап, алыптарды жеңуі, қысылған жерде ебін тауып айла мен өтірікті құрал етуі ертегі оқиғасының күлкілі құрылысын көтере түседі.

Күлдіргі ертегілердің кейбіреулері жансыз заттардың ойда жоқ жерде жасаған қызық әрекеттерін суреттеуге құрылады. Бұл алуандас ертегілер көбінесе балаларға арналған. Мұның мысалын «Ұр тоқпақ», «Піс қазан» секілді ертегілерден көрміз. Алғашқы ертегіде бір кедей шалдың тұзағына түсіп қалған қаз жайы айтылады. Қазды шал

босатып жібереді, сонысы үшін қаз оған бірнеше сыйлық тартады. Соның бірі — ұр тоқпақ. Қаз берген сыйлықтарын шал жолшыбай ұрлатып алады. Бірақ ұр тоқпақ қырғын-қызық әрекеттер жасап, оларды шалға тауып береді.

Қазақтың күлдіргі ертегілерінің ішінде өркеші биік, оқшау тұратыны — тазшалар жайындағы әңгімелер. Бұл ертегілерде тазшаның халық арасынан шыққан алғыр, ақылды, айлалы, тапқыр-талапкер, ер көңілді өжет жігіт екендігін аңғарамыз. Ол өзінің ақыл-өнері, қайраты арқасында нешелеген қиын-қыстау жағдайдан, ауыр халден аман-есен құтылып жүреді, сан алуан сындардан мүдірмей өтіп, жүлдеге ие болады. Өзі жалғыз атты кедей болса да, хан, уәзір, жендеттермен айқас, арпалысқа түседі, оларды ел алдында күлкі, әжуа, мазақ етеді. Оның осындай істеріне сүйсінген халық «Қу тазша», «Ақылды тазша», «Айлалы тазша» деп ертегісіне қосады.

Тазшалар жайында шығарылған және мол күлкіге құрылған халық ертегісінің ең бір әдемісі деп «Тазшаның қырық ауыз өтірігін» атауға болады. Бұл ертегінің шеберлігі — барлық оқиғаны қиыннан қиыстырып, өтірік әңгімелерге құра білуінде. Ханның: «Қызымды мүдірместен қырық ауыз өтірік айтқан өтірікшіге берем»,— деген хабарын есітіп, талай байдың хан қызынан дәмелі мырзасы келеді, бірақ бірде-бір қойылған шартты орындай алмай, сол үшін жазаға тартылады. Бұл шартты тек тазша бала ғана орындайды. Ол әңгімесін: «Мен анамның құрсағында жатқанда, тумаған ту атамның жылқысын бақтым»,— деп бастайды да, адамға таныс жанды-жансыз табиғат дүниесін аралап кетеді. Барлық әңгімесіне бір ауыз шындық қоспай, бір оқиғадан екіншісін тудыра, қисыны келіскен өтірік етіп шығарады және де айтып отырған өтірік әңгімелерінде асқан тапқырлықпен күлкілі халдерді суреттейді. «Бұл әңгімелерді әдейі даярлап әкелгендіктен, желісін бұзбай айтып отыр» деп ойлаған хан, Тазшаны мүдіртпек болып оқыс сұраулар да қояды. Ханның: «Бәйтерегің қысқа шығар»,— деген сұрауына: «Болса болар, түбінен таңертең ұшқан күйкентай басына кешке жетіп қонушы еді»,— дейді. «Құдығың тайыз шығар» дегенде, «Болса болар, ертемен тастаған тас түбіне кешке әрең жететін еді»,— деп, «Күн қысқа шығар» дегенде, «Болса болар, таңертең қашқан қашар, кешке бұзаулаушы еді»,— деп өтірігін үдетіп жібереді.

Тазшаның қырық ауыз өтірігінің өзіне тән ерекшелік қасиеті — адамға таныс нәрселерді, жанды-жансыз табиғат көріністерін мол фантазияға құра отырып, кестесі келіскен,

адам нанғысыз өтірік хал туғызуында. Мұның өзі халық ертегісінің шеберлік дәрежесін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар, көп жылдар бойына шындалып жетілгендігін де аңғартады.

Тазшалар жайындағы ертегілердің енді біреулерінде — хан мен уәзірлерді әжуа, мазақ ету арқылы олардан халық кесгін қайырушылық әңгімелері де айтылады. Бұл оқиғалардың ортасында жүретін де тазша бала болады. Ол халық намысын қорғаушы, өзінің ақыл-айла амалдарымен қанаушыларға қарсы күресуші бейнесінде суреттеледі. «Айлалы тазша» дейтін ертегіде хан баласы тазшаға қастық жасайды, жұрт алдында тазшаны мазақ етіп жамандауды көздейді. Бірақ хан баласының бұл қулығын біліп қалған тазша, қарсы амал жасап, ханның баласын да, хан мен бақсыны да күлкі-мазақ етіп кетеді.

Жалпы тазшалар жайындағы ертегілерге тән ерекшелік — «Айлалы тазшада» да бар. Ертегі оқиғасы оқыстан туған және тапқырлық әрекеттерге құрылған. Айлалы-епті тазша жұрттың бәрін күлкіге батырып, дегеніне жетіп жүреді. Оның күлкісінде ащы мысқыл да жатады. Ол еңбек адамына қастық жасамақ болған хан әулетін және оны қолдаушыларды сол күлкісімен-ақ жерлеп отырады. Сондықтан да осындай тазшаларды ардақтап халық ертегісіне қосады.

**АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР** Оқиғасын реалистік болмыстан, шындық өмірден алып ауызша шығарған қазақ халқының көркем шығармаларының елеулі бір саласы — аңыз-әңгімелер. Аңыз-әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісін, өмірін әңгімелеу негізінде туған. Мұндай адамдардың халыққа қамқор болып, халық намысын қорғағаны, бұл жолда жасаған әр алуан істері ел аузында аңыз-әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Олардың аты, ісі ерте кезде жазу-сызу өнері болмағандықтан хатқа түспеген, тек халықтың аңыз-әңгімелерінде сақталған.

Сондықтан да әуел басында тарихи шындыққа, нақтылы деректерге негізделіп туған әңгімелер кейіннен халықтың ауызша айтатын аңыздарына айналған. Бұл әңгімелер бертін келе әр түрлі қоғамдық жағдайларға, халық тілегіне сәйкес өзгеріп, жаңара берген, оған бергі заманның өмір шындығынан туған жаңа оқиғалар, көзқарастар қосылған. Солардың бәрінде жаңағы адамдардың аттарын айнытпай сақтай отырып, соңғы кездің тілектерін көрсететін аңыздарда туған. Мысалға, Алдар Көсе жайындағы қазақ аңыздарын алсақ, оларда әр заманның ізі жатқанын байқаймыз. Онда хандар



билеген заманның да, бертінде байлар мен саудагерлер әкімдік еткен дәуірдің де елестері бар. Бұдан, бір жағынан, Алдар Көсеге байланысты аңыздардың ерте заманда туғандығын аңғарсақ; скіншіден, бергі кездің де жай-жапсары суреттелгенін көреміз. Ел қиялы ертедегі Алдар Көсені бергі заманға алып келгенде, бұрынғы аңыздардың кейіпкерлері арқылы соңғы кездің суретін беруді мақсат еткен деуге болады.

Аңыздардың әңгімесі тарихта болып өткен адамдар жайынан алынады дегенді біз шартты түрде айтамыз. Өйткені қазақтың аңыздарында аталатын Алдар Көсе, Асан қайғы, Жиренше туралы тарихи деректерден гөрі аңыз-әңгімелер көп. Олардың қай ғасырда жасағанын да дәлелдеп айту қиын. Бірақ солардай адамдар тарихта болуы мүмкін. Ерте кезде жазу-сызуы болмаған халық жаңағы адамдар жайында тек аңыздар қалдырған, онда тарихи адамдарды ауыз әдебиетінің кейіпкері етіп жіберген.

**АЛДАР КӨСЕ** <sup>25</sup> <sub>20</sub> Қазақ арасында туған аңыз-әңгімелердің бірсыпырасы Алдар Көсе жайында айтылады. Бұлардың бірінде ол халықтың ақылды-айлалы ұлы, тапқырлығына қулығы сай, ер көңілді, өжет жігіті болып суреттеледі.

Алдар Көсеге байланысты аңыз-әңгімелер тек қазақта емес, ағайындас қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түркімен елдерінде де бар. Осы елдерде айтылатын аңыздардың бәрінде Алдар Көсе халық ұлы, көпшілік атынан күреске шыққан, қанаушы тап адамдарымен алысып өткен азамат бейнесінде келеді.

Қазақтың аңыз-әңгімелеріндегі Алдар Көсе де сондай ер жігіт. Қазақ аңыздарының қайсысы болса да оқиғаны күлдіргі халге, өткір мысқыл, ащы әжуаға құрады, олардың бәріне Алдар Көсе халық өкілі ретінде белсенс араласып жүреді. Халықтың әңгіме-аңыздарының сүйікті кейіпкері болған Алдар Көсе топас ханды, сараң байды, елді жегідей жеп жүрген саудагерді, әр түрлі діндар адамдарды мазақтап, күлкі етеді, олардың жағымсыз қылықтарын жұрт алдында жиренішті ғып көрсетеді. Осыған сәйкес аңыз-әңгімелерде халықтық тұрғыдан оның жағымды образы жасалады; Алдар Көсені қалың көпшілік ортасынан шыққан және сол көпшіліктің мүддесі үшін күрескен адам ретінде бейнелейді.

Алдар Көсе жайында қазақ арасында айтылатын аңыз-әңгімелердің тақырыбы, мазмұны әр алуан болып келсді. Соның бәрі еңбекші бұқараның тұрғысынан айтылады. Мұны біз «Алдар Көсе мен Алаша хан», «Алдар Көсе мен шық



бермес Шығайбай, «Алдар Көсе мен саудагер», т. б. аңыз-ертегілерден көреміз. Осы аңыздарда аталатын хан, бай, саудагерлерді Алдар Көсе өзінің тапқырлығы, ақыл-айласы арқасында алдап соғады, ел алдында мазақ, күлкі етеді. Оларды Алдар Көсе қара басының пайдасын көздеп алдамайды, халықтың намысын қорғау үшін, еңбекшілерді езіп келген қанаушылардан кек қайыру үшін алдайды.

Күлкілі сюжетке құрылған «Алдар Көсе мен Алаша хан» дейтін аңыз-әңгімеде ел билеген хандардың топастығы мен қомағайлығы мысқылға алынады. «Алтын десе арын сататын, Алаша хан атты хан бар» дегенді естіп, оның үйіне Алдар Көсе келеді. Ол ханға алтын егіп өсіретін өнері барлығын және биыл тұқымы жоқтықтан, егінге шыға алмай отырғандығын айтады. Сонан кейін Алдар Көсе ханнан ат басындай алтын алады, оны егіп күзге қарай екі есе етіп қайырып бермек болып, кетіп қалады.

Күз де жетеді, бірақ Алдар Көседен хабар болмайды. Бұған тынышсызданған хан Алдар Көсенің үйіне жігіттерін жібереді. Олар келсе, Алдар Көсе үйінде жоқ болып шығады. «Ағаң қайда кеткен?»— дейді жігіттер Алдар Көсені үйінде отырған қарындасына. (Бірақ олар қыз болып отырған Алдардың өзі екенін аңғармайды.)

«Ағамның еккен алтыны биыл шықпай қалып еді. Ханнан ұятты болдым деп, ағам алтын іздеп кетті,— дейді қыз. Бұл хабар ханға жетеді. Хан жарлық беріп Алдар Көсенің қарындасын сарайына алдырады, Алдар Көсе өзгеден кетсе де, қарындасынан кетпейді. Ол келгенше қарындасы менің екі қызыма қызметкер бола тұрсын»,— дейді. Қыз түрінде хан сарайына енген Алдар Көсе ханның екі қызына қызметкер болып тұра береді. Еріккен хан қыздары: «Құдай тағала үшеуіміздің біреуімізді жігіт етпеген екен»,— деп өкінеді. Сол-ақ мұң екен, Алдар Көсенің «қарындасы» дұға оқиды және хан қыздарына: «Тілекті құдай бере көр дей беріңдер»,— дейді. Оның дұғасы қабыл болады.

Сол шақта көрші бір хан Алаша ханға кісі жіберіп, үлкен қызын: «Балама берсін, құда болайық»,— дейді. Ол ханды Алаша хан менсінбейді екен. Сондықтан оның баласына өз қызын емес, Алдар Көсенің қарындасын беріп жібереді. Келін болып түскен Алдар Көсенің қарындасы отыз күн ойын, қырық күн тойы өткеннен кейін күйеуін алдап соғады, оның ат басындай екі алтынын алып Алаша ханға қайтып келеді. Есіктен кіре бере, ханнан кешірім сұрай: «Еккен алтыным биыл шықпай қалды, сізге ұятты болмайын деп алтын іздеп кетіп едім, соны жаңа ғана

тауып әкелдім»,— дейді. Бұған разы болған хан: «Маған ренжімессің, сені өзіме санап, өзің жоқта қарындасыңды күйеуге беріп жібердім, құтты жеріне қондырдым»,—дейді.

Осы бір кезде құда ханның елінен шапқыншы келеді: «Қызың бәрімізді масқара етіп қашып кетті»,— дейді Алаша ханға. Бұл хабарды естіген Алдар Көсе жер-көкті басына көтеріп байбалам салады: «Менің қарындасым ешқайда да қашып кеткен жоқ, оны өлтіріп тастады»,— деп өкіріп жылай береді. Алаша хан сасады. Құда ханның баласына үлкен қызын беріп разы етеді, ал Алдар Көсе ханның кіші қызын және ол өзі әкелген ат басындай екі алтынды алып жөніне кетеді.

Күлкілі әңгімелерге құрылған бұл аңызда да Алаша хан қатты алданып қалумен қатар, жұрт алдында әжуа, мазақ болады. Бұл аңыз, бір жағынан, феодалдық қауым шығарған «Қырық кісінің ақылы ханда болар» деген нақылдың терістігін көрсетеді; екіншіден; хандардың топас келетіндігін суреттейді.

Алдар Көсе жайында қазақ арасында шығарылып, көпке тараған аңыз-әңгіменің күрделісі — «Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай». Бұл аңыз да сараң, қалтырауық, пейілі тар байлар жөнінде халықтың сыны, көзқарасы қандай екендігін айқындайды және де Шығайбай аңыз-әңгіменің жекелеп алған жексұрын кейіпкері ғана емес, ол сонымен қатар, өзі секілді ішетін асқа, киетін киімге жарымаған, сілкіп саларға сырмағы жоқ, ертедегі қазақ байларының кескін-келбетін, олардың өрісі тар, өресі аласа ой-жүйесін көрсетеді.

Ертедегі сасық байлардың өкілі ретінде алынған Шығайбайда, ең алдымен, адамгершілік қасиет жоқ. Ол малмен өріп, малмен жусаған тірі жан. Оның адам деген аты болмаса, сол атқа сәйкес сәні де, салты да жоқ; бар арманы; «Ішпей, жемей байысам екен».

Өзінің сарандығы, пейілі тарлығы, қалтырауық қасиетімен елге жек көрінішті болған Шығайбайды халық аңызы Алдар Көсе арқылы онан әрі масқаралай түседі. Шығайбайдың қандай жан екендігін ел әңгімесінен естіп білген Алдар Көсе енді оған өзі аттанады. Ол осыдан былайғы әңгімелерге араласа отырып, Шығайбай жайында ел арасында айтылып жүрген сөздерді растап шығушы ғана емес, сараң байдың адамгершілік қасиеттен айрылып қалғандығын айғақтаушы да болады.

Шығайбайға келген Алдар Көсе жабықтан қараса, байдың өзі қазы тіліп, бәйбішенің нан илеп жатқанын, қызы

тырнаның жүнін жұлып, тоқалы бас үйтіп отырғанын көреді. «Осыдан дәм татпасам, Алдар атым құрысын» деп ол үйге кіріп келгенде, үй иелері қолдарындағы нәрселерін астарына тыға қояды. Келген адамға сыр білдірмеуге тырысқан сараң бай, «құлығымды асырам» деген оймен, әңгімеге кіріседі. Алдардан: «Не көрдің, не білдің»,— деп сұрайды. «Естіген — өтірік, көрген — шындық»,— деп Алдар, жаңа ғана өзінің көргендерін тұспалдап әңгімелейді, жолда үлкен сары жыланмен соғысқанын айтады. «Осы айтқандарым өтірік болса, байдың астындағы қазыдай тілінейін, бәйбішенің нанындай иленейін, тырнадай жұлынайын, бастай үйтілейін»,— дейді.

Осыдан былайғы әңгімелер шық бермес Шығайбайдың сарандығын аша түсуге құрылады да, өрістей, өрлей береді. Алдардан құлығын асырмақ болған Шығайбай әр түрлі әрекеттер де жасайды. Бірақ олары өз сорына құрылған тұзақ болып шығады, ет орнына сірі жейді, атынан және қойнына тыққан наны мен айранынан, қызынан айрылады. Дүние қоңыз, сараң байды Алдар Көсе осылай алдап соғады. Шығайбай жұрт алдында мазақ-күлкі болып қалады, оны алдаған Алдар Көсені халық өзінің аңыз-әңгімелеріне қосып ардақтай түседі.

Алдар Көсе елді жегідей жеп жүрген саудагерлерді, қожа-молдалар таратқан діни ұғымдарды да мазақ, күлкі етіп жүреді. Олардың да сорақы қылықтарын масқаралайды. Мәселен, бір саудагер өзінің барлық байлығын бәйгеге тігіп, жұрт алдында Алдарға былай дейді: «Екеуіміз бәйгі тігіп алдасайық. Егер алдасаң, менің бәйгіге тіккен барлық байлығымды ұтқаның, алдай алмасаң, ұтылғаның. Бірақ сен мені алдай алмайсың, мен алдатпаймын»,— дейді. Сонда Алдар Көсе: «Рас, мен сені бүгін алдай алмаймын, алдауыш таяғым үйде қалыпты. Оны барып әкелетін көлігім жоқ»,— депті. «Менің жорғама мін де, алдауыш таяғыңды алып кел»,— деп, саудагер атын берсін. Алдар Көсе саудагердің атына мініп, олай бір, былай бір шауып өтсін де, қайтып келіп: «Алдады деген, мінс, осы»,— дейді. Менменсіген саудагер ұтылып, жұрт алдында күлкі, мазақ болады.

Дін иелері халықты ығыстырып, надандық пен қараңғылықтың торында ұстау үшін әртүрлі діни үгіт-әңгімелер таратқан болатын. Неше түрлі жын-пері, шайтандарды айта отырып, солар арқылы адам баласын қорқыту және олардан құтылу үшін дінге мүлгу керектігін ескертетін. Дін иелері айтатын осы ұғымдарды Алдар Көсе бскерге шығарады. Мұны «Алдар Көсенің шайтанды алдауы» деген аңыздан көрсеміз.

Алдар Көсенің халық ұлы, көпшілік мүддесін көздеген адам екендігін қанаушылар да білген. Олар ел алдында Алдар Көсненің абыройын түсіру, халыққа жек көрінішті адам етіп көрсету жайын да қарастырған. Осы ретте «Алдар Көсе мен қойшы», «Алдар Көсе мен екінші» дейтін әңгімелер туған. Бұл аңыз-әңгімелер халыққа жат, феодалдық орта тудырған шығармалар еді. Сондықтан да олар халық арасына көптен жайылып кете де қойған жоқ.

Сонымен, халықтың Алдар Көсе жайындағы аңыз-әңгімелері таптық, қоғамдық қарым-қатынастарды, халыққа жат, жексұрын қылықтарды сынап-мінеу, әжуа-күлкі етуге құрылады. Еңбекші бұқараның ортасынан шыққан айлакер, ақылы сергек, мысқылшы Алдар Көсе арқылы халық әңгімелері ханды, байды, саудагерді т. б. жағымсыз түрде бейнелейді.

#### **АСАН ҚАЙҒЫ**

Қазақ арасына ерте кезде тараған және әртүрде айтылып келген аңыз-әңгімелердің біртобы Асан қайғыға арналады. Халықтың аңыз-әңгімелері Асанды да елдің ер жігіті, көпшілік қамын ойлаған ақылды азаматы етіп бейнелейді.

Асан қайғыны сөз еткенде, кейбір ғалымдар оны тарихта болған адам<sup>1</sup> және Жәнібек ханның (XV ғасыр) тұсында өмір сүрген деседі. Бірақ бұған келтіретін тарихи дәлел, дерек аз. Сондықтан да біз Алдар Көсе секілді, Асан қайғыны да аңыз-әңгімелердің жағымды кейіпкері деп аламыз.

Халықтың аңыз-әңгімелері Асан қайғыны, ең алдымен, ел үшін қызмет еткен, халық қамын ойлаған ер-азамат, әрі әнші, домбырашы, әрі талапкер, тапқыр, әрі құралайды көзге атқан мерген етіп көрсетеді.

Асан қайғы жайында шығарылған аңыз-әңгімелер тақырыбы жағынан болсын, мазмұны жағынан болсын әр алуан және мол дүние. Бұлардың ішінде халықтық ортада туғаны да, оған кейіннен феодалдық қауым қосып тартқандары да бар және бұл екісін Асанды бейнелеуі де екі түрлі. Халықтың аңыздарында Асан ел сүйген, көпшілік қамын ойлаған ер азамат болып келеді. Осы тұрғыдан оның халық үшін жасаған істері суреттеледі. «Асан мен Ежен хан» дейтін аңыз Асанның жігіт кезін елестетеді. Бұл кезде ол әнші, ақын, домбырашы, әрі мерген атанған талапкер

---

<sup>1</sup> Қазақ ССР тарихы, 1957; М. Әуезовтің жоғарыда аталған еңбегін қараңыз. Ч. Валиханов. Соч., т. I, стр. 251, 358; Х. Сүйіншіәлиев. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері, 77-бет, Алматы, 1967; М. Мағауин. Қобыз сарыны, 19 — 30-беттер. Алматы, 1968.



жігіт. Ол өзінің әні, өлеңімен халықты сергітіп жүреді. Ит жүгіртіп, құс та салады, аң аулайды, кәсіп етеді. Осы іс, мінездерімен елге жағады. Осы кезде, бұрынғы қазақтың көп жерін тартып алған қалмақ ханы Ежен зілді жарлық шығарып, қазақтарға: «Жылқыларыңды кісінетпендер, маза-мызды алдырмаңдар, бұл бұйрығымды орындамасандар, қатты жазалаймын», — дейді. Ел сасады, жылқыларды қайтіп кісінетпеу жолын таба алмай дал болады. Сол уақытта Асан қысылған халықты «бұл қатерден құтқарам» деп қасына екі-үш жолдас алып Еженнің еліне тартады.

Еженнің еліне ене бергенде, алдарынан үріп шыққан иттерді Асан қырып отырады. Бұл хабар ханға жетеді. Алдына келген Асаннан: «Иттерімді неге қырдың?», — деп сұрайды хан. «Оның себебі бар. Мен қой бағып жүрдім, бір күні алдымдағы қойыма қасқыр шапты. Сол кезде мен айқайлап, ауылдағы иттерді шақырдым. Бірақ бірде-бір ит келмеді. Сонан кейін ит атаулыға өш болдым, қай жерде ит көрінсе құртармын деп өзіме-өзім ант берген едім. Сіздің елдің иттерін де қыру себебім осы еді» — дейді Асан. «Ей ақымақ, сенің алты қырдың астынан айқайлаған дауысыңды иттер қайдан естісін», — дейді хан. «Я тақсыр, дұрыс айтасыз. Алты қырдың астында отырған сіздің елге біздің жылқыларымыздың кісінеген даусы қалай жетсін?» — дейді Асан. Хан сөз таба алмай, жеңіліп қалады, сөйтіп Асан қаһарлы ханның жазасынан ел-жұртын қорғап қалады.

Асан жайындағы халық аңыз-әңгімелерінің ең мағыналы, маныздысы — оның мал өсіріп кәсіп еткен еңбек еліне шұрайлы жер, кең қоныс іздеуіне байланысты туған. Бұл ретте ол халық қамын ойлаған, шаруаға жайлы жер іздеген адам болып әңгімеге қосылады. Желмаясына мініп алып, Асан қазақ жерін шарлап шығады. Қай жердің қандай қасиеті барлығын, қай түлікке қай жер қолайлы екенін ақыл ретінде айта, бағалай отырады. Нұра өзенін көргенде: «Алты күнде ат семіртеп, мінетін жер екен»; Шідертіні көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен, алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бітетін жер екен, бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын жылқының жері екен»; Торғай өзенін көргенде. «Ақ шабағы май татыған, ағар суы бал татыған жер екен»; Қызыл тауды көргенде: «Тау-тасы кеш болғанда ыңыранып жатады екен, тоқтысы да қысыр қалмайтын қойдың жері екен», — деп бағалайды.

Бірақ бұл жерлер қаншама жақсы, төрт түліктің жайылымына қолайлы болғанымен Асанды қанағаттандырмайды. Ол «суы — сүт, жағасы — балқаймақ» өзсінді аңсайды,



шаруаға жай, жанға рақат жерді іздейді. Осындай жерді ол өзінің қиялымен ғана тапқан болады. Оның аты — «Жер үйек». Асанның қиялынан туған «жер үйек» — шаруа үшін аса қадырлы қоныс, көк орай шалғынды өріс, мыңға мекен болатын жер деп танылады.

Ол осындай жерді қиялы арқылы таба тұрса да, оның шындығында болмағанына өкінеді. «Жер үйектей» жер болса, шаруаға ырыс бітер еді деп арман етеді. Бұл арманына ол кезде жете алмайтындығына қайғыланады, қапаланады. Осыдан барып, оның Асан атына «қайғы» деген сөз жалған ды да, «Асан қайғы» атанады<sup>1</sup> Асанның қайғысы күйзеліп күңіренуден, сары уайымға салынып түңілуден туған қайғы емес еді. Оның қайғысы — жақсы үміт, болашақтан күткен арман есебінде келеді. «Жер үйектей» жер бүгін табылмаса, ертең табылады деген ойдан туады. Бұл ретте оның қайғысын оптимистік қайғы деуге болады.

Халықтық ортада туған, аңыз-әңгімелердің бәрінде Асан жайы осылай баяндалады. Асанды ел қамқоры деп ардақтайды. Оның алға қойған мақсатына жете алмауын халық сөкпейді, қайта Асанның арманы бүгін болмаса, болашақта жүзеге асады деп сенім білдіреді.

Асан жайындағы халықтық аңыз-әңгімелердің мәнін қанаушы тап та, кейіннен, ұлтшыл-байшылдар да төмендетуге тырысты. Олар халықтың ардақты азаматы болған Асанға жала жабуға дейін барады, Асанды хан сарайының жоқшысы етпек те болады және де олар: «Асан қайғы айтыпты» деген атпен халық мүддесіне жат әңгімелер шығарады. «Асанның Жәнібек ханға айтқаны» дейтін әңгімеде немесс Бұхар жыраудың толғауында Асанды хандық құрылысты қорғаушы, соның қаймағы бұзылмауын көксеуші, яғни өз адамы етіп, көрсетушілік орын алады. Асан жайында феодалдық ортада туған бұл әңгімелерді халыққа жат және қанаушы таптың қоспасы деуге болады.

Сонымен, Асан жайында бір-біріне қарама-қарсы бағытта шығарылған аңыз-әңгімелер бар екенін көреміз. Мұның ішінде көркемі де, күрделісі де халықтікі. Олай болса, біз сол халық шығарған аңыздарды, халық ардақтаған Асанды аламыз.

---

<sup>1</sup> М. Әуезов. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том, 1948.

## ЖИРЕНШЕ

Халықтың тарихында еңбекші бұқараның ортасынан шығып, адал ниет, шын көңілімен халқына қызмет еткен талай ер азаматтар, қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендер болып өткен. Соның бірі — Жиренше шешен.

Жиреншенің қай кезде өмір сүрген адам екендігін айту қиын. Оның аты, ісі тек халықтың аңыз-әңгімелерінде ғана сақталған. Сол аңыздардың айтуынша, ол еңбекші халықтан шыққан адам, оның «сауып ішерге малы жоқ, төсегі — тулақ, үйі — қара лашық болған». Ол өзінің өршіл өнері, тапқырлығы мен шешендігі арқасында, елдің ер-азаматы атанған.

Жиренше жайындағы аңыз-әңгімелер оның ақылын, тапқыр-шешендігін, ел дауын екі ауыз сөзбен бітірген, тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін жасаған адам екендігін көрсетуге құрылады. Сондықтан да оны халық аңыздары ел басқарған ханмен қатар қояды. Белгілі мөлшерде ол ханға жолдас та болады. Бірақ халық аңызы Жиреншені ханмен жолдас еткенде, ханға қызмет ету, ханның айтқанын орындату үшін емес, ханның залымдық, жауыздық істерін, ақымақтығын, елге жасаған қиянатын әшкерелеу үшін жолдас етеді.

Ол хан қасында бола отырып, ханға қарсы алысады, жұрт алдында ханның сорақы қылықтарын көрсетеді, ханды ақымақ етіп шығарады. Мұның өзі кейіннен үлкен тартысқа айналады.

Хан мен Жиреншенің арасындағы тартыс, ел аңыздарының айтуынша, «Ханның Қарашаш сұлуға үйленбек болуы» деген аңыздан басталады да, үдеп, дами береді. Бір күні, — дейді жаңағы әңгімеде, — хан қасына нөкерлерін ертіп аңға шығады. Жолшыбай бір ауылдың қасынан өтсе бергенде бис сауғызып тұрған қызды көрседі. Оның кім екендігін біліп кел деп, хан бір жігітін жібереді. Жігіт қызға тиісе сөйлеседі, «Ақ қолтық қашар көрдің бе?» — дейді. «Бағанағы әзірде көріп едім. Артына ерген көк бұқасы бар еді, қашардың жүрісі ширақ еді. Оған бұқаның жетер-жетпесі белгісіз еді», — дейді қыз. Бұл сөздерді жігіт ханға айтып барады. Қыз сөзінде ханды мазақтау барлығын түсінеді де: «Сен қызды тоқалдыққа алмасам, хан атым құрысын», — деп ант етеді. Ордасына келісімен «Құда болып келіндер», — деп, қыздың үйіне кісі аттандырады.

Ханның адамдары қыздың ауылына келеді. Қыздың ата-анасына жолығып, ханның сәлемін айтады. Кемпір-шал қатты сасады, жалғыз қызы Қарашашты ханға тоқал етіп беруге қиналады, бермейін десе, «шауып әкетеді» деп ханнан

қорқады. Бұл істің мән-жайын білген Қарашаш құдаларға жауапты өзі қайырады: «Ханға сәлем айтыңыздар, мен оған тоқал болып баруға разымын. Бірақ қалың мал санын өзім белгілеймін. Осыған хан разы болса, ертеңнен қалмай жауабын жеткізіндер»,— дейді. Қарашаштың жауабын естіген хан, қатты қуанады. «Өзі қалап маған тоқал болғысы келіп отырған Қарашаш қалың малды көп сұрамас»,— деп ойлаған хан, разылығын айтып кісі жібереді. Сонда Қарашаш қалың малға: он бес лақ-теке, жиырма бес тоқты-қошқар, отыз құнан-бұқа, қырық бес бесті-айғыр, елу бес бура, алпыс ат, жетпіс атан сұрайды.

Қарашашқа үйленбек болуды арман еткен хан оған керекті қалың малды зорлықпен елден жинай бастайды. Осы кезде ел аралап қайтқан Жиренше, хан ордасына бармастан, қара лашығына келіп жатып қалады. Ол екі-үш күнге дейін ханмен хабарласпайды да. Бұған таң қалған хан Жиреншені шақыртып алып, мән-жайын сұрайды: «Бұрын сен ел аралап қайтқаныңда, алдымен маған келіп амандасатын едің, көрген-білгеніңді айтатын едің. Бұл жолы олай етпеу себебің не?»— дейді. Жиренше ханның бетіне тура қарап, тайсалмастан: «Қырық кісінің ақылы ханда болар» деген сөз бекер екен. Сен нағыз ақымақ, ақылсыз хан екенсің. Қарашашқа үйленем деп, елден қалың мал жинадың да жұртқа мазақ, күлкі болдың. Қарашаштың қандай оймен қалың мал санын белгілегенін сен түсінбедің. Өзгесін былай қойғанда, алпыс ат, жетпіс атан дегенінде мән жатқанын білмедің. Онысы: Алпысқа келгенде ат болдың, жетпіске келіп атан болдың, сөйте тұрып мені қалай аласың дегені еді,— дейді Жиренше. Хан өзінің ақымақ болғандығын сонда ғана біледі де, Қарашашқа үйленуден бас тартады.

Аңыз-әңгімелердің айтуынша, Қарашаштың асқан ақылды, білгір қыз екенін байқаған халық, оны өз теңі деп Жиреншеге қосады. Осыдан былай ел әңгімелерінде бірі халықтың сүйікті ұлы, екіншісі ардақты қызы болып суреттеледі. Бұлардың ақылы, білгірлігі ханнан асып жатады. Мұны хан да түсінеді. Сондықтан ол Жиреншенің көзін жойып, күрту амалын қарастырады. Жиреншеге нешесі түрлі қиын жұмыстар тапсырады. Егер оны орындай алмаса, Жиреншенің өлім жазасына бұйырылатынын да ескертеді. Сөйтіп, хан мен Жиреншенің арасында күрес басталады. Бұл күрес екі адамның бақ таласы емес, ол ханға қарсы халық наразылығының елесі секілді болып отырады.

Ханға қарсы халық атынан алысатын Жиренше бұл ретте халықтың даналығына және өзінің сүйген жары

Қарашашқа сүйенеді де, нелер қиын-қыспақ жағдайдан құтылып шығады. Жиреншені құрту мақсатымен хан оған он еркек қой беріп: «Осыларды қырық күнде қоздатып бересің»,— деп бұйырады. Бұл жарлықты қалай орындарын білмей қысылған Жиреншеге: «Сіз бұдан саспаңыз. Қойларды алып кел де сой, азық ете берелік. Жауабын ханға кейін өзім берем»,— дейді Қарашаш. Белгіленген қырық күн толған кезде, Қарашаш Жиреншені төсекке жатқызады да, үй ішіне бақан құрып қояды. Бір мезгілде хан келіп, Қарашаштан Жиреншенің қайда екенін сұрайды. Қарашаш Жиреншенің жас босанып жатқанын айтады. Сонда хан: «Ол заманнан бұл заман, еркек те туушы ма еді?»— дейді. «Я, тақсыр, еркек тумайтын болса, еркек қойды қоздат деп неге бұйрық бердіңіз?»— дейді Қарашаш. Хан не айтарын білмей, сөзден жеңіліп, жұрт алдында күлкі болады.

Жиреншеге өшіккен хан, қайтсе де оны құрту, ең болмағанда абыройын түсіріп масқаралау ниетінен танбайды. Бұл үшін әр түрлі айла-амал жасайды. Мәселен, бір күні ханның аспазшылары пісірген қаз етін әкеп ханның алдына қояды. Сонда хан Жиреншеге бұйрық беріп: «Қазды өзім, ханымға, екі балама және өзіңе бөл, біреуге артық жібермей, біреуге кем жібермей тең бөліп бер. Егер бірімізге бір мысқал артық, не кем бөлсең, өзінді қатты жазалаймын»,— дейді. Жиренше қолына пышақ алады да: «Тақсыр, сіз біздің басымыз едіңіз»,— деп қаздың басын ханға тартады, «Хан ханымсыз болмас, құс мойынсыз болмас»,— деп, қаздың мойнын ханымға бөледі, «Екі балаңыз сіздің скі қанатыңыз»,— деп, скі қанатын оларға бөледі, «Мен өзім, бас та емес, аяқ та емес, орташа ғана адаммын, мына қаздың орта денесі маған лайық»,— дейді.

Тағы бір ретте хан аңда жүріп, айдалада дөңгелеп бара жатқан қаңбақты көрседі де, Жиреншені сүріндіру мақсатымен: «Жиренше, ана қаңбақ қайда бара жатыр екен, біліп келші»,— деп бұйырады. Жиренше қаңбақты тоқтатып, қасына азғантай кідірседі де, ханға қайтып келеді. «Жиренше сұрадың ба, қаңбақ не айтты?»— дейді хан. Сонда Жиренше мүдірместен: «Менің ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі. Осыны сұрай келген сен ақымақ па, сұратып жіберген хан ақымақ па?»»,— деп айтты дейді. Бұл сөзден тосылған хан жұрт алдында тағы да масқара болып қалады.

Жиренше жайындағы халықтық аңыз-әңгімелердің көпшілігі міне осылай келіп отырады. Бұлардың қайсысы болса да Жиренше мен хан арасындағы тартыстарға таптық сипат береді. Осындай шиселніскен, көпке созылған айқасуларда Жиренше жеңіп жүрседі. Оған бұл жолда жәрдем



беретін, көмек көрсететін, тіпті көптеген қауіп қатерден құтқарып алатын Қарашаш болады. Сондықтан да халық аңыздары Қарашашты да ардақтайды, оның ақылы мен білгірлігін сүйсіне әңгіме етеді. Бұдан әйелдер жайындағы халықтың турашыл, әділ көзқарасы да көрінеді.

Халық аңыздарында Жиренше мен Қарашаш ақылы, білгірлігі, адамгершілігі жағынан бір-біріне тең, айнымас дос, сенімді серік ретінде бейнелейді. Кей кезде Қарашаштың білгірлігі Жиреншеден асып та түседі. Жауыз ханның қастық ойын аңдаушы да, ақырында, ханға өзінің емшек сүтін беріп «бала стуші» де, сөйтіп, көп пәледен құтқарушы да Қарашаш болады.

Жиренше мен Қарашаш жайындағы халықтың аңыз-әңгімелерін сңбекші бұқараның қанаушыларға қарсы қолданған құралы деуге болады. Солар арқылы езуші таптың халыққа істеген жауыздық, зұлымдық, қаскүнемдік іс-әрекеттері әшкереле болып, сынға алынады. Сондықтан да сңбекші халық осындай адамдарын ардақтап, өзінің аңыз-әңгімелеріне қосқан және оларды көпшіліктің сүйікті кейіпкері етіп суреттеген дейміз.

Жиренше мен Қарашашқа арналған аңыз-әңгімелердің қайсысы болса да мағынасы терең, мәні зор қысқа сюжеттерге құрылады. Әңгімені әріден бастамай, нақтылы тартысқа, тапқырлыққа құрады. Дәлелін келтіріп, қорытындысын бірден шығарады және оқиғаны ұзақ сонарға салып баяндамай, барар жерін нақ айтады. Бұл оның өзіне тән ерекшелігі болып табылады.

#### **ЕРТЕГІЛЕРДІҢ МӘНІ**

Біз жоғарыда, шолу түрінде болса да, қазақ ертегілерінің әр алуан түрлерімен танысып өттік. Бұдан: ертегілердің халық өміріне, сңбек процесіне байланысты туғандығын, қоғамдық даму жағдайларына сәйкес өсіп ұлғайғандығын, халықтың арман мүддесін, дүние танудағы ой-өрісін, таптық көзқарасын, тұрмыс-тіршілік және қоғамдық салт-сана жайларын, т. б. бейнелегендігін байқадық. Бұлардың бәрін халық ертегілері әр алуан оқиғаларды суреттеп және басты кейіпкерлер арқылы баяндағанын аңғардық.

Мұның өзі халық ертегілерінің мәні зор екендігін көрсетеді. М. Горькийдің «халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-тіршілігін, көзқарасын, ой-санасын білуіміз үшін ертегілер көп материал береді» деуі осыдан.

Халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезде туған ертегілермен әдемі аңыз-әңгімелердің әдебиет тарихынан алатын орны да, мәні де үлкен. Халық ертегілері сюжет құру,



образ жасау, тіл байлығын қолдану жөнінде жазба әдебиетінің алғашқы үлгілеріне көп әсер етті. Жазба әдебиетінің шеберлері осы күнде де халық әдебиетінен тіл байлығын үйренетіні, кейде оның сюжетін пайдаланғандығы белгілі. Бұдан халық ертегілерінің әлі де мол екені көрінеді.

Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан ертегілерінің ең әдемі, әсерлі үлгілері, халықтың тұрмыс-тіршілігін, арман-мүддесін, қоғамдық өмірін суреттейтін жоғарғы идеялы үлгілері — бүгінгі мәдениетімізге қосылған мол қазына болып табылады.





## IV тарау

### БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан күрделі саласының бірі — батырлар жыры. Бұл жырлардың көпшілігі халықтың отанды сүю, басқыншы жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған. Басқыншы жаудың шабуылдарына қарсы аттанған, одан ел жұртын қорғап қалған батырларды, олардың ерлік істерін ардақтап халық аңыз-әңгіме, жырына қосқан. Сондай-ақ, халық адал еңбекті, еңбек адамдарының көпшілік үшін жасаған істерін де жырлаған, оған да ерлік сипат берген. Еңбек адамдарының ерлік ісін ел қорғаған батырлықтың ісінен кем санамаған. Сондықтан бұл екеуі халықтың ерлік істі суреттейтін батырлар жырының негізгі әңгімесіне айналған.

Әрине, батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Сондықтан да батырлар жыры өзінің қалыптасып даму процесінде көптеген өзгерістерге ұшыраған; әрбір тарихи кезеңнің, қоғамдық ой-сананың, көзқарастардың алуандаған әсерін бойына жинай берген.

#### **БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ**

#### **ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ**

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің ел арасынан жиналуы өткен ғасырдан басталады десек, мұны батырлар жыры жөнінде айтуға болады. Батырлар жыры да ел арасынан XIX ғасырдың ішінде жазылып алына бастады. Бұл жөнінде де зор еңбек еткендер жоғарыда аталған адамдар еді. Бұған, әсіресе, Ш. Уәлихановтың, В. Радловтың, Н. Ильминскийдің, Г. Потаниннің, А. Васильевтің, Ә. Диваевтың, т. б. жинап бастырған батырлар жыры дәлел. Дегенмен батырлар жырының молынан жи-

налған кезі кеңестік дәуірде болды. Қазақтың Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорында батырлар жырының, көлем жағынан ғана алғанда, алты мың баспа табақтай материалы болуы — кеңестік дәуірде ауыз әдебиетін жинау ісіне көп көңіл бөлініп келе жатқандығын сипаттайды.

Батырлар жырын зерттеу ісі де кеңестік дәуірде қолға алынды. Батырлар жыры жайында газет, журналдық мақалалардан бастап, кандидаттық, докторлық диссертацияларға дейін еңбектер жазылды, орта мектепке арналған оқу құралдары көлемінде зерттелді. Қазақтың батырлар жырын зерттеуде С.<sup>2</sup> Сейфуллин (Қазақ әдебиеті, 1932 ж.) М. Әуезов<sup>1</sup>, С. Мұқанов<sup>2</sup>, Қ. Жұмалиев<sup>3</sup>, Ә. Марғұлан<sup>4</sup>, Б. Кенжебаев<sup>5</sup>, А. С. Орлов<sup>6</sup>, Н. С. Смирнова<sup>7</sup>, Т. Сыдықов<sup>8</sup> секілді әдебиетші-ғалымдар бірсыпыра жұмыстар жүргізді. Бұлардың еңбектері ірілі-ұсақты кемшіліктері бола тұрса да, батырлар жырын ғылыми тұрғыдан зерттеудің алғашқы бастамасы еді.

Батырлар жырын зерттеуде қате-кемшіліктер де болмай қойған жоқ. Кейбір еңбектерде батырлар жыры сын көзімен қаралмай, барлығын бірдей халықтық деп бағалау, асыра мақтау басым болды. Бергін келе батырлар жырының барлығын бірдей халыққа жат деп көрсету кейбір әдебиетшілер мен тарихшылардың еңбектерінен орын алды.

Шынына келгенде, батырлар жыры жайында орын алған бұл екі көзқарастың екеуі де теріс, зиянды еді. Батырлар жырының барлығын кіршігі жоқ, таза халықтық шығармалар деп бағалау немесе олардың бәрі де халыққа жат деп көрсету — тарихқа жасалған үлкен қиянат болып табылады. Батырлар жырының тіпті жалпы ауыз әдебиетінің ерте заманда, халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде туғандығын, олар ауызша туып, ел арасында ауызша айтылу арқылы тарағандығын, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша айту негізінде жет-

<sup>1</sup> М. Әуезов. «Әр жылдар ойлары», 1959; «Мысли разных лет», 1961.

<sup>2</sup> С. Мұқанов. Батырлар жыры (жинақ), 1939. Қазақ әдебиеті (хрестоматия), 1939.

<sup>3</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті (оқулық), 1949; Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, 1958.

<sup>4</sup> Ә. Марғұлан. Халық жырын тудырудағы мотив, «Халық мұғалімі» журналы, № 23—24, 1939; № 4, 1940. А. Марғұлан. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса, см. «Известия КазФАН», серия историческая, № 2 (27), 1946.

<sup>5</sup> Б. Кенжебаев. Халық эпосы туралы, «Әдебиет және искусство» журналы, № 2, 1939; «Қобыланды батыр туралы» сол журнал, № 12, 1940.

<sup>6</sup> А. С. Орлов. Казахский героический эпос, 1945.

<sup>7</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, бірінші том, 1960.

<sup>8</sup> М. Ғабдулин, Т. Сыдықов. Қазақ халқының батырлық жыры, Алматы, 1972.

кендігін, осының негізінде әр түрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес талай-талай өзгерістерге ұшырағанын еске алсақ, әрбір жырдың жай-күйі ашыла түспек. Кейбір жырлардың алғашқы нұсқасы халықтық ортада туып, кейіннен оны үстем таптың иемденіп кеткенін де аңғарамыз.

Сондықтан біз батырлар жырын сөз еткенде оның туу, ел арасына тарау жайын, қандай жағдайда және қалай дамығандығын еске алуға тиістіміз. Жырды зерттегенде, оқытқанда, талдағанда екі мәдениет туралы лениндік ілімге сүйене отырып, шын мәніндегі халықтық жырларды ала білуіміз керек. Батырлар жырының барлығын таза халықтық немесе бәрі де халыққа жат керексіз мүлік деп қараушылықтың зиянды екендігін есте тұту қажет.

**БАТЫРЛАР  
ЖЫРЫНЫҢ  
ТАРИХҚА  
БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ**

Қазақтың ауыз әдебиеті халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына байланысты туды десек, мұны батырлар жыры жайында да айтуға болады. Батырлар жырының алғашқы ұсақ үлгілері сонау ерте заманда, патриархтық-рулық құрылыс кезінің өзінде-ақ туа бастаған. Сол кезде қазақтың тарихта аттары мәлім рулары: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ, т. б. өздерінің ру тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күрескен. Мұндай күрестер кезінде әр рудың батырлары өз руларын қарсы жақтың шабуылдарынан қорғап қалу жолында ерлік жасаған. Олардың бұл жолдағы ерлік істері ру арасында өлең-жырға, аңыз-әңгімеге айналған.

Дегенмен, патриархтық-рулық құрылыс кезінде туған батырлар жырының үлгілері толығынан сақталмаған. Оның кейбіреулері, кейіннен, ауыз әдебиетінің басқа түрлерімен қосылып, араласып кеткен. Сондықтан батырлар жырының алғашқы үлгілерінің жалпы жайын, сипатын дәлелдеп айту өте қиын.

Қазақта батырлар жырының көбірек туған кезі XIV—XVIII ғасырлардың арасы секілді. Осы аталған кезеңдерде бүгінгі қазақ халқының көне тарихында бірнеше елеулі оқиғалар болып өтті. (Бұл жерде бір жағдайды ескерте кетелік. Тарихтың айтуынша, XV ғасырға дейін Қазақ деген тұтас халық болмаған, жеке бытыраңқы рулар болған. Олардың бәрі «ноғайлы» деген жалпыға бірдей атпен аталған. Кейіннен, XV ғасыр ішінде, бұл рулардың көпшілігі бір жерге қосылып, содан былай қазақ ханыдығы құрылған). Бұлардың ішінен бастылары төмендегілер еді:

XIII ғасырдың басында монғолдардың Шыңғыс хан бастаған шапқыншылары Қазақстан мен Орта Азияға жорық жасайды. Әскери күші мығым құрылған Шыңғыс хан жергілікті халықтардың қанын судай ағызып отырып, оларды өзіне күшпен бағындырып алады. Монғол шапқыншылары мұнымен қанағаттанбай, Иран мен Иракқа, Кавказдық елдерге және Европаның оңтүстік шығысына қарай да шабуыл жасайды. Бұл жерлерде де олар өзіне қарсылық көрсеткендерді аяусыз қырып-жойып, басып-жыншып отырады, зорлықпен үстемдік жүргізеді. «Бағынған» жерлерді Шыңғыс хан өз балаларына, туған-туысқанына, нояндарына бөліп береді. Олардың әрқайсысын жеке ұлыс (мемлекет) деп жариялайды. 1240 жылы Жошының (Жошы Шыңғыс ханның баласы) ұлысы құрылады. Мұны тарихта Алтын Орда деп атаған.

Шыңғысхандықтар (Алтынордалықтар) қарамағындағы елдерді ауыр азапқа салып, қорлық көрсетеді. Ауыртпалықтың зілді салмағы еңбекші халыққа түседі. Жергілікті рулардың шонжарлары Алтынордалықтармен қосылып алып, еңбекші бұқараны қан қақсатады, қанауды күшейтеді. Мұнымен қатар, Алтынордалықтардың өз араларында да талас-тартыс, күрестер болып тұрады. Оның зардабы да халыққа тиеді. Шапқыншылық, ел талағыштық жорықтарын олар өздерімен көршілес елдерге, соның ішінде, орыс жеріне де жасайды. Мұндай шапқыншылыққа төзе алмаған орыс халқы, өзінің ер жүрек батыр ұлы Дмитрий Ивановичтің (Донскойдың) бастауымен күреске шығып, 1380 жылы қыркүйек айының 3-де Куликово даласында Алтынордалықтарды талқандап жеңеді. Осыдан былай Алтын Орда ыдырай бастайды.

Алтын Орда ыдырағаннан кейін, оның орнына үш хандық (Қырым, Қазан, Астрахан хандықтары) құрылады. бұлардың арасында да феодалдық талас-тартыстар, шабуыл жасап, ел талаушылық әрекеттер күшейе түседі. Осындай талас-тартыстың салмағы мен ауыртпалығы еңбекші бұқараға қатты батады. Бірақ, бұған халық көндігіп отырмайды, қарсы күреседі. Міне бұл көтерілген тарихи фактілер батырлар жырының тууына әсер етеді.

Қазақта батырлар жырының тууына зор әсер еткен екінші бір жағдай болды. Ол — қазақтар мен қалмақтардың (оларды жоңғарлар деп те атайды) арасындағы қарым-қатынастар, көп заманға созылған күрестер еді.

Тарихи деректерге қарағанда XVII ғасырдың қарсаңында, қазақпен көршілес қалмақтар күшті мемлекетке айналады.



Қалмақтың шонжарлары, феодалдары әскери күштерін біріктіріп, өздерімен көршілес елдерге талай рет шабуыл жасайды. Олардың шабуылына ұшырағандардың бірі қазақ елі еді. Қалмақтың шонжарлары қазақ еліне шабуыл жасағанда, қазақтардың шұрайлы жерін, кең қонысын, мал-мүлкін тартып алуды, қазақ елін құл етуді мақсат етеді.

Осы мақсатпен қалмақ қалың қолы 1723 жылдың көктемінде қазақ еліне шабуыл жасайды. Олар Жетісуды, Талас, Қаратауды тартып алады да, Сырды өрлей Аралға дейін аттанады. Арқаны арандайды. Қалмақ шонжарлары және олардың шапқыншылары қазақтарды қан қақсатады, қырғынға ұшыратады, ауылдарды өртейді, жас балаларды найзаның ұшына түйреп отқа лақтырады. Шапқыншылардың әрекеттерінен үрейі ұшқан қазақтар бұрынғы ата мекенін, қонысын тастап жер ауады; ата баладан, аға қарындастан айрылады; халық басына қара түнек орнайды. Бұл бір қайғылы кезді қазақ халқы «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» деп атайды.

Бірақ, қазақ халқы басқыншылардан бұға бермейді, күш біріктіріп жауға қарсы күреске аттанады, әскери жасақтар құрады. Бұларды адал ниетімен халқын сүйген ер жүрек батырлар бастайды. Қазақтар алғаш рет қалмақ басқыншыларына Бұланты өзенінің (Сарысу өзенінің орта ағысының батыс жағы) бойында қатты тойтарыс беріп, жауды жеңеді. Бұл жер «Қалмақ қырылған» атанады.

Бұланты бойындағы жеңіс қазақ халқын рухтандыра түседі, халықтың күші бұрынғысынан арта бастайды. Басқыншы жауға қарсы ұзаққа созылған күрестерде, шапқыншылардан ел-жұртын қорғауда қазақ жігіттері тамаша ерлік-батырлық жасайды. Өзінің тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ халқы басқыншыларды талқандап жеңеді де, 1729 жылы жауды қазақ жерінен аластайды.

Алайда, қазақ халқы қалмақ басқыншыларының қайталап шабуылдау қаупінен мүлде арылып кетпейді. Сондықтан да қазақ халқы өзіне қорған болатын күшті іздейді. Ол күш орыс халқы болады. Қазақ халқы Ресей мемлекетінің қарамағына ене бастайды. Бұл жағдай кейіннен, қазақ елін қалмақтардың шабуылдауынан құтқарып алады. Ресейдей күшті мемлекеттің қанат астына енген қазақ елін қалмақтар баса-көктеп шабуылдауға батылы бармайды.

Қалмақ басқыншыларына қарсы қазақ халқының жүргізген ерлік күресі ауыз әдебиетінен ерекше орын алды. Халық өзінің ауыз әдебиетінен «Ақтабан шұбырынды» жылдарын («Басынан Қаратаудың көш келеді») ғана елестетіп

қойған жоқ, ол басқыншыларға қарсы қазақ халқының ерлік күресін, батырлық күшін, жеңісін суреттеп, жырына қосты. Осы негізде халықтың батырлық тұлғасын, ерлік күресін сипаттайтын батырлар жыры туады.

Міне, қазақтың ертедегі батырлар жыры жоғарыда айтылған тарихи кезеңдердің, ұлы оқиғалардың елесін беру негізінде туып қалыптасады. Бұдан, әрине, батырлар жыры тарихи документ деген ұғым тумайды. Әдебиеттік шығармалардың қандайы болса да, белгілі оқиғалардың тарихи документі болып табылмайды. Батырлар жыры да сондай. Олар өткендегі оқиғалардың сәулесін елестетуші; тарихи оқиғаларды суреттеу негізінде туған көркем шығарма болып қана танылады.

Қорыта келгенде, қазақта батырлар жырының тууына осы аталған екі жағдай үлкен әсер етті деуге болады. Бұдан, әрине, бергі заманда яғни ХІХ ғасырдан бергі жерде батырлар жырын шығармаған деген ұғым тумайды. Соңғы кезде батырлар жыры туған.

**ҚЫЗЫЛБАСТАР** Ертеде туған батырлар жырында ел  
**МЕН ҚАЛМАҚТАР** қорғаған ерлердің алысатын жаулары не  
**ТУРАЛЫ** қызылбастар немесе қалмақтар болып келеді. Бір жырдың өзінде қызылбас пен қалмақ аралас жүреді. Мұның себебі не және олар кімдер?

Тарихтың айтуынша, жоғарыда сөз еткен Шыңғыс ханның Жебе және Субеде деген қолбасшылары 1222—1224 жылдары Солтүстік Иран, Кавказ және Оңтүстік шығыс Еуропаға шабуыл жасап, олардың көптеген жерлерін өздеріне қаратады<sup>1</sup> 1231—1239 жылдар арасында монғолдар Кавказ Азербайжан елдеріне шабуыл жасайды<sup>2</sup> Осындай басқыншылық шабуылдардың нәтижесінде монғолдар бүкіл солтүстік Иранны, Кавказ бен Азербайжанның көп жерлерін өздеріне қаратып алады.

1256 жылдан бастап бүкіл Кавказдық елдер, Иран, Ирак және Кіші Азияның бірсыпыра жерлері Хулағу хан құрған монғол мемлекетіне (ұлысына) бағынады. Бұл жерлерге үстемдік ету, монғолдық тәртіп орнату үшін Хулағу хан өзінің қарамағына елу-алпыс мыңдай әскер ұстайды<sup>3</sup>. Хулағу ханнан кейін бұл жерлерді монғолдардың Абаға хан (1265—

<sup>1</sup> Б. Греков, А. Якубовский. «Золотая орда и ее падение», 1950.

<sup>2</sup> Проф. Петрушевский И. П. «Из героической борьбы Азербайджанского народа в XIII—XIV века», Баку, 1941; История Грузии, ч I, (с древнейших времен до начала XIX века), 1946.

<sup>3</sup> Крымский А. «История Персии и ее литературы», т. III, Москва, 1914.

1282 жылдары хандық құрған, Ахмет Такудар (1282—1284), Арғун хан (1284—1291) билеп тұрады. Ал, 1295 жылдан 1304 жылға шейін Ғазан хан (Қазан хан) хандық құрған. Хулағу хан бастаған бұл мемлекеттің соңғы патшасы Абусайд (1316—1335) болған.

Хулағу ханның мемлекеті бүкіл монғолия державасының бір бөлегі есебінде саналған. Бұларға Шыңғыс ханның балалары (Жошы, Шағатай, кейін Бати, Берке) көп жәрдем, әскери күш-көмек беріп отырған. Бірсыпыра уақытқа дейін жергілікті елдер Хулағуліктерге бағынбай, соғысып алысумен өткен. Хулағуліктерге бағынбай, қарсылық қайрат көрсеткендер кавказдықтар, азербайжандар және қыпшақтар болған<sup>1</sup>

Иранды, Кавказды және Азербайжанды өздеріне қаратқан монғол хандары Хулағу мемлекетін (ұлысын) нығайтуға күш салады. Ол үшін бұлар екі үлкен нәрсені жүзеге асыруға тырысады. Бірінші: әскер күшін нығайту болады. Монғолдар өздерінің әскеріне жергілікті елдерден де адам алады. Монғол хандары атты әскерден жасақтар құрады. Олар көбінесе ат үстінде соғысады. Осындай жағдайда жауларынан өздерін айыру үшін ирандық монғолдар бастарына қызыл бөрік қиеді. Осыдан барып оларды «қызылбас» деп атаған деседі<sup>2</sup>

Ғазан хан және одан кейінгі хандар да өздері құрған мемлекетті нығайту мақсатымен айналасындағы елдерге талай рет шабуыл жасап отырған. Реті келсе, сол жерлердегі елдерді өзіне бағындырып алуды көздеген. Ғазан ханның әскерлері Каспий теңізінің батысына, Дербент, Баку, Астрахань қалаларына шейін де жорық жасап келген. Олар әсіресе сол жерлерді мекендеген қыпшақтардың кең қоныс, шұрайлы жерлерін тартып алуды көксеген. Өздерінің жерсу, қоныстары үшін қызылбастарға қарсы күресіп, қарсылық көрсеткен, ерлік жасап соғысқан ел қыпшақтар болған<sup>3</sup>

Осындай сұрапыл айқастар кезінде әр жердегі қыпшақ рулары күш біріктіріп, бір-біріне жәрдем берген, сырт жауға қарсы аттанған. Қыпшақтың әскери жасақтарын ер жүрек, жауынгер батырлар бастаған. Олар қан майданда қас дұшпанмен соғысып елдерін қорғап отырған. Сыртқы жаулармен арпалысқан күрес жағдайларында батырлар әскер жасақтарының басшысы есебінде үлкен қызмет атқарған. Сондықтан да олардың ел қорғаудағы ерлік істерін, батырлықтарын халық ардақтап жыр еткен.

<sup>1</sup> История Грузии, ч I, 1946.

<sup>2</sup> Страны ближнего и среднего востока, 1944.

<sup>3</sup> Материалы, относящиеся к истории Золотой орды, т. III.

Міне, ертеде шыққан жырларды қазақ (қыпшақ) батырларының алысатын жаулары қызылбастар болып келуі жоғарыда көрсетілген тарихи шындықтың елесі секілді. Ал бертін келе, қазақ жеріне шабуыл жасаушылар қызылбастар емес, қалмақтар болады. Қалмақтарға қарсы күресіп, ел-жұртын қорғап қалған батырлар жайында да көптеген аңыз-ертегілер, өлең-жырлар туады, оларда ел қорғаған батырлар ардақталады. Мұндай жырлар, біріншіден, жаңадан, тыңнан шығарылса, екіншіден, ертедегі жырлар соңғы кездің оқиғасын суреттеп көрсету үшін қайта өңделеді. Бұл жырларда, бір жағынан, қалмақ басқыншыларына қарсы қазақ халқының ерлік күресін негізге алса; екінші жағынан, осы күресті көрсету үшін ертедегі жырларды да пайдаланады. Халық арасында ертеден айтылып келген кейбір батырлар жырына жаңа мазмұн береді. Осы аталған кезде туған жырлардың кейбіреулерінде қазақ батырларының алысатын жаулары не қызылбас, не қалмақ болып келуі осыдан болу керек. Бұл ретте Н. А. Добролюбовтың мына бір пікірін еске алайық.

Добролюбов былай дейді: «Орыстың батырлар жыры ерте заманда, көп құдайға табынып жүрген кездің өзінде-ақ туған. Бертін келе олар ұмытыла бастаған. Бірақ орыс жеріне татар басқыншыларының шабуыл жасаған кезінде халық ертедегі батырлық жырларын, ерлік салтын еске ала отырып, сол жырларды қайтадан жөндеген. Ертедегі жырларды қайтадан, жаңаша жырлаған, оған соңғы кездің оқиғаларын қосқан. Сөйтіп осы негізде батырлық жаңа жырлар шығарған, бұл жырларда ертедегі және соңғы кезде болған оқиғалар араласып кетіп те отырған»<sup>1</sup>

Добролюбовтың бұл пікірі қазақтың кейбір батырлар жырында қызылбастар мен қалмақтардың аралас келуі себебін ашып береді. Қазақ халқының қалмақ басқыншыларына қарсы күресі бергі кезде болды. Бұған қарағанда, қалмақ феодалдарының шапқыншылық әрекеттеріне қарсы ерлікпен күресіп, жауға тойтарыс берген қазақ халқының батырлық тұлғасын көрсету үшін, жыршы ақындар өткен заманда туған батырлар жырын да пайдаланған секілді. Ескі жырларға соңғы кездің оқиғаларын қосып, біраз жаңартқан деуге болады.

Демек, ерте заманда туған батырлар жыры жоғарыда аталған тарихи жағдайлардың негізінде, соларды әдебиет арқылы әңгімелеу, жырлау ретінде шықты. Бұл оқиғалар

---

<sup>1</sup> Н. А. Добролюбов. Собрание сочинений, том I, «О степени участия народности в развитии русской литературы», стр. 288—291, 1950.



батырлар жырынан орын алды. Аталған оқиғалар тек жырланып қана қойған жоқ, сонымен қатар өзінің бағасын да, сынын да алып отырды. Әрине, ертеде туған жырлардың қайсысын алсақ та, оның шығуы белгілі бір мақсатты, таптық, қоғамдық идеяны көрсететінін байқаймыз. Осы тұрғыдан қарағанда, ертедегі батырлар жырының өзінде халықтық және халыққа жат идеялардың барлығын көреміз. Екінші сөзбен айтқанда, аталған кезде туған жырлардың бір тобы халықтық ортада: екінші біреулері, феодалдық ортада туғанын аңғарамыз және екеуінің бір-біріне әлсіз түрде болса да, қарма-қарсы екендігін сезінеміз. Бұдан батырлар жыры ерте кездің өзінде-ақ екі бағытта туғандығын, болған тарихи жағдайды, оқиғаларды екі бағытта бағалағандығын көреміз. Жырлардың кейбіреулерінде халықтың арман-ойы, мүддесі, көзқарасы жатса; екінші біреуінде феодалдық тілекті жырлаушылық басым болып отырады. Тіпті халықтық жырлардың өзінде де халық тілегіне қайшы келетін әңгімелердің орын алатыны бар. Сондықтан да батырлар жырын түсіну, бағалау үшін оларды сын көзімен, халық мүддесі тұрғысынан қарауға тиістіміз.

**БАТЫРЛАР  
ЖЫРЫНЫҢ  
ВАРИАНТТАРЫ**

Ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктің бірі — бір жыр бірнеше вариантта болып келетіндігін кіріспе бөлімінде айтқанбыз. Шығармалардың бір-біріне жалпы мазмұны ұқсап келетін туынды түрлерін вариант десек, оның батырлар жырында да елеулі орын алғандығын байқаймыз. Өйткені батырлар жыры да, ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді, ауызша туады, оны жыршы ақындар шығарады.

Батырлар жырын шығарушылар өздерінің әңгіме-жырын оқушыға емес, тыңдаушыға арнайды. Олар тыңдаушы көпшіліктің ықылас орайымен санасып отырады. Егер тыңдаушы көпшілік жырды қызыға тыңдаса, онда жыршы ақын бір айтқанын қайталай бермей, әңгімесін молынан, ұзағынан айтуға тырысады. Бұл ретте батырлар жырын көп жырлаған қарт ақын Айсә Байтабыновтың мына бір сөзін келтірейік.

— Мен жас кезімде көптеген ақынның жырын тыңдадым. Ол ақындар жырын жұрттың жиналған жерінде көпшіліктің сұрауы бойынша айтатын еді. Егер көпшілік ақынның жырын сүйсіне, қызыға тыңдаса және жырды ұзағынан жырлауды өтінсе, онда ақын жырын бірнеше күн бойына айтатын еді. Ол жырын кешкі асты ішкеннен кейін бастап, таң атқанға дейін жырлайтын, жырдың



жалғасын келесі күні тағы айтатын. Сонда ол бір әңгімесін қайталамай, жаңадан тың әңгімелер қосып отыратын. Ал тыңдаушы көпшілік жырды онша ықыластанып тыңдамаса, онда жыршы батырдың бір-екі жорығын ғана айтып, әңгімесін доғаратын.

Бұл пікірді жалғыз Айса емес, батырлар жырын шығарған ақындардың (Нұрпейіс, Мұрын жырау, Шашубай, т.б.) бәрі де айтқан. Оның дұрыстығын қазақ әдебиеті тарихын зерттеген әдебиетші ғалымдар да (М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, т.б.) өздерінің еңбектерінде әлденеше рет анықтаған болатын.

Батырлар жыры халықтың жазу өнері болмаған кезде туды. Оны жыршы ақындар шығарып, ел арасына ауызша айту түрінде таратты. Жырдың алғашқы үлгілерін кейінгі ақындар пайдалана отырып, оны көпшіліктің тілегіне сай өзгертеді, өндейді. Әрбір ақын өздерінің жырын жұрттың жиналған жерінде айтқанда бұрыннан таныс әңгімелерді қайталай бермей, тыңдаушыны сүйсіндіріп қызықтыратын жаңадан тың әңгімелер қосады. Егер тыңдаушы көпшілік ақынның жырды ұзағынан айтуды, батырдың балалық шағынан бастап, қартайғанға дейінгі өмірін, ерлік істерін молынан жырлауды өтінсе, онда халықтың бұл тілегімен ақындар санасып отырған. Осы ретте олар жырын бірнеше күнге созып айтатын болған.

Әрине, жырды ұзағынан айту, бір оқиғадан екіншісін тудыру, әңгіменің жалпы желісін, бұзбай молынан қамти жырлау, әрбір ақыннан асқан шеберлікті, ақындық өнерді керек етеді. Сондықтан да олар көпшілік алдында жыр айту үшін оған көп даярлық жасаған, ертеден келе жатқан және бұрын жұртқа таныс болған жыр әңгімелеріне қиыстырып жаңа сюжет қосу жайын көп ізденген. Ертеден келе жатқан жыр сюжеттерін негізге ала отырып, оны әрбір ақын өзінше жырлаған, жаңадан редакциялаған. Мысалға Нұрпейістің айтуындағы «Қобыланды батырды» алуға болады. Бұл жырды өзінен бұрын талай ақындардың жырлағанын айта келіп, ол: «Мен жырдың негізгі әңгімелерін ұғып алдым да, оны өзімше жырладым»,— дейді.

Батырлар жырын айтатын ақындардың қайсысы болса да, ерте заманда туып, ел арасына тараған жырлардың көбінесе оқиға желісін пайдаланған. Кейбір дарынды ақындар ондай жырлардың мазмұнын ғана алып, сөзін өздері шығарған, бұрынғы айтылудағы стилін, сөз сапта-сын, өлеңдік өлшемін сақтап отырған. Мұнымен қатар, ондай ірі айтқыш ақындар бір батыр жайында ұзағынан

айтылатын және батырдың барлық өмірін, ісін қамтитын көлемді жыр шығару үшін, сол батыр жайында әр жерде бұрыннан айтылып жүрген жырларды жинастырған, оларды қиыстырып редакциялаған. Сөйтіп, бір жырдың әр түрлі варианттарынан құрап көлемді ұзақ жыр тудырған. Бір батыр жайында мұндай көлемді, көп оқиғалы, ұзағынан айтылатын тұтас жырдың тууы, М. Әуезов пен Қ. Жұмалиевтің зерттеулеріне қарағанда, эпос жанырының есейген, жетілген кезінде болатын секілді.

Батырлар жырын шығарушы ақындар десек, жырдың әр түрлі варианттары болуы да соларға байланысты. Жыршы ақындарың қайсысы болса да бір батыр жайында ұзағынан айтылатын, мол сюжетке құрылған көлемді жырды бірден шығарған жоқ. Ең әуелі жырға батырдың бір-екі ерлік ісі қосылуы мүмкін. Бұл әңгімелер жұртқа таныс болғаннан кейін, тыңдаушы көпшілік ақыннан «осы әңгіменің жалғасын айт» деп тілек білдіруі ықтимал. Сол кезде әрбір жыршы жаңағы жұрт қалап отырған және бұрыннан таныс болған жырдың «алды-артын» шығаруға кірісетін секілді. Сөйтіп барып, жырдың алғашқы әңгімелеріне жаңадан, тыңнан сюжет қосылады. Ал жырдың ел арасына бұрын тарап кеткен алғашқы әңгімелері де, соңынан қосылғандары да әрқайсысы өз алдына вариант есебінде айтылып жүрген. «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», тағы басқа жырлардың варианттары осылай туған деуге болады.

Батырлар жырының варианттары әдебиет тарихынан айрықша орын алады. Варианттар әрбір жырдың қалай туып және қай бағытта дамығандығын түсінуімізге көп материал болады. Сонымен қатар, ол жыршы ақындардың творчестволық ерекшеліктерін, ақындық шеберліктерін және олардың көзқарастарын ашуға көмектеседі.

**БАТЫРЛАР  
ЖЫРЫНЫҢ  
ҚҰРЫЛЫСЫ**

Батырлар жырының қайсысы болса да оқиғаға құрылады, сюжетсіз жыр болмайды. Жырдың сюжеттік құрылысы жырдағы басты кейіпкер жайын, оның ағайын-жұрты, жолдас-жоралары және олардың бір-бірімен қатысы, қуанышы мен күйініші, алыс-тартыс жорықтары, жау адамдарының іс-әрекеттері жайын суреттеуден туады.

Қазақтың батырлар жырының құрылысын сөз еткенде, оның көпшілігіне тән ерекшеліктің бірі — жырдағы оқиғалар басты кейіпкерлер төңірегінде болатындығында. Кейбір жырлардың оқиғалары көбінесе басты кейіпкерлерге байланысты алынады да, солар арқылы дамиды. Бұған мысал

ретінде «Қобыланды батыр» мен «Ер тарғын» жырын келтіруге болады. (Бұл жөнінде осы жырлардың талдауын қараңыз). Жырдың мұндай құрылысы, яғни оқиғаны басты кейіпкер арқылы дамыту — оқиғаны тізбектеп жырлау әдісі деп аталады

Қазақтың батырлар жырында оқиғаның басталуы әр түрлі болып келеді. Кейбір жырлар («Ер Тарғын», «Қамбар») әңгімені басты кейіпкерлердің ер жетіп, есейген кезінен, содан былайғы жерде жасаған ерлік істерін сипаттаудан бастайды, жырдың сюжетін осылай құрады. Ал енді бір жырларда («Алпамыс», «Қобыланды батыр») жырдың сюжеттік желісі әріден, яғни басты кейіпкердің дүниеге келмей тұрған шағынан, тартылады. Осыдан былай жырдың әңгімесі өрістей, сатылап өрлей, дами береді. Сондай-ақ кей-кейде батырлар жырының оқиғасы басты кейіпкердің (мысалы, «Ер Тарғынның») бірден іс-әрекетке кірісуінен басталады. Жыршы ақындар өздерінің жырындағы басты кейіпкер жайын айтпастан бұрын, оның кім екендігімен тыңдаушыны таныстырмай тұрып, батырдың ұрыс үстінде жасаған ерліктерін суреттейді. Содан кейін ғана ақын батырға оралып, жырдың оқиғасын ілгерлете жөнеледі.

Батырлар жырының құрылысы сюжеттік әңгімелерді қиыннан қиыстырып айта білу, әрбір оқиғаны тартымды етіп суреттеу, негізгі ойдың желісін бұзбай, бір оқиғадан екіншісін тудыру, әрбір ұсақ бөлшектің өзін сипаттай жырлау жыршы ақындардың шеберлігіне байланысты болып отырады. Қандай көркем шығарма болса да, оның сюжет құрылысы шеберлікті керек ететіндігін батырлар жыры да дәлелдейді.

**БАТЫРЛАР ЖЫРЫ-НЫҢ ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ** Қазақтың өлең құрылысы жайын зерттеушілердің айтуына қарағанда, Абайға дейін өлеңнің негізінде екі-ақ түрі болған. Біріншісі — он бір буынды өлең, екіншісі — жыр.

Батырлар жыры өлеңнің жеті-сегіз буынды жыр түрімен айтылған. Өйткені ерлік қимылды, көтеріңкі пафосты, атыс-шабыс, жорықтарды түйдектете, асқан шапшаңдық шабытпен айту үшін өлеңнің оралымды түрі — жыр болған. Мұның үстіне өлеңді суырып салып (импровизация) айту үшін де қолайлысы жыр деп танылған. Жырда ұйқасымнан гөрі буын санына, ырғақ-екпінге ерекше мән берілген. Ал

<sup>1</sup> Қ. Жұмалиев. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі, Алматы, 1948.

он бір буынды өлең жорық, аттаныс, соғыс картиналарын беруде, оқиғаны үсті-үстіне түйдектете айтуда жыр секілді жеңіл, оралымды-ұшқыр келе бермеген. Он бір буынды өлең ойланып айтуды, ұйқасымның үнемі болып отыруын керек еткен.

Әрине, батырлар жырының барлығы жеті-сегіз буынды жыр түрінде айтылған жоқ. Кейбір жырлар өлеңнің жыр түрін сақтаса, енді біреулерінде он бір буынды өлең де, тіпті қара сөз де кездеседі. Оның себебі — жырдың оқиғасына байланысты секілді. Егер жырда ерлік, аттаныс, жорық, күрес жайы айтылатын болса, онда өлеңнің жыр түрі қолданылатыны байқалады. Ал, жырдың оқиғасы ерлік күрес жайынан ауысса, онда жыр он бір буынды өлеңмен немесе қара сөзбен айтылады. Мұның мысалын «Алпамыс» пен «Қамбардан» көреміз.

Өлеңнің жыр түріне тән негізгі шарт — буын саны мен ырғақ, екпінінің бір қалыпта болуында секілді. Жыршы ақындардың бәрі де осы шартты қатты ескеріп отырады, жырдың буын санын жеті-сегізден асырмайды, ырғақ пен екпінді де сақтайды. Ал өлеңнің ұйқасымы, жол саны жыр түрінде әр түрлі болып келеді. Батырлар жырында белгілі бір пікірді білдіретін, соны түйіндейтін шумақтың саны кем дегенде төртеу, асса 20—30 тармаққа дейін барады. Өлең тармақтарының санына қарай ұйқасымы да әр түрлі келіп отырады. Кейде өлең жолдары қатарынан немесе ерікті, аралас, шұбыртпалы түрлерінде ұйқасады (бұлардың мысалдарын жеке жырларға берілген талдаулардан қараңыз).

Батырлар жырында дыбыс қайталаудың алатын орны үлкен. Ол жырдағы оқиғаларды дамыта және көркемдеп айту үшін қолданылады. Мұнымен қатар, жыршы ақындар жырға қосып отырған оқиғасының қай мезгілде болғандығын аңғару үшін де кейбір дыбыстарды қайталайтындығы байқалады. Жыршылар дыбыстарды қайталағанда өлең жолдарын қатарынан бір дыбыстан бастайды. Кейде бір тармақтағы барлық сөздерді не дауысты (ассонанс), не дауыссыз (аллитерация) дыбыстан құрастырады. Кейбір жырларда кісі аттарының өзі бір дыбыстан басталатындығы бар. (Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы кісі аттары: қарақыпшақ Қобыланды, Қиятұлы Қараман, Құртқа, Қарлыға, Қазан болып келеді.) Бұл айтылғандарға бір-екі мысал келтірейік.

Қобыланды батыр Алшағырдың тұтқынынан ел-жұртын құтқарып алады. Осы бір картинаны жыршы ақын:



Қаладан шығып көп қыпшақ,  
Қойдай маңырап шуылдап,  
Қозыдай маңырап дуылдап,

Қобыланды ерге қосылды;  
Қабыл болды бұл сапар,  
Қобыланды ердің тілегі,—

деп суреттейді. Жыршы кілең дауыссыз дыбыстарды кайталай отырып, айтылған әңгімелердің (қыпшақтардың тұтқыннан құтқарылуы) осы сағатта болғандығын аңғартады.

Жыршы ақындар қайталау ретінде дауысты дыбыстарды да пайдаланады. Мұны олар көбінесе жырдағы адамдардың портретін жасау үшін, олардың өткен кезде кім болғандығын баяндау үшін қолданатын секілді. Дауысты дыбыстарды қайталауымен жыршылар адамның сырт келбетін суреттейді. Мәселен, Қобыланды батырдың алдынан қарсы шыққан Қазан батырды Біржан ақын:

Қара қасқа ат мінген,  
Ат құйрығын шарт түйген,  
Алдына дабыл төңкерген,

Артына сауыт бөктерген,  
Аламанға дем берген,  
Азды көпке тең көрген,—

деп Қазанның өткен кезде қандай батыр болғандығын бейнелейді.

#### **ОБРАЗ ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ**

Қазақ ауыз әдебиетінің поэзия түрінде адам образын жасаудың алғашқы үлгісін салған батырлар жыры деуге болады. Ел қорғау жолында ерлік көрсеткен, аңдыған жауға қарсы аттанған батырлардың образын жасау үшін жыршы ақындар бірнеше әдістер қолданады. Ең алдымен батырларды халық ұғымына аса күшті көрінетін жаратылыс құбылыстарына салыстырады. Батырдың жаумен кездескен жерін суреттегенде «қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз қатып... жауар күндей күркіреп» деп бейнелейді, ерте кездегі мифтік ұғымдарға, фантастикаға апарады. Немесе, батырды «жолбарыстай жүрскті, арыстандай айбатты» деп көрсетеді. Батырдың сырт тұлғасын, алып күшін осындай теңеулер арқылы суреттей отырып, оның образын жасайды.

Мұнымен қатар, жыршы ақындар батыр образын оның (батырдың) өз сөзімен жасайды. Батырлардың монолог түрінде айтатын сөздері арқылы оның бірсыпыра ерлік істері суреттеледі. Бұған Қобыландының, Тарғынның айтатын монолог сөздерін мысалға алуға болады. Монолог түрінде кейде бір адамның өмір тарихы, ерлік істері баяндалатын кездері болады. Ақжүністің монологынан Қарт Қожақтың (бес жасынан бастап алпыс бес жасқа дейінгі) өмірі баяндалады және оның батырлық образы жасалады.

<sup>1</sup> Батырлар жыры, 153-бет, 1939.



Кейде жыршы ақындар батыр образын, оның (батырдың) ағайын туыстарының, жора-жолдастарының сөзі арқылы суреттеп отырады. Тоқтарбай, Аналық, Құртқалардың жоқтау сөзімен Қобыландының батырлық образы беріледі. Қараманның сөзі арқылы Алпамыстың батырлық тұлғасы суреттеледі.

Жыршы ақындардың адам образын жасауда ерте кезден бері қарай қолданған негізгі әдіс-амалдары осы сияқты деуге болады. Мұнымен қатар, олар образдарды күшейту үшін, «түймедейді түйедей», немесе «жансызға жан бітіргендей» етіп суреттеу үшін әр түрлі портреттер жасау үшін өлендегі әсірелеу, шендестіру, кейіптеу, бейнелеулерді де молынан пайдаланып отыратындығы байқалады. (Бұл жөнінде жеке жырларға берілген тандауларды қараңыз.) Осылардың бәрін жыршы ақындар образдың сыртқы келбетін, ерлік істерін, алыс-тартыс күрестерін сипаттау үшін алады.

Ал батырлар жырында адамның ішкі ой дүниесі, психологиясы, қуанышы мен қайғысы, көңіл күйі, көзқарасы, т.б. толығынан ашылмайтындығы байқалады. Дегенмен, батырлар жырының бұл жайларды аз да болса суреттеп кететіндігі болады. Онда жыршылар адамның психологиясына байланысты моменттерді табиғаттағы әр түрлі құбылыстармен немесе жануарларда болатын мінездермен байланыстырады<sup>1</sup>. Мәселен: Тарғынның мертiккендегi күйзелiсi, психологиясы тiкелей суреттелмей, оны түрлi пернелеу арқылы бiлдiредi. «Айды, күндi бұлт қоршайды, күн жауарға ұқсайды, көлде қулар шулайды, көк түйғын түйiлгенге ұқсайды» деген секiлдi параллель жасалынып барып, адамның көңiл күйiн бейнелейдi. Осындай параллель арқылы Тарғынның халi айтылады.

Халық әдебиетi мен жазба поэзияда образ жасау жолдары жайында В. Г. Белинский былай деген едi:

«Көркем поэзия (жазба поэзия М. Ғ.) әрқашан да нақтылы халық поэзиясынан жоғары сатыда тұрады. Соңғысы халықтың сәбилiк дәуiрiндегi былдырлаған тәттi тiлi, қараңғыда қарманған түйсiк, бұлдыр сезiм дүниесiнiң көлеңкесi ғана; халық поэзиясы айтайын деген ойын дәл етiп берерлiк сөздер таба алмай, болжалдап айту әдiсiнс, пернелеу, бейнелеуге әрдайым иек сүйеп отырады; ал көркем поэзия бұл — ер жеткен сананың үзiлдi-кесiлдi сөзi, түрi мен мазмұны тең түскен нақтылы шындық бол-

<sup>1</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ өлең құрылысы, тiлi жөнiндегi Абайдың жаңалықтары, «Майдан» журналы, № 2, 1944.

мыстың көлеңкесі. Көркем поэзия айтайын деген ойын әр кезде де дәл, жарқын, идеясымен тең түсерлік, айқын образдармен айтып береді»<sup>1</sup>

Демек, халық поэзиясы барлық жағынан шындалып жетілген образ жасауда көркем (жазба) әдебиеттен кем жатады. Әрине, бұл халық поэзиясының айыбы емес, ол халық поэзиясының қай дәрежеде болғанын және образдарды қалай жасағандығын көрсетеді.

**БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ МӘНІ**      Өзінің ел-жұртын, халқын сүйген, оларға жан-тәнімен беріле адал қызмет еткен және бұл жолда тамаша ерлік істер жасаған

батырлар жайында шығырылған жырлардың халық әдебиеті тарихынан алатын орны үлкен. Мұны көп ғасыр бойына халықтың ұмытпай сақтап келуінің, сүйе жырлап, сүйсіне тындауының өзі-ақ дәлелдей түседі.

Алғашқы үлгілері есте қалмаған сонау ерте заманда туған батырлар жыры, бертін келе өзінің даму процесінде шындалып, жетілу үстінде болған. Ол халықтың әр кезде жасаған ерлік істерін жырлау негізінде өсіп ұлғайған. Әрбір тарихи кезеңде, халыққа төнген қауіп-қатер кезінде асқан ерлік жасап, ел-жұртына қорған болған, батырлардың қаһармандық істері халықтың әдебиетінен де орын алған. М. Горькийдің: «Ауыз әдебиеті тарихқа өзінше ілесіп отырады», — дейтіні осыдан. Әрине, батырлар жыры тек қана жеке адамдардың ерліктерін суреттеп қойған емес. Ол жеке образдар арқылы бүкіл халықтың батырлық тұлғасын, ерлік ісін, сарқылмас күш-қуатын елестетеді, соларды бейнелеп көрсетеді. Батырлар жырының басты мәні де осыған байланысты.

Халық өткен кезде батырлар жырын жастарды ел-отанды сүюге, халыққа адал қызмет етуге тәрбиелейтін құралдың бірі есебінде пайдаланған. Жырдағы батырлардың ел қорғаудағы ерлік істерін жастарға үлгі, өнеге еткен. Бұл ретте де батырлар жырының тәрбиелік мәні болған.

Ертеден келе жатқан батырлар жыры біздің заманымызда да халықтық мәнін жойған жоқ. Ескі мәдени мұраны қадірлей білетін қазақ халқы бұл жырлардың ең таңдаулысын, идеялық-көркемдік сапасы жоғарыларын пайдалануда. Бұған батырлар жырының ең таңдаулы үлгілерінің жинақ болып бірнеше рет басылуы, ғылыми еңбектер жазылуы, оқу орындарында оқытылуы, театр сахналарында және киноларда көрсетілуі дәлел. Сондай-ақ, патриоттық ерлік істерді,

<sup>1</sup> В. Г. Белинский, сбор. соч. в трех томах, том 2, 1948.

Отанды сүюшілікті суреттейтін батырлар жырын халық аса жоғары бағалайды, ескіден сақталған мәдени мұраның ең жақсы үлгілері деп таниды.

\* \* \*

Қазақ халқының ертеден келе жатқан батырлық жырлары жайындағы азын-аулақ жалпы шолуларымызды осымен аяқтап, енді сол шығармалардың өзіне ойыспақпыз. Бұл ретте қазақ халқының көптеген батырлар жырынан мысалға алатынымыз «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар» жырлары. Алдын ала ескерте кетелік, қазақ халқының батырлық жырлары бұл аталғандар ғана емес, ол бұдан көп. Біз оқушыларды батырлар жырының үлгісімен таныстыру үшін осы төрт жырды ғана алып отырмыз.

### **«АЛПАМЫС»**

«Алпамыс» деп аталатын жыр өзбекте де, қазақта да, қарақалпақта да бар. Ағайынды үш елдің айтуындағы бұл жыр мазмұны жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Әйткенмен өзара айырмашылығы да жоқ емес. Ондай айырмашылық басты-басты екі әңгімеден көрінеді деуге болады. Бірінші, қазақтар мен қарақалпақтар айтатын жырда Байбөрі мен Байсарының (кейде Сарыбай деп те аталады) аразданып кетуі көкпарға байланысты делінсе, өзбекте олай емес. Өзбектердің жырында Байбөрі ел билеген хан болады, ол қарамағындағы халықтан алым-салық, зекетті көп жинайды. Бұған наразылық ретінде Байсары қалмақ еліне көшіп кетеді. Екінші, қазақтар мен қарақалпақтар айтатын жырдың екінші бөлімі, Байбөрінің малын Тайшық ханның тартып әкетуі жайын суреттеуден басталатын. Ал өзбектің «Алпамысында» Алпамыс Тайшықтың еліне өзінің малын қайыру үшін аттанбайды. Ол Баршынның айтуы бойынша, ханның қысымынан қайын атасы мен қайын енесін құтқару мақсатымен аттанған болады.

Ағайындас үш халықтың айтуындағы «Алпамыс» жырының осы секілді өзара аздаған айырмашылығы бола тұрса да, бұл — әр халықтың өз шығармасы, тума жыры. Сондықтан да әр халық бұл жырдың ертеден келе жатқан сюжет желісін сақтай отырып, оны өздерінше жырлаған және

бірнеше вариантқа айналдырған. «Алпамысты» зерттеген өзбек ғалымдары Х. Т. Зарифов пен М. И. Афзаловтың айтуына қарағанда, жырдың өзбекше он бір варианты бар көрінеді. Белгілі фольклорист Т. Сыдықов: «Алпамыстың» қазақша үш үлкен түрі бар,— дейді<sup>1</sup>

Қарақалпақ әдебиетшісі И. Т. Сағитов «Алпамыстың» қарақалпақша бес варианты барлығын айтады.

Бұрлармен қатар, татар, башқұрт, алтай елдерінде Алпамыс жайында шығарылған ертегілер де бар. Татарлардың ертегісі «Алпамша», башқұрттардікі «Алпамыш», алтайлықтардікі «Алып-Манаш» деп аталады. Бұл ертегілердің кейбір әңгімелері өзбек, қазақ, қарақалпақ айтатын жырдың алғашқы бөліміне ұқсас келеді.

«Алпамысты» жырлаған халықтың қайсысы болса да, оны өзінің тума шығармасы деп қараған. Сондықтан да біз бұл жырдың әр елдегі нұсқаларына тоқтамай, тек қазақшасын ғана сөз етпекпіз.

**ЖЫРДЫҢ  
ЖИНАЛУЫ,  
ЗЕРТТЕЛУІ**

«Алпамыс» қазақ еліне, әсіресе оңтүстік қазақтарына, ертеден таныс, көп заман бойына ауызша айтылу арқылы тараған көне жырдың бірі бола тұрса да, тек өткен ғасырдың аяқ кезінде ғана хатқа түсіп, баспа жүзіне шықты. Жырдың бір вариантын алғаш рет Жүсіпбек қожа Шейхұлы Исламов деген кісі 1899 жылы Қазан қаласында бастырып шығарды. Содан кейін жырдың осы варианты өзгеріссіз 1901, 1905, 1907, 1910, 1912, 1914, 1916 жылдары қайта басылды. Жырдың бұл вариантында айтылатын негізгі әңгімелер Алпамыстың Гүлбаршынға үйленуі, Тайшық ханға аттануы, Ұлтанды жеңуі жайында болатын.

Ә. Диваев «Алпамыстың» бір вариантын Жиенмұрат Бекмұхамедовтан жазып алып, «Бұрынғы өткен заманда Жиделі-Байсын деген жерде өткен Алпамыс батырдың хикаясы» деген атпен 1901 жылы бастырып шығарды. Жырдың бұл варианты Алпамыстың Гүлбаршынға үйленуімен аяқталады.

Қазан революциясына дейін қазақ арасына баспа арқылы тараған негізгі нұсқалары осы ексуі.

1922 жылы Ә. Диваев «Алпамыс» жырын қайта бастырып шығарды. Ал 1939 жылы «Батырлар» атты жинақ шықты. Оның редакциясын басқарған, сөз басын жазған Сәбит

---

<sup>1</sup> Қазақ халықының батырлық жыры, 36-бет, 1972.

Мұқанов еді. Ол «Алпамыс» жырын жаңа жинаққа енгізгенде, жырдың ел арасында айтылып келген және бұрын баспа жүзіне шыққан нұсқаларын шебер біріктірді де, тұтас бір жырға айналдырды. (Біздің талдауға алатынымыз да осы вариант.)

Мұнымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы соңғы жылдар ішінде «Алпамыс» жырының қазақ арасында айтылып келген бірнеше варианттарын жинап алады. Солардың ішінде күрделісі — атақты Майкөт ақынның, Рақаттың айтуындағы жырлар. (Бұлар әзірге баспа жүзіне шыққан емес.) Жырдың бір вариантын Еркінбек Ақынбеков деген кісі қара сөзбен ертегі түрінде айтқан. Оның басқа жырлармен салыстырғанда тыңнан қосқан бір жаңалығы бар. Ол мынадай: Байбөрінің малын айдап кеткен Тайшық ханның зынданына Алпамыс түсіп қалады. Бір күндері Алпамыс үстінен өтіп бар жатқан қаздарға жалынады, мұңын айтады. Соңғы қаздың қанатына байлап, қарындасы Қарлығашқа хат жолдайды. «Қарындасым құс салушы еді, соған табыс ете гөр», — дейді. Жолда қаз қолға түсіп қалады, бірақ қанатындағы хатты көрген мергендер қазды қоя береді. Қаз хатты Қарлығашқа тапсырады, ағасының хал-жайын Алпамыстың Қарабай дейтін досына айтады. Қарабай Алпамысты іздеп келеді. Зынданға арқан тастап, Алпамысты шығара бастайды. Орта жерге келгенде Алпамыс «бір кезде Қарабай осы жақсылығын бетіме салық қылар» деп ойлайды да, арқанды кесіп жібереді, зындан түбіне жатып қалады. Досының халіне қайғырып Қарабай еліне қайтады.

Жырдың қазақша басқа варианттарында кездеспейтін, Еркінбектің тыңнан қосқан үлкен бір эпизоды осындай. Бұдан жыршылардың қайсысы болса да «Алпымысты» өздерінше жырлап, өндеп ұлғайтқандығы байқалады.

Жалпы «Алпымыс» жайында кеңестік дәуірде жазылған ғылыми мақалалар мен еңбектер бірсыпыра деуге болады. Бұл жәнінде академик А. С. Орлов, М. О. Әуезов, В. М. Жирмунский, А. К. Боровков, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Х. Т. Зарифов, Ә. Х. Марғұлан, Н. С. Смирнова, Т. Садықов, И. Т. Сағитов, М. И. Афзалов, М. И. Богданова, Л. И. Климович тағы басқалары еңбектерінде «Алпамыс» туралы көптеген ғылыми пікірлер айтты. Олар әр елдің «Алпамысын» арнайы талдап, жырдың басты идеясын, сарыны, халықтық сипаты, көркемдік ерекшеліктері, т.б. қандай екендігін ашуға ұмтылды. «Алпамыс» Орта Азия халықтарына ортақ мұра болғандықтан, жырдың кейбір



мәселелерін анықтау мақсатымен 1956 жылдың күзінде Ташкентте әдебиетші ғалымдардың кең мәжілісі де өткізілді. Бұл мәжілісте «Алпамысқа» арналған он бес ғылыми баяндама жасалды. Осы баяндамаларда болсын және басқа зерттеу еңбектерінде болсын, әдебиетші ғалымдардың тұжырымды қорытындысының нәтижесінде «Алпамыс» шын мәніндегі халықтық жыр деп танылды.

«Алпамысты» зерттеушілердің айтуына қарағанда, бұл — бүгінгі Орта Азия халықтарының белгілі бір мемлекетке айналмай, ру ретінде жүрген кезінде туған жыр. Проф. В. М. Жирмунский мен Х. Т. Зарифов «Алпамыс» жөнінде былай дейді: «Өзінің шығу тегіне қарағанда «Алпамыс» қоңыраттардың рулық эпосы... Қоңыраттардың ру есебінде тарихқа белгілі бола бастауы монғолдардың жаулап алуымен (XII ғасырдың соңы, XIII ғасырдың бас кезі) байланысты»<sup>1</sup> Бұл пікірді проф. А. К. Боровков «Алпамыс» жырының туған кезі XII—XIV ғасырдың арасы болуға керек, — дейді<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Ә. Х. Марғұлан «Алпамыс» қыпшақ заманында туған, содан қалған жыр екендігін айтады<sup>3</sup> Ал жырдың қазақша нұсқасын көбірек зерттеген ғалым Т. Сыдықов «Алпамысты» рулық, тайпалық кезден келе жатқан мұра, — дейді<sup>4</sup>.

Демек, «Алпамыс» — Орта Азия халықтарының ерте заманда, ру болып жүрген кезінде туған шығармасы. Бұл жырдың Орта Азия халықтарына ортақ болу себебі де осыдан.

Жырдың негізгі идеясы — ру бірлігін сақтаудан туған. Сондықтан да жырда ру бірлігін көздеген, әр рудың арасында араздық, шапқыншылық емес, татулық болуын мақсат еткен адамдардың іс-әрекеті ардақталады. Оларды рудың қамқоршысы етіп суреттейді. Ал ру бірлігін, ру тілегін ойламай, өз қара басының қамымен жүретіндерді жыр жағымсыз бейнеде сипаттайды. Сөйтіп, «Алпамыс» — өз дәуірінің идеясын бейнелеген, оны көп ғасыр бойына сақтап келген халықтық жырдың бірі.

Әрине, «Алпамыс» жырын бағалауда теріс көзқарастар да болмай қойған жоқ. Бұл жырдың өзбекше вариантын

<sup>1</sup> В. М. Жирмунский, Х. Т. Зарифов. Узбекский народный героический эпос, 69-бет, Москва, 1947.

<sup>2</sup> А. К. Боровков. Героическая поэма об Алпамыше, см. сборник «Тезисы докладов и сообщений...», Ташкент, 1956.

<sup>3</sup> Известия Казахского филиала АН СССР, серия историческая, № 2 (27), стр. 81, 1946.

<sup>4</sup> Т. Сыдықов, жоғарыда аталған еңбегі.

қарастырған А. Абдунабиев пен А. Степанов «Алпамысты» халыққа жат, зиянды шығарма деп бағалады<sup>1</sup> Олардың бұл пікірі қазақтың кейбір әдебиетшілері мен тарихшыларына да әсер етті. Қазақстанда да «Алпамысты» феодалдар мен байлар тудырған, солардың мүддесін білдіретін жыр деп, жырдың қазақша варианты да халыққа жат деп дәлелдеушілер болды. Олар жырдың халыққа жат болу себебі Ұлтан образының жағымсыз түрде жасалуынан деп көрсетті. Шығарманың халықтық сипаты жеке образдарға байланысты бола бермейтіндігін олар ескермеді.

«Алпамысты» бағалауда орын алған мұндай нигилистік көзқарастардың қате, теріс екендігі айқындалды, оларға қатты тойтарыс берілді. Бұл жөнінде Ташкентте өткізілген мәжіліс және әдебиетші, тарихшы ғалымдардың жаңа зерттеулері «Алпамыс» жыры халықтық шығармалардың қатарына қосылатындығын анықтады. Сондықтан да біз «Алпамысты» қазақ халқының да ертеден келе жатқан мәдени мұрасының бір ескерткіші деп танимыз.

«Алпамыс» — халықтық жыр, хылықтың идеясын, қоғамдық көзқарасын білдірген күрделі шығарманың бірі. Жырдың Ә. Диваев, кейінде С. Сейфуллин, С. Мұқанов қайталап жариялаған және біз талдауға алып отырған сол вариантының халықтық идеясы жырдағы образдар арқылы ашыла түседі<sup>2</sup>

Қазақтағы батырлар жырының ең ескісі, рулық кезінен қалғаны «Алпамыс» десек, батырлар жырында адам образын жасаудың алғашқы үлгісін салған да осы жыр деуге болады. Бергі кездегі батырлар жырында батыр образы ұлғайып өскен дәрежеге көтерілсе, ондағы батырлар көбінесе көк сауытты киініп, көк сүңгіні ұстаған бейнеде, қандай жау келсе де оған қарсы аттанып, ерлікпен күрескен, ел-жұртын қорғап қалған, алып тұлға түрінде суреттелсе, «Алпамыс» жырында батырлық образ жасаудың бастамасы ғана бар секілді. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің образын жасауда «Алпамыс» жыры өз кезіндегі ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін пайдаланғаны да байқалады. Жырдағы кейбір кейіпкерлердің ертегілерде кездесетін персонаждарға ұқсас келу себебі де осыдан болуға тиіс.

<sup>1</sup> «Звезда Востока» журналы, № 2, 1952; «Литературная газета», 12 февраль, 1952.

<sup>2</sup> Жырдың кейбір образдарын, көркемдік ерекшеліктерін талдауда Қ. Жұмалиев, В. М. Жирмунский, Х. Т. Зарифов, Т. Сыдықов т.б. «Алпамыс» жайында жазған еңбектері негізге алынды.

## АЛПАМЫС

Жырдың басты кейіпкері — Алпамыс. Ол халықтың ру бірлігін сақтау идеясынан, руға қамқор — қорған болар батырды арман еткен қиялынан туған образ. Сондықтан жыр Алпамыстың іс-әрекетіне батырлық сипат береді.

Алпамыстың батырлық іске бел байлаған сапары Гүлбаршынды іздеп шығуынан басталады. Өзіне жар-жолдас — қалыңдық іздеп шығу, бұл жолда әр түрлі ерлік істер жасап, батырлық сыннан өту — дүние жүзіндегі эпостық шығармалардың көбінде кездесетін жай. Ондағы батырлардан Алпамыстың бір үлкен айырмашылығы бар: Алпамыс батырлық іске тек Гүлбаршын үшін ғана аттанбайды. Ол бір кезде Байбөріге өкпелеп бөліне көшкен қалмақ еліне кеткен Қоңырат руының бір бөлігін іздеп те шығады. Өзіне туыс болған рудың бір бөлегі жат жұртқа көшіп кетуі, қалмақ ханына қоңсы болуы, оның зорлық-зомбылығын көруі, Алпамысқа қатты бататын сияқты. Сондықтан да халық жыры Алпамысты қалмақ еліне аттандырады, ол өкпемен көшіп кеткен сл-жұртының бір бөлігін қайтару, оны қоңыраттарға қайта табыстыру, татуластыру мақсатын көздейді, ру бірлігін қарастырады. Жыр ру арасында бірлік болса, елдік бар екендігін аңғартады. Байсарының қалмақ ханына көшіп кетуін, ол жерде жат жұрттан қорлық көруін суреттеу арқылы жыр бірсыпыра жайды елестеткендей болады. Ру бірлігін бұзып бөліне көшкен адамдар осындай өкінішті күйге ұшырайды, сондықтан бірлік сақтау керек деген қорытынды жасайды. осы ретте ру бірлігін қорғаушы батыр болуы керек деп таниды. Батыр ру бірлігін қорғаушы ғана емес, ол сонымен қатар руды біріктіруші, батыры болмаған ру бытырап, тозып кетеді деп көрсетеді.

Жырдың бірінші бөлімінде сөз болатын басты идея, негізгі әңгіме осындай, оны жүзеге асыру үшін іске кірісетін — Алпамыс. Ол өзінің қалыңдығын іздеуді дәлел етіп, жат елге сапар шегеді. Гүлбаршынды іздеп шығу әңгімесі жырдың негізгі идеясын айқындаудан туады.

Алпамыстың бұл сапарға аттануын халық жыры үлкен батырлық, соған талаптанушылық деп таниды. Оның күшті батыр екендігін аша түсу үшін жыр бірнеше дәлелдер де келтіреді. Гүлбаршынды іздеп қалмақ еліне баратындығын атасы Құлтайға айтып, Алпамыс одан мінуге ат беруін сұрайды. Сонда Құлтай: «Көп жылқыны үстіңнен тоғытып айдайын, сен бір тастың тасасында жат. Сенің қайратты ер жігіт екеніңді білейін, өзіңе арнаған атты ұстап ал, егер еңшіңді танып ұстасаң, қолымнан ерттеп берейін»,—

дейді. Алпамыс бұл шартты орындап шығады, өзінің еншісіне арналған, жылқының нары атанған Байшұбарды құрықсыз құр қолмен ұстап алады. Мұны халық жыры Алпамыстың мықтылығын сипаттау үшін келтіреді. Сонан кейін, Алпамыс қасына жолдас алмай, жет елге жалғыз аттанады. Мұны да жыр Алпамыстың батырлық өжеттігі деп бейнелейді.

Алпамыстың мықты батыр екендігі алғаш рет Қаражанмен кездескен жерде байқалады. Гүлбаршынға таласқан хан да, Қаражан да жас батырды көрмей жатып, оның келе жатқан дүбірінің өзінен-ақ қатты сескенеді. Бұл дүбірді естіген Қаражан: «Тайшаның әскері де, менің әскерім де қайтындар... Қырық мың қол келе жатыр, иә болмаса қырық мың қолға татитын біреу келе жатыр»,— деп жар салады. Талай қамалды бұзып, жол салған Қаражан осы тұста қатты сасады. Оның бұл жай-күйін астындағы тұлпары да сезгендей болады. Сонда Қаражан:

Жамадатқыр, не көрдің?  
Қара атым, менің не көрдің?..  
Алдында жолбарыс жатыр ма?  
Келгендер бізден батыр ма?  
Не көрдің, қара ат, не көрдің?  
Ат шомылған тер ме скен?  
Келгендер бізден ер ме скен?  
Батырың қайғы жер ме скен?  
Не көрдің, қара ат, не көрдің?,—

дейді. Оның бұл қауіпі расқа келеді. Алпамыспен кездескен сәтте ол күштілігін айтып қыр көрсетеді. Гүлбаршынды оңайлықпен бере қоймайтындығын білдіреді. Бірақ жекпе-жек күреске келгенде Қаражан жеңіліп қалады, бас сауғалық сұрап, Алпамыспен дос болады.

Қаражан секілді мықтыны жеңген Алпамыс кейіннен тағы бірнеше батырлық өнер көрсетеді. Тайша ханның күреске шығарған палуандарының бәрін жығады. Бұған намыстанған ханның бас уәзірі Көкеман Алпамысқа оқ атып, пәле бастайды. Сол кезде бастығы Көкеман болып жабылған қалмақтарға Алпамыс ұрыс салып, бәрін жеңіп шығады. Сөйтіп ол айбынды батыр екендігін білдіреді.

Алпамыстың күшгі батыр екендігі Тайшық ханның сөзімен де сипатталады. Батырдың елде жоқтығын пайдаланып, оның малын қалмақ ханы Тайшық айдап әкетеді. Бұған қатты ыза болған Алпамыс зорлықшыл қалмақ ханына қарсы, оның қолына түскен малдарын қайтару үшін аттанады. Өзінің батырлық күшіне сенгендіктен ол қасына жол-



дас ертпей жат елге тағы да жалғыз тартады. Мұны халық жыры Алпамыстың батырлық сапары, ерлік іске аттануы деп суреттейді. Алпамыстың келе жатқанын Тайшық хан түсінде біледі. Ұйқысынан шошып оянған хан:

Мен бір бүгін түс көрдім,  
Түсімде жаман іс көрдім...  
Құрсаулы қар бура кеп,  
Қарсы қарап шабынды.  
Көзімнің жасы егілді,

Қабырғам менің сөгілді,—  
Басымда тәжі дәулетім  
Жерге менің төгілді.  
Бір арыстан өзіме  
Шабатұғын көрінді...—

дейді. Ханның осы түсі арқылы жыр Алпамысты халық ұғымындағы күштілік бейнесін елестетін құрсаулы қар бураға немесе арыстанға теңейді. Осымен жыр батырдың алып тұлғасын, ерлік келбетін сипаттайды.

Алпамыс — ақыл-айласы, өнері бар, қандай жағдайда болса да қолынан іс келетін батыр. Ол Тайшық ханның зынданында жатып, тас қамаудан құтылу жайын қарастырады. Бірақ зынданнан шығу оңайға түспейді. Батырды зынданнан алып шығатын тек Байшұбар ғана. Ал Байшұбарды қолға түсіру үшін хан сарайына кіретін адам керек. Ондай адам — хан қызы Қаракөзайым. Осы жағдайдың бәріне көз жіберіп, ойластырған Алпамыс, Кейқуатқа сүйек, мүйізден әр түрлі аспаптар жасап береді. Солар арқылы Алпамыс Қаркөзайыммен танысады. Оны хан сарайына жіберіп, айламен Байшұбарды алдыртады. Сонан кейін зынданнан құтқарылған Алпамыс жауын жеңіп кек қайырды.

Тайшық ханды жеңіп, оның орнына Кейқуатты хан етіп тағайындаған Алпамыс, еліне қайтпақ болады. Осы кезде Кейқуат Алпамысқа: «Сіз кеткен соң мына ел мені бір күн де тірі қоймайды, өлтіріп тастайды», — деп қауіпін айтады. Бұл қауіптен қалай құтылудың жайын үйретіп, ақыл беретін де Алпамыс болады. Алпамыс еліне қайтып келеді, жеті жыл ішінде елінің қандай халде болғанын, кімнің дос, кімнің қас екенін білу үшін тағы бір әдіс қолданады. Ол диуана болып, ел-жұртын аралайды, ағайын-туысының, бала-шағасының хал-жайын өз көзімен көреді.

Осы секілді әңгімелерді тізбектей айта отырып, жыр Алпамысты әрі батыр әрі ақыл-айласы, өнері, әр түрлі әдісі бар адам бейнесінде суреттейді. Оның батырлық образын толықтыра түсу үшін халық ұғымындағы батырға тән кейбір қасиеттер де жырға қосылады. Сондай қасиеттің бірі ретінде Алпамыстың аңғалдығы, достықты жоғары бағалайтындығы алынады. Әлі сыр алыспаған, достығына көзі толық жетпеген Қаражанға Байшұбарды беріп жіберуі, тұлпарының неліктен



ақсап келгенін білмей жатып Қаражанды кінәлауы, оны өлтірмек болуы немесе мыстан кемпірдің тіліне еріп, Байшұбарды шауып тастай жаздауы — Алпамыстың аңқаулығы деп, оны батырға тән қасиет деп сипаттайды. Қаражан мен Кейқуаттың достығын аса жоғары бағалауы, олар үшін жан аямауы, үлкен дәрежеге жеткізуі Алпамыстың батырлық даңқын көтере түседі.

Сөйтіп, жырда Алпамыс өз кезінің үлгі еткен сүйкімді батыры, елдің ері болып суреттелген. Алпамыс образы арқылы ел бірлігін көздеген халықтың батыр жайындағы көзқарасы, арман еткен қиялы жинақталып берілген деуге болады.

**ГҮЛБАРШЫН**                    «Алпамыс»                    жырының                    жығымды  
кейіпкері етіп суреттеген адамнің бірі —  
Гүлбаршын.

Жырдың композициялық жағын алғанда, көптеген әңгімелер Гүлбаршынға байланысты дамып отырады. Байбөрі мен Байсарының құда болысуы, Тайша мен Қаражанның таласы секілді күрделі оқиғалардың негізгі түйіні — Гүлбаршын. Жырдағы сюжет құрылысында осындай айрықша орын алған Гүлбаршынның образын жасауға жыршылар үлкен мән береді.

Гүлбаршын асқан көркемдік, сұлулықтың бейнесі ғана емес. Ең алдымен ол ел сүйген батырға жар-жолдас, кіршіксіз таза, айнымас дос тұлғасында жырға қосылады. Жырда Гүлбаршын асқан ақылды, әдіс-айласы мол, досына сенімді серік, адал ару бейнесінде көзге түседі. Ол досының алдында болсын, дұшпандарының алдында болсын өзінің де, Алпамыстың да абыройын түсірмей, көтере ұстайды. Иешелер қысылшаң кезде, ақылмен жол тауып, төніп келген қауіптен құтылып отырады.

Тайша хан мен Қаражан қызды: «Мен алам, мен алам»,— деп таласқа түскен кезде, сөз салмағы, таңдау кезегі Гүлбаршынға берілген болатын. Осы бір кезде Байсара мен Алтыншаш қатты сасады, Тайшадан да, Қаражаннан да қорқады. Бірақ бұл жағдайдан ата-анасын да, өзін де алып шыққан Гүлбаршын болады. Хан мен Қаражанның жіберген жаушыларына Гүлбаршын:

Арада алты ай өткенде,  
Арығы болса семірсін,  
Семізі болса таптасын...  
Мініп бедеу желгенге  
Армансыз дәурен сүргенге,  
Қырық күншілік байрақтан,

Аты озып келгенге,  
Құй қызылбас демеймін,  
Бақыты қара Баршымын,  
Хап, қараңа айтып бар,  
Өзім соған тисмін,—

деп жауап қайырады. Таласқа түскен хан мен батырдың ешқайсысына да уәде бермей ұзын сонарға салады. Өзінің сүйген жары Алпамысты «келеді» деп үміттенгендіктен жаңағы жауапты қайырады. Алпамыспен табысатынына қатты сенеді. Ол Алпамыс келер мерзімін анық білмесе де, таласқан адамдарын жіпсіз байлап, уақытты өткізе беруді көздейді. Қандай қиын жағдайда тұрса да Гүлбаршын Алпамыстан күдер үзбейді, қайта оған деген махаббаты, сую сезімі арта береді. Сондықтан да ол қалмақтың ханын да, батырын да менсінбейді, сүймейді. Бұл ретте ол Алпамысты өзінің сүйген жары есебінде ғана емес, бүкіл Қоңырат жұртының ардақты ұлы деп сүйеді.

Қысылшаң жерде айла жасап, ақылмен жол тапқан Гүлбаршын Алпамыс келген кезде хан мен Қаражанға ілгеріде айтқан уәдесінен тайынбайды. «Айтқаным айтқан», — деп, — «қырық күншілік жерден аты озып келген кісіге тиемін», — деген сөзінде тұрады. Байшұбардың озып келетіндігіне сенеді. Хан жағы бұл шартты қомсынып, палуан күресін ұсынатын болса, онда Алпамыстың жеңетіндігіне шүбә келтірмейді. Сондықтан да Гүлбаршын сөзге сынық болмас үшін еркін сөйлейді. Бұрынғы уәдесі берік екендігін білдіреді. Бұл әңгімелерді халық жыры Гүлбаршынның жағымды образын жасау үшін қиыстырған.

Гүлбаршын, басқа жырлардағы батырлардың әйел жолдастары секілді, Алпамысқа қамқоршы дос, жәрдемші жар болып суреттеледі. Басқа жырларда батырға керекті қару-жарақты немесе тұлпарды дайындап беруші — батырдың сүйген жары болатын. Мұндай адамгершілік қасиет Гүлбаршында да бар. Оның бұл реттегі қызметі төрт аяғы күп болып ісіп кеткен Байшұбарды емдеуімен көрсетеді.

Байшұбар аттай бедеудің  
Ляққа қаққан шегесін,  
Арам қанын аяқтың,  
Кортықпен сорын алады.  
Зиянды қанды қоймайды,

Қысып ұстап қышқышпен,  
Табандап суырып алады.  
Төрт қозының құйрығын  
Қазанға салып күйдіріп,  
Ляққа орап салады,—

деп, жыр Гүлбаршынның Байшұбарға жасаған емін суреттейді.

Алпамыстың жеті жыл бойына хабарсыз кетуі бүкіл қоңырат жұртымен қатар, Гүлбаршынға да қатты батқан кез еді. Бұл жылдар Гүлбаршын үшін қорлығы көп, азабы мен қайғысы мол мезгіл болатын. Бірақ Алпамысты адал көңіл, ақ ниетімен сүйген Гүлбаршын соның бәрінс шыдайды, жарын сағына күтседі. Батырға деген адалдығың кіршігі жоқ махаббатын басынан аяғына дейін сақтайды.

Мұны ол диуана кескінінде келген Алпамысқа айтқан сөзінде толық дәлелдейді. Жеті жыл бойында ойынан Алпамыс шықпаған, басқа еш адамға көңіл бөлмегенін айта келіп:

Осы Байсын белгілі,  
Жерім болсын.  
Жалғыз ұлым жарқырап  
Керім болсын.

Сол құлыңның сөзіне  
Құлақ салсам,  
Әкем келіп некелі  
Ерім болсын,—

дейді.

Гүлбаршынды жыр әрі ақылды-айлалы, әрі сертте тұрғыш, әрі адал адам етіп суреттей отырып, оны Алпамыстың сүйікті жары, жәрдемші досы етіп бейнелейді. Сол үшін оны өз кезінің үлгілі қызы деп жырға қосады.

#### **ҰЛТАН**

«Алпамыс» жырын сынап, оның «халықтық сипаты жоқ» деп «дәлелдеген» кейбір әдебиетшілер жырдағы Ұлтан образын мысалға алған болатын. Олар: «Ұлтан езілуші халықтың өкілі еді, өмірін жалшылықпен өткізген құл еді. Ұлтан образын жексұрын түрде, ұнамсыз етіп жасаушылық жырдың халық тілегіне жат екендігін көрсетеді»,— десті. Жырдың негізгі идеясын анықтамай тұрып, оны бірден халыққа жат жыр деп дәлелдеушілік, оған тек Ұлтан образын ғана мысал етушілік әдебиет зерттеу ғылымында жасалған қатенің бірі еді.

Шынына келгенде, Ұлтан — осы жырдағы ең жағымсыз кейіпкер. Оның ұнамсыз бейнеде алынуы, Ұлтанның құл болғандығында емес, ісінде. Тіпті, жырдың қай варианты алсақ та, Ұлтан шын мәніндегі құл да емес. Ол Алпамыстың немересі, Құлтайдан туған бала. Ұлтан өсе келсе, Алпамыс секілді ел қомқоршысы емес, өз дәрежесінің үстем болуын көздейді. Бұл мақсатына жету үшін Ұлтан қолынан келген және ойына алған жауыздық істер жасайды. Ең алдымен, Алпамыстың елде жоқтығын пайдаланып, өзін-өзі хан көтереді; Алпамыстың ағайын-туыстарын азапқа түсіреді, ел-жұртты быт-шыт қылып бүлдіреді.

Жауыздық іс-әрекеті көп, халыққа зорлықшыл бейнеде алынған Ұлтан — жырдағы ең жексұрын кейіпкер. Өзгені былай қойғанда, оның сырт келбеті де кесапат. Салған беттен-ақ жыр Ұлтанның кескінін адам қорқарлық етіп сипаттайды.

Кеуделері кепедей,  
Мұрындары төбедей,  
Күрек тісі кетпендей,

Кеңірдегі жүһиттің көріндей,  
Отырған орны алты қанат үйдің төріндей,  
Құлақтары қалқандай,  
Мұрындары сығымдалған талқандай,  
Көздері терең зындандай,  
Басқан ізі от орнындай,  
Лузы ошақтай,  
Азу тісі пышақтай,  
Мұрын тесігі үңгірдей,  
Иегі сеңгірдей,—

деп, жырда Ұлтанның кескін пішіні суреттеледі. Мұндай кесапат кескін мол жауыздық иесіне бітеді дегендей ұғым тудырады. Бұл ретте халық ертегілерінде кездесетін және неше түрлі озбырлық пен қаскүнемдіктің бейнесін елестететін жалмауыздар, жалғыз көзді дәулер Ұлтанға тең келмей қалады. Олардың бәрінен Ұлтан өзінің кісі үрейленерлік кескінімен де, жауыздық іс-әрекетімен де асып жатады.

Өзін-өзі хан көтерген Ұлтан ел басына еңіреген күн тудырады. Ағайын-жұртты аздырып жібереді. Мұны жырдың Алпамыс келгеннен кейін:

Тозып кеткен жұрының  
Бәрін жиып алады,—

деуінен аңғаруға болады. Ұлтанның елге істеген жауыздық істерінің аса бір жан түршігерлік жері көкпарға жеті жасар Жәдігерді тартырумен көрінеді. Халықтың арғы-бергі тарихында адам баласын көкпарға тарту болған смес. Бірақ мұны Ұлтан ғана жасайды. Көкпарға тартатын мал бер деп келген жігіттерге: «Менің заманымда сіздерге көрмеген қызықты көрсетейін..., анау Алпамыстың жеті жасар баласы Жәдігерді тарт»,— дейді Ұлтан. Бірақ, Ұлтанның бұл «мырзалығын» ешбір жан қолдамайды. Қайта оған жұрт Жәдігердің сөзімен қарғыс айтады.

Есіктің алды қара қыр,  
Аш бүгіліп жарағыр,  
Жетім қалып сандалып,  
Мендей болып жылағыр...  
Ешкі жасын жасағыр

Аяғыңнан ақсағыр.  
Жетім қалып сандалып,  
Кұрсау түсіп мойныңа,  
Мендей болып қақсағыр,—

дейді Жәдігер. Бұны Ұлтанға айтқан Жәдігердің ғана қарғысы смес, бүкіл рудың үкімі деуге болады.

Алпамыстың елде жоқтығын пайдаланып, өзін-өзі хан көтерген, жұртқа бүлік салған Ұлтан — қаншама мықтысынса да қорқақ адам. Ол жеті жасар Жәдігерден де қатты қауіптенеді, сондықтан да жас баланың аяқ-қолына кісен салып ұстайды. Ал Алпамыс келген кезде, қарсылық

көрсетуге жарай алмай, қаша жөнеледі. Бірақ халық қарғысына душар болған Ұлтан қашып құтыла алмайды, жазаға тартылады.

Халық жыры Ұлтан образын аса жиренішті етіп жасай отырып, ол арқылы қиянатшыл, зорлық жасағыш жауыз адамның жағымсыз бейнесін елестетеді. Ұлтанға деген өшпенділікті күшейте түседі, оның халыққа қызмет етуді мақсат етпеген адам екендігін, қайта көпшілікке көр қазушы болғандығын айқындайды. Егер ол, кейбір әдебиетшілер айтқандай, еңбек адамының өкілі болып жырға енсе, онда жыр Ұлтанды жағымды бейнеде алған болар еді. Жырдың Ұлтанды «құл еді» деп айтқан бір ауыз сөзі, оның халық арасынан шығып, халық ісі үшін күрескен адам екендігіне дәлел бола алмайды. Әңгіме оның ісінде жатыр. Бұл ретте Ұлтанды Кейқуатпен салыстырсақ, екеуінің арасында жер мен көктей айырма барлығын аңғару қиын емес. Жырда Кейқуат та құл деп аталады. Бірақ халық жыры Кейқуатты жағымды кейіпкер етіп суреттейді. Өйткені Кейқуат көпшілік ісі үшін күрескен Алпамысқа көмектеседі, батырдың досы, жәрдемшісі болады. Сондықтан да Кейқуат зор дәрежеге көтеріледі. Ал Ұлтан олай емес. Ұлтан халыққа қастық істер жасағаны үшін жазаға бұйырылады. Оның образын жиренішті жасай отырып, халық жыры ел мүддесін қорғаған Алпамыс секілді батырды ардақтайды.

**ҚАРАЖАН** Жырдағы жағымды кейіпкердің бірі — Қаражан. Ол ел-жұртын сүйген, дәреже және адамгершілік жағынан ешкімнен де кем түспейтін батыр.

Қазақтағы батырлар жырының көпшілігінде қалмақ батырлары жағымсыз кейіпкер болып суреттелетін. Олар көрші елдерге ойран салушы, соғыс ашып, жорық жасаушы, қан құмар басқыншылар болып келетін. Ал «Алпамыстағы» Қаражан ондай адам емес. Қаражан қалмақ батыры бола тұрса да, ұнамды бейнеде суреттеледі. Өйткені Қаражан — ел қамын ойлаған, жаттан жау тілемеген және жорық жасауды мақсат етпеген батыр. Сонысы үшін халық жыры Қаражанды жағымды кейіпкердің қатарына қосады.

Қаражан — күшті батыр. Гүлбаршын үшін Тайша ханмен тайсалмай таласқа түсуі, бақ салыстыруы, ханнан именіп тізе бүкпеуі — сол күштіліктің белгісі. Ел алдында батырдың қадыры ханнан артық болмаса, кем еместігін аңғартады.

Қаражанның батырлығы ханмен таласқа түсуінен ғана көрінбейді. Оның нағыз айтулы батыр екендігі ел қамын



ойлауымен көзге түседі. Хан мен Қаражанның әскері айқасып тұрған шақта: «Қырық мың қол келе жатыр, иә болмаса, қырық мың қолға татитын біреу келе жатыр»,— деп, Қаражан екі жаққа тоқтау салады. «Келе жатқан қолдың» кім екенін білмесе де әзірлік жасайды. Егер ол келе жатқан жау болса, одан ел-жұртын қорғап алуды ойлайды.

Ақ сауытым киейін,  
Ат құйрығын түйейін,  
Кім де болса осы жау,

Қаражан атым құрымаса,  
Бір шетінен қиғаштап  
Аш бөрідей тиейін,—

деп, Қаражан жол тосуға жалғыз аттанады.

Алпамыспен кездесіп, алысқа түскен Қаражан жеңіліс табады. Оны жырда Алпамыстың діні күшті болғандығынан деп дәлелдейді. Бұл бергі заманның қоспасы болуға тиіс. Жырдың идеялық сарынына қарағанда, Қаражанның Алпамыстан жеңілуі дін әңгімесіне байланысты емес. Оның басқаша мәні бар деуге болады. Өз елінің аман-саулығын ойлаған Қаражан, Алпамыстың жау еместігін біледі де, онымен достыққа келеді. Алпамыс қалмақ еліне жаулық жолымен шапқыншылық жасау үшін емес, қалыңдығын іздеп келеді. Алпамыстың бұл мақсатына жетпей қоймайтындығын және қалыңдығы үшін қандай іске болса да бара алатындығын аңғарған Қаражан адамгершілік жасайды; Гүлбаршынды теңіне қосып абырой алуды, екі елдің арасын жауластырмауды көздейді. Ал бұлай етпесе, Алпамыспен алысқа түссе, оның ақыры қырғын соғыс, қан төгіске айналып, ел-жұртқа ауыр тиетіндігін Қаражан жақсы түсінеді. Сондықтан да ол Алпамыспен төс түйіскен дос болып, серт байласады; қолынан келген қызметін аямайды.

Ел-жұртының тыныштығын ойлаған Қаражан Алпамысқа берген достық сертін бұлжытпай орындап отырады. Ол бұл ретте, қаншама ауыр болса да, жалғыз баласы Досмағамбетті өлтіруге шейін барады. Бір жағынан, жұрт алдында Алпамыстай досының абыройлы болуын көздесе; екіншіден, өзінің де батырлық сертке берік екендігін білдіреді.

Осы секілді әңгімелерді айта отырып, жыр Қаражанды ел қамын ойлаған, қара бастың мүддесінен де көпшілік мүддесін жоғары ұстаған батыр етіп суреттейді. Екі елдің арасында татулық, достық болуын мақсат еткен адам деп сипаттайды. Сондықтан да оның образы жырда жағымды етіліп жасалған.

## МЫСТАН

«Алпамыс» қазақтағы батырлар жырының ең ескісі, оған кейбір әңгімелерінің ертегі түрінде айтылуы дәлел десек, оны жырдағы мыстан кемпір образынан да көруге болады.

Жалпы халық әдебиетінде, мыстан кемпір көбінесе жауыздықтың, қиянатшылдық пен қастықтың бейнесін елестетеді. Мыстан кемпірлер қалың көпшілікке немесе сол көпшілік қамы үшін күресетін адамдарға қастық жасап жүреді және олар хандар мен уәзірлердің, халықты езушілердің қызметінде болады, соларға болысады. «Құламерген», «Аламан мен Жоламан», т.б. сияқты халық ертегілерінде суреттелетін мыстандар еңбек адамына, халықтың сүйікті ұл-қыздарына неше түрлі қастық жасайды, олар бұл жөнінде хандардың жауыздық тілегін орындаушы, соған көмектесуші болады. «Алпамыс» жырында суреттелетін мыстан кемпір де сондай.

Алпамысқа қастық жасайтын мыстан осал жау емес. Ол мол жауыздықтың, зор қастықтың иесі болып келеді. Оны жыр: «Қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан... тізесіне шекпені жетпеген, бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар»,— деп сипаттайды. Ол өзінің қастыққа толы іс-әрекеттерін асқан айла-амалмен іске асырып отырады. Тайшық хан Алпамыстың келе жатқанын біліп абыржып, барарға жер таба алмай сасқан кезде, оған көмекке мыстан келеді де, жәрдем-көмегін ұсынады. Бұл еңбегі үшін өзінің таз баласына қалыңдыққа ханның қызын сұрайды. Зәре-құты қалмай, үрейі ұшып отырған хан мыстанның тілегін береді. Содан кейін мыстан іске кіріседі, қырық қыз бен қырық отау алып, Алпамыстың алдынан шығады. Әр түрлі әдіс-айла жасап, аңғал батырды қолға түсіреді.

Мыстан кемпір қаншама айлалы болса да, халық жазасынан құтылмайды. Сол қаскүнемдік істері үшін ол қорлық өлімге душар болады. Халыққа және оның ардақты ұл-қыздарына жасаған жауыздықтары, ақырында мыстанның өз басына ажал оғы болып тиеді. Мыстанды халық жыры жауыздықтың, қастық пен қиянаттың бейнесінде ала отырып, оны халықтың және көпшілік үшін күресушілердің жеңетінін аңғартады.

Жырдың композициялық құрылысында, жырдағы тартыстарды шиеленістіруде мыстан образының айтарлықтай орны бар. Әсіресе жырдың екінші бөліміндегі оқиға, тартыстардың бір-біріне ұштасуы және дамуы мыстанға байланысып жатады. Егер мыстан кемпір болмаса, Алпамыс Тайшық ханға

тура барып, оны жеңіп қайтар еді, жеті жыл бойына зынданда жатпас еді. Сондықтан да жырдың бұл бөліміне мыстан образы көптеген оқиғаларды бірінен-бірін тудыра, шиеленістіріп баяндау үшін енгізілген секілді. Мұны ертедегі батырлар жырының сюжет құрудағы ерекше бір әдісі деп қарау керек.

**ЖЫРДЫҢ  
ҚҰРЫЛЫСЫ, ТІЛІ**

Басқа жырлармен салыстырғанда «Алпамыстың» өзіне тән бір ерекшелігі — оқиғаны шегініспен қатар, диалог арқылы баяндауында. Басқа жырларда сирек кездесетін бұл әдіс «Алпамыстың» композициялық ерекшелігі болып табылады.

«Алпамыс» жырында бір оқиғаны әңгімелеп келе жатады да, оны бітірместен екіншісіне көшеді. Осы ретпен жырдың көптеген әңгімелері баяндалады. Кейде оқиғаның неден туғандығын, қандай себептері барлығы бірден айтылмайды, оған соңынан оралады. Гүлбаршынға таласқан хан мен Қаражан әңгімесін немесе Алпамыстың жеті жылдан кейін еліне оралған жайын алайық. Бұл оқиғалардың бәрі шегініс арқылы әңгімеленген. Жырдың жалпы желісін бұзбай, оқиғаны шегініс арқылы баяндаудың композициялық мәні өте зор. Жыршы-ақын тыңдаушы көпшілікті өзіне тартып, жыр оқиғасына қызықтырып отыру үшін шегініс әдісін әдейі жиі қолданған секілді. Белгілі бір оқиғаны шарықтау шегіне жете бергенде үзіп тастап, скінші әңгімеге көшу арқылы тыңдаушыны ынтықтыра түседі, алғашқы оқиғаның немен аяқталарына құмарлықты күшейтеді.

«Алпамыста» жыр оқиғасы көбінесе диалог арқылы дамып отыратындығын жоғарыда айттық. Диалог түрінде көптеген оқиғалар, адамдардың күйініш-сүйініштері суреттеледі. Жырдың екінші бөлімінде баяндалатын оқиғалар түгелдей дерлік (баласынан айрылған ата-ана, сүйікті жар, аяулы қарындас зары, т.б.) диалог түрінде құрылған, диалог арқылы сипатталған. Жыр оқиғасын осылай баяндау — «Алпамыстың» өзіне тән ерекшеліктерінің бірі.

«Алпамыс» — тіл, өлең құрылысы жағынан да бірсыпыра өзгешеліктері бар жыр. Ең алдымен жырдың сөздігінде қазіргі күнде мағынасы ескірген немесе қолданудан шығып бара жатқан сөздер көп кездеседі. «Апаң сенің шырайыңнан айналсын», «Айналсын сенен шорыңыз» болмаса, «Байсары байдың үйіне жүріс қылды» деген тіркестердегі «шырайыңнан», «шорыңыз», «жүріс қылды» дегендер — қазіргі күнде ескірген сөздер.

«Алпамыс» жыры өлең құрылысы жағынан біркелкі емес. Мұнда оқиғаны біресе өлең түрінде, біресе қара сөзбен жырлау мол орын алады. Ал өлең түрінің өзі кейде жеті-сегіз буынды, кейде он бір, кейде он буынды болып келеді. Басқа жырларда батырлық, ерлік істер көбінесе өлеңнің жыр түрі арқылы суреттелсе, «Алпамыста» оны қара сөзбен, не он-он бір буынды, кейде жеті-сегіз буынды өлеңмен баяндайды. Мұның мәнісі — «Алпамыстың» қазақ өлең құрылысына жыр түрінің снуінен бұрын туғандығында болуы керек. Екіншіден, «Алпамыс — бірнеше халыққа ортақ жыр. Мұның да жырдың қазақ вариантына әсері тигендігі сөзсіз. Өзбектің өлең құрылысындағы он буынды өлеңнің қазақтағы «Алпамыс» жырына әсері тигендігін көреміз.

Қорыта келгенде, «Алпамыс» жыры — халқымыздың ертеден келе жатқан мәдени мұрасының бірі.

\* \* \*

Біз жоғарыда қазақтың батырлық жыры, мөлшермен алғанда, қай кезде туа бастағандығын және қалай дамығандығын баяндадық. Осыған орай әр кезде (әр дәуірде) туған батырлық жырдың үлгісі ретінде төрт жырды жеке алып талдадық. Бұдан, әрине, қазақтағы эпостық жырлардың үлгісі осы төртеуі ғана екен — деген ұғым тумайды. Жыр саны бұдан әлденеше есе көп. Мәселен, қазіргі күнде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қолжазба қорында батырлар жырының жүз сексендей нұсқасы бар. Осы нұсқалардың ішінен таңдап алынған бірсыпыра жыр 1958—1964 жылдар арасында үш үлкен том болып баспа жүзіне шықты. Бұлардың ішінде: «Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан» сияқты ертеден таныс жырлармен қатар, бұрын жарияланбаған (немесе аз жарияланған): «Ер Қосай», «Қарабек», «Дотан», «Арқалық», «Төрехан», «Ақжонасұлы ер Кеңес», «Манашұлы Тұяқбай», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Тама», «Мұңлық — Зарлық», «Сейпілмәлік», «Құламерген», «Жоямерген», «Құбықұл», «Кұл мен қыз», «Айдос батыр» секілді жырлар бар.

Әрине, бұл аталған жырлардың бәрі XIV—XVIII ғасыр арасында туған жоқ. Көпшілігі бергі кезде, XIX—XX ғасырда пайда болған секілді және осы «көпшілігі» деп



отырған жырларымыздың өзі дүниеге екі түрлі жолмен келгенге ұқсайды. Оның біріншісі — ертедегі эпостық сюжеттерді, бергі заманның тілек-талаптарына сәйкестіріп қайта жырлаудан, ал екіншісі — тың тақырыпқа, жаңа жырлар шығарудан байқалады.

Ертеде туып, талай ғасыр бойына ауызша айтылумен таралған эпостық жырлар, Қазақстанға капиталистік қарым-қатынас ене бастаған кезде, біраз өзгерістерге ұшырайды. Аталған кездегі әлеуметтік, қоғамдық жағдайлар, таптық көзқарастар ескі жырлардың идеясына, тақырыбы мен сюжетіне елеулі жаңалықтар енгізеді. Бұлар екі бағытта, атап айтқанда, халықтық және халық мүддесіне жат кертартпа бағытта енеді. Мұны біз, ең алдымен, Қазақстанның Ресейге қосылуына байланысты жүргізілген күрестердің халық әдебиетіне жасаған ықпал-әсерінен көреміз.

Қазақстанның Ресей мемлекетіне қосылуы қазақ халқының болашағы, алға қарай дамуы үшін аса мәнді тарихи оқиға болып еді. Аталған кездің өзінде-ақ алдыңғы қатарда болған Ресей, қазақ халқының ілгерілеп дамуына, экономикасы мен мәдениетінің жаңа прогрестік бағытта өркендеуіне кеңінен жол ашты, зор мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар ол қазақтың қоғамдық өміріне де елеулі өзгерістер енгізді. Мұның бәрін қазақ халқы құптап қарсы алды. Ал, феодалдық құрылыстың тірегі болған және ол құрылыстың қаймағын бұзбай сақтап қалуды көздеген хандар мен феодалдар, билер мен қожа-молдалар Ресей мемлекетіне қарсы күресуді арман етеді. Олар бұл мақсатын жүзеге асыру үшін орыс халқына қарсы қазақ халқын айдап салуды көздейді. Туысқандық қарым-қатыныс жасай бастаған екі халықтың арасында ұлт араздығын тудыруды көздейді. Бұл үшін олар әдебиетті, соның ішінде ерте заманда туған жырларды үгіт құралы есебінде пайдаланбақ болады да, олардың идеясына, тақырыбына, мазмұнына біраз өзгерістер енгізуге тырысады. Мұндай өзгерістер: шапқыншылық жолымен ел талауды, барымта алуды дәріптеу және ислам дінін үгіттеу, сол арқылы ұлт араздығын тудыру, «діні басқаларды» жек көрсету бағытында болады.

Бұл айтылған өзгерістер, ең алдымен, ертеде туған кейбір жырларға енеді. Қазақтың хандары мен феодалдары, байлары өздерінің жалдамалы ақындарына ерте кездің жырларын қайта жырлатып, халық арасына таратуға әрекет етеді. Мысалы, осы ретте «Орақ — Мамай», «Қазтуған», «Шора батыр», «Базар батыр» жырлары қайтадан өңделді. Ең алдымен, аталған жырлардың батырларын орыс халқына,



Ресей мемлекетіне қарсы күресушілер етіп бейнелейді. Мәселен, Орақ пен Мамайды Ресей мемлекетіне қарсы шабуылға аттандырады да, Москваны, Омбыны өздеріне қаратып алдырады. Олар орыс халқына ойран салуымен қоймай, орыс халқын зорлап отырып мұсылман дініне енгізеді. Осындай өзгерістерге «Базар батыр» жыры да ұшырайды. Бұл жырдың алғашқы нұсқасына Базардың қалмақ басқыншыларына қарсы күресі айтылса, соңғы өңделуінде Базар Ресей мемлекетіне қарсы ашықтан-ашық күреске шығады. Ресей мемлекетіне қосылуға қарсылық білдіреді және ол Ресей мемлекетіне қосылуды қолдайтын қазақтарды да жазалайды. Орыс халқымен достасуды, онымен ынтымақтасып бірлесуді жақтаған қазақтарды «Базар батыр» жыры ақамақ-жындылар, діннен безгендер деп суреттейді. Бұларды жиренішті түрде жырлайды.

Ескіден қалған батырлар жырын хандық-феодалдық құрылысты жақтаушылар ғана пайдаланып қойған жоқ. Ол жырларды еңбекші халықта өз мүддесіне сәйкес пайдалана білді.

XIX ғасырдан бастап Қазан революциясына дейін қазақ еңбекшілері ертеден қалған батырлар жырының ішінен ең асылдарын, халық тілегімен қабысатындарын халықтық көзқарасты білдіретіндерін пайдаланды. Сонымен қатар, ертеден келе жатқан халықтық жырлардың идеясына, мазмұнына жаңа тарихи дәуірдің тұрғысынан тың әңгімелер қосып отырғаны байқалады.

Ертеде туған батырлар жырының негізгі идеясы басқыншы жаудан ел қорғау мәселесі болатын. Ал, XIX ғасырда, әсіресе оның екінші жартысынан бергі жерде, қазақ еліне шетелдік басқыншылар шабуыл жасаған жоқ. Бұл жағдай ерте заманнан келе жатқан халықтық жырлардың мазмұнынан біраз өзгерістер, тың әңгімелер енгізеді. Аталған кездің жағдайына байланысты халықтың ақын-жыршылары еңбекші бұқараның тілегіне сай етіп ертедегі жырларды қайта өңдейді. Бұрынғы жырлардағы батырлардың алысқан жаулары шетелдік басқыншылар — қызылбастар болса, енді олардың орнына қазақ еңбекшілерін езіп отырған хандар мен феодалдарды, болыс пен билерді енгізеді. Осы ретте ертедегі жырлардың батырлары қазақ еліндегі хандар мен феодалдарға, қысқасы, қанаушы тапқа қарсы күреседі, солармен алысады. Мұны «Қамбар», «Ер Тарғын» жырларынан, «Қобыланды батырдың» Нұрпейіс Байғанин жырлаған вариантынан көруге болады.

Ал Қазақстанның Ресей мемлекетіне қосылу ісі аяқталған кезден бастап Қазан революциясына дейінгі дәуірде де ба-

тырлар жырын тудыру процесі тоқталмай, жүріп отырғандығын көреміз. Бұл кезде, бір жағынан, ертедегі ескі жырлар қайта өңделіп жырланса; екінші жағынан, жаңа тақырыпты жырлар да пайда бола бастайды. Мұндай жаңа жырлар таптық негізде, әр таптың көзқарасын бейнелеп көрсету негізінде туады.

Қазақ халқының реформа дәуірінен бергі жерде шығарған эпостық жырлары — тақырыбы жағынан әр алуан, саны жағынан көп дүние. Бірақ олардың көпшілігі баспа жүзіне жарияланбаған, тек қолжазба күйінде сақталып келеді. Сондықтан олар жайында жазылған зерттеулер де аз. Бұл жөнінде тұңғыш еңбек жазған филология ғылымдарының кандидаты Мәлике Ғұмарова болды<sup>1</sup>. Одан кейін осы жырлардың кейбір мәселесімен филология ғылымдарының кандидаты доцент Сұлтанғали Садырбаев айналысты<sup>2</sup>.

Жоғарыда аталған және реформа дәуірінен бергі кезде туған дейтін жырлардың тақырыбы әр түрлі. Соның ішінде басты тақырып: қазақ халқының қалмақ басқыншыларына қарсы жүргізген күресі, шапқыншы жауды талқандап жеңуі. Бұл тақырып бойынша шығарылған және көлемі жағынан үлкенді-кішілі көптеген (мысалы: «Қарабек», «Төрехан», «Ер Көкше», «Ер Қосай», т.б.) жырлар бар. Сондай-ақ, атақты жырау Мұрын Сеңгірбаевтың айтуындағы «Қырымның қырық батыры» цикліндегі: «Қарадөң батырдың ұрпақтары» да аталған тақырыпқа жатады.

Әрине, қазақ халқының қалмақ басқыншыларына қарсы жүргізген ерлік күресі қазақтың XVII—XVIII ғасырлардағы эпосында да жырланған-ды. Ал осы тақырыптың соңғы кезде қайта жырлануы — хылқымыздың бергі тарихынан орын алған ерлік күрестердің ұмытылмай есте сақталуы — жаңа жырлардың тууына себеп болған секілді. Сондай-ақ, бұл тақырыпта туған жаңа жырлардың да ертеде қалыптасқан батырлық жыр үлгісін, оның ерлік оқиғаны жырлау әдісі мен дәстүрін сақтап келгені байқалады.

Қазақтың реформадан кейінгі дәуірде туған эпостық жырларының келесі бір басты тақырыбы: қазақ халқының қоғамдық өмірі, әлсуметті және басынан кешірген тарихи жағдайлары. Бұл тақырыптың өзі әр алуан салаға кетеді. Мысалы: Қазақстанның Ресейге қосылуы, ру тартыстары, барымта, жесір дауы, таптық қарым-қатынастар, т.б. жеке-жеке тақырып болып қазақ эпосынан орын алады. Бұған мысал етіп тарихқа аттары белгілі: Олжабай, Бөгембай,

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 429-бет, 1960.

<sup>2</sup> С. Садырбаев. Қазақ эпосының тұтастану мәселелері, Алматы, 1965.

Жидебай, Жәнібек, Сұраншы сияқты батырлардың ел үшін, қоғам үшін атқарған қызметі жайында шығарылған жырларды келтіруге болады. Сондай-ақ, ел арасына ауызша тараған «Боран батыр», «Ермек батыр», «Арқалық батыр», «Елқонды батыр», «Жоламан батыр», «Нарқыз» сияқты жырлар да жоғарыда аталған тақырыпты әңгімелейді.

Аталған жырлардың көпшілігінде жыршы-ақындардың ерте кезде қалыптасқан және батырлық жырға тән жыр түрін, жырлау әдісін үнемі қолдана бермегендігі байқалады. Олар өздерінің жырына айдар тағып, «батырлық жыр» деп ат қойса да, жыр оқиғасы көбінесе тұрмыс-салт, әлеуметтік жағдайлар жайында болады. Бұл тектес жырлардың әңгімесі ертедегі «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғындарға» ұқсамайды. Егер Ер Тарғын, Қобыландылар шетелдік басқыншыларға қарсы күресіп, олардан ел-жұртын қорғап жүрсе, Ермек, Арқалық сияқты батырлар өз еліндегі жауыздық пен зұлымдыққа, әділетсіздік пен езушілікке, әлеуметтік теңсіздікке қарсы шығады, осы жолда олар ел билеуші хандар мен билерден кек қайырады. Бұдан ертеде туған батырлық жыр дәстүрінің бертінде жаңа сипат ала бастағанын көреміз.

Қорыта келгенде, батырлық-ерлік істерді суреттейтін халықтық жырлар ертеден келе жатқан мәдени мұраның асылдарынан саналады. Ол жырлар халқымыздың ертедегі ерлік рухын, нені көксеп, нені арман еткенін бейнелейді. Бұдан, әрине, халықтық жырлардың барлығы жоғары идеялы, әрі көркем деген ұғым тумайды. Олардың ішінде, жоғарыда айтылғандағыдай, идеялық қайшылығы барлары да, көркемдік жағы әлсіздері де кездеседі. Біздің міндетіміз халықтық жырлардың ішінен ең асылдарын тандап ала білу болып табылады.

### **«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР»**

Ертедегі ескі мәдени мұрамыздың ескерткіші есебінде ел арасынла сақаталып, біздің заманымызға жеткен көне жырдың бірі — «Қарақыпшақ Қобыланды батыр». Бұл жырдың ертеден келе жатқандығына және оны талай жыршы ақындардың айтып өткеніне осы жырды жырлаушының бірі Нұрпейіс Байғаниннің мына бір сөзі дәлел. «Мен,— дейді Нұрпейіс,— «Қобыландыны» он жеті жасымнан жырладым. Сол кезде тұқымы жыршы Махует деген ақыннан осы «Қобыландыны» үйрендім. Махуеттің әкесі Ділмағамбет, Ділмағамбеттің әкесі Бітеген, Бітегеннің әкесі Терлікбай,

Терлікбайдың әкесі Бақы, Бақының әкесі Жаскелең, Жаскелеңнің әкесі Текберген деген атақты жыраулар өтіпті. Атадан балаға «Қобыландының» мен айтатын осы желісі қалған екен. Мен мазмұнын бұзбай, ертегісін сол күйінде жырладым. Ожырай деген елден шыққан асқан ақын Қонақберген де, Кенжеқара жыршы да «Қобыландыны» осылай жырлады»

Мұндай деректі «Қобыланды батырды» жырлаған Марабай, Мергенбай, Біржан Толымбаев, Айса Байтабынов, Мұрын жырау Сеңгірбаев, Есмұрат Нұрабыллаев (қарақалпақ ақыны) сияқты жыршыларда айтады. Әрқайсысы бұл жырды кімнен үйренгенін айтады.

**ЖЫРДЫҢ  
ЖИНАЛУЫ**

Біз жоғарыда ел арасынан қазақ ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері ХІХ ғасырдың ішінде жинала бастағанын және бұл жөнінде еңбек сіңірген кісілерді атап өткенбіз. Сол аталған адамдардың ішінен «Қобыланды батыр» жырын алғаш рет жинаған Ыбырай Алтынсарин деуге болады. Бұған келтірер дәлеліміз төмендегідей.

Ыбырай Алтынсарин Орынбор қалсында оқып жүрген кезінде (1850 жылдары) орыс халқының бірнеше ағартушы-ғалымдарымен танысады. Оған әсіресе Н. И. Ильминский, В. В. Григорьев секілді оқымысты адамдар көп жәрдем, көмек етеді; білім алу, халыққа қызмет ету жолдарын көрсетеді. Орысша оқып білім алған, ой-өрісі кеңейген Ыбырай өз халқына қызмет етуді қазақ ауылдарында оқу-ағарту жұмысын жүргізуден бастайды, мектептер ашады. Оқуға қазақ жастарын тартады, оларға арнап өлең, әңгімелер жазады, жастарды оқуға, білімге шақырады. Оқушы балалар үшін оқу құралдарын (сөзі қазақша, әрпі орысша) жазады да, оларды жоғарыда аталған жолдастарының көмегімен бастырып шығарады. Бұл кітаптарына Ыбырай біріншіден, өзінің шығармаларын енгізсе; екіншіден, ел арасынан халық әдебиетінің халықты оқуға, өнер-білімге, ерлікке шақыратын тандамалы үлгілерін жинап енгізіп отырады.

Н. Ильминскийге жазған бір хатында Ыбырай былай дейді: «Мен ел арасынан көптесен әдебиеттік материалдар жинадым... оны мүмкін болғанынша сізге жіберіп те отырмақпын»<sup>2</sup> Ыбырайдың қазақ ауыз әдебиетін жинауға кіріскендігін Н. Ильминский өте құптайды және оған жазған

<sup>1</sup> Н. Байғанин. «Қобыланды батыр», Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының қолжазба фондысы.

<sup>2</sup> Н. Ильминский. Воспоминания об И. Алтынсарине, Казань, 213 стр. 1891.



көптеген хаттарында қазақ елінің ауыз әдебиетке өте бай екендігін, халықтың нелер тамаша әдебиеттік шығармалары ауызекі сақталып келе жатқандығын, соларды жинап, жазып алуға көңіл бөлу керектігін айтады; бұл материалдарды қазақ балаларына арналған оқу құралдарына молырақ енгізудің мәні зор екендігін білдіреді.

Бұдан былайғы жерде де ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін молырақ жинау ісіне кіріскен Ыбырай, өзінің атасы Балғожа бидің (Балғожа да ақын болған адам) аулына келіп жүретін ірі ақындармен танысып, олардың жырларын қызыға тыңдайды және кейбіреулерін жазып алады.

Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, жазып алу бір кісінің қолынан келетін жұмыс емес екендігін Ыбырай жақсы түсінеді. Сондықтан, ол бұл іске өзінің досы Н. И. Ильминскийдің де ат салысуын өтінеді. Ильминский Ыбырайдың бұл тілегін қабыл алады да, халық әдебиетін жинауға кіріседі, Ыбырай Н. Ильминскийді қазақ халқының өмірімен таныстырады және қазақ тілін үйренуіне көмектеседі.

Н. Ильминский мен Ыбырай көп уақыт қазақ ауылдарын аралайды. Осындай ел аралап жүрген кезінде Ыбырай оны Марабай ақынмен таныстырған секілді. Олар Марабайдың көптеген жырларын тыңдайды, кейбіреулерін жазып алады. Бұл жөнінде Н. Ильминский былай деп жазады.

«Мен 1859 жылдың қысының бас кезінде, Батыс Қазақстанда тұрушы суырып салма айтқыш Марабай ақынды Орынбор қаласына шақырып алдым... Марабай «Ер Тарғын» әңгімесін жырлап берді. Мен бұл жырды татар әрпімен жазып алдым... «Ер Тарғынды» өз алдына кітапша етіп Қазан қаласында бастырып шығардым...»<sup>1</sup>

Марабай ақыннан Н. Ильминский жазып алған «Ер Тарғын» жырының өз алдына кітапша болып шығуын Ыбырай аса зор қуанышпен қарсы алады, оған шын көңілмен қуанады. Бұл жөнінде Ыбырай 1862 жылы Н. Ильминскийге жазған бір хатында: «Мен сіз бастырып шығарған «Ер Тарғын» жырын оқыдым. Бұған өте қатты қуанам... Қазақ тілінде еш уақытта кітап басылған емес. Сондықтан қазақтар өзінің ана тілінде кітап шыққанына өте қатты қуанады...»<sup>2</sup>.— дейді де, ел арасынан «Ер Тарғын» секілді бірнеше жыр, ертегі-әңгімелерді жинағандығын хабарлайды

<sup>1</sup> Н. Ильминский. Воспоминания об И. Алтынсарине, Казань, 1891, 32-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 213—214-бет.



және оларды баспа жүзіне шығару үшін Н. Ильминскийдің көмектесуін сұрайды<sup>1</sup>

Н. Ильминскийден кейін Марабай ақыннан Ыбырай «Қобыланды батыр» жырын жазып алады. Жырдың бір тарауын 1879 жылы (Орынбор қаласында) шыққан «Киргизская хрестоматия» деген кітабына енгізеді. Ыбырайдың хрестоматиясына енген бұл тарауда Тайбурылдың жүрісі («Әйт, жануар, шу!— деді» деп басталатын бөлім) суреттеледі. Бұл үзіндіні осы күні жұртшылыққа таныс болған Марабай ақын айтуындағы «Қобыланды батыр» жырымен салыстырсақ, екеуі сөзбе-сөз қабысып, тура шығады. Бұл жырды Ыбырайдың бұрын ел арасынан жинап жазып, алған және баспа жүзіне шығарған адамды кездестірмейміз.

Міне, осы секілді фактілерге сүйене отырып, біз Марабай ақынның «Қобыланды батыр» жырын ХІХ ғасырда жазып алып, бірінші рет баспа жүзіне шығарған адам деп Ыбырай Алтынсаринді атамақпыз. Ыбырай Марабайдан «Қобыланды батыр» жырын толығынан жазып алды ма, жоқ па, ол арасы әзірге мәлім емес. Бірақ Ыбырайдың «Хрестоматиясындағы» үзіндіге қарағанда, ол бұл жырды толығынан жазып алғандығы байқалады. Бірақ баспаға жырдың аса бір көркем бөлімін ғана таңдап алып шығарған секілді.

Алтынсариннің «Қобыланды батырды» Марабай ақыннан (бір вариантын) жазып алып, оны пайдалануы кейінгілерге үлгі болады. Осыдан былайғы «Қобыланды батыр» жырының басқа варианттарын жинап алу ісі басталады. Мәселен, жырдың бір кішкене үзіндісі «Торғай» газетінде (1901 жыл, №15) басылады және «Орынбор оқымысты комиссиясының еңбектерінде» (1910 ж., ХХІІ том) бір үзінді енеді. Бұдан кейін Махмұт-Сұлтан Тұяқбаев деген кісі «Қобыланды батыр» жырын бұрынғы Қостанай уезі, Қарабалық болысындағы жыршы ақын Біржан Толымбасовтан жазып алады да, ең алғаш рет өз алдына кітапша етіп 1914 жылы «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» деген атпен бастырып шығарады. Мұны «Қобыланды батыр» жырының ең көлемдісі, толық айтылған түрі деуге болады. Мұнда Қобыландының тууынан басталып, қартайғанға дейінгі ерлік істері жырланады.

Жырдың Марабай ақын айтуындағы вариантын 1922 жылы Ә. Дивасов бастырып шығарады. Мұнымен қатар, «Қобыланды батырды» Мергенбай, Нұрпейіс, Мұрын, Айсаскелді ақындар да жырлаған. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер инсти-

---

<sup>1</sup> Сонда, 229, 231, 238-беттер.

тутына соңғы кездерде жырдың тағы бірнеше варианттары түсті.

Бұларды Елеманов (Гурьевтен), Аманкелдіұлы Құнұзақ (Қарағандының Нұра ауданынан), Досжан ақын (Ақтөбеде) жырлаған. Жырдың жаңадан үш вариантын Шапай Қалмағамбетов (Ақтөбеде) тапсырған.

**ЖЫРДЫ  
АЙТУШЫЛАР**

«Қобыланды батыр» жырын айтқан жыршы ақынның бірі Марабай екендігі белгілі болса да, оның өмірбаяны көпшілікке таныс емес еді. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты Батыс Қазақстан облысына бірнеше рет экспедиция шығарып, ел арасынан көптеген материалдар жинады. Сол материалдардың ішінде Марабайдың өмірбаянын баяндайтын мәліметтер де бар екен. Ол мәліметтер Марабай жөнінде мынадай дерек береді.

Марабай Құлбайұлы 1841 жылдар шамасында бұрынғы Қарашығанақ болысына қарасты Көбен көлі деген жерде туған. (Бұл жер қазір Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданының «Жаңа қоныс» колхозы деп аталады). Әкесі Құлбай да, Марабайдың өзі де кедей шаруа болған. Марабай 18—19 жасында-ақ асқан домбырашы атанады. Ауыл арасында өлең айтып жүреді және өлеңді де өзі шығарады. Сол кезде ол атақты ақындардың қасына еріп, олардың жырын тыңдайды, сөз өнерін үйренеді. Кейіннен Марабайдың өзі ақындар айтысына араласады. Сүгір, Көкі, Қарабура, Жұмырбай, Базар, Шернияз секілді ақындармен айтысқа түседі. Олармен айтысы сақталмаған. Қарабура Жұмырбайға:

Әкем аты Құлыбай,  
Өз атымды сұрасаң,  
Оралдан озған Марабай,  
Сөз айтпаймын кісіге  
Жан-жағыма қармай...<sup>1</sup>—

деген сөзі сақталған. Марабайдың өзіне ұстаз еткен ақыны Шернияз деседі. Бірақ бұл екі ақынның қарым-қатынасын көрсететін мәліметтер жоқтың қасы. Шернияз (1816—1881) елуге келгенде, Марабай жиырма бестегі жігіт екен деседі.

Марабай 57 жысында (1898 жылы шамасында) қайтыс болған. Оның моласы жоғарыда айтылған «Жаңақоныс» колхозында. Марабайдың: Есжан, Досқай, Құлқай, Избас, Итемген деген бес ұлы болыпты, Марабайдың немере-шөберелері

<sup>1</sup> Әдебиет және өнер институтының қолжазба фондысы.

Батыс Қазақстан облысының Теректі, Шыңғырлау аудандарында тұратын көрінеді. Избастың баласы Салық Шыңғырлау ауданының Тіксай ауыл советінде председатель болып істеген. Тоғайбай деген немересі «Жаңақоныста» колхозшы көрінеді.

Марабайдың ақындық атағы батырлар жырын айтумен шыққан. Ол көптеген батырлық жырлар шығарған. Соның ішінде күрделісі және хатқа түскені — «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» жырлары. Марабай өзінің жырларын осы күнгі Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай облыстарының көп жерлеріне барып, ел аралап жүріп айтқан. Кейде, жырларын сол кездегі шонжарлардың өтінішімен де айтатын болған. Бұл жағдай оның идеялық-творчестволық бағытына әсер еткен. Бір кездерде ол Ыбырай Алтынсариннің шақыруы бойынша Балқожаның ауылына келіп, айлап жатып, көптеген жырлар айтқан екен<sup>1</sup>

Марабайдың «Қобыланды батыры» 1922 жылы Ташкент қаласында басылды, одан кейін 1932, 1939 жылдары Алматы қаласында «Батырлар жыры» деген жинақтарда шықты.

«Қобыланды батыр» жырын толық жырлаған ақынның бірі — Мергенбай жырау. Ол — Қостанай, Ақтөбе жақтарын көп аралап жыр айтқан адам. Бірақ, Мергенбай жөнінде толық материалдар әзірге қолымызға түспеді. Мергенбайдың айтуындағы «Қобыланды батыр» жыры Қобыландының туғанынан бастап, қартайғанға дейінгі өмірін қамтиды. Бұл жырды Ақтөбе қаласында тұрушы Шапай Қалмағамбетов деген кісі Тіл және әдебиет институтына әкеп тапсырған<sup>2</sup>, және ол институтқа 1955—56 жылдары Мергенбай жырының жалғасын (онда Қобыландының балалары Бөкенбей мен Киікбайдың ерліктері айтылады) әкеп береді.

«Қобыланды батыр» жырын толық жырлаған ақынның бірі — Біржан Толымбайұлы. Ол — бұрынғы Қостанай уезінің Қарабалық болысының адамы. (Бірақ Біржан туралы да біздің қолымызда материал жоқ.) «Қобыланды батыр» жырын Біржаннан Махмұт — Сұлтан Тұяқбасев деген кісі жазып алып, 1914 жылы бастырып шығарған.

«Қобыланды батырды» жырлаған ақынның бірі — Мұрын Сеңгірбайұлы 1860 жылы туған. Туып өскен жері кіші жүз ішінде Адай елі, Жар деген рудан тараған, әкесі Сеңгірбай кедей болып, өмірі ұсталықпен өтсе керек. Мұрын 18 жасқа келгенде Адай ішіндегі Нұрым ақынның

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының қолжазба фондысы.

<sup>2</sup> Сол институттың қолжазба фондысы.

қасына еріп, одан «Қырымның қырық батыры» жырын үйренген. Сол кездерінде руы Беріш Мұрат ақыннан да батырлар жырын үйренген, онан кейінірек Адай ішіндегі Қашаған ақынмен бірге жүріп жыр айтқан, қырық жасына дейін ел аралап жыр айтумен болған. Ол бір шеті Бұхар, бір жағы Хиуа, Мейрам елі жақтарын да аралаған. Астрахан жағына да барып, жыр айтып жүрген. Сол ел аралап жүрген уағында елдің сүйіп айтқызатын жырларының бірі «Қобыланды батыр» екен. Қазан революциясының бергі жерде де Мұрын жырау көп жыр айтқан және қазақ әдебиетінің ертедегі үлгілерінің көбін жадында сақтаған. Мұрын жыраудың айтуынан, 1942 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты «Қырымның қырық батыры» жырын жазып алды. Мұның ішінде: Қобыланды, Ер Тегіс, Ер Көгіс, Қосай, Көкше батыр, Алау батыр тағы басқалары бар<sup>1</sup>

Мұрын жырау Гурьев облысының Маңғыстау ауданында 1955 жылы қайтыс болған.

«Қобыланды батырды» жырлаған ақынның бірі — Нұрпейіс Байғанин. Ол 1860 жылы Орал губерниясы, Темір уезі, Қалмаққырған болысында (қазіргі Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы) кедей шаруаның отбасында туып өскен. Нұрпейіс жастайынан өлең-әнге құмар болады, он жасында ақын қатарына қосылады. Оның үлгі алған ақындары: «Абыл, Шернияз, Махамбет, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Қазақбай т.б. Ел арасында өлең-жыр айтып, өмір шындығын, кедей шаруалардың аянышты тұрмасын суреттейді, байлардың, болыстардың елге істеген қиянатын әшкерелейді.

Нұрпейіс — күрделі сюжетке құрылған эпикалық жырлар шығарған ақын. Оның ішінде ірілері: «Қобыланды батыр», «Құбығұл», «Төрехан, Ақкенже», «Нарғыз», «Комиссар Пожарский», «Ақын», «Ер туралы жыр», «Жиырма бес» т.б.

Нұрпейістің еңбегі тек кеңестік дәуірде жоғары бағаланды. Оған үкіметіміз 1939 жылы «Өнерге еңбегі сіңген қайраткер» атағын берді. «Құрмет белгісі» орденімен наградтады. Ақынның шығармалары жеке кітап болып бірнеше рет басылды.

Н, Байғанин ұзақ ауырып, 1945 жылы қайтыс болды.

«Қобыланды батырды» жырлаған ақынның бірі — Айса Байтабынов.

Айса Байтабынов 1875 жылы қазіргі Ақтөбе облысындағы Қобда ауданында, Өтешсай ауылында туған. Ақынның әкесі Байтабын өмір бойы Сейсенбі Тасбаев деген байдың

<sup>1</sup> Мұрын Сеңгірбайұлы. «Қырымның қырық батыры», Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы, Әдебиет және өнер институтының фондысы.



жылқысын баққан. Әкесі өлгеннен кейін, отбасының тауықыметі жас Айсаға түседі. Сондықтан Айса 1910 жылға дейін Сейсенбі байдың жылқысын бағады. Бұл уақыттардың ішінде інілері өседі. Айса 1918 жылдан 1922 жылға дейін партизан отрядтарында болып, ақтардың қалдықтарына қарсы, Қобда, Елек, Ойыл өзендерінің бойында күрестерге қатысады.

1922 жылы Айса партия мүшелігіне өтеді. Сол жылдардан бастап, қазақ ауылдарын ұйымдастыру жұмысына белсене араласады. 1922 жылдан 1931 жылға дейін ауылдық кеңестің председателі болып қызмет атқарады. 1929—30 жылдарда бай-құлақтарды тап ретінде жою, кәмпескелеу және жаңадан ұйымдасқан колхоздарды нығайту үшін де көп еңбектер сіңіреді. 1931 жылдан 1935 жылға дейін Айса өзінің туған жеріндегі шаруалардан ұйымдастырылған «Өтешсай» колхозында председатель болады.

Айсаның ақындыққа бейімділігі 18 жастан, Сейсенбінің жылқысын бағып жүрген кезде-ақ байқала бастайды. Сол күндердің өзінде жас Айса халықтың асыл қазынасын жатқа білетін жыршыларға көп құлақ тігеді, жұмыстан қолы бос уақыттарында ауылдағы ойын-сауықтарға қатынасады. Ол әрі домбырашы, әрі әнші болады, оған ән-күй сүйгіш жаста еліктейді. Сол уақыттардың өзінде Айса өлеңдер (көпшілігі арнау) шығарып жүреді, осымен қатар халық жырларын айтады.

Айса атақты Бітеген ақынға барып, одан көп жыр үйренеді. Содан бастап жыр айту соңына түседі, халық поэзиясының үлгілері «Қобыланды», «Хан Әділ», «Құбығұл», «Телағыс», «Ауаз», «Көрұғылы», «Алпамыс», «Қыз Жібек» тағы басқаларын жырлайды. Онымен қатар өзінің шығармаларын да айтып жүреді.

Ұлы Қазан революциясынан кейін Айсаның жыры жаңадан нәр алады. Ол кеңестік өмірді жырына қосады. Коллективтенген шаруашылықтың пайдасын, бесжылдықтардың табыстарын жыр етеді.

1941 жылы неміс-фашист басқыншыларының біздің Отанымызға қапыда бас салуы халықпен бірге қарт Айсаны да ызаландырып, атқа мінгізеді. Қолына домбырасын алып, жалынды-өткір жырымен ақын халықты жауға қарсы майданға аттануға, ерлікке, қажымас еңбекке шақырады. Кеңес өкіметі тұсындағы халқымыздың табыстарын жыр етеді.

Соғыстан кейін Айса халық шаруашылығын өркендетуді жырына қосады. Ол Кеңес Одағы батырларының Ұлы Отан соғысы майданында жасаған ерліктерін суреттейтін «Қазақ қызы Әлия», «Батыр Абдолла Жанұзақов» деген көлемді жырлар шығарады.



Айса өзінің «Қобыланды батыр» жырын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясына 1943 жылы әксп тапсырады. Бұл жыр әлі баспаға шыққан жоқ

**ЖЫРДЫҢ  
ЗЕРТТЕЛУІ**

Қазан революциясына дейін де, онан кейін де «Қобыланды батыр» жайында үлкенді-кішілі біраз еңбектер жазылды.

Бұл жыр жөнінде В. В. Радловтан басқа, алғаш рет орыс ғалымдарынан проф. П. А. Фалев<sup>2</sup> және Туземец деген кісі<sup>3</sup> пікір айтып, жырдың ауыз әдебиетінен ерекше орын алатынын көрсеткен. Бірақ олар бұл жырды әр жағынан алып толық зерттеген жоқ.

«Қобыланды батыр» басқа жырларға қарағанда, кеңестік дәуірде біраз зерттелді. «Қобыланды батыр» жыры жөнінде бірсыпыра еңбектер жазған Мұхтар Әуезов болды<sup>4</sup> Сәкен Сейфуллин де<sup>5</sup> елеулі құнды пікірлер айтты. Одан кейін бұл жырмен Сәбит Мұқанов<sup>6</sup>, академик А. С. Орлов<sup>7</sup> Б. Кенжебаев<sup>8</sup> Қ. Жұмалиев<sup>9</sup>, Е. Ысмайловтар<sup>10</sup> айналысты.

Бұлар «Қобыланды батыр» жайын газет-журналдық мақала немесе оқу құралдары көлемінде зерттеді. Олар өздерінің еңбектерінде көбінесе жырдың әдебиеттік жағына көбірек көңіл бөледі; жырдың маңызын, көркемдік ерекшеліктерін талдады. Сонымен қатар, жырдағы әңгімелер қай кезде, қандай дәуірге байланысты туды деген мәселеге көңіл аударды. бұл мәселе жөнінде алғаш рет пікір айтқан М. Әуезов: «Қобыланды батыр» жыры XVI ғасырда туды,

<sup>1</sup> Әдебиет және өнер институтының қолжазба фондысы.

<sup>2</sup> Записки Вост. отд. Русского археологического общества, том 24, вып. 3—4, 1916.

<sup>3</sup> «Туркестанская ведомости» №№ 34, 35, 38, 42 за 1899 г. «Женщины по киргизской былине «Қобыланды».

<sup>4</sup> «Таң» журналы, № 1, 1925, Семей, журнал «Литература и искусство Казахстана», № 8—9, Алма-Ата, 1939; журнал «Литературный критик», Москва, 1939 г. и № 1, 1940.

<sup>5</sup> Қазақ әдебиеті, Алматы, 1932.

<sup>6</sup> «Батырлар», Алматы, 1939; «Қазақ әдебиеті» (орта мектептің 8-класына арналған оқу құралы және хрестоматия), 1938, 1939, 1940, 1944.

<sup>7</sup> «Казахский героический эпос», Москва, 1945.

<sup>8</sup> «Әдебиет және искусство» журналы, № 12, 1940.

<sup>9</sup> «Әдебиеттеориясы», Алматы, 1938. «Қазақ әдебиеті», 8-класқа арналған оқу құралы, 1941; Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, 1958.

<sup>10</sup> «Ақындар», Алматы, 1956.

оған осы күнгі Татар республикасының астанасы Қазан қаласы орыс патшасы Иван Грозныйдың 1552 жылы өзіне бағындырып алуы себеп болды, деп көрсетті. Бұған жырда Қазан қаласының аталуын дәлел етті.

Кейіннен Мұхтардың бұл пікірін қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші Сәбит Мұқанов пен Қалижан Бекхожин<sup>1</sup> және Қажым Жұмалиев те қостап шықты.

«Қобыланды батыр» жырының қандай тарихи жағдайға байланысты туғандығы жайында көп уақыт айтылып келген пікір осындай болатын. Алайда бұл пікірдің теріс екендігін М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиевтің өздері және соңғы кезде жүргізілген зерттеулер анықтап берді. Ең алдымен, Қобыланды жайындағы жырды Қазан қаласын Иван Грозныйдың алуымен байланысты туды деушілік және бұған жырда Қазан қаласының аталатындығын ғана дәлел етушілік тарихи шындыққа жатпайтындығы ашылды.

Батырлар жырында кездесіп отыратын жер-су, қала аттарына қарап, белгілі бір тарихи дәуірді үнемі белгілей беруге болмайды. Мұндай жер-су, қала аттары, батырлар жырының қандай әлеуметтік-тарихи жағдайларға байланысты туғандығын көрсетерлік ғылыми дәлел болмайтындығы және ондай әдіс әдеби мұраларды тексерудің әрқашан да ғылыми дұрыс жолы еместігі мәлім.

Шынында, батырлар жыры халықтың тарихын, әлеуметтік өмірін сипаттайтын тарихи документ бола алмайды. Рас батырлар жырының (жалпы көркем әдебиеттің) әңгімелері өмір шындығынан алынады, бұл шындықты жыршылар топшылап жырлайды, әдебиеттік образдар жасайды. Сол образдар арқылы өмір шындығын слестетуге тырысады. Мұнымен қатар жыршы — ақындар кей кезде тарихи фактілердің орнын ауыстырып та жібереді. Ерте кезде болған оқиғаны соңғы заманға алып келушілік немесе соңғы кездің фактісін өткенде болған стіп көрсетушілік батырлар жырында кездесе береді. Мәселен, қазақта «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» жырлаушының бірі — Жанақ ақын. Жырдың әңгімесі ескі кезден алынған. Ал, Жанақ бұл жырды айтқанда, жырдың оқиғасы тарихи шындықтан алынғандығын куәландыру үшін өзі (Жанақ) жүрген жерлерінің аттарын (Аягөз, Таңсық, т.б.) жырға қосады. Жырдың әңгімесін бергі заманға алып келеді.

Бұл мысал батырлар жырында анахронизм көп кездесетіндігін көрсетеді. Сондықтан да батырлар жырында

---

<sup>1</sup> С. Мұқанов пен Қ. Бекхожин. Әдебиет хрестоматиясы (орта мектептің 8-классына арналған), Аламты, 1939.

кездесетін жер-су, қала аттарына сүйеніп, халықтың әлеуметтік өмірін, тарихын белгілеуге үнемі бола бермейді. Және жырдағы әңгімелер тарихи документтермен әрқашан да қабысып отырмайды. Батырлар жыры ең мықтағанда халықтың тарихында болған белгілі бір елеулі кезеңді, мәнді оқиғаны хикая — әңгіме көлемінде ғана елестетуі мүмкін. Бірақ мұны біз тарихтың документі деп қарамай, сол тарихи фактілердің әдебиеттегі сәулесі деп қарауға тиіспіз.

Жырдың әңгімесі қандай тарихи фактіге негізделгенін және жырда қай кездің әлеуметтік өмірі, тарихи шындығы бейнеленетінін қалай білуге болады? Бұл сұраудың жауабын ең алдымен жырдың мазмұнынан іздеу керек. Қай жырды алсаңыз да онда жағымды батырлардың кімдерге қарсы күрескендігі, елін кімдерден қорғап қалғандығы әңгімеленеді. Сол кездегі әдет-ғұрып, салт-сана, халықтың дүниеге көзқарасы қандай болғандығынан да азды-көпті мәлімет береді. Осыларды тарихи деректермен салыстыра қарасақ, жаңағы жыр қай кездегі тарихи шындықтың сәулесі екендігін, жырдың шығуы не нәрсеге байланысты болғандығын айқындауға мүмкіндік туады.

«Қобыланды батыр» жырының барлық варианттарын мазмұнына қарай зерттегенде және оларда айтылатын әңгімелерді тарихи деректермен салыстырғанда, бұл жырдың оқиғалары қыпшақтар мен қызылбастардың (қызылбастардың кім екендігін жоғарыда айтқанбыз) арасындағы көп заманға созылған қарым-қатынастарды, қызылбастардың қыпшақтарға көрсеткен қорлық-зорлығын, жауыздық әрекеттерін суреттеу негізінде туғандығы байқалады. Жыр әңгімелерінің негізгі желісі осындай ерлік күрестерді бейнелеуге құрылады. Жырдың барлық варианттарында Қобыландының соғысатын жаулары қызылбастар (тек бір вариантында қалмақтар) болып келеді. Жырда қызылбастардың басқыншылық, жаулық шабуылдарына қарсы қыпшақ батырларының жүргізген ерлік істері сипатталады. Бұған қарап, біз жырдың тууына себеп болған — қыпшақтар мен қызылбастар арасындағы қарым-қатынастар, жыр мұны көркем суреттеу арқылы елестеткен дей аламыз.

Бұл пікірімізді «Қобыланды батыр» жырының барлық варианттары қостай түседі. Мәселен, Мергенбайдың жырында Қобыландыға қарсы күресетін қызылбас елінің мықты батыры Қазан болып суреттеледі. Ол жөнінде жырда:

Қызылбастың елінен,  
Қазан деген ер шықты,  
Жөн білмеген шер шықты,

Бағынбаған адамын  
Қырп-жойып таусыпты,  
Жерін, малын олжалап

Ноғайлының көп елін  
Олжалап шуып жаншыпты,

Қатарынан асыпты,  
Ноғайлы елі қашыпты...—

делінеді. Біржан Толымбаев айтқан жырда Қобыланды батыр Қазан қаласына келгенде:

Сол уақытта алдынан  
Қара қасқа ат мінген,  
Құйрық жалын шарт түйген,  
Алдына дабыл өңгерген,  
Артына сауыт бөктерген,  
Аламанға дем берген,  
Азды-көпті тең көрген,  
Қызыл бөркі қалпиған,  
Қайратымен мал жиған,  
Мен сондай деп дандиған,  
Қысқа күнде қырық шапқан,  
Тері тонды теріс артқан,  
Қазақ десе оқ атқан,

Қабағына қар қатқан,  
Кірпігіне мұз қатқан.  
Он екі күнде бір жатқан,  
О да айтулы ер еді,  
Қызылбастың белі еді,  
Құдайдан дұшпан сұраған,  
Жау көрмесе жылаған;  
Найзасын ұстар жеріне  
Колыма жұмсақ болсын деп  
Топтап барқыт ораған.  
Шын қаһарына келгенде  
Жауған қардай бораған...  
Алдынан шықты ер Қазан,—

делінеді.

Бұл келтірілген үзінділерде аталған Қазан ер қызылбастардың ханы Ғазан (Қазан) болуы мүмкін. Ғазан ханның жауынгер, ұрыншақ, көрші елдерге шабуыл жасап, оларды өзіне бағындырып алуды мақсат еткен адам екендігі тарихи документтерде толық айтылады<sup>1</sup>. Тарихи бұл фактіге жырдағы Қазанның ұрыншақтық әрекеттері, көрші елдердің «жерін, малын олжалап» жіберуі, «қазақ десе оқ атуы» сай келеді. Демек, жырдағы Қазан ерді Ғазан ханның прототипі және ол арқылы бүкіл қызылбастардың жаулық әрекеті топшыланып берілген деуге болады.

Тарихи фактілерден байқалатындай, қызылбастардың қысымына қарсы әр жердегі қыпшақ рулары бас қосып майданға аттанғандығы мәлім. Бұл тарихи фактінің ізі «Қобыланды батыр» жырынан да көрінеді. Мәселен, Қараман батыр Қобыландыға келіп: «Қызылбастың Қазан батыр бастаған қалың әскері елімізді шапқалы келе жатыр. Оларға қарсы аттанайық. Соған сенің де бірге жүруінді сұрап келдім»,— дейді. (Біржан мен Мергенбайдың жырынан). Бұдан кейін Қобыланды батыр әр рудан құралған қыпшақ-қият жасақтарын бастап, басқыншы жауға қарсы аттанады. Қыпшақ жасақтарының әр рудан құралғандығын жырда кездесетін ру аттарынан да аңғаруға болады. Мысалы, Қобыланды батыр Қарақыпшақ руынан шығады. былайша қарағанда, «Қарақыпшақ» деген сөз эпитет (Ер Тарғын, Ер Көкше, т.б.) секілді. Бірақ, «Қарақыпшақ» эпитет қана

<sup>1</sup> История Грузии, ч. I, 1946.

емес, ол қыпшақтың бір руының аты. Қазақ шежіресінің айтуынша, қыпшақта: Сары, Торы, Қара, Қоңыр, Ұзын, Көлденең, Қият, т.б. деген рулар болған. Олардың әрқайсысы әр жерде мекен етіп жүрген. Ал ел шетіне басқыншы жау келгенде әр жердегі Қыпшақ рулары бас қосып күш біріктіреді. Қыпшақтың бір руын Қараман бастап келеді. Жырдың бұл әңгімелері басқыншы жауға қарсы күресте қыпшақ рулары күш біріктіріп аттанған деген тарихи фактінің елесі секілді.

Қобыланды батыр жайындағы жырдың оқиғасы қызылбастар мен қыпшақтар арасындағы тарихи шындық негізінде туды деген пікірді дінге байланысты әңгімелер де дәлелдейді. Осы аталған дәуірде қазақ халқы бірнеше дінде болып келген. Халықтың сенімі, нанымы шамандық (көп тәңірге табынушылық) болған. Ал қазақ арасына ислам діні Ш. Уәлихановтың айтуынша, XIV ғасырда ғана ене бастаған<sup>1</sup> Ислам дінінің тарай бастауы жөнінде академик В. В. Бартольд былай дейді:

«Сырдария бойында, Хорезммен көршілес отыратын қыпшақтар XII ғасырдың аяғына дейін мұсылман емес еді, жалпы алғанда, монғолдардың басқыншылық жорығына дейін ислам түріктердің көпшілігінің діні емес болатын»<sup>2</sup>

Демек, XIV ғасырға дейін ислам дінін көпшілік қолданған жоқ. Мұны «Қобыланды батыр» жырының әңгімесінен де ескі шамандық ұғымдар (молаға түнеу, отқа май құю, т.б.) басым жатады.

«Қобыланды батыр» жырының XVI ғасырда ту-мағандығынан тағы бір мысал келтірелік. XIV ғасырдың орта кезінде құралған Алтын Орданы және оның дәуірін елестететін бірнеше әңгіме-жырлар бар. Сол әңгіме-жырларда «ертеде Қобыланды деген қарт батыр болыпты». Немесе Алтын Орда тұсында «Қобыланды өте қарт адам еді» делінеді. Бұған қарағанда, Қобыланды жайындағы аңыз-әңгіме, жырларының шығуы Алтын Орда кезінен бұрын болған.

Жоғарыда келтірілген фактілерге қарағанда «Қобыланды батыр» жырының алғашқы әңгімелері қыпшақтар мен қызылбастардың арасындағы қарым-қатынастарды суреттеу негізінде туған. Олай болса, бұл жырдың тууына Иван Грозныйдың 1552 жылы Қазан қаласын алуының қатысы жоқ дейміз.

<sup>1</sup> Ш. Ш. Уәлиханов. Сочинения, стр. 109, 1904.

<sup>2</sup> Бартольд В. В. «История турецко-монгольских народов», стр. 15. Ташкент, 1928.



Осы айтылғандарға байланысты, Қобыланды батыр тарихта болған адам ба, әлде әдебиеттік образ ба деген сұраудың да жауабын бере кетелік.

«Қобыланды батыр» жыры туралы пікір айтушылар Қобыландыны тарихта болған адам деседі. Оған дәлел етіп «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген аңыз-әңгімені келтіреді және Електен 40 шықырым жерде Қобыландының моласы, Орынбордан Маңғыстауға қарай баратын жолда Қобыланды деп аталатын бекеттің барлығын айтады. Осының бәріне сүйене отырып, олар Қобыланды батырды тарихта өмір сүрген адам етіп шығарады.

Ел арасында «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» дейтін өлең бары рас. Бұл өлеңнің шығу себебін ел аңызы балай деп айтады. Әбілхайыр ханның (XV ғасыр) тұсында Арғын руында Дайыр қожа деген (Ақжол атанған) би болады. Оны Қобыланды батыр өлтірген екен дейді. Арғындар құн даулайды, бірақ Әбілхайыр Қобыландыдан батып құн алып бере алмайды. Сонда жаңағы өлген Дайыр қожаның әкесі Қыдан тайшы (Қыдан ақын) баласын жоқтап:

Қарақыпшақ Қобыландыда  
Нең бар еді құлыным...  
Сексен асып,  
Таянғанда тоқсанға,  
Тұрмастай боп  
Үзілді ме жұлыным,  
Адасқанын жолға салдың,

Бұл ноғайлы елінің.  
Аққан бұлақ,  
Жанған шырақ,  
Жалғыз күнде құрыдың.  
Қарақыпшақ Қобыландыда  
Нең бар еді, құлыным...

деген екен дейді.

Бұл аңыздың қаншалықты шындыққа дәл келетінін және осында аталған Қобыландының Әбілхайыр ханның тұсында болған-болмағанын анықтарлық дерек жоқ. Тек аңыз-әңгіме ғана сақталған. Ал бұл аңыз-әңгіме Қобыланды батырдың тарихи адам екендігін толығынан дәлелдейтін дерек болмасқа керек.

Екінші, Елек маңында Қобыландының моласы дейтін моланың, Орынбордан Маңғыстауға қарай баратын жолда Қобыланды деп аталатын бекеттің бар екендігі рас. Бірақ, бұл ескерткіштер «Қобыланды батыр» жырындағы Қобыландыға арналып салынған ба, мұны дәлелдейтін тарихи дерек әзірге жоқ. Сондықтан оларды Қобыландыға арнап салынған ескерткіштер деп айту қиын. Олай деуімізге бір себеп XII—XIV ғасырда майданда өлген адамға соғыс кездерінде мола салу болмаған. Батыр соғыста өлсе, оның денесі сол жерде қала берген. Бұл жайды «Қобыланды

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Шығармалар, VI-том, 342-бет, 1964.

батыр» жырынан да (Есмұрат ақын айтуындағысынан) байқауға болады. Мәселен, бір соғыста Қобыландының жас жолдасы Ер Сайын өледі, оның денесі көмусіз далада қалады. Екінші бір мысал, Ер Көкше бір соғыста қаза болады. Кейіннен Ер Қосай (Ер Көкшенің баласы) іздеп келіп, көп өліктің ішінен әкесінің денесін тауып алады. Ер Қосай әкесінің сүйегін көмбей, далаға тастайды да, «әкемді өлтірген жауды іздеп табам» деп кете береді.

Бұған қарағанда, ерте заманда майданда жаумен соғысып өлген адамның денесін көмбей, далаға тастап кету салт болғанға ұқсайды. Оның үстіне соғыс кезінде, әскер аттан түспей үнемі шабуылда жүрген жағдайда майданда өлген адамға үлкен ескерткіш орнату, бекеттер жасау мүмкін де емес. Марко Полоның айтуына қарағанда, монгол әскерлері күн-түн жорық жасағанда ат үстінде жүріп тамақтанған, шөлдесе, ат жалынан қан сорып сусындайтын болған. Осындай қызу жорық, шабуыл кезінде, соғыс үстінде өлген адамдарға ескерткіш орнату, үлкен молалар салу бола бермеген. Сондай-ақ, жоғарыда Қобыландының атымен байланысты ескерткіштер де бертін кезде соғылуы мүмкін. Бірақ, оларды Қарақыпшақ Қобыланды батырдікі дейтін аңыздар болмаса, тарихи дерек әзірге кездеспейді. Бәлкім, ол ескерткіштер Қарақыпшақ Қобыланды батырдікі болмауы да мүмкін. Олай деу себебіміз XVIII ғасырда Кіші жүзде Қобыланды деген батыр болған. Оны халық бала Қобыланды деп атаған. Жоғарыда аталған ескерткіштер осы соңғы Қобыландыға арналуы да мүмкін. Бірақ, бұл жөнінде де аңыз — әңгімелер ғана, тарихи дерек әзірге жоқ.

Мұның бәрі Қобыланды батырдың тарихта болған адам екендігін анықтайтын деректер жоқ екендігін, тек халықтың аңыз-әңгімелері барлығын көрсетеді. Сондықтан да біз Қобыланды батырды тарихи адам деп атаудан гөрі, әдебиеттік образ ретінде қараймыз. Басқыншы жау қызылбастарға қарсы күрескен, одан ел-жұртын қорғап қалған Қыпшақ батырларының ерлік істері Қобыланды обrazy арқылы жинақталып берілген деуге болады.

#### **ЖЫРДЫҢ ВАРИАНТТАРЫ**

Қазақтағы батырлар жырының ішінде варианты көбі — «Қобыланды батыр». Оның әзірге жиналған вариантының саны — он екі. Ал жиналмай, ел арасында ауызша айтылып жүргендері бұдан да көп.

«Қобыланды батырдың» қолда бар он екі вариантын мазмұнына қарай салыстырғанда, екі тақырыпқа бөлуге

болады. Біріншісінде, Қобыланды жас шағынан бастап қартайғанға дейінгі ерлік өмірі, қызылбастармен күресі суреттеледі. Бұл әңгімелер Марабай, Мергенбай, Біржан айтқан жырлардың негізгі мазмұны болады. Екіншісінде, батыр қарамағындағы ел-жұртын хандардан, олардың зәбір-зомбылығынан қорғап отырады. Қобыланды батыр сол хандарға қарсы күреседі. Мұны біз Нұрпейіс, Айса, Мұрын жырларынан көреміз.

Сөйтіп, жырдың барлық варианттарында айтылатын оқиғалар осындай екі топқа бөліне жырланады және бәрінде Қобыландының ерлік істері, ел-жұрты, ағайын-туысы, жолдастары, алысатын жаулары суреттеледі.

Жырдың Марабай, Біржан, Мергенбай айтуындағы әңгімелері мазмұн, түр жағынан бір-біріне ұқсас. Бұлардың жырында Қобыландының алысатын жаулары қызылбастар болып суреттеледі. Бұған қарағанда, осы үш ақынның айтуындағы «Қобыланды батырдың» оқиғасы ерте заманда туған секілді.

Аталған үш ақынның айтуындағы жырдың ел арасына ертерек тарағаны — Марабай жыры. Онда айтылатын негізгі әңгімелер: Қобыландының Қазан батырмен, Көбіктімен соғысы, Алшағырдан елжұртын құтқарып алуы болатын. Ал, Қобыландының туысы, жастық шағы, ата-анасы, Құртқаға үйленуі, Қараман мен Естеместердің кім екендігі, Тайбурылдың қайдан пайда болғандығы, Қазан және Көбіктімен не үшін соғысатындығы, батыр өмірінің соңғы кезендері, Көбіктінің қызы Қарлығаның тағдыры тағы сол секілді әңгімелердің сыры ашылмай қалатын. (Бұл әңгімелер Мергенбай мен Біржан жырында ұзағынан айтылады).

Марабай, Біржан, Мергенбай жырлаған «Қобыланды батыр» мазмұн жағынан ұқсас келгенімен өзара үлкенді-кішілі айырмашылықтары да бар. Бұл айырмашылықтар әрбір ақынның жыр сюжетін құруынан, оны дамытуынан, образ жасау ерекшеліктерінен, оқиғаны мәнерлеп айту ерекшеліктерінен, ақындық шеберліктерінен көрінеді. Мысалы, жыр сюжетін құрғанда Біржан оған діни әңгімелерді араластырады. Қобыландының туысы немесс батырдың жолы болу-болмауы діни ұғымдар арқылы сипатталады. Мәселен, Қобыланды батыр Құртқаның күйеу тандап отырғанын естіп, Көкілан кемпірдің (Құртқаның шешесі) елінс келеді. Көкілан биік бәйтеректің басына алтын жамбы қойып: «Осы жамбыны кімде-кімнің діні күшті болса, сол атып түсіреді және сол жігітке қызымды беремін», — дейді. Бұл шартты бірде-бір жігіт орындай алмайды. Мұны тек

Қобыланды ғана орындайды, оны бұл жолда бабалары қолдаған болады. Сонда Көкілан Қобыландыға келіп: «Мұсылман екенсің, дініңнің күштілігінен алтын жамбыны атып түсірдің, енді мен сенің діңіңе кірдім, қызымды саған бердім», — дейді. Екінші бір мысал: Қобыланды мен Көбекті жеті күн алысады. Қобыланды әлсірей бастаған кезде, оны пірлері қолдауға келеді. Бірақ Қобыланды пірлерін танымай, ұрсып қасынан қуып жібереді. Бұған пірлері өкпелеп кетіп қалады. Содан кейін Қобыланды жеңіліп, Көбіктің қамауына түседі. Сол секілді, Қобыландының Қазан батырды жеңуі де діни ұғымға байланысты суреттеледі. Мұның бәрі Біржанның діндар адам болғандығын, діни ұғымдарды батырлар жыры арқылы да таратуға тырысқанын көрсетеді. Әрине, діни әңгімелер Марабай мен Мергенбай жырында да кездеседі. Бірақ, олар дін жайын Біржан секілді ұзағынан жырламайды.

Кейде жырдағы ұсақ детальді әрбір ақын өзінше әңгімелейді. Мысалы, Қобыланды батыр Құртқаға үйленген сапарында оған қырық құлаш Қызыл Ер кездеседі. Ол Біржан жырында Құртқаға ғашық болған дәудің бірі болып суреттеледі.

Бұл әңгіме Мергенбай жырында да айтылады. Қызыл Ер мен Қобыланды алысады. Біржан жырында Қызыл Ерді Қобыланды өзінің айлакер, тапқырлығымен жеңеді, ал Мергенбайдың жырында Қобыланды батыр Қызыл Ерді күрес үстінде жеңеді. Мұнда Қобыланды тайдай дәудің аяғын байлайды да, оны үйінен сүйреп шығарады. Жыршының ойынша, бұл Қобыландының күшті батыр екендігін аңғартпақ. Екіншіден, Мергенбай Қызыл Ерді ертегілерде кездесетін жалғыз көзді дәу бейнесінде суреттей отырып, оған менменсінген алып дәудің сипатын береді. Ондай алып дәуді жеңу Қобыландының мықты батыр екендігін дәлелдемек.

Марабай жырында Қараманның кім екендігі, Қазанға неліктен аттанғандығы айтылмайтын. Бұл жайды Біржан мен Мергенбай молынан қамтып былай дейді: Құртқаны алып келгеннен кейін, Қобыланды батыр малдарының амандығын білу үшін жайлауға барады, жылқышыларымен кездеседі. Естемес екеуі ит жүгіртіп құс салады, аң аулайды. Сол уақытта Қыпшақтың Қият руынан шыққан Сайымұлы Қараман (Мергенбайда Сейілұлы Қараман делінеді) батыр қасына қырық мың әскер ертіп Қобыландыға келеді. Қараман Қобыландымен құрдас екен. Қараманның қасында Қарақозы, Аққозы, Қосдәулет, Ақдәулет, Қарабоқан жауырыншылар болады. Бұларды Қобыланды қарсы алады. Қараман



Қобыландыға келген жайын айтады. «Қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, елімнің мазасын кетіріп тұр. Қырлы қала, Сырлы қала деген қала салам деп көп жерімізді тартып алды. Қазан күн сайын елімізге шабуыл жасауда. Сол Қазанға қарсы соғысқа аттанып барамын. Бұған еріп жүруіңді қолқалық етем»,— дейді Қараман.

Марабай жырында Қобыландылардың зынданға түскен кезінде Быршымбайдың кім екендігі айтылмайтын. Оның жайы Алшағыр тұсында ғана сөз болатын. Бұл жөніндегі әңгімені Біржан мен Мергенбай толықтырады. Біржанда: Қарлыға екі батырды зынданға салғаннан кейін өзінің інісі Быршымбайға келіп: «Қобыланды мен Қараманды әкем ұстап алды. Ол екеуі зынданда жатыр. Сен Алшағырға бар да осы хабарды айт. Сүйіншіге Алшағыр саған Қаныкей, Тыныкей атты екі қарындасын берер. Алшағыр Құртқаға ғашық еді, енді сәті түсті»,— дейді. Быршымбай кетіп қалады, Алшағырға күйеу болып жата береді. Мергенбайдың жырында бұл сөздерді айтушы Көбіктің өзі болады.

Біржан мен Марабай жырында Қарлыға зынданда жатқан Қобыландыны көргеннен кейін-ақ, оны өзіне тең тұтып, бірден ғашық болады. Мергенбай жырында бұл әңгіме дамытыла суреттеледі. Онда: Қарлыға мұсылманның қызы еді, оның шешесін Көбікті бір шабуыл жасағанда олжалап әкелген еді. Қарлығаның шешесі қызына: «Мұсылманның адамын көрсең, етегінен ұста»,— деген. Қарлыға зынданға келіп Қобыландыны көргенде-ақ, оның мұсылман екенін біліп, ғашық болған және Қобыландыларды зынданнан босатудың әрекетін жасаған еді дейді.

Марабай жырында Көбіктің қалай өлтірудің амалын Қобыландыға айтушы Қарлыға болатын. Ол: «Әкемнің үстіндегі көк сауытты өзім тоқып едім, кіндік тұсынан үш көзін кем соққам, сол арасынан ату керек»,— дейтін. Мұны Мергенбай да осылай айтады. Ал Біржанда бұл әңгіме басқашарақ. Көбіктің көк сауытының кіндік тұсындағы үш көзін Қарлығаның неліктен кем соққанын дәлелдейді. Мұны Біржан былай суреттейді: Қарлыға Қобыландыға келіп: «Менің әкеме атсаң оқ, шапсаң қылыш өтпейді. Оның үстіндегі ақ сауытты өзім тоқығам. Бірақ, сауыттың кіндік тұсынан үш көзін кем тоқып ем. Егер әкем өзімнің сүйген адамыма бермейтін болса, сауыттың жаңағы кем көзінен атып өлтіремін деп ойлағам. «Балам, мына жердің шығыршығы қайда?» дегенде жетпей қалды дегем. Сол жерінің кіндігі бұлтиып шығып тұратын еді. Сол жерінс атсаң, өледі»,— дейді.



Марабай жырында Алшағырдан ел-жұртын босатып алуға аттанған Қобыландыға Қарлыға, Орақ келіп қосылады. Орақтың кім екендігі Марабай жырында айтылмайтын. Орақ Қыпшақ руының батыры екендігі Мергенбай жырында айтылады. Онда Орақтың шешесі: «Қобыландының елін Алшағыр шауып кетті. Ол елді жаудан құтқар», — дейді. Содан кейін Орақ батыр көп әскер алып, Алшағырдың еліне аттанады, жолда Қараман мен Қарлығаға кез болады да, Қобыландыға қосылады. Орақтың батырлық-ерлік істері жырланады.

Марабайдың жырында, Алшағыр жағынан Ағанас пен Тоғанас дейтін екі батыр Қобыландыға қарсы шығатын. Бұл екеуінің кім екендігін Марабай айтпай кететін. Ағанас пен Тоғанастың кім екендігін Біржан жырына қосады. Онда: Ағанас пен Тоғанас — қырық құлаш Қызыл Ердің балалары. Ол екеуі қазір ер жетті, «Қобыландыдан әкеміз үшін кек аламыз», — деп, Алшағырға келіп қосылған еді дейді.

Біржан жырында Шошай хан жайы бір-екі ауыз сөзбен айтылса, оны Мергенбай молынан суреттейді. Ең алдымен Шошай Көбіктінің жиені екендігі, ол Қазан мен Алшағыр үшін Қобыландыдан кек алуға келгендігі айтылады. Шошай хан Қобыландыға түн ішінде тиіседі. Қобыланды Тайбурылға жайдақ міне сала Шошай ханға қарсы аттанады, қатты айқай салады. Қобыландының дауысы айшылық жерге жетеді, жаудың зәресін ұшырады. Қобыланды Шошайға жетіп келеді. Сонда Шошай: «Жекпе-жекке дайындығым аз еді», — деп үш күн рұқсат сұрайды. Оған Қобыланды көнеді.

Біржан жырында Қарлығаны ұстап әкел деп Бөкенбайға бұйрық беретін Қобыланды болса, Мергенбайда Құртқа болады. Ол: «Әкең үйде ашулы отыр. Әкеңнің көзіне көрінбе, көрінсең, мерт етер. Мен саған Тайбурылды ұстап берейін, сен Қарлығаны осында алып кел», — дейді баласына. Бұл эпизодты Біржан бір-екі сөзбен айта салса, оны Мергенбай ұзақ етіп жырлайды.

Шолу түрінде қарастырғанда, «Қобыланды батыр» жырының Марабай, Мергенбай, Біржан варианттарының сюжеттік желісі, өзара айырмашылықтары, міне осындай.

Ал енді жырдың Мұрын жырау, Айса, Нұрпейіс айтатын варианттарына қысқаша тоқтап өтелік. Бұлардың жырларындағы басты әңгіме Қобыланды батырдың ел билеген хандарға қарсы күресін, халыққа қамқор болу жайын суреттеуге құрылады. Бірақ олардың бір-бірінен айырмашылықтары да бар. Бұл айырмашылықтарды білу үшін салыстыра кетейік.

Мұрын, Нұрпейіс, Айса айтатын «Қобыланды батыр» жырының бірінші бөлімі сюжеттік жағынан бір-біріне ұқсас келеді.

Мұрынның айтуындағы «Қобыланды батырдың» бірінші бөлімінде мынадай әңгімелер суреттеледі: тоқсан баулы ноғайлыда Ақшахан деген хан және оның қол астында Қыдырбай деген бай болады. Бір күні Ақшахан билер мен бектерін жинап алады да: «Қыдырбайды қалай өлтіру керек, оның байлығын қайтсем тартып аламын. Соған ақыл беріңдер»,— дейді. Сонда отырған билер: «Той жасаңыз, Қыдырбай да сол тойға келер. Сонан кейін оның ретін табармыз»,— дейді. Бұл мәжілісте Қыдырбайдың жеті атадан барып қосылатын жақыны да болады.

Ақшахан Қыдырбайды тойға шақыртады. Қыдырбай көптеген сый-сыбаға алып тойға келе жатады. Сонда оның алдынан әлгі жақыны шығады да, бұл тойды Ақшаханның Қыдырбайды өлтіріп, мал-мүлкін тартып алу үшін жасап отырғанын айтады.

Бұл сөзді естіген Қыдырбай қапаланып кейін қайтады. Өзінің әйелі Ақаруға Ақшаханның қастығын мұң етіп шағады. Содан кейін ол құдайдан бала тілеп кетеді. Әйелі Ақару үйде қалады. Қыдырбай 70 күндей жол жүреді, көп жерлерге барады, әр молаға бір түнейді. Тілегі қабыл болып, әйелі бір ұл, бір қыз табады. Ұлдың атын Қобыланды, қыздың атын Хассұлу деп қояды.

Қыдырбайдың Бек деген 50 жасқа келген жылқышысы бар екен. Ол Қобыландыны ертіп жылқы бағуды үйретеді. Осы кезде ар жақтан айқай-шу дауыс естіледі. «Бұл не?»— деп сұрайды Қобыланды. Бек: «Оны соңынан, аман болсаң, білерсің»,— деп жауап береді. Бірақ Қобыланды жаңағы дауыстың не екенін білуге құмартады да, ала тайына мініп, қолына сұр жебесін алып жалғыз аттанады. Дауыс Тәуіп ханның слінен шыққан екен. Тәуіп ханның Құртқа деген қызы күйеу таңдайды. «Кімде-кім қара тасты қақ айырса, соған тиемін»,— деген шартын ешбір жігіт орындай алмаған екен. Ол шартты Қобыланды орындайды да, Құртқаға үйленеді. Тәуіп хан қызын Қобыландыға беріп жөнелтеді.

Қобыланды Құртқаны сліне алып келе жатады, жолда өз әкесі Қыдырбайдың жылқысына кездеседі. Жылқы ішінде жусап тұрған кер бисні Құртқа көреді де, оны атасынан көрімдікке сұрайды. Бірақ, Қыдырбай бермейді. «Кер бисен тұлпар құлын туады, оны Қобыланды мінсе, баламнан айырылып қалам»,— деп қорқады. Ақару да, Хансұлу да кер бисні Құртқаға беруді өтінесді. Ақыры Қыдырбай көнеді, кер бисні Құртқаға берседі. Одан туған құлынды Құртқа өзі бағады.

Қобыландының жолдастары өзара күңкілдеп: «Осы Құртқа құлынды неге батырдан жасырады, неге көрсет-

пейді. Шамасы бір жақын жігітіне даярлап жүрген болар»— деседі. Бұл сөздерге Қобыланды ашуланады да, Құртқадан құлынды алады, ерсіз, жүгенсіз мінеді. Сонда құлын Қобыландыны ала жөнеледі, теңізден аттап өтеді. Бірақ, алдындағы бір төрт көлден секіре алмай қалады. Қобыланды құлынға ашуланып қайтып келеді. Сонда Құртқа айтады: «Құлында әлі кемшілік бар, бес жасына дейін өзім баптап өсірейін»,— дейді.

Мұрынның жырындағы осы әңгімелер Айса мен Нұрпейіс кейбір ұсақ жайларды күрделі әңгімеге айналдыра жырлайды. Сонымен қатар өзара айырмашылықтары да бар. Мәселен, Қыдырбайды өлтіріп, оның мал-мүлкін тартып алуды көздейтін ханды Айса жыры Алшағыр деп атайды. Ал Нұрпейіс жырында Тоқтарбайдың құдайдан бала тілеуі көрші бір байдың «қу бас» деп тілдегенінен туады. Мұрында: Ақшаханның қастық ойын Қыдырбай жеті ата жақынынан естіп тойға бармай кейін қайтса, Айса мен Нұрпейісте олай емес. Айсаның айтуында, Қыдырбай тойға барады, сол кезде оның алдынан Алшағырдың Әлібек деген жігіті шығып: «Бұл тойда ұлсыздарға орын жоқ, қызсыздарға қызық жоқ»,— деп тілдейді, бұған Қыдырбай ызаланып кейін қайтады. Нұрпейістің жырында: Тоқтарбай сексен нарға саба артып, сексен нарға алтын-күміс артып сауынға барады, сонда оның алдынан ханның бір уәзірі шығады да: «Бұл қу бастың сауыны емес, баласы барлардың сауыны»,— дейді. Тоқтарбай ашуланады да үйіне қайтады.

Ал Мұрында: құдайдан бала тілеп жиһан кезіп кетуші Қыдырбайдың өзі болса, Айсада: Ақмандай болады. Нұрпейісте: Тоқтарбай үйіне келген соң, Аналық екеуі құдайдан бала тілеуге баратындығын айтып, барлық мал-мүлкін ел-жұртына бөліп береді. Сонан кейін екеуі жиһан кезіп кетеді. Құдайдан бала сұраушылардың тілегі қабыл болады. Ақмандай-Ақару — Аналық бір ұл, бір қыз табады, ұлдың аты Қобыланды, қыздың аты Хансұлу (Мұрын мен Нұрпейіс) қояды. Айса Ақмандайдың екі қабат кезін, айдаһардың жүрегін жеп жерігін басқанын молынан жырлайды.

Құртқа жайын Айса жырында ақсақалды шал айтады: «Көрші елде Көкілан деген кемпір бар, оның Құртқа атты сұлу қызы бар. Көкілан Құртқаны күйеуге бермек болып той жасап жатыр, айқайлаған дауыстар Құртқаны алам деп таласқан жігіттердің даусы»,— дейді. Нұрпейісте: Құртқаның жайын Қобыланды әкесінен (Тоқтарбайдан) естіп біледі. Тоқтарбай айтады: «Дау — Мама деген ханның

Құртқа атты сұлу қызы бар, оған көп жігіттер ғашық болып таласып жатыр. Дау — Маманың жігіттерге қоятын бір ғана шарты бар: кімде-кім шойыннан құйылған дінгекті садақтың оғымен қақ айырса, соған қызын бермек. Бұл шартты ешбір жігіт орындай алмапты», — дейді.

Құртқаның жайын естіген Қобыланды Көкілан кемпірдің еліне (Айсаның жырында) аттанады. Құртқаның тойына: Қараман, Көбікті, Алшағыр, Быршымбайлар да барады. Құртқа жиналған жігіттерге: Кімде-кімнің өнері асса, соған тиемін, — дейді. Сонда Қобыланды күреске түседі. Көкеман деген қалмақ батырымен жеті күн алысады, оны жеңеді; ат шабысында Қобыландының аты озып келеді, Құртқа тіккен алтын жамбыны Қобыланды ғана атып түсіреді, басқалардан өнерін асырады. Сонан кейін Құртқа Қобыландыға қосылады. Нұрпейістің айтуында: «Қобыланды ата-анасынан рұқсат алып, Құртқаның еліне тартады. Құртқаны алмақ болып таласып жатқан қалмақ батырларымен ұрыс ашып, жеңеді. Мұны Құртқа біледі де, басқалардан Қобыландының батырлығы, өнері артық екенін айтып, шешесіне хат жазады, Қобыландыда көңілі барын білдіреді. Қобыландыны Дау-Мама да ұнатады. Сонан кейін Құртқаны көп жасауымен Қобыландыға береді.

Жырдың екінші бөлімінде Қобыландының алғашқы жорықтары айтылады. Бұл тақырыпты жырлауда Мұрын, Нұрпейіс, Айса жырларында бірсыпыра айырмашылықтар бар. Қобыландының алғашқы жорығын әр ақын өзінше жырлап, бір-біріне идеялық жағынан болмаса, мазмұны жағынан ұқсаспайтын әңгімелерді енгізеді.

Айсаның жырында Қобыландының алғашқы жорықтары мына түрде беріледі. Бір күні Қобыланды өзінің туыстарынан Алшағыр ханның елге істеген зорлықтарын естиді. Бұған ол ызланады да, өзінің жылқыларын Алшағырдың шабындық жеріне жайдырады. Мұны оның жігіттері көріп, Қобыландының жылқыларын айдап әкетеді, жылқышыларын сабап жібереді. Содан кейін ол жерге жылқысын Қобыландының өзі апарып салады. Сол жерде Алшағыр мен Қобыланды кездеседі: Қобыланды әкссіне; еліне Алшағырдың жасаған жәбірін айтады, кек алатындығын білдіреді. Алшағыр қорқады да: «Тоғыз ұлым бар, солармен жолдас бол, кенже қызым Ақбілекті қалыңдық етіп ал», — дейді және Қобыландыны ауылына ертіп апарып қонақ етеді, дос болайық деп өтінсіді. Бұған Қобыланды разылық білдіреді.

Арада біраз күн өтеді. Алшағыр Қобыландыны өлтіру жайын ойлайды да, бұл үшін ол Қобыландыны алдап Қазан



батырға аттандыру әрекетін жасайды. Қазан мен Көбіктіге кісі салады:

«Жақында Қобыландыны алдап жіберем. Көзін құртындар, әйтпесе Қобыланды мені өлтіреді»,— дейді. Осыдан кейін Алшағыр той жасап, Қобыландыны шақырады. Қобыланды жолдастарымен келеді. Той үстінде Алшағыр өзінің қызы Ханбибі арқылы Қобыландыға сөз салады. Онда: «Көбіктінің баласы Быршымбай бізді жаулап алуға келе жатқан көрінеді. Мықты батырлар болса, оған қарсы аттанар еді, ал сен оған баруға қорқасың»,— деп қайрайды. «Қорқасың» деген сөзге Қобыланды ыза болады да: Мен барам»,— деп аттана жөнеледі.

Алшағырдың Қобыландыны алдап өлімге жіберіп отырғанын Құртқа мен Қобыландының қарындасы Аққолаң біледі де, Қобыландының бұл жорыққа бармауын тілейді. Бірақ, Қобыланды бұл сөздерге құлақ аспайды: «Екі сөйлегенім өлгенім»,— деп жүріп кетеді. Қазан мен Көбіктінің еліне жетеді. Қобыландының алдынан Быршымбай бастаған көп әскер шығады. Быршымбайды Қобыланды соғыста жеңеді. Сонан кейін Қазан қаласына барады, жайылып жүрген жылқыларды айдап жөнеледі. Жылқы ішінен Көбіктінің сары аты қалаға қашып кетеді. Аттың қашып келгенін Көбіктінің қызы Қарлыға көреді: «Еліңе жау шапты», деп әкесіне хабар береді. Қобыланды жылқыны еліне беттетіп салып, ұйықтап қалады. Сол кезде Көбікті қуып келеді де, ұйықтап жатқан Қобыландыны апарып зынданға салады.

Қарлығаның қойын бағатын Серкебай деген қойшысы бар екен. Ол қойларын Қобыланды жатқан зынданның үстінен өткізе бергенде, бір қойы зынданға түсіп кетеді. Оны Қобыланды шығарып бермей, өзі жейді. Бұған қойшы ашуланады да, Қобыландының үстінен бір қара тасты домалатып жібереді. Қара тасты Қобыланды қағып алып қысқанда, одан су тамшылап ағады, оны Қобыланды сусын етеді. Мұны көрген қойшы Қобыландымен дос болады. Қобыландыға қойшы күн сайын бір серке беріп тұрады. Олардың сүйектерінен Қобыланды қараңғы үйге сәуле түсіретін тарақ жасайды. Қойшы тарақты Қарлығаға көрсетеді. «Мұны қайдан алдың?»— дейді Қарлыға. Қойшы оның қайда жасалғанын айтады. «Мені сонда апар»,— дейді Қарлыға. Қарлыға Қобыландыға ғашық болады. Оған Қобыланды сенбейді «маңымнан кет» дейді. Қарлыға ғашықтығын айтып жалынады. Сонда Қобыланды: «Торы атымды көрсет»,— дейді. Қарлыға Көбіктінің ерекше



бағушыларының қолында тұрған атты Қобыландыға алып келеді.

Сонан кейін Қобыланды шабуылға шығады, Қазан ханды өлтіреді. Қарлыға өз әкесі Көбіктіні өлтіреді. Қобыланды жауларын жеңіп ұйықтап жатса түс көреді. Түсінен елінің шабылғанын біледі де, оны жаудан құтқарып алу үшін, еліне қайтады. Еліне келсе, түсінде көргені расқа шығады. Елін шауып, қаратып алған Алшағыр хан екен. Оны Қобыланды жеңіп, ел-жұртын босатып алады.

Қобыландының ерлік ісі Айса жырында осы түрде суреттеледі. Ал мұны Мұрынның «Қобыланды батырымен» салыстырсақ, ұқсастығы да және айырмасы да барлығын байқаймыз. Ұқсастығы: «Шабындығыма түсті»,— деп Алшағыр Қобыландының жылқысын айдатып алады. Бірақ Қобыландыдан қорқады да, өтірік дос болады, соңынан Қобыландыны өлтіру жайын көздейді.

Айырмашылықтары мынада: Алшағыр (Мұрында) Қобыландыны өлтіру үшін Байқасқа, Кемпиқасқа деген батырларын қастарына көп әскер қосып беріп қарауылға аттандырады. «Сендер алыста қарауыл қарап жүре беріңдер. Мен сендерге қарсы Қобыландыны аттандырам. Сонда бәрің жабылып Қобыландыны өлтіріңдер»,— деп бұйырады. Сонан кейін Алшағыр Қобыландыға кісі салады да: «Елімді жау қоршап тұр. Бүгін-ертең жау шабуыл жасамақ. Шын досым болсаң, менің жауыма қарсы аттан, құтқар»,— дейді. Қобыланды Алшағырдың тілегін қабыл алады. Алшағыр Қобыландыны Байқасқалар кеткен жаққа сілтеп жібереді. Қобыланды: «Жауыңды жеңем, алпыс күннен қалмай оралып келем»,— дейді. Бірнеше күннен кейін Қобыланды Байқасқа мен Кемпиқасқаға кездеседі. Қатты соғысып оларды жеңеді. Жауларын жеңген Қобыланды демалып жатып түс көреді, елінің шабылып қалғанын біледі. Елін шауып алған Алшағырдан Қобыланды кек алады, оны жеңеді.

Енді Нұрпейістің жырына тоқталайық. Нұрпейіс жырында: Қобыланды ер жеткен кезде Қарт Қожақ бастаған қырық батыр болады. Олар қалмақтың Алшағыр ханына шабуыл жасайды. Бірақ оларды Алшағырдың Ер Тәукс деген батыры ұстап алып зынданға салады. Қарт Қожақтар одан қашып шығып, Қобыландыға келеді де мұңдарын айтады. «Алшағырдан кегімізді әпер»,— дейді. Қобыланды қырық батырды ертіп, Алшағырға шабуыл жасайды. Ер Тәуксін өлтіреді. Алшағырға көмекке қалмақтардың Қарабек бастаған қалың қолы келеді, оларды да, Қобыланды жеңеді. Содан кейін Алшағыр жеңілгендігін айтып, Қобыландыны

достыққа шақырады. Екеуі достасады. Бірақ, Алшағыр Қобыландымен сөз жүзінде дос болады. Қобыландыны өлтірудің амалын ойлайды, би және уәзірлермен ақылдасады. Қалмақтардың ең мықты батыры Барсаға хат жазады, мұңын шағады. «Мен саған Қобыландыны жіберемін, оны өлтіріп кегімді әпер»,— дейді. Сонан кейін Алшағыр Қобыландыны қонаққа шақырады да: «Қалмақтың Барсакелмес дейтін күшті ханы менің ата жауым еді. Егер шын дос болсаң, содан кегімді алып бер»,— дейді. Қобыланды разылық білдіреді. Қобыландының ата-анасы, қарындасы, Құртқалар батырдың бұл сапарға баруына қарсы болады. Алшағырдың алдап жіберіп отырғанын және Қобыланды кетісімен елді шабатынын айтады. Бұған Қобыланды құлақ аспайды, қасына Қарт Қожақ бастаған жолдастарын ертіп, Барсаға аттанады. Қобыландының келетінін біліп, оның жолын тосып жүрген Барсаның бас батыры Қаршығаны өлтіреді. Қалың қол алып, Барсаның өзі шығады. Он алты күнге созылған жекпе-жек соғыста Қобыланды Барсаны да жеңеді. Сол кезде Қобыланды түс көріп, елінің шабылғанын біледі. Қобыланды қайтып келеді де, Алшағырдан ел-жұртын босатып алады және ханды жазалайды.

Қобыландының жорықтары жайында Мұрын, Нұрпейіс, Айса жырлаған негізгі әңгімелер осындай. Жыршылардың бәріне ортақ әңгіменің бірі: Алшағырдың (Ақшаханның) Қобыландымен өтірік дос болуы, батырды алдап өлімге жұмсауы, Қобыландының жауларын жеңуі. Екінші ортақ әңгіме: ханның зұлымдық-жауыздығы, қиянатшыл екендігі. Үшінші: Қобыландының Алшағырдан кек алып, ел-жұртын азат етуі. Бұл секілді ортақ, ұқсас әңгімелерді әр ақын әр түрде жырлайды. Мұрын мен Айса қысқа түрде айтса, Нұрпейіс молынан қамтып, әрбір ұсақ жайлардың өзін ұлғайтып әкетеді.

Жоғарыда «Қобыланды батыр» жырының варианттарын идея және сюжет құрылысы жағынан екі салаға бөлінетіндігін ескертіп, соған сәйкес біраз талдаулар да жасадық. Бұған қарағанда жырдың Мергенбайлар айтатын варианты ертеректе туғандығын аңғартатын секілді. Ал соңғы ақындар жырдың ескі сюжетін жаңалап айтқаны бергі кездің қоғамдық жағдайлары оларға көп әсер еткендігі байқалады. Олай дейтін себебіміз: Мұрын, Айса, Нұрпейістер кеңестік дәуірде таптық сана-сезімі оянған, халықты революциядан бұрын хандар мен байлардың қанап, езіп келгендігін түсінген ақындар еді және мұндай қанаудың шет жағасын өз көздерімен көрген де еді. Сондықтан да олар Қобыланды

батырды ерте замандағы басқыншы жауға қарсы аттандырудан гөрі, қанаушыларға қарсы күрестіреді. Олар жырдың сюжет желісін бергі кездің тарихи шындығына қарай, халықтың есінен кетпеген фактілердің төңірегіне құрады. Сөйтіп, ескі жыр таптық тұрғыдан қайта жырланған деуге болады.

**ЖЫРДАҒЫ  
ОБРАЗДАР**

«Қобыланды батырды» жырлаған ақындардың қайсысы болса да, адам образын жасауға ерекше мән береді. Халықтың дос-дұшпаны қайсы екендігін дәлелдеп көрсету үшін басты адамдардың іс-әрекетін сипаттайды, олардың жағымды, жағымсыз образын даралап көрсете отырып, бәрін есте қаларлықтай етіп суреттеуге тырысады.

**ҚОБЫЛАНДЫ**

Қобыландының батырлығы жөнінде жыршы ақындардың бәрі де (Марабайдан басқасы) әңгімені әріден, баланың тумай тұрған кезінен, Тоқтарбай мен Аналықтың бір перзентке зар болуынан бастайды. Бұдан, біріншіден, шаруақор, адал еңбек етіп ел-жұртын асырайтын; екіншіден, ішкі және сыртқы жаулардан халықты қорғап алатын батыр ұл болуын арман еткен халық қиялы көрінеді. Осындай батыр ұлды халық атынан іздеп Тоқтарбай мен Аналық дүние кезеді. Әрине, ондай ұлды төңірден сұраушылық — ерте кездегі адам баласының ой-өрісі, дүние танымы төмен сатыда болған кезін аңғартады. Бірақ, әңгіменің негізгі идеясы — халыққа қамқор болатын батыр ұл іздеуден туған.

Сондықтан халық ұғымында мұндай адамның жаратылысы да, басқалардан ерекше болу керек. Ондай ерекшелік фантазия, мифке байланысып жатады.

Дүниежүзілік эпостың көбінде батыр образы батырдың есейген кезінен басталса, Қобыландының болашақта асқан батыр болатындығы оның ана құрсағында жатқан уағында-ақ білінеді. Мәселен, Қобыландының шешесі Қобыландыға екіқабат кезінде жерік асына не арыстанның жүрегін, не айдаһардың өтін жейді, немесе қара тасты шайнайды. Сөйтіп жерігін басады. Бұл жайды Мұрын жырау:

Бір күндері болғанда,  
Қатыны жерік болады,  
Жерігі неге қанады.  
Койдан қошқар сойдырды,  
Жерігі оған қапбайды.

Түйеден бура сойдырды,  
Жерігі оған қапбайды.  
Сиырдан бұқа сойдырды,  
Жерігі оған қапбады.  
Жылқыдан айғыр сойдырды,  
Жерігі оған қапбады.

деп суреттейді. Содан кейін Қобыландының шешесі жерік асына:

«Айдаһардың басын алдырды,  
Аузына қатын салдырды,  
Жерігін сөйтіп қандырды»,—

дейді.

Ал, Айсә Байтабыновтың айтуындағы «Қобыланды батырда» батырдың шешесі жерік айы кезінде:

Катыр-қатыр қара тасты шайнады,  
Азудан азу қалмады,  
Жалаңаш қарға аунады,  
Аунап еді тоңбады,—

делінеді. Ақырында Қобыландыға екі қабат болған ана арыстанның жүрегін жеп қана жерігін басады.

Бұл жайды «Қобыландының» басқа варианттарынан да көруге болады. Мәселен, Қобыланды жайындағы бір жырда:

Жерігім менің қанар деп,  
Шырадай көзім жанар деп,  
Қаңтардың қатқан мұздарын  
Теңіздің қара тұздарын,  
Кашыр-құшыр шайнайды,

Жерігім менің қанар деп,  
Шырадай көзім жанар деп,  
Айдаһар жылан бастарын  
Бытырлатып шайнайды,  
Оған да жерік қанбады,—  
Жерігі оған қанбады.

дейді. Ол жерік асына қара тасты да шайнайды, аюдың етін де жейді. Бірақ, оның бәріне кемпірдің жерігі қанбайды. Ақырында арыстанның жүрегін жеумен жерігін басады.

Алпысқа келген ананың жолбарыстың (не арыстанның) жүрегіне немесе аюдың етіне жерік болуы, оның құрсағында жатқан баланың қандай екенін сипаттап тұрған секілді. Бұлай жырлаушылық болашақта елін қорғай алатын, арыстандай айбатты, жолбарыстай жүректі, тастай берік батыр адам болуын аңсаған халықтың фантазиясынан туған.

Қобыланды жайындағы жырларда ананың жерік асынан кейін оның толғағы, болашақ батыр баланың туысы айтылады. Мұнда ананың толғағы өте қатты болады, ана баласын туа алмай, 15 күндей толғатқаны жырланады. Толғақ қысқанда кәрі ана өрден ойға, таудан сайға домалайды, сүйеуіне емен сырықтар, ұстауына жібек желбаулар жарамайды, не сынып кетеді, не үзіліп қалады. Осындай толғақ қиыншылықтарын көргеннен кейін қарт ана аман-есен босанады. Сонда:

«Кіндік кескен әйелдің  
Осы туған жас бала  
Ұйытып қолын талдырды»,

(Нүрпейістің айтуынан).

Болашақ батыр Қобыландының туысы осындай. Мұның өзі Қобыландының ер жеткен кезде өте күшті батыр болатындығын алдын ала айтып тұрғандай.

Жаратылысы, туысы ерекше болған баланың өсуі де, мінезі мен қылығы да, ақылы мен айласы да басқалардан ерекше артық болады. Қобыланды жайындағы жырлардың көбі оның бала кезіндегі өсуіне молырақ көңіл бөледі. Елге қорған болуға, басқыншы жауға қарсы баруға жарай алатын батырдың келбеті бала кезінің өзінен-ақ көріне бастайды. Қобыланды алты жасқа келгенде қару алып қарауылға шығады. Сонда:

Таулар күйіп, тас жанған,  
Алты жасар баланың  
Елбедеген зарпына.

Қобыландының бала кезіндегі ерекше өсуі оның болашақта еліне қамқор көрсетуге, халқының жауларына қарсы күреске жарайтын батыр екенін аңғартады. Оның қарулы-күшті екендігі балалармен ойнағанда, жылқыға барып ат ұстап мінгенде, жалғыз өзі күзетке шыққан кездерінде көзге түседі. Бұл кезде Қобыланды ел шетіне шығып қарауыл қарайтын, жылқышылармен бірге күзетке баратын болады.

Қобыландының шын мағынасындағы батыр атануы оның өзіне тең қалыңдық іздеуінен басталады. Бұл, әрине, тек «Қобыланды батырда», қазақтың батырлар жырында ғана кездесетін әңгіме емес. Ол көп елдің батырлық жырына ортақ әңгіме. Оларда да жігіттің мықты батыр екендігі — өзіне сенімді серік, сүйікті жар тауып алуына байланысты айтылады. Бұл жолда батыр жігіт әлденеше қиыншылықтарды басынан кешіреді, көптеген жауларын жеңеді, бірқатар сыннан өтеді, содан кейін барып мақсатына жетеді.

Қобыландының да алғаш рет шын мағынасындағы батыр атанып, даңқы шығуы оның Құртқаға үйленуіне байланысты. Жігіт болып ер жеткен Қобыланды өзіне лайық, тең, жар-жолдас іздейді. Бірақ, ондай адам өз елінен (Қыпшақ руынан) табылмайды. Сондықтан, жыршы ақындар Қобыландыны Көкілан (кейде Көктім) кемпірдің еліне аттандырады. Ел ұғымында Көкілан кемпір — өте күшті алып дәулерді билеп отырған адам. Көкіланның қызы Құртқада да білгірлік, даналық қасиет бар, ақыл жағынан шешесінен артық болмаса кем емес. Сөйткен Құртқаға көптеген батыр жігіттер ғашық болады, «аламын» деп дәмеленеді. Ол жігіттерге Көкіланның да, Құртқаның да



қоятын бір ғана шарты бар. Ол шартта: үлкен бәйтеректің басына қойылған жамбыны садақпен атып түсірген адамға ғана Құртқа тиеді делінген. Бірақ бұл шартты Қобыландыдан басқа ешбір батыр орындай алмайды.

Сонымен жырдың барлық вариантында Қобыландының жұрт алдында батыр атануы Құртқаны алуынан басталады. Садақтың оғымен жамбыны атып түсіру батырлық емес, ол мергендік, бұлай ету Қобыландының образына олқылық секілді болады. Сондықтан жырда, батырдың күштілігін көрсету үшін, оған жамбыны атқызбай, қара тас пен шойыннан құйылған діңгекті қақ айыртады. Садақтың оғымен қара тасты (не шойын діңгекті) қақ айыруы Қобыландыны өте мықты алып батыр етіп көрсетпек.

Қобыланды Көкіланның алып дәулерін де жарыста жеңіп шығады. Бір көлдің суын бір-ақ ұрттай салатын, қолдарына үлкен-үлкен тауларды ойыншық етіп ұстап жүретін алып дәулерді Қобыландының жеңуі, оның жаратылысы ерекше, бойында асқан күші бар батыр екендігін көрсету үшін келтіріледі. Мұндай батыр ел шетіне қандай жау келсе де, оған қарсы тұруға жарайды, ондай жауларды жеңе алады, сөйтіп, еліне қамқор болады деген негізгі идея жырға қосылады.

Жыршы ақындар Қобыландының туысын, балалық шағын, Құртқаға үйлену жайын айта отырып, мұның бәрі батырлық іске даярлық дегендей қорытынды жасайды.

Бұдан арғы жерде барлық вариантында Қобыланды өмірінің екінші кезеңі, Отанын қорғаған, халықтың жауларына қарсы соғысқан кездері айтылады. Осы негізде Қобыландының батырлық образы жасалады. Әрине, жыршы ақындар Қобыландының ел қорғауда жасаған батырлық істерін салған беттен сипаттап, толығынан айтып тастамайды. Жыршы ақын өзінің жырын, ең алдымен, ұсақ әңгімелерден бастап, содан кейін үлкен оқиғаларды баяндауға кіріседі.

Осы тұрғыдан қарағанда, жыршылар Қобыландының ел қорғаудағы батырлық образын да бірден туғызбайды. Олар Қобыландының ерлік істерін әр әңгімеде, әр жағдайда бір суреттей отырып, халқына қорған болған, басқыншы жауларға қарсы асқан ерлікпен соғысып жауын жеңген батырдың образын жасайды. Ең алдымен батырдың не себепті ерлік көрсетуге тиісті екендігі айтылады. Бұл себеп батырдың халқы, Отаны болады. Қобыланды өзінің елін, ата-анасын, туған-туыстарын жақсы көреді, шын ықыласымен сүйеді, өзін олардың қорғаны деп біледі. Сондықтан да ол өз

еліне қандай жау келсе де қарсы тұруды, елін жаудан қорғап алуды мақсат етеді. Бұған жыршылар тыңдаушылардың көңілін аударады.

Қобыландыға Қараман келіп, Қазанның жаугершілік жасап, әлденеше рет елдің мазасын алғандығын және сол Қазан тағы да шабуыл жасап келе жатқанын естігенде, ол ашуы бұрқырап намыстанады, халықтың басына төнген қауіпке қатты қиналады, тұла бойын ыза кернейді, қару-жарағын асынып басқыншы жау — Қазанға қарсы аттанады. Еліне Қазанның өзі келіп шабуыл жасауын күтіп отырмайды, басқыншы жауды өз жерінде талқандауды мақсат етеді. Бұл сапарға бармауын өтінген ағайын-туыстарының сөзіне Қобыланды құлақ аспайды. Қыпшақ еліне ойран салу мақсатымен келе жатқан жауға қарсы аттанбай, үйде отырып қалуды намыс көреді. Сондықтан да ол қарындасы Қарлығашқа берген жауабында, өзінің халық үшін туған батыр екенін, ағайын-туыстан да, жеке қарабастың амандығынан да халық намысы, ел мүддесі артық екенін білдіреді.

Бәрінен де қымбаты өз Отаны, өз халқы деп білген, оны басқыншы жаудан қорғап алу — халық үшін туған батырдың басты борышы екенін түсінген Қобыланды майданға аттанады. Осыдан бастап, халық намысы үшін басқыншы жауға қарсы аттанған батырдың майданда жасаған ерлік істері жырдың негізгі әңгімесіне айналады. Жыршы ақындар Қобыландының жау батырларымен күресін бірден жырлай салмайды. Ең алдымен, қас батырлардың бір-бірімен қалай кездескені айтылады. Әңгіме олардың танысуынан басталады. Екі батыр жекпе-жек соғысқа кіріспестен бұрын, бір-бірін сөзбен сынасады, сөзбен найзалап алады. Әрқайсысы сөз арқылы өздерінің күштіліктерін білдіреді. Олардың өз сөздері арқылы батырлық образдары жасалады. Мәселен, Қазан батыр өзінің мықтылығын, талай жауын жеңгенін айтып, Қобыландының соғыспай бағынуын, үстіндегі көк сауыт пен астындағы Тайбурылды бере қоюын талап етеді. Бірақ, оған Қобыланды көнбейді, Қазаннан күшті болмаса, кем еместігін, срегіссе, Қазанды жеңетінін ескертеді.

Қобыланды мен Қазан алғашқы кездесулерінде бір-бірін сөзбен шенесіп алғаннан кейін, қолма-қол ұрысқа кіріседі. Сонда екі батыр:

Ырғай сапты сүңгіні,  
Ырғай-ырғай салысты,  
Найза қанға майысты,  
Қармақ болып қайысты,

Түкіргенде жып татты,  
Қанжар қалды қайысып,  
Семсер қалды майысып...  
Ерлер жаннан түңілді,

Итерісіп тұрысты,  
Ат тізесін бүгісті,  
Бүгісе, бүгісе тұрысты,  
Тебінгіден тер ақты,  
Қабырғадан қан ақты,

Аш күзендей бүгілді.  
Екеуінің ақ сауыт  
Шығыршықтан сөгілді...  
Екеуінің ақ сауыт  
Ескі бөздей жыртылды...!

Осы ретпен олар көп алысады. Ақырында, Қобыланды Қазанды жеңеді. Бұдан кейін ол Көбіктіні, Алшағырды, Шошай мен Барсаны да жеңеді. Өйткені, Қобыланды әділ іс үшін, халық намысы үшін күреседі. Ал, жау батырлары қанша мықты болғанымен де жеңіліс табады, өйткені олар өзінің халқын қорғау үшін, әділ іс үшін емес, басқа елдерді өзіне бағындырып алу үшін күреседі. Сондықтан да олардың жолдары болмайды. Қобыландыдан жеңіліп қалады. Бұл арада жыршы ақындар жау батырларының шапқыншы екендігін, ондайлардың жауыздық әрекеті ешқашан да іске аспайтынын, оны әділдік жеңетінін дұрыс көрсетеді. Сонымен қатар, олар Қобыланды арқылы әділдік істі сүйгіш, сол жолда қандай ерлік болса да жасау қолынан келетін халық күшін суреттейді. Екінші сөзбен айтқанда, бұл жерде Қобыланды образы арқылы халықтың қаһарман күші бейнеледі.

Қобыландының батырлық образы оның жау батырларымен жекпе-жек соғыстары арқылы ғана ашылмайды. Бұл оның батырлық образын жасаудың бір жолы ғана. Жыршы ақындар Қобыландыны жаудың көп әскерімен де соғыстырады.

Халық намысын қорғау үшін туған Қобыланды басқыншы жаудың сан мыңдаған әскерімен кездескенде, одан үрейленіп зәресі ұшпайды, тайсалмайды, қорқу дегенді есіне де алмайды. Қайта жау әскерлерін көргенде, Қобыландының күш-қуаты арта түседі. Жау әскерлеріне қарсы шабады.

Ердің жаудан қашуы,  
Ар-намысқа бұрыс-ты,—

деп атой салады. Жалғыз өзі жаудың самсаған қолын қырып тастайды.

Қобыландының осыншалық ерлік жасауы, жасанған жауды жапыра қыруы — бұл бір адам арқылы берілген халық күшінің сипаты болмақ. Қобыландыны ерлік іске бастаған да, оны рухтандырған да халық, халықтың намысы. «Елін сүйген ер болар» дегендей, Қобыландының батыр атануы, ерлік жасауы — оның ел-жұртын, халқын адал ниет, шын көңілімен сүйгендігінен. Қайда, қандай жағдайда жүрсе де

<sup>1</sup> 1. Біржанның жырынан.

Қобыландының есінен ел-жұрты кетпейді. Ол жорықтан қайтып келе жатып елінің шабылып қалғанын түсі арқылы біледі. Бұған қатты ызаланады:

Жау шауыпты елімді,  
Дұшпан басып белімді  
Кесіп кетті желімді,—

дейді Қобыланды Қарлығаға.

Қобыланды елінің жұртына кез болады, «таң атқанда қараса, жұрты жатыр, елі жоқ» екеніне, халықтың жау қолында кеткеніне қамығып:

Алтын ерге сүйеніп,  
Өксіп-өксіп жылайды,—

Басқыншы жаудың Қобыландының ел-жұртын шауып әкетуі, халықты зар жылатып қызыл қанға бояғаны батырға қатты батады. Ел басына туған ауыр күйге Қобыланды өте қайғырады, көзіне қанды жас алады да:

Шерменде болған халқыма  
Тигізейін пайда деп,—

жалғыз өзі тағы да майданға, елін Алшағырдан құтқарып алуға аттанады. Шерменде болған халқын жаудан құтқарып алу үшін «шыбындай жанын шүберекке түйеді», бұл жолы тағы да ерлік істер жасауға бел байлайды. Сондықтан да, жыршы ақындар Қобыландыны ел-жұртын, халқын сүйген патриот ұл, шын батыр етіп жырлайды, оның ісін басқаларға үлгі етеді.

Жыршы-ақындар Қобыландының патриот батыр екендігін халық ұғымында қас батырға тән қасиеттерімен де дәлелдей түседі. Ол қасиеттер: айтқан сөзде тұрушылық, намысқорлық, аңғалдық, жолдастық-достықты сақтаушылық. Мұның бәрі халық ұғымында батырлық белгісі саналады. Бұл қасиеттер Қобыландының бойында да бар екендігін жыршы-ақындар дәлелдеп көрсетеді.

Алшағыр хан Қобыландымен өтірік дос болады да, батырды алдап өлтіру жайын қарастырады. Осы мақсатын жүзеге асыру үшін Алшағыр Қобыландыдан: «Дос болсаң, менің жауларымнан кек әпер», — деп өтінді. Бұған Қобыланды разылық білдіріп, жорыққа аттанады. Алшағырдың залымдықпен Қобыландыны жорыққа аттандырып отырғанын білген Құртқа батырдың бұл сапарға бармауын сұрайды. Бірақ: «Екі сөйлегенім өлгенге тең, айтқанымнан қайтпаймын»,— деп Қобыланды Құртқаның сөзіне құлақ аспайды. Бұл әңгімені жыршылар Қобыландының бір сөзді, уәдеде тұрғыш, айтқанынан қайтпайтын батыр екендігін көрсету үшін келтірген.

Халық ұғымында қас батырға тән қасиеттің бірі — намысқорлық. Бұл қасиет, намыс сезімі Қобыланды да бар. Мәселен: «Еліңді қызылбастың Қазан батыр бастаған әскерлері шапқалы келе жатыр», — дегенде, немесе: «Еліңді Алшағыр шауып әкетті», — деген хабарды естігенде, Қобыланды батыр өте қатты ашуланады, ызаланады. Жаудың баса-көктеп келе жатқанына намыстанады, басқыншы жауға қарсы аттанады. Бұл тек қана Қобыландының өзіндік намысы емес, ол халықтың намысы. Халық ашуы, халықтың қаһарлы намысы жырда Қобыланды арқылы көрсетілген. Мұнымен қатар, жырда Қобыландының өзіндік намыстары да суреттеледі. Мұны жыршы ақындар, әсіресе, батырдың жауға қарсы жекпе-жек шыққан кездері тұсында, немесе Қобыландының Көбікті қызы Қарлығаға айтқан:

Өшті болған әкеңнен  
Өшімді алмай мен қашпан,  
Кекті болған әкеңнен  
Кегімді алмай мен қашпан,—

деген сөздерімен дәлелдейді. Әрине, мұндағы намыстанудың негізінде де халық кегі бар, бірақ оны жыршылар Қобыландының өз намысы есебінде келтіреді. Сөйтіп, жыршы ақындар Қобыландыны намыс батыры етіп көрсетеді. Намыс үшін күрескен батырдың образын жасайды.

Халық ұғымында қас батырға тән қасиеттің бірі — аңғалдық. Шын батыр бала мінезді аңқау, аңғал болмақ дегенді жыршылар Қобыландының бойынан да табады. Мәселен, Қобыланды Қараманның әзіліне нанып қалады да, Құртқаны өлтіре жаздайды. (Кейіннен, мұны Қобыландының өзі де мойындайды) Жаңа ғана танысып дос болған Ақшаханның немесе Ханбибінің алдап өлімге жіберіп отырғанын Қобыланды аңғармай, аңқаулық жасайды. Жыршылар мұның бәрің Қобыландының батыр екендігін көрсететін дәлел етіп келтіреді.

Батырлар жырында көп кездесетін әңгіменің бірі — батырлардың достық-жолдастығы. Дос бола білу, оны шын көңілмен қадірлеу, сол достық үшін керек жерінде жан беруге дейін бару — батырлардың негізгі шарты деп есептелген. Кімде-кім осы шартты бұлжытпай орындап отырса, оны халық батыр деп бағалаған. Қобыландының да осы шартты кіршіксіз орындағанын жыршылар молынан көрсетеді. Мәселен, Қараман Қобыландыға келіп, құрдастығын айтады. Екеуі достасады. Содан былайғы жерде, Қараманның тілегі бойынша, Қобыланды Қазанның Қырлы қаласын алып береді, Көбіктіні жеңеді, оның мал-мүлкін және Қарлығаны



сауға сұраған Қараманға береді. Осының бәрін ол Қараманның жолдастық-құрдастығы үшін істейді. Бірақ, Қараман мұны бағаламайды, Қобыландыны жау қолына (Көбіктіге) тастап кетуге дейін барады. Қобыландыны ұмытып та кетеді. Бұған Қобыланды қынжылмайды. Жыршы-ақындар осы тұста да Қобыланды мен Қараманды салыстыра келіп, Қобыландының достық-жолдастықты жоғары бағалаған батыр екенін, бұл қас батырлықтың белгісі екенін аңғартады.

Мұнымен қатар, жыршы ақындар Қобыланды образын оның ағайын-туыстарының және жау адамдарының сөзімен де, ақындық сипаттау жолымен де толықтыра, ұлғайта түседі. Қобыландыны оған қарсы күресетін жау адамдарымен салыстыра отырып та, батырдың батырлық образын береді.

Қобыландының халық ісі үшін жан аямайтындығын, басқыншы жауға қарсы асқан ерлікпен күресуін, ел — Отанын, халқын адал көңіл, шын ниетімен сүйетіндігін, халық намысы үшін ар-ұятымен қызмет еткен адам екендігін және оның аңғырт-аңғал, намысқор мінезін, жолдастық-достығын, адамгершілігін жыршы-ақындар молынан суреттей отырып, халқына айбар болар батырлық образын жасайды.

Әрине, жыршы-ақындар Қобыландыны жағымды бейнеде ала отырып, оның халық тілегіне жатпайтын кейбір істеріне сын да айтады. Қобыланды Қараманның сөзіне еріп, олжа алу үшін Көбіктінің еліне аттанады. Мұны халық жыры қолдамайды, батырдың жағымсыз ісі деп көрсетеді де Қобыландыны жау қолына түсіреді. Қобыландының бұл жолғы ісін шапқыншылық деп біледі де, жыршылар оны сол ісі үшін жазаға тартады. Қобыланды зынданға түсіп қалады және ел-жұртын Алшағыр шауып әкетеді. Мұнымен халық жырының айтайын дегені — қанша мықты батыр болсаң да шапқыншылық жасама, ұрыншақ болма, ондай әрекет еткен адамның жолы сәтсіздікке ұшырайды деп ескертпек, содан сақтандырмақ.

**ҚАРАМАН** «Қобыланды батыр» жырының Марабай, Біржан, Мергенбай айтатын варианттарындағы негізгі образдың бірі — Қараман (Басқа варианттарда ол айтылмайды).

Қараман — жағымсыз бейнеде алынған образ. Оның жырға қосылуы Қобыландының батырлық даңқын көтеру үшін, ел қорғаған ер қайсы, қара бастың қамын ойлаған ез қайсы екенін көрсету үшін, нағыз батыр мен қорқақты айыру үшін алынған деуге болады.

Рас, Қараман өзін-өзі «батырмын» деп есептейді. Ол Қызылбастарға қарсы аттанбақшы болып қол да жинайды. Бірақ жау қарасын көрмей жатып табаны тайғанай береді, қасында көп әскері бола тұра, жаумен соғысудан қорқа бастайды. Сондықтан да ол көмек сұрап Қобыландыға келеді. Мұны халық жыры Қараманның батырлық іске жарай алмайтындығын, қорқақтығы деп көрсетеді және нағыз батыр болса қас жауға қарсы шабар еді, кісіден көмек сұрамас еді деген ойды білдіреді.

Қобыландының бірге еріп бармайтындығын білген Қараман батырсынып майданға аттанды. Жау қарасын көрген кезде: «Кімде-кім жау қамалын бұзса, соны қолбасы етем»,— дейді, жекпе-жек ұрысқа кіруден қорқып, бас сауғалап отырып қалады. Мұнымен де жыр Қараманның қоян жүрек қорқақтығын көрсетеді.

Кейіннен Қараман Қобыландымен бірлесіп, бірнеше ұрысқа да қатысады. Алайда, ол бірде-бір ұрыста ерлік жасай алмай, қосақ арасында жүреді. Бір сәтте Қараман Көбіктіге қарсы барып, оған найза да салады, ерлік іс бастағандай болады. Бірақ онысынан еш нәрсе шықпайды, жеңіліп қалады. Қараман Көбіктінің өзі түгіл, оның өлігінен де зәресі ұшады. Мәселен, Қобыланды батыр Көбіктімен жекпе-жек соғысады да, оны жеңеді. Көбіктінің денесі екі бөлінеді де, бөксесі ат үстінде кетеді. Көбіктінің тұлпары бөксені алып жылқыға қарай тарта жөнеледі. Сол кезде жылқы ішінде жүрген Қараман қатты сасады, зәресі ұшады:

Қараманның жылқыда,  
Құлағын дүбір шалады,  
Арт жағына қарады,  
Көрді жалғыз қараны...

«Көбікті мұнда келед» деп,  
«Сазамды менің беред» деп,  
Жылқыдан қаша жөнелді,—

деп, жыр оның қорқақтығын мысқылға айналдырады. Жаңағы келген Көбіктінің өзі емес, оның бөксесі екендігін көргенде:

Ат үстінен бөксені,  
Тартып енді қарады,  
Бұған бөксе болмады,  
Қараман сөйтіп сорлады,—

дейді жыр. Бұл арада жыршылар Қараман турасындағы мысқылын үдетіп жібереді, мазақ етеді.

Қараман — қорқақ адам. Ол өз қара басының аман-саулығын көздейді. Бұл ретте ол жауына жалынып, кешірім сұрауға дейін барады. Мәселен, Көбіктінің қолына түсіп қалып, зынданда жатқан кезінде бұлардың қасына Қарлыға

келеді де: «Тұтқыннан босатсам, не дер едің»,— дейді. Сонда Қараман:

Менің өзім нашармын,  
Түтікпен ауыз ашармын,  
Бұл бейнеттен құтқарсаң,

Болайын сізден тасаттық.  
Қарлыға, босат қолымды  
Бұл шаһардан қашамын,—

деп жалынады. Ал Қобыланды Көбіктіден өш алмай кетпейтіндігін білдіреді. Осы арада жыршылар Қобыланды мен Қараманды тағы да салыстырып өтеді. Сонда Қараманның жасық екенін, ал Қобыландының қайтпас қайсар, халықты қорғау жолында қандай қиыншылыққа болса да көнетін, жауынан алысып босанбай, жай біреудің көмектесуі арқылы босанып кетуді өзіне ар көретін батыр екендігін аңғартады.

Өз басының пайдасын ойлайтын және қысылған жерде жолдасын жауға тастап кетуден тайынбайтын, кеудесінде намыс оты жоқ қорқақ Қараман батырлық істі «өзім ғана тындырдым» деп жүреді, Қобыландыны есіне де алмайды. Көбіктіні жеңіп, барлық олжа өз қолына түскенде, Қараман үлкен той жасайды. Бірақ оған Қобыландыны шақырмайды, айдалада қалдырып та кетеді. Мұынсымен де ол жолдастық қасиеті, адамгершілігі жоқ адам екенін көрсетеді.

Жыршы-ақындар Қараманның қорқақтығын, жолдастық қасиеті, адамгершілігі жоқтығын суреттеумен қатар, оның мансапқор екендігін де көрсетеді. Бұл ретте ол көзі тойса да көңілі тоймаған, көңілі тойса да көзі тоймаған адам бейнесінде алынады. Қазаннан түскен көп олжаға көзі тоймаған Қараман Көбіктінің еліне бару жайын айтады. Ондағы мақсаты Қобыландының күшін пайдаланып, тағы да көп олжа түсіру болады. Мұнымен де тұрмай, ол үнемі сауға сұрап жүреді. Бірде Қобыландыдан Қарлығаны, екіншісінде Қарлығадан Қаныкей мен Тыныкейді сауғаға алады. Осы тұста халық жыры Қарлығаның сөзімен:

Көлге біткен жекенсің,  
Бүршігі жоқ тікенсің,  
Артық асқан бағаң жоқ,

Құдайдан сұрар шамаң жоқ,  
Өзіңе біткен мал-жанды,  
Сауғадан жиған екенсің,—

деп шенеп өтеді.

Қараманның қасиетсіз адам екендігін Қобыланды да біледі. Бірақ оған өкпе, наз айтпайды. Оның себебі: Қараманның құрдастығын ескергендіктен; екіншіден, мұндай адам ашу-өкпе, наз айтуға тұрмайды деп түсінгендіктен. Солай болса да:

Неше батыр болсаң да,  
Үйде қалған Құртқаның  
Сатса алмаймын өзіне.

Өзі түгіл алмаймын  
Сағынғанда бір ауыз  
«Қалқамжан» деген сөзіне,—

дейді Қобыланды Қараманға.

Сөйтіп, халық жыры Қараман образын жағымсыз бейнеде суреттей отырып, оның істерін мінеп, мысқылдап мазақ етеді. Мұндай адамдарды жыршылар үлгі ету үшін емес, одан жұртты жирендіру үшін жырға қосқан деуге болады.

**ҚҰРТҚА** Халықтың батырлар жырында суреттелетін әйелдер көбінесе батырдың сүйікті жар-жолдасы, сенімді серігі, ақылшы досы ретінде алынады. Халық әйелдер жөніндегі әділетті, турашыл көзқарасын ауыз әдебиетіне енгізгенде, ақылды, білгір, дана адамдар әйелдер арасынан да шығатындығын көрсетеді. Мұндай әйелдерді ерлермен қатар қойып жырына қосады, олардың жағымды образын жасайды.

Осы негізде туған көркем образдың бірі — Құртқа.

Халық жырында Қобыланды қандай ардақты болса, Құртқа да сондай. Егер халық жыры Қобыландыны ел қорғаған, халқына қамқор болған батыр деп көрсетсе, Құртқаны ақылды, білгір, дана адам деп жыр етеді.

Құртқаның аса ақылды, білгір адам екендігі оның Қобыландыға көрсеткен қамқорлық істерімен суреттеледі. Бұл ретте халықтың Қобыландыға айтар ақылды да, көрсетер көмегі мен қамқорлығы да осы Құртқа арқылы берілген деуге болады. Құртқаның осындай ақылды, білгір адам екендігі Қобыландыға керекті тұлпарды, қару-жарақты даярлап беруінен басталады. Мұны ол батырдың даңқын көтеру үшін емес, ел қамын ойлағандықтан жасайды.

Осыдан былайғы әңгімелерде Құртқа бейнесі жырда айқындала береді. Ол қысылған жерде жол табатын, ақылға салып іс қылатын, жағдайды шолып, болашақты болжайтын білгір адам бейнесінде жырға қосылады.

Қараман келіп, Қобыландының Қазанға қарсы аттануын өтінеді. Қобыландының: «Бұл сапарға барар-бармасымды үйдегі Құртқам біледі», — деген сөзін естігенде, Қараман оған тіл тигізеді. Қараманның бұл сөзіне қатты ыза болған Қобыланды, Құртқаның басын алмақ болып ауылына шаба жөнеледі. Осы бір қысылшаң шақта, Құртқа: «Ақылмен ойлап, жол табады», — батырдың алдынан бүкіл қару-жарағын және Тайбурылды алып шығады. Сөйтіп батырдың ашуын тарқатады.

Қазанға қарсы аттанбақ болып тұрған Қобыландыға Құртқа ақыл айтады, Қараманның қандай адам екендігін сипаттап береді және осы сапардан қашан ораларын, ел-жұртының қандай күйге ұшыраған кезінде қайтып келерін



болжайды. Кейіннен Құртқаның сөзі шынға айналады. Әрине, Құртқаның бұл айтқандары аруаққа, балгерлікке сүйенгендіктен туған емес. Ол сол кездің шындығына негізделген. Ол заманда ел мен елдің арасында әр түрлі айқасулар, бірін-бірі анду, торулар көп болған. Елдің батыры шетке шыға қалса-ақ, оны аңдып жүрген жаулары пайдаланып шабуыл жасаған, шауып әкеткен. Ондай жау Қобыландыда көп болған. Құртқа болжау айтқанда, осыны еске алады. Қараман көмек сұрағанда, оның батыр емес екендігін Құртқа бірден-ақ таниды. Қасында қырық мың әскері бар адамның көмек сұрауы қорқақтықтың белгісі деп біледі және ондайлар өз қара басының қамын ойлайтындығын түсінеді. Мұның бәрін халық жыры Құртқаның ақылды, білгірлігін көрсету үшін келтіреді.

Құртқа қандай күйге ұшыраса да, Қобыландыны есінен шығармайтын адал жар бейнесінде суреттеледі. Ел-жұртын Алшағыр шауып алып байлауға түскен кезде де, Құртқа ақылмен іс істейді. Қобыландының келетініне сенеді де, бір кезде Тайбурыл байланған алтын қазықты және күлге көміп азық тастап кетеді; жолшыбай тұлпардың жемін шашып отырады. Бұларға Қобыланды кез болады да, ел-жұртын қандай жаудың қалай қарай алып кеткенін біледі. Құртқаның білгірлікпен істеген осы бір ісінің кейіннен Қобыландының ел-жұртын жау қолынан босатып алуына көп көмегі тиеді. Алшағырдың қолына түсіп, қамауда жатқан күнінде де Құртқа Қобыландыдан күдер үзбейді, қайта сағынышы арта береді. Қобыланды келіп, Алшағырдың қорғанын қалай алу жайын ойлап тұрған шақта оның алдынан Құртқа шығады, ол ақыл-айласымен Алшағырды алдайды және Қобыландыға қорғанды қалай бұзудың жолын айтады. Сөйтіп ол бұл жерде де батырға көп жәрдем жасайды.

Құртқа Қобыландының достары мен дұшпандарының алдында абыройы түспеуін де қатты ойлайды. Алшағырдан ел-жұртын босатуға келген кезінде, алдынан шыққан Құртқаға Қобыланды сағыныш сезімін білдіреді. Батырдың мұнысы аңғалдық екенін білген Құртқа: «Әуелі жау қолынан ел-жұртыңды босатып ал, олай етпей тұрып, менімен болып кетсең — досқа күлкі, дұшпанға таба боларсың, елін босатпай жатып, әйелімен кетті деген сөзге қаларсың», — деп ақыл айтады. Жұрт алдына батырдың өск сөзге ілікпеуін, абыройы түспеуін ойлайды.

Тағы бір мысал: Мұрын жыраудың жырында Алшағыр хан той жасап Қобыландыны қонаққа шақырады, тойда ат жарысы болатындығын хабарлайды. Тойға барар алдында



Құртқа Қобыландыға мынадай ақыл береді: «Алшағыр хан сені сынамақ, ретін тапса, сені бала деп мазақ етпек. Сен өзінді ханнан кем ұстама, алдыңнан қыз-келіншек, бозбалалар шықса, оларға қарама, хан ордасына тура тарт та, төрінде отыр. Ат шабысы болса, бәйгіге қосатын тұлпарыңа өзің мінбе, басқа бір баланы мінгіз»,— дейді.

Жыршы ақындар Құртқаның ақылын, даналығын, білгірлік істерін аса жоғары бағалайды, оны жастарға үлгі етеді. Құртқаның істеріне сүйсінген халық Қобыландының сөзімен «ақылы артық Құртқажан, хан болуға лайықты» деп көрсетеді. Бұдан халықтың халыққа қорған болған ерлермен қатар ақылды, дана әйелдерді де ардақтағаны көрінеді.

**ҚАРЛЫҒА** Егер жырда Құртқа ақылды, білгір, дана, адам бейнесінде суреттелсе, Қарлыға көк сауытты киінген, көк сүңгіні ұстаған батыр тұлғасында алынады. Оның істеріне батырлық сипат береді.

Жыршылардың қайсысы болса да (Нұрпейіс пен Мұрын жырында Қарлыға кездеспейді) Қарлығаны батыр, өжет қыз етіп суреттейді. Олар Қарлығаның батырлық істері ел қарғау тілегіне байланысты еместігін, оны бұған бастап жүрген махаббат күші, қыз намысы екендігін көрсетеді. Мұны әр ақын өзінше дәлелдейді. Марабай, Біржан, Айса жырларында Қарлыға — Көбіктіден туған батыр қыз, оның бар мақсаты, арманы өзі секілді батырға қосылу — деп дәлелденеді. Бұл мақсатына жету жолында бөгеттердің көп екендігін Қарлыға жақсы түсінеді. Ең бірінші бөгет өз әкесі Көбікті деп біледі. «Егер әкем Көбікті менің өзім сүйген жігітіме бермейтін болса, онда мен әкемді өлтірмекке бел байладым, сол үшін оның үстіндегі көк сауыттың кіндік тұсындағы үш көзін кем тоқып едім, сол жерінен аттырамын деп едім»,— дейді Қарлыға.

Мергенбай жырында Қарлығаның анасы мұсылман қызы еді, оны Көбікті жаугершілік кезінде тартып әкелген еді делінеді. Сол ана өлер алдында Қарлығаға бір үлкен аманат тапсырады: «Мені Көбікті зорлықпен алды, жас өмірім қорлықпен өтті. Енді сен сүйгеніңе қосыл, егер бір мұсылманға кез болсаң, одан айрылма, етегінен ұста»,— дейді. Анасының осы аманатын есіне сақтаған Қарлыға, өзіне тең жар-жолдасты мұсылманнан іздейді. Бұл жолда қандай бөгет болса да, оған қарсы тұруға, жеңуге бел байлайды. Сөйтіп, жыршы-ақындар Қарлығаның ерлік істер жасауы,

батыр қыз атануы — оның бас бостандығы үшін күресуінен, сүйген жігітіне қосылу арманына жету мақсатынан туған деп суреттейді. Осындай мақсатты алдына қойған Қарлыға ойламаған жерден Қобыландыға кездеседі, оны бірден-ақ ұнатады, өзіне тең тұтады, ғашық болады, Қобыланды жағына шығады. Сондықтан да ол:

Арманым жоқ дүниеден  
Қобыландымен бас қосып,  
Бірге жүріп өлсем деп,—

ант етеді. Оның бар арманы да, тілегі де Қобыланды болады. Қайткен күнде де батырдың көзіне түсіп, оны шын жүрекпен сүйетіндігін сөзімен емес, ісімен көрсетуге тырысады. Ол Қобыланды үшін қолынан келген жәрдем-көмегін аямайды, «шыбындай жанын шүберекке» түйеді. Өйткені:

Қарлыға сынды сұлудың  
Көңілі қатты сүйеді,  
Қобыландыдай баланы.—

Қобыландыға ғашық болған Қарлыға, осы жолда жан қиярлық істер істейді. Ел-жұртын тастап Қобыландыға ереді, өз әкесі Көбіктіні өлтірісуге көмектеседі, туған інісі Быршымбайды өлтіреді. Мұның бәрін ол өз намысын қорғау үшін, сүйген адамына қосылу үшін жасайды. Осындай жан қиярлық істер жасаған Қарлығаны халық жыры батыр бейнесінде жырлайды.

Қарлығаның күшті адам екендігі жырда мол көрініп отырады. Мәселен, Көбікті Қобыланды мен Қараманды ұстап әкеліп, оларды зынданға салуды Қарлығаға тапсырады. Сонда Қарлыға Қобыланды мен Қараманды екі қолтығына:

Боғжамаша қысып ап  
Ақырын алып жөнелді.—

— деп оның алып күшті батыр екендігін суреттейді. Алшағырдан Қобыландының ел-жұртын босатып алу жолында Қарлыға бірсыпыра ерліктер жасайды, жау батырларын найзамен іліп тастап отырады. Кейіннен ол Қобыландының өзін де ат үстінен түсіріп кетеді. Мұның бәрі жырда Қарлығаның батырлық образын жасау үшін алынады.

Қарлыға тек батыр ғана емес, ол өзінің ақылы, адамгершілік мінездерімен де сүйкімді. Қобыландылар Көбіктіні жеңеді де, оның құрметіне Қараман той жасайды. Бірақ Қараман бұл тойға Қобыландыны шақырмай, айдалада жалғыз қалдырады. Бұған Қобыланды қапаланады, қамығады, сол кезде бұл жайды біліп:

«Қобыланды жалғыз қалған соң,  
Қарамандай жаманға,  
Толып жатқан көп қият  
Артықша құрмет қылған соң,  
Қыз да болса Қарлыға...»—

келеді. Қобыланды Қарлығаның адамгершілігі Қараманнан артық екенін біліп, оған өзінің түсін, елінің шабылып қалғанын, бұл жанына қатып тұрғанын айтады. Сонда Қарлыға Қобыландының қайғысына ортақ екенін білдіреді, қайғыланған батырды жұбатып:

Ер де сасар болар ма,  
Етегін басар болар ма...  
Мұндай іске қуанбай  
Батыр қашар болар ма...

Бүлінген елге жете көр,  
Шабылған елге жете көр...  
Мен де артыңнан барайын:...

деп, Қобыландыға рух береді, Қобыландыны шын сүйгендіктен оған сөзімен де, ерлік ісімен де көмектеседі. Осы тұста халық жыры Қараман мен Қарлығаны салыстырып өтеді де, Қарлығаның жолдастығы, адамгершілігі Қараманнан әлдеқайда жоғары екендігін аңғартады. Қобыландыға көмек беруге Қараман жарамаса, Қарлыға сөзінде тұрып, Қараманнан ерлігін асырады. Қобыландының Алшағырдан ел-жұртын құтқарып алуына болысады. Сондықтан да халық жыры Қарлығаны «Қыз да болса ер еді» деп Қобыландылардың қатарына қояды.

Қобыландыға ғашық болған Қарлыға қаншама ерліктер жасаса да, мақсатына жете алмайды. Оған Қобыланды көңіл аудармайды. Ол өзінің ел-жұртын Алшағырдан босатып алғаннан кейін Қарлығаны ұмытып та кетеді. Қарлығамен ешкімнің жұмысы да болмайды. Бұған ызаланған Қарлыға Қарасан тауын жалғыз мекендеп жата береді. Қобыланды үшін тағы да қайғы-қасірет тартады, бір кездегі қуанышы күйінішке айналады, ғашықтық отымен айдалада қалып қойған намысы тұла бойын меңдете береді. Осы тұста ол Шошай ханның Қобыландыға жасаған шабуылын пайдаланады. Жау әскеріне қосылып, Қобыландыға қарсы аттанады. Қан майдан үстінде батырға найза салып, аттан түсіріп кетеді. Бір кезде Қобыландыға деген сүйіспеншілік, ғашықтық, махаббат сезімі енді кекке айналады. Қарлыға ғашықтық жолында өзінің туған-туыстарын ғана емес, енді сол ғашықтықты бағаламаған Қобыландыны найзалауға дейін барады. Бұдан махаббат, ғашықтық сезімі ерлік істерге, өжеттілікке бастайды, қандай іске болса да бел байлаттырады, бәрінен де махаббат сезімі күшті деп жыршыақындар қорытынды шығарады. Осы негізде олар Қарлыға

образын жасайды. Қарлығаға аяушылық білдіріп, ақырында, оны Қобыландыға қосады.

**ЖАУ АДАМДАРЫ** Қазақтың батырлар жырын зерттеп еңбектер жазған Қажым Жұмалиевтің айтуына қарағанда, біріншіден, жыршы-ақындар батыр адамдар қазақта ғана бар, басқа елде жоқ деп түсінбеген. Батыр әр елде болатындығын тарихи шындық тұрғысынан жырлаған. Екіншіден, жыршы-ақындар жағымды бейнеде алынған батырлардың мықты екендігін көрсету үшін олармен алысатын жау адамдарын кемітпей, қайта күшті етіп суреттеген. Жау адамдарын осылай сипаттай отырып, жағымды батырлардың образын күшейткен<sup>1</sup>

Жыршы-ақындар батырлардың ерлік істеріне ғана ерекше көңіл бөліп қоймайды. Олардың образын күшейтіп жасау үшін жау адамдарының мықты екендіктерін суреттейді. Олай етпей, жау батырларын әлсіз, осал етіп көрсетсе, онда жағымды кейіпкерлердің ерлік істері, олардың күшті бейнесі шықпаған да болар еді.

Қобыландымен алысатын Қазан, Көбікті, Алшағыр, Барса, Быршымбайлар осал жау емес, олар — алыстан тоят іздеген, бөтен елді шауып алуды көздеген, «қайратымен мал жиған» күшті батырлар. Ал жау батырларының мақсаты өз елін қорғау емес, көрші елдерге жорық жасау, соғыс ашу, ел талап мал жию. Алдарына осындай мақсат қойған жау адамдары өздерінің күшіне сенеді. Сондықтан да, жырда олардың образы бейбіт елге жасаған қиянат-зорлығымен, өркөкірек өзімшілдігі, тәкаппарлығымен алынады.

Жыршы-ақындар жау батырларының образын жасағанда, ең алдымен, олардың сырт келбетіне көңіл аударады. Оларды ертегінің алып дәулеріне теңейді, мифтік сипат береді. Мергенбайлардың жырындағы Қазан, Көбікті, Алшағыр, т.б. жау батырлары жаратылыстан тысқары денесі, соған сай күші бар алыптар бейнесінде суреттеледі. Оларға атсаң оқ, шапсаң қылыш өтпейді, денелері шойыннан құйылған болады. Сондай-ақ, Нұрпейіс жырында Қобыланды алысатын Барса хан да ертегінің жалғыз көзді дәуі секілді. Барсаның әрбір дене мүшесінің өзі ерекше жаралған керемет нәрсе түрінде көрсетіледі. Барсаның өзін үлкен тауға ұқсатады.

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1958

... Будақтап түтін шығады,  
Мұрнының тыныс лебі екен...  
Сырғауылдан кем емес,  
Барсаның тартқан шылымы...

Айғайлаған даусымен  
Қара тасты жарады.  
Екпінімен тыныстың  
Тастар ұшып барады,—

деп, Барсаның сырт келбетін елестетеді және оның бірден екі өгіздің етін, екі батпан нан жейтіндігін, сусынына екі көлдің суын ішетіндігін айтады.

Дене құрылыстарының ерекше болуына қарай, жау адамдарының күші де, айла-амалы да, жауыздық іс-әрекеттері де кесек. Олар алып күштеріне сенеді. Қарсы келген батырларды менсінбейді, өркөкіректік, тәкаппарлық жасайды, сөзсіз бағынуын талап етеді. Мәселен, Қобыландыға қарсы шыққан Қазан батыр өзінің мықтылығын айтып:

Қазан батыр мен деймін,  
Қалжың сөзге көнбеймін.  
Ашуыма жолықпай  
Бурыл ат пен ақ сауыт  
Қол тигізбей бер деймін,—

деп өктемдік жасайды. Өздерінің күш-қайратына сенген жау батырларының қайсысы болса да, айбат шегеді, сөзімен қорқытады.

Жыршы-ақындар жау адамдарының образын осы түрде жасай келіп, олардың да күшті батыр екендіктерін жекпе-жек күрес үстінде көрсетеді. Бұл ретте олардың күші Қобыландыдан кем еместігін сипаттайды. Қобыландының алдынан шыққан Алшағырдың:

Қолындағы найзасы,  
Қара тасқа тигенде,  
Қарыс сүйем бойлаған,—

деп, оның мықтылығын бейнелейді. Алшағыр күшті болғандықтан да Қобыландымен жеті күн алысады, барлық айла-амалын қолданады. Бұдан жау батырларының осал еместігі айқындала түседі. Алшағырға көмектескен Баршымбай қандай мықты. Ол Қобыландыларға атой салғанда, әр батырды бір түйреп өтеді. Оны Қобыландылар күшпен емес, айламен жеңеді.

Жырдағы жау адамдары қанша мықты болса да, ақырында жеңіліс табады, мақсаттарына жетпейді. Оның мәнісі — олардың пәле бастап, бейбіт жатқан елге шабуыл жасауында, халыққа зорлық-зәбірлік көрсетуінде. Сөйтіп, халық жыры мұндай шапқыншылардың әрқашан да жолы болмайтындығын, жеңілетіндігін тарихи шындық тұрғысынан бейнелейді.



## ТАЙБУРЫЛ

Ел қорғау ісінде батырға жолдас болған тұлпарларды әр халық өзінің батырлық жырына екі жүйеде қосқаны байқалады.

Біріншісі, батырдың жаратылысы, туысы қандай ерекше болса, оның тұлпары да сондай болып келеді. Кейде ол тұлпарлар да батырмен бір күнде туған болады. Бұған жырда мифтік, діни мән беріледі. Мәселен, қырғыз халқының батыры Манас дүниеге келген күні оның тұлпары Аққұла туады. Кейіннен ел қорғау жөнінде ол Манасқа көп еңбек сіңіреді. Екіншісі, тұлпарды не батырдың өзі іздеп тауып алады немесе оларды батырдың жақын достары, ағайын-туыстары дайындап береді. Мәселен, Илья Муромецтің мінуіне керекті атты, батырдың қару-жарағын оның әкесі, Добрыняның мінуіне керекті атты әке-шешесі тауып береді.

Әр халық батырлар жырында батыр мінетін тұлпарларды осы секілді екі жүйеде қосады да, бұған ерекше мән береді. Мұндай тұлпарлар батырды әр түрлі қиын жағдайдан құтқарып әкетуші күш немесе тар жол, тайғақ кешулерде, қауіп-қатер туған кездерде батырға ақыл беретін білгір етіп суреттейді. Сондықтан да халық жырында батырға жолдас болған тұлпарға «Байшұбар», «Көкше тұлпар», «Желаяқ», «Бозқасқа», «Тарлан», «Қарақасқа» деген секілді аттары қойылады, батырдың жауынгер жолдасы, ағайын-туысы есебінде жырланады.

Батырға жауынгер жолдас есебінде жырға қосылған тұлпардың бірі — Тайбурыл. Жырда Тайбурылдың ел қорғаудағы қызметі, Қобыландыға жауынгер серік болуы бірден айтылмайды. Жыршылар Қобыландының образын оның ана құрсағында жатқан кезінен бастаса, Тайбурыл да сондай. Оның болашақта батырға жолдас болатын тұлпар екендігі кер биенің ішінде жатқан кезінде-ақ белгілі болады.

Кейіннен Құртқа секілді дананың күтімінде өскен Тайбурыл Қобыландыға жауынгер жолдас болады. Батырмен бірге ел қорғауға шығады, халық қиялы Қобыланды мен Тайбурылды бір-бірін түсініскен жолдастай, аға мен інідей сипаттайды. Тайбурылдың басқа тұлпардан артық бір қасиеті адам тілін білетіндігінде, айтқанды түсінетіндігінде. Қырық күншілік Қазанға бір күнде жеткізуді өтінген Қобыландыға Тайбурыл «жеткізем» деп уәде етеді.

Қобыланды түсінде Алшағырдың келіп, елін шауып кеткенін біледі де, қатты қапаланады. Бұл жайды Тайбурыл да сезіп қайғыланады, ыза кернегендіктен аяғы да ақсайды. Қобыланды өз елінің жұртына келеді де, елінің жау қай жаққа әкеткенін таба алмай тұрады. Сонда ол жолды Тай-

бурыл тауып береді. Осы секілді әңгімелерді ақындар жырына қоса отырып, Тайбурылды адамның ой-мінезін, тілін, адам сырын түсінетін ерекше қасиет бар деп көрсетеді. Сондықтан да жыршы-ақындар:

Жазығы мал демесең:  
Тайбурылдың ақылы  
Адамзаттан артық-ты,—

деп ардақтайды.

Тайбурылдың екінші бір қасиеті — жүйріктігінде. Батырлар жырында кездесетін тұлпарлардың бәрі де жүйрік. Бірақ, Тайбурылдың жүйріктігі олардың бәрінен асып жатады. Тайбурылдың жүйріктігі шапқан сайын үдей түседі, қызған сайын дами береді, Қобыланды «Әйт, жануар, шу» дегенде:

Аршындап бурыл гуледі,	Тіктеп тиген тұяғы
Табаны жерге тимеді,	Саз балшықтай иледі.
Тау мен тасты өрледі...	Сеңгір, сеңгір таулардан
Көлденең жатқан көк тасты	Секіріп бурыл жөнелді...

десе, түс кезінде Тайбурылдың жүрісі онан сайын үдеп кетеді.

Аттың жолы қазылды,	Арандай аузын ашады,
Бес жүз құлаш жазылды.	Аяғын топ-топ басады,
Омырау тері көпірді	Бір төбенің тозаңын
Бурыл көкке секірді...	Бір төбеге қосады...—

Қажу, шаршауды білмеген Тайбурыл кешке қарай жүрісті бұрынғысынан да дамытып жібереді. Сары садақтың оғындай зымырайды, жұлдыздай ағады:

Кешке таман Тайбурыл	Ұзатпай алдын тосады.
Жын қаққанға ұқсады,	Көкқұтан мен Қарабай
Құлан менен бұланды,	Көтеріліп ұшқанша
Киік пенен қоянды	Белінен кесе басады...

Көркемдік жағынан алғанда, өлеңнің әсірелеу түрінде жырланған «Тайбурылдың шабысы» — қазақтағы батырлар жырының аса сұлу, өте шебер суреттелген асқар шыңы деуге болады.

Мұнымен қатар, «Тайбурылдың шабысында» халықтың ой-арманы, қиялы жатқаны байқалады. Одан сеңгір, сеңгір таулардан бір-ақ қарғып өтетін, алысты жақын ететін, қырық күншілік жерге бір күнде жететін көлік болуды аңсаған халық қиялы көрінеді. Ерте кезде Тайбурылдай алысты бір-ақ аттайтын тұлпарларды сондай көлік болуын халықтың арман еткендігі аңғарылады.

Екінші, «Тайбурылдың шабысынан» басқыншы жауға қарсы құйындатып бара жатқан халық қаһары да, халықтың

жауға деген ызасы мен кегі де көрінетін секілді. Халық намысын ту қылып көтерген Қобыланды басқыншы жаумен дереу кездесуді, оны талқандап жеңуді арман етеді. Ол: «Еліңе жау келе жатыр»,— дегенде немесе «Елінді жау шауып кетті»,— деген хабарды естігенде қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз қатады, тұла бойын ашулы кек пен ыза кернейді. Оны сол жауға дереу жеткізетін де Тайбурыл болмақ. Ендеше, халық үшін кек алуға аттанған батырдың тасқындаған күші, найзағайдай жарқылдаған қаһары, ызасы мен намысы «Тайбурылдың шабысы» арқылы да берілгендігі байқалады.

**ЖЫРДЫҢ  
ҚҰРЫЛЫСЫ**

«Қобыланды батырдың» жыр құрылысын сөз еткенде, ең алдымен, көзге түсетін бір ерекшелік — мұнда айтылатын оқиғалардың бір адамның (Қобыландының) айналасына құрылғандығында. Жырдың негізгі тірегі — Қобыланды, сның ерлік істері. Сондықтан да жыршы ақындар барлық әңгімені Қобыланды арқылы баяндауға мән береді. Мәселен, Қобыландының Құртқаға үйленуі, Қазан, Көбікті, Алшағыр, Барса, Шошай хандармен соғысы, т.б. бәрі де Қобыландыға байланысты алынып, молынан жырланады. Оның себебі осы әңгімелерге Қобыландының өзі тікелей қатысып отырғандығында. Ал жырдағы әңгімеге Қобыланды тікелей қатыспаса, бірақ әңгіме Қобыланды жайында болса, онда да жыр біркелкі толық жырланады. (Бұған Тоқтарбайдың, Аналықтың, Қарлығаш пен Құртқалардың жоқтаулары дәлел).

Егер жырда айтылатын әңгімелер Қобыланды туралы болмай басқалар жайында баяндаса онда жыр молынан жырланбайды, қысқартылып айтылады. (Кейде «әлхисса» ендігі әңгімені пәлен туралы естіңіз дей салады). Мысалға Қараман, Быршымбай, Алшағыр жайындағы әңгімелерді алайық. Қараман Қобыландыға өкпелейді де, Қазанға өзі аттанады. Қараманның бұл кездегі ісі, ойы толығынан жырланбайды. Өйткені ол әңгімелерге Қобыланды тікелей қатыспайды және әңгіме Қобыланды туралы да болмайды. Екінші мысал: Көбікті Қобыландының қолға түскенін Быршымбай арқылы Алшағырға хабар етеді. Бұдан кейін Алшағырлар Қобыландының слін шауып алды. Бірақ қалай шапты, не істеді дегендер толығынан жырланбайды. Өйткені бұл оқиғаға Қобыланды тікелей қатыспайды.

Жырдың сюжетін құрудағы мұндай ерекшелік басқа жырларда өте сирек кездеседі. Мысалы, «Алпамыс» жырында сюжетті дамуы бір адамның ерліктерін суреттеу арқылы

болмайды. Онда әрбір оқиға өз алдына, «әлхисса, ендігі хабарды пәлен туралы естіңіз» деп жырланады, сол хабардың жайы айтылады. Бірақ ол хабарға Алпамыстың тікелей қатысы болуы, болмауы, иә Алпамыс жайында айтылу, айтылмауы шарт емес. Ондай хабарда Алпамысқа қатысы жоқ басқа өңгімелер де өз алдына айтыла береді. Мәселен, жырда батырдың өзі жоқта еліне зәбір көрсеткен Ұлтан, Тайша хандардың жайы, олардың шабуылы, ісі Алпамыстың туған-туыстарының хал-жайы өз алдына жырлана береді. Ол жаңағы айтылған хабар арқылы баяндалады.

Басқа жырларымен салыстырғанда, «Қобыланды батырдың» композициялық құрылысындағы өзіне тән ерекшеліктің бірі — оқиғаны дамытуында. Жырдағы оқиғаларды қисынын келтіре тізбектеп айту, бір оқиғадан екіншісін тудыра, өрістете жырлау, шегініс жасамай үдете түсу — аталған жырдың басты ерекшелігі. Қиыннан қиыстырып сюжет құру, жырдың композициясын олпы-солпы етпей жинақтап ұстау — әрбір ақыннан асқан шеберлікті керек етеді. Халық поэзиясында тек дарынды ақындарға ғана күрделі сюжет құрып, кесек образдар жасай алатындығын, оқиғаларды шарықтау шегіне жеткенге дейін дамыту түрінде алып және бір-бірімен шиеленістіре отырып, жыр желісін үзбей, тігісі жатық үлкен көркем шеберлік жасау үлгісін «Қобыланды батыр» көрсетті деп айта аламыз. Міне, осы негізде, Қобыландының туысынан бастап, қартайғанға дейін ел қорғау жолында жасаған ерлік істері суреттеледі. Мұны жыршы ақындар дастанның негізгі арнасы етіп алады да, оны неше алуандығын және бір-бірімен шебер қабысқан оқиғаларды тарамдап жырлау арқылы көрсетеді. Бұл ретте олар жыр оқиғасын шегініс жасамай, үнемі үдете, баяндау әдісін қолданады.

Әрине, жыршы ақындар жырдағы оқиғаларды үнемі суреттеу, сипаттау негізінде баяндай бермейді. Мұнымен бірге, олар оқиғаны дамыта айту үшін реті келген жерде және орынды түрде диалог пен монологты да қолданады. Қобыланды мен Қараманның, Құртқаның, Қазанның, т.б. диа-логтары жыр оқиғасын кеңейте жырлаудың бір әдісі есебінде алынады. ҫ

**Өлең түрі.**  
**тілі**

Жырдың Біржан, Марабай, Мергенбай, Нұрпейіс айтатын варианттары басынан аяғына дейін өлеңнің жыр түрін сақтай отырып (тек Біржанның жырында аздаған қара сөз кездеседі), батырдың туысынан бастап қартайғанға дейін жасаған ерлік істерін суреттейді. Олар өлеңнің буын саны бір қалыпты келуіне көп көңіл бөледі, екпін мен



ырғаққа айрықша мән береді. Бұл үшеуін бірлікте сақтауды өлеңдегі жыр түрінің негізгі шарты етіп алады.

Жыршы ақындардың қайсысы болса да әр алуан алыстартыс айқастарды, жекпе-жек күрестерді, шабуыл жорықтарды, шұғылынан жасалған қимыл-әрекеттерді өлеңнің әрі оралымды, әрі ұшқыр түрі жыр арқылы суреттейді. Тындаушының көз алдына елестейтіндей әдемі картиналар жасайды. Қобыландының жау батырларымен соғысы немесе Тайбурылдың шабысы қандай шапшаң болса, оларды сондай етіп елестететін жыр да шапшаң болуға керек. Сонда ғана батырлар жыры әсерлі болады. Мысалы, Қобыландыға Қараман келіп, Қазанға қарсы бірге аттануын сұрайды. «Бұл сапарға барар-бармасымды үйдегі Құртқам біледі», — деген Қобыландыға Қараман тіл тигізеді. Бұған қатты ашуланған Қобыланды ыза болып ауылына шаба жөнеледі. Осы бір ашуды жыр:

Сөз сүйектен өткен соң  
Қобыландыдай батырдың  
Тері тамып иектен,  
Түгі шығып білектен,  
Жаны тулап жүректен,  
Тобылғы атқа ер салды.

Ақ алмасты қолға алды,  
Қамшы басып сауырға,  
Екпіні ұсап дауыяға,  
Тобығы менді торы атпен  
Қобыланды шапты ауылға,—

деп суреттейді. Егер осы эпизодтағы халді қарасөзбен немесе он бір буынды өлеңмен айтса, ол жыр секілді әсер бермеген де болар еді.

Өлеңнің жыр түрінде негізгі өлшеуіш буын, ырғақ, екпін деген пікірді «Қобыланды батыр» жыры да анықтай түседі. Әрине, бұдан жырда өлең ұйқасымы болмайды, оған мән берілмейді деген ұғым тумайды. Ұйқасымсыз жыр болмайды, ол кейде ерікті, кейде шұбыртпалы түрінде келеді. Бірақ өлең ұйқасымы әрбір шумақта үнемі қатарынан келе беруі шарт емес. Мұндай жағдайда өлең ұйқасымының орнын басатын, оның қызметін атқаратын ырғақ пен екпін, буын болады.

Желі толған жылқымды,  
Жасанған жауға тапсырдым.  
Қотан толы қойымды

Аш бөріге тапсырдым.  
Азу тісі балғадай,  
Жас бөріге тапсырдым,—

дегенде, өлеңнің жыр түріне тән буын, ырғақ, екпінмен қатар, кезектесіп келген ұйқасым да бар. Бірақ батырлар жырында мұндай бірлестік үнемі кездесе бермейді.

«Қобыланды батыр» қазақ ауыз әдебиетіндегі көркем жырдың бірі дегенде, ең алдымен, оның тіл байлығын еске аламыз. Жыршы-ақындар халықтың тіл байлығын, сөздік



қорын молынан пайдалана отырып, әдемі картиналар, портреттер жасайды, жыр оқиғасын әсерлі етіп баяндайды. Батырдың ерлік күресін, жекпе-жек ұрыстарын суреттегенде адамға әсер ететін асқақты сөздерді қолданады немесе «Әйт, жануар, шу деді» дегенде, аттың жүрісін суреттеу үшін ұшқыр, қанатты сөздерді алады. Тайбурылмен құйындатып бара жатқан Қобыланды емес, жырды тыңдаушының өзі сияқты әсер қалдырады. Жыр тілінің байлығы неше түрлі әдемі теңеулер, метафорлар жасауымен, дыбыс қайталауларымен де көрініп отырады.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келгенде, «Қобыланды батыр» жырын халықтық сипаты мол, ертеден келе жатқан көркем жырдың бірі деп бағалаймыз.

### «ЕР ТАРҒЫН»

Қазақтың батырлар жырын зерттеген әдебиетші, ғалымдар «Ер Тарғын» жыры ноғайлы дәуірінде туды, ол белгілі мөлшерде, сол дәуірде және оның қоғамдық қарым-қатынастарын елестетеді дейді<sup>1</sup>. Ал жырдағы басты кейіпкерлердің тарихта болған, болмағаны туралы тарихи деректің жоқтығынан, оларды әдебиеттік образ есебінде аламыз дегенді айтады.

Бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Екіншіден, біздің мақсатымыз ноғайлы дәуірінің жалпы қоғамдық сипатын тарихи тұрғыдан қарастырып, анықтай түсу емес. Біздің көздеп отырғанмыз: ноғайлы дәуірінен қалған және ел арасында бірнеше ғасыр бойына ауызша сақталып келген, ұрпақтан ұрпаққа жеткен «Ер Тарғын» жырының әдебиеттік жайын қарастыру.

**ЖЫРДЫҢ  
ЖИНАЛУЫ  
ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ**

Басқа жырларға қарағанда, «Ер Тарғын» жырының варианттары көп емес. Жырдың ең негізгі бір нұсқасын Марабай ақынның айтуынан Н.И.Ильминский 1859 жылы жазып алып, 1862 жылы Қазан қаласында бастырып шығарған. Бұл вариант 1892, 1898, 1909, 1913 жылдары Қазанда басылған. 1904 жылы Николай Саркин деген кісі бұрынғы Қостанай уезі, Кеңарал болысы, 12-ші ауылдың қазағы Оспан Қисықұлының жырдың бір түрін жазып алған (қолжазба күйінде) Мұның Марабай жырынан айырмасы жоқ. Кейіннен Марабай вариантын Ә.Диваев 1922

<sup>1</sup> 1. М. Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, А.С.Орлов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Т.Сыдықов, т.б. жоғарыда аталған еңбектерін қараңыз.

жылы Ташкентте бастырады. Оқулықтарға еніп жүргені де, жұрттың пайдаланып жүргені де осы вариант.

Мұнымен қатар, В.В.Радлов «Ер Тарғын» жырының өзінің үшінші томына (жоғарыда аталған) енгізген және ол Қырым елінен Ер Тарғын туралы бір ертегіні жазып алған. Ол ертегі Радловтың жетінші томында жарияланған.

Тарғынға байланысты жырдың аңыз түрінде айтылатын қысқаша бір вариантын Зердебай Бекарыстанов (Гурьевтік) деген кісі 1939 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясына тапсырған. Бұл аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: баяғыда Қорсы деген кісі болыпты. Оның жалғыз тауығы бар екен. Ол тауығының жұмыртқасын жинап ханға сыйлыққа апарады. Хан бұл сыйлықты алып алғыс айтады және алтын береді. Қорсының баласы жоқ екен. Бір күні ол түс көреді. Түсінде қолына бір қара бүркіт қонады, ол үш рет қомданады да ұшып кетеді. Қорсы түсін балшы-балгерлерге жорытады, баласы болатынын біледі. Арада біраз уақыт өтеді, Қорсының әйелі ұл бала табады. Атын Тарғын қояды. Ол батыр болады. Тарғын үш рет жаумен соғысады. (Ертегіде ол соғыстар жайы айтылмайды.) Ақырында Тарғын бір кісіні өлтіріп, өз елінен кетіп қалады деуімен З. Бекарыстановтың ертегі тектес анызы аяқталады.

«Ер Тарғын» жырының негізгі вариантын (Марабай ақынның айтуындағысы) ақын Пеньковский орыс тіліне аударады. Ол 1940 жылы «Песни степей» деген жинақта шыққан.

Композитор Е.Г.Брусиловский қазақтың халық әндерін пайдалана отырып, «Ер Тарғын» атты опера жазды. Ол театр сахнасында қойылып келеді.

«Ер Тарғын» жыры жайында Қазан революциясына дейін жазылған ғылыми еңбектер болған жоқ еді. Жырды бағалау, зерттеу ісі кеңестік дәуірде жүргізілді. Бұл жөнінде алғаш рет зерттеу жазып, пікір айтқан профессор М.Әуезов<sup>1</sup>. Ол қазақтың батырлар жырындағы батырларды аға батыр, кіші батыр деп екі топқа бөледі. Аға батырлар тобына енгендердің бірі етіп Ер Тарғынды алады. Ер Тарғынның аға батыр атануы — ерлік істер жасап, сл-жұртын қорғағандықтан деп көрсетеді.

Кейіннен «Ер Тарғын» жыры жайында С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев бірсыпыра пікірлер айтты. Жырдың ноғайлы дәуірінде туғандығын, көркемдік ерекшеліктерін сөз етті. Ал бұл жырға айрықша көңіл аударып,

<sup>1</sup> 1. М.Әуезов «Таң», «Шолпан», «Литература и искусство Казахстана», «Литературный критик» журналдарына жазған мақалалары мен «Песни степей» жинағына берген сөз басын қараңыз.

зерттеу еңбектер жазған Қ.Жұмалиев болды. Ол «Ер Тарғын» жырын орта мектептерге арналған оқулық көлемінде, қазақ эпосы жайында жазған монографиясында және «Қазақ әдебиетінің тарихы» (I том, 1960 ж.) атты кітапқа енген зерттеуінде сөз етті. Академик А.Орлов «Қазақтың батырлар жыры» деп аталатын еңбегінде (1945) «Ер Тарғын» жырын орыстың батырлар жырымен салыстыра отырып тексерді.

Көп уақытқа дейін әдебиетші, ғалымдардың қайсысы болса да, «Ер Тарғын» жырын қазақ ауыз әдебиетіндегі халықтық сипаты бар, көркем шығарманың бірі деп бағалап келді. Бірақ 1951 жылы, Қазақстанда идеологиялық жұмыстардың қате-кемшіліктері ашылып, қатаң сынға алынған кезде, «Ер Тарғын» жырына қарсы пікірлер айтыла басталды. Бұған кейбір әдебиетшілер мен тарихшылар көптеген айып тақты. Ең алдымен, олар Тарғынды қаңғыбас, кезбе адам етіп көрсетті. Екіншіден, Тарғынның киген киіміне, ішкен асына, мінген атына жармасты. Тарғынның жақсы киім киюі, тұлпар мінуі — оның халық арасынан шыққан адам еместігін, хандар мен феодалдардың тұқымынан екендігін дәлелдейді деді.

Осындай себептерден «Ер Тарғын» жыры біраз уақыт қатардан шығып қалды. «Ер Тарғын» жыры халықтық жыр емес деген көзқарас басым болды. Театр сахнасында жүріп жатқан «Ер Тарғын» операсы дауылдың артын күтіп, уақытша болса да халыққа көрсетілуден тоқталды. (Мұндай жағдайға ол кезде тек «Ер Тарғын» емес, «Қамбар батырдан» басқа жырлардың бәрі де ұшыраған болатын).

1953 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен Жазушылар одағы қазақтың эпостық жырларына арнап ғылыми айтыс ұйымдастырды, оған көршілес республикалардан, Москва мен Ленинградтан көптеген ғалымдар қатысты. Айтыста батырлар жыры кеңінен талқыланып, әр түрлі сын, көзқарастар айтылды. Осының нәтижесінде «Ер Тарғын» халықтық негізде туған, халықтық сипаты бар көркем жырдың бірі деп бағаланады және бұл жыр жөнінде соңғы кезде айтылған кейбір сындар теріс деп танылады.

«Ер Тарғын» жырының халықтық сипаттағы шығарма деп танылу себебі, біріншіден, бұл жыр, аз да болса, халық ұғымында батырдың қоғам өмірінде атқаратын қызметі, алатын орны қандай екендігін аңғартады. Басқыншы жауға қарсы аттанып, одан ел-жұртын қорғаған адамды халық батыр деп таныған. Тарихшылардың айтуына қарағанда,

ерте кезде батырлар басқыншы жауға қарсы шыққанда тек өз ауылының ғана мүддесін емес, бүкіл рудың, бүкіл хандықтың қарамағындағы елдердің намысын қорғаған. Мұндай адамдарды халық бір рудың ғана батыры демей, бүкіл халықтың батыры деп таныған. Оларды жырына қосып, оған халық батыры сипатын берген<sup>1</sup> Халықтың батыр жайындағы бұл түсінігі «Ер Тарғын» жырынан аз да болса орын алған.

Екіншіден, бұл жырда хандардың елге істеген жауыздық іс-әрекеттері сипатталады, оларды сынап көрсетеді. Жырдың халықтық сипатын аша түсетін жерінің бірі осы деуге болады.

Сонымен, біз «Ер Тарғын» жырын ел бірлігін қорғау идеясынан туған, халықтық сипаты бар, көркем жырдың бірі деп қараймыз. Бұл идея жырдағы басты кейіпкерлердің іс-әрекеттерін суреттеу арқылы көрінеді.

#### ЕР ТАРҒЫН

Ерте кезде көк сауытты киініп, көк сүңгіні ұстаған, өзінің ел-жұртын басқыншы жаудан қорғау үшін қол жинап ерлік күреске бастаған, жау қарасын көріп үрейленбеген, қайта атой салып оған қарсы шапқан, жекпе-жек ұрысқа түсіп жұрт алдында жауын жеңген адамды халық батыр деп таныған. Халықтың: «Батыр — батыр емес, батырларды бастаған — батыр»,— деуі осыдан. Ал, қалың қолды бастамаған, бірақ жасақ арасынан шығып жеке ерлік көрсеткен адамды халық ер деп атаған. Батыр мен ер деген ұғымның бір-біріне мағынасы жақын болса да, оған халық осындай айырма жасаған. (Бертін келе «батыр» деген сөз көбінесе ел қорғау, әскери-соғыс істеріне байланысты қолданылған).

Жырдағы Тарғын қалың қол бастаған батыр болып көрінбейді. Ол — жекс ұрыстарда ерекше ерлік жасаған, сонысы үшін ер атанған адам. Сондықтан да халық жыры оны ел қорғау жолында, жекс ұрыстарда жауын жеңіп көзге түскен ер деп ардақтайды. Тарғын образы жырда осы тұрғыдан бейнеленеді.

Тарғын — бір рудың ғана емес, бүкіл ноғайлы жұртының батыры. Оған ноғайлы атанған елдің алыстығы жоқ, бәрі де жақын, тума-туыс болып көрінеді.<sup>2</sup> Тарғын басқыншы жаулардан өзінің ел жұртының елдігін қорғауды және сол елдің бірлігін сақтауды, оған қызмет студі, мақсат стеді.

<sup>1</sup> 1. Қазақ ССР тарихы, I том, 1957; *Е. Бекмаханов*, Батырлардың төлеуі туралы; Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, № 8, 1948

<sup>2</sup> 1. *Қ. Жұмалиев*. Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1960; Қазақ әдебиеті (оқулық), 1949



Тарғынның Ақшахан әскерлеріне еріп, торғауыттарды жеңуде ерлік көрсетуі осы мақсаттан туады.

Тарғынның ел қамын ойлаған батыр екендігі оның Ақшаханға берген жауабынан да көрінеді. «Сен, кешегі қамалды бұзған, жауды қырған, қайратынды, тынышыңды алған жұртыңа көрсетпедің бе?»— деп сұраған Ақшаханға: «Тек өз жұртымды жылатуды шарифат қоспайды»,— деп Тарғын жауап қайырады. Бұл жауаптың үлкен мәні бар. Тарғын қанша мықты болғанымен, ол өз еліне күш көрсетуден бас тартады, оған азаматтық ар-ұяты бармайды. Елінде ханның жақсы көретін бір биін өлтірген Тарғын мұның арты неге апарып соғарын жақсы түсінеді, ол үшін ханның жазалайтынын, бұл жазаға өзінің көнбейтіндігін біледі; хан мен екеуінің арасында жанжал бастала қалған күнде, оның ақыры тағы да қан төгіске әкеп тірейтіндігін және бұдан халыққа көп зиян тиетіндігін аңғарады. Сондықтан да ол ноғайлының бір елінен шығып, екіншісіне келеді. Бұл жерді де Тарғын өз еліндей туыс санап, оған қызмет етуге кіріседі, торғауыттарды талқандап жеңіп береді.

Тарғынның халық қамын ойлауын, сол жолда ерлік істер жасауын жыр осылай бастайды да, кейіннен оны дамытып әкетеді. Бұдан былайғы жерде жыр оқиғасы Тарғынның ерліктерін суреттеуге құрылады; жырдағы әңгімелердің негізгі арқауы Тарғын болады. Жырда айтылатын барлық әңгімелерге басты кейіпкерді тікелей қатыстыра отырып, жыр желісін бұзбай, бір оқиғадан екіншісін тудыра, Тарғынның ерлік істері баяндалады. Осы негізде оның ерлік образы жасалады.

Басқа жырларда басты кейіпкерлер жайы бірден айтылатын болса, олардың ерлік іске аттанулары бала кезінен-ақ басталса, бұл жағдай «Ер Тарғын» жырында жоқ. Жырдың сюжет құру, образ жасаудағы негізгі ерекшеліктің бірі де осында. Жыршы ақын Тарғынның кім екендігін бірден айтып салмайды. Тыңдаушысын қызықтыру үшін және кейіннен Тарғынға көбірек көңіл аудару үшін, әңгімені Тарғынға байланысы жоқ жайды суреттеуден бастайды. Қалың қол алып, торғауыт еліне аттанған Ақшахан, оның жеңілуі, қолдың қаша бастауы — басты кейіпкер Тарғынды жыр әңгімесіне енгізудің дайындығы секілді. Бұрын жұрт білмеген және қалың қолдың бірі болып жүрген Ер Тарғын, ту жығылып әскер қаша бастаған кезде жау әскерлерін жалғыз өзі жапыра жеңіп шығады. Бұған Ақшаханның қалың қолы секілді, жырды тыңдаушы да көп көңіл аударады. Жыршы ақын Ер Тарғын образының алғашқы үлгілерін осылай бастайды. Кейіннен бұл үлгі үлкен шеберлікпен күрделі образға айналады. Мұны



ол батырдың әр кезеңдегі ерлік істерін суреттеу арқылы сипаттайды.

Жанында жолдастары жоқ Тарғын, Ақшаханның қызы Ақжүністі алып қашады. Жалғыз өзінің осындай іс жасауын жыр ерлік деп біледі, соған сүйсінеді. Соңынан қуып келген Қарт Қожаққа Ақжүністі қалдырып кетушілігін де халық жыры Тарғынның ерлігі, «ағаны сыйлағандығы» деп көрсетеді.

Ақжүністі алып қашуымен Ақшаханның еліне сыйыса алмайтынын білген Тарғын енді Еділ бойындағы ноғайлыға жол тартады, оны да өзіне туыс санап келеді. Сондықтан да ол бұл елдің де жоғын жоқтасады, Шаған бойындағы қалмақтардан кек қайыруға аттанады.

Аттанбадым олжа үшін,  
Аттанғаным кәпірге  
Ата-бабам ежелден  
Ескі кегі бар үшін,—

дейді Тарғын. Жыр бұл арада қалмақ басқыншыларының ноғайлы атанған елдің жер-су, қонысын бір кезде зорлықпен тартып алғанын еске түсіреді. Ата мекен қонысынан, жер-суынан айрылып қалу ноғайлы жұртына қатты батады, кетпес кекке айналады. Міне, сол жерлерді қайтару үшін Тарғын аттанады. Бұл жолда ол көптеген ерлік істер жасап, ел намысын қорғап қалады. Мұны халық жыры Тарғынның ел үшін туған ер екендігін көрсету үшін жырға қосады.

Тарғынның батырлық бейнесі, халық үшін жасаған ерлік істерімен алынады да, жырдың өң бойына суреттеліп отырады. Торғауыттармен шайқасуы, Шаған бойындағы қалмақ басқыншыларымен алысы, олардың бәрін жеңуі Тарғынның ерлік даңқын көтсе түседі. Оның бүкіл ноғайлы елі батырына санап жүреді, одан ерлік іс күтеді, халықты жауға бермейтін, қорған болатын батыр ұл деп біледі. Сондықтан да халық жыры Тарғынның нағыз батыр екенін көрсету үшін қалмақтардың ең мықты қолбасшысы болған Домбауылмен кездестіреді. Оған қарсы Тарғын өзі аттанбайды, пәле бастап ноғайлы еліне қанды жорық жасаушы Домбауыл болады.

Қалың әскеріне, өзінің батырлық күшіне сенген Домбауыл ноғайлы еліне шабуыл жасап, соғыс ашады, елді ауыр күйге ұшыратады. Осы кезде басқыншылардан ноғайлы елін қорғау үшін Домбауылға қарсы Тарғын шығады. Бір-біріне кездесіп қалған екі батыр ең алдымен сөз арқылы арбасып, күш сынасады. Жау батыры Домбауыл:

Алайын десем оңайсың,  
Атайын десем толғайсың,—

деп күш көрсетеді, менмендік жасап, төкаппарлана түседі. Тарғынның соғыспай беріле қоюын талап етеді. Бірақ, жаудың қоқан-лоқысынан Тарғын қорықпайды, соғыспай беріспейтіндігін ескертеді де, Домбауылды жекпе-жек ұрысқа шақырады.

Домбауыл мен Тарғын он бір күн бойына алысады. Ақырында Домбауылды Тарғын жеңіп шығады, ерлігін асырады. Сонан кейін жаудың тап берген қалың қолымен соғысып, оны да жеңеді. Бұл жерде халық жыры жау адамдарын, оның батырларын аса күшті етіп суреттеу арқылы Тарғынның батырлық образын ұлғайта түседі. Жау батырлары қанша мықты және көп болса да Тарғыннан жеңіліп қалады. Өйткені, олар әділетсіздік іс бастады, шапқыншылық жасады, сондықтан да ондайлардың жолы болмақ емес деп халық жыры қорытынды жасайды. Ал Тарғынның жалғыз барып мыңдаған жауын жеңуін халық жыры оның әділ іс үшін күрескендігінде, қашан да болсын әділ іс жеңеді деп топшылайды. Жыр Тарғын арқылы әділдікті сүйгіш, бұл қиын жолда қандай жағдайда болса да, ерлік жасау қолынан келетін халықты, оның сарқылмас күшін бейнелейді. Жырдың жағымды бас кейіпкері арқылы халық күші жинақталып беріледі.

Сөйтіп, халық жырында басқыншы жауларға қарсы ұрыс майдандарында ерлік жасаған Тарғынның батырлық бейнесі жасалады. Тарғын — халқын сүйген, оған қызмет еткен, елдің жауларымен алысып өткен, халық намысын қорғаған айбынды батыр. Тарғын бейнесінің халықтығы да, күштілігі де осында.

Жырда Тарғынның бейнесі тек ел қорғау жолында жасаған ерлік істерін суреттеу арқылы ғана жасалып қоймайды. Оның батырлық тұлғасы, ерлік ісі, алып күші Тарғынның өз сөзімен де, бөгде адамдардың (мәселен, Сыпыра жыраудың) сипаттауымен де беріліп отырады. Тарғынның қандай батыр екендігі, оның мертігіп айдалада жатқан жерде айтқан зарынан да көрінеді. Домбауылдың қолымен кездескен жерінде:

Алты қырлы ақ мылтық,  
Ата алмасам маған серт!  
Қозы жауырын қу жебе...  
Тарта алмасам маған серт!..  
Тауға салсам тас кескен  
Кеудеге салсам бас кескен.

Алты аршын ақ болат  
Қынаптан алып суырып,  
Шаба алмасам маған серт!..  
Жау ішінде жұлынып,  
Толғамасам маған серт!..

деп айтатын серттеу сөздерінен Тарғынның күшті батыр екендігі елестейді.

Дегенмен, Тарғын образының әлсіз, осал жағы да жоқ емес. Мұнысы, оның Ханзадамен ымыраға келуінен көрінеді. Өзіне талай рет опасыздық жасаған, алдап соққан Ханзадаға Тарғын ашу-өкпе айтудан асып кете алмайды. «Атаңа нәлет ақсүйек», — деп, — «домалатып басыңды алармын», — деп отырса да, Ханзадаға қарсы күш көрсетіп ұрыс шығармайды, ескі әдет-ғұрыптың шырмауында қалып қояды. Солай бола тұрса да, Тарғын образы елдің ел қорғау жөніндегі арман-мүддесін, халықтың қандай батырды ардақтайтындығын көрсететін жағымды бейненің бірі.

### **Ақжүніс**

Батырдың сүйікті жары, сенімді серігі,  
ақылшы досы ретінде жырға қосылған  
жағымды образдың бірі — Ақжүніс.

...Бет ажарын қарасаң,  
Жазғы түскен сағымдай,  
Ет ажарын қарасаң.  
Қабығынан айырған

Арпа,бидай, ақ ұндай.  
Қасы жайдай керілген,  
Кірпік оқтай тізілген,  
Бел бұралып бүгілген,—

деп, жыр салған беттен Ақжүністің портретін жасайды. Өз тұсында одан сұлу, одан ақылды қыз болмағандығын айта келіп, халық жыры оны Тарғынмен кездестіреді.

Тарғынның ерлік істерін, адамгершілігін, бірден бағалаушы Ақжүніс болады. Сондықтан да оны хан сарайын тастап, халықтың қалаулы ұлы Тарғынды сүйеді де, халық жағына шығады. Атастырып қойған адамына бармай, ескі әдет-ғұрыпқа қарсылық білдіреді.

Тарғынға айтқан бір сөзінде: «Мені бір ханның баласына айттыруға елші келіп жатыр. Әксем мені бермек болып, менен рұқсат сұратты. Мен хан баласына таңсық смеспін, өзім де хан баласымын. Сұлуға таңсық смеспін, өзім де сұлумын. Кімнің бақыты зор болса, соған барам... Енді мені біреуге қор қылғанша, батыр екенің рас болса, сен мені ал да қаш, мен саған тисем, сенен басқа ешкімге тимеймін, көңілім саған ауды, сені сүйдім!» — дейді Ақжүніс. Оның бұл сөзінен Ақжүністің хан баласын емес, халық баласын сүйгендігі көрінеді. Сондықтан да жыр Ақжүністің халық жағына шығуын, хан сарайын, ондағы сән-салтанат, байлықты тастауын өжеттік деп бейнелейді. Ақжүністің Тарғынға шығуы, бір жағынан, халық батырын бағалағандығы болса; екіншіден, қыз намысын, бас бостандығын қорғауы, сүйген адамына өз еркімен қосылуын мақсат еткендігін де байқатады.

Әйелдердің бас еркі болмаған заманда, Ақжүністің Тарғынға өзі барып сөз салуы, хан ордасынан қашып шығуы қыздың өжет, намыс иесі екендігін аңғартады. Оның образын жасағанда, жыршы-ақын Ақжүністің осы қасиетіне көңіл бөледі.

Тарғынға қосылып, хан сарайынан қашып шыққан Ақжүніс бұдан былайғы жерде батырдың сенімді серігі, сүйікті жары, ақылшы досы, қайрат беруші жолдасы ретінде суреттеледі. Қысылған жерде қайрат беретін, қиын жерде ақыл табатын да Ақжүніс. Тарғын мертігіп, күйініп жатқан кезінде батырға сүйеніш болған да, батырдың намысына тие, қайрап қуаттандырған да Ақжүніс. Талай тас қамауды бұзған, талай жауын күйреткен батырдың мертігіп қалғанына қапаланған Ақжүніс: «Даңқты батырым, даңқсыз өлімге душар болдың-ау, айдаладағы қарға-құзғынға жем болдың-ау», — деп намыстанады. Сондықтан ол Тарғынның намысына тие:

Ағаштан биік мерт тауып,  
Қорлықпен өлген ер.—

дейді, батырды әрі намыстандырады, әрі қайраттандырады. Жан жолдасының бұл сөзіне түсінген Тарғын: «Ағаштан құлап өлді деген атаққа қалғанымша, мүлде өлейін», — деп мертіккен белін бар күшімен басып қалғанда, бел омыртқасы орнына түседі. Бұған себепкер Ақжүніс болады.

Мертіккен белі орнына түскен Тарғынға ендігі бет алыстың қалай болу керектігін айтып, ақыл беруші де Ақжүніс. Ол Тарғынға: «Кеше мертігіп қалған күнде сені жұртына тастап кеткен ноғайлыларға барып көрін, белеңнің жазылғанын білдір. Олай етпесең, Қырым халқынан, Ақшаханның қол астынан Тарғын деген бір батыр келіп, бір омыртқасы сынған соң, қарға-құзғынға жем болып, Бұлғыр таудың қойнауында өліп қалды дер, сондай жаман атаққа қаларсың», — деп ақыл айтады. Батырдың сөзге кіріптар болмауын, дос-дұшпанының алдында беделі түспеуін көздейді. Бұл арада халық жыры Ақжүністің ақылды, дана адам екендігін сипаттап, үлгі етеді.

Тарғын мен Ақжүністің соңынан қуып келген Қарт Қожақ екі жасқа қысылшаң сын кезін туғызған болатын. Бірақ бұдан Ақжүніс қысылмай өткен-ді. Қарт батырды сөзімен тоқтатып, жолын тосады, басындағы мұңын айтады, екі жасты жылатпауын сұрайды.

Жылап тұрған көзім бар,  
Өксіп тұрған жаным бар,  
Әуре болған басым бар,  
Алғанымнан айырма!

Мені өзіңе қайырма!..  
Тілекті бермес болар ма,  
Сіз сықылды асылдар,—

дейді. Екі жасқа аяушылық білдірген Қарт Қожақ Ақжүністің тілегін береді.

Сонымен, «Ер Тарғын» жыры Ақжүніс образы арқылы батырға сенімді серік, ақылшы дос, айнымас жолдас болған өжет қыздың, намыс иесінің бейнесін елестетеді. Мұндай қыздарды халық жыры өз тұсындағы жастарға үлгі етеді.

## ҚАРТ ҚОЖАҚ

Жырда жағымды бейнеде алынған батырдың бірі — Қарт Қожақ. Оның ноғайлы жұртына даңқы шыққан, басқыншы жауларға қарсы күресте еліне қорған болған айбынды батыр екендігін халық жыры:

Қайнаған қара бұлттай...  
Қайнап біткен болаттай...  
Сайдан шыққан бұлақтай,

Қабағы тастай түйілген,  
Лашын құстай шүйілген,  
Жеңсіз берен киінген,—

деп сипаттайды.

Қарт Қожақ — көпті көрген, талай ұрыстарға қатысқан, талай жауын талқандап жеңген — аға батыр. Ақшаханның жарлығы бойынша, Тарғыннан Ақжүністі айырмақ болып аттанған қалың қол, біраз жол жүргеннен кейін ақылға келеді. «Біз Тарғынды қуып жеткенімізбен, одан қызды айырып ала алмаспыз, қызды ол бермес те, қаһары келсе бәрімізді қырып та кетер», — деп кейін қайтады. Бірақ сол қол ішінде жасы алпыс беске келген қарт батыр алған бетінен таймайды да, жалғыз тарта жөнеледі. Бұл бұрынғы қайратына сенген Қарт Қожақ еді.

Жырда Қарт Қожақтың бес жасынан бастап, алпыс беске келгенге дейінгі өмірі, ел қорғау жолында жасаған ерлік істері Ақжүністің сөздерімен баяндалады.

Отыз беске келгенде  
Қоңыраулы найза қолға алдың,  
Қоңыр салқын төске алдың,  
Жауды көрсең шүйілдің,  
Жеңсіз берен киіндің,  
Көксерке атты борбайлап,  
Қамалды бұздың айқайлап....,—

дейді Ақжүніс. Оның бұл сөздері арқылы Қарт Қожақтың образы жасалады. Басқыншы жаумен кескілескен ұрыстарда қамал бұзған батырдың тұлғасын елестетеді.

Қарт Қожақ — қайырымды батыр, жастарға аталық мейірім көрсеткен, олардың бақытты болуына тілектестік білдірген адам. Оның адамгершілігі Ақшаханнан да асып жатады. Ақшахан өзінің жалғыз баласы Ақжүніс жөнінде



каталдық, мейірімсіздік жасап, оны өлімге қияды. «Кімдекім қызымды қуып жетсе, сол алсын; қуып жетіп өлтірсе, құны жоқ болсын», — деп үкім шығарады. Сұлу қызды құшуға Қарт Қожақ та желігеді, баяғы жастық шағын есіне түсіріп, хан сарайын тастап қашқан екі жасты іздеуге аттанады. Бірақ Тарғын мен Ақжүністің бір-біріне сүйіп қосылған жастар екенін біледі де, алғашқы ойынан тез қайтады. Сондықтан да ол Тарғынның өзін атпай, қорамсағын атып түсіреді, жас батырды өлтірмейді, есіркейді. «Тарғынды Ақжүністің теңі және ноғайлының мықты батыры деп түсінген Қарт Қожақ, — дейді әдебиетші ғалым Қ. Жұмалиев, — Алғашқы бетте «Ақжүністі аламын» деп қызумен шығып қалса да, тап өлтірер жерге келгенде, екеуін де аяйды, өлтіруге көзі қимайды. Өйткені бірі — ноғайлының найза ұстар батыры, екіншісі — аяулы аруы. Тарғынның орнына қалмақ, не басқа бір жауларының бірі болса, Қожақ оғын емес, өзін атқан болар еді. Онда ол елін жауға айырбастап, қара басының қамын ойлаған қызды өлтіріп қайтар еді. Бұл жерде де елдік идея айқын, тентек ұл мен ерке қыздың әдетті аттауын ноғайлының қарт батыры кешіреді. Батасын беріп, оларға жол болсын айтады»<sup>1</sup>

Қарт Қожақтың жырға жағымды кейіпкер ретінде қосылуының бір себебі осындай. Бұл ретте ол халық қадірлеген және ханнан да артық саналған батыр болып жырланады.

Қарт Қожақты жағымды кейіпкер бейнесінде ала отырып, оның кейбір мінездерін халық жыры ашу-зілі жоқ әзіл-оспаққа айналдырады. Мұны ол кекетіп емес, қарт адамның мінезін күлдіргі етіп көрсету үшін алады. Мәселен, алпыс беске келген қарт батырдың қыз дегенде делебесі қозуын, оның Ақжүніске айтатын ебі жоқ сөздерін жыр майда-шуақ күлкі түрінде келтіреді. Ол өзінің сөзінде: «Сен неге жылайсың? Мені қарт деп жылаймысың? Иә болмаса, жаман деп жылаймысың?... Қарт та болсам, мен жек көретін қарт емен! Ешкімнен кем емеспін! Сен бүйтіп жылай берме, тұр, жылама! Бетінді аш! Маған көрсет: бетінді, бойыңды да, қабағыңды да; жараса, аламын. Егер бір жерің жарамаса, алмаймын», — дейді Ақжүніске. Қарт Қожақтың осы бір сөздері оның батырлық бейнесін кемітіп тұрған жоқ, қайта қарт адамға тән мінезді зілі жоқ күлкі ретінде әжуалап, әзілдейді. Мұнымен оның образы ұлғая түседі, жаңа бояу табады.

---

<sup>1</sup> 1. Қ. Жұмалиев, жоғарғы аталған оқулығы

## ХАНЗАДА

Жырдағы ең жағымсыз кейіпкер — Ханзада. Ол халыққа зұлымдық жасаушы, арамдық әрекеті, әділетсіз ісі шектен асқан хандардың бейнесін елестетеді. Бұл ретте оны залымдық пен жауыздықтың, алдампаздық пен қорқаулықтың, ұяты жоқ екі жүзділіктің жинақталған образы деуге болады.

Ханзада ел талауды, бөтен елдің байлығын қолға түсіруді көздейді. Бұл мақсаттарын жүзеге асыру үшін Ханзада әр түрлі айла-амал қолданады. Ол айлакерлікпен Тарғынды да өз қармағына іліктіреді. Шаған бойындағы қалмақтардан ата мекенімізді қайырып әпер дегенде, оны ол халық қамын ойлағандықтан емес, өз қамын көздегендіктен айтады. Ханның бұл сөзіне түсіп қалған Тарғын аңғырттық жасап, белгілі мөлшерде ханның шабарманына айналады.

Ханзаданың ойы — кісі еңбегін, кісі күшін пайдалану. Өз тапсырмасын орындатқаннан кейін, оны орындаушы кісілерден келешегі, хал-жайы қандай болатынына Ханзаданың жұмысы болмайды. Ханзаданың тапсырмасын орындап келе жатып, Тарғын белінен шойырылады, мертігеді. Бірақ, айлалы хан жаралы батырды осы тұста мықтап алдайды: «Бір-скі күнде қайтып келемін»,—деп Тарғынды тақыр жұртына тастап кетеді, айтқан уәдесінде тұрмай, екі жүзділік жасайды. Ханзаданың алдауына түсіп қалғандығын Тарғын соңынан ғана түсінеді. Мұны ол ызалы күйзеліспен еске алып:

Атаңа нәлет, ақсүйек,  
Елемеді өзімді,  
Сыйламады сөзімді,  
Жаудыратып көзімді—  
Тастап кетті жұртына  
Бір мертілген бел үшін.  
Белімнен басқа жарам жоқ,

Ауызға жерге асым жоқ,  
Біреу қайырылып келмейді,  
Не болғаным білмейді,  
Ер Тарғынды көрмейді,  
Атаңа нәлет, ақсүйек,  
Ойлап-ойлап қарасам,  
Ханзада ханнан сараң жоқ,—

деп қапаланады, ханға деген зілді кегін шертседі, өзіне осындай опасыздық жасаған ханға қаһарын төгеді; оған халық қарғысын айтады. Тарғынның осы сөздерімен жырда Ханзаданың сұрқиялық бейнесі ашыла түседі.

Ханзада Тарғынды бір смсс, бірнеше рет алдайды. Мертіккен белі орнына түсіп, Тарғын хан ордасына қайтып келгенде, Ханзада әр алуан зымияндыққа салынып, батырдан кешірім сұрайды. Айыбына қызын бермек те болады. Оның алдауына Тарғын бұл жолы да түсіп қалады, ханмен келісімге келеді. Осы кезде ел шетіне жау кіріп, шабуыл

жасайды. Оған қарсы барарлық батыр — тек Тарғын. Бұл жайды түсініп отырған Тарғын ханның емес, халықтың намысын қорғамақ болып, жауға қарсы аттанады, жауды жеңіп, ноғайлы елін басқыншылардың шабуылынан құтқарады. Осы арада Ханзада тағы да сертін бұзып, уәдесінен танады. Тарғынға қызын бермек түгіл батырды мазақ етеді. «Қожа мен төре тегінен шыққан адам емес екенсің, енді саған қызымды бермеймін», — деп, Тарғынды кемітеді. Екеуінің арасында әлеуметтік теңдік жоқ екендігін ескертеді.

Ханның мұндай қорлығына шыдай алмаған Тарғын ашуланып, кетіп қалады. Оның бұл кетісінен үрейленген хан мен оның сыбайластары қатты сасады да, сол кезде жасы жүзден асқан Сыпыра жырауға сөз салады, батыр мен ханды келістіруді өтінеді. Ханның әрі ақылшысы, әрі жыршы-жырауы болған Сыпыра жырау Тарғын мен Ханзаданы татуластырады. Сыпыра жырау, бір жағынан, ханын сынайды, өтірікшілігін айтып бетіне басады; екіншіден, Тарғынды да сынайды: «Бір қыз үшін ел-жұртыңды тастап кетудің ер басыңа келіспейтін іс», — дейді. Сөйтіп, ол хан мен батырды ымыраластырып табыстырады. Бұл арада, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушілер дәлелдегендей<sup>1</sup>, Сыпыра жырау хандық үстемдіктің қаймағы бұзылмауын қарастырған адам болып шығады. Жыр Сыпыра жыраудың да өз табының мақсатын көздегенін көрсетеді.

Ханзадамен табыса тұрса да, Тарғын одан кетіп қалады. Ханның қасында қалудан пайда жоқтығын аңғарады. Оны Тарғынның:

Иірімі жоқ суларға  
Иірілген шабақ не табар?  
Қайырымы жоқ сұлтанға  
Ерген нөкер не табар?—

деген сөзінен көруге болады. Жалпы алғанда жырда Тарғын бірде өз елінің ханымен де, кейін Ақшаханмен, одан соң Ханзадамен де сырттай болмаса, іштей жақындасқан адам болып суреттелмейді. Хандардың залымдық істерін білісімен-ақ, Тарғын олармен сыйысып тұра алмайды, бойын аулақ салады. Бұдан халықтың Тарғын арқылы хандарға берген бағасы да, көзқарасы да айқын көрінеді.

#### ТАРЛАН

Батырлар жыры ел қорғау жолында батырға көмекші болған, қызмет еткен тұлпарларды сүйсіне жырлайтындығын,

<sup>1</sup> 1. С.Мұқанов. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер, 1942; Айтыс (жинақ), 1942; Е.Ісмайылов, Ақындар, 1956.

«Ер қанаты — ат» екендігін өткен тарауда айтқанбыз.

Батырлар мінетін тұлпарларға біткен қасиеттер Тарғынның Тарланында да бар. Тарлан — батырға көптен жолдас болған және оны батырдың өзі бағып, өзі өсірген тұлпар.

Құлын емдің, тай емдің,  
Құнан жаста арда емдің.  
Дөнен жаста үйреттім,  
Алты қабат ала арқан  
Жібектен өріп сүйреттім...  
Алты жаста ақтаттым,

Алшақтаттым, ойнаттым.  
Жеті жасқа келгенде,  
Арпа, бидай асаттым.  
Жер дүңкілдеп желгенде,  
Дұшпан көзі қорықты,—

дейді Тарғын. Құлынынан өз қолында өсірген, өзі үйреткен Тарлан батырдың сенімді досы есебінде қызмет атқарады, батырмен бірге ел қорғау ісіне араласады, жорық жолдарының ауыртпалығын иесімен бірдей көреді. Тарғын мертігіп, ауыр күйде түскенінде қапаланған кезінде батыр көп жылдар жолдас болған тұлпарымен аса қатты ардақтағанын білдіреді. Кейбір жағдайларда Тарлан біреудің келе жатқанын пысқырумен, алқынып терге малынатын кезі болса, тарпынуымен батырға сездіріп те отырады. Тұлпарына сыр мінез болған Тарғын Тарланды осынысы үшін де жоғары бағалайды, оның сырт сипатына да сүйсініп қарайды.

От орнындай, тұяқтым,  
Омыртқаң бар отаудай...  
Құйрығыңа болайын:  
Қынаптан шыққан қанжардай!  
Жалыңа сенің болайын:  
Күлтеленген жібектей!  
Шықшытыңа болайын:  
Орылып жатқан көбектей!  
Құлағыңа болайын:  
Көлге біткен құрақтай!

Қабағыңа болайын:  
Қара албасты қабақтай!  
Сағағыңа болайын:  
Піскен алма сабақтай!  
Екі көзіңе болайын:  
Қорқыт жаққан шырақтай!  
Танауыңа болайын:  
Түбін алған шелектей!  
Омырауыңа болайын:  
Еділден шыққан аңғардай!—

деп жыр Тарланның суретін көз алдына әкеледі. Мұндай тұлпарға тек батыр емес, жырды тыңдаушы да сүйсіне, құмарта түседі. Тарлан секілді тұлпарлар ел қорғау үшін ғана емес, күнделікті тұрмыста да аса маңызды екенін аңғартады.

**ЖЫРДЫҢ  
ҚҰРЫЛЫСЫ,  
ТІЛІ**

«Ер Тарғын» — өзінің құрылысы, сюжеті, оқиғаны баяндауы жағынан көркем, қызықты жыр. Жырдың оқиғасы бас кейіпкер Тарғынның, ерлік істерін суреттесу

арқылы дамып, өсе, үдей береді. Жырдың оқиғалары бірімен-бірі тығыз байланысып, шарықтау шегіне жеткенге дейін бірінен соң бірі тізбектеле айтылады, бір оқиғадаң екіншісі туып отырады. Жырға қосылатын әңгімелердің бәрі де Тарғынның іс-әрекетімен байланысты алынады. Тарғынның торғауыттарымен соғысы, Ақжүністі алып қашуы, Қарт Қожақпен кездесуі, қалмақ басқыншыларымен күресі, т.б. жайындағы әңгімелердің бәрі де Тарғынға байланысты жырланады. Оқиғаны осы ретпен баяндау жыр құрылысындағы негізгі бір ерекшелік болып табылады.

«Ер Тарғын» жырының құрылысын, өлендік қасиеті мен көркемдік тілін зерттеген әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев бұл жырдың өзіне тән екі ерекшелігі барлығын атап көрсетеді: «Басқа жырлармен салыстырғанда, — дейді ол, — айтайын деген ойды, суреттейін деген құбылысты асқан шеберлікпен беруде «Ер Тарғын» жыры, біріншіден, дамыту әдісін; екіншіден, шендестіруді мол қолданады және шендестірудің жай түрін емес, ұлғайған, күрделі түрін жасайды»<sup>1</sup> Жырдың бұл ерекшеліктері адам образын жасауынан, сөз тізбегінен айқынырақ байқалады. Мәселен, жыр Ақжүністің келбетін:

... Кара жерге қар жауар,  
Қарды көр де етім көр.  
Қар үстіне қан тамар,  
Қанды көр де бетім көр...

деп суреттейді, арасы алшақ екі нәрсені шендестірумен, үшінші бір ұғым тудырады. Ақжүністің Қарт Қожақты сипаттауында да шендестіру әдісі қолданылады. Қарт Қожақтың бес жасынан бастап, алпыс беске дейінгі өмір жолына шолу жасайды. Отыз бес — Қожақтың батырлық күші кемеліне келген кезі болса, алпыс бес — шал болған шағы. Жыр бір адамның жас мерзімін әр кезеңге бөлу, оларды бір-біріне қарама-қарсы қою негізінде шендестірудің күрделі түрін тудырады.

Тарғынның Домбауылға және оның әскерлеріне қарсы шабуыл жасайтын жерін суреттеуде немесе Тарланды сипаттағанда небір әдемі теңеу, эпитет, метафора, әсірелеу, т.б., қысқасы, көркем тілдің әр алуан түрлері жиі кездесіп отырады. Бұлардың бәрін жыршы ақын жыр оқиғасын дамыту, үдете айту үшін қолданады. Осы ретпен Тарғынның ұрысқа енуі, жауларымен алысуы, Тарланның шабысы, нәсерлеген жүрісі суреттеледі. Тіл байлығын жыршы өте

<sup>1</sup> 1. Қ.Жұмалиев. Қазақ әдебиеті (оқулық), 1949; Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1960.



шебер пайдаланады. Жауға қарсы Тарғынның аттанған кезінде, Тарланның алғашқы жүрісі:

Өзінен-өзі зырлаған,  
Басын тартса, болмаған,  
Көк айыл болып көпірсе,  
Алты басып аттауға —  
Айшылықты ойлаған,—

деп суреттейді. Он екі күнге созылған ұрыс-жорықтардан кейін Тарланның:

Етектейін еріннен,  
Екі елісі қалыпты.  
Қиған қамыс құлақтан,

Бір тұтамы қалыпты,  
Жалбыраған жалынан,  
Жалғыз қарыс қалыпты,—

дегеніне қарағанда, тұлпардың соңғы жүрісі әлсіреп кеткендей болып көрінеді. Шынында, олай емес. Бұл арада әлсіреу жоқ, әсірелеу түрінде берілген даму, үдеу бар. Етектейін еріннен екі елісі қалыпты, жалбыраған жалынан жалғыз қарыс қалыпты деуі он екі күн бойына ат қимылының қандай күшті болғандығын көз алдына елестетеді. Жыршы-ақын соғыс үстіндегі ат қимылын осылай суреттеп, шарықтау шегіне жеткізеді.

Қорыта келгенде, «Ер, Тарғын» — халықтық сипаты көркем жыр. Ертеден келе жатқан мәдени мұрамыздың бірі.

## «ҚАМБАР БАТЫР»

Қазақ еліне көп уақыт бойына шабуыл жасағандар қалмақ басқыншылары болғандығы жоғарыда айтылған еді. Шетелдік шапқыншылардың қанды жорықтарына қарсы асқан ерлікпен күресіп, одан ел-жұртын қорғаған, халқына айбар болған батырлар жайында ел арасында талай әдемі әңгіме-жырлар туған. Халық бұл алуандас шығармаларында өзінің батыр ұлдарын, олардың ерлік істерін ардақтап көрсеткен.

Осындай ел қорғау, халыққа қамқор болу жолында жасалған ерлік істерді жырлау негізінде шығарылған және халықтық сипаты мол көркем жырдың бірі — «Қамбар батыр». Бұл жырдың басты идеясы — халыққа қызмет еткен батырды, оның ерлік істерін ардақтаудан туған. Сондықтан да, жырда әңгіменің осы жағы баса айтылады, соған көп көңіл аударылады. Батырдың ең негізгі міндеті: шетелдік шапқыншылар шабуыл жасай қалған кезде жауға қарсы аттану, оны талдап жеңу, ел-жұртын қорғап алу скендігі көрсетіледі. Екіншіден, бейбітшілік кезде батырдың міндеті: халқына

адал еңбегімен қызмет ету, халықты асырап-сақтау, жәрдем-көмегін беру екендігін суреттейді.

**ЖЫРДЫҢ  
ЖИНАЛУЫ,  
ЗЕРТТЕЛУІ**

«Қамбар батыр» — қазақ еліне ерте кездің өзінде-ақ тараған жыр. Оның негізгі бір нұсқасын Бектемір деген жырау айтқан. Біздің пайдаланып жүргеніміз де жырдың

осы варианты.

«Қамбар батыр» жыры алғаш рет 1888 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Оны Ш.Хұсайнов бастырған. 1903 жылы бұл жыр «Тоқсан үйлі тобыр» деген атпен Қазанда, ағайынды Каримовтардың баспасында, қайта басылып шықты. Бұдан кейін Ә.Диваев 1922 жылы Ташкентте бастырды. Содан бері «Қамбар батыр» жыры бірнеше рет (1932, 1939) баспа жүзінде жарияланды және оқу хрестоматияларына еніп отырды.

Жырдың жұртқа таныс вариантын 1940 жылы Г.Владимирский орыс тіліне аударды. Онысы «Песни степей» деген жинақта жарияланды.

«Қамбар батыр» жырының бұдан басқа да ел арасына тараған және осы күнге дейін ауызша айтылып жүрген варианттары бар. Мәселен, 1906, жылы сол кездегі ғалым В.Карлсон «Оренбургский край» («Орынбор өлкесі») газетіне жазған мақаласында<sup>1</sup> «Қамбар батырды» жырлаған бірнеше ақынды атайды және оның ішінде ең айтқышы Қазақбай деген ақын еді дейді. Жырдың тағы бір варианттары әдебиет журналында<sup>2</sup> басылды. Ал Шашубай ақын жырлаған варианты оның «Сөйле, Шәшеке»<sup>3</sup> атты жинағына енді. Журналға басылғаны болсын, Шашубай айтатын варианты болсын, сюжет жағынан жұртқа таныс «Қамбар батырдан» алыстап кетпейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының әдебиет институтының қолжазба фондысында «Қамбар батыр» жырының үлкенді-кішілі бірнеше варианты бар. Солардың ішінен 1959 жылы «Қамбар батыр» деген атпен бір жинақ құрастырылып жарыққа шықты.

«Қамбар батырдың» варианттарында өзара аздаған айырмашықтары болғанымен, олар жырдың негізгі идеясына нұқсан келтірмейтіндігі байқалады. Бәрінде де басты

<sup>1</sup> 1. В.Карлсон. Народные певцы-киргизы в архивной комиссии газ. «Оренбургский край», № 62, 1906.

<sup>2</sup> 2. «Әдебиет майданы» № 12, 1935, «Әдебиет және искусство», журналы, № 7-8, 1940

<sup>3</sup> 3. Шашубай Қошқарбаев. «Сөйле, Шәшеке» (өлеңдер жинағы) Алматы, 1942.

кейіпкер Қамбардың ел қорғаудағы ерлік істері, қарамағындағы ел-жұртын асырап-сақтауы, оған адал қызмет етуі айтылады.

Революцияға дейін «Қамбар батыр» жырын зерттеуге арнап жазылған ғылыми еңбектер болған емес, тек кеңестік дәуірде ғана бұл жыр жайында біраз мақалалар, зерттеу еңбектері жазылды.<sup>1</sup> Осылардың бәрінде «Қамбар батыр» жыры нағыз халықтық, көркем жырдың бірі деп бағаланды.

#### ҚАМБАР

Жырдың халықтығы, ең алдымен, жырдағы оқиғалардың еңбекші шаруаның тұрғысынан баяндалатындығынан, басты кейіпкердің ісәрекетінен көрінеді. Егер басқа жырларда батыр образы көрінсе бірден оның күреске, аттанысқа қатысуын суреттеу арқылы жасалса, батыр жырдың өне бойына көк сауытты киініп, көк сүңгіні ұстап жүрсе, олардан Қамбар образының елеулі бір айырмашылығы бар. Жырда Қамбар ең алдымен шаруа адамы, еңбек ері бейнесінде алынады. Қамбардың еңбекші халық ортасынан шыққан ер-азамат, патриот ұл екендігі аңғартылады. Ол — мынды айдаған байдың мырзасы емес, өзінің еңбегімен кәсіп еткен шаруаның өкілі. Адал еңбегімен ер аттанған, «ерлікті елден асыраған, еңбекке белді байлаған» адам. Сондықтан да оны халық жыры еңбекші халыққа қызмет еткен еңбек ері етіп көрсетеді. Бұдан еңбекші халықтың ел қорғаған батырды ғана емес, еңбек адамдарын да, халықты асырап-сақтайтын еңбек ерлерін де ардақтайтындығы, олар жайында да батырлық жырлар тудырғандығы байқалады.

Халық жырының алғашқы бөлімінде Қамбар «алпыс үйлі арғынды, тоқсан үйлі тобырды» асырап сақтаған еңбек ері бейнесінде алынады. Бүкіл ауыл-аймағы Қамбардың қолына қарайды, олардың бас көтерері де, сенгені, сүйгені де Қамбар болады. Мұны түсінген Қамбар өзінің адал еңбегімен кәсіп етеді, аң аулайды. Қарамағындағы ел-жұрты і басқыншылық жолымен, бөтен елді шауып алу жолымен емес, өзінің адал еңбегімен, аңшылықпен асырайды. Халық мұны батырдың ерлік еңбегі деп таниды. Екіншіден, алпыс үйлі арғынды, тоқсан үйлі тобырды асырап сақтау Қамбардың еңбек ері екендігін көрсетсе, неше түрлі жыртқыш аңдарды, соның ішінде жолбарысты жеңуі, Қамбардың күшті батырлығы деп бейнелейді. Халық ұғымында жолбарыс асқан қайраттың, алып күштің бейнесін (символын) білдіретін.

<sup>1</sup> 4. М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Т. Сыдықов, т.б. жоғарыда, аталған, еңбектерін, қараңыз.

Ендеше сол жолбарысты құйрығынан ұстап лақтыруы Қамбардың аса мықты батыр екендігін дәлелдемек.

Қайда жүрсе де «ең бірінші міндетім халыққа қызмет ету, қарамағымдағы ел-жұртты асырау» деп түсінген Қамбар жел көңілдікке салынбайды. Ол қара бастың мүддесінен халық мүддесін жоғары қояды. Қамбарға ғашық болған Назым батырмен сырласудың жолын іздейді. Бірақ, оған Қамбар алданбайды, көңіл бөлмейді.

Осыған көңілім бөлініп,  
Ұмытып кетсем жұртымды,  
Кұдайдың, деді ұрғаны...

дейді. Мұны ол Назымның өзіне де жасырмай айтады:

Күс етін беріп бағамын, Үйдегі екі кәрімді. Оған да назар саламын, Қабатыма аламын— Алпыс үйлі арғынды.	Сеніменен ойнасам, Айналар ісім қиынға. Айыпқа мені бұйырма, Айтамын, Назым зарымды!
---	---

Назымның ғашық екенін біле тұрса да, қарауындағы көпшілік жайын және оларды асырап-сақтап отырған өзі ғана екенін еске алған Қамбар қыздың тілегіне көңіл қоймайды. Бұдан, әрине, Қамбарды махаббат сезімі жоқ деген ұғым тумайды. Ондай сезім Қамбарда бар. Әйткенмен, ол ер-азаматтың бірінші борышы халыққа қызмет ету деп түсінеді. «Мен Назымға көңіл бөліп, онымен болып кетсем, ел-жұртымның хал-жайы, күн көрісі қиындайды. Маған алғыс айтудың орнына қарғыс айтады»,— деп біледі. Сондықтан да ол Назымның ұсынысына бой ұрмайды.

Екіншіден, байлық, дәреже жағынан алғанда, Қамбар өзінің Әзімбай балаларымен тең еместігін біледі. Олардан ер-азаматтығы, жігіттігі, адамгершілігі жоғары тұрса да, әлеуметтік жөнінен бірдей емес екендігін сезеді. Қамбарды Назым сүйгенімен де, Әзімбайлар жек көретіндігін, олар «сіңірі шыққан кедейге» қызын тегін бермейтіндігін аңғарады. Мұндай әлеуметтік теңсіздік жағдайда Назымға қосылу мүмкін еместігін түсінеді. Сондықтан да ол Назымға айтқан сөзінде:

Қатарыңа қарасаң, Мен емес таңдап тиерің... Қол ұстасып, қыз Назым, Уәде қылсам, сенімен, Бір жаман келіп малы көп—	Алып кетсем, айрылып, Абыройым ашылар, Қайғыменен басылар, Ат басындай жүрегім,—
---	---

дейді. Сондықтан да ол Назымға алаңдамай, қарамағындағы көпшіліктің қамын ойлаумен болады. Мұны халық жыры

батырдың бейбітшілік кездегі басты міндеті, халыққа адал кәсібімен қызмет еткендігі деп біледі.

Ал, ел шетіне жау келгенде, халық намысын қорғау үшін Қамбар ерлік іске бел байлайды. қалмақ ханы Қараманның қалың қолмен келіп қамап жатқанын ноғайлы елі Қамбарға Жәдігер арқылы хабар етеді. Қараманның бұл қылығына ыза болған Қамбар:

Қамбар айтты: Жәдігер...  
Жұрт үшін белді буайын..  
Асырып белден қуайын,  
Халқыңыз қапа болмасын,  
Есен барса жолбарысың

Сындырамын дұшпанды!  
Әзімбайдынақымақ,  
Алты итіңе, өкпелеп,  
Жаманның ісін қылмайын,...—

дейді де, басынған жауға қарсы күреске аттанады. Бұл сырт қарағанда, Қамбардың Әзімбайды қорғамақ болып майданға аттануы секілді болып көрінеді. Шынында, олай емес. Ел дегенде ерінбей қызмет ететін Қамбар ел-жұртын қалмақ басқыншылары қамап, қысымға алып жатқан шақта, бір кезде Әзімбай балаларының қорлап тіл тигізгенін де ұмытады. Қамбар Әзімбайды емес, ел намысын қорғау үшін аттанады. Жаудан елді аман алып қалу — Әзімбайлардың қолынан келмейтіндігі, ол — халықтың ғана қолынан келетіндігі жырда ашық айтылады.

Қамбар жауға тілдескенде де адамгершілік жасайды. Ол қалмақ ханы Қараманға:

Сіз бенен біз жауласып,  
Жаманның ісін қылмайық,  
Қалаңа қайт, Қараман...—

деп, текке қан төгудің керек еместігін ескертеді. Қамбардың бұл сөзін Қараман қабыл алмайды. Сонда:

Қамбар айтты: Қараман,  
Мықты болсаң, жеке кел..  
Қасыма таман жақында,  
Қырғи ілген торғайдай,

Мойныңды жұлып алайын.  
Қан ағызып көзіңнен  
Басыңа сауда салайын,—

деп, жекпе-жек ұрысқа шақырады. Сол арада екі батыр алысқа түседі. Халқының намысы үшін басқыншы жауға қарсы жекпе-жек күреске шыққан Қамбар Қараманды жеңеді, қайраты мол батыр екендігін танытады.

Ел намысы үшін майданға аттанған Қамбар басқыншы жауларын қиратып жеңеді де, халықтың алғысын алады. Қамбардың бұл батырлығына сүйсінген халық сол жерде Әзімбай сияқты үстем тап өкілдерінің қолынан сштеңе келмейтіндігін сықақтап, халық арасынан шыққан Қамбар сияқты батырды ерекше басым стіп көрсетеді. Сөйтіп,



байлығына, дәрежесіне мастанған Өзімбай және оның ақымақ балалары көпшілік алдында маскара болады да, халық батыры Қамбардың аяғына жығылады.

Жырда Қамбардың батырлық тұлғасы Алшыораздың сөзімен де сипатталады. Ол өзінің ақылсыз ағаларына Қамбар туралы былай дейді:

Алшыораз айтты: ағалар,  
Сүйінбе малдың көбіне...  
Екі талай іс болып,

Ат құлағы теңессе,  
Паналарсың тығылып,  
Осының барып жеңіне,—

Алшыораздың бұл сөзінен Қамбардың ел қорғау ісі қолынан келетін мықты батыр екендігі ғана көрінбейді. Мұнымен қатар, мұндай ерлік іске Өзімбайдың есерсоқ балалары бара алмайтындығы аңғартылады.

Жырда Қамбар образы жау адамдарының іс-әрекеті, сөзі арқылы да толықтырылып отырады. Қараман мен Келмембеттің Қамбардан сескенуі, қорқуы, одан қауіптенуі батыр образын ұлғайта түседі.

Сөйтіп, жырда Қамбар образы өте әсерлі болып жасалған. Қамбардың ерлік еңбегін, ел қорғаудағы батырлық істерін сүйсіне жырлаған халық бейбітшілік кезінде де, басқыншы жау шабуылдаған кезде де жұрт үшін аянбай күресетін ер-азамат Қамбардай болуын арман еткендігін білдіреді. Соны үлгі тұтады.

**НАЗЫМ МЕН  
АЛШЫОРАЗ**

Өзімбай балаларының ішінен бөліп алып, жырдың жағымды кейіпкер бейнесінде суреттегені — Назым мен Алшыораз. Бұлардың жағымды кейіпкер болуы — тоқсан үйлі тобыр арасынан шыққан Қамбардың адамгершілігін, ел үшін жасаған ерлік істерін дұрыс бағалай білуінде.

Алты ағаның ортасында ерке өскен Назым өзіне тең жар-жолдас іздегенде мынды айдаған байдың мырзасына көз салмайды. Ол жұрт мақтап, халық қадірлеген Қамбарға көрмей тұрып ғашық болады. Көк жорғамен жігіт тобын аралағанда, бірде-бір жігіт оған ұнамайды. Оның ойы, есі-дерті — Қамбарда. Жиналған жігіттердің арасынан Қамбарды кездестіре алмаған Назым:

Жақсы көріп жүр еді,  
Мақтауын естіп білгелі,  
Қандай түрлі екенін

Көзімен көріп білмеді,  
Сұлу да қайтты үйіне  
Ер Қамбар болып сүйгені,—

дейді. Сондықтан да ол жұрт мақтауымен өзі сырттай ғашық болған Қамбарды қайтсе де кездестіруді арман етеді. Әр түрлі амал жасайды, бірақ оған Қамбар көңіл аудар-

майды. Қамбардың мұнысы өзінен басқа сұлу, ақылды қыз жоқ деп білетін Назымға қатты батады, құмары арта түседі. Қамбармен сөйлесу, оған қосылып жар-жолдасы болу Назымның үлкен арманына айналады. Халық жыры Назымның бұл әрекетін, Қамбарды сүюін, қара басының қамын ойлағандық немесе балалық деп кінәламайды, қайта оны құптайды; халық ардақтаған батырды қадірлегендік деп біледі. Бұл ретте жыр Назымды ақылсыз, дарақы ағаларына қарсы қояды да, олардан Назымның ақыл-ойы артық екендігін көрсетеді.

Назымды жақтаушы Алшыораз ғана. Әзімбай балаларының ішінде ақылы бар естісі де, алды-артын байқайтыны да — осы Алшыораз. Жыр оны ақылды, өжет, намысқор, белгілі мөлшерде батырлық ісі бар адам етіп суреттейді және оны Қабыршақ, Дараз, Қораз, Қарымсақ секілді ағаларына қарсы қояды. Қарымсақтар Назымды Қамбарға қосу былай тұрсын, батырдың Назыммен сөйлескенін де көре алмайды, оны «сүйек сындырғандық, қорлап басынғандық» деп біледі де:

Қорлағаны емес пе,  
Жалаң аяқ жарлының  
Жүргені бізге жақындап?...  
Ақ семсерді қолыңа ап,  
Маңдайын жарып, басын шап,

Жерге түссін мойыны,  
Келеді кіммен ойыны,  
Қызға таңсық мырзаның  
Қылышпенен көңілін тап,—

десіп айқай-сүрең шығарады. Мал мен байлығының көптігіне мастанып, бақ-дәулеті өмір бойына кетпейді деп түсінетін ағаларының топастығын Алшыораз олардың бетіне басады. «Екі талай күн туа қалса, паналайтының Қамбар», — дейді де, Қамбармен жақындасуды, оған өзінің теңі деп Назымды қосуды ұйғарады:

Қарындасың кем болмас,  
Батырдың түссе жеміне.  
Ағайынмен ойласып,  
Назым жанды қосайық.  
Қаласа құдай теңіне....,—

дейді Алшыораз.

Қалмақ ханы Қараман Әзімбайға кісі салып, Назымды сұратады: «Берсе қолынан, бермесе, жолынан», — дегенді айтып күш көрсетеді. Осы кезде бастығы Әзімбай және оның батырсынып жүретін ақылсыз балалары жау аяғына «құлдық» деп жығыла кеткен шақта, Қараманға қарсылық білдірген тек Алшыораз болады. Ол қалмақ ханының басынғандығына намыстанады да, Қараман жіберген құдаларды

соққыға жығып қуып жібереді. Бұл істің ақыры насырға шабатынын және жалғыз өзі Қараманға қарсы қайрат көрсете алмайтындығын біліп, ақылмен жол табады хал-жайын айтып, Қамбарға Жәдігерді аттандырады, батырдан күш-көмек сұрайды. Мұның бәрі Алшыораздың ақылы, намысы бар, өжет, ер жігіт екендігін сипаттайды. Сондықтан да оны халық жыры осы ісі үшін де «намысты нанға сатпаған» ер азамат деп құрметтейді. Қамбар келіп, Қараманға қарсы күреске шыққанда Алшыораз да ерлік көрсетеді. Қамбарға қосылып, жау әскерлерін қуысады. Бұл ретте де халық Алшыораздың ерлігі бар, ақылсыз ағаларынан әлдеқайда артық адам деп жырына қосады.

**ӘЗІМБАЙ** Жырдағы жағымсыз кейіпкердің бірі — Әзімбай. Ол — кісі еңбегімен мал жинаған, соған масаттанған, бірақ қиыншылық іс түскен кезде қолынан еш нәрсе келмейтін қорқақ адам.

Әзімбай образы халық жырында екі түрлі мәселенің бетін ашу үшін алынған. Біріншіден, Әзімбай арқылы халық жыры езуші мен езілушінің арасындағы таптық жайларды елестетуді, оның ерте заманнан келе жатқандығын аңғартуды көздейтіндігі байқалады.

Басқа жырларға қарағанда, таптық қарым-қатынас «Қамбар батыр» жырында ашығырақ көрінеді. Мұны ол ең алдымен Әзімбай образы арқылы, оның халықты менсінбеушілігі мен тәкаппарлығын суреттеу арқылы елестетеді. Езуші таптың өкілі ретінде алынған Әзімбай байлық, сән-салтанатына масаттанады, еңбекші халықты менсінбейді, оған жиіркене қарайды. Ол Келмембетке айтқан сөзінде:

Ертелі, кеш шұбырып,  
Конады мейман ағылып,  
Кедейлер мені көрмесе,

Қалады,— дейді,— сағынып;  
Отымның басын бермейді,  
Іздеген жоғы табылып,—

деп, халықты кеміте, жамандай сөйлейді. Бұдан езуші таптың еңбекші халыққа қалай қарағандығы айқын көрінеді.

Екіншіден, Әзімбайды халық жыры «екі талай күн туғанда» елге пана болатын кім екендігін көрсету үшін алады. Әзімбайлар байлығына сүйеніп күпілдегенімен де, ел басына қиыншылық түскен кезде, басқыншы жау келіп, қамауға алған шақта қатты сасады, қайрат көрсетіп қарсы тұрарлық күш таба алмайды. Қайта, жаудың аяғына бас ұрып жалына бастайды, жан сауғалайды. Мұндай жағдайда ерлік жасайтын тек халықтың өзі ғана. Қандай қиыншылықтар болса да, қандай жау келсе де оларға төтеп

беретін, талқандап жеңетін халық, оның қаһарлы күші екендігін жыр тарихи шындық тұрғысынан баяндайды. Бұл ретте, жыр еңбекші халықты езуші тапқа қарама-қарсы қойып, салыстыру жасайды да, халықтың сарқылмас күшін, батырлық бейнесін сипаттайды, қоғам тірегі халықтың өзі деген қорытынды шығарады, Әзімбайлардың қолынан ондай ерлік іс келмейтіндігін бейнелейді.

**ҚАРАМАН МЕН  
КЕЛМЕМБЕТ** «Қамбар батыр» жырында негізгі жағымсыз кейіпкер ретінде алынғандар — Қараман мен Келмембет. Бұлар ноғайлы-қазақ еліне талай рет шабуыл жасап, жорық ашқан, халыққа қан жұтқызған қалмақ басқыншыларының өкілі ретінде суреттеледі.

Қараман мен Келмембет образын жасауда да жыршы ақын асқан шеберлік көрсетеді. Бұларды жау адамдары ретінде ала отырып, әрқайсысының өзіне тән іс-әрекетін, мінез-құлқын даралап сипаттайды, бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктері барлығын айқындайды.

Қараман — әрі батыр, әрі ел билеген хан. Ол көрші елдерге күш көрсетуді, ығыстырып ұстауды, зорлықпен бағындырып алуды мақсат етеді. Бұл ретте Қараман өзінің күшіне сенеді; қарсыласқан дұшпанын «жүндей түтемін» деп асқақтап жүреді. Әзімбайдың аулына құда болып, Назымды Қараманға айттыру үшін барған Келмембет соққы көріп қайтады. Бұған Қараман қатты ашуланады да:

Ерегіскен кісінің...  
Етіп итке жегізіп,  
Сүйегін өртеп, жағайын...  
Қазықтай жерге қағайын,—

деп қаһарланады. Ол бұл мінезін Қамбарға да көрсетеді. Қамбарды да қорқытып, қорғалатпақ болады. Қамбарға айтқан сөзінде:

Өлтірсейін деп едім,  
Кешіксең, келмей осыдан,—

дейді. Бірақ жекпе-жек ұрысқа келгенде, күшіне, күштілігіне сенген Қараман Қамбардан жеңіліп қалады.

Сөйтіп, халық жыры Қараман образы арқылы шапқыншылықты мақсат еткен, зорлық жасап дәрежеге жетуді көздеген басқыншы жаудың іс-әрекетін сипаттайды. Мұндайлар қаншама мықты болғанымен, оларды әділ іс үшін күрескен батырлар жеңетіндігін аңғартады.

Қараманмен қатар, жырда Келмембет суреттеледі. Ол Қараманның атарман-шабарманы, қол шоқпары ретінде алынады. Келмембет қарсы адамдарын көбінесе сөзбен ығыстырып алуды көздейді, күш көрсете, айбат шеге сөйлейді. Бірақ, ол мұнысын әлсіздерге жасайды, өзінен күштілерден қорыққанда құрдай жорғалайды. Ол — ығыстырар жерін де, ығар жерін де аңғара білетін айлакер адам. Әзімбайға асқақтап келеді; Әзімбайдың ел қорғауға жарамайтынын және Қараманға қарсы күресе алмайтындығын біледі де, шірене сөйлейді, шаңыраққа қобыз ойнатуға тырысады. Ал Қамбарға айтар сөзін жеткізе алмай, батырмен жүздесіп сөйлесуден қорқып, тек ат үстінен ғана айбар жасайды. Қамбардың кескінінде ашу барын аңғарған Келмембет:

Келмембет қорқып сасады,  
Шапшаң жүр, — деп, — шырағым,  
Кейін қарап қашады.  
Тағы да ұстап алар деп,  
Дөңгелетіп жорғасын  
Бауырлап қамшы басады,—

Қамбармен дұрыстап сөйлесуден қорқып, зәресі ұшқан Келмембет, Қараманға қайтып келгенде, «Үш күннен қалмай Қамбар келетін болды», — деп өтірік соғады. Оның қорқақ, өтірікші-суайт адам екендігін халық жыры ащы күлкі, мазақ түрінде жырына қосып, Келмембеттің жағымсыз образын жасайды.

**ЖЫРДЫҢ  
ҚҰРЫЛЫСЫ,  
ТІЛІ**

«Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» жырларымен салыстырғанда, «Қамбар батырдың» композициясындағы жырдың өзіне тән басты ерекшелігі — оқиғаны әр түрлі шегініс жасау арқылы жырлауында<sup>1</sup> Егер «Қобыланды батырда» оқиға басты кейіпкердің ерлік істерін баяндау арқылы үзбей дамып отырса, «Қамбар батыр» жырында бұл жағдай өте сирек кездеседі. «Қамбар батырда» жыршы ақын бір оқиғаны айтып келе жатады да, оны бітірместен үзіп тастап, екінші әңгімесіне көшеді. Оны аяқтамай, үшіншісіне ауысады. Жыр оқиғасын осылай баяндау белгілі бір жүйеге айналады. Мұның мәнісі жыр оқиғасын тыңдаушыға қызықты етіп жеткізу, алғашқы әңгіменің кейіннең немен аяқталғанын білуге құмарттыру ниетінен туған тәрізді. Солай бола тұрса да, жырды

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1948 жыл 146-бет.



тындаушы болсын, оқушы болсын жыр оқиғасын тұтасынан көз алдыңа келтіріп, елестете алады.

«Қамбар батыр» — тілі жағынан аса көркем жырдың бірі. Әрбір әңгімені жеңіл тілмен түсінікті, әрі тындаушының есінде қалатындай етіп баяндайды, аз сөзбен көп мағына беріп отырады. Кейде азғантай суретпен үлкен картиналарды көз алдыңа елестетіп қояды. Мысалы, Қамбардың аң аулауға шыққан кезін сипаттауын алайық. Мұны жыр:

Күмістен тағып қарғысын,  
Соңына ертіп тазысын,  
Ау қылып Қамбар шығады.  
Қасындағы құмайы  
Таңынан тартып талайын  
Тау текені жығады.  
Таңы айрылып жыртылып,  
Киік пен жатқан құланы,  
Ат бетіне қаратпай,

Ақ бөкендей жосытып,  
Айқайын салып қуады.  
Ашуменен аямай,  
Тұлпарға қамшы ұрады.  
Найзамен өзі шабақтап,  
Тазысы жетіп, тамақтап,  
Қасап сойған ешкідей,  
Қан сасытып қырады,—

деп суреттейді. Бұл көріністен қазақ халқының ерте кездегі тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі аң аулауға байланысты болғандығы, ол үшін неше түрлі айла-амал қолданғандығы елестейді. Осы ретте, аңшылық өмірді суреттеуі, аң аулауды ерлік деп жырлауы арқылы «Қамбар батыр» қазақтың батырлар жырына өзінше бір үлкен жаңа тақырып әкеп қосты деуге болады.

Жырдың көркем тілін сөз еткенде, көзге түсетін бір ерекшелігі — бейнелеу (символ), — дейді проф. Қажым Жұмалиев. Расында да басқа жырларда күрделі оқиғаны белгілі бір жүйеге айналдырып бейнелеу арқылы сипаттап баяндау кемдеу десек, бұл «Қамбар батыр» жырында көп кездеседі, оқиғаны ол көбінесе, бейнелеу арқылы баяндап отырады. Мәселен, Жәдігер Қараманның қалың қолмен келіп, ел-жұртты қамап жатқанын Қамбарға айтқанда:

Ойда жоқ жерде ел қашып,  
Қонысымыз тарылды;  
Қызуына шыдамай  
Жүрегіміз жарылды.  
Өртеп кетіп барады,  
Өзеннің буы қалыңды,

Шарпу жұртқа тиеді,  
Өшірмесең жалынды...  
Жердің жүзін сел алды,  
Бөгетті қайдан саласың:  
Ағысы жаман теңіздің  
Тоқтатып қайтып аласың...—

деген бейнелеумен білдіреді. Болмаса, Келмембеттің Әзімбаймен немесе Қамбардың Қараманмен сөйлескен сөздерін алайық. Олар да бір-біріне айтайын деген негізгі ойын бейнелеу арқылы білдірген болады. Келмембет:

Саусағы алтын сұңқарға,  
Ілдірейін деп келдім,

Көлдегі үйрек, қазыңды,  
Алтайы қызыл түлкіңе

Косайын деп ойлап ем,

Кұмай жүйрік тазымды,—

деп, Қараманды — сұңқар, құмай тазы бейнесінде, Назымды, — үйрек, қаз, қызыл түлкі бейнесінде көрсетеді. Қамбар Қараманның: «Неге кешігіп келдің?» деген сұрауына:

Сұңқардың ілген қазына  
Бір қарақұс таласып,  
Жатыр екен өшігіп,  
Ажыратып екеуін  
Онан бері жүріп ем,  
Кұмай тазы қуалап,

Алған екен ниетпен.  
Бір төбет ит айқасып  
Қылыпты зорлық есіріп.  
Ажыратып соларды  
Жолымнан қалдым кешігіп,—

дейді. Мұнда Қамбар өзін сұңқарға, құмай тазыға, ал Қараманды қарақұсқа, төбет итке теңейді. Сөйтіп жыршы-ақын бейнелеуді образ жасаудың және оқиғаны баяндаудың басты әдісі есебінде қолданып отырады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, «Қамбар батырды» халқымыздың сүйсіне тыңдап, сүйе жырлаған көркем шығармасының бірі деп білеміз.





## Ү т а р а у

### ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР

Ертедегі қазақ поэзиясында сюжетті әңгімеге құрылған жырлардың бір бөлігі лиро-эпос деп аталады.

Егер, батырлар жырының басты тақырыбы, күрделі әңгімесі — ел қорғау жайы болса, лиро-эпостық жырлардың одан біраз айырмашылығы бар сияқты. Ең алдымен, бұл алуандас жырлардың оқиғасы халықтың ертедегі жалпы әдет-ғұрпына, үйлену салтына байланысты туған. Онда көбінесе бір-біріне ғашық болған жұбайлар жайы, олардың қуанышы мен арман-мұңы, қайғы-шері суреттеледі. Және де өткен заманда жастардың бас еркі болмағандығы, олардың арман-мүдделеріне жетуі, сүйгендеріне қосылуы жолында көптеген бөгеттердің кездескендігі, ол бөгеттерді жеңе алмай ауыр аза, зор қасіретке ұшырағандары жырға қосылады. Бұл ретте халықтық негізде туған лиро-эпос жырлары өткен заманның жастарға жасаған озбырлық әдет-ғұрпын сынға алады.

Батырлар жыры сияқты лиро-эпос жырлары да бір дәуірдің жемісі емес. Бұл да талай ғасырмен бірге жасасып, әртүрлі жағдайларды, таптық, қоғамдық тілектердің ыңғайына қарай өзгеріп отырған. Ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылу түрінде, көптеген өзгерістерге ұшырау арқылы жеткен. Халықтық ортада туған және халықтың көзқарасын, тілегін білдіретін жырлардың өздері де таза күйінде халықтық сипатын толығынан сақтаған емес. Халықтық сипаты бар деп танылатын лиро-эпос жырларының қайсысынан болса да әр қилы қайшылықтар мен кемшіліктердің кездесуі осыдан. Сондай-ақ, халықтың лиро-эпос жырларын үстем тап та өз мүддесіне пайдаланған, жырдың халықтық идеясын бұрмалап, ескі әдет-ғұрыптың халыққа жат жақтарын мақтап көрсетуге тырысқан.

Қазақ ауыз әдебиетінде лиро-эпос жырларының ертеден келе жатқан бірнеше үлгілері бар. Солардың ішінде бас-

тылары деп «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Күлше қыз — Назымбек» «Мақпал қыз», «Құл мен қыз», «Айман — Шолпан» жырларын айтуға болады. Бұл жырларда тек ғашықтық, махаббат әңгімелері ғана суреттелмейді. Солармен қатар, халықтың ертедегі тұрмысы, салты, қоғамдық мәні бар жайлары қамтылады. Жырлардың оқиғасы халықтың тұрмыс, салтынан туып дамиды, күрделі әңгімелер айтылады. Осыған орай біз лиро-эпостың кейбір үлгілерін мысалға ала талдап көрелік.

## «ҚОЗЫ КӨРПЕШ — БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫ

Лиро-эпос жырларының ішінде тақырыбы, оқиғасы, құрылысы жағынан ерекше орын алатыны және халық арасына көп тарағаны — Қозы Көрпеш-Баян сұлу жайындағы жыр. Бұл жыр бір-біріне ғашық болған екі жастың өмірін ғана баяндаған дастан емес. Ол сонымен қатар, қоғамдық мәні бар әңгімелерді қамтыған, халықтың өткендегі тұрмыс-салтын суреттеген жыр.

### ЖЫРДЫҢ ВАРИАНТТАРЫ

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры тек қазақ арасында туып, қазақ еліне ғана тараған жыр емес. Ол ерте кезде бір-бірімен қарым-қатынас жасаған, көшіп-қонып көршілес болған, тұрмыс-салты, тіршілігі ұқсас қазақ, башқұрт, барабын татарлары, ұйғыр, алтай елдерінде айтылып жүрген жыр. Аталған халықтардың қайсысы болса да жырды өзінің төл шығармасы деп таниды.

Соңғы кезде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры жайында біраз еңбектер жазылды. М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Қоңыратбаев сияқты ғалымдар бұл жырды арнайы зерттеп, оның қазақта он алты варианты барлығын анықтады. Және де олар жырдың қазақтағы варианттарын башқұрт, ұйғыр, барабын татарлары арасында, алтай елдерінде айтылатын әңгімелерімен салыстыра зерттеді, қандай ұқсастықтары, айырмашылықтары барлығын көрсетті.

Қазақ арасында айтылып, ауызша тараған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының он алты варианты бар дедік. Оларды зерттеген ғалымдардың мәліметтеріне қарағанда<sup>1</sup>, бұл жыр ел арасынан өткен ғасырдың бас кезінде-ақ жинала бастаған. Бұр ретте игілікті жұмыстар

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 511-бет; Ы. Дүйсенбаев, «Тұрмыс-салт жырлары» (орыс тілінде), 1955.

жүргізген орыс ғалымдары болған. Мәселен, шығыс әдебиеті мен араб тілін зерттеуші орыс ғалымы Саблуков жырдың бір варианты 1830 жылы бұрынғы Семей губерниясына қарасты Көкпектілік бір жыраудан жазып алған. Омбыда, губернатордың кеңсесінде, іс жүргізуші болып істеген Ғ. Дербісәлин 1834 жылы «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» бір үлгісін хатқа түсірген. Бұрынғы Аягөз сыртқы округтік приказының тілмашы Андрей Фролов деген кісі 1841 жылы қазақ ақындарының айтуынан жырдың бір нұсқасын жазып алған.

1856 жылы Шоқан Уәлиханов «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын атақты Жанақ ақыннан естігенін және жазып алғанын айтады<sup>1</sup>. Бірақ жырдың Шоқан жазып алған бұл варианты өз кезінде баспа жүзін көрмегендіктен әлі күнге дейін жұртшылыққа мәлім болмай келеді.

Орыс халқының ұлы ақыны А. С. Пушкин Пугачев қозғалысы туралы материал жинау мақсатымен Орынбор жағына келіп, сол мандағы қазақ ауылдарында да болады. Осы сапарында ол ел арасынан «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» әңгімесін естіп, негізгі мазмұнын жазып алады, кейіннен оны өзі поэма етіп жазуды ойлайды<sup>2</sup>.

М. Путинцев 1865 жылы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының бір вариантын жазып алып, оның мазмұнын орыс тіліне аударып бастырған<sup>3</sup>. Академик В. Радлов жырдың бір нұсқасын қазақ арасынан жазып алады да, оны өзінің үшінші томына (1870 ж.) енгізеді.

Петербург университетінің профессоры И. Н. Березин өзінің «Түрік хрестоматиясы» дейтін кітабында (1876 ж.) «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының бір вариантын жариялайды. Түркістан өлкесінің археологиясын зерттеген ғалым Н. Пантусов 1898 жылы Қозы мен Баянның моласы дейтін ескерткішті зерттейді, ол осы жолда ел арасынан «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының бір нұсқасын жазып алады да, оны әуелі Ташкентте кейіннен Қазанда шыққан «Орта Азияның ескі заманы» дейтін кітабында бастырған. Оренбург музейінің басқарушысы болған орыс тарихшысы И. А. Кастанье өзінің «Қазақ даласы мен Оренбург өлкесінің ескі белгілері» (1910) дейтін кітабында «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының он шақты нұсқасынан дерек береді және сол кітабында жырдың бір үлгісін орысша

<sup>1</sup> Ч. Валиханов. Сочинения, том I, стр. 200, 1961.

<sup>2</sup> «Каз. правда» газеті, 12 ақпан, 1938.

<sup>3</sup> М. Путинцев. От Семипалатинска до Капала, «Военный сборник», №12, 1865.



аударып жариялайды. Кастанье бастырған бұл нұсқа жайында мынадай бір мәлімет келтіреді: бұрынғы Жетісу облысының губернаторы Колпаковский Семейден Қапалға бара жатып, жолда Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың моласын көреді, осы екі ғашық жайындағы аңыз әңгімелерді жинастыруды Лепсі уезінің начальнигіне тапсырады. Лепсі уезі начальнигінің айтуы бойынша, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының бір үлгісін орман қарауылшысы Салағаев ел арасынан жинап тапсырады, ол орысшаға аударылады да, Қастаньенің қолына түседі. Бұл кейіннен Кастаньенің бастырған варианты болып кетеді.

Бұлармен қатар, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының кейбір үлгілері, үзінділері 1877 жылы «Ақмола облыстық ведомосында» (186 1,3), «Нива» журналында (№2, 1899 ж., Е. З. Баранов нұсқасы), «Дала уалаяты» газетінде (1894 және 1899 жылдар), «Торғай газетінде» (А. Васильев нұсқасы, 1900 ж., №6) басылған. Жырдың бір варианты 1916 жылы Сейітовтың қолжазбасы бойынша, «Орыс география қоғамының батыс — сибирлік бөлімінің еңбектерінде» жарияланған.

1878 жылы жырдың бір варианты «Хисса Қозы Көрпеш» деген атпен Қазанда Ш. Хұсаиновтар бастырып, оны 1890, 1894, 1896, 1905 жылдары қайта бастырған.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры кеңестік дәуірде бірнеше рет басылып шықты. 1925 жылы Москвада басылды. 1936 жылы жырдың Жанақ айтуындағы нұсқасын М. Әуезов Алматыда шығарды. Кейіннен ол 1939 жылы шыққан «Батырлар жыры» жинағына енді. Бұл жырдан алынған үзінділер оқу орындарына арналған хрестоматияларда жарияланып келеді. Г. Тверитин дейтін ақын жырдың бір вариантын өзінше жырлап, орысшаға аударып (1928, 1941, 1949) бастырды және «Песни степей» атты жинақта жарияланды. 1959 жылы Қазақстан Респубикасы Ұлттық ғылым ағадемиясы жырдың алты вариантынан құралған (кұрастырушы Ы. Дүйсенбаев) жинақ шығарды. Мұнымен қатар, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының сюжетін пайдалана отырып, жазушы Ғабит Мүсірепов пьеса жазды, кино-фильм де шығарылды.

#### **ЖЫРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Өткен ғасырдың өзінде-ақ «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырына талай ғалымдар көңіл аударып, бірсыпыра пікірлер айтқан болатын. Олар жырдың өзін ғана сөз қылып қоймай, сонымен қатар Қозы Көрпеш пен Баянның бейітін ескі

дүниенің ескерткіш белгісі ретінде зерттеген еді. Мәселен, Г. Н. Потанин бұл жырды аса жоғары бағалап, дүниежүзілік эпостық шығармалардың қатарына қояды. «Бұл жыр — дүние жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма»<sup>1</sup>, — дей отырып, Потанин оны Ромео мен Джульеттаға теңейді. Өз тұсында Шоқан да «Қозы Көрпеш» жырын сүйсіне тындап, Жанақтан жазып алғаны мәлім. «Алтын айдар Қозы Көрпеш пен сұлу Баянның сүйіспеншілігі туралы шығарылған ақындық аңыз»,<sup>2</sup> — деп бағалайды ол.

Академик Радлов пен профессор Березин де «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының ертеден келе жатқан әдебиеттік мұра екендігін атап көрсетеді. И. Безверхов «Қазақтың өлеңшілері мен ақындары» туралы жазған мақаласында<sup>3</sup> «Қозы Көрпеш» жырын жоғары бағалап, қазақ халқының ерте заманда туғызған ақындық шығармасы екендігін айтады да, оны Арыстан ақынның қалай жырлағанын жазады. Түрік халықтарының ертедегі өлең құрылысын зерттеген ғалым Ф. Корш «Қозы Көрпеш» жырының көркемдігін ерекше сөз етеді. Бұл шын мәніндегі халық жыры деп бағалайды<sup>4</sup>

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры жайында пікір айтқан ғалымдардың екінші тобы Қозымен Баянның бейітін зерттеген. Орыс ғалымдары Н. Абрамов, Н. Пантусов, И. Кастенье, т. б. өткен ғасырдың аяқ кезінде бұл бейітті зерттей келіп, оны ерте заманның архитектуралық өнерін көрсететін белгі деп қарайды.

Сөйтіп, Қазан революциясына дейін «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын көптеген ғалымдардың жоғары бағалағандығын көреміз. Бірақ та олар бұл жыр жайында азды-көпті пікірлер айтқаны болмаса, оны арнайы зерттеген жоқ еді. Кеңестік дәуірде ғана бұл жыр зерттеле бастаған.

Кеңестік дәуірде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры туралы үлкен көлемді ғылыми зерттеулер бірден туған жоқ. Ең алдымен, әр түрлі пікірлер айтылды. Мәселен, Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» (1932 ж.) деген кітабында «Қозы Көрпеш» жырына тек Радлов варианты бойынша

<sup>1</sup> Г. Потанин. В юрте последнего киргизского царевича, журн. «Русское богатство», №8, 1896, «Восточные мотивы, 1899.»

<sup>2</sup> Ы. Дүйсенбаев, жоғарыда аталған еңбегі.

<sup>3</sup> «Ақмола облыстық ведомосы», №16, 1893.

<sup>4</sup> Записки вост. отд. русского географич. общества, том XIX, вып. II-III, 1909.

тоқталады да, Қозы мен Баянға байланысты жырлардың барлығын үстем таптың шығармасы деп көрсетеді. Және де ол: «Қозы Көрпешті» талай оқымыстылар мақтайтын еді. Мен мақтарлық ештемесін таба алмадым», — дейді<sup>1</sup> Сәбит Мұқанов «Батырлар жыры» туралы жазған еңбегінде (1939 ж.) «Қозы Көрпештің» халықтық сипаттағы жыр екендігін дәлелдейді. Революцияға дейін қазақ жастарының, әсіресе қазақ қыздарының, ескі әдет-ғұрып шырмауынан шыға алмай, ауыр күйге түскендерін бейнелейтін жырдың бірі деп бағалайды. Осы пікірді Қажым Жұмалиев те өзінің «Қазақ әдебиеті» деген оқулығында (1944), «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958) монографиясында, Әлкей Марғұлан да (жоғарыда аталған еңбегінде), Мұсатай Ақынжанов та<sup>2</sup> айтады. Олар жырдың әр түрлі варианттарын салыстыра отырып, Қозы мен Баян жайындағы әңгімелердің негізі халықтық ортада туғандығын анықтайды.

Бертін келе, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырына арналған ғылыми еңбектер жазылады. Бұл ретте Мұхтар Әуезов пен Ысқақ Дүйсенбаевтың зерттеулерін атауға болады.<sup>3</sup> Мұхтар «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының қазақ арасына тараған варианттарын зерттейді, жырдың әдебиеттік жақтарына толық талдау береді. Сонымен қатар жырдың шығу мезгілін мөлшерлейді. Ол бірсыпыра деректер келтіре отырып, жырдың XV-XVI ғасырлар шамасында шыққандығын айтады. Содан бері қарай бұл жырдың талай өзгерістерге ұшырағанын, жырды әр таптың өз тілегіне қарай пайдаланғандығын дәлелдеп көрсетеді. Қазақтың лиро-эпостық жырларын зерттеген Ы. Дүйсенбаев «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» арнайы тексереді. Ол бұл жырдың қазақ арасында сақталған варианттарын башқұрт, ұйғыр, барабын татарлары және алтай елінде айтылатын түрлерімен салыстыра зерттейді. Олардың «Қозы Көрпешті» қалай жырлағанын, қандай айырмашылық, ерекшеліктері барлығын көрсетеді. Мұнымен қатар, ол Шоқан мен Потаниннің және басқа да ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, жырдың оқиғасы халықтың аңыз-әңгімелерінен туған дейді. Қозы мен Баян тарихи адамдар емес, олар халықтың аңыз-ертегілері жасаған кейіпкерлері деген қорытынды жасайды.

<sup>1</sup> Сейфуллин, *Қазақ әдебиеті*, I кітап, 226-бет, 1932.

<sup>2</sup> М. Ахинжанов. Проблема народности казахских социально-бытовых поэм, 1953.

<sup>3</sup> М. Әуезов. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», 1936; «Қазақ ССР тарихы» (1943, 1957); «Қазақ әдебиетінің тарихы», I том, 1960; Ы. Дүйсенбаев. Қозы Көрпеш — Баян сұлу (жинақ), 1959.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» қазақ халқының ерте заманда шығарған ескі жырының бірінен саналады. Бұл жырды көптеген ақын-жыршылар айтып біздің заманымызға жеткізген. Ол өзінің қалыптасу, даму жолында талай таптық тілектердің елегінен өткен. Жырдың қай вариантын алсақ та, әр түрлі көзқарастардың барлығын аңғартады. Мәселен, Шөже, Мұқан айтқан жырда дін әңгімелері басым келеді, олар жырға дін жайын, ескі наным-сенімдерді көбірек енгізеді. Радлов жинап бастырған жырда үстем тап адамдарын, әдет-ғұрып салтты дәріптеушілік орын алады. Жырдың Кастанье жариялаған нұсқасында көптеген әңгімелер қиял-ғажайып ертегі түрінде айтылады. Мұның бәрі жырдың әрбір ортаның тілегіне қарай өзгеріп отырғанын көрсетеді. Бұған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының барлық варианты халыққа жат деген ұғым тумайды. Жырдың халық тілегіне сай келетін, әр алуан қайшылықтарымен қатар, халықтық сипаты барлары да көп. Бұл ретте біз Жанақ вариантын мысалға аламыз.

#### **ЖАНАҚТЫҢ ЖЫРЫ**

Жанақтың өмірбаянын, ақындық қызметін баяндайтын деректер өте аз. Шоқанның айтуына қарағанда, Жанақ ірі ақын және асқан қобызшы болған. Оның өлең, жырларын тындаған Шоқан: «Жанақ нағыз ақын, жыршы еді», — дейді. Біржанмен айтысқа түскен Сара да осыны айтады, Жанақтың әрі қобызшы, әрі атақты алғыр ақын екендігін еске түсіреді.

Жанақ ақындар айтысы арқылы ақындық атқа ие болған, ол өз кезінде көптеген ақындармен айтысқа түсіп, талайды сөзбен бұған ақын. Оның бір-екі айтысын Сәкен Сейфуллин «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931ж.) деген кітабына енгізген. Соның бірі Жанақтың Түбек ақынмен айтысы. Есмағамбет Ысмайыловтың мәліметтеріне қарағанда, Түбек «XVIII ғасырдың ақыры мен XIX ғасырдың басында жасаған»<sup>1</sup>

Жанақ өз кезінде Жетісу, Семей жақтарын көп аралаған, сол мандағы ақындармен айтысқа түскен және үлкен жырлар айтып жүрген. Бірақ та оның «Қозы Көрпеш — Баян сұлудан» басқа тағы қандай жырлар айтқанын анықтау қиын. Өйткені басқа жырлары сақталмаған секілді.

Жанақтың айтуындағы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын ел арасынан жинап, 1936 жылы бастырған Мұхтар

<sup>1</sup> Е. Ысмайылов. Ақындар, 100-бет. 1956.



Әуезов. Мұхтардың айтуына қарағанда, Жанақ бұл жырын Сыбанның төресі Солтабай дегеннің үйінде жатып айтыпты деген сөз бар дейді.<sup>1</sup> Содан оны басқа ақын-жыршылар үйреніп алып, елге таратыпты, кейінгі айтушы ақындар Жанақ нұсқасына біраз өзгерістер де енгізеді, Қозы мен Баянды арман-мүддесіне жеткізіп, өлтірмей тірі қалдырады. Мұнысы Жанақ жырына қосылған жамау сияқты дейді Мұхтар.

Жырдың Жанақ айтты дейтін варианты Жанақтың өз аузынан емес, Бейсенбай деген жыршының айтуынан жазып алынған. (Бейсенбайдың айтуынша жырдың аяғы осы делінеді). Жанақтан Шоқан жазып алған вариант әлі күнге табылған емес. Сондықтан, жырдың Жанақ вариантына бергі ақындар қандай өзгерістер қосқанын анықтау қиын. Бірақ бұл жөнінде Мұхтар Әуезов аса орынды пікір айтады: «Ел арасына тараған Жанақ жырының бір түрінде өлетін Көсемсары емес, Қозы Көрпештің өзі, онда жыр аяғы қайғылы халмен бітетін еді, ал жырдың қуанышпен аяқталуы Бейсенбай ақынның қоспасы, өзгертуі болып табылады», — дейді. Біздіңше, бұл дұрыс пікір. Өйткені жыр оқиғасының дамуына қарасақ, Қозының өлмей тірі қалуы мүмкін емес. Демек, бергі айтушы ақындар Жанақ вариантын өңдеп өзгерткен.

Жанақ жырлаған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» — негізінде халықтық жыр. Сюжет құрылысы, оқиғаны дамытуы жағынан болсын, көркемдік-шеберлігі, образ жасау жағынан болсын, бұл — күрделі шығарма, Мұнда да жырдың басты тақырыбы — ескі әдет-ғұрып, тұрмыс-салттан алынады. Ескі рушылдық, феодалдық қоғамда туып белгілі праволық нормаға, дәстүрге айналған, заң болып қалыптасқан салтты, яғни жастарды үйлендіру салтын, жырдың басты тақырыбы етеді. Жырдың қайсысы болса да бұл салтқа қарсылық білдіріп шенемейді, қайта оны бұзбай сақтау жағына көңіл бөледі. Жанақ жырында да осы мотив басты орын алады. Қарабай мен Сарыбай төс түйісіп құда болысады, тумаған балаларын атастырып қояды. Мұны Жанақ табиғи нәрсе, халықтың салты осы деп түсінеді. Сол түсінігін жырына қосады. Қозы мен Баян арасындағы махаббат, сүйіспеншілікті де жыр осы салтқа бағындырады. Жастардың қайсысы болса да бұл салтты бұзбай, оны құптауға тиісті екендігін ескертеді және мұны орындаған жастар кіршігі жоқ таза махаббатқа ие болады, ынтымағы жарасады деген

---

<sup>1</sup> «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», жинаған М. Әуезов, 5-бет, 1936.



түйін шығарады. Қозы мен Баян арасындағы сүйіспеншілік, махаббат сезімдерін осыдан тудырады және олардың қайғы-қасіретке ұшырауы да, өлімге душар болуы да ескі салтты өздеріне парыз ете шын пейілімен беріле орындағандығынан деп көрсетеді. Ал Қарабай мен Қодар жайына келгенде, жыр бұл екеуін де ұнамсыз бейнеде суреттейді. Қарабай ескі салтқа қарсы шығып, бата бұзады, уәдесінен танады, жастардың ажалына себеп болады. Сонысы үшін ол жырда жиренішті бейнеде суреттеледі. Қодар да сондай, ескілік жолмен атастырып қойған екі жастың арасына тікен болып қадалады, озбырлық жасайды. Сондықтан жырда Қодар да жауыздық бейне ретінде алынады.

Жырдың негізгі идеясы осындай бола тұрса да, ол ескі заманның объективті шындығын айтпай кете алмайды. Рушылдық, феодалдық қоғамда жастардың бас еркі болмағандығын, олар өздерінің сүйген адамдарына қосылуы жолында көптеген бөгеттерге ұшырағандығын жасыра алмайды. Бұл Жанақ айтқан жырдан да орын алады. Жырдың халықтық сипаты да осыдан көрінеді. Жырдың басты идеясы да, халықтық сипаты да ондағы образдар арқылы беріледі.

Жырдың бас кейіпкері Қозы Көрпеш кіршіксіз таза махаббаттың иесі болып бейнеленеді. Ол Баян жайын, атастырып қойған қалыңдығы екендігін Айбастан естіп біледі. Баянның өзіне тең екендігін, оның Айбас арқылы жіберген сәлемдемелерінен аңғарады. Сондықтан да ол Баянды көрмей жатып ғашық болады, құмары арта түседі. Жатса да, тұрса да ойынан Баян шықпайды, ғашық жарын көруге асығады, оны іздеп сапар шегуге дайындалады. Бұл сапардың қиыншылықтарын айтып: «Оған бармай-ақ қой, күдерінді үз, осы елден таңдаған қызыңды алып беремін», — деген шешесінің сөзіне құлақ аспайды. Есі-дерті Баянға ауған Қозы:

Алдымда неше қатар тұрса да оқ,  
Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ.  
Сұлуын дүниенің жисаңдағы,  
Бір жарымдай' болмайды көңіліме тоқ,—

дейді.

Баян үшін шыбын жанын шүберекке түйген Қозы ел-жұртын жәнс артында қалып бара жатқан қарт анасын Тайлақ биге тапсырып, алыс сапарға жол тартады. Жолшыбай көптеген қиыншылықтар көріп, Аягөзге келеді. Баян үшін қандай қасіретке де шыдамақ болып, Қарабайдың қойын бағады. Осындай ауыр халде жүрсе де, есі-дерті Баян болады. Ол өзіне-өзі қайрат беріп:

Сенен басқа хор қызы,  
Болса да көңіл салмаспын.  
Шашы күміс, басы алтын

Болсадағы алмаспын...  
Сені алмасам осы жол,  
Тірі де жүріп оңбаспын.—

деп ант етеді. Сол сертіне, мақсат еткен арманына жете берген шақта, Қозының алдынан тағы да көп бөгет, қиыншылықтар кездеседі. Бір кедергіден екіншісіне жолығады. Соның ішінде басты бөгет — Қарабай мен Қодар болады. Өзгеден құтылса да, Қозы бұл екеуінің опасыздығы мен жауыздығынан құтыла алмай, ақыры аянышты өлімге ұшырайды. (Жырдың Жанақ вариантына Бейсенбайдың енгізген өзгерісінде Қозы бұл бөгеттерді оңай жеңіп шығып отырады).

Жырдың басқа варианттары секілді, Жанақтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлуында» да Қозыға ерлік, батырлық сипат беріледі. Белгілі мөлшерде ол күшті батыр жігіт болып суреттеледі. Ол Қодардың батпандай балғасын асықша үйіреді, Қодарды аттан аударып алып, қабырғасын күйретеді.

Қозының жақсы мінездері де жырға қосылады.. Ол — ақ көңіл, әділ, аңғал, қулығы жоқ, адамгершілігі мол жігіт. Қодар мен Қарабай Қозыны өлтірмек болып, Сасан биге ақылдасады, сөйтіп оны қонаққа шақырады. Бұл шақыруды Қозы қарсы алады.

Бірақ мұндай шақырудың артында бір сұмдықтың барын Баян сезеді,

Баян айтты: ал, қалқам, қапы қалма,  
Бұларды дос болар деп ойыңа алма.  
Ептеп-септеп ниеті өлтірмекте,  
Қауіпсіз үйлеріне тіпті барма,—

дейді. «Барамын» деп уәде еткен Қозы екі сөйлегенін өлімге тең көреді. Ол Қарабайлардан жақсылық күткендіктен емес, жұрт алдында өзінің беделін түсірмеу үшін, «қорықты» деген сөзге ілікпеу үшін барады. «Қозы досы түгіл жауына да қастық ойламайды, жаманшылық жолға түспейді. Не нәрсеге болса да ақ ниет, адал жүргімен келеді», — дейді Мұхтар. Қодармен сыйыса алмаған Көсемсары да Баянға ғашық жігіттің бірі болатын. Бұл ретте ол Қозының да бақталасы еді. Бірақ Көсемсарыны Қозы өзіне тартып, дос санайды, оның Қодармен қақтығысуын бағалайды. Сондықтан да осы Көсемсары үшін Қодардан кек алады. Сөйтіп, жырда Қозы образы сүйкімді болып жасалады, жырды айтушының да, тыңдаушының да бар тілегі арманына жете алмай, қазаға ұшыраған Қозы жағында болып отырады.

Жырда Қозы қандай сүйкімді болса, Баян да сондай. Жырдағы барлық оқиға құрылысы, тартыс-талас Баян жайынан басталып, Баянмен аяқталады. Қозы секілді Баян да — адал ниетті, ақ жарқын, кіршіксіз таза махаббатты көксеген, өзінің сүйген адамына қосылуды арман еткен жан. Баян да Қозыға ғашық. Ол өзінің Қозыға атастырылып қойғанын және Қозының кім екендігін апалары мен Айбастан біледі. Осыдан былай Қозыға деген құмарлығы, махаббат сезімі күшейе береді, оны өзінің теңі деп түсінсін. Ескі салтты орындауды парыз ұғынған Баян атастырып қойған жігітін көрмей, танысып біліспей-ақ ғашық болады. Бұған біріншіден, Ай, Таңсық, Айбастардың сөзі, олардың Қозыны мақтауы себеп болса, екіншіден, Қарабай мен Қодардың опасыздығы, жауыздығы түрткі салады. Өзінің туған әкесі дүниеқор Қарабайдың бата бұзуы, антынан тануы, адамгершіліктен безуі және сүймеген Қодарға зорлап қосам деуі Баянды өжеттендіре, ызаландыра түседі. Сондықтан да ол осындай ауыр халден құтқарып алатын, қайғы-қасіреттен азат ететін адамды, яғни Қозыны, іздейді, соны аңсайды. Бұл ретте де ол Қозыдан көп үміт күтеді. Оның Қозыға ғашық болуының екінші бір себебі осыдан туады.

Барлық болашағы, өмірдегі қызық дәурені Қозыммен ғана байланысты деп түсінген Баян оған деген махаббатына кір жұқтырмайды. Жатса да, тұрса да көз алдына Қозы елестейді. Ол Айбасқа айтқан сөзінде:

Сәлем де ініңізге іздеп келсін,  
Келмесе, сорлы Баян дегені өлсін.  
Көңілім кетті Қозыға, жаным мұнда,  
Айтқан сөзді, ініңіз қабыл көрсін,—

деп, Қозыға деген сүйіспеншілік сезімін білдіреді, ғашық жарын көруге асығады. Бұдан былай оның Қозыға арнаған махаббаты ұлғайып дами береді. Бастығы Қодар болып, тоқсан байдың мырзасы: «Мен алам», — деп таласқан шақта, жас өміріне қатер төнген Баян үрейленіп, саспайды, мырзалардың бірде-біріне көңіл аудармайды, мәнсінебейді. Есі-дерті тек Қозы болады. Ақ ниет, адал көңілмен Қозыны сүйетіндігін білдіреді.

Баянның Қозыға деген махаббаты, адалдығы, айтқан серт, берген уәдесінен танбайтындығы, әсіресе Қозының өлімі үстінде, айқындала түседі. Қарабай Қозының өлгенін естіртіп, Баянға: «Сені Қозыдан артыққа қосамын», — дейді. Әкесінің бұл сөзіне қаны қайнап, ыза болған Баян, кекті ашумен:

Етегімді жел ашып жүрген емен,  
Козыкеден басқамен күлген емен,  
Әке, неке қидағы енді өзің ал,  
Елден бура салғандай інген емен,—

деп жауап қайырады, қара жүрек, опасыз әкені қайғылы, қатал сөздерімен түйреп салады.

Ауыр қазаға душар болған, сүйген жарынан айрылған Баян Қозының өлімі үстінде қайғы тартып отырып қалмайды. Сүйген ғашығының өлімі ерлік, өжеттік тудырады. Қапыда кеткен Қозы үшін кек алады. Ол айламен Қодарды құдыққа түсіріп, жарып өлтіреді, қанды қанмен жуады. Сөйтіп Баян Қозыны адал көңіл, шын нитімен сүйгендігін білдіріп, ғашық жарының жас қабырын құшақтай өзі де өліп кетеді. Жырдың барлық вариантында Баянның бұл әрекетін әлсіздік, амалсыздың күнінен жасаған қармануы деп суреттемейді, оны өжеттілік, ерлік, сүйген жарына шексіз берілгендік деп бейнелейді. Мұнда сүйген адамыңның өліміне күйініп жылаудан гөрі, оны өлтірген жаудан кек ал, кіршіксіз таза махаббатыңды аяққа бастырма, жауыздыққа қарсы алысып өт, қатал болып намысыңды қорға деген қорытынды жасалады.

Ал Жанақ вариантына Бейсенбай енгізген қоспа әңгімеде бұл жай бұрмаланып жырланады. Бейсенбай екі жасты өлімге душар етпей, қуанышқа жеткізеді. Мұның өзі жырдың халықтық сипатын өзгертіп жібергенін аңғартады. Ол өткен заманда бір-біріне ғашық болған жастар ешқандай қиыншылықсыз, бөгетсіз арман-мүддесіне жеткен, жігіт сүйген қызын алған, қыз таңдаған жігітіне қосыла берген демек болады. Қарабай мен Қодарлар дәуірлеген заманда екі жастың өз еркімен қосылуы мүмкін болмағандығын жасыруға тырысады. Шынына келгенде, бұл олай болмасқа керект «Жырдың желісіне, Қарабай, Қодар сияқты жандардың қиянатына қарағанда, — дейді М. Әуезов, — Баян заманының тым қараңғы, меңіреу, әділетсіз болғаны байқалады. Ол кезде, Баян сияқты, өзінің сүйгеніне қолы жетпей, арманда өткен қазақ қыздары аз емес-ті. Баян — осы әділетсіздіктің, аталық, феодалдық кертартпа салттың құрбаны»<sup>1</sup>.

Жанақ жырында аса айқын суреттелген жанның бірі — Қарабай. Жырдың алғашқы әңгімелерінің өзінен-ақ Қарабайдың сараң пейілі тар, мал құмар, мейірімсіз жан екендігін аңғарамыз. Бұл ретте, ол дара бейнеде алынса да, өзі сияқты адамгершіліктен айрылған сасық байлардың

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 534-535-бет.

жиіркенішті кескінін, жағымсыз мінез-құлық, іс-әрекеттерін, топастық ой-санасын жинақтап көрсеткендей болады.

Жыр оны:

Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да,  
Үйінде сілкіп киер шапаны жоқ,—

деп суреттейді. Осының өзінен-ақ Қарабайдың қандай жан екендігі көрініп тұрғандай. Ол мыңдаған малға ие бола тұрып, өзіне-өзі сараңдық жасайды, ішер асқа, киер киімге жарымайды.

Қарабайдың малдан басқа арманы жоқ. Мал дегенде ар-ұятын, адамгершілігін аяққа басуға дейін барады. Оған бала-шағасынан да қымбат саналатыны — мал. Сексен беске келгенше бала көрмеген Қарабайдан Баян туады. Бұл қуаныш хабарды айтып, сүйінші сұрай келген әйелге сыйлық берудің орнына, Қарабай айып тағып, сөзіне құлақ аспайды. Сонда әйел тұрып:

Қартайғанда көріпсіз бір перзентті,  
Шыныменен бір шапан бермейсіз бе?—

дейді. Мұндай сөзді жақтырмаған Қарабай жаңағы әйелді сүйінші сұрадың деп жазалайды. сегіз өрме бұзау тіс қамшынын астына алып, сабап, тәнін қатты жаралайды. Бұл Қарабайдың адамгершіліктен айрылған, кісілік сезімі жоқ жан екендігін де айқындай түседі.

Қарабайдың мейірімсіздігі тоқсан мың жылқысынан сойып жерлік мал таба алмағандай, Сарыбайға буаз маралды атқызуынан да көрінеді. «Буаз маралды ату обал ғой, әйелім екі қабат еді, буаз маралды атуым қырсық болып жабысар», — деген Сарыбай сөзіне Қарабай құлақ аспайды. «Буаз маралды атып бермесең, құдалықтан кетемін», — деп Қарабай өкпе сөзін айтады. Құдасының көңілін қимаған Сарыбай маралды атады. Қарабай маралдың өлген, өлмегеніне қарамастан ішін жарып, скі бұзауын тірідей мөңіретіп алып шығады да: «Үйге апарып бір тоя жейін», — деп тарта жөнеледі. Сол жерде тіл тартпай өліп кеткен құдасы Сарыбайға да бұрылмайды.

Қарабай жиырма шапан, тоқсан саба қымыз алып, құдасына бата қылуға шығады. Бірақ ол Сарыбайдың үйіне бірден барып түспейді, алдымен салт барып біліп қайтады. Жөргекте жатқан Қозыны көрс салып:

Мені жұтар жалмауыз туыпты деп,  
Таптық шал Бақа айғырға міне қашты,—



дейді. Осыдан кейін ол тоқсан сабасын пышақпен жарып тастайды, ақты төгеді, Сарыбайға берген антын бұзады да: «Жетім ұлға қызымды бермеймін», — деп көше жөнеледі. Ақты төгіп кесапаттық жасаса, антын бұзып адамгершілік ар-ұяттан айрылады.

Қарабайдың мейірімсіздігі, пейілі тарлығы, қара жүректілігі мұнымен ғана емес, өзінің жалғыз баласы Баянға жасаған жауыздығымен де көрінеді. Ол балам екен деп Баянға әксілік жылы мейір білдірмейді, қайта одан мал артық деп түсінеді. Ел-жұртынан безіп Қозыдан қаша жөнелген Қарабай, жолда көп қиыншылық көреді. Бетпақтың шөліне кезігеді, малы қырыла бастайды. Осындай жағдайда оған Қодар жолығады. Ол:

Карекс-ау, іздеп едім, кез келесің,  
Қодар батыр мен едім, сен көресің.  
Мен шөлдетпей Бетпақтан алып шықсам,  
Қаныкей, ақысына не бересің,—

дейді. Бұған қуанған Қарабай: «Қалың малсыз, борышсыз қыз берейін», — деп айтып салады. Қодар: «Асыранды қыздарыңды алмаймын, тек Баянды бересің», — деп Қарабаймен саудасын шегелей түседі. Еңбегіне мал алмай, Баянды ғана сұрап отырғанына іштей көңілі толған және Баяннан да малды жақын көрген Қарабай Қодарға жалғыз қызы Баянды бермек болып уәде етеді.

Ел-жұртынан безген, адам баласын сүймеген, мінез-құлқы, іс-әрекеті тұрпайы Қарабайды жыршы ақын аса айқын етіп суреттейді, оның жиренішті бейнесін ешбір әлсіретпей үсті-үстіне күшейте түседі. Ақыр аяғында Қарабай екі жастың өліміне себепкер болып шығады. Сондықтан да халық жыры Қарабайды осындай адамгершіліктен тысқары, азғындық қылықтары үшін ауыр жазаға бұйырады, бұл Қарабай сияқтыларды жек көрген халықтың ой-санасын білдіреді.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының барлық варианттарында айрықша орын алған жағымсыз кейіпкердің бірі — Қодар. Оның кім екендігі әр түрлі баяндалады. Мысалы, Шөже вариантында: Аяғөз бойына көшіп келген Қарабайды ноғайлының биі Сұлтанғазы ерулікке шақырады. Бұған сол елдегі Шақшақ дейтін атақты байдың мырзасы Қодар да келеді. Жиналған жұрттың көзі Баянға түсіп, оның сұлулығына таң қалысады. Осы кезде:

Жалғызы Шақшақ байдың Қодар мырза,  
Баянға төрде отырған көзі түсті...  
Төрде отырған Баянға көзі түсті,

Шымылдықтан көре алмай күйіп-пісті.  
Баянға ауызба-ауыз бір тілдесу  
Қодарға жұмыс болды көкей тесті.—

Осыдан былай Қодарға Баян қатты ұнайды, қайда жүрсе де есінен Баян кетпейді. Баянға қалай үйленудің жолын таба алмай сандалады. Ақырында, Қарабайдың мал құмар адам екендігін біліп, Қодар оған жалшылыққа тұрады. «Тоқсан мың малыңды қандай жұттан болса да құтқарып берем, ақыма мал алмаймын, тек Баянды бересің», — дейді Қодар. Малының шығын болмайтындығына және Қодардай қарулы жігіт өзі жалданып отырғанына, оның еңбегіне мал сұрамай, Баянды сұрап отырғанына, Қарабай қуанады да: «Баянды берем», — деп уәде етеді.

Жырдың Н. Пантусов, И. Кастанье бастырған варианттарында Қодар қалмақ батыры еді делінеді.

Жырдың біз талдап отырған Жанақ вариантында Баянның сұлулығын Қодар естиді де, Баянды іздеп шығады. Бұл кезде Қарабай бұрынғы ел-жұртынан көшіп кетеді. Бірақ Қодар олардың соңына түседі.

Арқадан қызы сұлу бай көшті деп,  
Торғауыттан бедеумен Қодар салды,—

дейді. Қодар Қарабайды шөл далада кездестіреді де: «Малыңды шөлден аман алып шығамын, ақыма Баянды бересің», — дейді. Малдан басқа ойы жоқ Қарабай Қодарға Баянды беруге уәде етеді және қызының айттырып қойған күйеуі бар екенін жасырады. Қарабайдың Баянды бермек болғанына сенген және Баянның басы бос деп ойлаған Қодар қатты алданады. Ол Баянға қосылу мақсатымен қолынан келген күшін аямайды. Шөл даладан құдық қазып, Қарабайдың тоқсан мың жылқысын қауғамен суарады.

Антұрған, білдірмейді Қодар жасып,  
Әр жерден жүз кісілік құдық аршып,  
Су шыққаннан су шығар құдығының  
Суы жоғын толтырар меспен тасып,—

дейді. Бойы он кез, жауырыны үш жарым кез, сыңар жұдырығы қол ағаштай болған алып Қодар Баянды аламын деп асыра қимылдайды. Ол белгілі мөлшерге дейін жырда қайраты мол, қара күш иесі ретінде көрсетіледі.

Қозы сияқты Баянға ғашық болып қол созған Қодардың еңбегін Қарабай қатты пайдаланады; оны ұзын арқан, кесік тұсауға түсіреді. Баян үшін Қарабайдың тұзағына іліккен Қодар ессек-дәме болып жүрс берседі, Баянға үйленемін деген

ойынан танбайды. «Баян менен асып кімге барар дейсің, бай десе — шалқыған байлығым бар, батыр десе — алып күшім бар», — деп тасиды. Қодардың Баяннан дәмелі болуын, сырттай тон пішуін жыршы ақын өткір әжуа, мысқыл етеді. Қыс бойы Қозымен бірге жылқы баққан Қодар көктем шыға ел шетіне келеді. Сонда ол қасындағы жолдастарына мақтана отырып: «Ауылға барып, жеңгеңнен сендерге құртмай, өрік-мейіз алып келейін», — дейді. Ауылға барған Қодар Баянмен сөйлеспек түгіл, онымен кездесе алмай, қосқа қайтып келеді. Бірақ ол мұнысын жасырады да: «Баянның сендерге берген сәлемдемесін ауылға ұмыт қалдырыппын», — деп өтірік айтады. Оның бұл сөзін Қозы да, жылқышылар да мазақ етеді.

Қодар Баяннан күдер үзбейді, оған өзін тең санайды. Бірақ Баян Қодарды жек көреді, Қозыдан басқа ешбір адамға көңілі жоқтығын білдіреді. Осыдан былайғы жерде: «Сені әйелдікке алмасам, дүниеде тірі жүрмеймін», — деп серт еткен Қодар Баянды қорқытып та, жалынып та көреді. Мұның бірде-бірі Баянға әсер етпегеннен кейін, Қодар кектене, қатулана бастайды. Қозыны өлтіру жайын қарастырады. Қодар қаншама күшті болса да, өзіне бақталас болған Қозыны жекпе-жек ұрысқа шақыруға батылы бармай, тайсалақтай береді, қорқақтыққа салынады. Бір сәтте ол Қозымен қағысып та қалады. Қозыға әлі жетпей Қодар жеңіледі, жан сауға сұрайды, дос болайық деп жалынады. Көңіліне еш жамандық алмаған Қозы: «Нетейін қанын жүктеп осы иттің, — деп, Қодарға, — тілегің болсын», — дейді. Бірақ Қодар Қарабай сияқты достық антын бұзады да, ұрланып келіп Қозыны өлтіреді. Екі жастың арасына тікендей қадалған Қодар оларға үлкен қиянат жасайды. Сонысы үшін оны халық жыры жиіркенішті бейнеде алып суреттейді, ауыр жазаға тартады; жауыздық жасағандардың жазасы осындай болмақ деген халықтық сананы аңғартады.

Жанақ айтқан «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сюжет құруы, оқиға желісін тізбектей отырып баяндауы және адам образдарын айқын етіп жасауы жағынан, өзі тектес басқа жырлардан әрі күрделі, әрі көркем екендігін байқаймыз. Жанақ жырының ең алдымен көзге түсетін ерекшелігі — оқиғаны реалистік өмірден алуында. Егер жырдың басқа варианттарында ертегіге тән, фантазиялық халге құрылған әңгімелер басым келсе, Жанақта олай емес. Қозы мен Баян да, Қарабай мен Қодар да шындықта болған типтік бейне болып суреттеледі. Оларға қиял-ғажайыптық сипат бермей, реалистік жағдайда бейнеленеді. Және жырдағы әрбір

кейіпкердің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне қарай көз алдынан кетпейтін портреттер жасайды, олардың түс келбетін, ішкі сезім дүниесін айқындайтындай бояулар табады.

Жыр оқиғасын дамытуда, адам образын жасауда жыршы өз кезіндегі қазақ поэмасының әр түрлі үлгілерін барынша мол пайдаланғандығын аңғартады. Ретіне қарай, ол өлеңнің айтыс түрін де, тұрмыс-салт өлеңдерінің естірту, жоқтау, қоштасу. т. б. түрлерін де қолданады. Және басқа жырларға қарағанда, мұндағы өзіне тән бір ерекшелік — оқиғаны диалог арқылы (мысалы, Қарабай мен Сарыбайдың, Қозы мен Қодардың, Баян мен Айбастың, т.б. диалогтары) дамытуында деуге болады. Бұл диалогтар және оқиғасын әлсіретпей, қайта әңгіменің желісін үзбей, бір-бірімен жалғастыра, үдете түседі.

Жанақ жыры тіл көркемдігі жағынан да шебер жырдың бірі болып табылады. (Бұған өз кезінде Шоқан да айрықша көңіл аударған болатын.) Мысалы:

Балталы, Бағаналы ел аман бол,  
Бақалы, балдырғанды көл аман бол.  
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,  
Ойнап, күліп, ер жеткен, жер аман бол—

деп басталатын қоштасу осы жырдың аса бір әсерлі, көркем айтылған, ақындық шабытпен суреттелген жері болады. Ақынның тіл байлығы оқиғаны суреттеуінен ғана көрінбейді. Ол, мұнымен қатар, әрбір кейіпкердің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне қарай түрлі бояу таба білуінен де байқалады. Қарабай мен Қодар жайына келгенде жырдың бояуы да күңгірттене түседі. Қозы мен Баянды айтқанда жырдың әрбір сөзі жүрекке жылы тиіп, өзіне тартып отырады.

Қорыта келгенде, жауыздық пен әділет дүниесінің тартысын суреттеген «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» қазақ халқының ертеден келе жатқан көркем шығармасы болып табылады.

## «ҚЫЗ ЖІБЕК»

Лиро-эпос жырларынан ел арасына ауызша да, баспа арқылы да ерте тарағаны — «Қыз Жібек»

М. Әуезовтің айтуына қарағанда, «Қыз Жібек» жырының бір варианты өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Қазанда басылған<sup>1</sup> Бірақ ол күні бігінге дейін қолға түскен

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 547-бет, 1960.

емес. Ы. Дүйсенбаевтың зерттеуінде былай делінеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Зайсан жағында Валиолла Тухватуллин деген мұғалім болыпты. Ол ел арасынан «Қыз Жібек» жырын жинайды да, 1894 жылы Қазанда бастырады<sup>1</sup> Кейіннен бұл вариант 1896, 1897, 1905, 1911 жылдары да басылды, 1958 жылы «Қазақ эпосы» деп аталатын жинаққа енді.

«Қыз Жібек» жыры қазақ еліне көптен таныс және оны бірнеше ақындар жырлаған. Мәселен, орыс ғалымы В. Карлсон осы ғасырдың бас кезінде жазған бір мақаласында «Қыз Жібек» жырын Қазақбай және Көшілек деген ақындардың айтып бергенін хабарлайды<sup>2</sup>. Қазақтың халық ақындары Нұрпейіс, Мұрын жырау, Айса да жас шағында бұл жырды айтып жүрген. Бірақ олардың қай көлемде және қандай мазмұнда жырлағанын айту қиын. Өйткені олардың айтуындағы «Қыз Жібек» жазылып алынбаған. Мұны халық ақыны Омар Шипин де жырлаған. Бұл жөнінде Ы. Дүйсенбаев жоғарыда аталған еңбегінде мынадай бір дерек келтіреді. «Қыз Жібекті», — дейді ол, — жас кезінде Омар Шипин ұзақ жыр етіп айтқан екен. Кейіннен ақын ол жырын ұмытқан көрінеді. Тек болғаны:

Жақсыға бір сөз айтсаң, шам алмайды,  
Сөз бабын жаман адам таба алмайды.  
Жайықтың екі жағын бірдей жайлап,  
Өтіпті он мың үйлі Жағалбайлы.  
Өр қойды жетім қозы емеген-ді,  
Екі айғыр қасаң байтал тебеген-ді.  
Жамағат, құлақ салып тыңдасаңыз,  
Айтайын өлең қылып Төлегенді, —

деген шумақтары есінде қалыпты<sup>3</sup>.

Бұл деректерге қарағанда, «Қыз Жібек» жыры ел арасына бірнеше вариантта тараған. Солардың баспа жүзіне шыққаны (1894 жылы) Валиолла жинаған варианты.

«Қыз Жібек» жырының Валиолла варианты орыс тіліне де аударып басылған болатын («Песни степей», 1940) және жазушы Ғабит Мүсіреповтың либреттосы бойынша, композитор Е. Г. Брусиловский «Қыз Жібек» атты опера жазып, сахнаға шығарды.

Қазан революциясына дейін «Қыз Жібек» жыры туралы жазылған зерттеу еңбектер де, айтылған пікірлер де болған

<sup>1</sup> Ы. Дүйсенбаев, жоғарыда аталған еңбегі, 101-бет.

<sup>2</sup> «Оренбургский край» газеті, №62, 1906.

<sup>3</sup> Ы. Дүйсенбаев, жоғарыда аталаған еңбегі, 102-103-бет



емес. Мұндай еңбектер де, пікірлер де кеңестік дәуірде туа бастады. Бұл жөнінде Сәкен Сайфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Мұсатай Ақынжанов, Бейсенбай Кенжебаев, Ысқақ Дүйсенбаев, т. б. бірсыпыра пікірлер айтты. Олар жырдың қай дәуірді суреттейтіндігін, халықтық сипатын, қайшылықтары мен кемшіліктерін, көркемдік ерекшеліктерін сөз етті.

Сәкен Сейфуллин: «Қыз Жібек» жыры ноғайлы рулары ыдырап, бөлініп кеткен заманды суреттейді»<sup>1</sup> — дейді. Мұхтар мен Сәбиттің айтуына қарағанда, бұл жыр он жетінші ғасырдың шамасында туған секілді<sup>2</sup>. Өйткені жырда аталатын рулар сол кезде Жайық, Қата теңіз (онысы Каспий теңізі яғни Атрау теңізі болуға керек) бойларын мекендеп, сол маңда көшіп жүрген. Атраудан бастап, бүгінгі Магнитогорскіге дейін созылған жерлерді Жағалбайлылардың қоныс еткені аз емес дейді. Ал тарихшы Мұсатай Ақынжанов бұл пікірге қосылмайды. Оның айтуынша, «Қыз Жібек» жыры Кіші жүздің Ресейге қосылуынан кейін туған. Оған дәлел, — дейді М. Ақынжанов, — жырда аталатын жерлерді қазақтар Кіші жүздің Ресейге қосылғанына дейін мекен еткен емес. Екіншіден, жырдағы кісі аттары, Базарбай, Төлеген, Қорен қалмақ, Шеге, т. б. дегендер, бертінде пайда болған. Мұнымен қатар, жырдың тілі бүгінгі тілімізге жақын, ескі сөздер жоқтың қасы дейді<sup>3</sup>.

Әдебиетшілер мен тарихшылардың екінші бір көтерген мәселесі «Қыз Жібек» жырының халықтық немесе халыққа жат шығарма екендігін анықтау айналасында болады. Сәкеннің айтуынша, «Қыз Жібек» байлардың ұлдары мен қыздарын ардақтаған, соларды мадақтап суреттеген жыр болып табылады. Бұл пікірді Мұсатай да қостайды. «Жырдың жұртқа таныс вариантында, — дейді М. Ақынжанов, — халықтық элементтер өте аз. Жырдың идеялық мазмұны және көркемдік түрі халықтық емес. Поэманың мақсаты — көшпелі тұрмысты, жерді жеке меншік етіп пайдалануға және адамды адам қанауға негізделген патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастарды мадақтау; ескі өмірді, қыздарды қалың малға сату, сатып алуды және әмеңгерлікті

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті, 1-кітап, 1932.

<sup>2</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 548-бет, 1960, «Батырлар жыры» (жинақ), 1939.

<sup>3</sup> М. Ақынжанов. Проблема народности казахских социально-бытовых поэм, стр., 11-12, 1953.

уағыздау. Сөз жоқ, бұл идея феодалдардың мүддесін көрсетеді. Поэмада озық ой-пікір жоқ, еңбекші бұқараның езушілерге қарсы күресі суреттелмейді, поэма ілгері ұмтылуға шақырмайды», — дейді<sup>1</sup>

«Қыз Жібек» жайында пікір айтқан (жоғарыда аталған) әдебиетші, ғалымдардың екінші тобы бұл жырдың халықтық негізінде шыққандығын дәлелдейді. Мұхтар, Сәбит, Қажым, Ғабит, т. б. жырдың халықтық сипаты барлығын, халық тілегіне үйлесетіндігін айта келіп, жырға көптеген өзгерістер енгендігін, жырды үстем тап өз мақсатына пайдаланбақ болып өндегенін, халықтық әңгімелерді феодалдардың мүддесіне қарай бұрмалағандығын айтады.

Жоғарыда келтірілген пікірлердің дұрыс жағы да, қисынға келмейтін теріс жағы да бар. Жырдың шығуы, онда суреттелетін оқиғалардың болған кезі жайында Сәкен, Мұхтар, Сәбит пікірлері бір-бірінен алшақ кетпейді және дұрысқа үйлесетін секілді. Өйткені, тарихтың айтуынша, XVI ғасырдың орта кезінде ноғайлы ыдырайды. Сол кезде қазіргі Қазақстан жерінде құрылған үш жүздің бірі Кіші жүз болады. Кіші жүздің қарамағына: жеті ру (Табын, Тама, Жағалбайлы, Кердері, т. б.), Әлімұлы (Шөмекей, Кете, Төрт қара, Қарасақал, т. б.), Байұлы (Адай, Тана, Шекті, Алшын, Шеркеш, т. б.) сияқты рулар енеді және олар Жайық, Орал бойларын мекендеп, сол мандарда көшіп-қонып жүреді<sup>2</sup>. Он алтыншы ғасырдың аяғынан бері қарай Кіші жүз нығая бастайды.

Бұл тарихи деректерге сүйенсек, «Қыз Жібек» жырының әңгімесі XVII ғасырда туған секілді деген пікірді қостауға болады. Мұның үстіне жырда қалмақтардың қазақ еліне шабуыл жасауын көрсетуі де кездейсоқ нәрсе емес. Тарихтың айтуынша, қалмақ басқыншылары сол XVII ғасырда қазақ елдеріне көбірек шабуыл жасаған. Ал жырдағы кісі аттары Кіші жүздің Ресейге қосылғанынан соңғы уақытта пайда болды деушілердің еске алатыны мынадай: Базарбай, Төлеген, Сырлыбай, Шеге деген аттар Ресеймен қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде туған, базар, сыр, шеге сияқты ұғымдар осы кезде пайда болған дейді. Осыған қарап, жыр әңгімесінің шығуын қазақ елінің Ресейге қосылуымен байланыстырады. Бұл — әрине, бал ашып болжау жасағандай, жаңсақ айтылған пікір. Ерте кездің өзінде-ақ, қазақ әдебиетіне әсері тиген шығыс әдебиетін былай қойғанда, Орта Азия халықтары тудырған шығармаларды, тіпті Қожа

<sup>1</sup> М. Ақынжанов, аталған еңбегі, 12-бет.

<sup>2</sup> История Казахской ССР, I том, стр. 150, 1957.

Ахмет Иассауиға байланысты аңыз-әңгімелерді алайық. Осыларға сыр, шеге, базар, қала, сауда-саттық деген ұғымдар, атаулар өте көп кездеседі. Қожа Ахметтің мешіті қандай сырмен боялғаны, қандай шегелер қағылғаны, шеберлердің еңбегіне қандай төлем берілгені айтылады. Демек, жырдағы кісі аттарын бергі заманда пайда болды деу, соған қарап жыр әңгімелері соңғы кезде туды деу шындыққа жанаспайды.

«Қыз Жібек» жырының идеялық негіздері жайында Мұхтар, Қажым, Сәбит айтқан пікірлерді дұрыстыққа келеді деуге болады. Жырдың жұртқа таныс және талдау бергелі отырған вариантында, әсіресе оның бірінші бөлімінде, халықтық сипат бар екендігі, жырдың бұл бөлімі халықтық ортада туғандығы байқалады. Ескі рушылдық, феодалдық әдет-салтқа наразы болған Төлеген жастардың бас бостандығын аңсайды, қалыңдықты өзі таңдауды, сүйген адамына өз еркімен үйленуді көздейді. Бірақ ол мақсатына жете алмай өлімге душар болады. Бәлкім, жырдың халықтық ортада туған варианты осымен, яғни Төлегеннің өлімімен, аяқталуы да мүмкін. Бұлай болғанда жырдың халықтық сипаты айқын көрінеді. Онда жыр жастардың бас бостандығы болса екен деген халықтық идеяны білдірген тілектен туса керек. Және де ескі әдет-ғұрып, рушылдық-феодалдық құрылыс тудырып белгілі заң-жобаға айналдырған салт жүріп тұрған кезде бостандыққа ұмтылған жастардың көптеген бөгеттерге жолығатындығын, мақсаттарына жете алмайтындығын реалистік тұрғыдан бейнелеген. Қозы Көрпеш пен Баян сияқты трагедияға ұшырайтындығын және жастарды осындай күйге түсірген ескі салтқа, оны қолдаушыларға халықтың наразы екендігін білдіргенін көреміз. «Қыз Жібек» жырының бірінші бөлімі халықтық ортада туған, алғашқы кезде өз алдына жеке түрде айтылған жыр болуы мүмкін десек, ол әлгі айтылған халықтық идеяны жыр етіп таратқан болып шығады.

Бірақ жырдың халықтық ортада туған және жеке вариант болып тараған бірінші бөлімін кейіннен үстем тап өз мүддесіне сәйкес пайдаланған. Оған жаңа бөлім қосып, Сансызбайды мақтай әңгіме еткен, феодалдық ортаның идеясын білдіретін жыр етіп қайта жырлаған. Жырдың осылай өңделгені айқын көрінеді. Онда жыр Төлегенді ескі салтты, ата жолын бұзды деп бейнелейді. Төлеген сияқты жастардың бостандыққа ұмтылуын қуаттамайды, қайта ондайларды жек көретіндігін білдіреді. Ал ата жолын, ескі салтты заң етіп ұстаған Сансызбайға батырлық тұлға беріп көтере жырлайды. Төлегенге қарсы қойып жолын

болғызады, мұратына жеткізеді. Және де ескі салттың халыққа жат бір түрі әмеңгерлікті, «аға өлсе, іні мұра» деушілікті дәріптейді. Сөйтіп, әуелде халықтық ортада туған «Қыз Жібек» жыры кейіннен қатты өндеуге ұшырап, феодалдық-кертартпалық сипат алған.

«Қыз Жібек» жырын осы сияқты аз-кем қайшылықтарына қарап, оның қалай өңделгенін, үстем таптың қандай түрде редакциялағанын ескермей тұрып, бірден халыққа жат жыр, халықтық мәні жоқ шығарма деу қиянат секілді. Мұнымен қатар, жырдың халықтық еместігін дәлелдеу үшін жырда еңбекші бұқараның езушілерге қарсы жүргізген таптық күресі суреттелмейді деп бағалаушылық құрғақ социология болып табылады. «Қыз Жібекті» былай қойғанда, халықтық жыр деп танылған «Қамбар батырдың» өзінде тап күресі айқын көрінбейді. Сондықтан «Қыз Жібек» жырын қайшылық-кемшіліктерімен ала отырып қарауға тиістіміз.

Біз талдауға алғалы отырған және көпке таныс болған «Қыз Жібек» жыры екі бөлімнен құралған. Біріншісінде Төлеген мен Жібек жайы суреттеледі. Жыр әңгімесі Төлегеннің өлімімен аяқталады. Екінші бөлімі Сансызбайға арналады да, оның істерін суреттейді. Екі бөлімнен тұрған бұл жырдың әңгімесі халықтың әдет-ғұрып салтынан туады. Жырдың алғашқы бөлімінің негізгі идеясы — жастардың бас еркі болуын көксегендіктен шығады, ескі мен жаңаның тартысын бейнелейді. Екінші бөлімінде, яғни жырдың халықтық сипаты жоқ бөлімінде, ескі әдет-ғұрып, салтты дәріптеушілік идеясы беріледі, соны дәріптеп негізгі заң деп қараушылық баяндалады. Жырдағы бұл идеялар басты кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеттері арқылы суреттеледі.

Жырдағы басты кейіпкердің бірі — Төлеген. Ол өзіне тең жар-жолдасқа ескі салт бойынша, ата-ананың айттыруымен, қосылуды көздемейді. Сүйген жарын өзі таңдап алуды мақсат етеді. Бұл ойын ол Жайыққа алғаш аттанып бара жатып, шешесіне білдіреді.

Бір сұлу алмай, шешеке-ау,  
Сірә да, көңілім, тынар ма.  
Талап қылған ісінен  
Ат басын ерлер бұрар ма,—

деп, өзінің еркін махаббат іздеген бір асыл жарға қосылу жолында қандай іске болса да шыдауға бел байлаған адам екендігін айтады.

Ойына алған асыл жарды өз елінен таба алмаған Төлеген саудагерден Қыз Жібек жайын естіп, оған сырттай



ғашық болады, «іздегенім сол» дегендей ойға келеді. Осыдан былай оның Жібекке деген махаббаты арта түседі, жас жүрегін ғашықтық сезімі билейді. Төлегеннің осы халін, көңіл күйін жыршы ақын әсірелей суреттеп, үдетіп жібереді. Қыз Жібекке тез жетіп көрісуді, ұғысып білісуді асыға аңсаған Төлеген:

Атына қамшы басады,  
Тұлпардан туған Көкжорға ат  
Аузынан көбік шашады.  
Жер тарпынып, жануар,

Ауыздықты басады.  
Алдындағы белестен  
Орғытып келіп асады

Сырттай ғашық болып, алыстан аңсап келген Төлеген Қыз Жібекті көріп көңілі толады. Екі жас бірін-бірі ұнатып қосылады да, аз уақыт қызық дәурен сүреді. Бірақ олардың өміріндегі бұл бір тәтті кез ұзаққа созылмайды. Төлеген қазаға, Жібек қайғыға ұшырайды.

Төлегеннің ізгі мақсатына жете алмай, арманда кетуіне жырдың алғашқы бөлімінде бірнеше себептер келтіріледі. Рушылдық-феодалдық құрылыс заманында, ескі әдет-ғұрып дәуірлеп тұрған шақта, жастардың еркін махаббат іздеуі, бас бостандығы болуын көздеуі жүзеге аспайтын қиял екендігін көрсетеді. Ондай жастардың өмірі ұзаққа бармайтынын, қайғы-қасіретке душар болатындығын, қаншама әрекет жасаса да, ескі салтты жеңіп шыға алмайтындығын суреттейді. Сол жастардың өкілі ретінде алынған Төлеген аңсаған арманына жету жолында Қозы Көрпеш сияқты көптеген кедергі, бөгеттерге кездеседі. Қабағын қарс жапқан қатал әке, ескі салттың күзетшісі болған Бекежан, өзінің жалғыздығы, шөл дала, алыс жол — барлығы Төлегенге кездескен кедергі, мол бөгет болып шығады. Оларға қарсы алысарлық күші жетпей Төлеген қаза табады. Осындай ауыр халге душар болған Төлегенге жыршы көпшіліктің аяушылық сезімін білдіреді:

Айтып айтпай немене,  
Сол секілді асылдар  
Кебіні жоқ, көрі жоқ,

Ит пен құсқа жем болып,  
Мұратына жете алмай,  
Арманда болып кетіпті,—

деп, жас жігіттің өліміне өкінесді.

Жырдың халықтық негізі кейіннен феодалдық қауым тілегіне сәйкес өзгертілген де, Төлеген ата жолын аттап, теріс бата алғандығынан өлімге ұшыраған адам болып көрінеді. Ескі діни ұғымдарды дәлел стеді. Теріс бата алған адамның жолы болмайды, оған ешкім де көмектеспейді, қайта қалың қырсыққа жолығады дейді. Бұған бірнеше мысалдар келтіреді. Соның бірі Көкжорғаның Төлегенге



жәрдем бере алмауы болады. Батырлар жырының барлығында да батырға серік болған тұлпардың қызметі зор болатын, батырмен бірге жауға қарсы баратын, жау қоршауынан батырды құтқарып әкететін. Көйде ондай тұлпарларға тіл бітіп, батырға ақылшы, жаудың қайда екендігін білдіретін. Ал Төлегеннің Көкжорғасы ондай емес. Жау қамап келгенде Көкжорға басын жерге салып, Төлегенді құтқарысуға жарамай қалады. Мұнымен жыршы теріс бата алған Төлегеннің неліктен жолы болмағандығын көрсеткісі келеді.

Басында еркін махаббат іздеп, сүйген адамына қосылуды арман еткен және белгілі мөлшерде ескі салтқа қарсылық білдіре шыққан Төлеген кейіннен өзінің әлсіздігін сезіне бастайды, ескі салтқа мойынсұнып, оны құптағандай болады. Осы тұста жыршы ақын рушылдық, феодалдық салттың бір түрі әмеңгерлік, жесірлік дегенді әңгімелеп, оған Төлеген мен Жібекті көндіріп те шығады. Төлеген еліне қайтар алдында: «Олай-бұлай болып кетсем, артымнан іздеп шығар інім Сансызбай бар, ол сені жылатпас, мұратыңа жеткізер, сені әмеңгер етіп алар», — дегенді Жібекке ескертіп кетеді. Және бұл ойын ол Сансызбайға да айтады:

Олай-бұлай боп кетсем,  
Асыл туған Жібекті  
Еш жаманға қор қылмай,  
Өзің бір алып сүйгейсің,—

дейді. Сөйтіп, жыршы ақын Төлегенді де ескі салтты құптаған адам етіп бейнелейді. Мұнысы феодалдық сананы дәріптеген ақынның «Қыз Жібек» жырының халықтық нұсқасын бұза отырып, үстем тап тілегіне қарай пайдаланғандығын аңғартады.

Жырдағы ең басты кейіпкердің бірі — Қыз Жібек. Төлеген сияқты, Жібектің де — ерекше мінезі бар. Талай байдың мырзасы айттырмақ болғанда, Жібек оның бірде-біріне көңіл бөлмейді, сүйген жігітіне өз еркімен қосылуды арман етеді. Жібектің осындай мінез-сипатын әсірелеп көрсету үшін жыршы ақын әр түрлі әдіс қолданады. Сырттай ғашық болып, алыстан іздеп келген Төлегенге ол Жібекті бірден жолықтырмайды, біраз уақыт қызды көрсетпей, жігітті қызықтыра түседі. Жібектің басқа қыздардан артық екендігін байқатпақ болып, Төлегенді қалың көшке кездестіреді. Әр көшті бастап бара жатқан сұлу қыздар бірінен-бірі өтеді.

Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады.  
Таң мезгілі болғанда  
Шолпанның туған жұлдызы,  
Кигені атлас қырмызы,

Бейштен шығып келмесе,  
Бұл жалғанда хор қызы.  
Сондай-ақ болып туар да  
Адамзаттың бір қызы,—

деп суреттесе, келесі қыздар одан да әдемі, сұлу көрінеді. Оларды көргенде Төлеген «Жібек осы болар» деп қалады. Бірақ ол Жібек болмай шығады. Көш соңында Жібектің шешесі келе жатады, оның сұлулығы алдыңғы қыздардан да асып түседі. Бұларды көрген Төлеген: «Жолдас қыздары мен шешесі мынадай сұлу болғанда, Жібектің өзі қандай екен», — деп танданады, Жібекті көруге асығады, оның осы сәттегі барлық арман-мүддесі Қыз Жібек болады.

Төлеген мен Қаршыға Қыз Жібектің күймелі арбасына кездеседі. Қаршыға Жібекке: «Өзіңе тең ер жігіт ертіп келдім», — дейді. Бұл сөзге Жібек қатты ашуланып, менмендік білдіреді, паңдық көрсетеді. «Бай тауып әкел дегенім жоқ», — деп Қаршығаға тосын жауап қайырады. Бірақ Қаршығаның жақсылықтан басқа жаманшылық ниеті жоқтығын білетін Жібек қадірлі ағаның көңілін қалдырмайын деген оймен күймесінен шығып амандасады да, қайтадан күймесіне еніп кетеді. Жібектің сұлулығына көзі түскен Төлеген тандана қарайды, тұла бойын махаббат сезімі билеп әкетеді. Жыршы ақын Төлеген сияқты жігіттерді көрмей жатып өзіне ғашық еткен Қыз Жібектің сұлулығын суреттей келіп:

Қыз Жібектің ақтығы  
Наурыздың ақша қарындай,  
Ақ бетінің қызылы  
Ақ тауықтың қанындай,

Екі беттің ажары  
Жазғы түскен сағымдай,  
Білегінің мүсіні  
Айбалтаның сабындай..., —

дейді.

Жібек Төлегенмен жүздесіп сөйлескен кезде де ірілік білдіріп, төкаппар мінез көрсетеді. Жас жігітті сынау мақсатымен оған біраз әзіл-оспақ, ащы сөздер де айтады, өзін жоғары ұстап: «Мен де сенен кем емеспін, асылмын, танысаң кел, танымасаң жолың әне, жүре бер», — дейді. Ақындар айтысында қолданылатын, бірақ кешірім етілетін тұрпайы сөздерді айтуға дейін барады. Жібектің сынау түрінде айтқандарын көңіліне алмаған Төлеген қыз сөзіне орай жауап қайырады. Сөзбен қағыса отырып, екі жас бірін-бірі ұғыса бастайды, сүйіспеншілік сезім, ұғысу пайда болады. Мұның арты махаббат, ғашықтыққа ауысады.

Бір кездегі төкаппар, паң Жібек енді Төлегенді көрмесе, тұра алмайтын болады. Басында қызға жігіт ғашық болса, енді жігітке қыз ғашық.

Үйден шықты Қыз Жібек...  
Атқан оқтай жылысып,  
Ор қояндай ығысып,  
Қылаң етіп, қылт етіп,

Сылаң етіп, сылт етіп...  
Буындары былқылдап,  
Отауға қарай жөнелді,  
Ғашық жарын көрмекке,—

дейді. Ескі дәстүр бойынша қызды іздеп баратын жігіт болатын. Ал Қыз Жібек бұл салтты бұзады да, оңаша отауда жатқан Төлегенге өзі барады. Мұнымен жыршы Жібектің де Төлегенге ғашық екендігін, асыл жарын көре алмаса, тұра алмайтындығын аңғартпақ.

Жібек Төлегеннен бұрын дәмелі болған талай жігіттерді естіген де, көрген де еді. Бірақ олардың бірде-біріне Жібек сөз беріп, көңіл аудармаған-ды, қайсысын болса да өзіне тең деп есептемейтін, менсінбейтін-ді. Ал Төлегенге кездесіп, алғаш рет қағыса сынағанда-ақ, оның қандай жігіт екендігін байқайды, оған көңілі толады, «аңсаған адамым осы» дегендей болады. Төлегеннің ақыл, көркіне ғана емес, адамгершілігіне, ерлік өр мінезіне сүйсінеді. Және менсінбеген жігіттерінің кектеніп жаманшылық істеу қаупін түсінген Жібек сол қауіп-қатерден құтқарып алатын, қорған болатын тек Төлеген деп біледі. Сондықтан да ол Төлегенді өзіне тең жар-жолдас деп қол береді, ендігі өмір қызығы Төлегенге байланысты деп ақ көңіл, адал нитімен, таза махаббатымен қосылады. Төлегенге айнымас жар екендігін сегіз жылдай күтуімен де көрсетеді.

Жібектің Төлегенмен өткізген аз күндері аса бір қызық дәурен еді, бір-біріне сүйісіп қосылған екі жастың өміріндегі ең әдемі кезі болған еді. Бірақ бұл дәурен ұзаққа созылмай, ақыры ауыр қайғыға әкеп соғады. Жау қолынан қаза тауып, Төлеген өлгеннен кейін Жібектің басына бір қайғыдан соң екіншісі орнай бастайды. Сүйген жары Төлегеннің қаза болуы Жібекке қатты батса, Бекежанның жауыздығы одан кем соқпайды. Бекежаннан құтыла бергенде, қылышынан қан тамған Қорен келеді, ол шаңыраққа қобыз тарта, айбынды ызғарын білдіре, күш көрсете келеді. Осындай жағдайда азалы Жібек қиын халге килігеді. Есіне Төлегенді және оның қоштасарда айтқан сөзін түсіреді. Төлегенді жоқтай отырып:

Тағыда бас қосқаным Жағалбайлы,  
Жылқысы көптігінен баға алмайды,  
Сол елде сірә жігіт жоқ па, тәңірі-ай,  
Жесірін іздеп келіп, неге алмайды,—

деп зарланады. Бір кезде ескі салтқа қарсылық білдірген, сүйген адамына өз еркімен қосылуды көздеген Жібек енді сол салтқа бас иеді, құптаушысы болады. Меңіреу дүниенің мейрімсіз заңына бой ұсына отырып, жас қайны Сансызбайдың әмеңгері болып баруға ризалық білдіреді: «Тағдырдың жазуы осы шығар», — деп көндіккен пейіл көрсетеді. Бұған жалғыз Қыз Жібек емес, қытымыр заманда

талай Жібектердің осындай азалы ауыр халге душар болғандығы слестейді. Олар қаншама қарманып талпынса да, барар жер, басар тауы болмай, әділет таба алмай, ескілік салтқа бағынады. Соның бірі Қыз Жібек еді.

Ескі салтқа бас иген Жібек енді Сансызбайдың іздеп келуін, оған әмеңгері болып баруын арман етеді. Осыдан былай жыр әңгімесінің екінші бөлімі басталады. Мұндай жыршы ақын рушылдық, феодалдық салтты дәріптей отырып, соны идеялық нысанаға айналдырады. Бұл ретте Ы. Дүйсенбаевтың жоғарыда аталған еңбегінде айтқан: «Қыз Жібек пен Сансызбай жайы жырдың бөлек варианты болуға керек» деген пікірі дұрыстыққа келетін сияқты. Жібектің әмеңгерлік салтты құптауын жыршы мадақтап, көтере жырлайды. Және бұл ретте Жібекке өжеттілік, ерлік мінез, қысылған жерде жол тапқыштық сипат береді. Басында жан-тәнімен Төлегенді сүйген Жібек кейіннен:

Тұлпардың қалған тұяғы,  
Сансызбай іздеп келіпті;  
Тілекті берсе құдайым,  
Қосылайын деп тұрмын  
Басында қосқан теңіме,—

дейді. Ескі әдет-ғұрыптан туған әмеңгерлікті жыршы шене-мейді, оны белгілі заң, ата жолы деп қарайды, Жібекті соған бағындыра сөйлейді. Жібек бұл салтқа қарсылық білдірмеген, қайта оны қостаған адам етіп бейнелейді. Сансызбай келген кезде Жібек әрі ақылды-айлалы, әрі өр мінезді сипатта көрінеді. Ол Сансызбайға әмеңгер болып қосылу үшін алдымен жолда тұрған күшті жаудың қалмақ ханы Қореннен құтылу жайын қарастырады. Ақылмен айла жасайды, жеңгесі арқылы Қореннің тұлпарын сұратады. Бірақ: «Жібек маған тимеймін деп айтады ғой, атымды бермеймін», — дейді хан. Сонда оған Жібектің өзі барып, Сандалкөкті сұрап алады. Жібекке Сандалкөкті берс тұрса да, хан сезіктенсді, біреумен қашып кетер деген ойға келеді де, қыздың соңынан еріп шығады. Бұл арада Жібек қулығын да асырып жібереді: «Ей, тақсыр, неше атаңнан бері хансыз? Хан болған өзіңіз бе, иә арғы атаңнан бері хансыз ба,», — деді. Қорен: «Жеті атамнан бері ханмын», — дейді. Жібек: «Сен хан болатын болсаң, мен сенің әйелің болатын болсам, құл қойшыға ұқсап көш жөнскісі менің қасыма неге келесің. Бұл жерде тұрмаңыз, ілгері барып шатырыңызды тігіп жатыңыз, біз көшпен бірге барамыз», — дейді. Хан алданып соғылады, Жібек айласын асырып,

Сансызбаймен кете барады. Жібектің бұл істерін жыршы сүйсіне жырлап, мақтан етеді.

Жырдың Төлегенге қарсы қоя, жағымды кейіпкер ретінде суреттейтіні — Сансызбай. Ол рушылық-феодалдық қауым тудырған әдет-ғұрып салттың қорғаушысы және қолдап құптаушысы болады. Сондықтан да оған батырлық беріледі. Жайық бойына екінші рет аттанып бара жатқан Төлеген:

Алтын балдақ, ақ семсер  
Саған арнап соқтырып,  
Салдырып қойдым қынапқа  
Аш беліңе ілгейсің...  
Бадаңа көзді кіреуке

Тоғыз қабат көк сауыр,  
Саған арнап соқтырып,  
Будырып кеттім кілемге  
Оны үстіңе кигейсің,—

дейді Сансызбайға. Оған арналған тұлпар да, қару-жарақтар да басқыншы жаудан ел-жұртын қорғауы үшін емес, салтты қолдауы үшін даярлаған болады.

Ескі салтты жақтаған, атадан бата алып шыққан, әмеңгерін іздеп аттанған, «аға өлсе, іні мұра» дегенді қолдаған Сансызбайдың жолы болып отырады. Ол кездескен бөгеттердің бәрін жеңеді. Қоренмен кездескенде Сансызбай батырлық қимыл көрсетеді. Қоренмен жекпе-жекке шығады, жасанған жауға қарсы барады. Өзінің кезегі келгенде «қорамсаққа қол салып, сұр жебе деген оқ алып» Қорен ханды ұшырып түсіреді. Сонда оның атқан оғы:

Зырлауменен өтеді,  
Бір төбеге жетеді,  
Үй орнындай бір жерді  
Төңкерсе тастап кетеді.

Оқ тоқтаған кезінде  
Қорен аттан құлады.  
Туы қолдан ұшады.

Кейіннен ол Сырлыбайдың еліне қайта оралып келеді де, жау әскерлерін қырып-жойып, қайын жұртын құтқарып алады. Сөйтіп, жыршы-ақын Сансызбайға батырлық тұлға бере, көтере жырлайды. Ескі салтқа қарсы келмей, оны қолдаған, бата алған адамдар міне осындай жолды болады деген феодалдық-кертартпалық көзқарасын білдіреді.

«Қыз Жібек» жырында ұнамсыз, жек көрінішті бейнеде алынғандар — Бекежан мен Қорен. Мұның біреуі ішкі жау, екіншісі сыртқы жау болып суреттеледі. Олар бір-біріне ғашық болған жастарды зар жылатып айыруды ғана көздеген жандар емес. Сонымен қатар, олар — ел-жұрттың мазасын алған, жауыздық-зұлымдық әрекеттер жасаған адамдар. Бұл жағынан Бекежан мен Қорен бір-біріне ұқсас та келеді. Бірақ екеуінің мінезі, ісі екі түрлі. Бекежан — іші тар қызғаншақ, пасық адам. Ол Жібекке сырттай ынтық, қызға сырттай тон пішіп өзіндік санайды, бөтен адамға



бермеймін деп әрекеттенеді. Қыздың сүймесін, тимесін білген Бекежан зорлық, қиянат жасайды. Бақталас адамы Төлегенге қарсы жекпе-жек күреске бара алмайды, қарақшылық әдісін қолданады, бір қурайды тасалап келіп Төлегенді атып өлтіреді, екі жасты зар жылатады. Осындай жауыздық жасаған Бекежанды.

Атаңа нәлет, қарақшы,  
Құдайым сені қарғасын,  
Катын-балаң зарласын,  
Басыңа қиын іс түссе,  
Касыңа досың бармасын!—

деп қарғайды Жібек. Осы жауыздығы үшін Бекежан өлім жазасына бұйырылады. Бұдан жауыздық, қарақшылық, қиянат пен зорлық жасаушыларды, қанаушылықты халықтың жек көретіндігі де аңғарылады.

Жау бола тұрса да қалмақ ханы Қореннің мінезі, іс-әрекеті Бекежаннан басқаша. Ол алдына қойған мақсатына жету үшін Бекежан сияқты қарақшы, қорқақ болмай, ашық күреске шығады; намысын күшпен қорғаған батыр болып суреттеледі. Жібектің Сансызбаймен кеткенін біліп, Қорен олардың соңынан қуады; Сансызбайды жекпе-жек ұрысқа шақырады және батырлардың дәстүрін жасап алғашқы кезекті өзі алады. Осы тұста жыршы ақын Сансызбайдың да ер екендігін айқындай түсу үшін Қоренді күшті батыр етіп көрсетеді. Қорен мықты болғанымен де Сансызбайдан жеңіледі. Бұл арада зорлықшыл, әділетсіз жау қаншама күшті болса да жеңіледі деген халық санасы аңғарылады.

Қорен қаншама ашушаң, содыр, о жар мінезді болғанмен жол білмейтін тентек емес. Жібек келіп, Қореннің тұлпарын сұрап алады. Ертеңіне: «Тұлпарымды беріп жіберіңдер», — деп Қорен Сырлыбайға хабар салады. «Тұлпарыңды алған да, көрген де емеспіз», — деген жауапты естігенде Қорен қатты ашуланады, әскерін жинап алып, Сырлыбайдың аулын шабуға аттанады. Сонда оның алдынан Қаршыға шығып:

Тұлпардың сырын білесің,  
Біле тұра әйелге  
Тұлпарды неге бересің?  
Өзің беріп атыңды,

Жұрттан неге көресің?  
Өз мініңді ойламай,  
Тентектік қылып, күйеу жан,  
Алмағып елдің зәрсің,—

дейді. Бұл сөзден ұтылған Қорен қаһарынан қайтады. Өйткенмен Қорен осал жау емес. Ол да — зорлықшыл, қиянат жасағыш адам. Өзін сүймеген Жібекті күшпен аламын, көнбессе көндіремін деп әрекеттенеді. Және де Жібекті сырттай иемденіп, өзіндік етіп жүреді. Қореннің

осы мінезін жырда күлкі, мазақ қылады, оны топас ақымақ адам етіп суреттейді. Қыздың өзі келіп тұлпарды алуын жақсылыққа жорыған жәнс Жібектің мұнысы: «Мені ұнатып, тимек болғандығының белгісі», — деп ойлаған Қорен тұлпармен сырғытып бара жатқан Жібекке қамқорлық білдіреді:

Иә, пірім-ау, иә, пірім...  
Көксаңдалды жүгіртер,  
Қыз Жібек менің қатыным,  
Басы қатты Саңдалкөк

Тастап кетіп жүрмесін,  
Айналайын, Жібек-ау,  
Ақырын шапшы, ақырын,—

дейді. Бұл сөдер Жібектен дәмелі болған Қоренді кекету, мазақтау ретінде айтылады.

«Қыз Жібек» — сюжет құрылысы, көркемдік шеберлігі жағынан да көрнекті жырдың бірі. Жырдың өзінс тән ерекшеліктеріне айрықша көңіл бөліп тексерген, бірсыпыра құнды пікірлер айтқан Мұхтар мен Қажым деуге болады. «Жыр оқиғасын айтып беруде үш түрлі әдіс аралас жүреді, олар: хикаялау, сипаттау, сөйлесту», — дейді Мұхтар жоғарыда аталған еңбегінде.

Тақырыбы мен мазмұны ескі әдет-ғұрып салттан алынған «Қыз Жібек» — бір оқиғаны екіншісімен байланыстыра баяндауы, оларды көптеген тартыстар арқылы суреттеуі жағынан әрі тартымды, әрі әсерлі жыр. Жәнс жыр оқиғасы желісін үзбей, тізбектеле айтылады, әрбір ұсақ жайлардың өзі кеңінен жырланып кетеді. Жырда, әсіресе оқиғаны сипаттау арқылы баяндау әдісі мол қолданылады. Көш картинасы, Жібектің сұлулығы, оның отауға барғандағы келбеті, Саңдалкөктің шабысы, т. б. картиналар жасалады. Мәселен, Жібек мінген Көксаңдалдың шабысын жыршы ақын:

Табан жолмен тартысып,  
Ауыздықпен алысып,  
Екі қолы қарысып,  
Ұшқан құспен жарысып,  
Маядай мойчын созады.

Тарта-тарта Жібектің  
Алақаны тозады.  
Томаша жерден сырғытып,  
Ойпаң жерден орғытып...  
Ұйтқытып, заулап келелі,—

деп суреттейді. Бұдан, М. Әуезов айтқандай, Саңдалкөктің шабысы ғана емес, Жібектің қуанышы да елестеп бара жатқандай болады. Ал Қорен мінген қаз мойын қара тұлпардың шабысы Саңдалкөктен де асып түседі. Жібектің кетіп қалуына намыстанған Қорен хан Сансызбайларды қуа аттанады. Осы тұста жыршы ақын қалмақ ханының сырт пішінін, намыстан туған ашуы мен атының шабысын:

Жөнелді қалмақ, жөнелді,  
Шеңбер ұрып келеді.  
Көк қабыландай арылдап,  
Тебіңгісі тарсылдап,

Қаз мойын қара тұлпарды,  
Сауырға сипай қамшылап...  
«Шу» десе қалмақ дауысы,  
Түлек құстай шаңқылдап,

Құйысқаны сартылдап,  
Сауырынан аққан ақ көбік  
Омырауда балшылдап.

Көпір қалмақ жөнелді,  
Қаһарланып келеді,—

деп суреттейді, осы картинаны көз алдына елестеткендей әсер қалдырады.

Жыршы-ақын оқиғаны сипаттау арқылы баяндай отырып, Қажым Жұмалиев айтқандай, күрделі образдар жасайды. Әрбір кейіпкердің мінезі, іс-әрекеттері бір-біріне ұқсастығы жоқ бояулармен безенеді, әр түстес әдемі портреттер жасалады. Бұған мысал етіп көш бастап келе жатқан қыздарды алайық. Олардың бейнесін сипаттағанда жыршы-ақын бірінен-бірін асыра, әдемілей түседі. Әрбір қыз өз алдына бір портрет болып шығады. Бұл ақынның шеберлігін көрсетеді.

Жыр оқиғасын айтып беруде жыршы ақынның қолданған тағы бір әдісі — сөйлету. Оқиғаны ақын үнемі баяндау, сипаттау арқылы емес, жырдағы кейіпкерлерді сөйлету арқылы да дамытып отырады. Кейіпкердің ішкі ойы, сезім дүниесі, қуанышы мен күйініші, арманы мен тілегі, т. б. сөйлету түрінде, яғни олардың өз сөздерімен, монолог және диалогтар ретінде, баяндалады. Сөйлету әдісін оқиғаны сезімге құра айтып берудің бір түрі деуге болады. Жібектің түсі, Төлегеннің алты қазға айтқаны, Жібектің жоқтауы жыр әңгімесін бірсыпыра дамыта түсумен қатар, олардың сезім дүниесін, арман-мұңын білдіреді, тындаушыны тебірентіп егілдіргендей әсер қалдырады. Мұнымен қатар, жыршы-ақын сөйлету әдісін қолданғанда ертедегі халық поэзиясының әр алуан үлгілерін (естірту, жоқтау, қоштасу, жалбарыну, айтыс т. б.) ретімен пайдалана отырады. Солар арқылы да кейіпкерлерінің хал-жайын аша түседі.

«Қыз Жібек» — ақындық тіл жағынан да әдемі жырдың бірі. Неше түрлі әсірелеу, көріктеу, кейіптеулер, әдемі теңеулер, сөз айшықтары жиі ұшырайды. Жыршы-ақын халықтың тіл байлығын пайдаланып отырып, аз сөзге көп мағына сыйғыза біледі. Жібектің сұлулығын, тұлпарлардың шабысын немесе кейіпкерлердің көңіл-күйін суреттескенде ақын тілінің әдемілігі де, байлығы да көрінеді.

Қорыта келгенде, «Қыз Жібек» жыры қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті бір үлгісі болып табылады. Жырдың жоғарыда көрсетілген қайшылықтарымен қатар, халықтық жақтары да бар екендігі сөзсіз. Сондықтан да оны сын көзімен қарай отырып, пайдалануға тиістіміз.

## «АЙМАН-ШОЛПАН»

Қазақ халқының тұрмыс-салтына байланысты туған жырдың бірі — «Айман-Шолпан». Жырдың сл арасынан жазып алынған нұсқасы 1896 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Бірақ оны жырлаған ақынның аты-жөні күні бүгінге дейін мәлім емес. Жырдың қысқаша мазмұны 1901 жылы «Торғай газетінде» (№17) басылды. Ал 1902 жылы «Торғай облыстық ведомосы» (№62) жырды қазақ тілінде жариялады. Бұлардың бәрі 1896 жылғы басылғанын қайталады. Бұл жыр 1939 жылы Қажым Жұмалиев құрастырған «Халық поэмалары» деген жинаққа енді. Жазушы М. Әуезов жырда айтылатын әңгімелерді негізге ала отырып, «Айман-Шолпан» атты пьеса (1934 ж) жазды, ол алғашқы кезде қазақтың Абай атындағы опера театрында қойылды, кейіннен облыстық театрдың репертуарынан орын алды.

«Айман-Шолпан» жырының оқиғасы реалистік өмірден алынған. Жырдың басты кейіпкерлері — Көтібар мен Арыстан — тарихта болған адамдар. Тарихи деректердің айтуынша, Көтібар Берсеннен, Арыстан Тінәліден туған. Берсен мен Тінәлі бір кісінің баласы. Бұлардың руы — Шекті, оның ішінде Тілеуқабақ, мекені — қазіргі Ақтөбе облысының Шалқар ауданы. Көтібар мен Арыстан өткен ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген<sup>1</sup> Т. Шойғарин: «Көтібар Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының он бірінші ауылында туған, ұрпақтары осы күнде де бар», — десе, Тыным Бірманов: «Ақтөбе облысының Ключевой ауданында Көтібардың моласы бар. Көтібарды бай-сұлтандар, хан тұқымдары Жанқасқа дегенге ақша беріп өлтіртсе. Оның сүйегін Арыстан мен Есет сауын айтып, әзер тауып алады», — деп жазады<sup>2</sup> Ал жырдағы Айман, Шолпан, Әлібектер жайында тарихи мәліметтер жоқ.

Қ. Жұмалиев «Айман — Шолпан» жырының оқиғасы Исатай мен Махамбет бастаған халық көтерілісінен кейін туған<sup>3</sup>, — дейді. Ал филология ғылымдарының кандидаты Ә. Қоңыратбаев «Қазақ әдебиетінің тарихы» (I том, 1948 ж., 207-бет) жазған еңбегінде бұл жырдың XIX ғасырдың орта шенінде туғандығын айтады. М. Ақынжановтың дәлелдеуіне қарағанда, бұл жыр өткен ғасырдың екінші жартысының

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 207-бет, 1948.

<sup>2</sup> Бүлекі адамның мақаласы «Социалистік Қазақстан» газетінде 1939 жылы 6 сәуірде №79 (5085) басылды.

<sup>3</sup> «Халық поэмалары», 134-бет, 1939.

бас шенінде, яғни Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталған кезде, туған <sup>1</sup> Бұлардың қайсысы болса да жырдың нақтылы шыққан мезгілін дәлелдеп көрсетпегенмен де, оқиғасы шындық өмірден алынғандығын анықтайды.

«Айман — Шолпан» жырына талдау берместен бұрын, оның мазмұнымен қысқаша таныса кетелік. Онда былай делінеді: Кіші жүз ішінде шөмекейдің өлген бір кісісіне үлкен ас беріледі. Оған таманың бай адамы Маман келеді, ол сән-салтанатымен, өңшең нарға артқан тоғыз саба қымызымен келеді. Шөмекейліктер Маман байды құрметпен қарсы алып, алтындаған ақ үйге енгізеді. Бұл асқа қант-шай алып тоғыз нарға тоқаш артып шектінің батыры Көтібар да келеді. Оның жадағай үйге көңілгі толмайды да, Маман бай отырған үйді бер деп шіренеді. Шөмекейліктер сасады да, Көтібарға жауапты өзің бер деп Маман байға барады. Маман бай Көтібардың кедейлігін өзінің байлығын айтады. Осыдан кейін бай мен батыр ерегіседі, Көтібар күш көрсетеді: «Еліңді шауып аламын», — дейді. Көтібар өзінің інісі Арыстанның: «Арындама», — деген ақылына құлақ аспайды.

Аста ат шабысы болады. Бәйгеден Көтібардың күрең аты озып келеді. Бұған масаттанған Көтібар, Маманға алғашқы айтқан сөзін қайталайды да: «Еліңді шауып алам», — деп аттанып кетеді. Айтқанындай-ақ, Көтібар жеті жүз жігіт алып Үрпекбас деген жерде отырған Маманды шауып алады. Маманның Айман, Шолпан атты екі қызын жайдақ нарға мінгізіп алып кетеді. Жолшыбай Айман өзіне Көтібардан бір жорға сұрап алады да, оны Шолпанға береді. Екінші тұлпарды Арыстаннан алады. Айман Көтібардың жігіттерінен: «Шолпан скеуіміздің бірімізді елге қайырыңыздар», — деп өгінеді. Бұған Көтібар үндемейді, Арыстан келісім білдіреді. Шолпанды еліне қайырады. Оны Арыстан бастаған жігіттер еліне шығарып салады. Және де Айман еліне қайтып бара жатқан Шолпан арқылы өзінің атастырған күйсуі Әлбекке сәлем жолдайды: «Алпыс күннен қалмай, келіп жетсің», — дейді.

Көтібар еліне келеді. Оның Теңге деген тоқалы бар екен. Оны жігіттер әзіл араластырып ашуландырып: «Сені Айманның көрімдігіңе береміз», — дейді. Бұған намыстанған Теңге Айманмен қақтығысады және Айманның алдына ешбір адамды шығармаймын деп үйіне қайтады. Айтқандай-ақ Айманды қарсы алған адам болмайды, сонан соң ол

---

<sup>1</sup> М. Ақынжанов, жоғарыда аталған еңбегі, 27-бет.



Арыстанның ауылына барып түседі. Айман Көтібардың ұлы Есетпен танысып, оны бауырына тартады, балаға жақсы киім-кешек тігіп береді. Ол Есетке ақыл үйретеді; «Әкең бар киімдеріңе байғазы сұра. Алпыс күнге дейін Айманға үйленбе, берер байғазың осы болсын де», — дейді. Есеттің тілегін Көтібар орындайды, сонда бұған Арыстан араласып, баланың тілегін қабылдаттырады. Айман Есеттен Көтібардың күші күрең тұлпарында екенін біледі және айламен тұлпарды қолына түсіреді.

Осы кезде бір мың төрт жүз жігіт алып Әлібек келеді. Оның алдынан күрең тұлпармен Айман шығады. Әлібек Айманды танымай қалып найза салады, Айман өзін танытады. Әлібек Шекті елін шабуылдайды. Бірақ арашашы Айман болады, ол екі жақты татуластырады. Көтібар өкіл ата болып, Айманды Әлібекпен аттандырады. Шолпанды Айман Арыстанға қосады. Екі жақтың шабуылға түскен малы қайтарылады, ел арасында татулық орнайды. Жыр осымен аяқталады.

«Айман — Шолпан» халықтық жыр және ол өткен ғасырдың 70 жылдарында шығарылған секілді. Жырдың оқиғасы осы кездегі қазақ елінің тұрмысында, әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі болған жаңалықтарды суреттеу идеясынан туған деуге болады. Мұның бірнеше себептері бар.

Қазақстанның Ресейге қосылуы өткен ғасырдың 70 жылдарында аяқталған еді. Бірақ бұл қосылу бүкіл қазақ елінде бір мезгілде басталған емес-ті. Әуелі Ресей мемлекетіне Кіші жүз (1731 ж.), содан кейін Орта жүз (1740 ж.), өткен ғасырдың бас кезінде Ұлы жүз қосылды. Мұның нәтижесінде қазақ елінің тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне көптеген жаңалықтар ене бастады, ел басқару, ел билеу істеріне бірсыпыра өзгерістер снді. 1822 жылы патша үкіметі Орта жүз қазақтары жайында арнаулы устав шығарды да, бұрынғыдай хандық жолымен ел билеу тәртібін өзгертті. Орта жүз округтерге бөлінді. 50-70 үйден бір әкімшілік ауыл, 10-12 ауылдан бір болыс (волость), 15-20 болыстан округ құрылды. Әрбір ауылды үш жылдық мерзімге сайланған старшиндер басқаратын болды, округтерді болыстар сайлаған аға сұлтандар басқарды.

Бертін келе бұл устав та өзгерді. Патша үкіметі 1865 жылы арнаулы комиссия құрып, оған қазақ елін билеу, басқару жайында «Уақытша жоба» (мұны қазақтар «Жаңа нұсқа» дейді) жасауды тапсырды. Комиссия жасаған жоба 1868 жылы 21 қазанда қабылданды.

<sup>1</sup> История Казахской ССР, том I, стр. 303-304, 1957.

«Уақытша жоба» бойынша қазақ елі облыстарға бөлінді. Орал мен Торғай облысы Орынбор генерал-губернаторлығына, Ақмола мен Семей Батыс-Сибирь генерал-губернаторлығына қарайтын болды. Ал Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан генерал-губернаторлығына бағынды. Әрбір облысты губернатор басқарды. Облыстар уездерге бөлінді; уезд бастықтары болып патша үкіметінің офицерлері, ал олардың көмекшісіне қазақ байлары тағайындалды. Уездер болысқа, болыстар ауылға бөлінді. Болыстар да ауылдарды билейтін старшиндар да сайлау арқылы белгіленді. Бірақ «сайлау» деген аты болмаса, оған қатысатын да, сайланатын да байлар еді. Олар патша әкімдеріне көптеп пара бере отырып өздерін өткізетін.

Сөйтіп, ел басқару жөнінде ескі тәртіп жойылады, оның орнына «сайлау», жоғарыда «тағайындау» тәртібі қолданылады. Бұл ретте патша әкімдері қазақтың байларымен, пысықтарымен санасып, бірлесіп отырады. Кімде-кім ұлықтарға жаға білсе, параны көп берсе, бай болса, оларды патша әкімдері дәрежеге жеткізетін болады. Және мұндай «сайлау» тәртібі ел арасының алауыздығын, бақастығы мен тартысын күшейте түседі, елді жікке бөлу, араздастырып атыстыру көбейеді. Мұның арты әкеліп дау-жанжалға, ұрысқағасыққа соғады. Осы жағдайларды өз көзімен көрген және терең түсінген Абай «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың» дейтін өлеңдерінде тамаша етіп суреттеген болатын. Мұны қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов те «Абай» романында жан-жақты алып, реалистік тұрғыдан «сайлаудың» таптық сырын ашып көрсетті.

Қазақтың әлеуметтік тұрмысына, қоғамдық өміріне енген үлкен жаңалық ел билеу, ел басқару ісі ғана емес еді. Мұндай өзгеріс, жаңалықтар қазақтың экономикалық және мәдени өміріне де енген еді. Қазақ даласына қалалар салына бастады, өндіріс орындары және мектептер ашылады, сауда-саттық қарым-қатынастар күшейеді. Бұлардың қазақ халқы үшін аса көп прогрестік мәні болды, халқымыздың экономикасы мен мәдениетінің дамуына, алға баса өрлеуіне жағдай жасады, әсер етті.

Қазақ еліне капиталистік қарым-қатынастардың ене бастауының да ескі феодалдық құрылыспен салыстырғанда анағұрлым прогрестік мәні болған. В. Л. Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» атты еңбегінде: «Ресформадан кейінгі дәуірдің ішінде кеңінен және тереңінен дамып келген, дамып отырған бұл процестердің бәрі тұрмыстың ескі түрлеріне қарағанда, оның терең прогресшілдік маңызы бар», — дейді<sup>1</sup>

<sup>1</sup> В. И. Ленин. Шығармалары, 3-том, 509-бет.

Капитализм элементтерінің қазақ еліне ене бастауы, әлеуметтік тұрмыс пен қоғам өміріне бірсыпыра өзгерістердің кіруі ескі әдет-ғұрып, салтқа да әсерін тигізеді. Бұл жөнінде де көптеген жаңалықтар туды. Осындай өзгеріс, жаңалықтарды жүзеге асыру, дамыта беру үшін патша үкіметі, оның жергілікті әкімдері ескіні көксейтін адамдарды жақтаған жоқ, жаңа заманның мән-жайын түсінген және соған қызмет ететін жаңа адамдарды қолдай бастады, соларға арқа сүйеді. Бұл жайды қазақ халқы да түсінді, ел басқару, ел билеу ісіне экономика мен мәдениетті жаңа бағытта дамуы жолында жаңаша қызмет ететін адамдар болу керектігін ұғынды. Осындай адамдарды ардақтады және оларды ескілік өмірді, кертартпа дүниені көздейтін, сол үшін күресу ойынан қайтпаған адамдарға қарсы қоя бастады. Және де мұндай жаңа адамдар ерлермен қатар әйелдер арасынан да шығады деп ұғынды. Халықтың осы ұғымы оның әдебиетінен де орын алды. Соның бірі «Айман — Шолпан» жыры деуге болады.

«Айман — Шолпан» — реформа дәуірінен кейін қазақ аулындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды, қоғам өміріне, тұрмыс-салтқа енген өзгеріс, жаңалықтарды суреттеу идеясынан туған жыр. Ол өзінің осындай негізгі идеясын жырдағы басты кейіпкердің мінезін, іс-әрекеттерін суреттесу арқылы көрсетеді. Бұл ретте жырдың кейіпкерлері екі топқа бөлінеді. Біріншісі — ескілік өмірді, бұрынғы тұрмыс-салтты жақтайтындары. Ол — әлеуметтік сахнасынан кетіп бара жатқан феодалдық құрылыстың өкілдері Көтібар мен Маман. Екіншісі — жаңа туып келе жатқан капиталистік қарым-қатынасты, қоғам өмірінде соған негізделген жаңалықты жақтаушы жастар. Олар: Айман, Арыстан, Әлібек, Шолпан. Бұлар қазақ қоғамына ене бастаған жаңа дәуірдің өкілдері ретінде жырға қосылады, олар бұрынғы заманда кездеспеген жаңашыл іс-әрекеті, мінез-қылығымен алынады. Сондықтан да олар бұрынғы қазақ әдебиетінде болмаған, жаңа заманда туған жаңа кейіпкерлер болып табылады. Сөйтіп жырда ескі мен жаңаның тартысы бейнеленеді, оқиға соның төңірегінде құрылады.

Жыр оқиғасы Маман мен Көтібардың үйге таласып қақтығысуынан басталады. Бұдан олардың өздері үстемдік етіп, әкімдік жүргізген заманы сол қалпында деп түсінушілігі көрінеді, ол заманның өтіп бара жатқандығын, қоғамдық қарым-қатынастардың өзгере бастағанын мойындамаушылықты аңғартады.

Қазақ қоғамында көп заман бойына ел билеу, ел басқару ісі хандар мен феодалдардың, батырлардың қолында болып келеді. Әміршісі де, әкімі де солар еді. Бірақ ХІХ ғасырдың бас кезінде-ақ олар бұл дәуренінен айырыла бастаған болатын. Дегенмен олар мұны мойындамай: «Заман әлі де біздікі, барлық билік қолымызда, айдасақ — жүресің, ақырсақ — көнесің», — деді. Маман мен Көтібар да сонда, бұрынғы дәрежесі бұзылмаған, өзгермеген, баяғы бірқалыпта деп түсінеді. Сондықтан да олар үйге таласуды сылтау ете, өздерінің күдіретті қолында, бұрынғыдай күшті екендіктерін жұртқа танытпақ болады. Маман байлығын айтып күш білдіреді, Көтібарды кекей сөйлейді. Ол Көтібарға:

Маман айтты: дәулеті бар немедей,  
Жүр еді осы Шекті кезі келмей.  
Үй таңдап біздің елден не қылады,  
Су артқан Қаратаудан кума кедей,—

дейді. Ол Көтібардың байлығын біле тұрса да, одан өзін мықтылау етіп көрсету үшін әдейі кедей деп кемітеді.

Маманның бұл сөзіне ыза болған және оның алтындаған ақ үйге түсуіне, ондай үй өзіне тимегеніне намыстанған Көтібар елге қамшы үйіріп қалған әдетіне басады; ашу-жанжал шығарады, Маманды шауып алатындығын білдіреді. Ол Маман байға:

Аулыңа жеті жүз қол жүргізбесем,  
Шектіні таң сәріден тигізбесем.  
Көтібар менің атым жерге кірсің,—  
Айманды жайдақ нарға мінгізбесем,—

деп, ант етеді. Ол артынша-ақ осы сертін орындайды да, Маманды шауып алады, оның ски қызы Айман мен Шолпанды жайдақ нарға мінгізіп әкетеді.

Белгілі мөлшерде жыр Көтібарға батырлық сипат та береді. Оның «батырлық» қимылы, тік мінезді дөкірлігі, морттығы, намыстанып ел шабуымен көрінгендей болады. Ол ескі әдеттерін қолдайды, халыққа қамшы үйірген салтына тартады, жұрттың бәрін ызғармен ықтырам деп ойлайды. Ат жарысына үш жүздей сайгүліктер қосылғанын біле тұрып: «Бас бәйгімді шаппай бер», — деп менмендік мінез білдіреді. Көтібардың осы сияқты мінездерін, іс-әрекеттерін халық жыры дәріптеу ретінде смес, күні өткен батырды мазақ, күлкі ету түрінде суреттейді.

Көтібар өзін-өзі жоғары бағалап, «мықтысынып» жүрсе де, оның әлі Теңгеге де жетпей қалады. Аймандарды алып келе жатып: «Мен барып, үйдің ішін қуантам», —



деп ауылына қарай тарта жөнеледі. Бірақ Көтібар үй ішін қуанта алмайды. Теңгенің қаһарына ұшырайды. «Айман-ды алса, тұрмаймын, кетемін», — деп айқай салған, ашу шығарған Теңге Көтібарды қыңқ еткізбейді. Сөйтіп, «батырсынған» Көтібар, ақырында, жұрт алдында күлкіге айналады.

Жыр Көтібар мен Маманды дәурені өтіп бара жатқан феодалдық құрылыстың ескі көзі етіп суреттейді. Олардың заманы ескіргені сияқты, өздері де ескірген, тозған адам екендігін аңғартады. Солай бола тұрса да, олар тозып, ескіргендігін мойындамайтын, бұрынғы күндерін жоқтап соны көксейтіндігін, тартысып, таласып өтетіндігін білдіреді, соған әрекет жасайды. Олардың мұнысын халық жыры: «Әурешілік болмайтын іс», — деп бағалайды жәнс ажуа етеді. Бұл тек Көтібар мен Маманды ғана мазақтау емес. Сонымен қатар, олардың күні өтіп бара жатқан заманын, ескі салтын, жаңа дәуірге үйлесі жоқ мінездері мен іс-әрекеттерін келеке, сықақ етеді. Жыр бұлардың қазақ халқының алға басуына шырмау болатындығын, жаңа заман жағдайына керегі жоқ адамдар екендігін аңғартады. Жаңа тілек, жаңа жағдайлар тұрғысынан қараған жыр Көтібар мен Маманды, солар арқылы ескі өмірді, оның халыққа жат салттарын сынайды.

Көтібар мен Маманды ескі феодалдық дүниенің кер-тартпа өкілдері деп сипаттаған және олардың бұдан былай өмір жасай алмасын тарихи шындық тұрғысынан суреттеген жыр ендігі жерде заманның адамдарын көрсетеді. Олар — жастар. Жыр халықтың жаңа дәуірдегі үмітін ақтайтын жастар екендігін аңғартады. Олардың мінезін, ісін ұнамды түрде суреттейді. Бұл ретте жырдың ерекше көңіл бөлгені — Айман.

Айман — реформа дәуірінен кейінгі жерде қазақ қоғамына енген өзгерістер мен жаңалықтарға сәйкес әлеумет сахнасына шыққан жаңа адамдардың өкілі ретінде жырға қосылады. Ол жаңа дәуірдің жыршысы бейнесінде алынады және оның ақылы, мінезі, ісі Көтібар мен Маманға қарсы қойыла жырланады. Жаңа заманның жаңа адамы болған Айманды халықтың ендігі панасы, қамқоршысы, ақылгөйі деп көрсетеді, «Айман болар, өлгенде паналарың» — дейді жыр.

Айман өз кезіндегі қазақ әдебиетінде енген жаңа кейіпкер. Бұдан қазақ әдебиетінде Айманға дейін жыр болған қыздар жоқ деген ұғым тумау керек. Ондай қыздар (Құртқа, Назым, Ақжүніс, Қыз Жібек т. б.) болған. Бірақ олардан



Айманның айырмасы — әлеуметтік мәселелерге арласуында, жаңа заманда ел басқару ісіне ерлермен қатар әйелдердің де қатысқанын, ел арасын шабуылдан құтқарушы, арашашы, татулық орнатушы екенін көрсетуінде.

Айман — ақылды, білгір, болашақты болжағыш қыз. Көтібардың елге шабуыл жасауы оған қатты батса да, қайғысын сыртқа шығармайды, дәрменсіздік білдірмейді. Қайта қара күштің иесі Көтібарға қарсы шығып, оны ақыл-айламен жеңу жағын қарастырады. Бұл ретте Айманның бірінші жеңісі Көтібардан жорға сұрап алуы, оған жайдақ нардың үстінде келе жатқан Шолпанды мінгізді. Бірақ Айманның өзі де аянышты күйде, нарға жайдақ мініп келе жатқан-ды. Енді ол тағы бір жорғаны сұрайды, Көтібар бермейді. Сонда Айман:

Ку түйе ел шапқанға обалың деп,  
Ақ Айман қамшы мешпен басқа ұрады,—

Айманның бұл әрекетті тек түйені ғана емес, сонымен қатар, Көтібарды да басқа ұрғанға тең еді. Осыдан былай Айман Көтібармен тартысқа түседі, сөзге келіп еркін сөйлесе, ақылын асыра бастайды. Есебін тауып ол Шолпанды еліне қайырады. Бұл оның екінші бір жеңісіне айналады.

Айман Шолпанды еліне аттандырып, өзінің сүйген жары Әлібекке хабар салады. «Алпыс күннен қалмай келіп жетсін», — дейді және Көтібардың ырқына бой бермейтіндігін, сүйген жарына адал екендігін айтады. Мұны ол өзінің ақыл-айласына сенгендіктен, соған сүйеніп іс жасай алатындығын білгендіктен айтады.

Көтібарды жеңу жайын қарастырған Айман мақсатына жету үшін Теңгені пайдаланады. Батырдың Теңгеден асып кете алмасын біліп, оған қарсы Теңгені салады. Теңгемен кездескенде:

Базарда Теңге болсаң, пұл боларсың,  
Кольца құрық алсаң, құл боларсың.  
Батырдың айтқан сөзі рас болса,  
Колыма су құятын күң боларсың,—

дейді Айман қулық жасап, Теңгенің намысына тиседі. Теңге арқылы Көтібарды қыңқ сткізбеу жайын көздейді. Айманның бұл ойы жүзеге асады. Көтібар Теңгенің тегеуінен шыға алмай қалады. Сөйтіп ол тағы бір қауіптен құтылады.

Бірақ Көтібардың: «Айманды тоқалдыққа алмасам, Көтібар атым құрысын», — деген сөзін есінде ұстаған Айман, Көтібар бұл антынан танбайды деп түсінеді. Со-

ндықтан Айман тағы бір амал жасайды. Бұл жолы Есетті пайдаланады.

Айман жырда болашақты болжағыш қыз болып та суреттеледі. Көтібардың Маманды шауып алмақ ниетінде айтқан сертін Айман естіген-ді. Оның бұл сертіне жетпей қоймасын білген Айман алдын ала қам жасап, мал-мүліктерін жан-жаққа жасырады. Бұл сырын ол Шолпанға айтады:

Қызыл күм есік алды беткей бар-ды,  
Құдайым салды басқа қайғы-зарды.  
Ішінде үш жүз ішік санап салған,  
Жалғыз шыбық түбінде төрт тең бар-ды.  
Көтібар серт қып кетті деген күні  
Аралға айдап тастап ем бес жүз атты,—

дейді. Айманның мұнысы да ақылмен істелген іс болады. Және де Көтібар Маманнан айдап алған малдарды қасындағы жігіттеріне үлестіре бастағанда, Айман да олжа сұрайды. «Өздеріңмен бірігіп Маманды мен де шабыстым», — деп, олжаға жүз нар алады. Ондағы ойы айдауға түскен малынан аз да болса үлес алып қалу еді.

Жыршы-ақын белгілі мөлшерде Айманға ерлік сипат береді. Ол Әлібектің келер мерзімі жақындаған кезде Көтібардың күрең тұлпарын, қару-жарағын қолына түсіреді де, сүйген жарының алдынан шығады. Жыр мұнымен Айман өз намысын ақыл-айласымен ғана емес, керек болған жерде қару-жарақпен де қорғап алуға жарайтын қыз екендігін аңғартпақ және ақылына ерлік мінезі сай демек.

Айман бойындағы сүйкімді қасиеттің бірі — оның Әлібекке адалдығы, қыз махаббатының беріктігімен де көрсетіледі. Көтібардай қара күштің қолына түсіп тұтқын болған, одан құтылып кетуі екі талай жағдайға ұшыраған Айман артындағы қалған асыл жары Әлібектен күдер үзбейді. Қандай халге түссе де, есінен Әлібек шықпайды, қайткен күнде де оған қосыламын деп өзіне-өзі ант етеді. Сол үшін күреседі. Бұл ойын ол Шолпан арқылы Әлібектің өзіне де жеткізеді.

Көңліме ғашық оты болды уайым,  
Пенденің қадір алла білер жайын.  
Ешкімге басым кеспей мен тимеспін,  
Казаны жеткізбесе бір құдайым,—

дейді. Асыл жар, адал дос,, тұрақты махаббат иесі екендігін білдіреді.

Қалың қолмен Әлібек келіп, Көтібардың еліне шабуыл жасаған шақта Айман үлкен адамгершілік іс жасайды. Ол ел арасына араздық отын салмай, екі жақтың ашуын басушы,

келістіріп татуластырушы болады. Бір кезде қара басының намысы үшін Көтібар ел шауып ерегіс бастаған еді. Енді сол кекті қайырмақ болып Әлібек аттанды. Екі елдің арасында үлкен дау, жанжал туды. Мұның арты жақсылыққа соқпайтынын, қайта ерегістен туған араздық үдей беретінін, одан елдің зықы кететінін аңғарған Айман осы тұста билік айтады. Ол Көтібар мен Әлібекке:

Алыстың да, жығыстың, екі батыр,  
Сіздерді бітірейін төре беріп,—

дейді де, екі жақты жарастырып, татуластырады. Шолпанды Арыстанға беріп, өзі Әлібекке қосылады. Көтібарды әрі құда, әрі өкіл ата етіп кетеді. Осындай ақылды төрелік айтқан, ел арасын бүлдірмей келісімге келтірген Айманға жұрт разы болады.

Сондықтан да халық Айманды жаңа заманның сүйікті қызы етіп көтере жырлайды. Көтібар мен Маман бай ел арасын бүлдіруге бар болса да, татуластыруға жоқтығын айта отырып, бұл жөнінде жыр Айманды үлгі етеді. Оның адамгершілігін, ақылын, мінезін, ел үшін жасаған істерін артық бағалап, халықтың ендігі сенері де, сүйенері де Айман секілді жаңа адамдар, жастар екендігін көрсетеді.

Жырдың жағымды бейнеде алған адамының бірі — Арыстан. Ол мінезі салмақты, ақылды жігіт кейпінде суреттеледі. Бұл ретте Арыстанды өз ағасы Көтібарға қарама-қарсы қойылған кейіпкер деуге болады. Арыстан ағасының ісін де, дөрекі мінезін де ұнатпайды, оған ақыл айтып, дұрыстық жолға салуды да ойлайды. Көтібар Маманды шауып аламын деп ант берген шақта, Арыстан:

Дәулеті әр пенденің бөлек-бөлек,  
Көтеке, ашуды қой, ақыл керек.  
Қымыздың қызуына желік қылған,  
Шайтан сөз топ ішінде неге керек,—

деп, ағасына ақыл айтады. «Маманмен ерегісіп елді бүлдірме, ондай әрекет жасама», — дейді.

Көтібар қалың қол жиып, Маманды шабуға аттанғалы тұрған кезде де, ағасының бұл ісін Арыстан қостамайды, оны теріс деп біледі. Сондықтан да ол Маманның елін шабысуға бармайтындығын айтады: «Елдің обалына қалмаймын», — дейді. Бірақ Көтібардың бір беттілігін, айтқан сөзінен танбайтындығын білетін Арыстанды жырда былай дейді:

Лебізін ағасының қайыра алмай,  
Арыстан амалсыздан о да жүрді.—

Басында ел шабуға бармаймын деген және ағасының бұл жорығын ұнатпаған Арыстан амалсыздан қалың қолға қосылып Маманның еліне аттанады. Ол осы шабуылда Көтібар тағы бір нәрсені бүлдіріп алар деген оймен шығады. Арыстанның бұл қаупі шындыққа келеді. Аяушылық сезімі жоқ Көтібар екі қызды жайдақ нарға мінгізеді және халдерінің мүшкілдігін айтып ат сұраған Айманның сөзіне құлақ аспайды. Ағасының қаталдық мінезін жек көрген Арыстан адамгершілік жасайды: «Бақталасың Маман болғанмен, екі қыздың жазығы жоқ», — деп оларға екі ат алып береді.

Көтібардың ерегіспен жасаған бұл шабуылының арты үлкен дауға, ұрыс-жанжалға әкеп соғатынын, Айман сияқты, Арыстан да түсінеді. Сондықтан ол алдағы күнде ел-жұрттың ылаңға түспеуін көздейді. Болашақта бітісер істің белгісін іздейді. Ол үшін Айманның тілегін қабылдап, Шолпанды еліне қайыру керек деп ұйғарады және бұған қарсы болған Көтібарды көндіріп алады. Осыдан былай Арыстан мен Айман ел қамын ойлаған адамдар болып шығады. Айманның ақылмен жасаған әрбір ісін ол қолдап та отырады. Есеттің байғазы деп сұраған тілегін Көтібардың ырқына қоймай орындатады. Ондағы ойы Айманды ел-жұртынан, сүйген жарынан айырмау, Көтібардың: «Айманды тоқалдыққа аламын», — дегенін болдырмау еді. Егер Көтібар тағы бір пәле бастап, Айманды тоқал етіп алатын болса, онда ел арасы татулыққа келмей, қырғын ұрысқа айналады деп түсінген Арыстан істің насырға шаппау жағын қарастырады. Шолпанның еліне қайтарылуы, Есеттің байғазы алуы Арыстан мен Айманның ел қамын көздеген ойынан туған еді.

Екі елдің келісімге келіп, татуласуына Айман сияқты Арыстан да себепкер болады. Ол осы табысын, татуласудың берік белгісі ретінде Шолпанға үйленеді. Шолпанды өзіне тең жар-жолдас деп түсінген Арыстан оны ақ көңіл, адал нитеімен, барлық махаббатымен сүйіп қосылады. Олардың арасындағы сүйіспеншілік, Арыстанның Шолпанға көңілі түсуі, танысуы екі елдің бітісер кезінен бұрынырақ басталған еді. Шолпанды еліне әкеп салған кезде-ақ Арыстан бұл қызды қатты ұнатып қалған-ды, Шолпанға деген махаббат сезімі ұялаған-ды. Шолпанды асыл жар деп, оған қосылуды арман еткен еді. «Маманның Көтібар алдап алған малдарын иесіне қайыртып берем, ел арасын келістіріп туыс болып табысармын», — деген-ді. Арыстан Шолпанға қосылам деп үміттенгендіктен айтқан еді. Ол:

Басына Қызыл құмпың шығып тұрды,  
Қайғымен қарап көрді талай қырды.

Бұл малды тірі болсам, қайтарам деп,  
Арыстан уәде қылып, қайта жүрді,—

Арыстан осы уәдесіне жетеді, Айманның төрелігін қабыл алып, Шолпанға қосылады. Ел арасының бітісуіне, табысып татуласуына басты себепкердің бірі болады.

Сонымен халық жыры Арыстан образын жағымды бейнеде суреттей отырып, оны өз тұсының жастарына үлгі етеді. Елдің ендігі тілегі де, үміті де жастар, сендігін, бұлар жаңа заманның бастаушысы болатындығын аңғартады.

Жыршы Әлібек пен Шолпан образы айқын түрде суреттелмесе де, олардың да жаңа заманның жемісі сендігін сезінгендей боламыз. Бұл ретте олар Айман мен Арыстан бейнесін толықтыра түскен образ ескілді. Әйткенмен Әлібек образына жырда азғантай болса да көңіл бөлінеді. Ол сауда-саттық ісіне араласады, қазақ арасына жаңадан кіріп келе жатқан капиталистік элементтерді құптаған кісі болып көрінеді. Әлібек образының бір қыдыру көзге түсетін жері — оның қасына 1400 жігіт алып, Көтібарға шабуыл жасауы. Бұл шабуыл Көтібардан кек қайыру ғана емес, сонымен қатар, оны ескі салтқа, барымтаға, ел талауға және бұларды қолдаушыларға қарсы көтерілген халық күші деуге болады.

«Айман — Шолпан» — композициялық құрылысы, оқиғаны баяндауы жағынан өзіндік ерекшелігі бар жырдың бірі. Жырдың басты ерекшелігі — оқиғаны шиеленіскен тартысқа құруында. Оның қандай әңгімесін алсақ та үлкен тартысты көреміз. Мұның өзі жыр оқиғасын әрі қызықты, әрі әсерлі етеді. Көтібар мен Маман, Айман мен Көтібар, Теңге мен Айман арасындағы тартыс, қақтығысуларды суреттеу арқылы жыр оқиғасы дами түседі.

Екіншіден, жыршы ақын жағымсыз кейіпкерді суреттегенде, олардың мінездерін, іс-әрекеттерін күлкі мазақ ете, сықақтай сипаттайды. Маманның байлығын айтып шірнеуі, Көтібардың «батырмын» деп кеудесін соғуы — жырда ащы мысқыл, келескеге айналады.

Қорыта келгенде, «Айман-Шолпан» — реформа дәуірінен кейінгі кезде қазақ қоғамына енген жаңалық, өзгерістерді шындық тұрғыдан бейнелеген халықтық жыр. Бұл жыр жаңа жағдайға байланысты қоғам өмірінен орын алған талас-тартысты, ескінің жеңіліп, жаңаның жеңетіндігін бейнелейді, әлеумет сахнасынан ығыстырылып бара жатқан және ескілікті қолдаушы адамдарға жаңа заманның адамдарын, жастарды қарсы қоя отырып, соңғыларын ардақтай жырлайды, үлгі етеді.



---

---



## VI тарау

### АЙТЫС ӨЛЕҢДЕРІ

Ертеде жазу өнері болмаған кезде қазақ халқының әдебиетінің негізгі бір саласы айтыс өлеңдері туды.

Қазақтың айтыс өлеңдері жайында үлкенді-кішілі зерттеу еңбектер жазған С. Мұқанов, М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Т. Нұртазин<sup>1</sup> тағы басқалардың айтуына қарағанда, айтыс деген сөз бірнеше мағынада қолданылған. Айтыс екі адамның сөз қағыстыруы, сөз жүзінде тартысуы, дауласуы, жарысуы, сынасуы, өнер салыстыруы деген ұғымды қамтыған. Айтыс қара сөз түрінде де, өлең түрінде де болған. Әдебиет көлеміне өсетіндері және әдебиеттік жанрдың бірі болып табылатыны да — осы өлең түрінде айтылған айтыстар.

Белинскийдің жоғарыда келтірілген пікіріне сүйенген және оны қуаттаған қазақ әдебиетшілері, айтыс өлеңдері халықтың жазу өнері болмаған кезінде туғандығын дәлелдей түседі. «Бір кезде көшпелі тұрмыс құрған елдердің, — дейді. Сәбит Мұқанов айтыс туралы жазған еңбегінде, — сауаты аз болды, оқуы, мектебі жоқтың қасы еді; мектебі, оқуы жоқ елде ақынның күші аузына түсіп, басқа жанрлар сықылды, айтыс жанрын ауызша тудырды, ауызша айту жолымен өркендетті».

Демек, қазақтың айтыс өлеңдері халықтың қоғамдық өміріне, тұрмыс тіршілігіне байланысты және жазу өнері болмаған кезінде туып, қалыптасқан. Оны тудырғандар да, дамытқан да ақындар болған. Бұл жағдай тек қазақта ғана емес, ол қазақ пен ағайындас және бір кезде тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, қоғамдық өмірі ұқсас келетін қырғыз, түрікпен, қарақалпақ т. б. халықтарда да айтыс болған.

---

<sup>1</sup> С. Мұқанов. Айтыс, Алматы, 1941; М. Әуезов. Айтыс өлеңдері (Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1960); «Жамбылдың айтыстағы өнері» (изв. АИ. Каз ССР, №6, 1948); Е. Ысмайылов. Ақындар, 1956; Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті, 1949; Т. Нұртазин. Айтыс өлеңдері (диссертация).

**АЙТЫСТЫҢ  
ТҮРЛЕРІ**

Әдбиеттік жағынан алғанда, айтыс өлеңдерін мазмұнына, тақырыбына қарай екі түрге бөлуге болады. Біріншісі — халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрыпсалтына байланысты туған айтыстар. Екіншісі — шын мәніндегі ақындар айтысы. Соңғысы қазақ айтыстарының ең күрделісі болып табылады.

Айтыс өлеңдерінің алғашқы үлгілері халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты туған. Және ол жұрттың жиналған жерінде, ойын-сауық үстінде шығарылған. Оларды шығарушы да ақындар еді. Бұл айтыстар жалпы айтыс өлеңдерінің алғашқы үлгілері болғандықтан да өзіне тән ерекшеліктері барлығын көрсетеді. Ең алдымен, ол ойын-сауық ретінде, халықты көңілдендіру, күлдіру негізінде туғандығын аңғартады. Өлеңі жұрттың жаттап алып, айта беруіне лайықталған болады. Мұнда нағыз ақындар айтысындағыдай тыңнан қозғалатын күрделі әңгімелер, оқыстан туған оқиғалар, буырқанып-бұрсынып шығатын сөз түйіндері кездеспейді. Көбінесе жеңіл-желпі айтылған әзіл-оспақ түрінде болып отырады. Екіншіден, бұл айтыстарда халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрып салтына байланысты туған әр түрлі ұғым, түсініктер араласа жүреді.

Бұлайтылғандар тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып салтқа байланысты туған айтыс өлеңдерінің кемшілігі емес. Ол — айтыс өлеңдерінің қалай туып, алғашқы қалыптасу ретінде нені сөз сткендігін аңғартатын ерекшеліктері болуға тиісті. Және осы айтыстар кейіннен үлкен айтыс өлеңдерінің, яғни ақындар айтысының шығуына негіз салды, соның бастамасы болды деп түсінеміз.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрып салтына байланысты туған айтыстарды мазмұнына қарай бірнеше тақырыптарға бөлеміз. Солардың ішінде бастылары: «жар-жар», «бөдік айтысы», «қыз бен жігіт айтысы», «дін айтысы», «жұмбақ айтысы». Бұларды талдағанда «жар-жар» мен «бөдік» айтысына тоқталып жатпаймыз. Өйткені ол скеуін осы кітаптың алғашқы тарауында қарастырғанбыз. Бұл арада, қайталау түрінде, «жар-жар» мен «бөдік» — айтыс өлеңдерінің ең сскі, алғашқы үлгілерінен саналатындығын сскертпекпіз.

**ҚЫЗ БЕН  
ЖІГІТ АЙТЫСЫ**

Бұл айтыс халықтың әдет-ғұрып салтына байланысты ойын-сауықтар кезінде айтылған және ойын-сауыққа жиналған жұртты көңілдендіру, күлдіру, ән мен өлең қызығына батыру негізінде туған. Мұның алғашқы үлгілерін белгілі ақын

қыздар мен жігіттер шығарған. Олардың осы айтыстағы өлеңдерін кейіннен өлең айтуға икемі бар, бірақ өздерінің ақындық өнері жоқ жастар жаттап алып, ойын-сауық кезінде айтып жүретін болған. Бұл айтысты көбінесе қыздар мен жігіттер бастап, солар айтатындықтан, халық оны «қыз бен жігіт» айтысы деп атаған.

Қыз бен жігіт айтысы, әдетте, скі жастың амандасуынан басталып, әзіл-оспақ, әдсімі қалжың ретінде айтыла береді. Онда ақындар айтысындағыдай үлкен әңгімелер қозғалмайды, ойын-сауыққа лайықты жеңіл-желпі күлдіргі жайлар сөз болады. Айтыстың өлеңі ертеде шығарылған және жұртқа таныс, үйреншікті, жаттамалы болғандықтан, оны ойын-сауық үстінде өлең айтуға икемі бар жігіт пен қыздың қайсысы да орындай берген. Бұл айтыстың мысалы төмендегідей:

*Жігіт:*

Көгілдірік, еңдеше, көгілдірік,  
Көк дөненге жарасар өмілдірік.  
Осындай бірме-бірге кез келгенде,  
Айта гөр өлеңіңді төгілдіріп.

*Қыз:*

Асыл қайрақ, замандас, асыл қайрақ,  
Бау ағашта тұрады бұлбұл сайрап.  
Күдай айдап осындай кез келгенде,  
Өлеңіңді айта гөр, тәуір сайлап<sup>1</sup>.—

деп, айтысқа түскен қыз бен жігіт бір-бірін өлеңге шақырады. Бұлардың айтысы осылай басталып, үдей береді, жұртты күлдіру үшін әр нәрссені әдемі әзіл, қалжыңға айналдырады. Бұл ретте айтысушылар бір-бірінің бойындағы мінкешшіліктерді де өлеңмен күлкі ететіні болады. Мәселен:

Қызға барған ел білсін атағыңды,  
Түзетіп ки мұнан соң шапаныңды.  
Қыздан көңілі қалмаған қу көкірск,  
Қырғызсаңшы бір қап жүн сақалыңды...  
Сақалыңды айнаға көрші қарап,  
Ту құйрықтан маңызды төрт-бес қадақ.  
Аулыңдағы бақалға күзеп сатсаң,  
Алты сабын береді, жеті тарақ<sup>2</sup>, —

деп, жігіттің қаужыған сақалын күлкіге айналдырады. Бірақ жігіт оған дау айтып — «Сөздің көркі — мақал. адамның көркі — сақал». — дегенді дәлелдейді. Және өз тарапынан қыздың да мінін айтып, әзіл етеді.

<sup>1</sup> «Айтыс» жинағы, I том, 52-бет, 1965.

<sup>2</sup> «Айтыс» жинағы, 58-59-беттер, 1941.

Айтысқа түскен қыз бен жігіт кейде көңіл сырын, бір-бірін ұнататындығын да білдіріп отырады. «Бұдан былай таныс болып, көрісіп жүрсілік» — дегендерді де өлеңге қосады. Айтысып отырған бір қыз жігітке: «Кешке таман қозы қараған кісі болып, келіп-кетіп жүр», — дейді. Оған жігіт:

...Қозы қарап, мезгілсіз бара берсем,  
Итің қосар қу әкең сорым қайнап,—

дейді. Жігіттің бұл сөзіне қыз:

... Ит түгілі қасқырдан қорықпас ем,  
Дәл өзіңдей, дариға, болсам жігіт <sup>1</sup>.—

деп жауап қайырады да, жігіттің намысына тис сөйлейді.

«Қыз бен жігіт айтысы» ойын-сауыққа жиналғандарды көңілдендіріп күлдіру, қызыққа батыру тілегінен туғандықтан, айтысқа қатысушылар, бір-бірін жеңу, жүлде алу мақсатын көздемейтін секілді. Ойын-сауық дүкенін қыздыра беру үшін, олар өлеңді жанынан шығарумен қатар, сл арасында айтылып жүрген халық өлеңдерінің сөздерін де пайдаланатындығы байқалады. Мұны «Айтыс» атты жинаққа енген «Қыз бен жігіт айтысы» бөлімінен көреміз. Онда «Қаратаудың басынан көш келеді», «Қаратау кейде қарлы, кейде қарсыз», немесе «Әуеде ай болмаса, адасады» сияқты халық өлеңдері де қыз бен жігіт айтысына айналғандығын аңғарамыз.

«Қыз бен жігіт айтысының» өлеңдік құрылысы көбінесе халыққа белгілі он бір буынды өлең түрінде келеді. Және қазақ өлеңдерінің алғашқы түрлерінде қайталау түрі көбірек кездеседі. Әсіресе, өлеңнің бастапқы скі жолын жігіт те, қыз да қайталай отырып, өздерінің айтайын деген негізгі ойын өлеңнің үшінші-төртінші тармағымен білдіреді.

Қорыта келгенде, халықтың әдет-ғұрып ойын-сауық салтына байланысты туған «қыз бен жігіт айтысы» қазақ ауыз әдебиетінде «айтыс» жанрының алғашқы үлгілерінің бірі болып табылады. Ол кейіннен үлкен «айтыстың» шығуына негіз салған жанрдың бірінен саналады.

**ДІН АЙТЫСЫ** Тарихшылардың айтуына қарағанда<sup>2</sup> XVI—XVII ғасырға дейін қазақ халқы тұтасынан бір дінде болмаған, тек XVII ғасырдан бері қарай ислам дінін толық қабылдап алған. Осы кезден бастап ислам — қазақтардың да негізгі дініне айналған.

<sup>1</sup> «Айтыс» жинағы, 1941, 57-бет.

<sup>2</sup> История Казахской ССР, том I, стр. 186, 1957.

Дін иелері, қожа-молдалар қазақ арасына ислам дінін үгіттеп жаю үшін поэзияны, соның ішінде айтыс өлеңдерін пайдаланған. Олар халыққа түсініксіз дін сөздерін, діни шарттарды кейбір жалдамалы ақындар арқылы ұғындырмақ болған, көпшілікке түсінікті ақындық тілмен діни әңгіме-үгіттерді таратқан<sup>1</sup> Дін иелері өздерінің қолына ұстаған ақындарына әдейілеп тапсырып, жұрттың жиналған жерінде дін үгіттерін айттырған, не туралы және қалай айтуды алдын ала ескертіп те қойған. Осы негізде діни тақырыпқа арналған айтыс өлеңдері туған.

Дін айтысы скі ақынның бір-біріне берген сұрау-жауабы түрінде айтылады. Айтыстың негізгі тақырыбы дін әңгімелері, дін үгіті болады, соларға қараңғы халықты иландыру, нандырып, сендіру жағы қарастырылады. Бұл ретте дін айтысы жаңалығы жоқ, бір айтқанын қайталай беретін өлеңге айналады. Дін айтысының үлгісін, мәселен, Болық пен Елентай дейтін ақындардың мына бір айтысынан көруге болады.

*Болық:*

Ақын жігіт атаңған, Елентайым,  
Өнерпаздың өнерпаз білер жайың.  
Жауап бер, бір азырақ сөз сұрайың:  
Әуелі не жаратты бір құдайым?

*Елентай:*

Болық, маған белгілі сенің сырың,  
Біздерден артық емес айтқан жырың.  
Бұрынғы даналардан есітемін,  
Жер менен көк жаралды елден бұрын<sup>2</sup> —

Осыдан әрі қарай дін әңгімелері жаңағы екі ақын айтысының негізгі тақырыбына айналады. Құдайдың алғашқы жаратқаны жер мен көк болса, сол жерді көтеріп тұрған кім деген сұрауға: «Көк өгіз», — деп жауап қайырады Елентай. Көк өгізді көтеріп тұрған балық, оны көтеріп тұрған су, ал суды көтеріп тұрған бу... деп өлеңге қоса, әгімесін соза береді.

Осы сияқты дін айтыстарында сұрау-жауап ретінде аспан әлемі, жердің асты-үсті, табиғат көріністері, хайуанаттар дүниесі айтылады. Бұлардың барлығын жаратушы бір құдай екендігін айтып, халықты соған нандырмақ болады. Сондай-ақ, дін айтыстарынан бес уақыт намаз оқу, ораза ұстау, қайыр-садақа, үшір-пітір беру жайы да орын алады. Бұларды да дін айтысы халықтың «құдай тағаланың әмірін

<sup>1</sup> С. Мұқанов. «Айтыс», 8-бет, 1941.

<sup>2</sup> «Айтыс» жинағы, I том, 304-бет.



орындау, құлшылық ету» жағын көздеп әңгіме стеді; намаз оқыған, ораза ұстаған, қайыр-садақа берген адам ғана «жұмақтың» төрінсн орын алады, ал бұл шарттарды орындамағандар «тамыққа жанады деп қорқытады. Сөйтіп, дін айтыстары әртүрлі діни ұғымдарды слге тарату қараңғы халықты дін насихаттарына сөзсіз бағындырып ұстау мақсатын көздеген қожа-молдалардың бір кезде үгіт-құралы етіп пайдаланғандығын аңғарамыз. Бұған дін үгіттерін араб тілінде халыққа ұғындыра алмайтындығын, ол халыққа түсініксіз болатындығын білген қожа-молдалардың поэзияны дін насихатының құралы еткендігі байқалады.

Ерте кезде дін айтысы қазақтың ауыз әдебиетінде белгілі жанр болғандығы да байқалады. Бірақ, бертін келе, халықтың дүние танудағы көзқарасы ұлғайған және діннің халыққа жат екендігін түсіне бастаған кезінде, дін айтыстарын бұрынғыдай құптап қарсы алушылық жойыла береді; дін айтыстары өз алдына әдебиеттік жанр болудан қала бастайды. Бұдан, әрине, кейінгі кездегі айтыс өлеңдерінде дінге байланысты ұғымдар, дін үгіттері мүлде айтылмайтын болды деген түсінік тумайды. Ондай діни әңгімелер бергі кездегі ақындар айтысынан да орын алған. Мәселен, Шөже мен Кемпірбайдың бір айтысында, Шөже әр нәрсені айта келіп: «Уаттури ләззейтуни», — деген аяттың мағынасы не деп сұрайды. Онысы ескі дін аңызы бойынша, Мұса пайғамбардың Син (Синай) тауына шығып, құдаймен жауаптасқан сөздерінде не айтылғанын шешіп бер дегені еді. Бірақ, діни білімі шала Кемпірбай бұған жауап таба алмай, жеңіліп қалады. Бұл мысал дін әңгімелерінің соңғы кездегі ақындар айтысынан да орын алғандығын аңғартады. Өйткенмен ол таза дін айтысы емес еді, өйткені бұл кезде дін айтысы бұрынғыдай, өз алдына сақталған айтыс болмайтын.

Дін айтысы қазақтың айтыс өлеңдеріне, оның қалыптасып дамуына зор ықпал-әсер жасаған айтыс емес. Бұл арада дін айтыстарын сөз қылып отырған себепіміз қазақта айтыс жанрының алғашқы үлгілері қандай екендігін, онда не айтылғанын қарастыру жайын көздегендіктен. Ал, өлеңдік жағынан алғанда, дін айтыстары үздік шыққан айтыс тобына жатпайды. Тек дін жайын сөз ететін қара дүрсінді өлеңдер түрінде келеді.

**ЖУМБАҚ АЙТЫСЫ** Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, әдет-салтына байланысты туған айтыс өлеңдерінің тағы бір түрі — жұмбақ айтысы. Бұл айтыс та ойын-сауық үстінде, көпшіліктің жиналған жерінде айтылатын болған.

«Жұмбақ айтысы» бүкіл айтыс өлеңдерінің ішіндегі ең қиыны секілді. Өйткені ол тапқырлық пен білгірлікке құрылады. Сондықтан мұндай айтысқа түсу үшін ақынның өлеңді суырып салып айтуы жеткіліксіз. Бұған қоса ақын тапқыр, білгір және тез ойлап, шапшаң жауап беруге тиіс. Сонда ғана ол өзімен айтысқа түсіп отырған ақынның сынау мақсатымен оқыстан берген жұмбағын дұрыс шеше алатын болады. Бұл үшін жұмбақты берушінің де, оны шешушінің де әр нәрседен хабардар, көп мәліметті білуі шарт. «Жұмбақ айтысына» қатысушылар жұмбақ ететін нәрселерін көбінесе адамға таныс, деректі заттардан алады, бір затты екіншісіне салыстыру арқылы жұмбақ шығарады. Бұл ретте жұмбақ көлеміне кіретіндер: аспан әлемі, жаратылыс дүниесі, хайуанаттар, адам, оқу-білім, еңбек-кәсіп құралдары, т. б.

Қазақта айтысқа қатысқан ақындар көп болғанымен де, олардан «Жұмбақ айтысына» араласқандары аз сияқты. Мұның өзі «жұмбақ айтысының» оңай еместігін аңғартады. Дегенмен, мұндай айтысқа Рысжан, Әсет, Шөкей, Күңбала, Нұржан, Сапарғали секілді ақындардың қатысқанын білеміз. Олардың жұмбақ түріндегі айтыстары аталған ақындардың ақындық өнерімен қатар, тапқыр, білгір адамдар екендіктерін көрсетеді. Мысалға, Рысжан мен Әсеттің айтысын алайық. Бұл екеуі де ірі айтқыш, ел арасына атағы жайылған ақындар. Әсет «айыр көмей, жез тандай, қаусырма жақ» атаған ақын.

Олар бір-бірін сырттай білгенімен де, жүздесіп айтыспаған екен. Бір жылы көп елдің жиналған жерінде (бір деректерге қарағанда, олар бұрынғы Қоянды жәрмеңкесінде кездескен секілді). Рысжан мен Әсеттің қызу айтысы болады. Оны ел адамдары ұйымдастырған деседі. Осы айтыста атақты скі ақын бір-бірінен ақындық өнер асырамыз деп зор тартысқа түседі. Бірақ жеңісе алмайды. Сонда Әсеттің білгірлік шама-шарқын сынамақ болып, Рысжан бірнеше жұмбақ айтады. Оқыстан берілген жұмбақтарды Әсет іркілместен табан аузында шешіп береді. Әсет Рысжанның бірінші жұмбағын шеше отырып, сол замандағы әкімдерді, болысбилерді мейлінше жамандайды; «Елубасы — құзғын, старшин — қанға тояттаған қаршыға, онбасылар — күйкентай» деп көрсетеді. Рысжанның екінші жұмбағы — адамның дене мүшелері. Мұны да Әсет әдемілеп шешіп береді. Ал үшінші жұмбағында:

Арықтап бір түйе өлді жетіп ажал,  
Алты батпан бұлы бар, безгенге сал.

Сүйегі жерден, көктен табылмайды,  
Білдің бе, мұның өзі қайда өлген мал? —

дейді Рысжан. Бұл жұмбақты Әсет:

Домбыра саған ерген бұлбұл екен,  
Рысжан қара сөзге қырғын екен.  
Арықтап оттай алмай өлген түйең  
Ақылмен абайласам бір жыл екен<sup>1</sup> —

деп шешеді және «алты батпан бұлы бар» дегені бір жылдағы алты ай жаз дейді. Сөйтіп, ол қыздың барлық жұмбағын табан аузында шешіп шығады, тез ойлап, шапшаң жауап қайырады.

Өз кезінде жұмбақ айтыстарының мәні зор болған. Ол ақынның көп ізденуіне, білмегенді білуіне талпындырған. Олай етпесе, айтыста жеңіліп қалатындығын білген. Мұның өзі кейінде жастардың білімге ұмтылуына әсер еткен.

Қазақ халқының ертеде туған айтыс өлеңдерінің түрлері жоғарыда аталғандар ғана емес. Санай берсек, бұл алуандас айтыстардың түрлері өте көп. Мәселен, ерте кезде Жетісу жағында «Тау өлең», «Жер өлең», деген айтыстар да болған. Онда айтысқа түсетін ақындар өз еліндегі және өздері білетін тау, жер, суларды атап, өлеңге енгізген. «Тау өлеңінің» айтысына қатысатын ақындар өздері білетін тауларды атай отырып, олардың қандай артықшылығы, қасиеті, пайдасы барлығын көрсеткен. «Жер өлеңі», «Су өлеңі» дейтін айтыстар да осылай айтылған<sup>2</sup>. Мұндай айтыстар ақындардың білімі шарқын байқайтын сынға да айналған.

Сондай-ақ ерте кезде «Мал мен иесінің айтысы», «Өлік пен тірінің айтысы» сияқты айтыстар да болған. «Мал мен иесінің айтысында» төрт түлікті өсіру үшін оның күтімін жақсарту, қорасын, жем-шөбін даярлау керектігі сөз болады. Және ол әдетте шаруаға икемі жоқ, салақ, бейқам адамдарға арналады. Мұндай адамдардың малы бағусыз, күйсіз келетіндігі айтылады. Мысалға осы тақырыптағы мына бір айтысты алайық:

*Мал иесі:*

Неғып жүрсің, қу жалғыз шолақ сиыр,  
Сиырыммен Айтақтың болдың үйір.  
Үй маңында көдені жұлып жатпай,  
Сен шолаққа бір сойқан болды биыл.

<sup>1</sup> «Айтыс», I том, 353—354-беттер.

<sup>2</sup> М. Әуезов. Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 684-бет, 1960.

Сиыр:

Жасағанның жарлығы тастан қатты,  
Сүмеңдетіп арыттың кер жорға атты.  
Үй қасында көденің түк дәмі жоқ,<sup>1</sup>  
Кара өлеңнің қамыспен түбі тәтті<sup>1</sup>, —

дейді. Содан әрі қарай сиыр иесіне көп кінәлар тағады. «Жалқауланып, жазда шөп шаппадың, қыдырумен уақыт өткіздің, менің қысқы жем-шөбімді, қора-қопсымды қамдамадың, ақырында, арықтап, көршілерге телміріп өлетін болдым», — деп айыптайды. «Мал мен иесінің айтысы» көбінесе осы тәрізді болып келеді. Малы мен иесін айтыстыру арқылы айтыс өлеңдері шаруа адамының қамын қарастырады, төрт түлікті өсіру ерінбей еңбек стуге байланысты скендігін аңғартады. Бұл осы тақырыптағы айтыстардың негізгі сарыны болады.

Ал, әдебиеттік жағынан алғанда, «мал мен иесінің айтысы» күлкі-сықақ түрінде айтылады, малға қарамайтын, шаруаға қыры жоқ адамдарды сынға алады. Мұндай айтыстардың өз кезінде мәні-маңызы болғандығы сөзсіз. Ол бұл мәнін бүгінгі күнде де жойған емес.

Жоғарыда аталған «Өлік пен тірінің айтысы» да — қазақтың айтыстарынан орын алған әдебиеттік түрдің бірі. Бірақ бұл тектес айтыстар сан жағынан алғанда көп емес. Соның ішінде ауызға аларымыз «Боздақ пен Ақбаланың айтысы».

Қазақтың айтыс өлеңдері жайынан жазған еңбегінде Сәбит Мұқанов мынадай бір пікір айтады: «Ислам дінінің заңында, — дейді ол, — өлікке дауыс шығарып жылау, әсіресе әйелге жылау, «күнә» болған. Бірақ бұл «күнәны» қазақ халқы еш уақытта тыңдаған емес, одан тыйылған да емес<sup>2</sup>». Расында да, қазақ халқы нағыз діншіл, дін сөзіне жан-тәнімен берілген халық емес. Өткен кезде қазақтар құдайды басына қиыншылық іс түскен жағдайда ғана есіне алған, сол қиыншылықтан құтқар деп жалбарынған. Кейде олар бір қуанышқа ие болса, соны құдай берді деп түсінген, қуаныш үстінде құдайды есіне алып, шүкіршілік еткен. Ал басқа уақыттарда қазақтың құдайға сиынуы да, табынуы да шамалы болған. Және де егер қазақтың ісі оңға баспай жатса, ауыртпалық үстіне ауырлық, азап түсе берсе, онда құдайға жалбарынудың орнына, сол құдайды ащы, ашулы сөзімен тілдеп те тастайтын болған.

<sup>1</sup> Сәкен Сейфуллин, Қазақ әдебиеті, I кітабы, 107-бет, 1932.

<sup>2</sup> «Айтыс», 8-бет, 1941

Дін сөзіне онша сенсе қоймаған қазақ исламның заңдарын мүлтіксіз орындаған да емес. Егер ислам діннің заңы бойынша, өлген адамды жоқтап жылауға болмайды делінсе, бұл заңды қазақтар бұзған. Өлген адамын жоқтап жылаған да және сол адам жайында әдемі әңгіме-жырлар шығарып, есте қалдырған. Мұны ол айтыс өлеңдеріне де енгізген. Бұған «Боздақ пен Ақбаланың айтысы» дәлел. Онда бір-біріне ғашық болған бірақ арманына жете алмаған екі жастың сыры, көңіл-күйі, ауыр қайғысы беріледі. Бұл айтыс сүйген қызы Ақбаладан айрылған Боздақтың сөзімен басталады.

*Боздақ:*

Өуеде ызылдайды жасыл сона,  
Қалыпты жайлауыңда жалғыз мола.  
Жайлауың мен кеткенде Терек еді,  
Болмасын Ақбала қыз, маңғаз бала.

*Ақбала:*

Жайлауы еліміздің құм болады,  
Базарға қой айдаса пұл болады.  
Қайғырып тұсыма кеп өлең айтқан,  
Ей, жігіт, аты-жөнің кім болады?<sup>1</sup>—

деп басталған айтыс, екі жастың арасындағы махаббат сырын, арманы мен мұңын, көңіл-күйін білдіреді, жарасқан жастық кездерін еске түсіреді. Сөйтіп, бұл айтыс «өлік пен тірінің айтысы» деп атала тұрса да, сүйікті адамның еш уақытта да естен шықпайтынын аңғартады.

Өткендегі тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып салттарына байланысты туған «айтыс өлеңдерінің» бастылары жоғарыда аталғандар. Бұлар қазақтағы айтыс өлеңдерінің алғашқы үлгілері, кейінгі кезде туған үлкен айтыстардың, яғни ақындар айтысының бастамасы еді.

**АҚЫНДАР  
АЙТЫСЫ**

Айтыс өлеңдерінің ішінде ең көлемдісі, тақырыбы мен мазмұны жағынан күрделісі, көркемдік жағынан әдемілері — ақындар айтысы.

Қазақтың айтыс өлеңдерін зерттеген әдебиетші-ғалымдардың айтуына қарағанда, шын мәніндегі үлкен айтыс, яғни ақындар айтысы, мөлшермен алғанда он тоғызыншы ғасырда туған. Бұлай деудің бірнеше себебі бар секілді. Ең алдымен, ХІХ ғасырға дейінгі айтыс ақындары жайында

<sup>1</sup> «Айтыс», I том, 59-бет, 1965.



өмірбаяндық деректер де, олардың айтыс өлеңдері де сақталмаған. Тіпті XVIII ғасырда өмір сүрген кейбір ақындардың (Бұхар жырау, Көтеш, Жанкісі, Шал ақын т. б.) аттарын естігеніміз болмаса, айтыс өлеңдерін толық білмейміз. Олардың қай түрде, қандай көлемде айтысқандарын дәлелдеп айту қиын.

Ал он тоғызыншы ғасырда ақындар айтысына қатысқан адамдардың аты-жөні белгілі, кейбір айтыс өлеңдері де сақталған. Бұған Қазақтың Ғылым академиясында XIX ғасырда ақындар айтысына араласқан бір жүз слуден аса адам жайында өмірбаяндық материалдардың болуы және олардың айтыс өлеңдері жиналуы дәлел. Бұл материалдар өткен ғасырда ақындар айтысының мол дамығандығын, оған көптеген адамдар қатысқанын көрсетеді. Сонымен қатар, ол ақындардан қалған айтыс өлеңдер де мол дүние екендігін білдіреді.

Демек, айтыстың күрделі, көлемді түрі, яғни шын мәніндегі ақындар айтысы, XIX ғасырдың бас кезінде туып, бертін келе, молайып дамыған, халық әдебиетіндегі басты жанрдың біріне айналған. Бұған көптеген ақындар қатысып, өздерінің ақындық өнері, қызметімен зор үлес қосқан.

Қазан революциясына дейін жазу өнері болмаған қазақ сияқты елдерде ақындар айтысының алған орны, атқарған қызметі ерекше еді. Жазба әдебиет тумай тұрған кезде ақынға «ақын» атағын әперетін де осы «айтыс» болған және ол ақындар үшін үлкен сын деп септелген. Сол сыннан өтіп, көпшілікке ақындық өнерін танытқан адамды ғана халық «ақын» деп білген.

Әрине, ақындар айтысына екі ауыз сөздің басын ұйқастырып өлең шығарушылардың барлығы бірдей қатысқан емес. Ақындар айтысына ақындық беті ашылған, біраз даярлықтар жасап келген, ысылған адамдар ғана араласқан. Бұл жөнінде Сәбіт Мұқанов «Айтыс және ақын» дейтін еңбегінде (1941 ж.), Жамбыл шығармаларының толық жинағына жазған кіріспесінде (1946 ж.), Мұхтар Әуезов «Айтыс өлеңдері» және «Жамбылдың айтыстағы өнері» туралы жазған зерттеуінде (1948 ж.), Есмағамбет Ысмайылов «Ақындар» атты монографиясында (1956 ж.), ғылым үшін мәні бар бірнеше фактілер келтіреді. Олар шын мәніндегі үлкен айтысқа түсушілердің қайсысы болса да аса көп даярлық жасағанын айтады. Мәселен, жас кезінде ақын болуды мақсат еткен Жамбыл ауыл-үй арасында, кіші-гірім ойын сауықтарда жанынан өлең шығарып жүреді, бірақ онысымен үлкен «ақын» танылмайды. Сондықтан ол өзінің

ақындық өнерін сынату және ақыл-кеңес алу, ақындық өнерге үйрену мақсатымен сол кездегі атақты ақын Сүйінбайға келеді. Жамбылдың ақындық талантын таныған Сүйінбай жас ақынға көп ақыл береді, жақсы ақын болу үшін не істеу керектігін айтады. Көп уақыт Жамбыл аға ақынның қасында болып, одан сөз өнерін үйренеді, үлгі алады және Сүйінбайды тәрбиешім, ұстазым деп түсінеді. Кейіннен Жамбылдың ақындық қанаты қатқан шақта ғана, Сүйінбай оны айтысқа түсіп, ақын атағын алуына рұқсат етеді. Жамбылдың:

Менің пірім — Сүйінбай,  
Сөз сөйлемен сиынбай,  
Сырлы сұлу сөздері  
Маған тартқан сыйындай.

Сүйінбай деп сөйлесем.  
Сөз келеді бұрқырап  
Кара дауыл құйындай<sup>1</sup>.—

деуі тегін емес. Жоғарыда айтылғандар Жамбылдың «ақын» атағын алу жолында қандай даярлықтар жасағанын, ақындық алғашқы адымы неден басталғанын көрсетеді.

Мұндай ақындық даярлықтарды жалғыз Жамбыл емес, өткендегі ірі ақындардың барлығы да жасаған. ХІХ ғасырда қазақ еліне ақындық аты шыққан Жанак, Шөже, Кемпірбай, Тоғжан, Орынбай, Балта, Біржан, Әсет, Рысжан, Майкөт, Сабырбай, Сара, Кеншімбаи, Нұрпейіс тағы солар секілді жүздеген жүйріктер «айтыс» арқылы, ақындық үлес сыннан өту арқылы ақын атанған. Бұлардың бәрі де өздері үшін үлкен сын болып табылатын ақындар айтысына бірден түскен емес; олар көп даярлықтар жасай отырып, ақындық өнері кемеліне келген кезде ғана айтысқа араласқан.

Айтыс — ақындар үшін сөз таласы, сөз барымтасы, сөз майданы ғана емес. Ол — ақындық өнер салыстыратын, жауаптаса отырып, білім шарқын байқататын жер. Сондықтан да айтысқа түсетін әрбір ақын бұл жайды жақсы ұғынып, мол дайындықпен келетін болған. Бұл ретте айтысқа түсетін ақынды С. Мұқанов бәйгіге қосылатын тұлпарға теңейді. М. Әусзов «Жамбылдың айтыстағы өнері» туралы жазған еңбегінде шапшаң айтқыш, суырып салма ақынды: «Қынаптан қылыш суырғандай жалт сткіш өткір өнер иесі», — дейді. Және: «Шабыты келген ақпа ақын бабындағы қыранға меңзес, томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп қимыл сткен шөп басын, қыбыр сткен тышқан жүрісін, қылт сткен тұлкі түгін лезде шалып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондай көмесскіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт. Бұл қасиет оңай

<sup>1</sup> Жамбыл. Толық шығармалары, 1946.

орнамайды, ол шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де ұзақ сонар жол кешіп, сан айтыста сілкісе жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып келеді»,— дейді<sup>1</sup> «Айтысқа түсетін ақындардың мұндай ақындық дәрежеге жетуі үлкен даярлық, көп ізденудің нәтижесінде болмақ»,— дейді. Е. Ысмайылов «Ақындар» атты еңбегінде.

Айтысқа ақындардың көп даярлықпен келуінің екінші бір себебі бар. Айтыс халықтың жиналған жерінде өткізіледі және айтыс не туралы, қандай тақырыпта болатындығы ақындарға алдын ала белгісіз болады. Айтыстың тақырыбы сол айтыс үстінде туады. Сондықтан әрбір ақын өзімен айтысатын ақындарды қай ретпен жеңу, неден сүріндіру жайын қарастыра, соған даярлана, ойлана келеді.

Әдетте, айтыс екі ақынның амандасып керісуінен басталады да, содан әрі қарай үдей береді, көптеген мәселелерді көтеретін болады, бір тақырыптан екіншісіне ауысып отырады. Мәселен. Балта ақын Шөжемен айтысқанда сөзін:

Шөже ақын, сен де шешен, мен де шешен,  
Салғанда қара алдына мен бір көсем.  
Екеуіміз екі жақтың жүйрігіміз  
Күйлі, жайлы жүрмісің аман, есен?<sup>2</sup>

деп бастайды.

Бірақ айтысқа түскен ақындардың көпшілігі айтысты амандық-саулық сұраудан бастай беруді дәстүр етпейді. Көбінесе олар, жекпе-жек ұрысқа шыққан батырлардай бір-біріне айбар шеге, күш көрсете келеді. Әрқайсысы өздерінің мықтылығын айтып, бірін-бірі ығыстыра, үрейлендіріп қорқыта сөйлейді, сескендіріп үркітпек болады. Мәселен, Шәріпжамалмен айтысқа түскен Әжек ақын: «Мен саған біле білсең; келген тажал»,— деп қыр көрсетеді. Әсет ақын Рысжанға:

Айыр көмей, жез таңдай қаусырма жақ,  
Алты арысқа білінген әкең менмін<sup>3</sup>.—

дейді. Бірақ Әсеттің айбарынан қымсынбаған Рысжан өзінің де осал ақын еместігін айтып:

Ақынның тура келмей данасына,  
Соқтықтым жанып тұрған шаласына<sup>4</sup>.—

<sup>1</sup> М. Әуезов. «Жамбылдың айтыстағы өнері», Е. Ысмайыловтың «Ақындар» атты кітабынан алынды, 23—24-беттер, 1956.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Қазақтың әдебиет нұсқалары, 130-бет.

<sup>3</sup> Айтыс, 1 том, 343-бет, 1965.

<sup>4</sup> Сонда, 344-бет.

дейді де Әсетті кеміте сөйлейді. Кемпірбай ақын Шөжеге:

Жолықпай дүр ақынға жүр сқенсің,  
Берейін сыбағанды әлдеқайдан<sup>1</sup>.—

деп асқақтайды. Шөжеден өзінің ақындық өнері артықтығын айтып қорқытпақ, үрейлендірмек болады. Ал белгілі Жанақ ақын Түбек ақынмен қағысқанда, салған беттен:

Біздерді «шу» дегенде өлең басты,  
Өлең айтсақ, аруағың сенің қашты.  
Сенімен он сегіз күн тартысармың,  
Одан ары жан маған шыдамас-ты<sup>2</sup>.—

деп ойқастайды.

Кейде айтысқа түскен ақындар өздерінің мықтылығын ғана айтып қоймайды. Сонымен қатар, келген жерінің, сл-жұртының, шыққан ордасының да мықтылығын білдіріп қыр көрсетеді. Бұларды айтумен де айтысып отырған ақынды қорқытып, қобалжыту, ығыстырып алу жағын қарастырады.

Осы ретпен айтысқа кіріскен ақындар ұзақ арпалысады; дауласа, салғыласа отырып, әр алуан әңгімелерді ортаға салады. Бұл ретте олар әшейінде айтпайтын тұрпайы сөздерді айтуға дейін барады. Бірақ қызу айтыс үстінде ондай сөздерге кешірім етілетін болады. Сонымен қатар, айтысқа түскен ақындар кейде бір-бірін жеңу мақсатымен әрқайсысының бойындағы мін, кемшіліктерін де қазбалайды. Мәселен, Шөжемен айтысқан ақындардың барлығы оны жасытып жасқандырмақ болып, Шөженің соқырлығына тиіседі. Балта ақын Шөжеге:

Өз сөзің дәл өзіңе жөн бе, соқыр,  
Ел кемітіп жүруің жөн бе, соқыр?  
Қараөткел, Көкшетауды жеген, соқыр,  
Ел түзеуші, тергеуші сен бе, соқыр<sup>3</sup>.—

дейді. Бірақ бұдан Шөже қымсынып қысылмайды да. Сондай-ақ, айтыс үстінде Біржан Сараның барғалы отырған күйеуі Жисенқұлды қортық деп кемітеді, әшейінде айтпайтын сөзін айтады. Омарқұл Тәбияға айттырып қойған күйеуін: «Жидіген таз», — деп мысқылдайды. Мұның бәрі қарсы айтысып отырған ақындарды жеңу үшін қолданылған айла-амал, құрылған тұзақ секілді болса да, олар одан мүдіре қоймайды.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин, Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары, 34-бет.

<sup>2</sup> С. Сонда, 138-бет.

<sup>3</sup> Сонда, 131-бет.

Жалпы алғанда, айтысқа түскен ақындар мұндай нәрселерден немесе өлең шығара алмағандықтан жеңілмейді. Олар ски мәселеден жеңіліс табады. Біріншісі, ақынның білім көлемі тайыз келсе, әр нәрседен мәліметі, хабары болмаса, айтыс үстінде оқыстан қойылған сұрауларға табан аузында жауап қайыра алмай қалса, онда ақын жеңіледі. Ақын өзінің жеңілгендігін мойындап, сөзді доғаратын болады. Екіншісі, ақын әлеуметтік мәні бар мәселелерден жеңіледі. Айтысқа түскен кейбір ақындар өз елінің байлығын, байларын, биімен болысын, дін иелерін, сл басқарған адамдарын мақтап, дәріптей келеді. Бұған қарсы ақын дәлелді дау айтады, жаңағы мақталған адамдарды қатты сынға алады, олардың халыққа жасаған жауыздық істерін әшкерелейді. Алғашқы ақын бұл сынға қарсылық білдірс алмаса, жеңілген болып шығады. Ол қаншама дауласам дегеніммен шындықтан асып кете алмайды. Бұл ретте Жамбылдың Құлмамбетпен, Досмағамбетпен айтысын алайық.

Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысы 1881 жылдар шамасында болған. Құлмамбет сөзге жүйрік, алғыр ақын екен. Сондықтан да ол «құлан-аян Құлмамбет» аталыпты. Ол өзінің әдеті бойынша бұл жолы да Албан руындағы байлардың атынан сөйлеп, оларды мейлінше мақтайды. Мұндай байлар сенің елінде жоқ деп, Жамбылды мұқата сөйлейді. Бір-ақ Жамбыл өзін байлардың сойылын соғып, солардың сөзін сөйлеп жүрген ақын еместігін ескертеді де, халық ақыны, халықтың жыршысы скендігін айтады. Сонан кейін жаңа ғана Құлмамбет мақтаған байлардың жексұрындық сипатын жиренішті түрде суреттеп береді. Бұл байлар еңбекші халықты езу, қанау арқылы байығандығын айта келіп:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,  
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт,  
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,  
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт!<sup>1</sup>—

дейді. Және сол Қарынбайлардың шашбауын көтеріп, сөзін сөйлеп отырған Құлмамбеттің аузын ашырмай, жеңіп шығады. Ақынның міндеті байлардың жыршысы болу емес, халықтың жырын жырлаушы болу екенін, адамдықты, ерлікті, халық ісі үшін күрескен адамдарды жырлау скендігін көрсетіп береді. Жамбылдың орынды сөзіне жауап қайыра алмаған Құлмамбет жеңіліп қалады.

Жамбыл Досмағамбетпен айтысқанда да халықты қанаушы бай, молдалардың еңбекші елге істеп отырған оз-

<sup>1</sup> Жамбыл, Толық жинақ, 1946.



бырлық, обырлық істерін әшкере етеді. Сол қанаушы таптың сөзін сөйлесп отырған Досмағамбетті де сынға алады. Досмағамбеттің молдалық құрып, слді алдап жүргенін Жамбыл былай суреттейді:

Молда емессің, соқырсың  
Зікір айтып зарлаған,  
Жаназа оқып өлгенге,  
Педия алып жалмаған.  
Шариғат жолы мынау деп,  
Қараңғы надан халықты

Көзді жұмып алдаған.  
Кедей өлсе үйіне,  
Күңіреніп бармаған.  
Аттана шауып бай өлсе,  
Қирағаттап құранды,  
Күші-түні сарнаған<sup>1</sup>.—

дейді. Халық атынан айтылған бұл шындыққа Досмағамбет жауап қайыра алмай жеңіледі.

Айтысқа түскен ақындардың жеңу-жеңілуі, негізінде, жоғарыда аталған екі жағдайға байланысты дей отырып, кейде кейбір алғыр ақындардың болмашы нәрседен жеңіліп қалатындығы барлығын байқаймыз. Мәселен, бір ретте Жанақ ақын қатарынан он алты ақынды жеңіп шығады. Бірақ ол он жетінші болып айтысқан бала ақын Сарыбайдан жеңіліс табады. Сондай-ақ, жаңағы Сарыбай ақын ұзақ жылдар бойына ақын қыз Тойбаламен айтысып, тартысып жүреді. Шаң ілеспес алғыр ақын атанған бұл екеуі бір-бірін жеңісе алмай аңдысу, қапысын тауып мұрттай ұшыру жайын қарастырып жүреді, бірақ жеңісе алмайды. Ақырында Сарыбай Тойбалаға тұрпайы бір қалжың айтам деп қалпақтай түседі, жеңіледі.

Айтыста жеңілген ақын «жеңілдім» деп ашу шығармаған. Жеңілгендігі үшін ашулану ақынға лайықсыз, ол жамандықтың белгісі деп түсінген. Және де жеңілген ақындар кейіннен қандай жағдайда, кімнен жеңілгендігін өздері айтып та жүрген. Жанақ Сабырбайдан, Кемпірбай Шөжеден, Сүйінбай Күңбаладан қалай жеңілгендіктерін ұрпаққа мәлім стіп, жырлап берген. Мәселен, Кемпірбай Шөжеден қалай жеңілгендігін.

Келіп ем осы тойға өктемделіп,  
Жүруші ем қу соқырдан секдемделіп.  
Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,  
Жығылдым төрт аяғым көктеп келіп<sup>2</sup>.—

дейді. Мұндай мойындаулардың өз кезінде жас ақындар үшін мәні де болған. Олар ақындардың неден жеңілетіндігін, қай ретте сөзден ұтылатындығын еске алып, одан өздері үшін қорытынды жасап отырған. Бұл ретте көптесен айтыс

<sup>1</sup> Сонда.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары, 137-бет, 1931.

өлеңдері сол жеңілген ақындардың айтуымен сақталған секілді.

Жоғарыда айтыс өлеңдерінің тақырыбы өте көп және айтыс үстінде туатындығын ескерткенбіз. Шынында да, айтысқа түсетін ақындардың алдын ала белгілі бір тақырыпты даярлап әкелетіндері аз секілді. Өйткені, болашақ айтыста кімнің не туралы айтысары, қандай мәселенің төңірегінде сөз қозғайтындары күні бұрын мәлім болмайды. Айтыстың қызықтылығы да осында. Егер айтысатын ақындар алдағы тартыс тақырыптарын алдын ала білетін болса, онда айтыс казектесіп өлең айтумен бір болар еді. Бірақ айтыста мұндай жағдай болмайды. Айтыстың тақырыбы екі ақынның жауаптасып, қағысуынан туады, үлкен әңгімелер тосыннан, тұтқиылдан шығады да, әрі қарай бір әңгімеден екіншісі туып, дами береді. Айтысқа түскен ақындар ұсақ-түйек қалжыңдардан бастап күрделі сөзге келтіретін: дау тудырып айтысатын, қыздыра, үрлей түсетін жағдайларға дейін барысады. Бұл ретте олардың көбірек көңіл бөлетіні, үңіле қарап, ақтара жырлайтыны ру мен ру арасындағы қарым-қатынастар жайы болады.

Қазан революциясына дейін үстемдік еткен қазақтың байлары мен болыс, билері ел билеу ісінде халыққа жат саясатты қатты қолдап, соны жүзеге асырып келді. Олар қазақ қауымын руға бөліп жіктеу, ру намысын қорғаған болып, ел арасында ұрыс-жанжал шығару, бір руды екіншісіне айдап салу, араздастыру, шапқыншылық жолымен барымта алдыру, т. б. арқылы өз дәрежелерін көтерсе түсуді көздеді, пайда табуды мақсат етті. Халыққа жат бұл саясатты жүргізу, ру тартысында сөз сойылын соқтыру үшін, айтыс ақындарын да қол шоқпар етуге тырысты; кейбір ақындарға азын-аулақ ақы беріп, сөз барымташысы ретінде пайдалану әректін жасады. Ондай жалдамалы ақындарына олар өздерінің руларын, байларын, белді деген адамдарын мақтатып, қарсы жақты жамандатып отырды.

Бірақ айтыс ақындарының ішінен бірен-сараны болмаса, көпшілігі қазақ байларының сойылын соғып, солардың ру намысын қорғаушысы болған емес. Рас айтысқа түскен ақындардың ру мәселесін соқпай кететіні жоқ. Әңгіме ру мәселесін айтысқа қосуда емес, оны қалай және қай тұрғыдан қосуда ғой. Біздің байқауымызша, ру жайын сөз қылған ақындардың көпшілігі бұл мәселені халықтық тұрғыдан қозғайды; рудың белді адамдарын, болыс-билерін, байларын зор дәрежеге көтеріп мақтай бермейді; қайта олардың жауыздық іс-әрекеттерін, жағымсыз қылықтарын ашып айтады,

баса айтады, оны сл алдында әшкерә етеді. Бұған мысал стіп жоғарыда талданған Жамбыл айтыстарын қоспағанда Кеншімбай мен Ақсұлудың, Шөже мен Балтаның, Майкөт пен Құлмамбеттің, Сүйінбайдың т. б. айтысын алуға болады.

Кеншімбай Ақсұлумен айтысқанда өз сліндегі Мырқы, Нүрке, Жүсіпбек, Әлі секілді байларын, болыс-билерін жеркөкке сыйғызбай мақтап сөйлсіді. Бірақ оның мақтап отырған адамдарын Ақсұлу мына түрде әшкерә етеді:

Жаннасым, мақтай берме Мырқыңызды,  
Алдымен Мырқы бұзған шырқыңызды.  
Байлықпен бар адамын әлек қылып,  
Еңше жыл бүліндірген жұртыңызды.  
Нүрке, Жүсіпбек пен Әлім болыс,  
Біздерге үшеуі де мәлім болыс.  
Сүгір мен Батырбайды ұстап берген,  
Ары жоқ адамдықтан зәлім болыс...  
Жаппастың штаты бар және қызық  
Штатқа жиналады өңшең бұзық.  
Біреуі-беруіне пәле салып,  
Жатқаны күні-түні қағаз сызып.  
Патшаға мақтанбаққа ұстап берер,  
Айдатып азаматын қойдай тізіп...<sup>1</sup>

Сөзден ұтылмаудың қамын ойлаған Кеншімбай Ақсұлудың слінде де «қылығын құдай сүймеген» жауыз адамдардың бар екенін айтады. Ол:

Патшаға Қапан болыс ұстап берген,  
Кінәсіз Боранқұлдың бес баласын...  
Білемің Дербісәлі, Ескожанды  
Шендеріп ер құнына сатып алған...<sup>2</sup>—

дейді. Қапан, Дербісәлі, Ескожа сияқты болыстардың халықты қысып отырғанын, олар патшадан шен аламыз деп, слдің ер ұлдарын асып, атқанын, айдауға жібергенін әшкерә етеді. Сөйтіп, айтысқа түскен екі ақын, екі жақтың байлары мен әкімдерін халық алдында жамандап шығады.

Немесе Шөже мен Балтаның айтысын алайық. Бұл айтыс қаракесек Шанжар деген кісінің асында айтылады. Асқа көп жерден кісі келген екен, ішінде атақты ақын, әншілер де болыпты дейді. Асқа келген аға сұлтан Құнанбай Шөже мен Балта ақынды айтыстырады. Сол жерде Балта Шөжеге тұтқиылдан тиісіп, айтыс бастайды; Шөженің соқырлығына жармасады. Бірақ айылын жимаған азулы ақын Шөже Балтаға қарсы шабуыл жасай отырып, оның өзіне де және қолдап отырған Құнанбай мен Алшынбайға да біраз мін тағады. Құнанбайдың да соқырлығын, Алшынбайдың па-

<sup>1</sup> «Айтыс», 1 том, 331, 334-беттер, 1965.

<sup>2</sup> «Айтыс», 1 том, 331-334-беттер, 1965.

рақорлығын, Балтаның ұры екендігін айтып салады. Және де Шөженің соқырлығын айтып қоймаған Балтаға:

Жалғыз соқыр халқына тиышсыз болса,  
Құтылсайшы мына отырған Құнанбайдан,—

дейді. Шөже. Азуы алты қарыс Құнанбайды жұрт алдында мазаққа айналдырып, келеке етеді. Құнанбай мен Алшынбайды жеміт иелері, жебірлер деп, жыртқыш құстарға, құзғындарға теңейді жәнс:

Ұры, шіркін қорқа ма бір құдайдан,  
Кісі өтпес пара жеуге Алшынбайдан,—

дейді.

Шөженің бұл сөзіне шыдай алмаған Алшынбай азулы ақынға қамшы жұмсайды. Қамшымен жуасытып алмақ болады. Бірақ Шөже алған бетінен қайтпайды да, Алшынбайға қарап:

Япырмай, бұл немене тарсылдаған  
Қаншық смес, төбет қой арсылдаған.  
Тепкілей бер, сабай бер — өлтірмесің,  
Ашуыңды бас, бірақ сен қалшылдаған.  
Ақ серкесі Бошанның, Алшынбай таз,  
Жаз шілдеде ұшады ит ала қаз.  
Екі сөздің бірінде соқыр дейсің,  
Қасиетің бар болса, басыңды жаз!<sup>1</sup>—

дейді, ащы ашудан шыққан сынын бұрынғыдан бетер үдетіп жіберсді. Өздерін сл «ағасы», сл «жақсысы» деп білетін Құнанбай мен Алшынбайды Шөже ақын халық алдында масқара етіп шығады, сл еңсесін түсіріп отырған әкімдерге деген халықтың әрі турашыл, әрі ызалы сөзін естіртеді.

Айтыстарда халық ақындарының сл билеген бай, болыс, төре, сұлтан, әкімдердің еңбекші елге жасаған зорлық-зомбылығын, парақорлығын әшкере етіп сынаудың мысалы жоғарыда аталғандар ғана смес. Мұндай сын Сүйінбай ақынның Тезек төрмен айтысында да орын алғанын көреміз. Бүкіл Жетісу өлкесін билеген Тезек төре аса айбарлы, қатты, залым жәнс жұртты қорғалатып, ығыстырып ұстаған адам болыпты. Мұның үстіне оның қарамағында ұры-қарылары бар скен. Тезек төре сол ұрыларын аттандырып, әр жерден мал ұрлатып алдырып отырады екен. Бір күні төренің найманға аттандырған скі жігіті жылқы ала алмай таяқ жеп қайтып келіпті. Олардың әрі олжасыз, әрі соққыға жығылып қайтқанына ашуланған төре ұрыларына ұрсып-зекіріп жатқан үстіне Сүйінбай ақын кіріп келеді. Сүйінбайдың рұқсат сұрамай, үйге кіріп келгеніне

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 702-бет.

төре қатты ашуланады. Төре тұқымдарының заңы бойынша, сұраусыз кірген адамның ат-тоны айыпқа алынады екен. Тезек төре осы жазаны Сүйінбайға да қолдану туралы жігіттеріне бұйрық береді, олар ақынды шешіндіре бастайды. Сонда Сүйінбай:

Ассалаумағалайкүм, Тезек төре,  
Елден жылқы қоймаған, кезеп төре,—

деп сөзін бастайды да:

Төрені келіп едім көрейін деп,  
Сәлемін пайғамбардың берейін деп,  
Аттандырған ұрысы қолға түсіп,  
Хан ием отыр екен өлейін деп<sup>1</sup>.—

дейді. Тезек төренің елге істеген жауыздықтарын ақтара айтып, қыза түседі. Төреден әмірші әкім екен деп именбеген, қайта одан өзін жоғары санаған Сүйінбай халықтың ызалы ашу-кегін тасқындатып жібереді. Елге «кезеп» аты жайылған төрені қылқындыра жерлейді.

Бұл келтірілген мысалдардың барлығын нағыз халық ақындарының еңбекші ел намысын, соның жырын жырлағанын, мұны айтыстары арқылы да білдіргенін көрсетеді. Олар байлар мен болыс-билердің, сұлтан, төрелердің сойылын соққан кейбір жалдама ақындар секілді шындықты жасырмайды, турасын айтады. Еңсесі түсіп езілген халықтың атынан сөйлеп, қалың көпшіліктің көзқарасын білдіреді.

Ақындар айтысына жігіттермен қатар ақын қыздар да қатысқан. Тойбала, Күңбала, Тоғжан, Сара, Ақсұлу, Дәме, Ақбала, Манат, Шөкей, Ажар, Тәбия, Айқын, Хадиша, Рысжан, Шәріпжамал, Ұлбике сияқты ақын қыздар сан жүйріктермен салғыласа отырып, жұрт алдында ақындық өнерін танытқан. Олардың кейбіреулері өздерімен айтысқа түскен ақын жігіттерден ақындық өнерін асырып та жүрген, жігіттерді жүндей түтіп, сөзбен буған кездері де болған.

Жігіттермен қатарласа айтысқа түскен ақын қыздар өздерін еркін ұстайды, ссіле сөйлейді. Олар сөз майданына шыққан шақта жасқаншақтық жасамай, жарқылдай кселеді. Айтысқалы отырған жігіттерді үрейлендірс, қорқыта сөйлеп, ақындық өнерінің күштілігін айта, айбат шегеді. Біржанмен айтысқан Сара, Кеншімбаймен арпалысқан Ақсұлу, Әсетпен сөз қағыстырған Рысжан т. б. осы әдісті қолданады, жігіттерді баса жуасытып алмақ болады.

---

<sup>1</sup> Қазақәдбистініңтарихы, 704-бет.



Ақын қыздардың ақындық өнерін халықпен бірге ақын жігіттер де жоғары бағалаған. Шәріпжамалмен айтысатын Әжек ақын: «Даңқты сен сықылды болмасам да», — деп ақын қыздың өнері артықтығын мойындайды. Рысжанмен айтысқан Әсет ақын:

Сөзінің қайран қалдым кірін таппай,  
Кенедей лебізінің мінін таппай,  
Жүйрік ем жеке шапсам жан салмайтын,  
Адастым айтар сөздің бірін таппай<sup>1</sup>, —

деп Рысжанды сүйсіне ардақтайды. Ал Кеншімбай Ақсұлудың ақындық өнерін сырттай естіп құмартады, көп елге даңқы шыққан ақын қызбен көрісуді, айтысуды арман етеді.

Ақын жігіттердің қайсысы болса да, ақын қыздарды кемсініп мұқатпайды, оларды өз қатарлы өнер иесі деп бағалайды. Солай бола тұра, жігіт ақындар сөз майданында ақын қыздарды жеңу үшін әр алуан әдіс қолданады. Соның ішінде ең бастысы — қыздың барғалы отырған күйеуінің жамандығы, атақты ақын қызға тең еместігі. Қалың малы алынып, сүймеген біреуге атастырылып қойған қыз «мықты болсаң, жаман күйеуге барма» деген сөзден тосылады. Бұдан кейін ақын қыз айтысып отырған ақын жігітке дау айтпай, мұңын шағады, ел алдында көңіліндегі қайғы-шерін зар етеді. Қыз қайғысына ақын жігіт те ортақтаса отырып, аяушылық білдіреді. Атақты әнші, алғыр ақын қыздардың сүйген жігітіне бара-алмай, теңіне қосыла алмай арманда болып отырғанын ақын жігіттер де тебірене жыр етеді. Мұндай аяулы, ардақты қыздардың бақытына тұсау болған ескі әдет-ғұрып, қалың мал екендігін қатты сынға алады және бұларды зорлықпен қолдаушыларды жерлей тарпиды. Осы ретте қазақтың ақындар айтысында күрделі тақырып болып әйел теңдігі мәселесі көтеріледі. Бұл тақырыптың «Біржан мен Сараның», «Омарқұл мен Тәбияның» айтыстарынан басты орын алғандығын байқаймыз.

Ақындардың айтысын сөз еткенде жоғарыда айтылғандарға қоса тағы бір-екі мәселені қарастыра кетелік. Ақындар айтысы тек ақындар үшін ғана мәнді, маңызды болған емес. Ол қазақ халқының мәдениеті тарихынан елеулі орын алады, қазақ поэзиясының қалыптасып даму тарихын, көркемдік дәрежесі қай кезде қандай болғандығын білдіретін көрсеткіштің бірі болып табылатындығын «айтыс» жанрын зерттеушілердің барлығы да айтады. Қазақтағы ақындар айтысы, — дейді олар, — әуел кезде түре айтыс, сонан кейін

<sup>1</sup> «Айтыс», 228-бет, 1941.

сөре (сүре) айтыс түрінде туды. Екі ақынның кезектесіп бір шумақты өлеңмен жауаптасуын түре айтыс деген. Ал, екі ақынның көп әңгімені қамти, дамыта және бірнеше шумақпен ұзағынан сөйлеп кететін жауаптасуларын сүре айтыс деп атайды. Мұнда ақын айтайын деген ойын кеңінен толғап жырлайтын болған. Сүре айтыс ақындар айтысының өскелең дәрежеге жеткен кезінде туған<sup>1</sup> Әдебиеттік түр жағынан алғанда, түре айтыс — жалпы айтыс жанрының қалыптасу, өсу-өрлеу кезеңдерін, тарихын баяндайтын көрсеткіштің бірі.

Айтыс өлеңдерінің идеялық бағыты біркелкі болмауы сияқты, оның көркемдік дәрежесі де әр түрлі. Айтыс өлеңдерінің ішінде олпы-солпы құрала салғандары, көркемдігі төмендері де бар. Бұған қарап оларды «өлең смес» деуге де болмайды, олар да өлең, халық әдебиетінде ауызша шығарылған өлең үлгілері. Мұнымен қатар, айтыс өлеңдерінің ішінде нағыз ақындық шабыттан туған асылдары, әсерлі-әдемілері, жазба поэзияға бара-бар келетіндері бар. Кемпірбайдың Әсетке айтқаны, Біржан мен Сараның айтысында жиі кездесетін айшықты, маржандай тізілген әдемі шумақтар мұның мысалы бола алады. Оларды шын мәніндегі көркем, нағыз шебердің ақындық қиялынан шыққан асыл қазына деп қараймыз.

## **БІРЖАН МЕН САРАНЫҢ АЙТЫСЫ**

Қазақтағы айтыс өлеңдерінің ішіндегі айрықша орын алатыны, көркемдік дәрежесі жоғарысы Біржан мен Сараның айтысы. Және ол қазақ еліне ертеден таныс, көп тараған айтыстың бірінен саналады. Бұл айтыстың идеясында аздаған қайшылық-кемшіліктер бола тұрса да, революцияға дейінгі қазақ поэзиясының ең сұлу, асылдарының бірі.

Қазан революциясына дейін қазақ ақындарының айтыс өлеңдері негізінде ауызша сақталып келді. Бірен-сарандаған айтыстар болмаса, көпшілігі баспа жүзін көрген смес-ті. Сол кезде өз алдына кітап етіп басылып шыққаны Біржан мен Сараның айтысы (1900 және 1912 жылдар басылған). Ал кеңестік дәуірде бұл айтыс бірнеше рет басылып шықты да, халыққа көптеп тарады.

Біржан мен Сараның айтысына талдау берместен бұрын, қысқаша түрде осы екі ақынның кім екендігін баяндай кетелік.

---

<sup>1</sup> *М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, К. Жұмалиев, Т. Нұртазин, т. б. жоғарыда аталған еңбектерін қараңыз.*

Біржан Қожағұлұлы Көкшетау облысына қарасты Еңбекшілдер ауданындағы Жөкей көлінің жағасында — қазіргі Степняк жерінде 1834 жылы<sup>1</sup> туған. (Жөкейге құятын көп бұлақтың бірі «Қожағұл бұлағы» деп аталады.) Ол Біржанның аталарының қонысы болған.

Біржанның әкесі Тұрлыбай (Қожағұл Біржанның атасы) кедей шаруа екен. Біржанның «Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға» деуі ақындық шалқу үстінде айтылған сөз, анығында Қожағұл да, Тұрлыбай да әлді-ауқатты кісілер болмапты. Тұрлыбайдың Ержан, Нұржан, Біржан атты үш баласы бар екен.

Алдыңғы ағалары болғандықтан, Біржан шаруашылықпен айналыспайды, шаруа жайын Ержан мен Нұржан басқарады. Біржан жас кезінен-ақ өлең мен әнге үйір болады. Қайда ойын-сауық болса, ол соған қатысады; асқан әнші, өлеңші, домбырашы атанады. Ол қай жерде де халықтың, әсіресе жастардың, құрметтейтін, сағынып күтетін адамы болады. Ол әнді де, өлеңді де өзі шығарып жүреді. Өлеңінен гөрі әншілігі, ән шығарғыштығы басым келеді. Ән мен өлеңді сүйгіш, соған құмар жастар осыдан былай Біржанды аға тұтады, атақты әнші, әрі композитор, әрі ақын Біржанның жас өнерпаздар көп үлгі, өнеге алып отырады. Сол кездерде елге атағы шыққан Ақансері, Жарылғапберді, Құлтума, Иман Жүсіп, Мәди, Балуан Шолақ, Мұса сияқты әнші, ақындар Біржан айналасына жинала бастайды.

Біржанның әншілік, ақындық даңқы қазақ еліне жайыла, тарай береді. Ол енді ақын Біржан, әнші Біржан, сал Біржан, қысқасы, барлық өнер бойына жиналған өнерпаз атанады. Ол ел аралап, жер таниды, жүрген жерінің бәрінде оның өнеріне сүйсінген халықтың алғысын алып отырады. Бір кезде ол Абайдың аулында болып, ұлы ақынмен дидарласады. Көркем өнерді артықша түсінетін Абай Біржанның өнерін аса жоғары бағалайды, екеуі айнымас дос болып кетеді. Және Абай Біржанға достық көңілмен көптесген ақыл-кеңес береді. Біржан творчествосының жаңа бағытта дамуын, халық тілегін орындай беру үшін не істеуі керектігін айтады. Осыған орай ол өз творчествасына асқан ұқыптылық, жауаптылықпен қарап, бір әнінен екіншісін асыра шығаруға, халықтың эстетикалық тілегін орындай беруге ұмтылады.

Ел ардақтаған, халық қадірлеген Біржанды қазақтың байлары, қожа-молдалары, болыс әкімдері көрс алмай, күндейтін болады. Бір-ақ оларды Біржан адам екен деп

<sup>1</sup> Біржан сал Қожағұлұлы. Өлеңдер (Кіріспе сөзін Е. Ысмайылов жазған), Алматы, 1967.

те есептемейді, халық арасында жүріп, барлық өнерін халыққа арнайды. Бұған ызаланған болыстар мен әкімдер Біржанның сарай ақыны, сарай әншісі болмай, халық жағына шығып кетуін қорлық деп есептеп жүреді. Сондықтан да олар өздерінің күштілігін білдіріп, Біржанды жуасытып алу жағын қарастырады. Бұл ойдың іске асатын сәті түсе кетеді. Бір жылы бір үлкен ас беріліп оған көп ел жиналады. Қасына ығай мен сығайларын, әкімдерін ертіп, асқа Жанбота, Азынабай сияқты болыстар да келеді. Жиналған ел ішіне Біржан да барады, ол асқақтаған әдемі әндерімен халықты сүйсіндіріп отырады. Осы кезде Азынабайдың почтовойы болыстардың намысын қорғамақ болып, Біржанды қамшымен сабап, домбырасын тартып алады, ардагер әншінің үнін өшірмек болады. Елден асқан бұл қылыққа шыдамаған Біржан табан аузында өзінің ызалы әнін шығарады.

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,  
Көкшетау боқтығына көмген жерің?  
Кісісін бір болыстың біреу сабап,  
Бар ма еді статьяда көрген жерің,—

дейді. Біржанның бұл әні, кейіннен «Жанбота» атанып, елге тарап кетеді.

Осы сияқты, Біржанның «Ләйлім» дейтін әнінің де шығу тарихы бар. Ол былай, Жанбай, Көлбай дейтін ағайынды байлар болыпты, жас жағынан олар Біржанмен құрдас екен. Байлық дәрежесіне сүйенген Жанбай мен Көлбай Біржанды мәнсінебей, өздерінен кем тұтып жүреді. Және олар Біржанды өсектеп, сөздер таратады. Мұның бәрінен хабары бар Біржан бір күні жаңағы екі байдың аулына келеді. Біржанның келе жатқанын көріп, ұнатпаған Жанбай мен Көлбай үйлерінен кетіп қалады. Біржан басқа біреудің үйіне барып түседі. Ол менменсіген екі байды есінен кетпестей етіп масқаралаудың жайын қарастырады, қалай тиісерін білмей аласұрады. Ертеңіне атқосшы аттарына кетеді, Біржан есік алдына шығып қарап тұрса, Жанбай мен Көлбайдың қарындасы Ләйлім су әкеле жатады, о да Біржанмен салқын ғана амандасады. Осы кезде Біржанның атқосшысы келіп, атының шідері жоғалғанын білдіреді. Жанбай мен Көлбайға қалай тиісу амалын таба алмай тұрған Біржанды бұл хабар қатты қуантады. Сол жерде Біржан Ләйлімге тесіле қарап тиісс кетеді, шідерімді ұрладың деп жабыса түседі. Шырқалған әнге ел жиналып қалады. Көлбай мен Жанбай да келеді. Сонда Біржан ол екеуіне қарап:

Ар жақта отыратын Көлбай, Жанбай,  
Шідерімді кім алды Ләйлім алмай?

Балағы шідерімнің алтын еді,  
Асығыстан барамын сұрай алмай...

дейді. Ләйлімге де тиіседі, шідер әңгімесі сұлу қызға тілдесудің тиегі болады. Көлбай мен Жанбай Біржанның аяғына жығылып, кешірім сұрайды. Бұл ән «Ләйлім» атанып елге тарайды.

Біржанның шығарған әндері бұлар ғана емес. Ол — әнді көп шығарған композитор. Оның «Көкшетау», «Жамбас сипар», «Айтбай», «Адасқақ», «Тентек» тағы бірнеше әндері бар. Ол әндеріне текстік өлеңді де өзі шығарған.

Барлық композиторлық, ақындық талантын халыққа арнаған Біржан өмірінің соңғы кезінде қалың қасірет-қайғыға душар болады: «Жынданды, есінен ауысты», — деген өсек-әңгімелер көбейеді. Соның салдарынан ағайын-туыстары Біржанды үйден шығармай қол-аяғын байлап тастайды. Осындай ауыр күйге түскен Біржан құрбы-құрдас, жолдас-тарына арнап:

Ал, дүние өтерінді біліп едім,  
Білдірмей серілікпен жүріп едім.  
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін  
Үш жүзді сайран қылған Біржан едім,—

деп зарланады, көңіліндегі қайғы-мұңын шағым етеді. Теміртас, Асыл, Ақық атты өзінен туған балаларына:

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,  
Қинауға салады екен адамзатты.  
Үкідей желпіндірген қарақтарым,  
Шешсеңші, білегіме арқан батты...,

деп, мұңын айтып көмек сұрайды. Осыдан ауыр қасіретке ұшыраған, үш жыл бойына қол-аяғы байланған, қазақ халқының ұлы әнші-ақыны Біржан, алпыс үш жасында 1897 жылы азаппен қайтыс болады. Оның денесі өзінің туған жеріне атасы Қожағұлдың қасына қойылады.

Ал Біржанмен айтысқа түскен Сара жайында баспа жүзіне шыққан өмірбаяндық материалдар онша көп емес, тек әңгімелері бар. Олардың айтуына қарағанда, Сара әрі әнші, әрі алғыр ақын, сан айтыстарға қатысып жұлде алған жүйрік атанған. Сараны 1911 жылдар шамасында қайтыс болған деседі.

Біржан мен Сараның атақты ақын екендіктерін олардың айтысы көрсетеді. Бірақ бұл айтыс жайында әлі ғылымда дәлелденбеген, тек ел аузында жүрген бір әңгіме де бар. Оған құлақ түрсек — Біржан мен Сара айтыспапты, оны Әріп Тәңірбергенов деген ақын шығарыпты-мыс, Әріптің



белгілі ақын екені рас, оның Біржан мен Сара айтысын естуі, білуі де мүмкін. Әйткенмен Әріптің осы айтысқа қатысы қандай, ол жинаушы немесе баспаға даярлап беруші ретінде қатысты ма, ол арасын айту қиын. Сондықтан біз мұны Біржан мен Сараның шығарған айтысы деп қараймыз. Сондай-ақ бұл айтыс алғашқы қалпын сақтаған ба, кейінгілердің қосқан, өңдеген жері жоқ па, дегенді айта алмаймыз. Өйткені, өткен заманда ақындар айтысы табан аузында жазылып алынбаған. Айтыстардың қай-қайсысы да ақындардың кейіннен өз айтуымен тараған, кейде айтыс кезінде болып естігендер, оны ұғып алушылар таратқан. Ал «Біржан мен Сара айтысы» айтыстың болып өткен кезінен көп кейін 1897 жылы Сараның өз аузынан жазылып алынған.

«Біржан мен Сара айтысын» зерттеушілердің қай-қайсысы да, бұл айтыстың шынында да болғандығын дәлелдейді. Ол былай: Найман — Матайда (қазіргі Талдықорған маңында) Сара дейтін әрі әнші, әрі атақты ақын қыздың бар екенін, оның сан жүйріктерді сөзбен буғандығын Біржан естиді. Ал Біржан жайын, оның қандай әнші екендігін Сара да естиді. Бұлар бір-бірін көріп біліссес де, сырттай таныс дидарласып көрісуді арман етіп жүреді... Бір жылы қасына бірнеше жолдастарын ертіп, Сараның сліне Біржан келеді, ондағы ойы: атақты ақын қызбен танысу, өнер салыстырып айтысу, ақындық-әншілік күш байқасу. Біржан келсе, Сара үйінде жоқ екен. Біржанның алдынан Сараның шешесі мен сіңілісі шығады, олармен бір-скі ауыз сөз қағыстырады. Олар Сараның қажы ауылына кеткенін айтады. Сараны іздеп сол ауылға Біржан да тартады.

Бұл кезде Сара жиналған көпшіліктің алдында, қажы атасына:

...Сіз мені айып етпе зарлағанға,  
Тұңғиық сырым терің барлағанға.  
Мінеки он жетіге биыл келдім,  
Сан жүйрік ілескен жоқ самғағанда...  
Қажекке, сізге айтарлық арызым сол,  
Қапамын бастап билік алмағанға...,—

деп, мұңын шағып отыр екен. Осы тұста Біржан келіп: «Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері»,— деп хабар салады. жұрт жиналып қалады, скі ақынның айтысы басталып кетеді. Біржанның:

Адымым күні бүгін қалыбында,  
Екі жыл отыз беске келгеніме,—

деуіне қарағанда, Біржан Сарамен отыз жеті жасында айтысқан. Е. Ысмайыловтың айтуынша, бұл айтыс 80-жылдары болған.

Біржан мен Сара әңгімені амандасып көрісуден бастап, ұзақ айтысады, екеуі де елге атағы шыққан алғыр, азулы ақын екендігін таныта, бір-бірін қорқыта, үрейлендіре сөйлейді:

Біржан:

...Қырандай аспандаймын желді күнгі,  
Даусымның көтерілер шықса тері.  
Болжаған жер шарасын майталманмын,  
Жасымнан маған мәлім қыз не дері.  
Алтын менен күмістің нақысындай,  
Міні жоқ бізден шығар сөз бедері...  
Ақ иық мұзбалақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес,—

деп, өзін көкке самғаған көк дауылпаз қыранға немесе алғыр ағынды ақ иыққа теңейді. Енді бір сәтте «аққумен аспандағы» ән қосады, тағы да шырықтап жоғары көтеріледі, «қанды көз, май жеп алғыш ақ иықтай» суылдайды. Ол өз өнерін, ақындық-әншілік күштілігін осылай суреттей отырып, Сараның адымын аттатпай, аузын ашырмай апшысын қуырмақ болады, ақын қызды сескендіре сөйлейді. Бірақ Сара Біржанның айбарынан үрейленбейді, одан өзінің, ақындық-әншілік өнерін артық болмаса кем деп білмейді. Сарамен айтысқалы отырған жалғыз Біржан емес. Ол бұдан бұрын да талай ақындармен: «Бәйгімді шаппай бер»,— деп ірілік көрсете келген сан жүйріктермен кездескен болатын. Солардың бәрін есінен қалмастай етіп жеңген де еді. Мұны еске алған Сара:

Арыстан, сал Ниязбек іздеп келіп,  
Шошынған жүгірістен танбағанға...  
Жанақ та қобызбенен түк қылған жоқ,  
Оңай ма сендей сорлы бишараға.  
Орынбай іздеп келіп, кеткен қаңғып,  
Жеңген жоқ Кеншімбайың о да аңдып,—

дейді. Айтыста осынша ақынды жеңген Сара Біржанға да күштілік білдіреді. «Келгенің жақсы болды, әйтпесе өзім іздеп барғалы отыр едім»,— дегенді ескерте келіп:

...Найманда екі жүзді нар кескенмін,  
Желкеңді қимақ үшін қойған саптап.  
Тозаңың анда-санда бүрқ-бүрқ етер,  
Сабасам бейпіл тілді екі жақтап...

Жалынмын жанып тұрған нөсерге өшпес,  
Болатпен екі жүзді алмас кеспес,—

дейді Сара.

Айтыс майданында бір-бірін осылай шошытпақ болып сөз бастаған екі ақын, айтыс дәстүрі бойынша, енді бір сәтте әрқайсысы өз еліндегі бай мен болыстарды, әкімдерді мадақтайды. Оларды халық қамын ойлаған адамдар етіп көрсетуге тырысады. Бұл, әрине, тарихи шындықты бұрма-лаушылық, қанаушы тап адамдарын рақымшыл, халыққа жаны ашитындар етіп көрсетуге тырысушылық. Айтыста аталған: Мұса, Шорман, Құнанбай, Кенжеқұл, Байтоқы тағы басқалары үстем тап өкілдері болатын. Бұларды мақтап, дәріптеу «Біржан мен Сара айтысының» басты қайшылығы — кемшілігі еді. Осы аталған адамдардың қасына Абайды апарып қосулары айтыстың тағы бір кемшілігі деп ұғыну керек. Рас, алдыңғыларына қарағанда, Біржан Абайды бөліп алады. Ол Абайды:

...Ыбырай жас жолбарыс жүректенген,  
Дұспанға арыстандай білектенген...  
Ей, Сара, кісің бар ма оған жетер,  
Өнерін көрген жанның есі жетер...  
Орта жүз Абай қойды атын батпай,  
Үйіне ояз кірмес жауап қатпай...  
Зейіні түпсіз дария көзің жетпес...  
Дос көрген олар заһит ғалымдарды,  
Момынға зәбір, жапа қыласың деп,  
Жіберген жер аударып залымдарды,—

деп ардақтайды. Абайдың халық ұлы, елдің ер-азаматы екендігін суреттейді. Ұлы ақынның адамгершілігін, ақылын, білімін, халық қамын ойлап қызмет етушілігін мақтан етеді.

Айтысқа түскен екі ақын бірін-бірі жеңу, мүдіртіп, мерт ету мақсатымен көп алысады, орай шауып оза тартады. Әр жерде түйреп, шабуыл жасайды. Бірақ тал бойларынан мін, сөздерінен сынық табылмайды, бір-біріне ақындық-әншілік өнері барабар келеді. Сараның сұлулығына, ақындық-әншілік өнеріне көңілі толып, оны жоғары бағалаған Біржан:

Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,  
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің...  
Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,  
Сөйлейсің алтындай ғып сөздің жезін.  
Қанатын күн шалмаған ақ тұйғынның  
Жапалақ иемденер басқан ізін...  
Кемітер дұшпан шіркін қай жеріңді,  
Адамзат озар емес бір басыңнан,—

деп сүйсіне мақтайды.

Біржан Сараны ардақтай, мақтай отырып, осындай өрелі өнері бар ақын қызды ағайын-жұртының қалай бағалайтынын, өзі секілді теңіне берген-бермегенін білу мақсатымен үлкен бір әңгімені бастап кетеді. Елден ерен шыққан ардақты Сараны ағайын-жұрты қандай адамға күйеуге бергелі отырғанын айқындамақ болады. Біржанның мұнысы Сараны мұқатып жеңу үшін емес, оның ағайын-туысын сынау ойынан туған. Осы мақсатпен ол Сараға:

Шақыртып, осында алдырт күйеуінді,  
Көрейін таңдап қосқан сыңарыңды,—

дейді. Сан жүйрікті сөзбен буған Сараның қауіптенетін жері де осы еді. «Күйеуінді алдырт»,— деген Біржан сөзі Сараға атылған оқтаң кем тимей, жауап сөзден тосылып қалады. Сараның ағайын туыстары қалың малды матап алып, Сараны Жиенқұл дейтін бір жаманға атастырып қояды. Бұған Сара аса наразы, өз басында теңдік жоқтығын сүймеген қортыққа байлаулы болғанына ызаланып жүретін. Құрбы-құрдастарымен әзілдескенде де, ақындармен айтысқанда да, Сара сол Жиенқұлдан қорлана беретін. «Күйеуінді алдырт, ағайын-туыстарыңның таңдап атастырған адамын көрсет»,— дегенде Сара қайғыға ұшырайды да, өзін малға сатқан, теңіне қоспаған туыстарына қарап, ызамен:

Қажеке, күні құрсын ұрғашының,  
Билігі болмаған соң бір басының.  
Берген соң тері-терсек ит те алады,  
Пұлындай берекесіз арбашының...  
Адамға жол бермеген есіл тілім,  
Күн өтпей желпіп ұшқан қызыл гүлім,  
Сіздерден ұялғаннан жүруші едім,  
Есекке қосақтаулы өтті күнім.  
Өзі білер деуші едім жақсылардың,  
Ақыры қайғы болды енді мұным...  
Сіздерге сенетұғын сорлы басым,  
Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім...  
Жиылған Қаптағайдың жақсылары,  
Олжама айырып бер өз басымды,—

деп, қатты қамығады, басына теңдік беруін сұрайды. Бұл жалғыз Сараның ғана мұңы-шері, қайғы-зары, тілегі емес еді. Ол сол кездегі қалың малға сатылған қазақ қыздарының қасіреті еді.

Сараның аянышты халіне Біржан да көңіл аударып, аяушылық білдіреді. Сараның қайғы-зары оған да қатты батады; елге даңқы шыққан, ақыл-ойы озат, ақындық-әншілік өнері асқан Сараның теңіне бара алмай, бір жаманға

қосақталып отырғанына Біржан да ауыр күйінеді. Сондықтан да ол Сараның қайғысына ортақтаса отырып:

Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,  
Күйеуің жаман екен, ей, бишара,—

деп аяушылық білдіреді. Сараның ауыр күйзеліске түсіп отырғанын білген сезімтал Біржан жығылған үстіне жұдырық болмасын деген оймен: «Жиенқұлды алдырма, Сараның тырнағынан садаға кетсін»,— дейді. Және ол Есімбек пен Тұрысбекке: «Сараны жылатпай, теңіне қосындар»,— ардақты ақынның обалына қалмаңдар деп ақыл айтады.

Сөйтіп, «Біржан мен Сара айтысы» атақты екі ақынның өнер жарысы, сөз шарпысуы ғана болмай, бүкіл қазақ ауыз әдебиетінде әлеуметтік мәні бар тың тақырыпты, яғни әйел теңдігі мәселесін көтерген айтыс болды. Бұл айтыста қазақ қыздарының аянышты ауыр халі, сүйгеніне бара алмай жас өмірін қайғы-зармен, жылаумен өткізгені, ескі әдет-ғұрыптың құрбаны болғаны суреттеледі. Олардың мұндай ауыр халге түсуіне феодалдар, байлар, қажылар кінәлы, оған: Есімбек, Тұрысбек сияқты жуандар айыпты екендігін көрсетеді.

Айтыста Сара сөзден ұтылып, ақындық өнерден жеңілген жоқ. Біржан да оны жеңіп жықтым демейді. Бұл айтыста жеңілгендер — Сараның ағайын-туыстары. Сара сияқты саңлақты малға сатқан, теңіне бермей бір жаманға қор қылған Есімбек, Тұрысбектер жеңілді. Айтыста соларға деген халық қарғысы айтылады. Қазақ қыздарының бас бостандығына тұсау болған, сор болып жабысқан қалың мал екендігі жиіркенішті түрде әшкере стіледі. Айтыстың әлеуметтік мәні де осында. Сондықтан да біз «Біржан мен Сара айтысын», аздаған қайшылығы бола тұрсада, халықтық сипаты мол көркем айтыстың бірі деп қараймыз.

#### **АЙТЫСТЫҢ КӨРКЕМДІГІ**

Ақындар айтысының ішінде ең көркемі, ақындық тілге байы, сұлуы да «Біржан мен Сараның айтысы». Бұл жағынан алғанда, ол шын мәніндегі көркем шығарманың бірінен саналады. Айтысқа қатысқан екі ақынның қайсысы болса да халықтың тіл байлығын молынан пайдалана отырып, неше түрлі әдемі теңеу, сөз образдарын жасайды, айтайын деген ойын әрі ашық, әрі терең мағыналы етіп жеткізеді.

Бұл айтыстан үздік теңеу, әдемі сөз айшықтары, эпитет, метафоралар жиі ұшырасып отырады:



Ақ иық мұзбалақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес,—

немесе:

Қырандай желді күнгі аспандаймын,—

дейтіндер әдемі эпитет, метафора болып табылады. Мұнда ақын өзін «желді күнгі қыранға», «кең қолтық арғымаққа» балай отырып, үздік эпитет, әдемі метафора жасайды. Бұл ретте оның өзіне тән бір ерекшелігі күрделі метафора, яғни метафораның ұлғайған түрін жасауында<sup>1</sup> Мәселен:

Жорғамын шаршы топта самғайтұрғын,  
Бәйгі аттай серпінімді шалмайтұғын,  
Әнімді он екі звод жіберейін,  
Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын.  
Ежелден құлаш мойын көк айылмын,  
Ылауға алты күнге талмайтұғын.  
Болатпын ски жүзді, жетем құрыш  
Шапса да қара тасқа таймайтұғын...  
Ой желке, қамыс құлақ, қара көкпін,  
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын,—

деп, Біржан әрі күрделі, әрі ұлғайған метафора тудырады. Мұндай үздік метафоралар, сөз образдары, теңеулер Сараның сөздерінен де орын алады. Сара өзін сипаттағанда:

Тамағым жас баланың білегіндей,  
Иығым тік сандалдың тірегіндей.  
Бет алдым кеудесіндей қоңыр қаздың,  
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей,—

дейді.

Біржан мен Сараның ақындық тіліндегі ерекшелік бұл ғана емес. Олар ақындық тілдің бір түрі болып табылатын ирония мен сарказмды да орынды және әдемі қолданады<sup>2</sup> Мәселен, осы ирония, сарказм арқылы Жиенқұл бейнесі шебер суреттеледі. Мысалы, Біржан: «Жиенқұлды шақырт»,— дегенде, Сараның айтқан сөзі ирония мен сарказмге құрылады. Онда Сара:

Көріңсін Біржан салға ай секілді,  
Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді.  
Ұсынса қол жетпейтін, арғымағым,  
Біржанға баламаймын тай секілді...  
Асылым, құдай берген өз бағыма,  
Теңелмес жеті Біржан тырнағына.  
Найманда ұлы дария саяткерім,  
Балық боп ілінгемін қармағына,—

<sup>1</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті, 1949 ж., 125-бет.

<sup>2</sup> Қ. Жұмалиев, жоғарыда аталған кітабын және Абайдың ақындық тілі туралы монографиясын қараңыз.

дейді. Бұл үзіндіде, сырт қарағанда, Сара Жиенқұлды мақтап отырған сияқты. Бірақ ол мақтау емес. Жиенқұлды кекетіп, шенеу, ирония арқылы оның кескін-пішінін әжуа етеді. Иронияның өзі бір нәрсенің жаман екендігін мақтау арқылы білдіретін құрал болады. Ал сарказм олай емес. Мұнда ой ашық, турасынан айтылады. Сара Жиенқұлды жаны сүймейтіндігін, жек көретіндігін жасырмайды, ашып айтады:

Қүнжиып мінер құла жорға барса,  
Келе алмас, ол шірігің қорғаласа,  
Рас, бізді масқара қылар сонда  
Қорс етіп, «бармаймын» деп үйде қалса,  
Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,  
Ербиер есіз тауға шыққандай-ақ,  
Жиенқұл күжірейіп келер ме екен.  
Он мата арқасына тыққандай-ақ,—

деп, Жиенқұлдың кім екендігін сарказм арқылы ашып айтты.

Қорыта келгенде, «Біржан мен Сара айтысы» айтыс өлеңдері ішінде елеулі орын алатын күрделі, көркем айтыстың бірі болып табылады.

Қазақтың айтыс өлеңдерінде әйел теңдігі және қалың мал мәселесін бірінші рет «Біржан мен Сараның айтысы» көтерсе, кейіннен басқа ақындардың да көңіл аударған, сөз еткен тақырыбына айналады. Бұған бір мысал етіп Омарқұл мен Тәбияның айтысын айтуға болады.

Сәбит Мұқанов ақындар айтысы туралы жазған мақаласында: «Омарқұл Итақұлы бұрынғы Қастек (қазіргі Жамбыл ауданы, Алматы облысы) ауданында туған, руы Шапрашты ішінде Жолсейіт, ал Тәбия Қазыбекқызы қазіргі Қаскелең ауданына (Алматы облысы) қарасты Шамалған деген жерде туып өскен»,— дейді<sup>1</sup> Омарқұл мен Тәбия ел арасында ақын жігіт, ақын қыз атанады. Жас шағында олар бірін-бірі сүйеді. Бірақ, Омарқұлдың қалың малға төлейтін малы жоқ, сондықтан қызға берген уәдесін орындай алмайды. Ақырында Тәбияны ағайын-туыстары малы көп, ағайынды тоғыз таз жігіттің біріне бермек болады. Тәбиядан күдер үзген Омарқұл бір пұшық қызға үйленіп қала береді.

Бұлардың айтысы Тәбияның күйеуге аттанар тойында болады. Тойға келген Омарқұл Тәбияға құтты болсын айта отырып, ексуінің арасында жастық шақтағы біраз жайды еске түсіреді; бір-біріне беріскен уәделеріне жете алмай, арманда қалғанын сөз етеді. Бұл армандарының орындал-

<sup>1</sup> «Әдебиет майданы» журналы, №1, 136-бет; 1939.

мауы, сүйіскен екі жастың қосылыса алмауы — қалың малға байланысты, әрі талай жасқа обал жасаған да қалың мал деп, соны кінәлайды. Әзіл-оспақ әңгімеден басталған бұл айтыста екі жас көңіл сырын шертеді. Тәбия барғалы отырған күйеуіне көңілі толмайтындығын, амалсыздың күнінен бара жатқанын білдіреді.

Жаман ба деп ойлаймын сол шіркінді,  
Әйтеуір көңілім осыған бір толмайды<sup>1</sup>,—

деп мұнайған Тәбияға Омарқұл есіркеу айтады. «Бір жаманға тимеймін деп бір апаң арқанға асылып өлген еді, сен оның жолын құшпа»,— дейді. Оның мәнісін анықтағысы келіп, Тәбия Омарқұлды ашық сөйлеуге шақырады. Сонда Омарқұл Тәбияның бара жатқан күйеуі басынан іріңі аққан жидіме таз екендігін және ол тоғыз ағайынды таз екенін айтады. Бұл сөзден шошынған Тәбия:

Күрт жайлап, ол шіркінді құдай алса,  
Ашылар ма екен деймін екі көзім<sup>2</sup>,—

деп, күйеуіне өлім тілейді. Бұған Омарқұл:

Тым асып сөз сөйлеме, замандасым,  
Алпысқа өлмей жасың аман барсын;  
Іні өлсе аға мұра, өле берсін  
Таз бастың тоғызың да тамамдарсың<sup>3</sup>.—

деп, Тәбияны шошындыра түседі. Бірақ басына түскен бұл қайғыдан құтыла алмасын білген және сөзден жеңілуді намыс көрген Тәбия Омарқұлға қарсы дау айтады:

Жүрегім айнығандай құсық болды,  
Аузыма секем алып, ұшық болды;  
Бағыма менің құдай тазды жазды,  
Қатының сенің неге пұшық болды!<sup>4</sup>—

дейді де, Омарқұлдың алып отырған әйелінің пұшықтығын мысқылдайды. Және: «Мен әйел болғандықтан құрылған тұзақты үзе алмадым, ал сен жігіт басыңмен уәденде тұрмадың, қорқып бұғып қалдың»,— деп дау салады. Бұған Омарқұл:

Секілді тауға біткен жалғыз арша,  
Таздарға жарар еді пұшық барса,

---

<sup>1</sup> Айтыс жинағы, 1-том, 363-бет, 1965.

<sup>2</sup> Бұл да сонда.

<sup>3</sup> Бұл да сонда.

<sup>4</sup> Айтыс жинағы, 1 том, 366, 367, 368-беттер, 1965.

Менде жоқ саған жетер қалың дәулет,  
Сонда да сен жоқ маған, амал қанша<sup>1</sup>.—

деп жауап қайырады. Екі жастың қосыла алмай арманда кетуіне қалың мал кінәлы деп жалтарады.


Осыдан былай қарай, айтысқа түскен екі ақын кедейлік, қырсық жөнінде сөз қозғайды. Тәбияның ойынша, еңбек етпеген жалқау адам ғана кедейлік пен қырсыққа жолығады, сондықтан оның: еңбек ет, мал тап. Бұл сөзін ол Омарқұлға емес, жастарға арнайды. Сүйгенін алып, теңіне қосылу қалың мал дәуірлеп тұрған «опасыз жалғанда» мүмкін еместігін ескертеді. Қалың малсыз қыз алатын, жігіт пен қыз өз еркімен сүйіп қосылар заман болар ма екен деп аңсайды, арман етеді. Бұл ретте «Омарқұл мен Тәбия айтысы» Біржан мен Сараға үн қосады. Бәрі де қалың малды сынап, оған лағынет айта отырып, жастардың бас бостандығы болуын көксейді, ескі әдет ғұрыпқа қарсылық білдіреді.

Сонымен, жалпы айтыс өлеңдері жайында жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келгенде, оның қазақ әдебиеті тарихынан зор орын алатынын көреміз. Ол алғашқы үлгілерінен бастап бергі кездегі ақындар айтысына дейін даму, өсу үстінде болады.



---

<sup>1</sup> Сонда.



## ҰСТАЗ ҒАЛЫМ

Көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-педагог, жазушы-публицист Мәлік Ғабдуллиннің бүкіл ғылыми шығармашылық қызметі негізінен қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетін зерттеуге арналған.

1948 жылдың көктемінде әскери қызметтен босап, Алматыға қайтып оралған Мәлік Ғабдуллин Қазақстан Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты директорының орынбасары, кейін директоры қызметін атқарды. 1951—1963 жылдары Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында ректор, соңғы он жылдай уақытта М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында қолжазба және текстология, фольклор бөлімдерін басқарды.

Педагог ғалым қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Екі дүркін КСРО Жоғарғы Кеңесінің, бірнеше рет жергілікті кеңестердің депутаттығына сайланды. Еңбек Қызыл Ту ордені мен медальдарға ие болды.

Шығармашылық жолын мектеп, институт қабырғасынан бастаған талантты жас соғыс жылдарында да қару мен қаламды қатар ұстап, өзінің майдандас достары туралы деректі очерктер жазып жүрді. Бұл игілікті жұмысты соғыстан кейін де жалғастырып бірнеше жинақ шығарды: «Менің майдандас достарым» — 1947, «Алтын Жұлдыз» — 1948, «Майдан очерктері» — 1959, «Ел намысы — Ер намысы» — 1966, «Сұрапыл жылдар» — 1972.

М. Ғабдуллиннің әскери мемуаршы, дарынды очеркші, жалынды көсем сөз шебері ретінде қазақ әдебиетіне қосқан үлесі арнайы зерттеуді қажет ететін дербес тақырып. Сондай-ақ туған әдебиеттің тарихы мен сынына, оқу-тәбрис жұмыстарына қатысты еңбектері де елеулі.

«Қобыланды батыр» жыры Мәлік Ғабдуллиннің аса сүйікті тақырыбы болды. Бұл оған отыз жыл бойы әлденеше рет оралды. Соңғы зерттеуі Т. Сыдықовпен бірлесіп жазған



«Қазақ халқының батырлық жыры» (1972) монографиясында жарияланды. Мұнда жырдың айтушылары, жариялаушылары, зерттеушілері жөнінде кеңінен тоқталып, ертеден мәлім болған нұсқаларды салыстыру арқылы пікір қорытады. Жырдың идеялық сарыны, көркемдік сипаты сюжет, композициялық құрылымы, ондағы эволюциялық өзгерістер, даму сатылары жан-жақты сөз болады.

Монографияда «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», жырлары да жеке тарау көлемінде берілген. «Алпамыс батыр» Т. Сыдықовтың көп жылдар зерттеген тақырыбы. Бұл байсалды да, байыпты зерттеу. Ал «Ер Тарғын» мен «Қамбар батыр» бұлардай емес, қысқа тұжырымды жазылған. «Арнаулы жанр — арнаулы сөз» деп аталған алғашқы тарауда қазақ эпосын жинауға, жариялауға, зерттеуге атсалысқан орыс және басқа ұлт ғалымдарының еңбегіне ілтипатпен баға берілген. Көршілес халықтарға ортақ «Қыпшақ эпосы», «Ноғайлы циклі» аталатын батырлар жырының пайда болу, даму ерекшеліктеріне тоқталған. Эпикалық жырлардың біразы («Алпамыс», «Құламерген» «Ақ Кебек») көне дәуірдегі аңыздардың негізінде жасалған. Өйткені басқа халықтардың эпикалық шығармалары сияқты қазақтың батырлар жыры да өмір құбылыстарын жырлаудан, реалистік бейнелер жасаудан басталған жоқ, тұрмыс-тіршілік көріністерін мифтік ұғымдармен сипаттап, аңыздаудан басталған. Осындай «Батырлық ертегі», әңгіме-хикаяларда ертедегі рулар мен тайпалардың салт-санасы көрініс тапқан. Бұл тектес шығармалар өңделіп, өзгерістерге ұшырап ақындардың жырына арқау болған. Қоғамдық құрылыстың, әлеуметтік ой-сананың өсіп жетілуіне, өзгеріп жаңаруына байланысты эпикалық жырдың сюжеті, композициясы, идеялық сарыны, көркемдік деңгейі де жетіліп, дамып отырған. Авторлар осы пікірді нақтылап тұжырымдайды.

«Көне дәстүрдің көрнекті жалғасы» аталған соңғы тарау батырлар жырын осы заманға жеткізуші ақын-жыршылардың репертуарына, ХХ ғасырдың елеулі оқиғаларына байланысты туған қаһармандық дастан-поэмаларға арналған. Эпосты жырлаушылардан Мұрын Сәңгірбаев, Рахмет Мезқожаев, өзі шығарып айтушылардан Жамбыл бастаған бір топ халық ақындарын тілге тиек етеді. Эпостануға үлес қосқан ғалымдардың еңбегіне тоқталып, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, М. Ғұмарова, С. Садырбаев зерттеулерін шолып өтеді. 1916 жыл оқиғасы, Қазан төңкерісі, азамат соғысы, Отан соғысы тақырыбын арқау еткен тарихи жыр-

дастандарды бұрынғы эпикалық жырлардың жалғасы деп қарайды. «Сөйтіп бүгінде қазақтың дәстүрлі батырлар жырының үлгілері де ауыз әдебиетінің белгілі жанры ретінде эпикалық поэма, дастан түрінде, дамып, өркен жайып отыр»<sup>1</sup> — деп түйеді.

Монография ғылыми жұртшылықтан жоғары баға алды. Белгілі фольклоршылар Р. Бердібаев, О. Нұрмағанбетова бұл еңбекті қазақ фольклористикасына қосылған елеулі үлес деп бағалады<sup>2</sup>. «Қазақ халқының батырлық жыры» — ұлттық фольклор тану ғылымында бірінші болып, Республиканың мемлекеттік сыйлығына ие болды.

\* \* \*

Мәлік Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты оқулық-монографиясының ғылыми мәні ерекше. Ғалымның қазақ фольклоры саласында ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмыстары осында жинақталған деуге болады. «Оқушыларға ұсынып отырған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты еңбегіміз 1958, 1964 жылдары басылып шыққан еді, — дейді автор алғы сөзінде. — Содан бергі жерде бұл кітап туралы баспасөз бетінде біраз пікірлер айтылды, «еңбектің келесі басылуында еске алынсын» деген тілектер, нақты ұсыныс, ақыл-кеңестер болды. Айтылған пікірлерді ескере отырып, кітаптың бұрынғы басылғандарына мүмкіндігіне қарай кейбір өзгертулер, қосындылар енгіздік»<sup>3</sup> Өкінішке орай, автор бұл кітабының соңғы үшінші басылымын көре алмады, ол 1974 жылы жарыққа шықты.

Оқулықта фольклордың және оның жанрларының анықтамасы, ерекшелігі, идеялық, көркемдік сипаты түсіндіріледі. Бұлардың бәрі де оқу бағдарламасына сәйкес жазылады. Одан тыс мәселелер, тақырыптар қамтылмайды. Мысалы, оқулықта шешендік сөздер, тарихи жырлар, жұмысшы жырлары туралы айтылмаған. Бұлар 1960 жылы шыққан томда жеке тарау көлемінде зерттелген. Демек, оқулыққа ғылыми тұрғыдан әбден тұжырымдалған, халыққа кең тараған, бұқаралық сипат алған жанрлар ғана кіреді. Осы тұрғыдан қарағанда М. Ғабдуллин монографиясы өзіндік ерекшелігі бар соны ізденістер нәтижесінде туған тың туынды екені даусыз.

<sup>1</sup> М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов. Қазақ халқының батырлық жыры. 1972, 328-бет.

<sup>2</sup> Р. Бердібаев, Қазақ эпосы, 1982, О. Нұрмағанбетова. Казахский героический эпос Кобыланды батыр, 1988.

<sup>3</sup> М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. 1974, 2-бет.

Оқулық «Ауыз әдебиеті туралы түсінік» деген кіріспе тараумен басталады. Бұл өте орынды. Өйткені студенттер алдымен ауыз әдебиетінің анықтамасын, мән-мағынасын, жалпы табиғатын біліп алуы керек. Ол туралы ғылым да бірден қалыптасқан жоқ. Батыс, орыс фольклорында «мифтік теория», «ауысып алу теориясы», «тарихи мектеп» сияқты әр түрлі теориялар, ағымдар болған. Ғалым бұлар жайында да қысқаша түсінік береді. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы дегенде оның авторсыздығын, көп варианттылығын, тұрақты текстердің (формул) қайталанып отыратындығын және фольклор шығармасын орындаушылардың жан-жақты таланты бар әмбсбап (ақын, жыршы, әнші, т.б.) өнерпаз болып келетіндігін (синкретизм) тілге тиек стеді.

Оқулықтың бірінші тарауы «Тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар» деп аталған. Бұл топтағы өлең жырлар ауыз әдебиетінің көне нұсқаларына жатады. Алайда әр заманның өз салт-сана, әдет-ғұрпы бар, соған байланысты туған шығармалар да көп. Демек, бұл үздіксіз дамып, өзгеріп, жаңарып келе жатқан жанр. Автор осы саладағы шығармалардың бастыларын ғана атап көрсетеді. Олар: 1. Төрт түлік мал, еңбек кәсіп жайындағы. 2. Үйлену салтына байланысты. 3. Діни ұғымға байланысты. 4. Көңіл-күйін білдіретін өлеңдер. Бірінші топқа аңшылық жайындағы өлеңдер де қосылады. Наурыз жырлары да осы тақырыппен қарастырылады. Бұлар орынды. Бірақ, автордың бесік жыры мен жаңылтпашты да осы топқа жатқызуы қисынды емес сияқты. Себебі, бала тәрбиесіне байланысты болғандықтан мұндай жырлар еңбек-кәсіптен гөрі әдет-ғұрыпқа жақындау ғой деп ойлаймыз. Сондай-ақ, өтірік өлеңдер, мысқыл-мысал түріндегі халық өлеңдерінің тобына жатады. «Қазақ әдебиеті тарихында» (1-том, 1-кітап, 1960) және белгілі фольклоршы Бекмұрат Уахатовтың «Халық өлеңдері» (1974) монографиясында да осы соңғы пікір айтылады. Әрине, оқулық авторы өзі ескерткендей, тұрмыс-салтқа байланысты өлеңдерді ішкі жанрларға ажыратпай, топтап, үйдектеп әңгімелеген. Сондықтан бажайлап талауды қажет деп таппаған.

Үйлену салтына байланысты туған өлеңдер (жир-жар, той бастар, сыңсу, жұбату, беташар) діни ұғымдарға байланысты өлеңдер (бәдік, арбау, жалбарыну, бақсы сағыны) ғылыми дәлелді, ұғымды баяндалған. Келтірілген мысалдар, түсінік-тұжырымдар, ешқандай күдік туғызбайды. Төртінші топқа жатқызылған қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау өлеңдері басқа авторлардың зерттеулерінде «Мұң-шер

өлеңдері» деп аталатын. Әрине, халық өлсндерінің бәрі де көңіл күйінің айнасы скені рас. Дегенмен М. Ғабдуллин жіктеуінде мұң-шерден, қайғы-қасіреттен туған шығармаларды «Көңіл-күйін білдіретін өлеңдер» деп атауы ерсі көрінбейді. Өйткені, бұл топтағы өлеңдер тұрмыс-салт жырларының басқа түрлері сияқты көбінесе жаттанды, тұрақты текст смес, нақты жағдайға, белгілі адамға байланысты айтылатын арнау болып келеді. Сондықтан бұл шығармалар тікелсй айтушының көңіл күйінен туады. Айтушы кейде тұрақты тексті қолдануы да мүмкін. Дсгенмен көп ретте өз жанынан сөз қосады немесе тыңнан шығарады.

Екінші тарау — «Мақал-мәтел, жұмбақтар» жайында. Бұлар фольклордың ұсақ жанры десек те, қамтитын тақырыбы, мәселесі жағынан ауқымды да жан-жақты шымыр туындылар. Қазақтың мақал-мәтелдері алғаш рет 1874 жылы Орынборда басылып шыққан. Содан бері толықтырылып әлденеше рет баспа жүзін көрді. Автор мақал-мәтел, жұмбақтардың жиналу, жариялану тарихына тоқталып, оның үстіміздегі ғасырда кең өріс тапқанын айтады. М. Әуезов, Ө. Тұрманжанов, т.б. еңбегін айрықша атайды. Мақал мен мәтелдің ұқсастығын, айырмашылығын айта келіп, бұларға ғылыми анықтама береді. Мақалдар мен мәтелдердің басты тақырыбы халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, дүниетанымы, әлеуметтік көзқарасы, кәсібі мен шаруашылығы, қысқасы өмірдің алуан түрлі құбылыстары, көріністері болып келеді. Соған байланысты халықтың тәжірибесі, ақыл-өсиеті, үкім-тұжырымы түйіп айтылады. Еңбекші бұқараның көкейкесті арман-мүддесінен туған мақал-мәтелдер адалдыққа, ерлікке, отаншылдыққа, сыпайылыққа, тазалыққа, ынтымаққа, білімге, еңбекке үндейді. Сонымен бірге жарамсыз мінез-құлықтан, жөнсіз іс-әрекеттен сақтандырады. Мақал-мәтелдің ескірмей қай заманда болмасын рухани өмірімізге қызмет ете беретіні де сондықтан.

Жұмбақ та мақал-мәтелдер сияқты тақырыбы жан-жақты болып келетін шығарма. Бұл да адамға игі қасиеттерді орнықтыру мақсатынан туады. Адамды, әсіресе жастарды білімге, тапқырлыққа үйретеді. Табиғат құбылысынан бастап, заттың, өсімдіктің, жан-жануардың бәрі де жұмбаққа тақырып бола береді. Өнер-білім, техникаға байланысты кейінгі замандарда пайда болған жұмбақтар да көп. Жұмбақтар өлең немесе ұйқасты қара сөздер түрінде көбірек кездеседі. Сондықтан есте сақтауға, жаттап алуға ыңғайлы болады. Оның тапқырлықтан басқа бір ерекшелігі



— нақтылық. Тұспалдау, салыстыру, теңеу, бейнелеу арқылы түсіндіреді. Қорытындыда жұмбақтың әлеуметтік маңызын, өмірге деген көзқарасты білдіретін қоғамдық сипатын, жаңадан туып, молайып, дамып отыратын өміршең қасиетін сөз етеді. Жұмбақтың дамыған түрлері ақындар айтысында, дастандарда, аңыз әңгімелерде бар. Автор бұған белгілі халықтық шығармалардан мысалдар келтіреді.

Үшінші тарауда ауыз әдебиетінің прозалық жанры — ертегілер сөз болады. Бұл да өзге жанрлар сияқты ерте заманда пайда болған, тіршілік, қоғам өзгерістеріне байланысты шытырман оқиға — тартысқа құрылған көлемді шығарма болғандықтан өлең-жыр сияқты оны екінің бірі жаттап айта бермейді. Ертегінің желісін есінде сақтап, мәнерлеп жеткізетін адамдар болады. Міне осындай ертегілердің шығармашылық ерекшелігі де осында баяндалған.

Автор қазақ ертегілерін мазмұнына, тақырыбына қарай ішкі жанрларға жіктейді. 1. Қиял-ғажайып ертегілері. 2. Хайуанаттар жайындағы ертегілер. 3. Тұрмыс-салт ертегілері. 4. Аңыз-әңгімелер.

Қиял-ғажайып ертегілеріне тән сипаттарды жүйелеп баяндағаннан кейін олардың ішінен «Ер Төстікті» даралап талдайды. «Керқұла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнекей қыз», «Жеті өнерпаз», «Ағаш ат» тәрізді ертегілерге тоқталады. Халық қиялынан туған ғажайып оқиғалар, образдар бұқараның ілгерішіл мұратын, игілікті аңсарын білдіреді. Ол әлеуметтік өркениетке, техникалық процеске түрткі, мұрындық болады. Автор қиял-ғажайып ертегілердің осындай ерекшеліктерін ұтымды көрсетеді.

Ал, хайуанаттар жайындағы ертегілердің көне замандарда туған нұсқаларында мифтік сарын көбірек ұшырайтыны мәлім. Ертедегі адамдардың ұғымында қасқыр жарылқаушы бейнесіндегі («Ақ қасқыр», «Көкжал», «Жігіт пен қасқыр», т.б.) алынса, кейінірек пайда болған ертегілерде («Сырттандар», т.б.) жыртқыш кейіпінде суреттеледі. Ертегілердің неғұрлым бертінірек шыққандарында өмір шындығы айқынырақ көрініс табады. Ол төрт түлік мал мен жыртқыш хайуанаттарды қарама-қарсы кейіпте суреттеу арқылы да беріледі. Үй жануарлары ұнамды бейнеде суреттеледі. Әсіресе, жылқы мен түйе адамға қамқор, ақылды түлік болып есептеледі. Автор бұл жерде «Алтын сақа», «Бозінген», т.б. ертегілерді мысалға алады. Жыртқыш, айлакер бейнесінде суреттелетін қасқыр, түлкі сияқтылар адам-



ның жауы ретінде көрсетіледі. Бұл да белгілі дәрежеде халықтың әлеуметтік көзқарасын аңғартса керек.

Тұрмыс-салт ертегілері қашаннан бергі халық өмірінің айнасы секілді. Одан халықтың, қоғамдық дамудың әр кезіндегі сана-сезімі, мақсат-мүддесі, тағдыр-талабы аңғарылады. Мұндай ертегілердің оқиғасы нақты өмір болмысынан алынады. Автор пікірін дәлелдеу үшін «Аяз би», «Қарттың өсиеті», «Үш ауыз сөз», «Жақсы әйел», «Қарт пен тапқыр жігіт», «Хан қызы мен тазша», «Қыдыр, бақ, ақыл», «Қаңбақ шал» тәрізді белгілі ертегілерге жүгінеді. Бұл жерде ұстаз ғалымның жастарға тағылымы мол ертегілерді әдейі тандап алғаны да байқалады. Ұлағатты өсиет, мысқыл күлкі, сықақ түрінде айтылатын қызықты оқиғалы ертегілер қашанда тәрбие-тәлімдік мағынасын жоймақ емес. Автор осы орайда салмақты ой түйеді.

Аңыз әңгімелерді М. Ғабдуллин ертегілерден оқшаулаңқырап алады да «Оқиғасын реалистік болмыстан, шындық өмірден алып, ауызша шығарған қазақ халқының көркем шығармаларының елеулі бір саласы»<sup>1</sup> деген анықтама береді. Бұл бұрынғы зерттеушілерден өзгешелеу, неғұрлым нақтылап айтылған айқын тұжырым. М. Әуезов «Ертегілер» атты монографиясында аңыз әңгімелерді салт ертегілерінің құрамында қарастырғаны белгілі («Қазақ әдебиетінің тарихы», 1-том, 1-кітап, 1960, 280—283 беттер). М. Ғабдуллин Алдар көсе, Жиренше, Асан қайғы, Қожанасыр сияқты тарихта қашан болғаны, нақты өмірбаяны белгісіз тұлғалар жөніндегі аңыздардың да өмірді өзінен алынғанын, оқиғаларының нанымды екенін тілге тиек етеді. Халық өзінің сүйікті перзенттерін немесе қиялдан туған кейіпкерлерін дәріптеп, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп отырған. Аңыздың сюжеті де, көлемі де ертегідей күрделі емес, шағын да шымыр болып келеді. Ертегілер мен аңыздар жазба әдебиетіміздің, оның ішінде проза жанрының тууына ықпал жасағаны анық. Сюжет құру, образ жасау, тіл байлығы, көркемдігі жағынан ертегі-аңыздардан үйренбеген қаламгер кемде-кем болса керек. Жазушылар оған әрдайым зер салып көңіл бөліп отырады.

Оқулықтың төртінші тарауы — «Батырлар жыры». Бұл ғалымның бүкіл ғылыми қызметінде қадала зерттеген қастерлі тақырыбы. «Қобыланды батырды» былай қойғанда, «Батырлар жыры» жинақтарының (үш томдық) алғы сөздері, эпосты зерттеу проблемаларына арналған мақалалары, «Қазақ

<sup>1</sup> М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, 141-бет.

халқының батырлар жыры» кітабы сол ұзақ жылдардың жемісі болатын.

Батырлар жырының ел өміріндегі тарихи оқиғаларға қатысы туралы мәселе де көптеген талас пікірлер туғызып жүрген проблема болатын. Бұл жайында автор қазақтың ертедегі батырлар жыры тарихи кезеңдердің, ұлы оқиғалардың елсін беру негізінде туып қалыптасқанын, яғни оның деректі құжаты смес, көркем бейнесі скенін айтады. Бұл пікірін ол тарихи оқиғаларды және оған байланысты пайда болған жанрларды салыстыру арқылы дәлелдейді. Әрине, жыр бір оқиғаға байланысты туғанымен жылдар өте ақындардың қиялымен оған жаңа сюжеттер қосыла береді. «Жеке қысқа аңыздардан эпостың бір тұтас түрін жасауда қазақтың даңқты ақындарының үлкен еңбектері болды»<sup>1</sup> — деген Ш. Уәлиханов пікірі де осыған саяды.

Оқулық авторы батырлар жырының құрылысына тән негізгі белгілерін де атап көрсетеді. Мысалы, кейбір жырларда оқиға батырдың тумай тұрған кезінен әңгімеленеді немесе оның дүниеге келгенінен бастап жырланады. Басқа бір жырлар батырдың алғашқы қимыл-әрекетінен, ерлігінен басталады. Қайткен күнде де оқиғасыз, сюжетсіз, ерліксіз батырлар жыры болмайды. Оқиғаны тізбектеп, бірінен-бірі туындатып, шұбырта жырлайтын дастандар да немесе шегініс жасалып, орағытып баяндайтын шығармалар да бар. Зерттеуші осылардың бәрін де нақты мысалдар келтіріп әңгімелейді.

М. Ғабдуллин қазақтың дәстүрлі халық поэзиясында адам образын жасаудың алғашқы үлгісі батырлар жырынан басталады деген пікір айтады. Негізгі тұлға — батырдың образын жасаудың бірнеше тәсілдері бар. Ақын батырдың кескін-кейпін, мінез-құлқын, қуат-күшін табиғат құбылыстарымен салыстырып та, мифтік ұғымдарға көтеріп те бейнелейді. Кейде батырдың өз сөзі немесе басқа біреудің монологы арқылы да қаһарманның болмыс-бітімі, қадір-қасиеті көрініс табады. Десек те, батырлар жырындағы, ертегілердегі адам образын көркем әдебиеттегі толымды бейнелермен салыстыруға болмайды. Автордың батырлар жырындағы образ жасау жолдары туралы пікірлері осылай тұжырымдалады. Ал, қаһармандық дастандардың тәрбиелік мәні жөнінде педагог ғалым тебіренсе әңгімелейді. Отанды, халықты сүйеге, патриотизмге, жалпы адамгершілікке үндейтін батырлар жырының мәңгілік маңызын жоймайтын себебі де осында.

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинение СПб, 1904, стр. 226

Студенттер батырлар жыры туралы мағлұмат алғаннан кейін оның таңдаулы үлгілерімен танысуы ләзім. Бұл ретте автор «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар», жырларын таңдап алған. Алпамыс — әрі көне, әрі көп халыққа ортақ жыр. Оның өзбек, қарақалпақ, башқұрт, алтайлықтардағы нұсқалары ұқсастығы да, айырмашылығы да бар қызықты құбылыс. Және өзге жырлардан көбірек зерттелгені де осы дастан. Автор басты кейіпкерлеріне де, жырдың оқиға желісімен тіл көркемдігіне де сәуір тоқталған. «Қобыланды» дастаны жөнінде де осыны айтуға болады. Мұнда жырды орындаушы Марабай Құлбайұлы (1841—1898), Мұрын Сеңгірбайұлы (1860—1945), Айсая Байтабынұлы (1875—1946) туралы мәліметтер беріледі.

«Лиро-эпостық жырлар» кітаптің бесінші тарауында талданады. Зерттеушінің берген анықтамасы бойынша батырлар жырының басты тақырыбы ел қорғау болса, лиро-эпостық мазмұны ғашықтық, үйлесу салтына негізделеді. Ілгері заманда ғашықтардың сүйгеніне қосылу әрекеті көпшілік жағдайда қиыншылыққа, тіпті қайғылы халге душар сткені белгілі. Тіпті ғашықтар мұратына жеткеннің өзінде де қаншама машахатты бастан кешіреді. Осындай шым-шытырық оқиғалы, әрі қызықты да көркем лиро-эпостардың ішінен автор «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларын бөліп алып талдайды.

«Қыз Жібек» жыры да ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде бес рет баспа жүзін көрген. Оқиға желісі екі жастың ғашықтығы, оларға деген қастандық, жігіттің қызғаныш құрбаны болып, қыздың әмеңгерлік жолы мен сүйген жарының інісіне күйеуге шығуымен аяқталады. Бұл жырдың да оқиғаны өзінше орбіткен бөлшек нұсқалары бар. Кезінде «Қыз Жібекті» де сынаушылар болды. Олар мұнда кедсі табының мүддесі айтылмайды, байлардың балаларының арасындағы сүйіспеншілік, көш, той салтанаты, әмеңгерлік салт суреттеледі деп айыптады. Оқиғаның болған уақыты жөнінде де талас туды. М. Ғабдуллин тарихшылар мен әдебиетшілердің пікірлерін саралай келіп, «Қыз Жібек» жырының ХVІІ ғасырда болған оқиға негізінде шыққанын және оның халықтық сипатын қисынды дәлелдейді. Жырды шығарушылар мен одан кейін толықтырылып, жетілдіріп айтушылардың оқиға желісін, тартыс шиеленісін құруда, образ жасауда қандай шеберлік көрсеткенін талдап беріледі. Тіл байлығын еркін игеру мен неше түрлі бейнелеу тәсілдерін қолдану арқылы жасалған жарқын образдарды егжей-тегжейлі әңгімелейді.

«Айман-Шолпан» 1896 жылы жарық көрген. Бірақ оны жырлаған ақынның аты-жөні мәлім емес. Жырдың оқиғасы өмір шындығынан алынған. Ондағы басты кейіпкерлер — Көтібар мен Арыстан тарихта болған адамдар. Зерттеушілер жырдың оқиғасы ХІХ ғасырдың жетпісінші жылдарында болған деп жорамалдайды. Бұған сол кездегі болмыстың суреттелуін, тарихи адамдардың өмір сүрген уақытын дәлел етеді. Мұндағы басты кейіпкер Айман — өзге ғашықтық жырлардағы қыздардай емес, әлеуметтік мәселелерге араласып, елдің тыныштығын сақтауға себепші болған қайраткер дәрежесіне көтерілген ерекше тұлға, қазақ әдебиетіне енген жаңа образ.

Соңғы, алтыншы тараудың үлесіне айтыс өлеңдері тиген. Автор айтыс туралы үлкенді-кішілі зерттеулер жазған М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмәлиев, Т. Нұртазин есімдерін атай келіп, бұл жанр да қазақтың қоғамдық өмір-тіршілігіне байланысты жазу-сызуы жоқ кезінде ауызша туып, қалыптасқанын айтады. М. Ғабдуллин айтыс өлеңдерін мазмұнына, тақырыбына қарай екі топқа бөледі. Біріншісі — халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрып салтына байланысты туған айтыстар. Екіншісі — ақындар айтысы. Алғашқы топқа жататындар жар-жар, бәдік айтысы (бұлар көбінесе жаттанды түрде, дайын шумақтарды айтып берумен шектеледі), «Қыз бен жігіт айтысы», «Жұмбақ айтысы» (мұнда тыңнан өлең шығарып айтады) және «Діни айтыс» (мұнда діннен басқа, аспан әлемі, табиғат құдіреті, қиял-ғажайып сарынды жәйттер де айтыла береді). Айтысты зерттеушілердің бәрі де, оның ішінде осы оқулық авторы да тұрмыс-салт айтыстарын ерте заманда пайда болған көне түрге жатқызады. Бұл кейіннен айтыстың күрделі түрлерінің, мысалы, ақындар айтысының туып, қалыптасуына себеп болды дегенді айтады. Соңғы ақындар айтысын сүре айтыс, түре айтыс деп екіге бөледі. «Екі ақынның кезектесіп, бір шумақты өлеңмен жауаптасуын түре айтыс деген. Ал, екі ақынның көп әңгімені қамти дамыта және бірнеше шумақпен ұзағынан сөйлесіп кететін жауаптасуларын сүре айтыс деп атаған»<sup>1</sup>

Зерттеуші қыз бен жігіт айтысына, бәдік айтысына, жұмбақ айтысқа тиісті анықтамалар беріп, олардың өлеңдік құрылысына, ұйқасына, тіліне талдау жасайды. Айтыстардың үлгілерінен мысалдар келтіреді. Бұлардан басқа «Тау өлең», «Жер өлең», «Су өлең» деген тақырыптық айтыстар да

<sup>1</sup> М. Ғабдуллин. *Қазақ халқының ауыз әдебиеті*, 307—308-беттер.



болған. Мұнда ақындар жер-су, тау-тас, табиғат жағдайын өлеңге қосып, өздерінің қаншалықты көп білетіндіктерін көрсетуге тырысқан. Сондай-ақ «Мал мен иесінің айтысы», «Өлі мен тірінің айтысы» тәрізді айтыстар да болған. Тақырыбы айтып тұрғандай, бірі шаруашылыққа, екіншісі бақи мен фәни өмірдің әңгімесіне байланысты жәйттерді қозғайды. Дін айтысы қалың бұхара арасында дінді уағыздау мақсатында туғанын автор дұрыс пайымдаған. XX ғасырдың әлеуметтік қоғамдық саясаты дінге көзқарасты өзгертуіне байланысты бұл айтыс дамымай қалған.

Айтыстың тақырып ауқымы кең, ол қашанда халықтың ой-арманы мен тілек-талабын өзек етеді. Бұл ұлттық мәдениетіміздің алтын қорынан орын алатын, уақытпен үндесіп өмір көшіне ілесе беретін өміршең жанр. Автор осы ойды бекіте түседі.

«Ауыз әдебиетін тудырушылар халық арасынан шыққан таланттар, жыршы-жыраулар, ақындар десек, соларға айрықша көңіл бөлу, қамқорлық жасау қажет. Олардың еңбегін жинау, тандаулы шығармаларын баспа жүзінде шығару, газет-журнал, радио мен телевизия арқылы жариялатып отыру, үлкенді-кішілі мақалалармен қатар көлемді ғылыми зерттеулер жазу керек. Жергілікті жерлерде халық таланттарының, ақындар мен жыршылардың слеттерін, творчестволық мәжілістері мен конференцияларын өткізіп отыру жөн. Және бұл жұмыстарды біз жоспарлы түрде үзбей жүргізіп отыруға тиістіміз»<sup>1</sup> Халық шығармашылығының үлкен жанашыры айтқан бұл сөздер бүгінгі және болашақтағы істеріміздің айқын бағдарламасы болып қала береді.

Халықтың жаппай сауаттануына, жазба әдебиетіміздің жетілуіне, радио, теледидар жүйесінің елді түгел қамтуына, тағы сол сияқты мәдениетіміздің өсуіне байланысты фольклор бірте-бірте жойылады деген пікірдің жаңсақтығын дәлелдеп, ғалым — көрнекті жазушы Сәбит Мұқановтың «Халық бар жерде оның ауыз әдебиеті бар. Ауыз әдебиетін халық жасайды, халық арасынан шыққан таланттар тудырады. Халық мәңгі жасайды. Ендеше оның ауыз әдебиеті де мәңгілік болады»<sup>2</sup> деген тұжырымын қолдайды. «Халқымыздың ауыз әдебиеті бұдан былай да жаңа бағытта, жаңа мазмұнда дами бермек», — дейді ол. Қазақ фольклорының алдында тұрған проблемаларды, атқаруға тиісті міндеттерді атап-атап көрсетеді.

<sup>1</sup> Қазақтың қазіргі халық поэзиясы, 1973, 32-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 35-бет.



Мәлік Ғабдуллин қазіргі фольклорымыздың көркемдік сапасына қатаң талан қоя білді. Ақынмын дегеннің өлсеңсімағының бәрі де «фольклор қорына» қосыла бермейтіндігін оған халықтың өскелсең эстетикалық талғамы тұрғысынан қарау керек скендігін мықтап ескертті. Сонымен бірге халық ақындары шығармаларын іріктеп, басқа тілдерге аударып жариялау, сөйтіп әлемге таныту мәселесін де атап айтты.

Дарынды ғалым алпысыншы жылдардың ақырында қазақ фольклорының жиналуы, зерттелуі мәселесіне айрықша көңіл аударды. Оған арнайы жинақ шығаруды жоспарлады. Өзінің шәкірттерінс, өзі басқарып отырған фольклор бөлімінің қызметкерлерінс тақырып беріп, қазақ фольклорының жиналуы мен зерттелуін жеке жанрлар бойынша, ал көрнекті фольклоршылардың өмірі мен қызметін творчестволық портрет түрінде жазуды ұйғарды. «Қазақ фольклористикасы» деп аталған осы кітап ғалымның көзі тірісінде 1972 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Монографиялық тұрғыдағы бұл жинақ қазақ фольклортану ғылымы саласындағы тұңғыш көлемді еңбек еді.

Мәлік Ғабдуллиннің басшылығымен шыққан «Қазақ фольклористикасы» жинағында ол қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуге үлес қосқан сегіз жазушы мен ғалымның шығармашылық портретін беруді ұйғарды. Біз, фольклор бөлімінің қызметкерлері жинақтың қамтитын материалдарын талқылағанда Мәксеннің өзі туралы да жазып, осы жинаққа енгізуді ұсындық. Бірақ, ол біздің ұсынысымызды қабылдамай, өзі туралы жазуға қатаң тыйым салды. Одан ілгеріректе 50 жасқа толған кезінде (1965) газет-журналдарға мақала жазуға, мерей тойын атап өтуге қарсы болғаны бар. Білімдар ғалымның қарамағында бірнеше жыл қызмет істеген, оның жетекшілігімен зерттеу еңбектер жазған маған және менің әріптестеріме ардақты аға, ұлағатты ұстаздың өзіне қатал, өзгеге мейірбан, адал жанды, ақжарқын мінсз-қасиеті ұмытылмас өнеге болып қалды.

Мәлік Ғабдуллин фольклорист ғана емс, әдсбиет зерттеушісі, сыншы, педагог болғаны мәлім. «Абай романы совет әдсбиетінің зор табысы», «Қарағанды қазақ әдсбиетінде», «Қазақ совет поэзиясындағы әйісл образы», «Қазақ әдсбиетінің оқулықтарын жазу туралы», т.б. байсалды мақалалары, рецензиялары құнын жоймайтын зерттеу еңбектер. Ғалымның «Мұхтар Әуесзовке хат» деп атаған мақаласы да осы заманғы поэзияның көкейкесті проблемаларына арналған. Бұл фактілер фольклоршы ғалымның бірыңғай дәстүрлі ауыз

әдебиетіне емес, күнделікті әдеби процесті де жіті қадағалап, оның ділгір мәселелеріне сергек үн қатып отырғанын аңғартады.

Ол ғылыми-зерттеу, педагогтік қызметтерімен қатар ұйымдастыру жұмыстарымен де тиянақты айналысқан ғалым. Қазіргі халық шығармашылығының даму процесіне (1970), Жамбылтану проблемаларына (1972) арналған ғылыми-теориялық конференцияларды өткізудің басы-қасында болуы, қазақ қолжазбаларының көптомдық ғылыми сипаттамасын шығаруды қолға алуы осының айғағы. Ол қайтыс болғаннан кейін жарық көрген «Көрұғлы» дастанының (1973), «Қобыланды батыр» жырының (М. 1974) ғылыми басылымдары да ғалымның қолғабыс, кеңесімен баспаға әзірленген болатын. Сондай-ақ, қазақ тарихи жырларының ғылыми очеркін жазуды жоспарлаған да М. Ғабдуллин еді. Қазақ ауыз әдбиеті үлгілерінің көптомдық басылымын шығару ғалымның ізгі арманы болды. Бұларды шәкірттері жүзеге асырып келеді.

Мәлік Ғабдуллиннің жетекшілігімен филология, педагогика, психология ғылымдары саласында көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды, ғылыми еңбектер жазылып, жарық көрді.

Қазақстан үкімсті көрнекті ғалым, ұлағатты Мәлік Ғабдуллиннің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен арнайы қаулы қабылданды. Оның есімі Алматы, Көкшетау қалаларындағы көшелерге, туған облысындағы шаруашылықтарға, мектептер мен кітапханаларға берілді. Көкшетауда және ол туған Қойсалған ауылында қаһарман ғалымның мұражайы ашылды, ескерткіш орнатылды. Оның 60, 70, 80 жасқа толған мүшел тойлары республика көлемінде салтанатпен атап өтілді.

КӨБЕЙ СЕЙДЕХАНОВ,  
*филология ғылымының кандидаты.*

## МАЗМҰНЫ

		Жұмбақтар	
		Жұмбақтың тақырыбы, мазмұны	..93
Ауыз әдебиеті туралы түсінік ..5		Жұмбақтардың өзіне тән ерекшеліктері	98
Ауыз әдебиетінің түрлері	10		
Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылықтары	—		
Қазақ ауыз әдебиетінің жиналуы	13		
Қазақ ауыз әдебиетінің зерттелуі	.22		
Орыс ғалымдарының еңбегі	.32		
Ауыз әдебиетінің мәні	33		
<b>I тарау Тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар...</b>	<b>35</b>		
Төрт түлік мал жайындағы шығармалар	.37		
Аңшылық жайындағы өлең-жырлар	44		
Наурыз туралы өлеңдер	.47		
Бесік жыры	49		
Жаңылтпаш	.50		
Өтірік өлеңдер	51		
Үйлену салтына байланысты туған өлеңдер	52		
Той бастар	.54		
Жар-жар	.56		
Жұбату	58		
Сыңсу	—		
Бет ашар	60		
Діни ұғымдарға байланысты туған шығармалар	61		
Бәдік	62		
Арбау, жалбарыну өлеңдері	63		
Бақсы сарыны	66		
Жарапазан	68		
Көңіл-күйін білдіретін шығармалар	70		
Коштасу	—		
Естірту. Көңіл айту	73		
Жоқтау	75		
<b>II Тарау Мақал-мәтел, Жұмбақтар</b>	<b>78</b>		
Мақал	79		
Мақалдардың тақырыбы	80		
Мақалдардың өзіне тән ерекшеліктері	89		
Мәтел	91		
		<b>III Тарау. Ертегілер...</b>	<b>101</b>
		Қазақ ертегілерінің жиналуы және зерттелуі	102
		Ертегілердің халықтық сипаты..	105
		Ертегілердің құрылысы	—
		Ертекші	.106
		Ертегілердің түрлері	
		Қиял-ғажайып ертегілер «Ер Төстік»	111
		Хайуанаттар жайындағы ертегілер	124
		Тұрмыс-салт ертегілері	134
		Аңыз-өңгімелер	.152
		Алдар көсе	153
		Асан қайғы	157
		Жиренше	160
		Ертегілердің мәні	.163
		<b>IV Тарау Батырлар жыры</b>	
		Батырлар жырының жиналуы және зерттелуі	165
		Батырлар жырының тарихқа байланыстылығы	.167
		Қызылбастар мен қалмақтар туралы	170
		Батырлар жырының варианттары	173
		Батырлар жырының құрылысы	175
		Батырлар жырының өлең құрылысы	.176
		Образ жасау жолдары	178
		Батырлар жырының мәні	180
		Алпамыс	181
		Жырдың жиналуы, зерттелуі	182
		Алпамыс	.186
		Гүлбаршын	.189
		Ұлтан	191
		Қаражан	193
		Мыстан	.195
		Жырдың құрылысы, тілі	.196
		Қобыланды батыр	201
		Жырдың жиналуы	.202
		Жырды айтушылар	205
		Жырдың зерттелуі	209
		Жырдың варианттары	215

Жырдағы образдар	226	Жырдың құрылысы, тілі	273
Қобыланды	—		
Қараман	234	V Тарау. Лиро-эпостық жырлар	276
Құртқа	237		
Қарлыға	239		
Жау адамдары	242	«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры	277
Тайбурыл	244	Жырдың варианттары	—
Жырдың құрылысы	246	Жырдың зерттелуі	279
Өлең түрі. Тілі	247	Жанақтың жыры	282
Ер Тарғын	249	Қыз Жібек	292
Жырдың жиналуы және зерттелуі	—	Айман — Шолпан	307
Ер Тарғын	252		
Ақ Жүніс	256	VI Тарау. Айтыс өлеңдері	319
Қарт Қожақ	258		
Ханзада.	260	Айтыстың түрлері	320
Тарлан	261	Қыз бен жігіт айтысы	—
Жырдың құрылысы, тілі	262	Дін айтысы	322
Қамбар батыр	264	Жұмбақ айтысы	324
Жырдың жиналуы, зерттелуі	265	Ақындар айтысы	328
Қамбар	266	Біржан мен Сара айтысы	340
Назым мен Алшыораз	269	Айтыстың көркемдігі	348
Әзімбай	271	Ұстаз ғалым	353
Қараман мен Келмембет	272		

УЧЕБНОЕ ИЗДАНИЕ

*Габдуллин Малик*

**ФОЛЬКЛОР КАЗАХСКОГО НАРОДА**

*(на казахском языке)*

Редактор М. Байгісіева  
Көркемдеуші редактор Б. Ақанаев  
Техникалық редактор Ф. И. Овчиникова

**ИБ № 245**

Теруге 22.08.95. жіберілді. Басуға қол қойды 20.02.96. Пішімі 84X1081/32. Офсеттік басылыс. Баспаханалық № 1 қағаз. Шартты баспа табағы 19.3. Есептік баспа табағы 20,6. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №1068. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің «Санат» мемлекеттік баспасы. 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 «А».

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41-үй.